

Том 19

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

19 ТОМ

Июнь 1909 ~ октябрь 1910

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

ЗК 2
Л 40

Л $\frac{10102-81}{401(07)-77}$ 2—77

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он тоғызыншы томына 1909 жылдың июнінен 1910 жылдың октябріне дейін жазылған шығармалары енген. Бұл Лениннің столыпиндік реакция дәуірінде жазылған еңбектері кіргізілген томдардың соңғысы.

Ленин реакция дәуірін революция аралық, революцияның екі толқыны арасындағы өтпелі дәуір деп қарады. Сол тарихи кезеңге және революцияның даму перспективаларына берілген осы лениндік бағаны өмір толығынан дәлелдеп берді. Столыпиндік саясаттың күйрейтіндігінің алғашқы белгілері 1909 жылдың өзінде-ақ көріне бастады. 1909 жылдың аяғында Ленин былай деп жазды: «Столыпин *әзірге* жаңа жағдайды жасай алмай, тек ескі жағдайды шатастырып, шиеленістіріп қана отыр» (осы том, 151-бет). Бір жылдан кейін ол, Столыпин мен помещиктік Думаның революция күштерінің өсуін тежеуге тырысқанына қарамастан, елде жаңа революциялық дағдарыстың толғағы жетіп келе жатқанын атап көрсетті. Деревняда тап күресі шиеленісе түсті. 1909 жылға дейін созылған ауыр депрессиядан кейін өнеркәсіптің жандануымен бірге жұмысшы қозғалысы да өрлей бастады. 1910 жылғы жазғы стачкалар пролетариаттың күш жинап, шабуылға көше бастағанын көрсетті.

Жұмысшы табының маркстік партиясын нығайту, бұқараны жаңа революциялық өрлеуге даярлау осы дәуірдің аса маңызды міндеті болды. Құпия социал-демо-

кратиялық партияны сақтап қалып, нығайту, оның бұқараға ықпалын ұлғайту мәселелері Лениннің осы томға енген еңбектерінен өзекті орын алады.

Реакция жылдарында патша үкіметі мен контрреволюциялық буржуазия өздері жек көрген революциялық жұмысшы партиясын, өзінің жұмысымен революцияның өсиеттеріне адалдығын дәлелдеген партияны құрту үшін қолдан келгеннің бәрін істеп бақты. Жойымпаздар революциялық құпия маркстік партияға қарсы қиян-кескі күрес жүргізді. «Әшкереленген жойымпаздар», «Жойымпаздардың амал-айласы және большевиктердің партиялық міндеттері», ««Голос Социал-Демократа» және Череванин», «Жойымпаздар «Голосының» партияға қарсы шығуы», «Публицистің заметкалары» деген мақалаларында Ленин жойымпаздықты либерал буржуазияның контрреволюциялық пиғылымен және демократиялық ұсақ буржуазияның арасындағы құлдыраумен тығыз байланысты терең әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттады. Меньшевиктік, оппортунистік концепция, ең алдымен пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемондығын, жұмысшы табының шаруалармен одағын жоққа шығару жойымпаздықтың идеялық негізі болды деп көрсетеді Ленин. Осы дәуірдегі жағдайдың өзгешелігін сипаттай келіп, Ленин партияға қарсы жаулардың — Столыпин мен контрреволюциялық либералдардан бастап жойымпаздарға дейінгі бірыңғай майданы қалыптасқандай болып отыр деді.

«Солшыл» жойымпаздық — шақырымпаздық пен ультиматизм партияға үлкен қауіп төндірді, оның оңшыл жойымпаздықтан айырмашылығы тек партияны бүлдіру әдістерінде, өзінің жойымпаздығын әсіре революцияшыл бос сөздермен бүркемелеуінде ғана еді. Шақырымпаз-ультиматистер большевиктердің тактикасына шабуыл жасаумен шектеліп қалмады; олардың лидері А. Богданов диалектикалық материализмді реакциялық идеалистік философиямен — субъективтік идеализмнің бір түрі махизммен ауыстыруға тырысып, марксизмнің философиялық, теориялық негіздеріне жорық ашты. Оның жақтастарының бір бөлегі ғылыми

социализмді жаңа дін деп санап, құдай жасампаздықпен әуестенді. Махизм мен құдай жасампаздық жұмысшы табын рухани қарусыздандырды, оны революциялық күресті өрістету үшін күштерді әзірлеп, жинақтаудың бірінші кезектегі міндеттерінен басқа жаққа бұрды.

Ленин, большевиктер күресті екі майданда: оңшыл жойымпаздарға — партияның тікелей дұшпандарына қарсы және «солшыл» жойымпаздарға — РСДРП-ның «жасырын жаулары» шақырымпаздар мен ультиматистерге қарсы жүргізді. Революциялық марксизмді оппортунистік және ревизионистік тұрғыдан бұрмалауға қарсы, сондай-ақ догматизм мен сектанттыққа да қарсы ымырасыз күрес жүргізілді. Партия ішіндегі күреске арналған еңбектерінде Ленин екі майданда бірдей күрес жүргізуді маркстік жұмысшы партиясын құрып, нығайтудың, дұрыс, революциялық саясатты жүргізудің заңды құбылысы деп атап көрсетті.

Бұл том 1909 жылы июньде өткен «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің материалдарымен ашылады, олар Лениннің партиядағы «солшыл» жойымпаздыққа қарсы күресін айқын бейнелейді. Кеңестен кейін жазылған «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы», «Петербург большевиктерімен әңгіме» деген және басқа мақалалар өзінің мазмұны жағынан Кеңестің материалдарымен тығыз үндесіп жатыр. Кеңестің материалдарында және осы мақалаларда шақырымпаздықтың большевизммен сыйыспайтындығы ашып көрсетіледі, большевиктердің шақырымпаздармен және ультиматистермен іргені батыл түрде ашуы керектігі иланымды дәлелденеді. Ленин теорияның, стратегияның және тактиканың барлық негізгі мәселелері жөнінде шақырымпаздардың большевиктерден мүлдем алшақтап, марксизмнің революциялық принциптерінен шегініп кеткенін, анархизм мен синдикализмге бой ұрып кеткенін, партияның және жұмысшы табының ішінде буржуазиялық ықпалды таратушылар екенін көрсетеді.

Лениннің тікелей басшылығымен өткен Кеңестің қабылдаған қарарлары большевиктер қатарының бірлігі

жолындағы, реакция жағдайында құпия партия ұйымдарын нығайтып, сақтап қалу жолындағы, революциялық марксизм жолындағы күрес идеясына толы. Большевизмге «ең нашар карикатура» деп шақырымпаздыққа берілген лениндік бағаны Кеңестің шешімдері тағы да дәлелдеді. Бұл шешімдерде саяси жағынан қарағанда ультиматизмнің шақырымпаздықтан ешбір айырмасы жоқ екені, ол тек өзінің бүркеулі шақырымпаздығымен шатасушылық пен ауа жайылушылықты бұрынғыдан да гөрі күшейте түсетіні атап көрсетілді. «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ортақ ештеңесі жоқ деп мәлімдеді, сөйтіп большевиктерді революциялық марксизмнен бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы мейлінше батыл күресуге шақырды.

Большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы мәселе шақырымпаздық пен ультиматизм туралы мәселемен тығыз байланысты болды. Кеңестің материалдары партияның бұқарамен байланысын нығайту үшін жария мүмкіндіктердің бәрін пайдалануға Лениннің қандай зор маңыз бергенін көрсетеді. Сонымен бірге Кеңестің материалдары бұл мәселеге келгенде большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы айырмашылықтың қаншалықты зор екендігін ашып береді. Дума қызметіне көзқарас жөніндегі қарар жобасында Ленин Думаны революциялық тұрғыдан пайдалану туралы қағиданы дамытты және большевиктердің Думадағы тактикасын нақтылай түсті. Күш-жігерді фракция өз жұмысын жалпы жұмысшы қозғалысының мүдделеріне бағындыратындай болуына, фракцияның партиямен үнемі байланыста болып отыруына және партия съездері мен партияның орталық мекемелерінің директиваларын жүзеге асырып отыратындай болуына жұмсау қажет деп жазды Ленин. Бұқараға буржуазиялық партиялардың дұшпандық сипатын жан-жақты түсіндіру, үкімет саясатын, либерализмнің контрреволюцияшылдығы мен ұсақ буржуазиялық демократияның бұлталақтауын әшкерелеу, пролетариат пен революцияшыл шаруалардың одағын нығайтуға

жәрдемдесу, Дума трибунасынан социализм идеясын қорғау, революция туын жоғары ұстау қажеттігін Ленин фракцияның аса маңызды міндеттерінің бірі деп көрсетті. Ленининдік жобаның аса маңызды қағидалары большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы қарарға негіз болды.

Кеңес шақырымпаздардың тактикалық позициясына ғана соққы беріп қойған жоқ, сонымен бірге шақырымпаздар мен ультиматистердің құдай жасампаздықты уағыздауда ерекше айқын көрінген философиялық көзқарастарын да қатты айыптады. Кеңес қабылдаған арнайы қарарда большевиктердің құдай жасампаздықты марксизм негіздерінен қол үзген және жұмысшылар бұқарасын ағарту жөніндегі революциялық социал-демократиялық жұмысқа орасан зор зиян келтіретін ағым деп білстіндігі айтылды. Кеңес «Орталық Органды жүргізу туралы» қарарда философиялық мәселелер жөнінде принциптік позициясын білдірді, большевиктерге Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмін батыл қорғау ұсынылды.

Кеңесте шақырымпаз-ультиматистердің большевиктерді жікке бөлуге бағытталған екіжүзділік әрекеттері әшкереленді. Шақырымпаздар Каприде антипартиялық мектеп ұйымдастырып, өздерінің ерекше, топтық мақсаттарын көздеп отырғанын қарарда атап көрсете келіп, Кеңес бұл мектепті большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы деп айыптады. Кеңестің қаулыларына бағынудан бас тартқан А. Богданов марксизмді ревизиялау жолына түскен адам ретінде, шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың лидері және дем берушісі ретінде Кеңестің шешімі бойынша большевиктердің қатарынан шығарылды.

Большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселе талқыланғанда Ленин марксизмді қорғау үшін, ортақ жау — неше түрлі жойымпаздарға қарсы күресу үшін большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен, плехановшылдармен, блок құруы қажеттігін талап етті. Ол партия құрылысы ісіне «бұған жарамды барлық элементтерді» тарту РСДРП-ны сақтап, нығайтуға жауап

беретін, партиялықты табанды түрде және дәйекті қорғаушы большевиктердің маңызды міндеті болып табылады деп көрсетті. Ленин жойымпаздыққа қарсы бірлесіп күресу туралы плехановшылдармен келісімге келу қатал принципті негізде, «ешқандай идеялық ымыраға бармай-ақ, партия бағыты *шеңберіндегі* тактикалық және басқа алауыздықтарды ешқандай көмескілеместен» (159-бет) жүргізілуге тиіс деп атап айтты. Кеңес Лениннің ұсынысын қабылдап, партияшыл-меньшевиктермен жақындасуды жақтаған пікір білдірді.

«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі шешімдерінің жалпы партиялық үлкен маңызы болды. Оларды Россиядағы жергілікті партия ұйымдары мақұлдап, өздерінің қызметі үшін директива ретінде қабылдады. Ленин большевиктер партиясы реакция жылдарында талдап жасаған саяси бағытты Кеңес растап бергенін атап көрсетті. Кеңесте партияның ең көкейтесті мәселелері төңірегінде өрістеген идеялық күрес партия кадрларын саяси тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, большевиктердің төңірегіне шын партиялық элементтердің топтасуына көмектесті.

Кейінде Ленин большевиктердің партияны нығайту жолында реакция жылдарында жүргізген күресі сабақтарына тоқтала келіп, былай деп жазды: «Қираған оппозициялық және революциялық партиялардың бәрінің ішінде большевиктер неғұрлым тәртіпті түрде шегінді, олардың «армиясына» келген зиян неғұрлым аз болды, «армиясының» ұйтқысын неғұрлым көп сақтап қалды, жіктелістері (тереңдігі және ем қонбаушылығы жағынан) неғұрлым аз болды, берекесізденуі неғұрлым аз болды, жұмысты неғұрлым кең, дұрыс, жігерлі түрде қайта жүргізе алу қабілеті неғұрлым күшті болды. Ал большевиктер бұған мына себептен ғана жетті: большевиктер шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, нағыз реакцияшыл парламенттерде, нағыз реакцияшыл кәсіптік, кооперативтік, қауіпсіздендіру және сондай ұйымдарда жария жұмыс істеп үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аямай әшкерелеп, қуып шығып отырды» (Шығармалар, 31-том, 12—13-беттер).

Томға енген шығармалардың бәрі партияны сақтап, нығайту жолындағы күрестің жемісті болатындығына деген кәміл сенімге толы. Бұл сенімділікті Ленин мынаған негіздеп айтты: бірінші орыс революциясының тәжірибесін қабылдап, меңгеріп алған жұмысшылардың алдыңғы қатарлы топтары нсғұрлым жетілген, топтасқан және ұйымдасқан топтарға айналды, пролетарлар ортасынан партия ұйымдарын басқарып жүрген жаңа кадрлар өсіп шықты. «Партияның *барлық* жұмысын өздігінен жүргізе алатын және, бұрынғымен салыстырғанда, он есе, жүз есе көп пролетарлар бұқарасын ұйымдастыру, топтастыру, біріктіру қолынан келетін» (449-бет) жұмысшы-революционерлердің жаңа типінің шығуын Ленин революция ісінің болашақ жеңістерінің сенімді кепілі деп білді.

«Бірлікке» деген мақала партия жолындағы, барлық партиялық күштерді біріктіру жолындағы күрес мәселелеріне арналған; онда Ленин былай деп жазды: реакцияның езгісі мен контрреволюциялық пиғылдың өршуі және бірден-бір ғылыми социализм ретінде марксизмді қорғау қажеттігі саналы жұмысшылар арасында партиялық бірлікті нығайтуға деген құштарлықты туғызды. Россияның жергілікті партия ұйымдарында басым болып отырған бытыраңқылық пен майдагерлік күштерді біріктірмейінше, басшы орталықты құрмайынша практикалық жұмысты өрге бастыру мүмкін еместігін жұмысшыларға көрсетіп берді.

Ленин большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен блогын құру негізінде партиялық күштерді шоғырландыру тек большевиктік фракцияны сақтап қалған және жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы батыл күрес жүргізген жағдайда ғана мүмкін болатынын атап көрсетті. Келісімпаздар тобы осы лениндік бағытқа қарсы шықты, олар большевиктік фракцияны таратып жіберуді, сөйтіп большевиктерді РСДРП-ға кіретін барлық фракциялармен және топтармен, оның ішінде голосшыл-меньшевиктермен (жойымпаздармен), шақырымпаздармен және троцкистермен біріктіруді талап етті. Ленин бұл ұсыныстарға батыл тойтарыс берді, келісімпаздардың партия жауларының сойылын соғып отырға-

нын, Троцкиймен бірігіп кеткенін көрсетті; «фракциядан шеткерілік» пердесін бүркенген Троцкий барлық фракцияларды, олардың көзқарастары мен сенімдеріне қарамастан, принципсіз түрде біріктіре беруді талап еткен еді. Ленин бірқатар мақалаларында Троцкийді жойымпаздар мен шақырымпаздардың қорғаушы адвокаты ретінде сипаттайды, оның екіжүзділігі мен принципсіздігін әшкерелейді. «Троцкий,— деп жазды Ленин,— бүгін бір фракцияның, ертең екінші фракцияның идеялық қазынасын ұрлайды, сондықтан өзін екі фракцияның екеуінен де *жоғары* тұрмын деп жариялайды» (409-бет). Ленин Троцкийдің центризмі партия ішіндегі ерекше қауіпті кесел болып табылады, өйткені ол фракцияға қарсы-мыс деген бос сөздерді бүркемеленеді деп көрсетті.

1910 жылы январьда Парижде РСДРП Орталық Комитетінің «бірігу» пленумы деп аталған пленумы болып өтті. Пленумның жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері қатысты. Пленумда келісімпаздар көпшілік болды. Ленин пленумда жойымпаздық пен шақырымпаздықты батыл айыптауды талап етіп, большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасу бағытын ұстай отырып, оппортунистер мен келісімпаздарға қарсы табанды күрес жүргізді.

«Бірлікке», «Публицистің заметкалары» деген және басқа мақалаларында Ленин пленумның жұмысы мен шешімдеріне сипаттама берді. Ол былай деп жазды: пленум жойымпаздық пен шақырымпаздық буржуазияның пролетариатқа ықпал етуінің көрінісі деп тауып, партияның контрреволюция дәуіріндегі тактикалық бағытын біржола белгілеп берді. Сонымен бірге Ленин Январь пленумының қате, ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады, бұл шешімдердің партияға үлкен зиян келтіргенін көрсетті.

Пленумнан кейін голосшыл-меньшевиктер, впередшілдер және троцкистер оның жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптаған, РСДРП-ның бірлігін қалпына келтіруге бағытталған шешімдерін сынға алды, ол шешімдерге бағынудан бас тартты. Олар партияның орталық мекемелерінің қызметі мен жергілікті пар-

тия ұйымдарының жұмысын жолға қоюға кедергі жасады.

Лениннің жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы ымырасыз және дәйекті күресі большевиктердің үзілді-кесілді жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Ленин былай деп үйретті: еңбекшілерді азат етудің жоғары мүдделері тап күштерін айқын да дәл бағалай білуді талап етеді, партиялықты бәсеңдету немесе бүркемелеу атаулыны сөзсіз жоққа шығарады. Біз, деп жазды ол, партиялықты принципті түрде, қалың бұқараның мүддесі үшін, оларды буржуазиялық ықпал атаулының қандайынан болса да азат ету мүддесі үшін жақтап отырмыз; сондықтан «барлық күшімізді салып партиялықтың *сөз жүзінде* ғана болмай, *іс жүзінде* болуына жетуіміз және мұның осылай болуын мейлінше қатаң қадағалап отыруымыз керек» (117-бет).

Бұл жылдары Ленин бірінші орыс революциясының тәжірибесін қорытындылауға зор көңіл бөліп отырады, осы проблеманы терең зерттеуге «Революцияның сабақтары», «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні», «Не үшін күресу керек?», «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы» деген мақалаларын арнайды. Ленин большевиктерді революцияның тәжірибесінен үйренуге, бұқараны революциялық күресте жеңіп шығуға үйретуге шақырады. Ол 1905—1907 жылдардағы революцияның басты үш сабағын ерекше бөліп көрсетеді; олардың ішіндегі біріншісі және ең негізгісі елдің тағдыры үшін бұқараның революциялық күресінің шешуші маңызын мойындау болып табылады; екінші сабақ мынадай: патша өкіметін шайқалту, тежеу әлі жеткіліксіз, оны жою керек; ақырында, үшінші сабақ — қоғамның әр түрлі таптарының қалай қимыл жасайтынын революция айқын көрсетіп бергендігінде.

Россияның жұмысшы табы өзінің бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап екенін, бостандық жолындағы күресте халық бұқарасының бірден-бір басшысы екенін дәлелдеді. Пролетариат бастаған бұқаралық революциялық күреске шаруалар өзінің қабілетті екенін көрсетті. Ленин бірінші орыс революциясының ұлылығы мынада деп білді: жұмысшы табы демократияшыл

бұқараның өкіметті жеңіп алуы мүмкін екенін, Россияда республика орнатудың мүмкін екенін тәжірибе жүзінде көрсетті, *«мұның қалай істелетінін»* көрсетті. Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің және шаруалар комитеттерінің құрылуы пролетариаттың шаруалармен одақтаса отырып, саяси өкіметті жеңіп алуының басы болды (231-бет) деп атап көрсетті.

Буржуазия өзінің пролетариат пен шаруаларға дұшпандығын, өзінің самодержавие алдында құрдай жорғалайтынын және демократия мен азаттық күресі ісіне толық опасыздығын дәлелдеді. Россияның буржуазиясы помещиктер мен патша өкіметі жағына кездейсоқ тайқып шыққан жоқ. Капиталистер табының буржуазиялық революциядағы қарама-қайшы позициясын ашып көрсете келіп, Ленин былай деп жазды: «Бұл тап реакциядан гөрі революциядан көбірек қорықты, патша өкіметінің сақталып қалуынан гөрі халықтың жеңуінен көбірек қорықты, крепостниктер өкіметінің сақталып қалуынан гөрі помещиктік жерлерді конфискелеуден көбірек қорықты» (229-бет).

Реакция жылдарында патша өкіметінің либерал буржуазиямен тығыз одағы біржола қалыптасып болды. Осы томға енген бірқатар мақалаларда: «Патшаның Европаға және қаражүздік Думаның кейбір депутаттарының Англияға сапары», «Орыс либерализмінің соңғы сөзі» деген және басқа мақалаларда Ленин либерал буржуазияның жалған демократизмі мен оның контрреволюциялық мәнін ашып көрсетеді, өзінің көсемі Милюков арқылы «орыс оппозициясы патша ағзамның оппозициясы», яғни патша самодержавиесінің адал малайы болып табылады деп мәлімдеген Россия буржуазиясының басты партиясы — кадеттер партиясын әшкерелейді.

Либерал буржуазияның реакциялық идеологиясына қарсы бағытталған ««Вехи» туралы» деген мақалада Ленин орыс буржуазиялық либерализмінің азаттық қозғалыстан, оның барлық негізгі міндеттерінен және негізгі дәстүрлерінен мейлінше толық қол үзгенін көрсетіп берді. Кадеттердің «Вехи» жинағы, Лениннің берген

анықтамасы бойынша, *«либерал ренегаттықтың энциклопедиясы»*, «демократияға реакциялық тұрғыдан бастан-аяқ күйе жағудың дәл өзі» болды. Либерал буржуазия осы программалық жинақта орыс және халықаралық демократияның идеялық негіздеріне қарсы арсыздықпен ашықтан-ашық соғыс жариялады, патша өкіметін қолдайтынын айтып ашықтан-ашық жар салды. Революциялық қозғалыстан қорыққан либерал буржуазия ең қарапайым демократиялық тенденциялардың өзінен қол үзді, сөйтіп халыққа қарсы бағытталған реакциялық мекемелерді қорғауға батыл бет бұрды.

Ленин неміс социал-демократтарының журналы «Die Neue Zeit»-те жарияланған Мартов пен Троцкийдің мақалаларында бірінші орыс революциясының тарихы бұрмаланғандығын әшкереледі. Бұл мақалаларда жұмысшылар мен шаруалардың ролі төмендетіліп, буржуазияның ролі асыра көрсетілді, большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы таластар мен пікір алалықтарының мәні бұрмаланып көрсетілді. Большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресі «саяси жағынан жетілмеген пролетариатқа» ықпал жүргізбек болған маркстік интеллигенция арасындағы күрес деген оппортунистердің шіп-шикі өтірігін әшкерелей келіп, Ленин большевиктердің меньшевиктермен келісе алмауының түп-тамыры «орыс революциясының *экономикалық мазмұнында»* жатқанын көрсетіп берді. Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатура жолындағы күресі большевиктердің 1905—1907 жылдардағы революциядағы тактикасының негізі болды; мұндай диктатура крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын түгелдей жойып жіберер еді, елдің өндіргіш күштерінің барынша тез өркендеуін қамтамасыз етер еді. Меньшевиктер пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы шаруашылық дамудың бүкіл барысына қайшы келеді-міс деп пайымдап, оған қарсы шықты.

Ленин Россия пролетариатының артта қалғандығы мен жетілмегендігі туралы Троцкий мен Мартовтың пайымдауларының мүлдем негізсіздігі мен жалғандығын көрсетіп берді. Шындығында жұмысшы табы «социализм жолындағы күрестің шарты ретінде бостандық

үшін, демократия үшін жүргізілетін күрестің *гегемоны* болу ролін *өзіне* жеңіп алды. Ол Россияның барлық езілген және қаналушы таптарына революциялық бұқаралық күресті жүргізе *білуді* жеңіп әперді, ал мұндай күрессіз дүние жүзінің ешбір жерінде адамзат прогресінде айтарлықтай еш нәрсеге қол жетіп көрген емес» (404-бет). Дүние жүзінің басқа халықтарында бұған ондаған жылдар кеткенін айта келіп, Ленин Россия пролетариатын мақтап етеді.

Ленин Россия пролетариаты революциялық күресінің маңызына баға бере келіп, «Патша финн халқына қарсы» және «Финляндияға жорық» деген мақалаларында нақ орыс революциясы самодержавиені финн халқының алқымынан алған шеңгелін жазуға мәжбүр еткенін, шағын елге өзінің демократиялық праволарын ұлғайтуына мүмкіндік бергенін атап көрсетеді. Ленин бұл мақалаларда патша окіметі мен орыс буржуазиясының шовинистік ниеттерін әшкереледі, финн халқы өзіне азаттықты бұлардан күтпеуге тиіс екенін көрсетті. Ол «Финляндияның бостандығы үшін... Россия пролетариатының көтерілетін уақыты туады» деп көрегендікпен айтты. Бұл сөздер 1910 жылы айтылған еді, ал 1917 жылдың декабрінде, Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, Ленин финн үкіметінің өкіліне Финляндияның тәуелсіздігін таныған документті тапсырды.

Ленин 1905—1907 жылдардағы революцияны қорытындылай келіп, «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы» деген мақаласында бірінші орыс революциясындағы үш жылдың әрбір айы жылға барабар болды, осы үш жылдың ішінде жұмысшы қозғалысы әдеттегі жағдайларда 30 жыл қажет болатын жолдан өтті деп жазды. 1905—1907 жылдардағы революциялық күрестің орасан зор ауқымы стачкалық қозғалыстан айқын және толық көрінді. Ленин Россиядағы бұл жылдар ішіндегі стачкалар дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс екендігін атап көрсетеді. Революция жылдарында стачкашылар саны жағынан Россия дүние жүзіндегі барлық капиталистік елдерден асып түсті.

Стачкалар статистикасы бірінші орыс революциясының негізгі даму кезеңдерін айқын бейнелейді, оның басты қозғаушы күштерін ашып көрсетеді; революцияның шұғыл өрлеуінің бәрі жұмысшы табының саяси және экономикалық стачкаларының өрлеуімен байланысты болды. Пролетариат революция жылдарында өзінің күшін асыра бағалады-мыс деген либералдар мен жойымпаздардың жеңілісті құптаған пайымдауларының жалғандығын әшкерелей отырып, Ленин, керісінше, жұмысшылар өздерінің күшін жете бағаламағанын, оны толық пайдаланбағанын күмәнсыз дәлелдеп берді. Стачкалық қозғалыс жөнінде елдің аудандары бойынша алынған деректер түрлі аудандар жұмысшыларының стачкаларға қатысуы біркелкі болмағанын көрсеткен еді. Революция жылдарындағы стачкалық қозғалыс туралы жалпы деректерді қарастыра келіп, Ленин: егер жұмысшылардың стачкалық күресінің күш-жігері мен табандылығы бүкіл елде Петербург пен Варшава округтеріндегідей болса, онда стачкашылардың жалпы саны екі есе көп болар еді, сөйтіп осыған сәйкес самодержавиеге берілетін соққы да ұлғайған болар еді деген қорытынды жасайды.

Лениннің экономикалық стачкалар мен саяси стачкалардың арақатынасы жөніндегі нұсқауларының зор маңызы бар. Статистикалық деректерді талдай келіп, ол экономикалық стачкалар мен саяси стачкалардың тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. 1905—1907 жылдардағы революцияның тәжірибесі экономикалық стачкалар мен саяси стачкалардың тығыз байланысы болмайынша, шын мәнінде кең және бұқаралық қозғалыстың болуы мүмкін еместігін көрсетті; егер қозғалыстың алғашқы кезінде және күреске жұмысшы табының жаңа топтары тартылып жатқан кезде экономикалық стачка басым роль атқаратын болса, саяси стачка артта қалғандарды оятады, қозғалысты ұлғайтып, тереңдетеді, сөйтіп оны жоғары сатыға көтереді. Стачкалық күрестің нәтижелерін бағалай келіп, Ленин көптеген деректердің негізінде мынадай заңдылықты ашады: жұмысшылардың тегеуріні қаншалықты күшті болса, олардың күресі де соншалықты табысты болмақ;

қозғалыстың барынша күшті болуы жұмысшы табының барынша табысқа жететінін де білдіреді.

Сөйтіп, бірінші орыс революциясының тәжірибесін ғылыми қорытындылау негізінде Ленин жұмысшы табының революциялық күресінің барлық формаларына ойдағыдай басшылық етуде орасан зор маңызы болатын тұжырымдар жасады.

Осы томға енген шығармаларда Лениннің халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресі бейнеленген.

Ленин РСДРП ішіндегі оппортунистерді қолдаған, өздерінің баспасөз органдарында большевиктерге қарсы жалақорлық мақалаларды кідіріссіз жариялаған II Интернационалдың және жекелеген социал-демократиялық партиялардың реформист лидерлерін әшкерелейді. Герман социал-демократтарының журналы «Die Neue Zeit»-тің редакторлары Каутский мен Вурм меньшевиктерге тілектестік білдіріп, Мартов пен Троцкийдің мақалаларын жариялады, ал меньшевиктердің қасақана ойлап шығарған өтіріктерін әшкерелейтін Лениннің «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақаласын басудан бас тартты. Копенгагенде II Интернационалдың VIII конгресі ашылған күні неміс социал-демократтарының орталық органы «Vorwärts» газетінде Троцкийдің жалған мақаласының жарық көруіне байланысты Ленин және конгрестің РСДРП-дан сайланған басқа да делегаттары Герман социал-демократиялық партиясының басқармасына наразылық білдірді. «Кейбір социал-демократтардың Интернационалды РСДРП-дағы істің жайымен қалай таныстыратыны туралы» деген мақалада (386—388-беттер) Ленин большевиктерге қарсы дұшпандық әрекеттерге жалпы сипаттама берді.

1905 жылдың октябрінен Халықаралық социалистік бюроның (II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органының) мүшесі болған Ленин оның мәжілістеріне белсене қатысып отырды және Штутгартта өткен II Интернационалдың VII конгресінен бастап халықаралық социалистік конгрестердің барлығының делегаты болды. Лениннің Халықаралық социа-

листік бюроның мәжілістері мен конгрестерде сөйлеген сөздері, ол жазған қарарлардың жобалары, оның шешімдерге енгізген түзетулері мен толықтырулары оппортунизм мен ревизионизмге қарсы, революциялық марксизм принципі жолында дәйекті күресудің үлгісі болып табылады.

Осы басылымда неғұрлым толық жазба бойынша жарияланып отырған, немістің солшыл социал-демократтарының газеті «Leipziger Volkszeitung»-те басылған, Халықаралық социалистік бюроның 1909 жылғы 7 ноябрьдегі мәжілісінде сөйлеген сөзінде, сондай-ақ «Халықаралық социалистік бюроның он бірінші сессиясы» деген мақалада Ленин Голландиядағы жұмысшы қозғалысының сол қанаты болып саналатын Голландия марксистерін — «трибунистерді» (кейін, 1918 жылы, олар Голландияның Коммунистік партиясын құруға қатысты) қолдады. Халықаралық социалистік бюро сессиясының күн тәртібіндегі басты мәселені — Голландия партиясындағы жікке бөліну туралы мәселені талқылауды баяндай келіп, Ленин II Интернационал басшыларының ымырашылдығын және олардың принципті мәселелерде марксизмге опасыздық еткен Голландия оппортунистерін іс жүзінде қолдап отырғандығын ашып береді. Ленин Голландия марксистерін жікке бөліндіңдер деп кінәлаған және Голландия солшылдарының Интернационалға алу туралы өтінішін қабылдамай тастаған Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетін қатты айыптады.

Копенгаген конгресі кезінде (1910) Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысындағы революциялық элементтерді ұйымдастырып, топтастыру үшін II Интернационалдағы солшыл социалистердің кеңесін өткізді.

Копенгагендегі конгресте Ленин конгрестің негізгі комиссияларының бірі — кооперативтік комиссияға кірді. Конгресте кооперативтер туралы мәселе жөнінде өрістеген қызу пікір таласы батыс европалық оппортунистердің кооперацияларды дамыту арқылы капитализмнің социализмге бейбіт ұласу мүмкіндігі туралы көзқарастарының реформистік мәнін ашып берді. Ленин бұл өтірікті жоққа шығарады, сөйтіп капитализм

шеңберінде қол жетерлік ішінара жақсартулар «өндіріс пен айырбас құралдары белгілі таптың — оны экспроприациялау социализмнің басты мақсаты болып табылады — қолында қалып отырғанда... өте тар шеңберде шектеулі болады» (336-бет) деп атап көрсетеді. Ол оппортунистердің өндіріс пен айырбас құрал-жабдықтарын «социализациялау» туралы реформистік ұранының мәнін ашып береді, мұны шаруалар серіктіктерінен бастап, муниципалдық моншаларға дейін капитализм шеңберінде жасалатын қандай да болса ішінара шаралар мен реформалар деп түсінуге болатынын ескертеді. Пролетариаттың тап күресінде жұмысшылар кооперативтерінің алатын орны мен маңызын анықтай келіп, Ленин кооперативтер туралы қарардың жобасында пролетариаттың экономикалық және саяси күресінде кооперативтердің үлкен роль атқаратынын көрсетеді және жұмысшыларды пролетарлық кооперативтерге кіруге, кооперативтердің социал-демократиялық жұмысшы партиясымен және кәсіподақтармен байланысын нығайтуға шақырады.

«Кооперативтер туралы мәселенің Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресте қаралуы» деген мақалада Ленин кооперативтерді капиталистік қоғамды «әлеуметтік өзгертудің» элементі деп қарайтын және кооперативтердің бейтараптығын уағыздайтын француз реформистерінің көзқарастарын теріске шығарады; сонымен бірге ол капиталистерді экспроприациялау туралы программалық қағиданың орнына «капитализмді игеріп кету» туралы тезисті ұсынған неміс оппортунистерін қатты сынайды. Конгресте кооперативтер туралы мәселенің талқылануын қорыта келіп, Ленин бірауыздан қабылданған қарарда, оның кемшіліктеріне қарамастан, пролетарлық кооперативтердің міндеттері негізінен алғанда дұрыс анықталды деп атап көрсетеді.

Лениннің кооперативтер туралы мәселе жөніндегі пікірлері коммунистік және жұмысшы партияларының қазіргі реформистер мен ревизионистерге қарсы күресінде өзінің актуалды маңыздылығын жойған жоқ, ал қазіргі реформистер мен ревизионистер капитализмнің апологеттеріне ілесе капитализмнің біртіндеп социа-

лизмге «айналатыны» туралы, буржуазиялық қоғам шеңберінде түбегейлі әлеуметтік реформалардың жасалу мүмкіндігі туралы қақсап жүргені мәлім.

Марксистердің аграрлық мәселедегі буржуазиялық-реформистік теориялар мен ревизионизмге қарсы күресінде Лениннің «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген еңбегінің зор маңызы бар. 1907 жылғы герман ауыл шаруашылық санағының материалдары негізінде Ленин капитализм тұсында ауыл шаруашылығының дамуы мен шаруалардың жағдайы туралы маңызды қорытындылар жасайды, буржуазияның қорғаушылары мен ревизионистердің шындықты бұрмалап отырғандығын әшкерелейді.

Ауыл шаруашылығының капиталистік құрылысы, деп жазды Ленин, ең алдымен қожайындар мен жұмысшылар арасындағы, түрлі типті шаруашылықтар арасындағы қатынастарды сипаттайды. Оның бер жағында буржуазиялық статистиктер қате жинақтап, топтастыру арқылы өте мол материалдарды бұрмалап, бұл қатынастарды орағытып өтуге немесе бүркемелеп жіберуге тырысады. «Әлеуметтік-экономикалық статистика — әлеуметтік танымның осы ең қуатты құралдарының бірі — осылайша бейшара күйге түсіріліп, әншейін статистикаға, ойынға айналдырылып отыр» (362-бет).

1907 жылғы санақ деректерін ғылыми талдаудың негізінде Ленин Германия ауыл шаруашылығы экономикалық құрылысының мынадай бейнесін жайып салады: пирамиданың төменгі жағында — орасан көп «пролетарлық шаруашылықтар», яғни аса кедей шаруа шаруашылықтары; жоғары жағында — капиталистік шаруашылықтардың болмашы азшылығы, барлық жер мен барлық егістіктің жартысынан көбі осылардың қолында, жалдама жұмысшылардың сансыз көп армиясы осыларда істейді. «Пролетарлық шаруашылықтарды» зерттегенде Ленин капитализмнің крепостниктік системамен байланысын және олардың біртектілігін көрсетеді, өйткені мұндай «шаруашылықтар» крепостниктік тәртіптің капитализмдегі тікелей қалдығы болып саналады. Күн көріске де жетпейтін ұлтарақтай ғана жері бар аса кедей «қожайындар» бұқарасы жұмыссыздар-

дың резерв армиясының бір бөлегін құрайды. «Көптеген арзан жұмыс күшін ешқандай шығынсыз *әрқашан* тауып отыратын болуы үшін капитализмге осы «мардымсыз», «парцелльдік» делінетін қожайындар қажет» (360-бет) деп жазады Ленин.

Капиталистік шаруашылықтар мен орасан көп пролетарлық «шаруашылықтардың» арасында шаруалардың ұсақ шаруашылықтары бар. Буржуазиялық статистиканың деректеріне талдау жасай келіп, Ленин капитализм тұсында мұндай ұсақ шаруашылықтардың күйзеліске ұшырамай қалмайтынын, жетілдірілген құралдар мен машиналарды қолдануға шамасы келмейтіндіктен олардың капиталистік ірі кәсіпорындармен бәсекелесе алмайтындығын дәлелдеп береді. Ұсақ шаруашылықта еңбектің ысырап болуы мен қалт-құлт күнелту үшін шаруаны зорыққанша еңбек істеуге мәжбүр ететін ауыр мұқтаждық қосылып кетеді. Ұсақ өндірушілерді күйзелтіп, ығыстырып отырмайынша, капитализм егіншілік техникасын жетілдіре алмайды, оны ілгері бастыра алмайды, мұның өзі капиталистік ауыл шаруашылығы дамуының жалпы заңдылығы болып табылады.

Ұсақ шаруалар бұқарасының болмашы азшылығы ғана «адам санатына қосылып», капиталиске айналатынына қарамастан, ұсақ қожайындар капиталистік психологияны бойға сіңіре береді. «Буржуазияшыл экономистер (ал олардың ізімен ревизионистер де) осы психологияны қолдайды; марксистер ұсақ шаруаларға жалдама жұмысшыларға қосылудан басқа құтылудың амалы жоқ деп түсіндіреді» (366-бет). Жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың түбегейлі мүдделерінің ортақтығы олардың ескі құрылысқа қарсы, социализм жолында бірлесіп күресуі үшін одақтасуына негіз болып табылады.

* *
*

Томға «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің 14 документі енді, олар В. И. Ленин Шығармаларында бірінші рет жарияланып отыр. Бұлар—Ленин-

нің партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы қарар талқыланғанда сөйленген сөздері; шақырымпаздық пен ультиматизм туралы, Капридегі мектеп туралы, фракцияның бірлігі туралы мәселелер талқыланғанда сөйленген сөздері; большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы мәселе талқыланғанда сөйленген бірінші сөзі; партиялық баспасөз туралы және Орталық Органда («Социал-Демократ» газетінде) философиялық мақалаларды жариялау туралы, Большевиктік орталықты қайта құру туралы мәселелер талқыланғанда сөйленген сөздері мен ұсыныстары; Думадағы фракцияның газетін шығаруға қаржы бөлу туралы ұсыныс және басқалар.

«Дайындық материалдар» бөлімінде Лениннің мына рефераттарының жоспарлары Шығармаларда бірінші рет жарияланып отыр: «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы («Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)», «Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс және оның маңызы»; бұл рефераттарды Ленин 1909 жылы ноябрьде Парижде және 1910 жылы 26 сентябрьде Копенгагенде оқыған болатын.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1910

„ПРОЛЕТАРИЙДІҢ" КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ[1]

8—17 (21—30) ИЮНЬ, 1909 ж.

«Хабар» мен қарарлар 1909 ж. 3 (16) июльде «Пролетарий» газетінің 46-номеріне қосымшада басылған; баяндамалар, сөйленген сөздер, қарарлардың жобалары, толықтырулар мен ұсыныстар бірінші рет 1934 ж. ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің протоколдары» деген кітапта басылған

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр; документтердің бір бөлегі — протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша және қолжазба бойынша басылып отыр

1

«ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ХАБАР

Оқушылар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының соңғы кеңесінде қабылданған қарарлардың текстін төменде көреді. Кеңестің құрамы мынандай болды: «Пролетарий» редакциясының 4 мүшесі, жергілікті ұйымдарда,— Петербург ұйымы мен Москва облыстық (орталық Россия) және Урал ұйымдарында,— істейтін большевиктердің 3 өкілі және Орталық Комитеттің 5 большевик мүшесі болды.

Кеңесте өріс алған айтыстардың жалпы партиялық зор маңызы бар екені сөзсіз. Бұл айтыстар большевиктік фракцияның басшы органы кейінгі кезде үнемі жүргізіп отырған және өздерін большевиктерміз деп санайтын жолдастардың белгілі бір бөлегі арасында соңғы уақытта едәуір айыптаулар туғызып отырған саяси бағытқа үлкен айқындылық және белгілі бір дәрежеде толық қалыптасқандық сипат берді. Кеңесте қажетті түсінісуге қол жетті, мұнда оппозицияның атынан екі жолдас болды.

Осының бәрін ескере отырып, «Пролетарийдің» редакциясы кеңестің протоколдарын мүмкіндігінше неғұрлым толығырақ дайындап, бастырып шығаруға бар күшін салмақ. Ал біз бұл хабарда белгілі бір тұрғыдан түсіндіргенде ұғыныспаушылық туғызуы мүмкін — және шетелдегі жолдастар арасында қазірдің өзінде ұғыныспаушылық туғызып отырған —пункттерге ғана тоқталмақпыз. Кеңестің көлемді әрі айтарлықтай айқын қарарлары, шынына келгенде, түсіндіріп

жатуды керек етпейді; кеңестің протоколдары тұтас алғанда қарарларды жете түсіну үшін жеткілікті материал береді. Бұл хабардың міндеті — қабылданған қаулылар мен қарарлардың көбінесе *ішкі фракциялық* маңызына қатысты түсініктер беру.

«Шақырымпаздық пен ультиматизм туралы» қарардан бастайық.

Қарардың шақырымпаздыққа қарсы тікелей бағытталған бөлімін алатын болсақ, онда ол кеңесте оппозиция өкілдері тарапынан, шындығында, үлкен қарсылық кездестірген жоқ. Шақырымпаздық белгілі бір ағым болып қалыптаса бастағандықтан, оның социал-демократиядан барған сайын алыстай беретінін, шақырымпаздықтың кейбір өкілдерінің, атап айтқанда оның белгілі көсемі Ст. жолдастың тіпті «анархизмге біршама бой ұрып» үлгергенін оппозицияның екі өкілі де мойындады. Шақырымпаздықты ағым деп біліп, оған қарсы қажырлы және ұдайы күрес жүргізу қажеттігі кеңесте *бірауыздан* мойындалды. Ультиматизм болса басқаша мәселе.

Оппозицияның екі өкілі де кеңесте өздерін ультиматистерміз деп атады. Олардың екеуі де қарарға дауыс беру үстінде тапсырған жазба мәлімдемесінде: біздер — ультиматистерміз, қарар ультиматизмпен іргені аулақ салуды талап етеді, мұның өзі біздер үшін өзіміз өзімізден іргені аулақ салу болып табылар еді, бұған біз қол қоя алмаймыз деді. Кейін, оппозицияның дауыстарына қарсы тағы да кейбір қарарлар қабылданғанда, оппозицияның екі өкілі жазба түрде: біздер кеңестің қарарларын заңсыз деп есептейміз, кеңес бұл қарарларды қабылдап, фракцияның жікке бөлінуін жариялайды, біздер бұл қарарларға бағынбаймыз және оларды жүзеге асырмаймыз деп мәлімдеді. Біз бұл дау-жанжалға бұдан арғы баяндауда толығырақ тоқталамыз, өйткені бұл дау-жанжал оппозицияға *жататын* өкілдердің бірі Максимов жолдастың «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясынан бөлініп шығуын формальды түрде аяқтады. Ал бұл арада біз әлгі дау-жанжалды басқа жағынан алып қарамақшымыз.

Ультиматизмді бағалауда да, ал онан соң, шақырымпаздық деп аталатын дәйекті ультиматизмді бағалағанда да, амал не, жазылғандардан гөрі, аңыз-әңгімемен көбірек істес болуға тура келеді. Ультиматизм де, шақырымпаздық та азды-көпті тұтас «платформада» осы кезге дейін бейнеленген жоқ. Сондықтан ультиматизмді оның бірден-бір нақтылы түрінде — думадағы социал-демократиялық фракцияға қатаң партиялық фракция болу және партия орталықтарының барлық директиваларына бағыну, немесе депутаттық уәкілдіктерінен бас тарту жөнінде *ультиматум* қою талабы түрінде — алуға тура келеді. Бірақ ультиматизмнің мұндай сипаттамасын *толығынан* дұрыс және дәл сипаттама деуге болмайтын сияқты. Ал оның себебі мынау. Кеңеске қатынасқан екі ультиматистің бірі Марат жолдас: бұл сипаттама маған тура келмейді деді. Ол, Марат жолдас, думадағы социал-демократиялық фракция жұмысының соңғы кезде едәуір жақсарғанын мойындайды, сондықтан ол фракцияға дәл қазір, дереу, ультиматум қоюды ойламайды да. Ол тек партия думадағы фракцияға барлық мүмкіндік арқылы ықпал етуге, оған жоғарыда баяндалған ультиматумды қоюға дейін ықпал етуге тиіс деп есептейді.

Мұндай ультиматистермен бір фракция ішінде сыйысуға, әрине, болады. *Мұндай* ультиматист думадағы фракция жұмысының жақсаруына қарай өз ультиматизмінен арылуға тиіс. *Мұндай* ультиматизм партияның думадағы фракциямен ұзақ жұмыс істеуін және фракция жөнінде ұзақ жұмыс істеуін, үгіт пен ұйымдастыру мақсаты үшін думалық жұмысты шебер пайдалану жөнінде партияның ұзақ және қажырлы жұмыс істеуін керексіз демейді, қайта соны керек деп біледі. Фракция жұмысының жақсару тенденциясы анық байқалған екен, онда, әрине, осы бағытта бұдан әрі де табанды және қажырлы жұмыс істей беру керек болады. *Осыдан келіп* ультиматизм біртіндеп өзінің объективті маңызын жоғалтады. *Мұндай* ультиматист-большевиктер жөнінде жікке бөліну туралы әңгіме болуы да мүмкін емес. «Шақырымпаздық пен ультиматизм туралы» қарарда және «Большевиктердің партия ішіндегі мін-

деттері» деген қарарда сөз болып отырған іргені аулақ салуды оларға қолданудың өзі орынды бола қояр ма екен. *Мұндай* ультиматизм — белгілі бір практикалық мәселенің қойылысындағы және оны шешудегі жай ғана сарын деген сөз; мұнда азды-көпті айтарлықтай принципті алауыздық жоқ.

Ультиматизм, ультиматизм болғанда қарар большевизм іргесін аулақ салуы қажет деп отырған ультиматизм, партия ішіндегі идеялық ағым ретінде,—басқаша құбылыс. Бұл ультиматизм — ал ол қазір сөзсіз бар — партияның және оның орталықтарының думадағы фракция жөнінде ұзақ жұмыс істеуін керексіз дейді, III Дума беріп отырған бай үгіт материалын шебер пайдалану мағынасында партияның жұмысшылар арасында ұзақ, шыдамдылықпен жұмыс істеуін керексіз дейді. Бұл ультиматизм партияның думадағы фракция жөнінде *тиімді, творчестволық* жұмыс істеуін керексіз дейді. Мұндай ультиматизмнің бірден-бір құралы — бұл оның *ультиматумы,* өзінің думадағы фракциясын үнемі қорқытып ұстау үшін партия әлгі ультиматумды Дамокл семсері ретінде әзір ұстауға тиіс және бұл ультиматум РСДРП үшін парламентаризмді нағыз революциялық жолмен пайдаланудың бүкіл тәжірибесінің, батыс европалық социал-демократияның қажырлы, ұзақ *үйренуі* арқылы жинаған тәжірибесінің орнын басуы тиіс. *Мұндай* ультиматизмді шақырымпаздықтан бөліп алу мүмкін емес. Олар *авантюризмнің* өздеріне ортақ рухымен айырғысыз байланысты. Россия социал-демократиясындағы революциялық ағым болып отырған большевизм бұлардың екеуінен де бірдей іргесін аулақ салуға тиіс.

Бірақ осы «іргені аулақ салу» дегеннен біз нені түсінеміз, кеңес нені түсінді? Оппозицияның кейбір өкілдерінің біздерді сендірмек болып отырғанындай, кеңес *большевиктік фракцияның жікке бөлінгенін* жариялады деуге қайсыбір дерек бар ма? Мұндай деректер жоқ. Кеңес өзінің қарарлары арқылы мынаны мәлімдеді: большевиктік фракция ішінде ағымдар байқалып отыр, ағымдар болғанда өзінің нақтылы тактикалық тұрпаты бар большевизмге қайшы келетін ағымдар байқалып отыр. Бізде большевизм дегеніміз партия-

ның большевиктік *фракциясы*. Ал фракция дегеніміз партия емес. Партияда толып жатқан әр алуан сарындар болуы мүмкін, ал бұл сарындардың ең шеткерілері тіпті бір-біріне тікелей қайшы келуі де мүмкін. Біз герман партиясынан Каутскийдің нағыз-революциялық бағытымен қатар Бернштейннің нағыз ревизионистік бағытын көреміз. Фракция болса — бұлай емес. Партия ішіндегі фракция дегеніміз *пікірлестер* тобы, бұл, ең алдымен, партияға белгілі бір бағытта ықпал ету мақсатымен, партия ішінде өз принциптерін мүмкіндігінше неғұрлым таза күйінде жүзеге асыру мақсатымен құрылған топ болып табылады. Бұл үшін шын *пікірлестік* болу қажет. *Партияның* бірлігі жөнінде және *фракцияның* бірлігі жөнінде біздің қойып отырған талаптарымыздың осы айырмашылығын большевиктік фракциядағы ішкі бақастық туралы мәселенің шын жағдайын білгісі келген адамның қай-қайсысы да түсінуге тиіс. *Кеңес фракция жікке бөлінді деп жарияланған жоқ.* Кеңестің қарарларын *шақырымпаздық ниеттегі* жұмысшыларды ұйымдардан қууға немесе, оның үстіне, шақырымпаздық элементтер бар ұйымдарды тезінен жікке бөлуге шақырған үндеу деп түсінетін жергілікті қызметкерлер мүлде қате жасаған болар еді. Біз жергілікті қызметкерлерді мұндай қадамдар жасаудан барынша қатты сақтандырамыз. *Дербес ағым* болып қалыптасқан шақырымпаздық жұмысшы *бұқарасы* арасында жоқ. Шақырымпаздардың өз тағдырын өзі шешуге, пікірлерін аяғына дейін жеткізе айтуға әрекет жасауы оларды синдикализмге, анархизмге әкеп соқпай қоймайды. Осы соңғы ағымдарды азды-көпті дәйекті жақтаушылар өздерін фракциядан да, партиядан да шығарып тастайды. Бұған шақырымпаздық *ниеттегі жұмысшылардың*, мүмкін, қалың *топтарын да* жатқызу қисынсыздық болған болар еді. Мұндай түрдегі шақырымпаздық дегеніміз, көбінесе, думадағы фракцияның жұмысынан бейхабарлықтың нәтижесі. *Мұндай* шақырымпаздықпен күресудің ең лайықты құралы — бір жағынан, фракцияның жұмысы туралы жұмысшыларға толық және кең түрде хабарлап отыру болса, ал екінші жағынан, жұмысшыларға фракциямен байланысып ту-

ру және фракцияға ықпал етіп отыру тәсілдерін тауып беру болады. Мысалы, Петербургте шақырымпаздық пиғылды бірсыпыра әлсірету үшін Думадағы депутат жолдастардың Петербург жұмысшыларымен бірсыпыра әңгімелесуі жеткілікті болды. Сонымен, бар күшті шақырымпаздардан *ұйымдық жағынан жікке бөлінуден* аулақ болуға бағыттау керек. Шақырымпаздыққа және онымен төркіндес синдикализмге қарсы азды-көпті қажырлы және дәйекті *идеялық* күрес жүргізу ұйымдық жікке бөлінушілік туралы қандай да болмасын әңгімелерді мүлде бос сөз етеді, ал, тым құрығанда, шақырымпаздардың большевиктік фракциядан және партиядан жекелеп не топтанып *бөлінуіне* әкеп соқтырады.

Анығында, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесінде де істің жайы дәл осылай болған-ды. Максимов жолдастың ультиматизмі большевизмнің кеңес тағы да тұжырымдаған позициясымен мүлде сыйыспайтын ультиматизм болып шықты. Негізгі принципті қарарлар қабылданғаннан кейін, бұл қарарлардың екі дауысқа қарсы, ал кейбіреулерінің — бір дауысқа қарсы (Максимовтың), бір дауыс қалыс қалып (мысалы, тұтас алғанда «Шақырымпаздық пен ультиматизм туралы» қарар), он дауыспен қабылданғанына қарамастан, Максимов ол қарарларды заңсыз деп санайтынын айтты. Сонда кеңес Максимов жолдастың барлық саяси әрекеттері жөніндегі жауапкершілік атаулыны өз мойнына алмайды деп қарар шығарды. Мәселе айқын: кеңестің соншалық басым көпшілігімен қабылданатын принципті қарарлардың бәрін Максимов жолдас үзілді-кесілді теріске шығарады екен, онда ол *партияның* ішінде *фракция* болуының қажетті шарты болып табылатын *пікірлестіктің* кеңес пен өзінің арасында жоқ екендігін түсінуге тиіс. Бірақ Максимов жолдас мұнымен тоқталмады: бұл қарарларды өзінің іс жүзіне асыруға ниетінің жоқ екендігі былай тұрсын, *тіпті оларға бағынбайтынын да* ол үзілді-кесілді айтты. Кеңес Максимов жолдастың саяси қызметі жөніндегі жауапкершілік атаулыны өзінен алып тастауға міндетті болды, бірақ мұнымен қатар кеңес былай деді (СПБ. делегаты М. Т-ның және басқалардың мәлімдемесін

қараңыз): «әңгіме бұл жерде фракцияның жікке бөлінуі жөнінде болып отырған жоқ, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясынан Максимов жолдастың бөлініп шығуы жөнінде болып отыр»*.

Біз кеңестің: «Большевиктердің партия ішіндегі міндеттері» және «Партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы» қарарларына жолдастардың бар назарын аударуды да қажет деп табамыз. Мұнда большевиктердің «партиялық бағыты» туралы және жалпы алғанда жария мүмкіншіліктерге, жекелеп алғанда Дума трибунасына көзқарас туралы мәселенің қойылысын дұрыс түсіну өте маңызды.

Біздің кезектегі міндетіміз — РСДРП-ны сақтау және нығайту. Осы зор міндетті орындаудың өзінде ерекше бір маңызды жағдай бар; бұл — *жойымпаздықтың* екі түрлі сарынымен — оңшыл жойымпаздықпен де, солшыл жойымпаздықпен де — күресу. Оңшыл жойымпаздар құпия РСДРП-ның керегі жоқ, социал-демократиялық қызметтің өзегі тек қана немесе тек қана дерлік жария мүмкіндіктер болуға тиіс дейді. Солшыл жойымпаздар мәселені теріс айналдырып отыр: олар үшін партия қызметінде жария мүмкіндіктер деген жоқ, олар үшін қалай болғанда да құпиялық болса болғаны. Мұның екеуі де — РСДРП-ның біршама тең дәрежелі жойымпаздары, өйткені жария жұмыс пен құпия жұмысты жоспарлап, мақсатқа сәйкес *ұштастырып* отырмайынша, бізге тарих душар еткен қазіргі жағдайда «РСДРП-ны сақтау және нығайту» ешбір мүмкін емес. Оңшыл жойымпаздықтың әсіресе меньшевиктік фракцияда, ал ішінара Бундта[4] ерекше күшті болып отырғаны жұртқа мәлім. Бірақ соңғы кезде

* Марат жолдас та кеңестің қарарларын өзінің жүзеге *асырмайтынын,* бірақ *оларға бағынатынын* мәлімдеген-ді. Ал ерекше мәлімдемесінде Марат жолдас: шақырымпаздыққа қарсы жолдастық түрдегі идеялық күрестің қажет екенін мойындағанмен, шақырымпаздыққа қарсы ұйымдық күресті де, большевиктік фракцияның жікке бөлінуін де өзінің мойындамайтынын ескертті. Ал *жалпы алғанда ұйымдық* жік туралы мәселеге келетін болсақ, онда кеңестің «Шетелде NN-де құрылып жатқан партия мектебі туралы»[2] қарарынан: бұл ретте жікке бөлінушілік әрекетті шақырымпаздардың және құдай жасампаздықты[3] жақтаушылардың істеп отырғаны көрініп отыр, өйткені бұл мектеп жаңа фракцияның жаңа *идеялық-ұйымдық орталығын* құру әрекеті болып табылатыны сөзсіз.

меньшевиктер арасында құттықтамауға болмайтын тамаша құбылыс — партиялыққа қайта оралу байқалып отыр: кеңес қарарында айтылғанындай, «фракцияның азшылығы» (меньшевиктер)[5] «жойымпаздық жолын ақырына дейін байқап көріп, қазірдің өзінде бұл жолға қарсы наразылық білдіріп отыр, өздерінің істері үшін қайтадан партиялық негіз іздеп отыр»*.

Меньшевиктердің әзірге осы аз бөлегі жөнінде — оңшыл жойымпаздыққа қарсы күресіп отырған бөлегі жөнінде — большевиктердің міндеттері қандай? Большевиктер партияшылдардың осы бөлегімен — маркстік және партиялық бөлегімен, сөзсіз, жақындасуға тырысулары тиіс. Бұл арада әңгіме тіпті де меньшевиктер мен біздің арамыздағы тактикалық келіспеушілікті жою жөнінде болып отырған жоқ. Біз революцияшыл социал-демократияның жолынан меньшевиктік шегінушіліктерге қарсы ең батыл күрес жүргізудеміз және келешекте де жүргізе береміз. Партия ішінде большевиктік фракцияның қандай болсын бытырауы мағынасында ешбір әңгіме болып отырмағандығы өзінен-өзі түсінікті. Партиялық позицияларды жеңіп алу жөнінде большевиктер көп нәрселер істеді, бірақ бұл бағытта алда істелетін жұмыстар әлі де көп. Партия ішіндегі белгілі бір идеялық ағым ретінде большевиктік фракция бұрынғыша өмір сүре беруге тиіс. Бірақ бір нәрсені: РСДРП-ны «сақтау және нығайту» жауапкершілігі—кеңестің қарары көрсетіп отырған жауапкершілік— түгелімен болмаған күнде, көбінесе, қазір большевиктік фракцияға жүктеліп отырғанын есте қатты сақтау керек. *Партияның* іс жүзіндегі жұмысын түгелдей, немесе түгелдей дерлігін — әсіресе жергілікті жерлерде — қазір большевиктер атқарып отыр. Сондықтан қазір өте зор маңызды міндет—жарамды элементтердің бәрін *партия құрылысы* ісіне тарту партиялықты табанды және дәйекті жақтаушы большевиктерге жүктеліп отыр. Ал қазіргі ауыр кезеңде басқа фракциялардың

* «Голос Социал-Демократа»[6] «редакциясындағы жікке бөлінушілік» деп қарар Плеханов жолдастың осы редакциядан шығуын айтып отыр,— Плехановтың өз мәлімдемесі бойынша, оны редакциядан шығуға мәжбүр еткен нәрсе «Голос Социал-Демократа» редакциясының жойымпаздық бағытынан басқа ештеме де емес.

марксизмді және партиялықты жақтап, жойымпаздыққа қарсы шығып отырған партияшылдарына қол созбау өз тарапымыздан нағыз қылмыс болған болар еді.

Бұл көзқарасты кеңестің басым көпшілігі және оның ішінде жергілікті ұйымдардағы большевиктердің барлық өкілдері де мойындады. Оппозиция не бізді жақтап, не бізге қарсы белгілі бір позицияға тұрақтай алмай толқыды. Бірақ, осылай бола тұрса да, Максимов жолдас нақ осы бағыт үшін кеңесті «большевизмге опасыздық жасады», меньшевиктік көзқарасқа көшті, т. с. деп жазғырды. Біздің бұған берген жауабымыз мынау ғана болды: мұны баспасөзде, бүкіл партия алдында және бүкіл большевиктік фракция алдында тезірек ашық айтыңыз, сонда біз сіздің «революцияшылдығыңыздың» нағыз мәнін, большевизмді сіздің «қорғауыңыздың» нағыз сипатын тағы да бір әшкерелеуге мүмкіндік аламыз.

Кеңестің «...Дума қызметіне көзқарас туралы» деген қарарына жолдастардың көңіл бөлуін ұсынамыз. Жоғарыда біз «жария мүмкіндіктер» туралы мәселенің түрлі сарынды жойымпаздықпен тығыз байланысты екенін көрсеткенбіз. Оңшыл жойымпаздықпен күресу қандай міндетті болса, солшыл жойымпаздықпен күресу де қазір сондай міндетті. *Партия үшін, партияның мүдделері үшін* жария мүмкіндіктердің маңызын түсінбейтін шақырымпаздық революциялық социал-демократияға қаншалықты жиіркенішті болса, бүкіл партия ұйымын жұмысшыларды «жария мүмкіндіктер» төңірегіне, әсіресе думалық қызмет төңірегіне топтастыруға әкеліп саятын парламенттік кретинизм де соншалық жиіркенішті. Кеңестің қарарларында жария мүмкіндіктерді пайдалану *партия үшін* маңызы өте зор іс деп мойындалған. Бірақ жария мүмкіндіктер және бұл мүмкіндіктерді пайдалануды тек өзіндік мақсат деп бұл қарарлардың еш жерінде де көрсетілмеген. Олардың бәрі қай жерде болсын құпия жұмыстың міндеттерімен және тәсілдерімен тығыз *байланыста* қойылған. Ал бұл *байланыс* қазіргі кезде ерекше көңіл бөлуді керек етеді. Бұл жөнінде кейбір *практикалық* нұсқаулар қарардың өзінде берілген. Бірақ бұл — тек

нұсқаулар ғана. Ал жалпы айтқанда, қазір әңгіме — *партиялық* жұмыстың басқа салаларының қатарында «жария мүмкіндіктердің» нақ қандай орын алатыны жөнінде болуға тиісті емес, қолда бар «жария мүмкіндіктерді» партия үшін неғұрлым тиімді етіп, *қалай* пайдалану жөнінде болуға тиіс. Астыртын жұмыстың ұзақ жылдары бойында партияда құпия жұмыс жөнінде зор тәжірибе жинақталды. Басқа сала туралы — жария мүмкіндіктерді пайдалану туралы мұны айтуға болмайды. Бұл арада партия, *атап айтқанда большевиктер,* жұмысты жеткіліксіз істеді. Бұл саланы пайдалануға осы кезге дейін істеліп келгенінен гөрі көбірек көңіл бөлу, инициатива көрсету, күш жұмсау керек. Жария мүмкіндіктерді пайдалануды *үйрену* керек, үйренгенде құпия жұмыстың тәсілдерін біз *қалай* үйреніп келсек және үйреніп отырған болсақ, ол тәсілдерді де дәл сондай табандылықпен үйрену керек. Жария мүмкіндіктерді партия мүддесіне пайдалану жөніндегі осы *қажырлы жұмысқа* РСДРП мүдделерін жоғары санайтын адамдардың бәрін кеңес шақырып та отыр.

Партияның құпия жұмысы жөніндегі біздің көзқарасымыз бұрынғыша өзгеріссіз қала береді және қала беруге, әрине, тиіс те. РСДРП-ны сақтау және нығайта беру — негізгі міндет, барлығы осыған бағындырылуға тиіс. Тек осы нығайтуға қол жеткізсек қана біз партия мүдделері үшін сол жария мүмкіндіктерді де пайдалана аламыз. Өнеркәсіп орталықтарында құрылып отырған және партиялық жұмысқа жалпы басшылық ету ісі солардың қолдарына көшуге тиісті — біртіндеп көшіп те отырған—жұмысшы топтарына ең күшті көңіл бөлінуге тиіс. Жұмысымыздың барлық салаларындағы біздің бар күш-жігеріміз осы топтардан нағыз партиялық социал-демократиялық кадрлардың даярлануына бағытталуы керек. Тек осы негізде ғана РСДРП-ны сақтау және нығайту шынымен мүмкін болады.

2

ПАРТИЯДАН БӨЛЕК БОЛЬШЕВИКТІК СЪЕЗД НЕМЕСЕ БОЛЬШЕВИКТІК КОНФЕРЕНЦИЯ ШАҚЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҮГІТ ТУРАЛЫ ҚАРАР ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

8 (21) ИЮНЬ

1

Бір жағынан, принципті алауыздықтар жоқ деген мәлімдеме жасалады, ашық пікір айтудан бас тартады, ал екінші жағынан, большевиктік фракциядағы принципті алауыздықтар туралы сөз етеді. Екіжүзділік деген осы емес пе? Жалпы партиялық конференцияда Дан былай деді: Ленин меньшевизмге бой ұрды деп айыпталатындығын кім білмейді? Мен оған былай деп жауап бердім: «Пролетарийді» оқыңыз да, соның негізінде төрелік айтыңыз, ал өсек-аянды жиып-термеңіз. Максимов ол кезде ештеңе айтқан жоқ. Ашық күрестің болмауынан жаман нәрсе жоқ. Мен принципті бірлік бұзылды деймін, сіз басқа бірдеңе айтасыз, сонымен қатар Ленинді Мартов деп атайсыз... Осы жиналыс партиялық жағынан неліктен құпия өтіп отыр? Большевиктік орталықтың мүшелері съезде сайланды, большевиктік көзқарастарды қайткенде жақсылап жүргізуге болатынын айтып жүр. Мұнда нендей сөлекеттік бар? Сіз большевиктік ерекше съезді жақтап үгіт жүргізіп, партиялық жөнінде біржолата торыққаныңызды көрсетіп отырсыз. Біз II съезден бастап әрқашан да партиялықты жақтап келдік, қазір де сол бағытты ғана ұстап отырмыз, сіз болсаңыз, төменгі жерлерде жікке бөлінуді уағыздап отырсыз. Меньшевиктерде де партиялық ағым бар. Біз партиялыққа сенеміз және соны қорғаймыз.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

2

Максимов съезд шақыру үшін үгіт жүргізілген жоқ дейді. Лядов, Станислав, Всеволод жетерліктей айқын айтты. 1908 жылғы майдан бастап Лядов пен Станислав Россияда үгіт жүргізді. Бізде Станиславтың қарары бар, оның нені қалайтындығы сол қарарда барынша айқын айтылған[7]. Мұның өзі фракцияны қорлау. Меньшевиктерде ортодокстік-маркстік, плехановтық, ағым бар, большевиктерде де ортодокстік-маркстік ағым бар. Меньшевиктерде де, біздерде де валентиновтік-максимовтік жойымпаздық ағым және т. с. бар. Максимов жолдастың мәлімдемесі жөнінде мынаны қайталап айтамын: менің айтқаным Максимовтің «толық лениндік-плехановтық фракция аңғарылып отыр» деген сөздеріне берілген *жауап* болды.

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚ ПЕН УЛЬТИМАТИЗМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

9 (22) ИЮНЬ

«Орталық идеясына» тоқталғым келеді. Коткада өткен конференция[8] туралы Максимов шатастырып болды; істің мәні былай еді: егер поляктар бойкот жасауды жақтайтындай болса, ал менің даусым шешуші дауыс болған күнде, онда мен большевиктермен бірге дауыс беруді жөн көремін деп мәлімдедім. Бұл менің поляктар жөнінде қойған шартым еді. Ол кезде бүкіл Большевиктік орталық бойкот жасауға қарсы болатын. Ал фракция бойкотты жақтады, бірақ жікке бөліну болған жоқ, өйткені жікке бөлінгісі келетін топ жоқ еді. Бір жылдан кейін фракция біздің жағымызда болып шықты. Шақырымпаздарға соққы беруден, меньшевиктермен бірге болудан қорқатын «большевиктер» бар. Мен конференцияда «меньшевиктермен» бірге шақырымпаздарға қарсы шықтым. Сіздердің орталық туралы ойлайтындарыңыз, міне, осы.

Максимов баяндаған жікке бөлінудің тарихы — күлкілі жайт. Максимовтың қағаздарында орталық туралы ештеңе айтылмайды, бірақ Миханың хаты енді дәлелденді. Ол хатта Ленин оңшыл-бундтық бағытты жүргізіп отыр делінген. Мұның өзі документтерде бар. Максимов қазір не айтып отырса, Миха соны жазған-ды. Орталықтың идеясы, міне, осы. Ал осы хатты бізге біздің кавказдық достарымыз жіберді, олар оңшыл Ильичке мандат берген. Бұл саясатты 1908 жылы июльде топтың қатысуымен Миха жүргізді. Максимов бізді Плехановпен бірге мәжіліс өткізетін болады дейді.

Әрине, өткіземіз, Орталық Органда[9] Данмен, Мартовпен өткізгеніміз сияқты өткіземіз. Конференцияда[10] шақырымпаздардың адал ниетті болуына арпалысқан күрес арқылы қол жетті. Біз оларға ультиматум қойдық. Аксельрод әскери-жауынгерлік міндеттер туралы пунктті оқыған кезде, ол: «мұндай «большевиктермен» бірге жұмыс істеу қиын емес» деді. Біз Данмен бірге болған думалық комиссияларға шақырымпаздарды кіргізбейміз. Иә! Біз, Данмен, Мартовпен бірге мәжіліс жасағанымыз сияқты, Плехановпен де мәжіліс жасайтын боламыз. Бұл туралы баспасөзде жаза беріңіз.

Мен Орталық Комитетте Маратпен бірге мәжіліс жасаймын. Сіз, Марат, құдайшыл шақырымпаздар фракциясының мүшесісіз. Мен ізгі ниеттер жайында айтып отырғаным жоқ, ал саяси бағыт жайында айтып отырмын. Жолдастар, мен Плеханов жөнінде айтылып жүрген пікір туралы ойлануды сұраймын. Плеханов кәсіптік одақтарға көзқарас жөніндегі өзінің қатесін айтқанда, оны өздерінен неге аулақ ұстамайды екен деп бізді кінәлап жүр. Ол өзінің қатесін құрбандық қылуға әзір болып отырғанда, оны Луначарскийге қарсы мақала арқылы біз тартып отырмыз ба немесе Богданов-Луначарскийдің антимарксттік насихатына бола партияшыл «меньшевиктердің» және ортодокс марксист «меньшевиктердің» азшылығын сіздер аулақтатып отырсыздар ма?— мәселе осында. Біз Луначарскийге қарсы Плехановпен мәмлеге келген жоқпыз, бірақ біз кімнің кіммен ымдасып отырғанын айтамыз. Плеханов Потресовті қуып шыққанда, мен Плехановқа қолымды ұсынуға әзірмін. Бұл арада жаңа орталық жоқ, жаңа карикатуралық большевизм бар. Бізге Роза Люксембургпен болған ескі бір оқиғаны қайталап отыр[11]. Бірақ бұл арадағы қайталау карикатуралық қайталау, «большевизм» бұдан құтқарылуға тиіс.

Енді «большевизм» нағыз маркстік большевизм болуға тиіс.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

4
КАПРИДЕГІ ПАРТИЯ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

10 (23) ИЮНЬ

Осының бізді әлі жалықтырмағанына таң қаламын. Максимов жолдас босқа қызбаланады, өйткені мейлінше қатты айыптаусыз бірде-бір жікке бөліну болған емес, сол себепті де бөлініп шығу оқиғаларын әрқашан да ар-намыс мәселелерімен шатыстырып келді. 1901 жылы Кричевскиймен, 1905 жылы Мартовпен, 1907 жылы Плехановпен болған оқиғалар есімде — ар-намыс жайлы айқай көтеріп, бәрі маған дүрсе қоя берген-ді. Әңгіме ар-намыста емес, күрес барысында жұрттың өз фракциясының берекесін кетіріп, жаңа фракция құруында болып отыр. Лядовты мысалға алайық. Ол жаман жолдасқа айналған жоқ, бірақ біздің фракциямыздың берекесін кетіріп, өз фракциясын құруда. Мен Максимов өзі меньшевик деп санаған адамдардың берекесін алып жүр деп ойлаймын. Бұл оның өте заңды правосы, ал ол бізге Ленинді мектепке шақыру туралы айтады. Бақылау туралы мәселе де адам күлерлік. Олай істеуге болмайды. Мектептің жаңа орталық, жаңа ағым екендігі айқын. Марат: өзімнің қызмет орындарымды тастап кетпеймін дейді. Сіз, Марат жолдас, «құдайшыл» шақырымпаздардың саяси күресі тудырған фракциялық қызбалыққа бой ұрып кеттіңіз.

Фракция деген не? Ол партия ішіндегі пікірлестердің одағы. Думада — партия дегеніміз Дума ішіндегі пікірлестердің одағы. Мысалы, Думаның мүшесі Хомяковтың басқа партияға көшуінен ол Думаның председателі болмай қалмайды ғой. Фракцияның партияға қатысы

жөнінде де сондай. Партиядан алған орныңызды сізден тек партия ғана қайтып ала алады. Біз қазір ұрыс-керіспен жүрміз, мұның себебі — бізде пікірлестер одағы жоқ. Сіздің партиялық орныңызға ешкім сұқтанбайды, сондықтан оны қыстырудың қажеті жоқ. Бізде партия жікке бөлініп отырған жоқ, фракция жікке бөлініп отыр. Партиялық орындар біздің жиналыстың қарауына жатпайды. Ал ар-намыс туралы бұл арада айтып жататын ештеңе жоқ. Мен оған үйреніп болдым: мені осымен төртінші рет сөгіп отыр. Барды барша мойындау керек: екі орталықтың, екі ағымның және мектептің бар екені факт. Біз топ-топқа бөлініп біткен кезде бәрі де айқынырақ болады.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИН

В. И. Лениннің
11 (24) июньде
«Большевиктердің партия ішіндегі
міндеттері туралы мәселе
талқыланғанда сөйленген сөз»
деген қолжазбасының
бірінші беті — 1909 ж.

Кішірейтілген

6 **Ленинъ**: (1

Я считаю унизительным въ 100-ый и въ 1000-ный разъ отвѣчать т. Макс-ву по существу, т. е. повторять, что он создаетъ, откалываетъ отъ насъ, фракцію каррикатурныхъ бѣсовъ или божественныхъ отзовистовъ. Все это въ Прол. было сказано, напечатано, разъяснено, подчеркнуто. И я говорю только: скажите печатно то, что вы говорите здѣсь въ четырехъ стѣнахъ, — тогда и только тогда вы избавитесь отъ недостойной перебранки, которая царитъ здѣсь 4-ый день, получимъ идейную борьбу. Скажите печатно, что мы «необольшевики», «неопролетарцы» въ смыслѣ новой Искры, т. е. въ сущности меки, что мы «сдѣлали два шага назадъ», что мы «разрушаемъ драгоцѣннѣйшее наслѣдіе русской революціи — большевизмъ»; скажите печатно это все, записанное мною изъ вашихъ рѣчей, и мы покажемъ публикѣ еще и еще разъ, что вы именно подходите подъ типъ каррикатурнаго бѣса. Скажите печатно, что мы — опять цитирую ваши слова — «погибнемъ политической смертью, будучи въ хвосту у Теханова, въ случаѣ новаго подъема», что мы «подохнемъ въ случаѣ дальнѣйшей реакціи», скажите это печатно, и мы дадимъ еще разъ полезное для партіи разграниченіе махизма и боль-

5

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

11 (24) ИЮНЬ

Мен мәселенің мәні жайында Максимов жолдасқа жүзінші, мыңыншы рет жауап беруді, яғни ол бізден бөлініп шығып, карикатуралық большевиктердің немесе құдайшыл шақырымпаздардың фракциясын құрады дегенді қайталап айтуды артық деп есептеймін. Мұның бәрі *«Пролетарийде»* айтылған, басылған, әбден түсіндірілген, атап көрсетілген. Мен тек қана былай деп тұрмын: сіз осы төрт қабырға ішінде айтып отырған пікіріңізді *баспасөз бетінде* айтыңыз,— сонда және тек сонда ғана осында төртінші күнге созылып отырған лайықсыз ұрыс-керістердің орнына біз идеялық күреске шығамыз. «Жаңа «Искра»»[12] мағынасында алғанда» біздің «жаңа большевиктер», «жаңа пролетаршылдар», яғни шынына келгенде меньшевиктер екенімізді, біздің «екі адым кейін кетіп отырғанымызды», біздің «орыс революциясының аса бағалы мұрасын—большевизмді бұзып жатқанымызды» баспасөз бетінде айтыңыз, мен сіздің сөзіңізден жазып алған осы нәрселерді *баспасөз бетінде* айтыңыз, сонда біз карикатуралық большевиктің типіне нақ өзіңіздің ұқсайтыныңызды көпшілікке көрсеткен үстіне көрсететін боламыз. Біздің—тағы да сіздің сөзіңізден цитат келтіріп отырмын—«жаңа өрлеу бола қалған жағдайда, Плехановтың уысынан шыға алмағандықтан, саяси ажалдан өлетінімізді», біздің «реакция ұзаққа созылған жағдайда жеңіп шығатынымызды», міне, осыларды *баспасөз бетінде* айтыңыз, сонда біз тағы да большевизм мен «құдайшыл шақырымпаздық»

арасындағы айырмашылық жайында партияға пайдалы түсінік береміз. Ал сіз (1908 жылдың *августынан бастап,* редакцияның жиналысында, сізге кітапша шығарыңыз, кітапшада өзіңіздің көзқарастарыңызды баяндаңыз деп формальды түрде ұсыныс жасалған кезден бастап біздің тікелей шақырғанымызға қарамастан) бас тартып отыр екенсіз, сіз *ашық* күресуден бас тартып, іштей бақастықты қоймайды екенсіз,— онда біз сізді біздің фракциядан (партиядан емес, фракциядан) тікелей *бөліп шығару* арқылы, партияға көп ғибрат боларлық идеялық күрес үшін бөліп шығару арқылы, сіздің тарапыңыздан пікірдің ашық айтылуына жетуге *тиіспіз.*

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

ФРАКЦИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

12 (25) ИЮНЬ

Мен Максимовқа жауап беріп жатпаймын, жұрттың бәрі бұл біздің онымен бірге өткізіп отырған соңғы мәжілісіміз деген қорытындыға келіп отыр. Ақырына таяп келгенде балағаттасып жатудан тартынғанымыз жөн. Мұнымыз лайықсыз. Марат маған өзіңді-өзің қуып шық деп ұсынады дейді. Марат өзінің шақырымпаздармен бірге жұмыс істегеннен гөрі шақырымпаздарға қарсылармен бірге жұмыс істегенді жөн көретінін мәлімдегенде, оның бұл мәлімдемесі: жарайсың! деп құптап қарсы алынды. Каприде жікшілдік орталық құрғаны жөнінде оны ешкім айыптаған жоқ, құдай жасампаздық туралы ол барынша айқын пікір айтты. Формальдық жағынан оныкі дұрыс емес. Біз өз тарапымыздан пікірлестердің жеке орталықтары құрылып қойған жерінен әрі жікке бөлінуді айтып жатпадық.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

7

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН БІРІНШІ СӨЗ

12 (25) июнь

Вишневскийдің баяндамасы — біздің осында тыңдаған бірінші дұрыс баяндама.

Жалпы партиялық конференцияға делегаттың жіберілмеуіне келетін болсақ, онда Вишневский, сірә, қателесіп отырған тәрізді. Полетаев, егер Дан телеграмма берсе, депутаттар келетінін айтты. Дан бұдан бас тартты. Делегаттың болмауынан конференция өте қиындық көрді [13].

Сіздер білетін кісілер[14] туралы оларды тайдыруға болмайтынын айтып отырсыздар. Олармен күресудің құралы — жариялылық жолы. Олар туралы көбірек мәлімет беру керек. Топ-топқа бөліп, олардың мінездемелерін беру керек.

«Пролетарий» редакциясының фракция жанындағы секретары туралы мәселе. Секретарь міндеттерді атқара алатын дәрежеде болған жоқ, ол өте формальды түрде жазды; Стеклов керек қылып жүргеніміздей тұлға емес, қара жұмысты атқарушы керек. Мүмкіндігінше егжей-тегжейлі хабардар етіп отыру керек, онысыз жәрдемші топтардың бәрі түкке тұрғысыз болады.

Париж жәрдемші тобы[15] — сақ болатын іс. Біз Плехановтың бағытын қуаттайтын боламыз, қалған меньшевиктер бұған өте ызалана қарайды. Дан сияқты меньшевиктермен жақындасу қиын. Топты қалай құру керек? Меньшевиктер оған жұртты қаптатады. Жанжалдан басқа еш нәрсе шығуы мүмкін емес. Ұрыс-керістен аулақ болу үшін Орталық Орган жанынан тиісті топ құруға болмас па екен.

Фракцияда большевиктерден білетін кісілер болма-

йынша ештеңе істей алмайсың. Біз мұнда екі-үш адамды жария жағдайға шығаруға тиіспіз. Вадим аталып отыр, бәлкім, Каменев болар.

Думадағы фракцияның қызметіне жергілікті ұйымдардың қатысуы туралы. Листоктар арқылы жүргізілетін үгітті кеңінен өрістету қажет. Дума қызметі туралы листоктардың белгілі бір үлгісін беру керек. Думаны революциялық социал-демократиялық жолмен пайдалану ісі ұйымдардың ықпалынсыз революциялық та, социал-демократиялық та болмайды. *Думада сөйленетін сөздер тақырыптарына листоктар шығару* қажет. Мұндай нәрсе ұйымдарды іске тартып, түрткі салады. Депутаттар жиналысы осы уақытқа дейін жеткіліксіз пайдаланылып келді. Олардың көп уақыты шақырымпаздармен айтыс-тартысқа кетті. Сондай-ақ, *Думадағы партиялық топтасу туралы листоктар* және, ақырында, *жалпы Думаның жұмысы туралы листоктар* шығару қажет. Думадағы фракцияға тек Орталық Комитеттің өкілдері ғана емес, сонымен қатар ұйымның өкілдері де бағыт беріп отыруға тиіс. *Думада сөйленген қайсыбір сөздердің маңызы туралы листоктар* шығару қажет. Мысалы, сыртқы саясат туралы мәселе жөнінде. Тек біздің депутаттарымыз ғана сөз сөйледі. Мұның өзі тиісінше бағаланбады. *Сөйленген сөздерден үзінділер келтірілген листоктар* шығару қажет. Ұйымдардың қатысуы дегенді мен листоктар шығару формасынан басқаша түсіне алмаймын. Құлдырау сұмдық, листок арқылы жүргізілетін жұмысты барынша өрістету керек. Шетелдік газеттердің сыны кешігіп отырады. Парламентте сөйленген сөздерде де әрдайым жете айтыла бермейді. Листоктар жеткізе айтатын болады.

Ұйымдардың өкілдер жіберіп тұруын кейде жүзеге асыру қиын.

Газетке келетін болсақ, онда бірден-бір шарт: көпшіліктің бізді жақтауын қамтамасыз ету, бірақ мен ондай газетті[16] ұйымдастыру мүмкіндігіне сенбеймін.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

8

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН ЕКІНШІ СӨЗ ЖӘНЕ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[17]

13 (26) ИЮНЬ

Біз жарыс сөздерді аяқтап келеміз, меніңше оларды қарар арқылы ерекше бекітудің керегі жоқ, өйткені қарарға сақ болуымыз керек. Әңгіме мәселені өзара түсінісуде болды ғой. Жария мүмкіндіктерді пайдалану туралы Власовқа жауап ретінде қарар жобасын оқиын:

«Большевиктік орталық қаулы етеді: жалпы алғанда «жария мүмкіндіктердің» бәрін, жұмысшы табының жария және жартылай жария ұйымдарының бәрін пайдалану және әсіресе Дума трибунасын пайдалану жөнінде қазір большевиктердің бәрі мойындап отырған мақсаттарды *іс жүзінде* жүзеге асыру үшін — атап айтқанда *революциялық*-социал-демократиялық рухта және бағытта жүзеге асыру үшін — міне осы үшін большевиктер фракциясының тәжірибелі, өз ісіне маманданған, өзінің ерекше *жария* қызметіне (кәсіптік одақтар; клубтар; Дума комиссиялары және т. т. және т. с.) берік орнығып алған большевиктер кадрларын әзірлеуді өзінің мақсаты етіп айқын қоюға және оны қалай да орындап шығуға тиіс екені сөзсіз».

Власов мұның лидерлерге қатысты екенін айтты. Бұл дұрыс емес. Мәселе мынада: біздің большевиктік фракцияда ондай мамандар керек емес деген пікір тарап кеткен. Бізде күш аз: оларды жария қызметтерге бөлуіміз және пайдалануымыз керек, оларға осы қызметтерді фракцияның атынан орындауды тапсыруымыз керек. Егер біз партия ұяларын құру туралы айтып отырған болсақ, онда мұны істей білуіміз керек. Мен листоктар

арқылы жүргізілетін үгіт туралы қарардың нобайын әзірледім.

«Большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы мәселені талқылай келіп, Большевиктік орталық қаулы етеді: бұқараға социал-демократияның Думадағы жұмысы туралы мәліметтерді тарататын және осы жұмысқа бағыт беріп отыратын листоктар арқылы жүргізілетін үгіттің (жергілікті және облыстық баспасөз органдарының үстіне) маңыздылығына барлық жергілікті ұйымдардың назары аударылсын. Дума трибунасынан айтылуға тиісті мәселелерді көрсету, социал-демократияның Думадағы қызметінің және партиялардың топтарға бөлінуінің қорытындыларын шығару, осы мәселелер жөніндегі насихаттық сөздердің конспектілері, Думада сөйленген өте-мөте маңызды социал-демократиялық сөздердің саяси маңызын талдап көрсету, Думадағы социал-демократиялық сөздердің көмескі айтылған немесе дәл айтылмаған жерлерін көрсету, ақырында,— олардың сөздерінен үзінділер келтіріп, олардан насихат пен үгіт үшін маңызы бар практикалық қорытындылар жасау және т. т. және т. с. осындай листоктардың тақырыбы бола алар еді».

Сонымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы мәселе жөнінде жеке жиналыста сөз болған пункттердің де қарар формасындағы нобайын әзірледім:

«II. Думаны революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан пайдаланудың оны реформашылдық (немесе кеңірек айтқанда: оппортунистік) тұрғыдан пайдаланудан айырмашылығын мынадай—толық қамтылды деуге болмайтын — нұсқаулар арқылы сипаттауға болады.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның, былайша айтқанда, сыртқы қатынастар тұрғысынан қарағанда, Думаны революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан пайдаланудың оны оппортунистік тұрғыдан пайдаланудан айырмашылығы мынада: депутаттардың және олардың төңірегіндегі көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның парламенттік қызметті қайдағы бір басты, негізгі, өзіндік мәні бар нәрсе деп дәріптеуге, буржуазиялық қоғамның қайсысына болса да (ал Россияда әсіресе реакция дәуіріне) тән осы бір әрекетке қарсы

күресу қажет. Атап айтқанда, фракцияның өз жұмысын іс жүзінде жалпы жұмысшы қозғалысының мүдделеріне бағындырылған міндеттердің бірі есебінде жүргізуіне, сондай-ақ фракцияның партиямен үнемі байланыста болуына, одан оқшауланбауына, қайта партиялық көзқарастарды, партия съездері мен партияның орталық мекемелерінің директиваларын жүзеге асырып отыратын болуына барлық күшті жұмсау қажет.

Фракция қызметінің ішкі мазмұны тұрғысынан қарағанда мыналарды ескеру қажет: парламенттік социал-демократиялық фракция қызметі мақсатының одан басқа *барлық* саяси партиялардың қызметі мақсатынан принципті айырмашылығы бар. Пролетарлық партия мәмлеге келуге, қолында билігі барлармен саудаласуға, контрреволюцияның крепостниктік-буржуазиялық диктатурасының режимін пайдасыз жамап-жасқауға тырыспайды, қайта барлық шараларды қолдана отырып, жұмысшы бұқарасының таптық сана-сезімін, ойының социалистік айқындығын, революциялық батылдығы мен жан-жақты ұйымшылдығын арттыруға тырысады. Фракция қызметінің әрбір қадамы осы принципті мақсатқа бағындырылуға тиіс. Сондықтан Дума трибунасынан социалистік революцияның міндеттерін қорғауға көбірек назар аударылуға тиіс. Социализмнің, атап айтқанда ғылыми социализмнің негізгі ұғымдары мен мақсаттарын насихаттайтын сөздер Дума трибунасынан жиірек естіліп тұруына күш салу керек. Сонан соң, буржуазиялық-демократиялық революция одан әрі жалғасып жатқан жағдайда Думадағы фракцияның «азаттық қозғалысқа» жасалатын контрреволюциялық шабуылдар тасқынына қарсы үнемі күресіп отыруы, революцияны кінәлауға, оның өзінің, оның мақсаттарының, әдістерінің қадірін кетіруге және т. т. бағытталған (ашық реакционерлердің де, либералдардың — әсіресе кадеттердің де) кең ағымына қарсы күресуі өте маңызды. Думадағы социал-демократиялық фракция революцияның туын, алдыңғы қатарлы таптың — Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция көсемінің туын жоғары ұстауға тиіс.

Одан соң, Думадағы социал-демократиялық фракция-

ның жұмысшылар жөніндегі заң шығару мәселелерінің бәріне жігерлі түрде қатысуы сияқты қазіргі кезеңдегі аса маңызды міндетін көрсету қажет. Фракция осы міндетті өзінің қызметімен оппортунистік тұрғыдан бұрмалаудан өте сақ бола отырып, Батыс Европа социал-демократтарының парламенттік мол тәжірибесін пайдалануға тиіс. Фракция өзінің ұрандарын және біздің партияның программа-minimum-ның талаптарын ықшамдамауға тиіс, қайта социал-реформаторлықтың екіжүзділігі мен жалғандығын бұқара алдында ашып көрсету мақсатымен, бұқараны дербес бұқаралық экономикалық және саяси күреске тарту мақсатымен өздерінің социал-демократиялық заң жобаларын (сондай-ақ, үкіметтің және басқа партиялардың заң жобаларына түзетулерді) дайындап, енгізуге тиіс; осы бұқаралық экономикалық және саяси күрес қана жұмысшыларды шын жеңістерге жеткізе алады немесе қазіргі тәртіпке сүйенетін шала-шарпы және екіжүзді «реформаларды» пролетариатты толық эмансипациялау жолындағы ілгері дамыған жұмысшы қозғалысының тірек пункттеріне айналдыра алады.

Думадағы социал-демократиялық фракция және бүкіл социал-демократиялық партия социал-демократияның ішіндегі реформизм жөнінде, оған оппортунистік адасулардың соңғы жемісі деп қарап, осындай позиция ұстауға тиіс.

Ақырында, Думаны революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан пайдаланудың оны оппортунистік тұрғыдан пайдаланудан айырмашылығы мынада: социал-демократиялық фракция мен партия, үкіметке және ашық реакционерлерге шабуыл жасаумен шектеліп қалмай, қайта либерализмнің контрреволюцияшылдығын да, ұсақ буржуазиялық шаруа демократиясының бұлталақтауын да әшкерелей отырып, бұқараға барлық буржуазиялық саяси партиялардың таптық сипатын жан-жақты түсіндіруге міндетті».

Қарардың жобасы 1909 ж. 12—13 (25—26) июньде жазылған

Сөз протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша; қарардың жобасы қолжазба бойынша басылып отыр

9

«ПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ БАСҚА САЛАЛАРЫМЕН ҚАТАР ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ» ҚАРАРҒА ТОЛЫҚТЫРУ[18]

Жария мүмкіндіктерді пайдалану ісіне (бұл салада қазірдің өзінде кейбір табыстарға қол жетті) осы уақытқа дейін істелгеннен гөрі едәуір көп назар аудару, инициатива көрсету және күш-жігер жұмсау керек.

1909 ж. 13 және 15 (26 және 28) июнь аралығында жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

10

ПАРТИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

15 (28) ИЮНЬ

«Пролетарийді» жойып жіберу, әрине, мүмкін емес. Көпшілікке кең таралтын орган қажет, бірақ бұл мәселе әр түрлі басқа жағдайларға, мысалы, финансқа байланысты. Жария баспасөзге көмектесуге Власов сияқты үзілді-кесілді тыйым салуға болмайды. Көлемі жағынан, ең болмағанда, жойымпаз-меньшевиктер шығарып отырған — «Даль» [19] сияқты шағын журнал шығару пайдалы болар еді деп ойлаймын.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

11

ОРТАЛЫҚ ОРГАНДА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

15 (28) июнь

Философия жөнінде айтыстардың қалай өрістейтіндігін күні бұрын болжау қиын, сондықтан мәселені Марат жолдастың қойып отырғаны сияқты қоюға болмайды. Сондықтан бұл жөнінде Орталық Органға қандай да болсын тыйым салу тоқтатылсын. Жария жинақтарға философиялық мақалалар басудың қажеттігі туралы Марат жолдастың мәлімдемесін құптаймын.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

12

ДУМАДАҒЫ ФРАКЦИЯНЫҢ ГАЗЕТІН ШЫҒАРУҒА ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС[20]

16 (29) ИЮНЬ

Мешковский жолдастың мәлімдемесі маңызды болғандықтан жария баспаға бөлінген 1500 сомның 1000 сомын думалық газетке жұмсауды ұсынамын.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

13
БОЛЬШЕВИКТІК ОРТАЛЫҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

17 (30) ИЮНЬ

1

Мешковскийдің айтқанына қосыламын. Референдум партияның барлық мүшелеріне қатысты, ал оны өткізу мүмкін емес. Кеңестер өткізу қажет-ақ, бірақ оларды уставтық жолмен енгізбеу керек. Дүркін-дүркін кеңестер өткізу идеясын ғана қабылдау керек деп ойлаймын.

2

Большевиктік орталықтың орыс мүшелері жалпы алғанда коллегия құратынын олардың санын үштікпен шектемейтінін жазу керек.

Протоколдық жазбамен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

3

«Пролетарийдің» редакторлары мен Шаруашылық комиссиясының мүшелері шығып қалса, олардың жұмысын пленум болмаған жағдайда Атқару комиссиясы жүргізе алады.

4

Большевиктік орталықтың шетелдік секретариатын пленум екі адамнан тағайындайды.

Қолжазба бойынша басылып отыр

14

«ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ

1

ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚ ПЕН УЛЬТИМАТИЗМ ТУРАЛЫ

Біздің партияның революцияшыл қанатының Булыгин думасы мен I Мемлекеттік думаға бойкот жасау жөнінде ұсынған ұраны ол кезде үлкен революциялық роль атқарып, жұмысшы табының ең белсенді және ең революцияшыл топтарының бәрін өз соңына ертті.

Қалың бұқараның тікелей революциялық күресі мұның ізінше контрреволюцияның ауыр кезеңімен алмасты; социал-демократияға енді өзінің революциялық тактикасын осы жаңа саяси жағдайға қолдану қажет болды, сөйтіп осыған байланысты ашық Дума трибунасын социал-демократиялық үгіт пен ұйымдастыру жұмыстарына көмектесу үшін пайдалану аса маңызды міндеттердің бірі болды.

Оның бер жағында тікелей революциялық күреске қатынасқан жұмысшылардың бір бөлегі оқиғалардың осы кенет бұрылысы кезінде революциялық-социал-демократиялық тактиканы контрреволюцияның жаңа жағдайларында қолдануға бірден көше алмады, сөйтіп ашық азамат соғысы заманында революциялық ұрандар *болып табылған,* ал қазір оларды жалаң қайталау күрестің жаңа жағдайларында пролетариаттың ұйымдасу процесін тежеуі мүмкін ұрандарды құр әншейін қайталай берумен болды.

Екінші жағынан, осы қиын өзгеріс себепті, революциялық күрес төмендеп қалған, тіпті жұмысшылардың бір бөлегі арасында еңсесі түсушілік және асып-сасушылық туған жағдайда, жұмысшы ұйымдары талқанда-

лып жатқан, сөйтіп іштен ірітушілік ықпалдарына олардың қарсыласу күші жеткіліксіз болып отырған дәуірде,— жұмысшы табының бір бөлегі арасында жалпы алғанда саяси күреске селқостық пайда болып, әсіресе социал-демократияның думадағы жұмысына немқұрайды қараушылық күшейіп кетті.

Мұндай жағдайда пролетариаттың осы топтары арасында шақырымпаздық пен ультиматизм дейтіндердің уақытша табысқа жетуі де мүмкін.

Жұмысшылардың мұқтаждығын ашықтан-ашық қорлап отырған III Думаның жұмысы социал-демократтарға қанаушы таптардың осы өкілдігін халықтың қалың бұқарасына самодержавие мен барлық контрреволюциялық күштердің шын сипатын, сонымен қатар революциялық күрестің қажеттігін түсіндіру үшін революциялық тұрғыдан пайдалануға III Думаның нақ осы ісі мүмкіндік беретінін өздерінің социал-демократиялық тәрбиесінің жеткіліксіздігінен әлі де түсіне алмайтын жұмысшылардың дәл осы топтарының арасында шақырымпаздық пейілді күшейтеді.

Оның үстіне, жұмысшылардың осы бөлегінің арасындағы шақырымпаздық пиғыл думадағы социал-демократиялық фракцияның әсіресе алғашқы жылғы қызметінде жіберген өте-мөте елеулі қателерінен қоректеніп келді.

Жұмысшы табына социалистік және революциялық тәрбие беру ісінде бұл шақырымпаздық пиғылдың теріс мәні болатындығын мойындай отырып,— большевиктік фракция мыналарды істеуді қажет деп санайды:

а) *жұмысшылардың осы топтары жөнінде* — социал-демократиялық тәрбие беру және ұйымдастыру жолында ұзақ жұмыс істеу, шақырымпаздық пен ультиматизмнің бүтіндей саяси жеміссіздігін, социал-демократиялық парламентаризмнің шын маңызын және контрреволюция дәуірінде Дума трибунасының социал-демократия үшін атқаратын ролін табандылықпен үнемі түсіндіріп отыру;

b) *думадағы социал-демократиялық фракция мен жалпы Дума жұмысы жөнінде* — думадағы фракция мен алдыңғы қатарлы жұмысшылар арасында тығыз байланыс

орнату, думадағы фракцияға жан-жақты көмек көрсету, оған бүкіл партияның ұйымдасқан бақылауын, ықпалын жүргізу, оның бержағында, мұны фракцияның қателерін ашық түсіндіру арқылы да істеу, партия органы ретіндегі фракцияның ісіне партияның басшылығын нақты жүзеге асыру және жалпы алғанда соңғы жалпы партиялық конференцияның осы жөніндегі шешімдерін большевиктердің жүзеге асыруы қажет, өйткені думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына жұмысшылардың назар аударуын күшейте түсу ғана және социал-демократияның Думадағы жұмысына олардың ұйымдасқан түрде қатынасуы ғана біздің думадағы фракцияның тактикасын іс жүзінде түзей алады;

с) *партияның оң қанаты жөнінде* — думадағы фракцияны антипартиялық жолға тартатын және сонысы арқылы оны жұмысшы авангардынан айыратын оң қанаты жөнінде,— үнемі, бітіспес күрес жүргізу және партия үшін бұл қатерлі тактиканы әшкерелеу.

* *
*

Буржуазиялық-демократиялық революцияның барысында біздің партияға, оның таза пролетарлық программасымен емес, көбінесе оның демократия үшін жүргізген айқын, жігерлі күресімен тартылған және пролетарлық партияның революциялық-демократиялық ұрандарын социалистік пролетариаттың тұтас алынған бүкіл күресімен байланыссыз қабылдаған бірқатар элементтер кірді.

Пролетарлық көзқарасы кем мұндай элементтер біздің большевиктік фракция қатарына да кірген. Қиыншылық уақыт кезінде бұл элементтер өздерінің социал-демократиялық ұстамдылығының жеткіліксіздігін барған сайын көрсете түсіп отыр, сөйтіп революциялық-социал-демократиялық тактиканың негіздеріне барған сайын шұғыл қарама-қарсылыққа келіп, соңғы жылдың ішінде шақырымпаздық пен ультиматизмнің теориясын қалыптастыруға әрекеттенетін, ал іс жүзінде социал-демократиялық парламентаризм мен думадағы социал-демократиялық жұмыс туралы жалған түсініктерді

принципке айналдырып, оны тереңдететін ғана ағым туғызып отыр.

Шақырымпаздық пиғылдан бүтіндей бір шақырымпаздық саясат жүйесін жасамақ болған бұл әрекеттер, шындығында, бір жағынан, саяси селқостықтың, екінші жағынан, анархиялық адасушылықтардың идеологиясын көрсететін теорияға әкеліп соғады. Өзінің бүкіл революциялық созуарлығына қарамастан, шақырымпаздық пен ультиматизм теориясы іс жүзінде, едәуір дәрежеде: Мемлекеттік думаның өзі-ақ халықтың белгілі бір көкейтесті талаптарын қанағаттандыра алады дейтін үміттерге байланысты конституциялық жалған үміттердің екінші жағы болып табылады, сөйтіп іс жүзінде пролетарлық идеологияны ұсақ буржуазиялық тенденциялармен ауыстырып жібереді.

Социал-демократиялық жұмысқа ультиматизм дейтін де (яғни үшінші Думаның трибунасын пайдаланудан принципті түрде бас тартатын немесе бұл міндетті орындаудан өзінің бұлтаруын практикалық мәні бар себептермен ақтауға әрекеттенетін және думадағы социал-демократиялық фракцияны кері шақырып алуға тырысып, думалық фракцияны тәрбиелеу, түзету жөніндегі ұзақ мерзімге арналған жұмысты фракцияға дереу ультиматум қоюмен алмастыратын ағым) ашық шақырымпаздықтан кем зиян келтірмейді. Саяси жағынан қарағанда ультиматизмнің қазір шақырымпаздықтан ешбір айырмасы жоқ, ол тек өзінің шақырымпаздығының бүркеулі сипатымен шатасушылық пен ауа жайылушылықты бұрынғыдан да гөрі күшейте түседі. Революцияның белгілі бір кезеңінде, біздің фракция қолданған бойкотизммен ультиматизмнің тура байланыс жасауға әрекеттенуі партиямыздың басым көпшілігінің Булыгин думасы мен І Мемлекеттік думаға әбден дұрыс қолданған бойкотының тек шын мағынасы мен сипатын бұрмалайды. Революцияның белгілі бір кезеңінде өкілдік мекемелерге кейде бойкот жасау әдісін қолдануға сүйене келіп, мұның өзі большевизм тактикасының айрықша белгісі, тіпті контрреволюция кезінде де бойкот жасауға болады деп көрсетуге әрекеттенуі арқылы ультиматизм мен шақырымпаздық,—міне

осы ағымдар, шындығында, революция дамуының қазіргі кезеңіне қарамастан, революциялық өрлеудің баржоғына қарамастан, өкілдік мекемелердің бәріне де бет алды қатыса беруді уағыздайтын меньшевизмнің екінші жағы болып табылатындығын корсетеді.

Шақырымпаздық пен ультиматизмнің өз теориясын принцип жағынан негіздеу жөнінде осы күнге дейін істеп келген әрекеттерінің бәрі оларды революциялық марксизмнің негіздерін теріске шығаруға сөзсіз әкеліп соқтырады. Ал олардың белгілеп отырған тактикасы анархиялық ауытқушылықтарға апарып соғып, халықаралық социал-демократияның сол қанатының орыстық қазіргі жағдайларына қолданып отырған тактикасынан сөзсіз толық қол үзгізеді.

Шақырымпаздық-ультиматистік үгіт қазірдің өзінде-ақ жұмысшы қозғалысы мен социал-демократиялық жұмысқа сөзсіз зиян келтіре бастап отыр. Ол мұнан былай да жүргізіле берсе, партия бірлігіне қауіп туғызуы мүмкін, өйткені бұл үгіт қазірдің өзінде-ақ біздің партияның думадағы өкілдігіне жәрдем беруден бас тартқызу үшін шақырымпаздар мен эсерлердің[21] бірігуі (С.-Петербургтегі) сияқты өрескел құбылыстарға, сондай-ақ белгілі бір синдикалистерге қосыла жұмысшылар алдында көпшілікке арнап кейбір сөздер сөйлеуге әкеліп соқтырып отыр.

Осылардың барлығын ескере келіп, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы мыналарды мәлімдейді: РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым ретінде большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ортақ ештеңесі жоқ, большевиктік фракция революциялық марксизмнің жолынан бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуге тиіс.

2

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

II Дума қуылғаннан кейінгі жерде контрреволюцияның әбден салтанат құрған заманында бүкіл партия жұмысының алдына істің жайы мынадай міндет қойды: ре-

акцияның әрекеттеріне қарамастан және таптық пролетарлық күрестің өте-мөте бәсеңдеп қалғанына қарамастан, пролетарлық күрестің жоғары өрлеген жылдарында құрылған партия ұйымын, яғни саналы түрде ортодокс марксизм негізінде тұрған және бірыңғай революциялық социал-демократиялық тактиканы жүргізу мақсатымен барлық «ұлттық» социал-демократиялық ұйымдарды біріктіретін ұйымды сақтап қалу міндетін қойды.

Партия үшін және партиялық үшін жүргізілген осы екі жылдық күрестің барысында, бір жағынан, буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекше жағдайлары себепті партияға келіп енген элементтерден партия өзінің іргесін айырғандығы, екінші жағынан, революцияшыл социал-демократтардың одан әрі топтаса түскендігі толық айқындалды. Бір жағынан, социал-демократияның бұрынғы жолбикелері толық айқындалды, партиядан кеткен соң, олар өздерінің қызметін түгелімен түрлі жария ұйымдарға (кооперативтер, кәсіптік одақтар, ағарту қоғамдары, думадағы фракция жанындағы комиссиялар) көшірді, сөйтіп оларда партия саясатын жүргізбегені былай тұрсын, қайта, осы ұйымдарды партиядан бөліп алуға, оларды партияға қарсы қоюға тырысып, партиямен күрес жүргізді. Жариялылықты фетишке айналдырып және жұмысшы қозғалысының уақытша төмендеуі мен бытыраңқылығы душар еткен істің тар формаларын принципке айналдырып, бұл элементтер — партияның ашық жойымпаздары — жұрттың бәріне толық айқын түрде теориялық және тактикалық ревизионизм негізіне түсті. Ұйымдық жойымпаздықтың — партия мекемелерімен күресудің — және маркстік теорияға, РСДРП программасының негіздеріне қарсы принципті күрестің арасында тығыз байланыстың бар екені біздің думадағы фракцияға оның интеллигенттік кеңесшілерінің оппортунистік жолды әкеп таңуының бүкіл тарихынан, жария жұмысшы ұйымдарының ішінде және төрт съездің: халық университеттері [22], кооперативтік [23], әйелдер [24], фабрика-завод дәрігерлері [25] съездерінің жұмысшы топтарының ішінде жойымпаздар

мен партияшылдардың арасында болған бүкіл күрестен қазір ап-айқын көрініп те, дәлелденіп те отыр.

Екінші жағынан, контрреволюцияның осы әбден салтанат құруы дәуірінде партияға басшылық ету міндеті жүктелген партияның сол қанаты партияның құпия жұмысы мен жария жұмысын мақсатқа лайықтап біріктіру тактикасын теориялық жағынан мойындап, іс жүзінде жүзеге асырды. Бұған думадағы фракция жөнінде жүргізілген партиялық жұмыстың бәрі және пролетарлық жария және жартылай жария ұйымдарда жүргізілген партиялық жұмыстың бәрі кіреді. Қазіргі тарихи кезеңнің ерекше жағдайлары, партия жұмысының негізгі формаларына қосымша, құпия партияның азды-көпті қалың бұқараға әсер ету формалары ретінде жұмыстың нақ осы формаларын алға қойып отыр. Жұмыстың нақ осы формаларында партия практикада, іс жүзінде, жойымпаздармен кездесіп, оған қатты соққы беріп отырады. Әр түрлі фракциялардың партиялық социал-демократтары практикада нақ осы негізде бір-бірімен жақындасты және жақындасуда*. Сөйтіп, ақыры, осы арада, үшінші Дума дәуірі жағдайындағы партияның дәл сол тактика және ұйымдастыру мәселелерінде, большевиктік фракция кәдімгі партия жұмысының жаңа формаларына «шақырымпаздық» жалауын бетке ұстап, қарсы шыққан жалған-революцияшыл, табансыз, маркстік емес элементтерден ашықтан-ашық іргені аулақ салды.

Қазіргі уақытта, большевиктердің негізгі міндеттерін белгілей отырып, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы мыналарды көрсетіп өтеді:

1) партия үшін және партиялық үшін бұдан былай жүргізілетін күресте партиялық үшін және партиядағы революциялық социал-демократиялық жол үшін алдыңғы қатардағы күрескер болып қалуға тиісті большевиктік фракцияның міндеті партияның Орталық Комитеті мен Орталық Органын жан-жақты қызу қолдап отыру

* Кәсіптік одақтар, кооперативтер туралы қарарлар және думадағы жұмыс туралы бірсыпыра қаулылар Орталық Комитетте *біраузыздан* қабылданды. Соңғы жалпы россиялық конференцияда басым көпшілік партия жолын қуаттады. Орталық Органды жүргізу тәжірибесі, жоғарыда көрсетілген съездердің жұмысшы топтары және т. б.

болып табылады. Партия күштерінің қайта топтасып жатқан қазіргі дәуірінде тек жалпы партиялық орталық мекемелер ғана партия жолының, оған нағыз партиялық және нағыз социал-демократиялық элементтердің барлығы біріге алатын жолдың беделді және күшті өкілі бола алады;

2) партияның меньшевиктік лагерінде, фракцияның ресми органы «Голос Социал-Демократа» толығымен жойымпаз-меньшевиктердің тұтқынына түсіп отырған жағдайда, фракцияның азшылығы, жойымпаздық жолын ақырына дейін байқап көріп, қазірдің өзінде бұл жолға қарсы наразылық білдіріп отыр, өздерінің істері үшін қайтадан партиялық негіз іздеп отыр (С.-Петербургтегі «выборгтік» меньшевиктердің хаты, Москвада меньшевиктердің жікке бөлінуі, «Голос Социал-Демократа» редакциясындағы жікке бөлінушілік, соған сәйкес Бундтағы бөлінушілік және т. с.);

3) мұндай жағдайда партияның топтасқан авангарды болып қала беретін большевиктердің міндеті, жойымпаздыққа және ревизионизмнің барлық түрлеріне қарсы күресті жүргізе беру ғана емес, оның үстіне басқа фракциялардың маркстік және партиялық элементтерімен жақындаса түсу болып табылады; мұны РСДЖ Партиясын сақтау және оны нығайту үшін күрестегі мақсаттардың ортақтығы талап етіп отыр.

3

ПАРТИЯДАН БӨЛЕК БОЛЬШЕВИКТІК СЪЕЗД НЕМЕСЕ БОЛЬШЕВИКТІК КОНФЕРЕНЦИЯ ШАҚЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҮГІТ ТУРАЛЫ

Мыналарды ескере келіп: — большевиктік фракция партия бірлігі қалпына келтірілген уақыттан бері қарай өзінің саяси жолын жақтаушыларды әрқашан жалпы партиялық айтыс тақырыбы болып отырған мәселелерде және әрқашан бұл мәселелерді жалпы партиялық көлемде—партия ұяларында, жалпы партиялық съездерде қатарластыра платформалар ұсыну және айтыс ашу арқылы — өзінің шешімі жолындағы идеялық күресімен бөліп алып, ұйымдастырып келді;

— тек осындай жол ғана шын пікірлестерді топтастыруды да, шындығында фракцияға жақын элементтердің бәрін оған тартуды да қамтамасыз етеді;

— біздің негізгі мақсатымызды жүзеге асыру үшін де, партияда революциялық социал-демократияның жолы біржолата салтанат құруы мүдделеріне сай партияға ықпал жүргізу үшін большевиктерді тек жалпы партиялық көлемде ғана бөліп шығару бірден-бір дұрыс және бірден-бір қолайлы жол болып табылады;

— бұдан басқа жол — ерекше большевиктік конференциялар мен съездер шақыру жолы партияны сөзсіз жоғарыдан төменге дейін жікке бөлінуге әкеп соққан болар еді және РСДЖ Партиясын осындай біржолата жікке бөлу инициативасын қолына алған фракцияға оңалмайтын соққы берген болар еді;

Осылардың бәрін ескере келіп, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы қаулы етеді:

1) Арнаулы большевиктік съезд шақыру жолындағы үгіттің объективті жағынан алғанда партияны жікке бөлуге әкеп соғатыны және партияда революциялық социал-демократияның қазіргі жеңіп алған позициясына күшті соққы беруі мүмкін екені барлық пікірлестерге ескертілсін.

2) Большевиктердің таяудағы конференциясы кезектегі партия конференциясына орайлас шақырылсын, ал пікірлестердің таяудағы партия съезіндегі жиналысы бүкіл фракцияның жоғарғы жиналысы болады.

3) Партия мен фракцияны толғандырып отырған маңызды мәселелер алда тұрғандықтан, Орталық Комитеттегі большевиктерге мүмкін болғанынша жалпы партиялық конференция шақыруды тездету (2—3 ай мерзім ішінде), ал одан кейін партия съезін шақыруды тездетуге күш салу жүктелді.

4

ШЕТЕЛДЕ NN-де ҚҰРЫЛЫП ЖАТҚАН ПАРТИЯ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ

«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы NN-дегі мектеп туралы мәселені қарап, былай деп таниды: инициаторлар тобы арқылы (оның ішінде «Пролетарийдің»

кеңейтілген редакциясы мүшелерінің бірі — Максимов жолдас бар) бұл мектепті ұйымдастыру жұмысы әуел бастан-ақ «Пролетарийдің» редакциясынан тыс және оған қарсы үгітпен ұштаса жүрді. Инициаторлар тобының осыған дейінгі істеген әрекеттері большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның осы мектеп бетке ұсталып жаңа орталығы жасалып жатқанын қазір әбден айқын көрсетіп отыр. Бұл мектептің инициаторлары, жалпы орталықтарды былай қоя тұрып, көптеген орыс комитеттерімен қатынас жасаған, тіпті «Пролетарийдің» редакциясына да, жалпы партиялық орталыққа да хабарламастан, дербес касса ұйымдастырып, ақша жинаған, өзінің агентурасын ұйымдастырып жатқан көрінеді.

Қазір тәжірибелі партия қызметкерлері жеткіліксіз болып отырған жағдайда, мақсатқа сай жолға қойылған, нағыз партия мектебі, тіпті шетелде болғанның өзінде де, жергілікті ұйымдардың жұмысшылар арасынан жарамды партия қызметкерлерін әзірлеп алу ісіне белгілі бір дәрежеде көмек бере алатынын мойындай отырып және біздің ұйымымыздың жағдайы жергілікті ұйымдарға осындай көмек көрсетуге мүмкіндік беретін нәрселердің бәрін өз тарапынан істеуді қажет деп санай отырып,— кеңейтілген редакция NN-дегі мектеп инициаторлары әрекеттерінің бүкіл түр-сипатына қарай мыналарды көрсетеді: бұл инициаторлар жалпы фракциялық мақсаттарды, яғни партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше, топтық идеялық-саяси мақсаттарын көздеп отыр. «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы мынаны көрсетеді: біздің фракциямызда шақырымпаздық, ультиматизм, құдай жасампаздық уағызға көзқарас туралы және жалпы алғанда большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселелер жөнінде байқалып отырған алауыздықтарға байланысты, NN-дегі мектептің инициаторлары мен ұйымдастырушылары өңкей шақырымпаздық, ультиматизм және құдай жасампаздық өкілдері екеніне байланысты,— бұл жаңа орталықтың идеялық-саяси бет бейнесі әбден айқын байқалып отыр.

Осылардың бәрін ескере келіп, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы большевиктік фракция бұл мектепке ешқандай жауапты бола алмайды деп мәлімдейді.

5

МАКСИМОВ ЖОЛДАСТЫҢ БӨЛІНІП ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ

Бір жағынан, «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының он мүшесінің және, екінші жағынан, Максимов жолдастың арасында принципті және тактикалық бірлік жоқ екені күн тәртібіне қойылған мәселелердің барлығына да байланысты айқын көрінгенін мойындай отырып; онан әрі, Максимов жолдастың тарапынан соңғы кезде большевиктік фракцияның ұйымдық бірлігін бұзуға да бағытталған қадамдар жасалғанын мойындай отырып; ақырында, Максимов жолдас «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының қаулыларына бағыну туралы және оларды жүзеге асыру туралы мәселе жөнінде теріс жауап бергенін көрсете келіп,— «Пролетарийдің» редакциясы кеңейтілген құрамында Максимов жолдастың барлық саяси қадамдарына бүгіннен бастап ешбір жауапты болмайтынын мәлімдейді.

ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫ ЖОЮ

«Пролетарийдің» осы номеріне арнаулы қосымшадан оқушылар большевиктердің кеңесі туралы хабар мен олардың қабылдаған қарарларының текстін көре алады*. Біз бұл мақалада осы кеңестің маңызына және ол кеңесте большевиктердің шағын бөлегінің бөлініп кетуіне біздің фракциямыздың да, тұтас алғанда бүкіл РСДРП-ның да көзқарасы тұрғысынан баға беруге тоқталмақпыз.

Соңғы екі жыл, шамамен айтқанда, 1907 ж. 3 июньдегі мемлекеттік төңкерістен[26] бастап осы уақытқа дейінгі екі жыл, орыс революциясының тарихындағы және Россия жұмысшы қозғалысының дамуы мен РСДРП-дағы шұғыл бет бұрыс, ауыр дағдарыс дәуірі болды. 1908 ж. декабрьдегі РСДРП-ның Бүкіл россиялық конференциясы қазіргі саяси жағдай туралы, революциялық қозғалыстың жайы мен оның перспективалары туралы, жұмысшы табы партиясының қазіргі кезеңдегі міндеттері туралы мәселелер жөнінде қорытынды жасады. Бұл конференцияның қарарлары — партияның берік игілігі, ал оларды қайткен күнде де сынағысы келген оппортунист-меньшевиктер осы қарарларда шешілген мәселелерге ойластырылған тұтас, жүйелі ешбір пікірді қарсы қоя алмайтын «сынының» дәрменсіздігін ғана мейлінше айқын аңғартты.

Бірақ партия конференциясы бізге осыны ғана аңғартып қойған жоқ. Ол екі фракцияның екеуіндегі де: меньшевиктердегі де, большевиктердегі де *жаңа идея-*

---

* Қараңыз: осы том, 3—12, 33—43-беттер. *Ред.*

лық топтарға бөлінуді көрсетіп, партия өмірінде аса маңызды роль атқарды. Бұл фракциялардың күресі, асыра айтпағанның өзінде, партияның тікелей революция қарсаңындағы да, сондай-ақ революция кезіндегі де бүкіл тарихын қамтыды. Сондықтан жаңа идеялық топтарға бөліну дегеніміз партия өміріндегі өте маңызды құбылыс болып табылады, жаңа жағдайдың жаңа мәселелеріне саналы түрде қарай білу үшін барлық социал-демократтардың мұны ойланып, түсініп, меңгеріп алулары керек.

Бұл жаңа идеялық топтарға бөлінуді партияның шеткері екі қанатында жойымпаздықтың пайда болуы ретінде және олармен күрес ретінде қысқаша сипаттауға болады. Меньшевиктерде жойымпаздықтың бар екені 1908 ж. декабріне қарай әбден айқын байқалды, ол кезде оларға қарсы күрес түгелдей дерлік басқа фракциялар (большевиктер, поляк, латыш социал-демократтары, бундшылдардың бір бөлегі) тарапынан жүргізілді. Партияшыл-меньшевиктер, жойымпаздыққа қарсы меньшевиктер ол кезде, ағым ретінде, жаңа-жаңа біліне бастаған еді, олар азды-көпті топтасып ашық бой көрсете алмады. Ал большевиктердің екі бөлегі де: шақырымпаздықпен батыл күресіп, конференцияның барлық қарарларын өз рухында өткізген ортодокс большевиктердің басым көпшілігі де, өз көзқарастарын жеке топ ретінде қорғаған, өздері мен ортодокс большевиктер арасында ауытқып отырған «ультиматистерден» талай рет көмек алған «шақырымпаздардың» азшылығы да айқын бейнеленіп, ашық бой көрсетті. Шақырымпаздар (және ультиматистер, өйткені бұлар да соларға қарай ойысып отыр) дегеніміз өңін айналдырған меньшевиктер, жаңа түрдегі жойымпаздар екені «Пролетарийде» (әсіресе 39, 42, 44-номерлерін қараңыз*) әлденеше рет айтылып, көрсетілген болатын. Сонымен: меньшевиктерде жойымпаздар басым көпшілік, ал партияшылдардың оларға қарсы наразылығы мен күресі жаңа-жаңа ғана белгіленіп келеді; большевиктерде ортодокс элементтер толық үстемдікке жетіп отыр, ашық бой көрсетуші шақырым-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 318—337, 400—404, 430—443-беттер. *Ред.*

паздар азшылық,— РСДРП-ның декабрьдегі Бүкіл россиялық конференциясында көрінген партияның ішкі жағдайы осындай еді.

Осы жойымпаздық дегеніміз не? оның пайда болу себебі неде? шақырымпаздардың (және құдай жасампаздардың, бұлар туралы біз төменде бірнеше сөз айтпақпыз) жойымпаздар, өңін айналдырған меньшевиктер болып табылатын себебі не? бір сөзбен айтқанда, біздің партияның ішінде жаңа идеялық топтарға бөлінудің әлеуметтік мағынасы мен әлеуметтік маңызы қандай?

Сөздің тар мағынасындағы жойымпаздық, меньшевиктердің жойымпаздығы, идеялық жағынан жалпы алғанда социалистік пролетариаттың революциялық тап күресін теріске шығару, ал жекелеп алғанда, біздің буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың гегемондығын теріске шығару болып табылады. Бұл теріске шығарушылық, әлбетте, әр түрлі формаларда болады, азды-көпті саналы, қатаң, дәйекті түрде жүріп отырады. Мысалға Череванин мен Потресовты алуға болады. Пролетариаттың революциядағы ролінe Череванин берген бағаның өрескел болғаны соншалық, «Голос Социал-Демократаның» ішіндегі жікке бөлінушілікке дейін-ақ оның *бүкіл* редакциясы (яғни Плеханов та, Мартов — Дан — Аксельрод — Мартынов та) Череваниннен безуге мәжбүр болды, бірақ ол мұны өте-мөте қолайсыз формада жасады: атап айтқанда, дәйекті жойымпаздан ол «Vorwärts»[27]-те, немістер алдында, безді, *өзінің осы мәлімдемесін орыс оқушылары үшін «Голос Социал-Демократада» келтірмеді!* Потресов өзінің «XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс» деген мақаласында орыс революциясындағы пролетариаттың гегемондығы идеясын ойдағыдай жойғандығы сонша, Плеханов коллективтік жойымпаздық редакциядан шығып кетті.

Ұйымдық жағынан алғанда жойымпаздық дегеніміз — құпия социал-демократиялық партияның қажеттігін теріске шығару және соған байланысты РСДРП-дан безу, одан шығу, жария баспасөз беттерінде, жария жұмысшы ұйымдарында, кәсіптік одақтарда, коопе-

ративтерде, жұмысшы депутаттары қатысатын съездерде және т. т. оған қарсы күрес жүргізу деген сөз. Соңғы екі жыл ішінде Россияның кез келген партия ұйымының тарихы меньшевиктердің мұндай жойымпаздығы жөніндегі мысалдарға лық толы. Жойымпаздықтың ерекше көрнекі мысалы ретінде біз жоғарыда (*«Пролетарийдің»* 42-номерінде, «РСДРП-ның 1908 ж. декабрьдегі Бүкіл россиялық конференциясы» деген кітапшада көшіріліп басылған) цекист-меньшевиктердің *партияның Орталық Комитетін* тура *жойып,* бұл мекеменің қызметін тоқтатқылары келгендігін көрсеткенбіз. Россиядағы меньшевиктік құпия ұйымдардың бүтіндей дерлік ыдырауының белгісі ретінде соңғы партия конференциясында «Кавказ делегациясы» кілең шетелдіктерден құралғанын, ал «Голос Социал-Демократаның» редакциясын партияның Орталық Комитеті (1908 ж. басында) Россияда жұмыс істейтін белгілі бір ұйыммен ешқандай байланысы жоқ жеке әдеби топ ретінде бекіткенін көрсетуге болады.

Меньшевиктер жойымпаздықтың мұндай көріністерінің бәрінен қорытындылар жасамайды. Бұларды олар ішінара жасырып жүр, жекелеген фактілердің маңызын түсінбей, ұсақ-түйектер, шырғалаң оқиғалар, жеке адамдар жөнінде адасып, қорыта білмей, болып жатқан оқиғалардың мәнін түсінбей, ішінара өздері шатасып жүр.

Ал мұның мәні мынада: жұмысшы партиясының оппортунистік қанаты буржуазиялық революция дәуіріндегі дағдарыс, ыдырау мен сәтсіздікке ұшырау кездерінде сөзсіз не түгелдей жойымпаздық қанат болып шығуға, не жойымпаздардың шылауына түсіп кетуге тиіс еді. Буржуазиялық революция дәуірінде пролетарлық теория мен тактиканы игеруге неғұрлым қабілетсіз, сәтсіздікке ұшырау дәуірінде табан тіреп қалуға неғұрлым қабілетсіз, оппортунизмді ақырына дейін жеткізуге неғұрлым икемді ұсақ буржуазиялық *жолбикелердің* (немісше мұны Mitläufer деп атайды) пролетарлық партияға қосылып кетуі *сөзсіз.* Ыдырау басталды — көптеген интеллигент-меньшевиктер, әдебиетші-меньшевиктер іс жүзінде либералдарға ауды. Интеллигенция партиядан бойын аулақ салды — *демек,* көбінесе мень-

шевиктік ұйымдар ыдырады. Пролетариатқа, пролетарлық тап күресіне, пролетарлық революциялық теорияға шын тілектес меньшевиктер (өзінің революциядағы оппортунизмін жағдайдың барлық бұрылыстарын, шатасқан тарихи жолдың барлық қалтарыстарын еске алғысы келетіндігімен ақтап келген мұндай меньшевиктер әрқашан да болды) «тағы да азшылық», меньшевиктер арасында азшылық, жойымпаздармен күрес жүргізуге жасқаншақ, бұл күресті ойдағыдай жүргізуге әлсіз болып қалды. Бірақ жолбике-оппортунистер либерализмге жақындаған үстіне жақындай береді, Плеханов Потресовқа, «Голос Социал-Демократа» Череванинге, Москваның жұмысшы-меньшевиктері интеллигент-меньшевиктерге төзе алмайтын жағдайда болды *және одан әрі қарай осылай бола береді.* Партияшыл-меньшевиктер, ортодокс марксист-меньшевиктер бөлектене бастайды және олардың өздері *партияға* бет алғандықтан, амалсыздан большевиктерге баратын болып шығады. Ал біздің міндетіміз—осы жағдайды түсіну, барынша, барлық жерде бірдей жойымпаздарды партияшыл-меньшевиктерден бөлектеуге тырысу, принципті алауыздықтарды жойып жіберу мағынасында емес, қайта алауыздықтар ортақ жұмысқа, ортақ тегеурінге, ортақ күреске бөгет жасамайтын шынайы бірыңғай жұмысшы партиясына топтасу мағынасында партияшыл-меньшевиктермен жақындасу.

Бірақ пролетариаттың ұсақ буржуазиялық жолбикелері деген жалғыз меньшевиктік фракцияның ғана еншісіне тиген нәрсе ме? Жоқ. Біз *«Пролетарийдің»* 39-номерінде бұлардың большевиктерде де бар екенін, мұны дәйекті шақырымпаздардың барлық дәлелдеу тәсілдері, олардың «жаңа» тактиканы негіздеу жөніндегі әрекеттерінің бүкіл сипаты қалай дәлелдеп отырғанын көрсеткен болатынбыз*. Бұқаралық жұмысшы партиясының аздыкөпті елеулі бөлегінің ешбіреуі, істің шын мәніне келгенде, буржуазиялық революция дәуірінде әр түрлі сарындағы «жолбикелердің» белгілі бір мөлшерін қатарына кіргізуден қашып құтыла алмады. Мұндай құбылыс

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 318—337-беттер. *Ред.*

тіпті анағұрлым дамыған капиталистік елдерде буржуазиялық революция толық аяқталғаннан кейін де болмай қоймайды, өйткені пролетариат әрқашан ұсақ буржуазияның нағыз әр алуан топтарымен жанасып отырады, әрқашан осы топтардан қайта-қайта толығып отырады. *Егер тек* пролетарлық партия бөгде элементтерді қатарына сіңіре білетін, оларға бағынып кетпей, қайта оларды өзіне бағындырып ала білетін болса, кейбір элементтердің шынында да бөгде элементтер екендігін, белгілі бір жағдайларда олардан айқын және ашық түрде бойды аулақ салудың қажеттігін дер кезінде түсіне білетін болса, бұл құбылыста оғаш, қорқынышты ештеңе жоқ. РСДРП-ның екі фракциясы арасындағы бұл жөніндегі айырмашылық нақ мынаған саяды: меньшевиктер жойымпаздардың (яғни «жолбикелердің») ықпалына түсіп кетті — мұны Россияда меньшевиктердің өз араларынан шыққандар және олардың москвалық жақтаушылары да, шетелде Потресовтан және «Голос Социал-Демократадан» бөлінуімен Плеханов та дәлелдейді, ал большевиктерде шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың жойымпаздық элементтері әуел бастан-ақ болмашы азшылық болды, әуел бастан-ақ зиянсыздандырылды, ал сонан соң ығыстырылып та тасталды.

Шақырымпаздық дегеніміз өңі айналдырылған меньшевизм екендігіне, оның сөзсіз, тек біршама басқаша түрде, жойымпаздыққа әкеліп соғатынына күмән болмауға тиіс. Әңгіме, әрине, жеке адамдар туралы, жекелеген топтар туралы болып отырған жоқ, бұл бағыт тек пиғыл болудан қалып, ерекше бағытқа қалыптасуға тырысып отырғандықтан, осы бағыттың объективті тенденциясы туралы болып отыр. Большевиктер революцияға дейін әбден айқын түрде мынадай мәлімдемелер жасады: біріншіден, олар социализмде ерекше бір бағыт жасағылары келмейді, біздің революцияның жаңа жағдайларына бүкіл халықаралық революциялық, ортодокс-маркстік социал-демократияның негізгі принциптерін қолданғылары келеді; екіншіден, егер күрестен кейін, қолда бар революциялық мүмкіндіктердің бәрі сарқылғаннан кейін тарих бізді «самодержавиелік конституцияның» жолдарымен сүйретілуге мәжбүр етсе, олар

өздерінің борышын нағыз ауыр, баяу, қарапайым күнделікті жұмыста да орындай алады. Бұл мәлімдемелерді азды-көпті зерделі оқушының қайсысы болсын социал-демократтардың 1905 жылғы әдебиетінен таба алады. Бүкіл фракцияның міндеттемесі тұрғысынан, өз жолын саналы түрде таңдап алуы тұрғысынан алғанда бұл мәлімдемелердің орасан зор маңызы бар. Бұл міндеттемені пролетариат алдында орындап шығу үшін бостандық күндерінде социал-демократияға тартылғандарды (тіпті «бостандық күндеріндегі социал-демократтар» типі деген де қалыптасты), ең алдымен, ұрандардың батылдығы, революцияшылдығы, «айқындығы» еліктіріп әкеткендерді, революциялық мереке күндерінде ғана емес, тіпті контрреволюциялық жай күндерде де күресуге ұстамдылығы жетпегендерді әрдайым қайта үйретіп, тәрбиелеу керек болды. Бұл элементтердің бір бөлегі бірте-бірте пролетарлық жұмысқа қосылып, маркстік дүние танымды меңгеріп алды. Екінші бір бөлегі ескі сөздерді қайталай беріп және революциялық социал-демократиялық тактиканың ескі принциптерін өзгерген жағдайларға сәйкес қолдана білмей, бірнеше ұранды жаттап қана алды, бірақ түсіне алмады. Осы екі бөлектің де тағдырын III Думаға бойкот жасағысы келгендердің эволюциясы айқын көрсетеді. 1907 жылдың июнінде мұндайлар большевиктік фракцияда көпшілік болды. Бірақ *«Пролетарий»* бойкотшылдыққа қарсы бағытты табанды түрде жүргізіп отырды. Бұл бағытты өмірдің өзі сыннан өткізіп берді, сөйтіп бір жылдан кейін байырғы «бойкотшылдықтың» тірегі — Москва ұйымында большевиктер арасында «шақырымпаздар» (1908 жылдың жазындағы 18 дауыстың орнына 14 дауыс болып) *азшылық* болып шықты. Тағы бір жылдан кейін, шақырымпаздықтың қателігін жан-жақты және талай рет түсіндіргеннен соң, большевиктік фракция — большевиктердің жуырда болып өткен кеңесінің* маңызы да осында — шақырымпаздық пен оған қарай ойысып бара жатқан ультиматизмді біржолата жойды, жойымпаздықтың осы өзгеше бір формасын біржолата жойды.

* Қараңыз: осы том, 1—43-беттер. *Ред.*

Сондықтан бізді жұрт «жаңадан жікшілдік тудырды» деп кінәламай-ақ қойсын. Біз өзіміздің кеңесіміз туралы хабарда біздің міндеттеріміз бен іске көзқарасымыз жөнінде толық түсінік береміз. Біз өзімізбен келіспейтін жолдастарды сендірудің барлық мүмкіндіктері мен барлық құралдарын сарқа пайдаландық, біз бұл жөнінде $1^1/_2$ жылдан артық жұмыс істедік. Бірақ фракция, яғни партиядағы бір пікірлестердің одағы ретінде, біз негізгі мәселелерде бірлік болмайынша жұмыс істей алмаймыз. Фракциядан бөлініп шығу партиядан бөлініп шығу емес. Біздің фракциядан бөлініп шыққандар партияда жұмыс істеу мүмкіндігінен тіпті де айрылмайды. Не олар «жабайылар», яғни фракциядан тыс болып қала береді, сөйтіп партиялық жұмыстың жалпы жағдайы оларды тартуға тиіс болады. Не олар жаңа фракция құруға тырысады — егер олар өздерінің көзқарастары мен тактикасының ерекше сарындарын қорғағылары және дамытқылары келетін болса, бұл олардың заңды правосы — ал онда идеялық мәнін біз жоғарыда бағалауға тырысқан *тенденциялардың* іс жүзінде пайда болғанын *бүкіл партия* өте тез арада көзбе-көз көретін болады.

Партияны большевиктердің бастауына тура келеді. Бастау үшін жолды білу керек, қобалжуды қою керек, ауытқушыларды сендіруге, келіспейтіндермен фракция ішінде күресуге уақыт кетірмеу керек. Шақырымпаздық пен оған қарай ойысып бара жатқан ультиматизм революцияшыл социал-демократтардан қазір осы кездегі жағдайлар талап етіп отырған жұмыспен сыйыспайды. Біз революция кезінде «французша сөйлеуді», яғни қозғалысқа алға қарай итермелейтін ұрандарды барынша мол енгізуді, тікелей бұқаралық күрестің жігерін арттырып, өрісін кеңейтуді үйрендік. Біз қазір, тоқырау, реакция, ыдырау кезінде «немісше сөйлеуді», яғни біртіндеп жылжып, әрбір қадамды, жеңіп ала отырып, баяу (жаңа өрлеу болмай тұрып, басқаша істеуге болмайды), жүйелі түрде, табандылықпен әрекет істеуді үйренуіміз керек. Кімде-кім бұл жұмысты көңілсіз деп санаса, кімде-кім *осы жолда да, жолдың осы бұрылысында* социал-демократиялық тактиканың революциялық негіздерін сақтап, дамытудың қажет екендігін ту-

сінбейтін болса, оның марксист деген есімге бекер ие болып жүргені.

Жойымпаздықты батыл жоймай тұрып, біздің партия алға баса алмайды. Ал жойымпаздыққа меньшевиктердің тікелей жойымпаздығы мен олардың оппортунистік тактикасы ғана жатпайды. Бұған өңі айналдырылған меньшевизм де жатады. Бұған кезеңнің өзіне тән ерекшелігі саналатын кезектегі міндетті, Дума трибунасын пайдалану, жұмысшы табының барлық және кез келген жартылай жария және жария ұйымдарынан тіректі пункттер құру міндетін партияның орындауына қарсы әрекет жасайтын шақырымпаздық пен ультиматизм де жатады. Бұған марксизм негіздерінен түбегейлі қол үзетін құдай жасампаздық пен құдай жасампаздық тенденцияларды қорғаушылық та жатады. Бұған большевиктердің партиялық міндеттерін,— 1906—1907 жылдары партияның көпшілігіне *сүйенбеген* меньшевиктік Орталық Комитетті (тек поляктар мен латыштар ғана емес, тіпті бундшылдар да ол кезде жалаң меньшевиктік Орталық Комитетті қолдамаған болатын) *құлатуда* болған міндеттерді,— қазір партиялық элементтерді төзімділікпен тәрбиелеуде, оларды топтастыруда, шын мәніндегі біртұтас және берік пролетарлық партияны құруда болып отырған міндеттерді түсінбеушілік те жатады. Большевиктер 1903—1905 және 1906—1907 жылдары антипартиялық элементтерге қарсы жүргізілген өздерінің ымырасыз күресі арқылы партиялық үшін негіз тазартты. Большевиктер енді *партия құруға,* фракциядан партия құруға, фракциялық күрес арқылы жеңіп алынған позициялардың көмегі арқылы партия құруға тиіс.

Біздің фракцияның бастан кешіріп отырған саяси кезеңге және бүкіл РСДРП-ның жалпы жағдайына байланысты міндеттері осындай. Жуырда өткен большевиктік кеңестің қарарларында бұл міндеттер тағы да және мейлінше егжей-тегжейлі қайталанып, дамытылды. Жаңа күрес үшін саптар қайта құрылды. Өзгерген жағдайлар ескерілді. Жол таңдап алынды. Осы жолмен алға басайық — сонда Россияның революциялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы ешқандай реакция

шайқалта алмайтын және революциямыздың келесі науқанында халықтың барлық күресуші таптарының бастаушысы болатын күшке тез айнала бастайды*.

*«Пролетарий» № 46,
11(24) июль, 1909 ж.*

*«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр*

* Жақында «Голос Социал-Демократаның» 15-номері мен «Отклики Бунданың»[28] 2-номері жарыққа шықты. Осы басылымдарда жойымпаздықтың толып жатқан іріктелген үлгісымақтары тағы да үйіп-төгіп келтірілген; бұлар «Пролетарийдің» таяудағы номерінде жеке мақалада талдап, баға беруді керек етеді.

ПАТШАНЫҢ ЕВРОПАҒА ЖӘНЕ ҚАРАЖҮЗДІК ДУМАНЫҢ КЕЙБІР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АНГЛИЯҒА САПАРЫ[29]

Бұдан жарты ғасыр бұрын Россияға халықаралық жандарм деген атақ мықтап бекітілген еді. Біздің самодержавие өткен ғасыр ішінде Европадағы қандай да болсын реакция атаулыны қолдауда және тіпті көршілес елдердегі революциялық қозғалыстарды тікелей әскери күшпен жаныштауда аз жұмыс істеген жоқ. Халықаралық социалистік пролетариат көсемдерінің 40-жылдардан бастап Европа жұмысшылары мен Европа демократиясына патша өкіметін бүкіл цивилизациялы дүниедегі реакцияның басты тірегі деп сан рет көрсетіп келген себебін түсіну үшін I Николайдың Венгрия жорығы мен Польшаны бірнеше рет қан-жоса еткенін еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті.

Россиядағы революциялық қозғалыс XIX ғасырдың соңғы үштен бір бөлігінен бастап бұл жағдайды аз-аздап өзгерте берді. Өз еліндегі өскелең революцияның соққысынан патша өкіметі неғұрлым қаттырақ шайқалған сайын, ол Европадағы бостандықтың жауы ретінде соғұрлым әлсірей түсті. Бірақ бұл кезде Европада пролетариаттың көтерілістерін көрген, еңбек пен капиталдың арасында өліспей беріспейтін күрестің болмай қоймайтындығына көздері жеткен, пролетариатқа қарсы бірігіп күресу үшін тақта отырған авантюристер мен қарақшылардың қандайын болса да құттықтауға әзір тұрған буржуазиялық үкіметтердің халықаралық реакциясы әбден қалыптасып болған еді. Сондықтан XX ғасырдың басында жапон соғысы мен 1905 жылғы революция

патша өкіметіне аса күшті соққылар берген кезде халықаралық буржуазия оған көмекке ұмтылды, оны миллиардтаған заемдар беру арқылы қолдады, революциялық өртті етек алдырмау үшін, Россияда «тәртіпті» қалпына келтіру үшін барлық күш-жігерін салды. Қызметіне қызмет көрсетті. Европаның контрреволюциялық буржуазиялық үкіметтері демократияға қарсы күрескен кездерде патша өкіметі оларға талай рет көмектескен болатын. Енді пролетариат жөнінде контрреволюцияшыл болып алған Европа буржуазиясы патша өкіметінің революцияға қарсы күресінде оған көмектесті.

Одақтастар жеңісін тойлап жатыр. Қанқұйлы Николай монархтар мен француз республикасының президентін құттықтау үшін Европаға барады. Монархтар мен президент еліріп алған, Россиядағы қаражүздік контрреволюцияның көсеміне құрмет көрсетуге дайындалып жатыр. Бірақ қаражүздік және буржуазиялық реакцияның бұл құрметті серілері жеңіске өздерінің жауын құртып жіберу арқылы жетіп отырған жоқ, қайта, жау күштерінің ыдырап кетуі арқылы, түрлі елдердегі пролетариаттың бір мезгілде жетіле қоймауы арқылы жетіп отыр. Жұмысшы табының біріккен жауларының қолына бұл жеңіс шешуші шайқасты кейінге қалдыру есебінен,— мүмкін, біздің тілегенімізден гөрі анағұрлым баяуырақ, бірақ үнемі — пролетарлардың санын көбейте беретін, олардың топтасқандығын арттыратын, оларды күресте шынықтыратын, біріккен жауға қарсы әрекет жасауға үйрететін қайнар көзді кеңейту және тереңдету есебінен келіп отыр. Бұл қайнар көз — бір кезде дворян Романовтардың патриархтық «вотчинасын» оятқан, ал қазір Азия мемлекеттерінің бірінен соң бірін оятып жатқан капитализм.

Одақтастар жеңісін тойлап жатыр. Ал Қанқұйлы Николай мен Европаның буржуазиялық үкіметтері көсемдерінің әрбір мерекесінде революцияшыл жұмысшылар бұқарасының үні бейне бір жаңғырықтай қосарлана естіледі. Николай мен Вильгельм, Эдуард пен Фальер, солдаттардың немесе тізбектелген соғыс кемелерінің күзетімен, бір-біріне қолдарын созып: біз революцияны тұншықтырып тастадық деп лепіреді. Революцияның

оларға барлық елдердің саналы пролетариатының көсемдері арқылы: біз сендердің бәріңді қоса құлатамыз,— деп қайтарған жауабы бейне бір жаңғырықтай естіледі.

Қанқұйлы Николай Россиядан сапарға шығады. Оны қаражүздік Думадағы социал-демократ депутаттың Россиядағы барлық саналы жұмысшылардың республикашылдық сенімдерін білдірген және монархияның сөзсіз күйрейтінін еске салған создері шығарып салады[30]. Николай Швецияға барады. Оған сарайда құрмет көрсетеді. Оны солдаттар мен шпиондар құттықтайды. Осынау жендеттің келуі елді масқаралайтынына қарсы наразылық білдіріп, швед жұмысшылары бұқарасының көсемі социал-демократ Брантинг сөз сөйлейді. Николай Англияға, Францияға, Италияға бармақ. Оған құрмет көрсетуге корольдер мен сарай маңындағылар, министрлер мен полицейлер әзірленіп жатыр. Жұмысшылар бұқарасы да оны Англияда наразылық білдіру митингісімен, Францияда халықтың ашу-ызасы білдірілген демонстрациямен, Италияда оның келуімен елді қайғы басатын күні жаппай ереуіл жасаумен қарсы алуға әзірленіп жатыр. Осы үш елдің үшеуінің де социалистік депутаттары — Англияда Торн, Францияда Жорес, Италияда Моргари — Халықаралық социалистік бюроның[31] үндеуін қабыл алып, Ойраншы-Николайға, Дарға асушы-Николайға, қазір парсы халқын жаншып отырған және орыс шпиондары мен арандатушыларын Францияға қаптатып жіберген Николайға жұмысшы табының қандайлық жиренішпен, қандайлық өшпенділікпен қарайтындығын бүкіл әлем алдында мәлімдеп отыр.

Осы елдердің бәрінің буржуазиялық, «байсалды» баспасөзі социалистердің сөйлеген сөздеріне қарсы тағы қандай балағат создер айтарын біле алмай, социалистерді ауыздан қағып сөйлетпей тастаған өздерінің министрлері мен президенттерін тағы қалай қолдауын біле алмай, ашуға булығып отыр. Бірақ бұл булығудың тиер көмегі жоқ, өйткені пролетариаттың парламенттегі өкілдерінің аузына қақпақ қоюға болмайды, шын конституциялық елдерде митингілерге бөгет жасауға болмайды, орыс патшасының Лондонда да, Парижде де, Римде де

көрінуге батылының бармайтынын өзіңнен де, өзгеден де жасыруға болмайды.

Халықаралық реакция көсемдерінің салтанатты мерекесі, Россия мен Персиядағы революцияны басып-жаншуға арналған мереке Европаның барлық елдері социалистік пролетариатының бір ауыздан, батыл корсеткен наразылығының нәтижесінде *болмай қалды.*

Социалистердің Петербургтен Парижге дейінгі және Стокгольмнен Римге дейінгі осы наразылығының, патша самодержавиесіне қарсы наразылығының, революция мен оның ұрандары жолындағы наразылығының көрінісінен біздің россиялық либералдардың патша өкіметі алдындағы жиіркенішті малайлығы ерекше айқын байқалып отыр. Қаражүздік Думаның баяу-оңшылдардан бастап кадеттерге[32] дейінгі бірнеше депутаты, Думаның председателі бас болып, Англияда қонақта жүр. Олар Дума көпшілігінің, оның — барып тұрған оңшылдарсыз және барып тұрған солшылдарсыз — нағыз орталығының өкілдері екенін мақтан етеді. Олар «конституциялық» Россияның өкілдеріміз деп күпінеді, олар «жаңарған» құрылысты және «халыққа» Дума «берген» аса құрметті монархты мадақтайды. Олар өздерін Россиядағы «конституцияны» жойғылары келетін қаражүздік реакцияны жеңушілерміз деп корсетіп, Крыловтың кол бақасындай күмпиіп, шертиеді. «Конституциялық-*демократиялық»* (ойнамаңыз!) партияның көсемі Милюков мырза лорд-мэр берген сәскелік қонақ асы үстінде сөйлеген сөзінде былай деп жариялады: «Россияда бюджетті бақылайтын заң шығарушы палата тұрғанда орыс оппозициясы Патша Ағзамға қарсы оппозиция емес, Патша Ағзамның оппозициясы болып қала береді» (Санкт-Петербург агенттігінің ескіше 19 июньдегі телеграммасы). Октябристер партиясының органы «Голос Москвы»[33] өзінің 21 июньдегі «Европа және жаңарған Россия» деп хлестаковтік тақырыппен берілген бас мақаласында кадеттер көсемінің сөзін құлшына құттықтап, оның «баяу-конституциялық» сөзі «мүмкін, кадеттік саясаттағы бетбұрыс кезеңді, оппозиция үшін ғана оппозиция жасаудың сәтсіз тактикасынан бас тартуды көрсететін болар» деп мәлімдейді.

Полициялық «Россия»[34] (23 июньдегі) бас мақаласын Милюковтың сөзіне арнайды, сөйтіп Патша Ағзамның оппозициясы туралы «әйгілі» сөздерді қайталай келіп, былай деп мәлімдейді: «Милюков мырза Англияда орыс оппозициясы жөнінде өзіне белгілі бір міндеттеме алды, ал егер ол осы міндеттемесін орындап шықса, онда оның отанына көрсеткен осы қызметі үшін оның бұрынғы жасаған көптеген кінәлары кешірілетін болады». Жетіскен екенсіздер, кадет мырзалар: жалпы алғанда «Вехиді»[35], жекелеп алғанда Струвепі қаражүздік жауыздардың «әміршісі» Антоний Волынский мақұлдаған; партияның көсемі Милюковты полициялық-сатқын газетсымақ мақұлдаған. Жетіскен екенсіздер!

Бізге енді кадеттердің октябристік табиғатын өзіміздің 1906 жылдан, Думаның даурықпа «жеңістері» көптеген жорта аңқаусыған және шын аңқау адамдардың басын айналдырған кезден бастап әшкерелегенімізді еске салу ғана қалып отыр.

Бізге *бұдан 20 айдан астам* бұрын, «Пролетарийдің» 19—20-номерлерінде (1907 жылғы ноябрь) III Дума сайлауының қорытындысы жөнінде айта келіп, патша өкіметінің қазір мейлінше айқын көрінген III Думадағы айла-шарғысының *мәнісін* әшкерелегенімізді еске салу ғана қалып отыр. III Думада екі көпшіліктің: қаражүздік-октябристік және кадеттік-октябристік көпшіліктің болуы мүмкін екенін және бұл *екі* көпшіліктің *екеуі* де — контрреволюциялық көпшілік болатынын біз айтқанбыз, бұл 1907 жылғы ноябрьде өткен РСДРП Бүкіл россиялық конференциясының қарарында да айтылған[36]. «Думадағы мұндай жағдай,— дейді Санкт-Петербург социал-демократиялық ұйымының сол кездегі қарары (*«Пролетарийдің»* 19-номері) мен РСДРП-ның Бүкіл россиялық III конференциясының қарары (*«Пролетарийдің»* 20-номері),— үкімет тарапынан да, кадеттер тарапынан да екі жақты саяси айла-шарғы жасауға өте-мөте қолайлы болады*.

Жағдайдың бұл сипаттамасы, социал-демократтардың кадеттерді қайта-қайта «қолдауын» жариялауға дайын

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 144, 184-беттер. *Ред.*

тұрғандардың көреген еместігін ашып, енді *толық* дәлелденіп отыр.

Кадеттер октябристерге қарсы күрескенде, олардың принципті дұшпандары ретінде күреспейді, мұның керісінше, олардың *бәсекелестері* ретінде күреседі. Сайлаушыны «өзімізге қаратып алу» керек екен — онда біз өзімізді «халық бостандығы» партиясымыз деп жариялаймыз. Өзіміздің «байсалдылығымызды» дәлелдеу керек екен — онда біз III Думаға Маклаковтарды ұсынамыз, біз Милюков арқылы Европа алдында: біз «Патша Ағзамның оппозициясымыз» деп мәлімдейміз. Ал қаражүздік патша өкіметінің сенімді малайы Столыпинге керегінің өзі де осы. Мейлі, қаражүздік патша шайкасы *іс жүзінде* елді барлық жағынан билеп-төстей берсін, мейлі, саясаттың шын маңызды мәселелерінің бәрін тек соның өзі, тек сол ғана шеше берсін. Ал октябристік-кадеттік көпшілік «бізге» айла-шарғы үшін, Европада «өкілдік» үшін, заем алуды жеңілдету үшін, қаражүздіктің тым оғаш істерін «түзету» үшін, аңқауларды Мемлекеттік совет түзетіп отыратын... «реформалармен» алдау үшін керек.

Патша Ағзам *өз* оппозициясын біледі. Кадеттердің оппозициясы *өзінің* Столыпині мен *өзінің* Николайын біледі. Ал біздің либералдар мен біздің министрлер европалық парламенттік екіжүзділік пен алдап-арбаудың оңай ғылымын қиналмай-ақ үйреніп алып отыр. Бұлардың екеуі де европалық буржуазиялық реакцияның тәсілдерін ойдағыдай үйренуде.

Бүкіл дүние жүзінің социалистік пролетариатымен барған сайын тығыз топтасып отырған Россияның социалистік пролетариаты бұл екеуіне де қарсы табанды революциялық соғыс жариялайды.

«Пролетарий» № 46,
11 (24) июль, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

М. ЛЯДОВТЫҢ «ПРОЛЕТАРИЙ» РЕДАКЦИЯСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ ЖӨНІНДЕ[37]

Лядов жолдастың ашық айтқан пікіріне ықыласпен орын беріп, оған тек мынаны ғана ескертеміз:

Большевизмнің — РСДРП-дағы ортодокс-маркстік ағымның — дәстүрлерін сақтау деген, әрине, тамаша нәрсе, Лядов жолдас. Бірақ бұл дәстүрді сақтау дегеніміз, айта кетелік, большевизмді карикатураға айналдырудан қорғау деген сөз. Ал шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың тырыштанған әрекеттері — біздің бірқатар мақалаларда жан-жақты дәлелдегеніміздей және қазір большевиктік фракцияның ресми түрде мойындап отырғанындай — большевизмді карикатураға айналдырудың нақ өзі ғой.

Лядов жолдастың сүйеніп отырған «революциялық этикасына» келетін болсақ, онда бұл жағынан біз оны өзімен-өзі бола берсін дей аламыз, ал Лядов жолдас пен оның пікірлестері өздерінің «принципті позициясын» бүкіл партия алдында әлдеқашан ашықтан-ашық баяндауы керек еді, әйтпесе осы уақытқа дейін бізге олардың шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтан басқа да бірдеңеміз бар деген сөзіне сенуімізге тура келіп еді.

Қорыта келгенде, революциялық социал-демократияның қатарында көп жылдар бойы қызмет істеген Лядов жолдас құдай жасампаз-шақырымпаздардың, немесе — олардың қысқаша айту үшін аталатынындай — «құдайшыл шақырымпаздардың» жаңа фракциясында онша көп уақыт қала қоймас, сөйтіп большевиктер фракциясына қайтып оралар деген сенімімізді білдіреміз.

«Пролетарий» № 46,
11 (24) июль, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ӘШКЕРЕЛЕНГЕН ЖОЙЫМПАЗДАР

Соңғы жылда партиямыздың социал-демократия ішіндегі жойымпаздық ағым дейтінмен істес болуына тура келгені оқушыларға, әрине, белгілі. Жойымпаздар дегеніміз қазіргі Россияда құпия социал-демократиялық партияның керегі жоқ, РСДРП-ның керегі жоқ деп уағыздай бастаған неғұрлым батыл оппортунистер. Сондай-ақ, большевизмнің осы жойымпаздық ағымға қарсы күресті бастағандығы және жүргізгендігі,— бұл күресті, ең болмағанда, 1908 жылғы декабрьдегі Бүкіл россиялық партия конференциясында меньшевиктердің және бундшылдардың бір бөлегінің (бундшылдардың екінші бөлегі жойымпаздыққа қарсы көтерілді) қолдап дауыс беруіне қарамастан, жойымпаздық барынша батыл және үзілді-кесілді айыпталғандай дәрежеде жүргізгендігі оқушыларға белгілі.

Алайда меньшевиктік фракцияның ресми органы «Голос Социал-Демократа» өзінің жойымпаздық орган екенін мойындамағаны былай тұрсын, қайта, оның керісінше, қашан болмасын өзін керемет «маңғаз әрі ізгі» етіп көрсетіп, озінің жойымпаздыққа қандай болсын бір қатысы бар екенін теріске шығарып келді. Фактілер нақты бар еді. Бірақ «Голос Социал-Демократа» фактілерді ор көкіректікпен елемей қойды. Плехановтың «Дневник Социал-Демократасының»[38] таяуда шыққан 9-номерінің (август, 1909 ж.) аса бағалылығы сол, мұнда меньшевизм көсемдерінің бірі жойымпаздықты біржола әшкерелейді. «Дневниктің» маңызы мұнымен ғана

шектелмейді, бірақ ең алдымен істің осы жағына тоқталуға тура келіп отыр.

«Пролетарийдің» 45-номерінде жойымпаз-меньшевиктерге наразылық білдірген Выборг ауданы (С.-Петербургте) меньшевиктерінің хаты басылды. «Голостың» 14-номерінде (май, 1909 ж.) бұл хат көшіріп басылады да, *редакция* былай деп ескерту жасайды: «Пролетарийдің» редакциясы выборгтік жолдастардың хатында «Голос Социал-Демократа» газетінен бір адым *кейін* шегінгендік байқалады-мыс деп білмегенсіп отыр...».

Плехановтың «Дневнигі» шығады. Оның авторы редакцияның ешбір ескертуінсіз «Голостың» 15-номерінде басылған мақалада (оның бер жағында, редакцияның көзқарастары қандай болса, түгелдей сол көзқарастарды көрсететін мақалада) жойымпаздық идеялардың *бүкіл мазмұнын* көрсетеді. Плеханов мұның өзінде выборгтіктердің хатын цитатқа келтіре отырып, былай дейді: «Бұл хат бізге «жаңа» жұмысты сылтау етіп, біздің партияны тастап кеткен адамдардың кең жұмысшы ұйымдарына кейде қалай ықпал жасайтынын көрсетеді» («Дневниктің» 10-беті). Бұл — «Голостың» әрқашан да алға тартып келген «сылтауының» нақ өзі! «Бұлай ықпал жасау,— дейді Плеханов онан әрі,— тіпті де социал-демократиялық ықпал жасағандық емес; бұл ықпал өзінің рухы жағынан социал-демократияға мүлде жау ықпал болып табылады» (11-бет).

Сонымен, Плеханов «Голос Социал-Демократаның» 15-номеріне *қарсы* выборгтіктердің хатын цитатқа келтіреді. Біз оқушыдан былай деп сұраймыз: *расында кім «білмегенсіп» отыр?* «Голостың» жойымпаздығын кінәлап, «Пролетарий» «білмегенсіді» ме, әлде өзінің жойымпаздықпен қандай болсын байланысын теріске шығарып, «Голос» *«білмегенсіді»* ме?

«Голос» редакциясының *әдеби арамдығы* әшкереленіп отыр, мұны оның кешегі мүшесі Плеханов әшкерелеп отыр.

Бірақ бұл тіпті де мұнымен тынбайды.

«Голостың» 15-номерінде (июнь, 1909 ж.) *Ф. Данның* қолы қойылған мақалада мынадай мәлімдемені көреміз: фракцияшылдықтан тыс деген атақ «Правданы»[39]

«жойымпаздық жасады деп сөлекет және көрінеу көзге өтірік айыптаушылықтан» (12-бет) сақтайды. Бұдан артық күшті айтуға болмас. «Голосты» жойымпаздық жасады деп айыптағанда бұдан гөрі асқақ, бұдан гөрі ізгі пішінмен айыптау қиын шығар.

Плехановтың «Дневнигі» шығады. Автор «Голостың» 15-номерінің мақалаларының біріндегі жойымпаздық идеялардың *бүкіл мазмұнын* көрсетеді, сөйтіп бұл идеяларды жақтайтып меньшевиктерге арнап былай дейді: «Мұндай күнәны іс жүзінде тым көп жасап отырғаныңда, жойымпаздық жасады деп кінәлауға өкпелеудің керегі не?» (5-бет). «С. жолдасты» («Голостың» 15-номеріндегі Плеханов талдап отырған мақаланың авторы) «жойымпаздық жасады деп айыптауға болатындығы былай тұрсын, тіпті айыптау керек те, неге десеңіз, оның өз хатында баяндап, қорғап отырған жоспары шынында біздің партияны жою жоспарының дәл өзі» («Дневник», 6-бет). Ал бұл С. жолдас өзінің мақаласында *«Кавказ делегациясымен», яғни,* жұртқа мәлім, бұл делегациядағы үш мандаттың екі мандатын иеленіп отырған *«Голос» редакциясымен* өзінің ынтымақтас екенін жасырмайды.

Плеханов онан әрі былай дейді:

«Бұл арада екінің бірін таңдау керек: *не* жойымпаздықпен болу керек, *не* онымен күрес жүргізу керек. Үшінші жол жоқ. Мен бұлай дегенде, әрине, өздерінің жеке басының мүдделерін көздемей, біздің жалпы ісіміздің мүдделерін көздейтін жолдастар жөнінде айтып отырмын. Өздерінің жеке басының мүдделерін көздейтіндер үшін, өзінің революциялық мансабы туралы ғана ойлайтындар үшін,— мұндай да мансап бар ғой! — мұндайлар үшін, әрине, үшінші жол бар. Мұндай үлгідегі үлкенді-кішілі адамдар қазіргі уақытта жойымпаздық және жойымпаздыққа қарсы ағымдардың арасында амалдай алады және тіпті амалдауға тиісті де; жойымпаздыққа қарсы күресу керек пе деген сұраққа тура жауап беруден қазіргі жағдайда олар барлық күшін салып жалтаруға тиіс; олар мұндай жауап беруден «астарлы сөздер мен әншейін болжам айту арқылы» құтылуға тиіс, өйткені қай ағымның басымдық алары,— жойымпаздық ағым басым бола ма немесе жойымпаздыққа қарсы ағым басым бола ма,— әлі белгісіз ғой, ал бұл данышпан дипломаттардың, қайткен күнде де, мерекеге қатысқысы келеді: олардың қайткен күнде де жеңімпаздар жағында болғысы келеді. Қайталап айтамын, мұндай адамдар үшін үшінші жол да бар. Егер мен

былай десем: мұндайлар нағыз адам емес, «ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтар» ғана десем, С. жолдас, бәлкім, менімен келісетін болар. Оларды сөз етуге тұрмайды: олар — жаратылысынан оппортунистер; олардың ұраны:— «не бұйырасыз?»» («Дневниктің» 7—8-беттері).

Мұның өзі: астарлы ишарамен... көпті білдіру деп аталады. Бесінші және соңғы бөлім, 1-көрініс. «Голос» редакторларының бәрі сахнаға шыққан, тек біреуі ғана жоқ. Редактор Әлдекім, көпшілікке ерекше бір ізгілікпен қарап, былай дейді: «жойымпаздық жасады деп бізге қарсы айып тағушылықтың сөкеттігі былай тұрсын, сонымен қатар ол *көрінеу көзге өтірік те».*

2-көрініс. Әлгілердің бәрі және «ол», «Голостың» редакциядан жаңа ғана аман-есен шығып кеткен редакторы[40] (редакторлардың ешбіреуін байқамағансып, редакциямен ынтымақтас қызметкер С.-ға қарап сөйлейді): «Не жойымпаздық болу керек, не онымен күрес жүргізу керек. Үшінші жол тек амалдап, тура жауап беруден жалтарып, кімнің басым түсерін күтіп отырған революцияшыл мансапқорларда ғана бар. Мұндайлар нағыз адам емес, ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтар десем, С. жолдас, бәлкім, менімен келісетін болар. Оларды сөз етуге тұрмайды: олар — жаратылысынан оппортунистер; олардың ұраны:— «не бұйырасыз?»».

«С. жолдас», коллективтік-меньшевиктік С. жолдас, Плехановпен шынымен келісе ме әлде ол кейбір ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтар мен жаратылысынан оппортунистерді өзіне басшылар ретінде сақтағанды жөн көре ме, мұны тірі болсақ көрерміз. Біз бір нәрсені қазірдің өзінде-ақ батыл айта аламыз: *жұмысшы-*меньшевиктердің ішінен, егер Плеханов, Потресов (Плехановтың пікірінше, «кәміл сенімді жойымпаз», «Дневниктің» 19-беті) және ұраны «не бұйырасыз?» болып отырған «ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтар» өз көзқарастарын оларға толық баяндап беретін болса, онда, бәлкім, жүз адамнан Потресовты *жақтайтын* және *онымен қоса* «не бұйырасызды» *жақтайтын* он адам да табыла қоймас. Бұған кепіл болуға болады. *Жұмысшы-*меньшевиктерді Потресовтан да, «не бұйырасыздан» да бездіру үшін Плехановтың сөзінің өзі жеткілікті. Біздің

ісіміз — жұмысшы-меньшевиктердің, әсіресе большевиктердің насихатына қиындықпен еретін жұмысшы-меньшевиктердің, Плеханов «Дневнигінің» 9-номерімен толық *танысуына* қамқорлық жасау. Біздің ісіміз — жұмысшы-меньшевиктердің қазір, бір жағынан, Плехановтың, екінші жағынан, Потресов пен «не бұйырасыздың» арасындағы ажырасудың *идеялық негіздерін* анықтауды шындап қолға алуына қамқорлық жасау.

Осы ерекше маңызды мәселе жөнінде Плеханов «Дневниктің» 9-номерінде аса бағалы материал беріп отыр, бірақ оның бұл материалы өте-мөте жеткіліксіз. Большевиктердің анархо-синдикалистерден (біздің шақырымпаздарды, ультиматистерді және құдай жасампаздарды Плеханов осылай атайды) ажырасуын құттықтай келіп және «біздер, меньшевиктер, жойымпаздардан іргені бөлуге тиіспіз» («Дневниктің» 18-беті) деп мәлімдей келіп, Плеханов: «Жасасын «басты межелену»!» деп ұран тастайды. Әлбетте, өзімізде *басты межеленуді* жүргізіп болған біздер, большевиктер, меньшевиктік фракцияның ішінде басты межеленуді мұндай талап етушілікке жан-тәнімізбен қосыламыз. Біз меньшевиктерде осындай басты межеленудің болуын асыға күтеміз. Біз басты меженің оларда *қай жерден* өтстіндігін әлі көреміз. Бұл шынымен *басты* меже бола ма, оны біз әлі көреміз.

Меньшевиктердің арасында жойымпаздықтан болған жікке бөлінушілікті Плеханов ұйымдық мәселе жөніндегі жікке бөлінушілік етіп көрсетеді. Бірақ сонымен қатар ол істің тіпті де ұйымдық мәселемен шектеліп қалмайтынын көрсететін материал береді. Плеханов *әзірше* екі түрлі меже жүргізіп отыр, бұлардың *бірдебірі* әлі де басты меже деп атауға тұрмайды. Бірінші меже Плехановты Потресовтан үзілді-кесілді бөлектейді, екіншісі оны «фракцияшыл дипломаттардан», ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтардан және жаратылысынан оппортунистерден батыл түрде бөлектемейді. Потресов жөнінде Плеханов: ол 1907 жылдың күзінде-ақ «кәміл сенімді жойымпаз ретінде пікір айтқан-ды» дейді. Бірақ бұл аз. Потресовтың ұйымдық мәселе жайында сөз жү-

зіндегі бұл мәлімдемесінен өзге, Плеханов меньшевиктердің «XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс» деген белгілі коллективтік еңбегін атай келіп, оның, Плехановтың, бұл жинақтың редакциясынан шығып кеткенін айтады, өйткені Потресовтың мақаласы (Плехановтың талап етуі бойынша және Дан мен Мартовтың қатысуымен енгізілген түзетулер мен өңдеулерден кейін де) Плехановқа ұнамайтып болып шықты. «Потресовтың мақаласы түзетуге келмейтіндігіне менің көзім әбден жетті» (20-бет). «Маңгеймде Потресов айтқан жойымпаздық пікірдің,— деп жазады ол «Дневникте»,— оның ақыл-ойында берік орнығып қалғанын, қоғамдық өмірге, оның қазіргісі мен өткеніне, революционердің көзімен қарау қабілетін оның мүлде жоғалтқанын байқадым» (19—20-беттер). «Мен Потресовқа жолдас емеспін... Потресовпен менің жолым бір емес» (20-бет).

Бұл арада әңгіме тіпті де қазіргі ұйымдық мәселелер туралы болып отырған жоқ, бұл мәселелерді Потресов өзінің мақаласында қозғаған жоқ және қозғай алмайтын да еді. Әңгіме *Мартовтың, Масловтың және Потресовтың коллективтік* меньшевиктік редакциясымен шыққан *коллективтік* меньшевиктік «еңбек» «жоятын» *социал-демократияның негізгі программалық және тактикалық идеялары* туралы болып отыр.

Бұл арада нағыз басты меже жүргізу үшін, Потресовтан ажырасу және «не бұйырасыздың» сабаздарына «астарлап» ишара жасау жеткіліксіз. Бұл үшін «Потресовтың қоғамдық өмірге революционердің көзімен қарау қабілетін» нақ неден, нақ қашан, не себепті және нақ қалай «жоғалтқандығын» *егжей-тегжейлі ашып көрсету* керек. Жойымпаздық — дейді Плеханов — «нағыз масқара оппортунизмнің батпағына» апарып құлатады (12-бет). «Оларда (жойымпаздарда) жаңа шарап тек ұсақ буржуазиялық сірке суын дайындауға ғана жарамаса, басқаға жарамайтын қышқыл бірдеңеге айналады» (12-бет). Жойымпаздық «пролетарлық ортаға ұсақ буржуазиялық тенденциялардың еніп кетуін жеңілдетеді» (14-бет). «Ықпалды меньшевик жолдастарға кейде олардың азды-көпті оппортунизмнің иісі аңқитын мыр-

залармен қол ұстасып бірге жүруге әзір екенін көрсетіп, үлкен қате жасайтынын мен талай рет дәлелдемек болғаным бар» (15-бет). «Жойымпаздық турадан-тура оппортунизмнің және социал-демократияға жау ұсақ буржуазиялық талпыныстардың белшеден батыратып батпағына қарай сүйреп отыр» (16-бет). Плехановтың осы пікірлерінің бәрін Потресовты кәміл сенімді жойымпаз деп танушылықпен салыстырып көріңіз. Плехановтың Потресовты *ұсақ буржуазияшыл демократ-оппортунист* ретінде суреттеп отырғаны (дұрысырақ айтқанда, Плехановтың қазір осылай деп танып отырғаны) айдан анық. Фракцияның (Плехановтан басқа) ең ықпалды әдебиетшілерінің бәрі кіретін меньшевизм осы потресовшылдыққа («Қоғамдық қозғалыста») *қатысып отырғандықтан,* міне, *сондықтан* қазір Плехановтың меньшевизмді *ұсақ буржуазиялық оппортунистік ағым* деп танып отырғандығы айдан анық. Меньшевизм фракция ретінде Потресовты бетімен жіберіп, оны қорғап отырғандықтан қазір Плеханов меньшевизмді *ұсақ буржуазиялық оппортунистік фракция* деп танып отыр.

Қорытынды анық: егер Плеханов жалғыз қалатын болса, егер ол меньшевиктердің көпшілігін немесе тым болмаса едәуір бөлегін өз төңірегіне топтастырмаса, егер ол бұл ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің барлық түптамырлары мен коріністеріп жұмысшы-меньшевиктердің бәрінің алдында ашып көрсетпейтін болса, онда біздің меньшевизмге берген бағамызды теория жағынан неғұрлым үздік шыққан және 1906—1907 жылдары меньшевиктерді тактика мәселесінде мықтап адастырған меньшевиктің өзі дәлелдеп шыққан болады.

Плеханов жариялап отырған «революциялық меньшевизмнің» Потресов пен жойымпаздықты туғызған идеялардың бәріне түгелдей қарсы күрес жүргізуге *шамасы келе ме,* мұны тірі болсақ көрерміз.

Большевиктердегі басты меже туралы айта келіп, Плеханов большевик марксистерді, социал-демократтарды, Гогольдің әр түрлі қоқсықты, әр түрлі жіп-суды (эмпириокритицизм мен құдай жасампаздыққа дейін) жинап жүретін Осипімен салыстырады. Қазір большевиктік Осип — деп әзілдейді Плеханов — «өз төңірегінде кеңіс-

тік жасай» бастады, антимарксистерді қуып, «жіп-суды» және басқа қоқсықты лақтырып тастай бастады.

Плехановтың әзілі орыс социал-демократиясының әзілді көтермейтін, негізгі және аса елеулі мәселесін: пролетарлық ортадағы қоқсыққа, «жіп-суға», яғни *буржуазиялық-демократиялық* ықпалдарға социал-демократияның ішінде *қай* бағыт *көбірек* пайдалы қызмет көрсетті деген мәселені қозғайды. Фракциялық талас-тардың «амал-айлаларының» бәрі, әр алуан қарарлар, ұрандар, т. т. жөнінде болған күрестің ұзақ шырғалаң-дарының бәрі—осы «фракцияшылдықтың» бәрі (қазіргі кезде мұны «фракцияшылдыққа» қарсы *бәрінен де гөрі принципсіздікті мадақтайтын* құр айғайлар арқылы өте-мөте жиі кінәлап жүр),— осы «фракцияшылдықтың» бә-рі орыс социал-демократиясының негізгі және аса елеулі осы мәселесінің: социал-демократияның ішінде қай бағыттың буржуазиялық-демократиялық ықпалдар-ға (бұл ықпалдардың кез келген капиталистік елде бол-май қоймайтыны сияқты, Россиядағы буржуазиялық революция тұсында белгілі бір дәрежеде, белгілі бір уа-қыт бойына бұл ықпалдар болмай қоймайды) неғұрлым бейім болғаны жөніндегі мәселені төңіректейді де жү-реді. Социал-демократиядағы қай бағытқа болса да таза пролетарлық емес, жартылай пролетарлық, жартылай ұсақ буржуазиялық элементтер кейде көп, кейде аз мөл-шерде болса да сөзсіз қосылып отырады: мәселе *қай ба-ғыттың* оларға азырақ бағынып, олардан тезірек құты-латындығында, оларға қарсы ойдағыдай күресетіндігін-де болып отыр. Либералдық немесе анархистік, ұсақ буржуазиялық, антимарксистік «жіп-су» жөніндегі со-циалистік, пролетарлық, марксистік «Осип» туралы мә-селе дегеннің өзі, міне, осы.

Большевиктік марксизм — дейді Плеханов — «азды-көпті тар мағынада және дөрекілеу ұғынылған маркс-изм». Меньшевиктік марксизм, сірә, «азды-көпті кең және жымысқы» марксизм болар. Революцияның нәти-желеріне, социал-демократиялық қозғалыс тарихының *алты* жылының (1903—1909) нәтижелеріне қарап көрі-ңізші, ал бұл алты жыл қандай алты жыл десеңізші! Большевиктік «Осиптер» «басты межені» қазірдің өзін-

де жүргізіп, большевиктік ұсақ буржуазиялық «жіп-суды» «айдап шығып» та үлгірді, ал бұл «жіп-су» енді өзін «қуып шығып», «құртып жіберді» деп күңкілдеп жүр.

Меньшевиктік «Осип» ресми меньшевиктік редакциядан да, аса маңызды меньшевиктік еңбектің коллективтік редакциясынан да шығып, жалғыз қалды, бұл екі редакцияның *екеуінде де* үстем болып отырған «ұсақ буржуазиялық оппортунизмге» және жойымпаздыққа қарсы жападан-жалғыз наразы болып қалып отыр. Меньшевиктік «Осип» меньшевиктік «жіп-суға» *шырмалып* қалған болып шығып отыр. «Жіп-суды» ол жинап алған жоқ, қайта оның өзін «жіп-су» шырмап алды. «Жіп-суды» ол жеңген жоқ, қайта «жіп-су» оның өзін жеңді.

Айтыңызшы, оқушы, большевиктік «Осиптің» жағдайында болғыңыз келе ме немесе меньшевиктік «Осиптің» жағдайында болғыңыз келе ме? Айтыңызшы, пролетарлық ұйымдармен мықтырақ байланысы бар және ұсақ буржуазиялық «жіп-суды» ойдағыдай жеңетін марксизм жұмысшы қозғалысының тарихында «тар мағыналы және дөрекілеу» марксизм бола ма?

«Пролетарий» № 47—48,
5 (18) сентябрь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

МОСКВА ОКРУГТІК КОМИТЕТІ АТҚАРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АШЫҚ ХАТЫ ЖӨНІНДЕ[41]

Атышулы «мектеп» туралы бұл қарар жөнінде біз мынаны ескертуге тиіспіз: шетелге барып оқу мүмкіндігіне қуана жармасқан жұмысшыларды біз ешбір кінәламаймыз. Бұл жұмысшылар бізбен де, Орталық Комитетпен де «байланыс жасады» — (жаңа ғана алынған хатта Москва округтік комитетінің Атқару комиссиясы да оқушылардың бірі оған да есеп жібергендігін хабарлайды) — және біз оларға мектеп дейтіннің маңызын түсіндірдік. Айтпақшы, бұл мектептің бізге келіп түскен гектографта басылған «Есебінен» бірнеше цитат келтірейік. «Тыңдаушылар (9 жолдас) мен лекторлардың (6 жолдас) саны толса, сабақ басталсын деген шешім алынды». Осы алты лектордың ішінде Максимов, Луначарский, Лядов, Алексинский партияға жақсы мәлім. Алексинский жолдас (мектепті ашарда): «лекторлардың көбі осында болуына байланысты мектеп үшін осы жер таңдап алынды» — деп «көрсетті». Алексинский жолдас тым тартына айтып отыр: *жаңа фракция* лекторларының «көбі» емес, *бәрі* «осында» болып отыр (кейбіреулер тіпті: инициаторлардың бәрі, ұйымдастырушылар да, үгітшілер де, қайраткерлер де сонда деседі). Ақырында: «Алексинский жолдас ұйымдық мәселе бойынша практикалық сабақтар жүргізе бастады». Бұл «практикалық» сабақтарда Максимовтың *«Пролетарий»* редакциясының бүкіл фракция мүлкіне ие болуға тырысуы жөніндегі «Есепте» айтқан тұспалдарының маңызы егжей-тегжейлі түсіндірілетін болар деп үміттенеміз...

«Пролетарий» № 47—48,
5 (18) сентябрь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕ ӨТЕТІН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ[42]

(ЗАМЕТКА)

21 сентябрьде С.-Петербургте сайлау өткізілмекші. Бұл сайлауды жұмысшы партиясының төтенше ауыр жағдайында өткізуге тура келеді. Бірақ бұл сайлаудың маңызы орасан зор, сондықтан социал-демократтардың бәрі өздерінің барлық күшін алдағы — қазірдің өзінде ішінара басталып та отырған — сайлау науқанына жұмсауға тиіс.

Сайлау реакция мейлінше құтырынып тұрған жағдайда, патшаның үкімет шайкасының контрреволюциялық кәрін төгуі әбден жүгенсіз кеткен кезде өткелі отыр,— социал-демократиялық партия ұсынатын, қаражүздік III Думаның трибунасынан да өзінің үнін асқақ естірте білген, контрреволюцияның октябристік-қаражүздік сабаздарының алдында және контрреволюцияның либерал (кадеттік) идеологтары мен қорғаушыларының алдында өзінің табанды социалистік сенімдерін айта білген, даңқты революциялық күрес ұрандарын қайталай білген, республикалық туды көтеріп желбірете білген бірден-бір партия ұсынатын кандидатураның бұл реакцияға қарсы қойылуы сондықтан да өте маңызды.

Сайлау жұмысшы табының қалың бұқарасын мүлде қатыстырмайтын жағдайда өткелі отыр: жұмысшылар сайлаушылар қатарынан шығарылып тасталған, 1907 жылғы 3 июньде мемлекеттік төңкеріс жасап, масайраған дворяндар бандасы сайлаушылар қатарын ойсыратып тастады,— социал-демократия идеяларына жалпы тілектес болуға қабілеті шамалы бұл аудиторияның ал-

дында социализм жолындағы күресті буржуазиялық елде дәйекті және үзілді-кесілді демократиялық революция жасау жолындағы күреспен ұштастыратын партияның бой көрсетуі сондықтан да өте маңызды. Социал-демократиялық партияның жұмысшылар бұқарасы арасындағы жұмысы соңғы кезде қаншама тар өрісті болғанымен, қаншама қысымға ұшырағанымен, бұл жұмыс сонда да үздіксіз жүргізіліп келді және жүргізіліп те отыр. Жүздеген жұмысшы топтары мен үйірмелері социал-демократиялық партияның дәстүрін қолдап отыр, оның ісін жалғастырып отыр, пролетарлық жаңа күрескерлерді тәрбиелеп отыр. Жұмысшы социал-демократтар өздерінің депутаттары, өздерінің үгітшілері, өздерінің уәкілдері арқылы енді ұсақ буржуазиялық сайлаушылар бұқарасы алдында сөз сөйлеп, буржуазиялық демократия партиялары мен топсымақтары ұмытып кеткен шын демократизмнің міндеттерін олардың есіне салады.

Сайлау социал-демократиялық партия және жұмысшы табының қандай да болсын ұйымдарының бәрі жариялылық шеңберінен мүлде қуып тасталған жағдайда өткелі отыр,— жұмысшы жиналыстарын өткізуге ешбір мүмкіндік болмай отырған жағдайда, жұмысшы баспасөзіне біржола тыйым салынған жағдайда, қара Думада құлақ естімеген талай малайлық әрекеттерімен өзін масқаралаған және самодержавиенің түрмелер мен дар ағаштарын тұрғызуға Европадан ақша жинауына көмектескен, Европа капиталистерінің алдында конституциялық самодержавиенің комедиясын көрсетуіне көмектескен кадеттер партиясының «оппозицияға» монополиясын (полициялық шаралар арқылы) толық қамтамасыз ету жағдайында өткелі отыр. Дар ағаштарымен қоршалған және патша өкіметінің алдында шексіз либералдық малайлық жасау арқылы «қол жеткен» бұл кадеттік монополияның *қиратылуы,* қайткен күнде де қиратылуы, сайлауды көзі көріп отырған, сайлау туралы естіп отырған, кандидаттардың тағдыры және сайлау нәтижелері қандай болатындығын қадағалап отырған қалың бұқараның алдында қиратылуы сондықтан да өте маңызды. Егер барлық елдердің буржуазияшыл саясатқұмарлары үшін, орыс кадеттерінен бастап, Гер-

манияның «еркін ойлыларына» немесе Франциядағы буржуазиялық демократияның «радикалдарына»[43] дейінгілері үшін, бәрінен де гөрі тікелей табысқа жету, бәрінен де гөрі депутаттық орынға ие болу маңызды болса, социалистік партия үшін бәрінен де гөрі бұқара арасында насихат пен үгіт жүргізу оте маңызды, бәрінен де гөрі социализм идеялары мен толық демократия орнату жолында дәйекті, қалтқысыз күрес жүргізу идеяларын уағыздау өте маңызды. Ал бұл насихат тіпті де дворян мырзалар өткізген 3 июнь заңы бойынша арнайы іріктеліп алынған дауыстардың санымен ғана өлшенбейді, әсте онымен ғана өлшенбейді.

Біздің кадеттік баспасөзге қарап көріңіздерші: ол өзінің милюковтік жағымпаздық арқылы қолы жеткен және Столыпин қорғап отырған монополиясын қандай таңқаларлық арсыздықпен пайдаланады десеңізші. «С.-Петербургтегі сайлаудың немен тынатындығына,— деп жазады *«Речь»*[44] 1 августағы бас мақалада,— ешкім күмәнданбайды... Егер II Думаның анағұрлым беделді депутаттарының бірі Кутлердің кандидатурасы тізімге ілігетін болса, онда сайлау жеңісі бұрынғыдан бетер айбынды болады». Олай болмағанда ше! Қаражүздік мемлекеттік төңкеріс «ығыстырып шығарған» «солшылдарды» жеңуден артық «айбынды» не болмақ? Құпия баспасөз бен құпия жұмысшы ұйымдарында өзінің ескі мұраттарын уағыздап жүрген социализмді жеңуден артық, өзінің демократизмін столыпиндік конституцияның шеңберіне еркін сыйғыза білетін «демократтар» тарапынан болған жеңістен артық көзге түсетін не болмақ? Мещанның көзіне, тоғышардың көзіне, Россияның зәррезап болып қалған адамының көзіне *бұрынғы министр* Кутлер мырзадан кім «беделдірек» болып көрінуі мүмкін? «Халық бостандығы» партиясы үшін Думадағы депутаттың *беделділігі* оның Романовтың, Столыпиннің және К⁰-нің алдындағы беделімен өлшенеді.

«Бұл жолы,— дейді *«Речь»* онан әрі маңғазданып,— дауыстардың прогресшіл кандидаттардың арасында мақсатсыз бөлшектенуіне де жол берілмейтін болар. «Солшыл блок» өкілдерінің бірі В. В. Водовозов нақ осы мағынада сөйледі».

Бұл кішкентай тирада біздің кадеттердің бүкіл табиғатын су тамшысына түскен күн сәулесіндей бейнелейді. Дауыстарды бөлшектеу «мақсатсыз» нәрсе (кадеттер қазір: қаражүздіктердің алдында қауіпті демейді, өйткені қаражүздік қауіп туралы либералдық қисынсыз ертегіні революцияшыл социал-демократтар айдан анық бекерге шығарды және оны оқиғалар да бекерге шығарып отыр),— «мақсатсыз» болғапы несі, мырзалар? Неге десеңіз, *өтпейді* — кадеттер дәлелінің алды да, арты да міне осы. Октябризмге қарсы күресуші құрметтілерау: мұның өзі *октябристік* дәлел ғой; мұның өзі 3 июнь заңына *бағындыру* үшін айтылған дәлел, онда да сіздер өздеріңіз октябристерге кінә етіп тағып отырған сүйіне бағындыру мен қуапа мойынсұну ғой! Сіздердің табиғаттарыңыздың мәні де сол — сіздер сайлау алдында, сайлаушы алдында, тобыр алдында октябристердің принциптік бағыт ұстай білмейтіндігін, «мақсатсыздық» туралы сылдыр сөздердің оппортунистік мәнін әшкерелейсіздер де, ал сайлау *үстінде*, бастықтар *алдында*, патша мен Столыпин алдында—нақ сол октябристік саясатты жүргізесіздер. Бюджетке қарсы дауыс беру «мақсатсыз» екен — бюджетті жақтап дауыс берейік. Революция мен бостандық мұраттарын жақтау «мақсатсыз» екен — оларды барынша жамандап бағайық, «Вехиді» ұйымдастырайық, революцияны балағаттай берейік, революциядан өзіміздің безгенімізді баршаға көрсету үшін ренегаттарды—Изгоевтерді, Галичтерді, Струвелерді және басқаларды көбірек жалдайық. Шетел капиталының самодержавиені қолдауына қарсы күресу «мақсатсыз» екен — самодержавиенің заемдар алуына көмектесейік, Қапқұйлы Николай арбасының артына жабысып отыратын шабарман етіп Милюковты ертіп жіберейік.

Ал егер сайлаудағы идеялық күрестің «мақсатсыздығы» жөніндегі сылдыр сөз кадеттердің «идеялық» табиғатын дәл көрсететін болса, онда келесі сылдыр сөз сайлаудағы тікелей алаяқтықтың үлгісі болып табылады. «Патша ағзамның оппозициясының»[45] монополиясын пайдаланып, *«Речь»*, біріншіден, еш уақытта және ешбір жерде дауыстарды бөлшектеуге қарсы пікір айтпаған социал-демократтарға (ал бұлар әйгілі солшыл блок-

та[46]— бұл өте маңызды — трудовиктерді өз соңынан *ертті, қайткен күнде де* социал-демократиялық кандидатты ұсынуға белді бекем байлап соңынан ертті) және екіншіден, трудовик Водовозовқа жала жапты.

1 августағы номерде бас мақаладан басқа тағы бір заметка берілген, бұл заметкада Водовозов сайлаушылар қазірдің өзінде-ақ кадеттерді жақтап отыр, сондықтан трудовиктер не кадеттерді жақтап дауыс беруге тиіс, не қалыс қалуға тиіс деп айтты делінген. «Халық бостандығы» партиясының органы 6 августағы номерінде ғана елеусіздеу бір жерде («Дачадағы өмірден» кейін) Водовозов мырзаның хатын басып шығарды, бұл хатта ол өзіне таңылып отырған сөздерді *«еш уақытта да айтқаным жоқ»* деп мәлімдейді. Ал *«Речь»* бұған титтей де шімірікпеген, қайта Водовозовпен айтысқа кіріскен. Іс істелді, оқушы алданды, Столыпин мырзалар рұқсат еткен баспасөз монополиясы пайдаланылды, ал одан өзгелердің бәрі не болса о болсын. Ақырында, 9 августағы номерде социал-демократиялық кандидат Соколов туралы және көптеген трудовиктердің соған дауыс бергісі келіп отырғаны туралы бір-екі жол жазылған. 1 августағы бас мақаланың солшылдар жөніндегі айтқанының бәрі бастан-аяқ жалған болып шығып отыр...

Петербург социал-демократтары кездесіп отырған міндеттің қиыншылықтары оларды қорқыта алмайды, қайта күштерін он есе көбейте түсуге мәжбүр етеді. Барлық партия ұйымдары ғана емес, жұмысшылардың әрбір үйірмесі де, қоғамның қай жігінде болса да социал-демократтарға тілектес әрбір топ та,— мұндай топ екі-үш адамнан құралса да және столыпиндік конституция заманында орыс азаматының саясаттан қанша болса да қол үзе алатындығынан күнделікті саяси жұмыстан қол үзген болса да,— міне, бұлардың бәрі және әрқайсысы социал-демократиялық сайлау науқанына қатыса алады және қатысуға тиіс. Біреулері социал-демократтардың сайлау жөніндегі үндеулерін жазып, таратады; екінші біреулері социал-демократтардың Думада сөйлеген сөздерін тарату арқылы іске көмегін тигізеді; үшіншілері социал-демократиялық идеяларды уағыздап, социал-демократиялық сайлау науқанының

міндеттерін түсіндіру үшін сайлаушыларды аралап шығу жұмысын ұйымдастырады; төртіншілері сайлаушылар жиналыстарында немесе жеке жиналыстарда сөз сөйлейді; бесіншілері кадеттік әдебиеттен және кадеттердің сөздерінен азды-көпті адал демократтың қай-қайсысының болсын кадеттерді жақтап дауыс беру ынтасын жоя алатын жерлерін жинастырады; алтыншылары... бірақ үгіттің жергілікті жерлерде, Петербургте табылатын, жүз есе мол, қызу әрі сан алуан жолдары мен тәсілдерін шетелдегі газетте біз көрсетпесек те болады. Думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшелері, өздерінің жағдайы себепті С.-Петербургтегі сайлау науқанына аса бағалы қызмет көрсете алады; мұнда социал-демократиялық депутаттарға ерекше пайдалы және ерекше игілікті роль жүктеледі. Әкімшіліктің тыйым салуының ешқайсысы, полицияның қулық-сұмдығының ешқайсысы, социал-демократиялық әдебиеттерді конфискелеудің ешқайсысы, социал-демократиялық үгітшілерді тұтқындаудың ешқайсысы жұмысшы партиясының өз борышын орындап шығуына: социалистік пролетариаттың, орыс демократиялық революциясындағы алдыңғы қатарлы күрескердің, бүкіл, қысқартылмаған программасын бұқара арасында уағыздау үшін сайлау науқанын түгелдей және жан-жақты пайдалануына бөгет жасай алмайды.

P. S. Біздің бұл заметкамыз баспаға беріліп қойғаннан кейін *«Речьтің»* 13 августағы номерінен біз мынадай өте-мөте маңызды хабар оқыдық: «11 августа трудовиктердің Мемлекеттік дума сайлауына арналған бірінші жиналысы болып өтті... Социал-демократ Соколовтың кандидатурасын қолдау керек деп бірауыздан ұйғарылды, *сонымен бірге бұл қолдауды ешқандай саяси міндеттемелерге әкеліп тіремеу керек деп қаулы алынды»*. Басқа шарттар бойынша социал-демократияның қолдауды қабылдай алмайтынын айтпасақ та болады.

«Пролетарий» № 47—48,
5 (18) сентябрь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰДАЙ ЖАСАМПАЗДЫҚТЫ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ФРАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Максимов пен Николаев жолдастар ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының аласталған мүшелерінің большевик жолдастарға есебі» деп аталған ерекше листок шығарды. Біздің аласталғандар редакцияның оларға қандай зәбір жасағаны жайында және редакцияның оларды қалай аластағандығы жайында жұртшылыққа ашына-күйіне шағым етеді.

Күйіне шағым етуші аласталғандардың қандай жандар екенін жұмысшы партиясына көрсету үшін, ең алдымен, листоктың принципті мазмұнын қарастырып корелік. «Пролетарийдің» 46-номерінен және бұл номерге қосымшадан оқушылар мынаны біледі: «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі Максимов жолдасты біздің партия ішіндегі жаңа фракцияны,— фракция болғанда большевизмнің онымен ортақ ештеңесі жоқ фракцияны ұйымдастырушылардың бірі деп тапты және «Максимов жолдастың барлық саяси әрекеттері жөніндегі жауапкершілік атаулыны» өз мойнынан түсірді. Большевиктерден бөлініп шыққан жаңа фракциямен (немесе дұрысырақ айтқанда: бөлініп шыққан Максимовпен және оның достарымен) келіспеушіліктің негізі, біріншіден, шақырымпаздық пен ультиматизм, екіншіден, құдай жасампаздық болып табылатындығы Кеңестің қарарларынан көрініп тұр. Егжей-тегжейлі үш қарарда большевиктік фракцияның осы екі ағымның екеуіне де көзқарасы баяндалған.

Күйіне шағым етуші аласталғандар енді не деп жауап берер екен?

I

Шақырымпаздықтан бастайық. Аласталғандар өткен жылдардағы парламенттік немесе думалық тәжірибенің қорытындыларын шығарып, Булыгин Думасы мен Витте Думасына бойкот жасауды, сонымен қатар II Думаға қатысуды ақтайды да, былай деп жалғастырады:

«...Қатал және күшейіп келе жатқан реакция тұсында мұның бәрі тағы да өзгереді. Олай болған күнде партия ірі көлемде және айқын түрдегі сайлау науқанын жүргізе алмайды, парламентте өзіне лайық өкілдік ала алмайды...».

Большевиктік ескі басылымдардан көшіріп алынбаған, дербес пайымдаудың алғашқы сөздерінен-ақ шақырымпаздық саяси шолақ ойлаушылықтың бүкіл түпсіз тұңғиығы алдымыздан шыға келіп отыр. Ал ойланып көріңіздерші, жарқындарым, қатал және күшейіп келе жатқан реакция тұсында, сіздердің өз шығармаларыңыздың нақ сол бетінде, нақ сол бағанасында айтып отырғандарыңыздай, жасақшылар үшін партия «нұсқаушылар топтары мен мектептерін» «ірі көлемде және айқын түрде» ұйымдастыра ала ма? Ойланып көріңіздерші, жарқындарым, партия мұндай мектептерден «өзіне лайық өкілдік» ала ала ма? Қайран, әділетсіз аласталғандарай, егер сіздер ойлай білген болсаңыздар және саяси пайымдауға азды-көпті қабілетті болсаңыздар, онда сіздер өздеріңіздің тым ерсі жағдайға ұшырап отырғандарыңызды аңғарған болар едіңіздер. Саяси тұрғыдан *ойлаудың* орнына, сіздер *«айқын»* жарнамаға жабысып, осының салдарынан партиялық иванушкалардың халіне ұшырайсыздар. Сіздер «нұсқаушылар мектептері» туралы және «әскер арасында насихатты күшейту (!)» (бұл да сонда) туралы кокисіздер, өйткені, шақырымпаздар мен ультиматистердің лагерінен шыққан барлық саяси тоғышарлар сияқты, сіздер мұндай қызметті ерекше «айқын» нәрсе деп есептейсіздер, бірақ мұндай қызмет формаларын шын (сөз жүзінде емес) қолдану шарттары жайында ойластыруды сіздер білмейсіздер. Сіздер большевиктік сөздер мен ұрандардан алынған үзінділерді *жаттап* алғансыздар, бірақ сіздер бұлардан тұп-тура түк *түсінбей* отырсыздар. «Қатал және күшейіп келе жат-

қан реакция тұсында» партияға қандай жұмысты болсын жүргізу *қиынға* соғады, бірақ қиыншылықтар қандай зор болса да, парламентте өзіне лайық өкілдік алуға жету *мүмкін болады.* Мұны, мәселен, тіпті ерекше заң[47] енгізілген кездердегі «қатал және күшейіп келе жатқан реакция» заманындағы герман социал-демократиясының тәжірибесі де дәлелдеп отыр. Максимов және К° бұл мүмкіндікті теріске шығару арқылы тек өздерінің барып тұрған саяси топастығын корсетеді. «Қатал және күшейіп келе жатқан реакция тұсында» «нұсқаушылар мектептерін» және «әскер арасында насихатты *күшейтуді»* ұсыну — және соның өзінде партияның парламентте өзіне лайық өкілдікке ие болуына *мүмкіндігі бар екенін* теріске шығару — гимназияның төменгі класс оқушыларына арналған логикалық сорақылықтар жинағына енгізуге тұрарлықтай көрінеу қисынсыз нәрселерді айту деген сөз. Нұсқаушылар мектептері де, әскер арасында насихатты күшейту де ескі заңдарды міндетті түрде бұзуды, оларды талқандауды керек қылады,— ал парламенттік қызмет қоғамдық жаңа күшпен ескі заңдарды бұзуды міндетті түрде қажет етпейді, ең болмағанда, әлдеқайда сирек қажет етеді. Енді ойлап қараңыздаршы, жарқындарым, ескі заңдарды бұзу қай кезде жеңілірек болады: қатал және күшейіп келе жатқан реакция тұсында жеңілірек бола ма немесе қозғалыс өрлеген кезде жеңілірек бола ма? Қайран, әділетсіз аласталғандарау, ойлап қараңыздар да жүректеріңіз елжірей қалатын шақырымпаздарды қорғаймын деп қандай сорақылықты айтып отырғандарыңыздан ұялсаңыздаршы.

Сонан соң. Бұқара күш-жігерінің зор серпіні, тікелей саяси өмірге бұқараның көбірек әсер етуі қандай қызмет түрін қажет етеді,— ескі өкімет жасаған заң бойынша істелетін парламенттік қызмет пе немесе бұл өкіметтің материалдық күшінің құралын бірден және тікелей әлсірететін әскери насихат па? Ойлап қараңыздаршы, жарқындарым, сонда сіздер бұл көрсетілген жағдайда парламенттік қызметтің кейінгі жақта тұрғанын көресіздер. Ал бұдан шығатын қорытынды не? Бұдан шығатын қорытынды мынау: бұқараның тікелей қозғалысы неғұрлым күштірек болған сайын, олардың күш-жігері-

нің серпіні неғұрлым кең болған сайын, басқаша айтқанда: «қатал және күшейіп келе жатқан реакция» туралы емес, халықтың «қатал және күшейіп келе жатқан» революциялық тегеуріні туралы неғұрлым көп айтуға жағдай болған сайын,— шектен шыққан жасақшылардың авантюризміне келіп тірелмей, бұқаралық қозғалыспен шын байланысты болатын әскер арасындағы насихат та, жауынгерлік бой корсетулер де *соғұрлым* мүмкін болады, соғұрлым сөзсіз болады, соғұрлым сәттірек болады. Нақ сондықтан да, қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, большевизм жауынгерлік қызметті де, әскер арасындағы насихатты да «қатал және күшейіп келе жатқан» революциялық өрлеу дәуірінде ерекше күшті қоя білді;— нақ сондықтан да, большевизм өзінің фракциясын «қатал және күшейіп келе жатқан реакция тұсында» авантюризмге келіп *тірелген,* сөзсіз осыған келіп тірелген жанкештіліктен оқшаулауды (1907 жылдан бастап) жүргізе білді және 1909 жылға қарай бұл жұмысты біржолата жүргізіп бітірді.

Большевиктік сөздерден алынған үзінділерді жаттап алған біздің сабаздарымызда бәрі керісінше болып шығады: бұқараның тікелей тегеурінінсіз дүние жүзінде ешбір жерде және еш уақытта сәті түсіп көрмеген күрестің жоғарғы формалары қатал реакция дәуірінде «мүмкін нәрсе» ретінде бірінші кезекке қойылады,— ал бұқараның күресі арқылы заңның тікелей бұзылуынан гөрі, заңды бұқараның *сана-сезімін* күреске *дайындайтын* насихат пен үгіт үшін *пайдалануды* көбірек көздейтін күрестің төменгі формалары «мүмкін емес» деп жарияланады!!

Шақырымпаздар және олардың «аласталған» жандайшаптары большевизм бұқараның тікелей күресін, тіпті әскерді де (яғни халықтың неғұрлым топастау бөлігін, неғұрлым баяу қимылдайтын, насихаттан, т. т. неғұрлым алыс тұрған бөлігін) қозғалысқа тартатын және жауынгерлік бой көрсетулерді көтерілістің нағыз бастамасына айналдыратын күресін — қозғалыстың жоғарғы формасы деп санайды, ал бұқараның тікелей қозғалысы болмайтын парламенттік қызметті — қозғалыстың төменгі формасы деп санайды дегенді естіп, жаттап алған.

Шақырымпаздар және олардың Максимов сияқты жандайшаптары осыны естіп, жаттап алған, бірақ түсінбеген, сондықтан да масқара болып қалды. Жоғарғы дегеніміз — «айқын» деген сөз, деп ойлайды шақырымпаз бен Максимов жолдас,— кәні, мен «айқынырақ» айқайлайыншы: сонда, бәлкім, дауысым басқалардікінен революцияшылырақ болып шығар, ал ненің не нәрсеге жататындығын талдау — шайтанның ісі!

Максимовтың пайымдауын онан әрі тыңдап көріңіздер (біз цитатты үзілген жерінен әрі қарай жалғастырамыз):

> «...Реакцияның механикалық күші қазірдің өзінде құрылып отырған партиялық фракцияның бұқарамен байланысын үзеді, сөйтіп оған партияның ықпал жасауын сұмдық қиындатады, ал мұның өзі мұндай өкілдіктің партия мүдделері үшін жеткілікті кең жәпе жеткілікті терең ұйымдық-насихат жұмысын жүргізуге қабілетсіз болып шығуына әкеп соғады. Ал партияның өзі әлсіреген кезде тіпті фракцияның азғындау қаупі, оның социал-демократияның негізгі жолынан ауытқу қаупі тууы да мүмкін...».

Мұның өзі шынында да керемет емес пе? Күрестің заңға сәйкес келетін төменгі формалары туралы сөз болған кезде, біздерді: «реакцияның механикалық күші», «жеткілікті кең жұмыс жүргізуге қабілетсіздік», «азғындау қаупі» деп қорқыта бастайды. Ал тап күресінің ескі заңдарды бұзатын жоғарғы формалары туралы сөз болған кезде, онда «реакцияның механикалық күші» жоғалып кетеді, әскер арасында «жеткілікті кең» жұмыс жүргізу жөніндегі «қабілетсіздіктің» ешқандайы болмай шығады, нұсқаушылар топтары мен мектептерінің ешқандай «азғындау қаупі» туралы, қарап қойыңыздар, сөз болуы да мүмкін емес!

Мұндай идеяларды бұқараға тарататын саяси қайраткерлерді не себепті *аластауға* тиіс болғандығы жөнінде «Пролетарий» редакциясына мұның өзі ең жақсы ақталу болып табылады.

Қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, мынаны мықтап жадыңызда сақтаңыздар: қатал және күшейіп келе жатқан реакция жағдайы шын мәнінде орын алып отырған кезде, бұл реакцияның механикалық күші бұқарамен

байланысты шынымен үзіп отырған кезде, жеткілікті кең жұмыс жүргізуді қиындатып, партияны әлсіретіп отырған кезде, нақ осындай кезде күрестің парламенттік құралын меңгеру партияның ерекше міндетіне айналады; қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, бұл парламенттік күрестің басқа күрес формаларынан жоғары болғандығынан емес; жоқ, мұның бұлай болатын себебі, атап айтқанда — парламенттік күрес басқа күрес формаларынан *төмен,* мәселен, бұқаралық қозғалысқа *тіпті* әскерді де тартатын, бұқаралық стачкаларды, көтерілістерді және басқаларды туғызатын күрестен төмен екендігінде. Күрестің төменгі формасын меңгеру қалайша партияның айрықша (яғни қазіргі кезеңнің басқа кезеңдерден айырмашылығын көрсететін) міндеті болып табылады? Ал ол былайша: реакцияның механикалық күші неғұрлым басымырақ болған сайын және бұқарамен байланыс неғұрлым нашарлаған сайын, бұқараның санасын дайындау міндеті (тікелей қимыл жасау міндеті емес) соғұрлым алдыңғы кезекке көбірек қойыла береді, насихат пен үгіттің *ескі өкімет жасаған* жолдарын (бұқараның осы ескі өкіметтің өзіне қарсы жүргізетін тікелей тегеурінін емес) *пайдалану* соғұрлым алдыңғы кезекке көбірек қойыла береді.

II

Маркс пен Энгельстің дүниеге көзқарасы жөнінде азды-көпті ойлаған марксистің қай-қайсы болса да, халықаралық социалистік қозғалыстың тарихымен азды-көпті таныстығы бар социал-демократтың қай-қайсы болса да, күрестің төменгі формаларының бірін ерекше тарихи кезеңдегі күрестің айрықша құралына бұлайша айналдыру тіпті ешқандай таңқаларлық нәрсе емес. Анархистер осы оп-оңай нәрсені мүлде және еш уақытта да түсіне алмай-ақ келеді. Енді біздің шақырымпаздар және олардың аласталған жандайшаптары «Пролетарийде» *«қайткен күнде де парламентаризм»* теориясы үстемдік алып отыр деп даурығу арқылы (Максимов және К° сияқты) анархизмнің ойлау әдістерін орыстың социал-демократиялық ортасына көшіруге тырысады.

Максимовтың және К°-ның бұл даурығуының қаншалықты көкейге қонымсыз екендігін және социал-демократиялық нәрсе емес екенін түсіндіру үшін тағы да ең басынан бастауға тура келеді. Ойланып қараңыздаршы, қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, неміс социал-демократиясының саясаты мен тактикасының басқа елдердің социалистік жұмысшы партияларына қарағанда айрықша өзгешелігі неде болып отыр? Парламентаризмді пайдалануда; буржуазиялық-юнкерлік (шамамен айтқанда, орысша: октябристік-қаражүздік) парламентаризмді жұмысшы бұқарасын социалистік жолмен тәрбиелеп, ұйымдастыру құралына айналдыруда болып отыр. Мұның өзі парламентаризм дегеніміз социалистік пролетариат күресінің жоғарғы формасы болып табылады деген сөз бе екен? Бүкіл дүние жүзінің анархистері мұны осылай деген сөз деп ойлайды. Мұның өзі неміс социал-демократтары қайткен күнде де парламентаризм көзқарасын ұстап отыр деген сөз бола ма? Бүкіл дүние жүзінің анархистері осылай деген сөз деп ойлайды, сондықтан да олардың неміс социал-демократиясынан өткен қас жауы жоқ, олар үшін неміс социал-демократтарынан асқан ұнамды нысана жоқ. Россияда да, біздің социал-революционерлер анархистермен ымдасып, өздерінің «революцияшылдығын» әйгілей бастаған кезде, олар неміс социал-демократтарының белгілі бір шын немесе жалған қателіктерін міндетті түрде алып шыға келіп, бұдан социал-демократияға қарсы қорытындылар жасауға тырысады.

Енді ілгері барайық. Анархистер пайымдауының қатесі неде? Олардың қатесі мынада: қоғамдық дамудың барысы туралы мүлде теріс түсінікте болғандықтан, олар әр түрлі елдердегі нақты саяси (және экономикалық) жағдайдың ерекшеліктерін ескере білмейді, ал бұл ерекшеліктер *белгілі бір уақыт кезеңі үшін* күрестің бірде бір түрлі, екіншіде екінші түрлі құралының айрықша маңызды болуын туғызып отырады. Шындығында неміс социал-демократиясы қайткен күнде де парламентаризм көзқарасында болып қана отырған жоқ, бәрін де парламентаризмге бағындырып қана отырған жоқ, қайта, керісінше, социалистік баспасөз сияқты, кә-

сіптік одақтары сияқты, халық жиналыстарын үнемі пайдалану сияқты, жастарды социалистік рухта тәрбиелеу, т. т. және т. с. сияқты күрестің парламенттен тыс құралдарын пролетариаттың халықаралық армиясында басқалардың бәрінен де гөрі нақ солар жақсы өрістетіп отыр.

Бұл арада істің мәнісі неде? Істің мәні мынада: бүтіндей бір тарихи жағдайлардың жиынтығы *белгілі бір дәуірдегі* Германия үшін парламентаризмді күрестің *айрықша* құралы етті, басқа құралдармен салыстырғанда басты, жоғарғы, ірі, елеулі құрал емес, нақ айрықша, басқа елдерге қарағанда оның өзіне көбірек тән құрал етті. Сондықтан да, парламентаризмді пайдалана білу *бүкіл* социалистік істі, оның жоғарыда өзіміз атап өткен *барлық* тармақтарын үлгілі етіп жолға қоя білудің *белгісі* (шарты емес, белгісі) болып *шықты.*

Германиядан Россияға көшейік. Қайсыбір елдердің жағдайларын бүтіндей теңестіріп жібергісі келген адам толып жатқан аса ірі қателерге ұрынған болар еді. Бірақ мәселені былайша, міндетті түрде марксистке қоятындай етіп: орыс социал-демократтарының қазіргі кезеңдегі саясаты мен тактикасының айрықша өзгешелігі неде?— деп қойып көріңізші. Біз революциядан бұрынғы кездегі сияқты, құпия партияны сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Біз, 1897—1903 жылдардағы сияқты, бұқараны жаңа революциялық дағдарысқа үнемі дайындай беруге тиіспіз. Біз барлық социал-демократиялық партиялардың әрдайым және барлық жерде істеп келгені сияқты, партияның бұқарамен байланысын барынша нығайтуға, әр алуан жұмысшы ұйымдарын дамытып, социализм мақсаттары үшін пайдалануға тиіспіз. Атап айтқанда, ескі самодержавиенің жаңа тарихи міндеттерді октябристік-қаражүздік Думаның комегімен шешуге әрекет жасауы (және де сәтсіз әрекеті) қазіргі кезеңнің айрықша өзгешелігі болып табылады. Сондықтан да, социал-демократтар үшін бұл Думаны *өз* мақсаттарына, революция идеялары мен социализм идеяларын тарату мақсаттарына пайдалану тактиканың айрықша міндеті болып табылады. Істің мәнісі бұл айрықша міндеттің айрықша жоғары болуында емес, оның кең перспектива-

лар ашуында емес, өзінің маңызы жағынан, мәселен, 1905—1906 жылдары пролетариаттың алдына қойылған міндеттерге оның тең келуінде немесе ең болмағанда жақын келуінде де емес. Жоқ. Істің мәні мынада: бұл— бүгінгі кезең тактикасының ерекше болуында, оның өткен дәуірден де, келер дәуірден де өзгеше болуында (өйткені бұл келер дәуір бізге, *сірә,* III Думаны пайдалану міндетіне қарағанда неғұрлым күрделі, неғұрлым жоғары, неғұрлым қызықты айрықша міндеттер қоятын болар). Қазіргі кезеңнің осы айрықша міндетін шешпейінше, қаражүздік-октябристік Думаны социал-демократиялық үгіттің *құралына* айналдырмайынша, қазіргі кезеңді уыста ұстауға болмайды, социал-демократиялық партияның алдына осы кезең қойып отырған міндеттердің бүкіл жиынтығын шешуге болмайды.

Мәселен, большевиктердің ізінше шақырымпаз мылжыңдар революция тәжірибесін есепке алу туралы көкиді. Бірақ олар большевиктердің не айтып отырғанын түсінбейді. Олар революцияның тәжірибесін есепке алуға революцияның мұраттарын, міндеттерін және әдістерін *Думаның өз ішінде* жақтау мәселесі де *кіретінін* түсінбейді. Думаның өз ішінде, осы Думаға өтуі мүмкін және өтіп те отырған біздің партиялық жұмысшылар арқылы, бұл мұраттарды, міндеттерді және әдістерді *қорғай* алмау — революция тәжірибесін саяси жағынан есепке алу ісінде *тұңғыш* қадам жасай алмау деген сөз (өйткені бұл арада, әрине, тәжірибені теориялық, кітаптар мен зерттеулерде есепке алу туралы сөз болып отырған жоқ). Біздің міндетіміз тіпті де және еш жағдайда да осы тұңғыш қадаммен тынбайды. Тұңғыш қадамға қарағанда екінші және үшінші қадамдар, яғни бұқара есепке алып үлгірген тәжірибені тарихи жаңа қимыл жасау үшін идеялық қазынаға айналдыру анағұрлым маңыздырақ. Ал егер бұл шақырымпаз мылжыңдардың өздері «революция аралық» заман туралы айтып отырса, онда олар (егер олар социал-демократша ойлай білген болса, пайымдай білген болса) «революция аралық» дегеніміздің өзі — *күн тәртібіне жеңіл-желпі, күн ілгергі міндеттерді қоятын* дәуір деп түсінуге тиіс еді. «Революция аралық» кезең дегеніміз ескі өкімет тек

бірыңғай ескі құралдар арқылы билеп-төстеудің мүмкін еместігіне көзі жетіп, ескі тәртіптердің жалпы жағдайында *жаңа* құралды пайдалануға *тырысатын,* тұрақсыз, әрі-сәрі жайдың сипаттамасы. Мұның өзі ішкі қайшылығы бар, мүмкіндігі жоқ әрекет, самодержавие осы арқылы күйреуге тағы да, сөзсіз бет алып отыр, бізді тағы да даңқты заманды, 1905 жылдың даңқты шайқастарын қайталауға жетелеп отыр. Бірақ самодержавиенің күйреуге бет алуы 1897—1903 жылдардағы бет алуы *сияқты емес,* халықты революцияға *бастауы* 1905 жылға дейінгі бастағаны *сияқты емес.* Міне, осы «сияқты емес» дегенді түсіне білу керек; өз тактикамызды өзгерте білуіміз керек, революциялық социал-демократияның барлық негізгі, жалпыға бірдей, бірінші дәрежелі және аса маңызды міндеттеріне қазіргі кезеңнің, жаңа кезеңнің, онша ірі болмағанымен, айрықша тағы бір міндетін: қаражүздік Думаны революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан пайдалану міндетін *қоса* білу керек.

Әрбір жаңа міндет сияқты, бұл міндет басқасынан қиынырақ тәрізді көрінеді, өйткені ол адамдардың жаттап алынған ұрандарды құр әшейін қайталауын ғана талап етпейді (шақырымпаздар мен Максимовтың осындай қайталаудан арғыға ақылы жетпейді), қайта біраз инициативаны, ақыл оралымдылығын, тапқырлықты, соны *бірегей* тарихи міндетті орындау жолында дербес жұмыс істей білуді талап етеді. Бірақ шынына келгенде бұл міндет тек өздігінен ойлай білмейтін және өздігінен жұмыс істей алмайтын адамдарға ғана ерекше қиын көрінуі мүмкін: ал іс жүзінде бұл міндет, белгілі бір кезеңнің кез келген айрықша міндеті сияқты, басқа міндеттерден жеңіл, өйткені оны нақ осы кезеңнің жағдайларында шешуге болады. «Қатал және күшейіп келе жатқан реакция» заманында «нұсқаушылар мектептері мен топтарын» шынымен тыңғылықты жолға қою, яғни оларды бұқаралық қозғалыспен шын байланысты болатындай, оған шын бағынатындай етіп жолға қою міндетін шешуге *тіпті де болмайды,* өйткені міндеттің өзі ақылға сыйымсыз қойылып отыр, оны *басқа бір* кезеңнің жағдайларын есепке алатын жақсы кітапшадан *көшіріп алған* адамдар қойып отыр. Ал социал-демократ-

тардың III Думадағы жасаған баяндамаларын, сөйлеген сөздерін, саясатын бұқаралық партияға және бұқараның мүдделеріне бағындыру міндетін шешуге *болады.* Жаттап алғанды қайталауды «оңай» іс деп есептейтін болсақ, онда бұл оңай емес, бірақ оны *жүзеге асыруға болады.* Қазір біз партияның барлық күшін қалай жұмылдырсақ та, осы кезеңде, «революция аралық» кезеңде, «нұсқаушылар мектептеріп» социал-демократиялық (анархиялық емес) тұрғыдан жолға қою міндетін біз шеше алмаймыз, өйткені бұл міндеттің шешілуі үшін мүлде басқа тарихи жағдайлар керек. Керісінше, барлық күшті жұмылдыра отырып, біз III Думаны революциялық-социал-демократиялық тұрғыдан пайдалану міндетін шешеміз (және біз қазірдің өзінде *шеше бастадық),*— мұны шешкенде, қайран, аласталғанына зәбірленген және құдай зәбірлеген шақырымпаздар мен ультиматистер-ау!— парламентаризмді қайдағы бір биік тұғырға көтеру үшін емес, «қайткен күнде де парламентаризмді» жариялау үшін емес, қайта бүгінгі «революция аралық» кезеңге сәйкес келетін «революция аралық» міндетті шешкеннен *кейін,* ертеңгі, неғұрлым жоғары, яғни неғұрлым революциялық кезеңге сәйкес келетін неғұрлым жоғары революциялық міндеттерді шешуге *көшу* үшін шешеміз.

III

Большевиктерде «қайткен күнде де парламентаризм» деушілік бар деп Максимов және К°-нің бұл жөн-жосықсыз байбалам салуы шақырымпаздықтың шын тарихы тұрғысынан қарағанда тым күлерлік нәрсе. Күлкі келтіретін жайт мынау: *тек қана* парламентаризмге өзінің көзқарасы туралы мәселеде ерекше бағыт құрған және құрып та жүрген адамдардың *нақ өздері* парламентаризмді асыра бағалағандық туралы айғай-шу көтеріп отыр! Сіздер өздеріңізді өздеріңіз қалай деп атайсыздар, аса қадірлі Максимов және К°? Сіздер өздеріңізді «шақырымпаздар», «ультиматистер», «бойкотшылар» деп атайсыздар. Максимов III Думаның бойкотшысымын деп өзіне-өзі сүйсінуден әлі де жалықпай келеді,

сөйтіп өзінің оқта-тектегі партиялық мақалаларына міндетті түрде «1907 жылғы июль конференциясындағы[48] бойкотшылардың баяндамашысы» деп қол қойып отырады. Ертеректе бір жазушы: «толық статский советник және кавалер» деп қол қояды екен. Максимов: «бойкотшылардың баяндамышысы» деп қол қояды — бұл да кавалер емес пе!

Максимов бойкотты жақтаған кездегі, 1907 жылғы июньдегі саяси жағдай тұсында, қате әлі тіпті, тіпті үлкен емес еді. Бірақ Максимов 1909 жылдың июлінде өзінше бір манифестпен шығып, III Дума жөніндегі өзінің «бойкотизміне» сүйсінуін қоймай отыр — міне, бұл енді барып тұрған ақымақтық. Бойкотизм де, шақырымпаздық та, ультиматизм де — осы сөздердің өздері-ақ парламентаризмге көзқарас туралы мәселеден, *тек* осы мәселеден *ғана бағыт* туғызғандықты білдіреді. Ал өзін бұл мәселе жөнінде бөліп көрсету, бұл мәселе жөнінде өзін бөліп көрсетуін қоймау (істі принципінде партия шешкеннен кейін екі жыл өткен соң!) — міне, мұның өзі шексіз тайыздықтың белгісі. Нақ осылай етіп отырған адамдар, яғни «бойкотшылар» да (1909 жылғы), шақырымпаздар да, ультиматистер де *мұнысымен* өздерінің социал-демократтарша ойламайтындығын, парламентаризмді өздерінің ерекше тұғырға көтеретіндігін дәлелдейді, нағыз анархистер сияқты өздерінің жеке нұсқаулардан: пәлендей Думаға бойкот жасау, пәлендей Думадан кері шақырып алу, Думадағы пәлендей фракцияға ультиматум қою жөніндегі мәселелерден *бағыт* жасап отырғандығын дәлелдейді. Бұлай істеу — карикатуралық большевик болу деген сөз. Большевиктердің бағыты олардың орыс революциясына деген *жалпы* көзқарасы арқылы анықталады, сондықтан большевизмді бойкотизммен немесе жанкештілікпен барабар ету — революциялық социал-демократияның көзқарастарын сорақы бұрмалағандық және қадірін кетіргендік екенін большевиктер (саяси тоғышарларды алдын ала сақтандырғандай болып) мың мәрте атап көрсеткен болатын. Социал-демократтардың III Думаға міндетті түрде қатысуы жөніндегі біздің көзқарасымыз, мәселен, біздің қазіргі кезеңге, самодержавиенің буржуазиялық монар-

хия орнату жолымен бір адым ілгері басуға тырысып отырғандығына, контрреволюциялық таптардың жалпы ұлттық көлемдегі өкілдік мекемедегі ұйымы ретінде Думаның маңызына қалай қарайтындығымыздан *сөзсіз* келіп шығады. Парламент туралы мәселені жалпы буржуазиялық қоғам туралы бүкіл тұтас мәселеден *бөліп көрсетіп,* буржуазиялық парламентаризмге қарсы бағытталған айғай-шудан (буржуазиялық парламентаризмді сынау буржуазиялық баспасөзді, буржуазиялық синдикализмді, т. с. сынаумен принципінде біртектес бола тұрса да) бағыт жасап алуға тырысқан кезде анархистердің өңі айналдырылған парламенттік кретинизмге келіп соғатыны сияқты,— біздегі шақырымпаз-ультиматист-бойкотшылар да Думаға көзқарас туралы мәселе жөніндегі, Думадағы социал-демократиялық фракцияның ауытқушылықтарына қарсы (социал-демократияға жол-жөнекей еніп кететін буржуазиялық әдебиетшілердің ауытқушылықтарына, т. с. қарсы емес) күрес құралдары туралы мәселе жөніндегі бағытқа *бөлініп шыққан* кезде нақ осындай өңі айналдырылған меньшевизмді аңғартады.

Максимов қанатының астына алып отырған москвалық шақырымпаздар көсемінің: фракцияны кері шақырып алу революцияның жерленбегендігін *баса көрсетуге* тиіс[49], деген атақты пайымдауында бұл өңі айналдырылған парламенттік кретинизм геркулес бағаналарына жетті! Ал Максимов беті шіміріқпестен көпшілік алдында: «шақырымпаздар жалпы антипарламентаризм мағынасында еш уақытта (о, әрине, *еш уақытта!)* пікір айтқан емес» деп мәлімдеуден ұялмайды.

Максимовтың және К°-нің шақырымпаздарды бұлай бүркемелеуі — жаңа фракцияның пішініндегі мейлінше тән белгілердің бірі, ал мән-жайды білмейтін жұртшылық күйініп шағым айтып жүрген аласталғандардың қармағына бұл арада өте-мөте жиі ілініп жүргендіктен, біз бұл белгіге барынша егжей-тегжейлі тоқталуға тиіспіз. Мұндай бүркемелеу, біріншіден, мынада болып отыр: Максимов және К° өздерінің кеудесін қағып, біз шақырымпаздар емеспіз, шақырымпаздардың пікірлерін біз тіпті де қостамаймыз! — деп мәлімдеуден жалық-

пайды. Екіншіден, Максимов және К° большевиктерді шақырымпаздарға қарсы күресті *асыра көрсетіп* жүр деп кінәлайды. Рабоче-делошылдардың (1897—1901 жылдардағы) рабоче-мысльшылдарға [50] көзқарасының тарихы *айна-қатесіз* қайталанылып отыр. Рабоче-делошылдар өздерінің кеудесін қағып, біз «экономистер» емеспіз, біз *«Рабочая Мысльдің»* көзқарастарын қостамаймыз, біз олармен айтысып жүрміз (Максимовтың шақырымпаздармен қалай «айтысқаны» сияқты!), тек мына зұлым искрашылдар ғана бізді бостан-босқа кінәлап, жала жапты, «экономизмді» «қопақардай етіп» көрсетті, т. т. және т. с. деп өрекпіген болатын. Сондықтан рабоче-мысльшылдардың арасында — ашық және адал «экономистердің» арасында — өз пікірін қорғаудан тайсалмай, шынымен адасқан адамдар аз болған жоқ, сондықтан оларды сыйламауға болмайтын еді,— ал «Рабочее Делоның» шетелдік сыбайластарында өзгеше әзәзілдік, іздерін жасырушылық, жасырынбақ ойнау, жұртты алдау басым болды. Дәйекті және ашық шақырымпаздардың (партиялық топтарға белгілі Всев. пен Стан. сияқты) Максимовтың шетелдік сыбайластарына көзқарасы айна-қатесіз нақ осындай болып отыр.

Біз шақырымпаздар емеспіз,— деп айғайлайды бұл сыбайластар. Бірақ қазіргі саяси жағдай туралы және партияның міндеттері туралы олардың кез келген біреуіне бірер сөз айтқызып көріңізші, сонда сіз иезуиттік жалтармалардың, қосымшалардың, үндемеудің, жұмсартушылықтың, шатастырудың және басқалардың сылдыр суы болар-болмас араластырылған (біздің Максимовтан көргеніміз сияқты) түгелдей шақырымпаздық пайымдауларды естисіз. Қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, бұл иезуиттік сіздерді шақырымпаздық шолақ ойлылық жасады деген айыптан құтқармайды, қайта сіздердің кінәларыңызды он есе көбейте түседі, өйткені бүркеулі идеялық былық пролетариатты жүз есе көп азғындатады, партияға жүз есе көп зиян келтіреді*.

---

* Айтпақшы, Максимовтың *тек* «Пролетарий» *ғана* өзінің ашуланшақтығынан ультиматистерге жоқтан өзгені жауып отыр-мыс деп сендіруін бейнелейтін кішкене бір мысал келтірейік. 1908 жылы күзде Алексинский поляк социал-демократтарының съезіне барып, онда *ультиматистік* қарар ұсынды. Бұл іс жаңа фракцияға қарсы «Проле-

Біз шақырымпаздар емеспіз,— деп айғайлайды Максимов және К⁰. Ал оның бер жағында 1908 жылғы июньнен бастап, «Пролетарийдің» шағын редакциясынан шыға отырып, Максимов коллегияның өз ішінде ресми оппозиция құрды, бұл оппозиция үшін айтыс бостандығы болуын талап етіп, оны алды, газет таратуға байланысты, ұйымға байланысты ең маңызды атқару органдарында оппозиция үшін ерекше өкілдік болуын талап етіп, оны алды. Нақ осы уақыттан бастап, яғни бір жылдан аса уақыт бойы россиялық агентураны бірігіп ұйымдастырған, агентура мақсатымен шетелдік мектепті (бұл туралы төменде айтылады) бірігіп жолға қойған шақырымпаздардың бәрі қашанда осы оппозицияның қатарында болып келгені өз-өзінен түсінікті, т. т. және т. с.

Біз шақырымпаздар емеспіз,— деп айғайлайды Максимов және К⁰. Ал оның бер жағында 1908 жылы декабрьдегі Бүкіл россиялық партия конференциясында неғұрлым адал шақырымпаздар бүкіл партия алдында бұл оппозицияның құрамынан ерекше топ болып, ерекше идеялық ағым болып бөлініп шығып, өз алдына ағым есепті өз шешенін ұсыну правосын алған кезде (мерзім қысқа болғандықтан, конференцияда ерекше идеялық бағыттар ғана немесе ерекше ұйымдар ғана өз алдына шешен ұсына алады деген қаулы қабылдаған еді), міне осы кезде шақырымпаздық фракциядан ұсынылған *шешен* — таза кездейсоқ себептерге байланысты! мүлде кездейсоқ себептерге байланысты!— *Максимов жолдас* болып шықты...

Максимовтың шетелдік тобы шақырымпаздықты бүркемелеу арқылы партияны осылай алдауды үзбей жасап келеді. 1908 жылы майда шақырымпаздық ашық күресте жеңіліске ұшырады: Москвадағы жалпы қалалық конференция 14 дауысқа қарсы 18 дауыспен оны сәтсіздікке ұшыратты (бұл ауданда 1907 жылы июльде социал-демократтардың барлығы бірдей дерлік бойкот-

---

тарийде» үзілді-кесілді науқан ашқанға *дейін* болған-ды. Санымен, не болды? Поляк социал-демократтары Алексинскийді және оның қарарын мазақ етіп күлді, олар оған: «сіз әншейін қорқақ шақырымпазсыз, онан басқа ешкім де емессіз»,— деді.

шы болды, алайда, олардың Максимовтан айырмасы сол — III Думаға «бойкот» жасауды талап ету кешірілмес ақымақтық болатындығын олар 1908 жылдың июніне қарай түсіне білді). Бұдан *кейін* Максимов жолдас шетелде «Пролетарийге» қарсы формальды түрде оппозиция ұйымдастырады, сөйтіп большевиктік мерзімді органның беттерінде бұған дейін еш уақытта болып көрмеген айтысты бастайды. Сонымен, 1908 жылдың *күзінде,* Бүкіл россиялық конференция сайлауы тұсында, *бүкіл* Петербург ұйымы шақырымпаздар мен шақырмаушыларға (жұмысшылардың сөзі) бөлінгенде, Петербургтің *барлық* аудандары мен кіші аудандарында большевиктер мен меньшевиктердің емес, қайта шақырымпаздар мен шақырмаушылардың платформасы бойынша айтыстар жүріп жатқан кезде, *шақырымпаздардың платформасы жұртшылықтың көзінен тасада қалады.* «Пролетарийде» бұл платформа хабарланбайды. Ол баспасөз бетіне жіберілмейді. 1908 жылғы декабрьдегі Бүкіл россиялық конференцияда бұл платформа партияға хабарланбайды. *Тек конференциядан кейін ғана,* редакцияның табанды түрде талап етуі бойынша, бұл платформа бізге жеткізілді, біз оны «Пролетарийдің» 44-номерінде басып шығардық («Петербург шақырымпаздарының қарары»).

Москва облысында шақырымпаздардың баршаға мәлім көсемі «Рабочее Знамяның»[51] 5-номерінде басылып шыққан жұмысшы шақырымпаздың мақаласын «редакциялады», бірақ көсемнің өз платформасын біз осы уақытқа дейін көргеніміз жоқ. 1909 жылғы көктемнің өзінде-ақ, Орталық өнеркәсіпті ауданның облыстық конференциясына әзірлік жүріп жатқан кезде, шақырымпаздар көсемінің платформасы оқылып, қолдан-қолға түспей жүргендігі бізге өте жақсы мәлім. Бұл платформада социал-демократиялық емес керемет сөздердің Петербургтегі платформаға қарағанда әлдеқайда көп болғаны бізге большевиктердің хабарынан мәлім. *Бірақ платформаның текстін бізге сол күйі жібермей-ақ қойды,*— сірә, шақырымпаздар фракциясы уәкіл еткен Максимовтың конференцияда кездейсоқ сөйлегені сияқ-

ты, бұл да нақ сондай кездейсоқ, мүлде кездейсоқ себептерге байланысты болса керек.

Жария мүмкіндіктерді пайдалану туралы мәселені де Максимов пен К⁰ мұның өзі «өз-өзінен түсінікті» ғой деген «жылмағай» сөздермен бүркемелеп жіберді. *Бұдан үш ай бұрын-ақ* сол кезде өздерінің қолында болған Орталық өнеркәсіпті облыстың Облыстық бюросында (атышулы «мектепті» бекіткен Облыстық бюроның нақ сол құрамында; Облыстық бюроның құрамы қазір өзгерді) *фабрика-завод дәрігерлерінің съезіне социал-демократтардың қатысуына қарсы* қарар *қабылдатқан* максимовтік фракцияның практикалық көсемдері *Лядов пен Станислав жолдастар* үшін де қазір мұның өзі «өз-өзінен түсінікті ме екен», осыны білу қызықты болар еді. Мұның өзі революцияшыл социал-демократтар көпшілік болған бірінші съезд екені мәлім. Ал аса көрнекті шақырымпаздар мен ультиматистердің бәрі бұл съезге қатысуға қарсы үгіт жүргізді, ол съезге қатысуды «пролетариат ісіне опасыздық жасау» деп жариялады. Ал Максимов ізін жасырып отыр, бұл — «өз-өзінен түсінікті ғой». Неғұрлым ашық шақырымпаздар мен ультиматистердің Россиядағы практикалық жұмысқа ашықтан-ашық іріткі салып жүргендігі, ал Кричевский мен Мартыновтың даңқы ұйқы бермей қойған Максимов және К⁰: ешқандай қайшылық жоқ, жария мүмкіндіктерді пайдалануға ешқандай қарсы шығушылар жоқ дегенді айтып, істің мәнісін сылап-сипап жүргені «өз-өзінен түсінікті».

Шетелдік партиялық органдарды, қарым-қатынастар ұйымдастыру жөніндегі шетелдік топтарды, т. т. қайтадан қалпына келтіру ескі кеселдерді қайталауға сөзсіз әкеліп соғады, мұндай кеселдерге қарсы барынша аяусыз күрес жүргізу қажет. Россияда саяси күреске қарсы үгіт жүргізіп, ал шетелде «Рабочее Делоны» бүркеніш еткен «экономистердің» тарихы түгелдей қайталанып отыр. Россияда Прокопович және К⁰ насихаттаған және *авторларының еркінен тыс* революцияшыл социал-демократтар баспасөзде жариялап жіберген[52] буржуазиялық-демократиялық «кредоның» (кредо = наным символы) тарихы түгелдей қайталанып отыр. Партияны аз-

ғындататын бұлайша жасырынбақ ойнаудан өткен, құпия жұмыстың ауыр жағдайларын партиялық жариялылыққа қарсы бұлайша пайдаланудан өткен, Максимов және К^0 *түгелдей және барлығында* шақырымпаздармен қоян-қолтық әрекет жасай отырып, баспасөз бетінде өздерінің кеудесін қағып, бүкіл осы шақырымпаздықты «Пролетарий» қасақана қопақардай етіп көрсетіп жүр дегені сияқты иезуиттіктен өткен еш нәрсе жоқ.

Біз — жоқтан өзгені тізе беретін адамдар емеспіз, формалистер емеспіз, революциялық жұмыстың адамдарымыз. Біз үшін маңыздысы шақырымпаздықтың, ультиматизмнің, «бойкотизмнің» (III Думадағы) арасын ашатын сөз жүзіндегі айырмашылықтар емес. Біз үшін социал-демократиялық насихат пен үгіттің шын мазмұны маңызды. Ал егер большевизмді бетке ұстап, құпия орыс үйірмелерінде большевизммен де, жалпы социал-демократизммен де ортақ ештеңесі жоқ көзқарастар уағыздалып жүрген болса, онда бұл көзқарастарды толық әшкерелеуге, мұндай көзқарастардың қате екенін бүкіл партия алдында толық түсіндіруге бөгет жасайтын адамдар, міне, мұндай адамдар пролетариаттың жауы ретінде әрекет еткен болып шығады.

IV

Бұл адамдар өздерінің кім екенін құдай жасампаздық туралы мәселеде де көрсетті. «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы бұл мәселе жөнінде екі қарар қабылдап, жариялады: мұның біреуі — істің мәні жөнінде, екіншісі Максимовтың наразылығы жөнінде арнайы қабылданды. Енді осы Максимов өзінің «Есебінде» не айтты екен?— деген сұрақ туады. Ол «Есепті» өзінің ізін жасыру үшін жазады — адамға тіл өз пікірін жасыру үшін берілген деген дипломаттың айтқанының кері осы [53]. Максимов сыбайластарының «бейнебір құдай жасампаздық» бағыты туралы қайдағы бір «теріс мәліметтер» таратылып жүрген көрінеді, не бары осы ғана.

«Теріс мәліметтер»,— дейсіз бе Сіз? Жоқ, олай емес, жарқыным, Сіздің бұл арада ізіңізді жасырып отырған себебіңіздің өзі де — құдай жасампаздық жайында

«Пролетарийдегі» «мәліметтердің» толығынан дұрыс екенін өте жақсы білетіндігіңізде. Бұл «мәліметтердің», жарияланған қарарда баяндалған мәліметтер сияқты, ең алдымен *сіздердің* әдеби сыбайластарыңыздан шығып жатқан әдеби шығармаларға қатысы бар екенін Сіз өте жақсы білесіз. Бұл әдеби шығармалар біздің қарарымызда өте дәлме-дәл *көрсетілген*; онда қосылмаған нәрсе,— мұндай нәрсенің қарарда қосылуы мүмкін де емес,— тек мынау ғана: сіздердің серіктеріңіздің «құдай жасампаздығына» большевиктердің басшы топтарының арасында бір жарым жылға таяу уақыт бойы мейлінше қатты наразылық білдіріліп келеді, міне нақ осы негізде (жоғарыда көрсетілген негізден басқа) карикатуралық большевиктердің жаңа фракциясы жалтару, қулық-сұмдық, қасақана байланысу, кінә тағу, өсектеу арқылы біздің жұмыс істеу мүмкіндігіміздің бәрін қиындатып келді. Бұл өсек-аяңның ең ғажап біреуі Максимовқа өте жақсы мәлім, өйткені мұның өзі «Жолымыз бір емес» деген мақаланың басылуына («Пролетарийдің» 42-номері) қарсы жазылып, «Пролетарий» редакциясына ресми түрде ұсынылған *наразылық* болып табылады. Қайран, әділетсіз аласталған-ау, мүмкін, бұл да «теріс мәліметтер» шығар? Мүмкін, бұл да «наразылықсымақ» болған шығар?

Жоқ, білгіңіз келсе, із жасыру саясаты әрдайым жүзеге аса бермейді, ал біздің партияда сіз оны еш уақытта да жүзеге асыра алмайсыз. Жасырынбақ ойнаудың және орыс әдебиеті мен орыс социал-демократиясына назар аударып отыратын адамдардың қай-қайсысына да белгілі нәрседен бәлденіп құпиялық жасауға тырысудың керегі жоқ. Бірнеше буржуазиялық баспаның көмегімен біздің жария әдебиетімізді құдай жасампаздықты үнемі уағыздаушылықпен толтырып жүрген әдебиетші сыбайластар бар. Бұл сыбайластыққа Максимов та жатады. Бұл уағыз нақ осы соңғы бір жарым жылдың ішінде ғана, орыс буржуазиясына өзінің контрреволюциялық мақсаты үшін дінді жандандыру, дінге әуестікті күшейту, дін ойлап шығару, дінді халыққа сіңіру немесе оны халық арасында жаңаша нығайту *керек болған* кезде ғана үнемі жүргізілетін уағызға айналды.

Сондықтан құдай жасампаздықты уағыздау қоғамдық, саяси сипатқа ие болды. Революция дәуірінде кадетжандылығы үшін неғұрлым пысық меньшевиктерді бетінен сүйгені және мейірлене сүйгені сияқты, буржуазиялық баспасөз контрреволюция дәуірінде мыналардың ішінен — қалжыңдамаңыз!— марксистердің ішінен және тіпті «большевиксымақтардың» ішінен шыққан құдай жасампаздарды бетінен сүйіп және мейірлене сүйіп отыр. Ал большевизмнің ресми органы редакциялық мақалада большевизмнің мұндай уағызбен *жолы бір емес* деп мәлімдеген кезде (баспасөздегі бұл мәлімдеме көптеген хат жазып, ауызекі сөйлесу арқылы масқара уағызды тоқтатуға көндіруге тырысушылық іске аспағаннан кейін барып жасалды),— міне, осы кезде Максимов жолдас «Пролетарийдің» редакциясына формальды түрде жазбаша наразылық білдірді. Оны, Максимовты, Лондон съезі [54] сайлаған, сондықтан да оның «ие болған правосын» құдай жасампаздықтың масқара уағызынан ресми түрде бас тартуға батылы барған адамдар бұзып отыр. «Немесе, біздің фракциямыз құдай жасампаз әдебиетшілерге кіріптар дейсіз бе!» Бұл ескертпе редакцияда қызу талас болып жатқан кезде *Марат жолдастың* аузынан шығып кетті,— иә, иә, өзіне большевиктермен бірге болу керек пе немесе құдайшыл шақырымпаздармен бірге болу керек пе деген мәселені осы уақытқа дейін жақсылап шеше алмай жүрген, сондай қарапайым, игі тілекті, келіскіш, ақ көңіл Мараттың аузынан шығып кетті.

Әлде, мүмкін, мұның бәрі де «теріс мәліметтер» шығар, қайран, әділетсіз аласталған Максимов-ау? Құдай жасампаз әдебиетшілердің ешқандай сыбайластар тобы жоқ шығар, оларды Сіз ешбір қорғамаған боларсыз, «Жолымыз бір емес» деген мақалаға қарсы Сіз наразылық білдірмеген боларсыз? ә?

Құдай жасампаздық бағытқа қатысты «теріс мәліметтер» туралы Максимов жолдас жаңа фракцияның құрғалы жүрген *шетелдік мектебі* жөніндегі өзінің «Есебінде» айтады. Бұл «шетелдегі *тұңғыш* (курсив Максимовтікі) партия мектебін құруды» Максимов жолдас өте-мөте баса көрсетіп, бұл мәселеде жұртты

қатты алдап отырғандықтан да, атышулы «мектеп» туралы толығырақ тоқталуға тура келеді.

Максимов жолдас күйіне былай деп шағым айтады:

«Редакция («Пролетарийдің» редакциясы) тарапынан мектепке көмек көрсету былай тұрсын, керек десе тіпті оны бақылау ісін өз қолына алу жөнінде де бірде-бір әрекет жасалған жоқ; мектеп туралы қайдан алынғаны белгісіз жалған мәліметтерді тарата отырып, редакция бұл мәліметтерді тексеру мақсатымен мектептің ұйымдастырушыларына бірде-бір сұрау салған жоқ. Бүкіл осы іске редакцияның көзқарасы осындай болды».

Солай. Солай. «Керек десе тіпті мектепті бақылау ісін өз қолына алу жөнінде де бірде-бір әрекет жасалған жоқ...» Максимовтың иезуиттігі бұл сөзде өзін өзі әшкерелеуге дейін жеткен.

Бірінші Дума заманындағы ерогиндік жатақхананы еске түсіріңізші, оқушы. Отставкадағы земство бастығы (немесе жалпы осы тектес бір шені бар кавалер) Ерогин, «үкімет адамдарына» көмектеспек болып, басқа жақтан келген шаруа депутаттары үшін Петербургте жатақхана ұйымдастырды. Тәжірибесі жоқ деревня мужиктері астанаға келгенде Ерогиннің агенттері оларды қағып әкетіп, ерогиндік жатақханаға жіберіп отырды, әлбетте, мұнда олар «солшылдардың» теріс ілімдерін бекерге шығаратын, трудовиктерге қара күйе жағатын, т. т. істейтін, Думаның жаңа мүшелерін «нағыз орыстық» мемлекеттік кемеңгерлікке үйрететін *мектепке* тап болып жүрді. Бақытымызға қарай, Мемлекеттік думаның Петербургте болуы Ерогинді оз жатақханасын нақ Петербургте ұйымдастыруға мәжбүр еткені жақсы болған, ал Петербург — идеялық және саяси өмірдің әжептәуір ауқымды, ерікті орталығы болғандықтан, әлбетте, ерогиндік депутаттар көп ұзамай-ақ ерогиндік жатақханадан безіп, трудовиктердің лагеріне немесе дербес депутаттардың лагеріне көше бастады. Ерогин бастаған істен оның өзі де, үкімет те масқара болды.

Енді, оқушы өзіңіз байқап көріңізші, осындай ерогиндік жатақхана қайдағы бір шетелдік Петербургте ұйымдастырылып отырған жоқ, қайдағы бір шетелдік Царевококшайскіде ұйымдастырылып отыр ғой. Егер сіз осыны ойлап қарайтын болсаңыз, онда шақырымпаз-құдай жасампаз ерогиндер өздерінің Европамен таныстығын

нағыз орыс Ерогиннен гөрі құлау болып шығу үшін пайдаланғанына келісуге тиіс боласыз. Өздерін большевиктерміз деп атап жүрген адамдар өз кассасын,— біздің білуімізше, «Пролетарийді» басып шығарып, тарату шығынын өтеп отыратын бірден-бір жалпы большевиктік кассадан тәуелсіз кассасын,— жасады, өз агентурасын ұйымдастырды, «өздерінің» бірнеше үгітшісін Царевококшайскіге жіпаді, онда партиялық социал-демократиялық жұмысшылардың бірнешеуін алып барып, бұл (партиядан Царевококшайскіде жасырылған) ерогиндік жатақхананы «шетелдегі *тұңғыш* партия» (партиядан жасырылып отырғандықтан — партиялық болып отыр) «мектебі» деп жариялады.

Аласталған Максимов жолдас өзінің аластатылуын заңды ма немесе заңсыз ба деген мәселені (бұл мәселе туралы төменде айтамыз) барынша жанын сала көтеріп отырғандықтан, мынаны ескерте кетуге асығамыз: шақырымпаз-құдай жасампаз ерогиншілдердің қимыл-әрекетінде «заңға қарсы» ештеңе жоқ. Мүлде ештеңе жоқ. Бұл арада бәрі де әбден заңды. Партия ішіндегі пікірлестердің бірге топтасуы да заңды. Пікірлестердің касса жасап, ортақ бір насихат-үгіт орнын ашуды ойластыруы да заңды. Қазіргі кезеңде мұндай орынның формасы етіп, мысал үшін айтсақ, газетті алмай, «мектепті» таңдап алғысы келетіні де заңды. Бұл мектепті партия мүшелері ұйымдастырып жүргендіктен, мұндай орынның саяси және идеялық жауапкершілігін өз мойнына алатып біреу де болса, партияның белгілі бір ұйымы болып отырғандықтан, олардың мұны ресми түрде партиялық мектеп деп санауы да заңды. Егер... егер иезуиттік болмаса, егер екіжүзділік болмаса, егер нақ өз партиясын алдаушылық болмаса, онда бұл арада бәрі де әбден заңды және бәрі де өте жақсы болар еді.

Егер сіздер мектептің партиялығын жұрт алдында баса көрсетсеңіздер, яғни оның формальды заңдылығы туралы мәселемен ғана шектелсеңіздер, сөйтіп мектеп ашудың инициаторлары мен ұйымдастырушыларының *есімдерін атамасаңыздар,* яғни мектептің партиямыздағы *жаңа фракцияның* жұмыс орны ретіндегі идеялық-саяси бағыты туралы үндемесеңіздер, мұның өзі пар-

тияны алдағандық емес пе? «Пролетарий» редакциясында бұл мектеп туралы екі «қағаз» болды (редакция Максимовпен, міне, бір жылдан астам уақыт бойы «қағаздар» мен дипломатиялық ноталардың көмегі арқылы ғана қарым-қатынас жасап келеді). Бірінші қағазға тіптен қол қойылмаған, мүлде ешкім қол қоймаған — мұның өзі ағарту жұмысының пайдалылығы туралы және мектептер деп аталатын мекемелердің ағартушылық маңызы туралы айтылған жай пайымдау ғана. Екінші қағазға жалған біреулердің қолдары қойылған. Енді «шетелдегі тұңғыш партия мектебін» жұрт алдында дәріптеп баспасөзге жаза отырып, Максимов жолдас мектептің *фракциялық* сипаты туралы бұрынғысынша әдейі *үндемейді.*

Бұл иезуиттік саясат партияға зиянын тигізеді. Бұл «саясатты» біз әшкерелейміз. Мектеп ашудың инициаторлары мен ұйымдастырушылары *іс жүзінде* «Ер» (Москва шақырымпаздарының партия ішінде жұрттың бәріне белгілі көсемін —мектеп туралы рефераттар оқыған, шәкірттер мектебін ұйымдастырған және жұмысшылардың бірнеше үйірмелері лектор етіп сайлаған көсемін осылай деп атайық), Максимов, Луначарский, Лядов, Алексинский жолдастар *және* т. б. болды. Атап айтқанда, бұл жолдастардың қайсысының қандай роль атқарғанын, мектептің әр түрлі ресми мекемелерінде, оның «Советінде», оның «атқару комиссиясында», оның лекторлар коллегиясында, т. с. олардың қандай орын алғанын біз білмейміз және білуге құштар да емеспіз. Бұл сыбайластар тобын қайсыбір жеке реттерде «фракциялық емес» жолдастардың қайсысы толықтыра алатынын біз білмейміз. Мұның бәрі тіпті де маңызды емес. Біз былай дейміз: жаңа фракциялық орталық ретіндегі бұл мектептің *шын* идеялық-саяси бағытын нақ осы аталған адамдар *анықтайды,* ал мұны партиядан жасырып, Максимов иезуиттік саясат жүргізіп отыр. Жаман нәрсе партияда жаңа фракциялық орталықтың пайда болғандығы емес,— фракцияшылдыққа қарсы арзан айғаймен өздеріне саяси капиталсымақ табудан қашпайтын адамдардың қатарына біз тіпті де жатпаймыз,— қайта, партия ішінде ерекше сарынға айналған-

дықтан оның ерекше түрде көрінуге мүмкіндік алғанының өзі-ақ жақсы. Жаман нәрсе болып отырғаны — партияның алдануы және, ағарту орнының қай-қайсысына болсын тілектес болатыны сияқты, *мектеп* атаулыға да тілектес — бұл өз-өзінен түсінікті — жұмысшылардың да алдануы.

Максимов жолдастың «Пролетарийдің» редакциясы «тіпті» *(«тіпті»!)* «мектепті бақылау ісін өз қолына алғысы» келмеді деп жұрт алдында шағым етуі екіжүзділік емес пе? Тек ойлап қараңыздаршы: *1908* жылы июньде Максимов жолдас «Пролетарийдің» шағын редакциясынан шықты, сонан бері большевиктік фракцияда ішкі күрес *мың* түрлі формада үздіксіз дерлік жүргізіліп келеді: Алексинский — шетелде, «Ер» және К^0—шетелде және Россияда Максимовқа ілесіп «Пролетарийге» қарсы бүкіл шақырымпаздық-құдай жасампаздық мүләйім ақымақтықты мың құбылтып қайталап жүр. Максимов «Жолымыз бір емес» деген мақалаға қарсы жазбаша және формальды түрде наразылық білдіреді; партиядағы істің жайын тек дақпырт арқылы ғана білетіндердің бәрі де большевиктерде сөзсіз болатын жікке бөлінушілік туралы сөз етіп жүр *(меньшевик Данның* 1908 жылы декабрьдегі Бүкіл россиялық конференцияда ресми жиналыста баршаға естірте: «ал қазір Ленинді большевизмге опасыздық жасады деп большевиктердің кінәлап жүргенін кім білмейді» деп мәлімдегенін айта кетудің өзі-ақ жеткілікті!),— ал Максимов жолдас бейкүнә адамға ұқсап, тіпті ешбір кінәсы жоқ нәрестеге ұқсап, аса құрметті жұртшылықтан: құдай жасампазшылардың Царевококшайскідегі партия мектебін бақылау ісін «Пролетарийдің» редакциясы «тіпті» өз қолына алғысы келмеген себебі не? деп сұрайды. Мектепті «бақылау»! «Пролетарийдің» жақтастары Максимовтың, Луначарскийдің, Алексинскийдің және К^0-нің лекцияларында қатысып отыратын *«инспекторлар»* ретінде болуға тиіс!! Осындай лайықсыз, масқара комедияны ойнаудың не керегі бар? Немененеге керек? Жаңа фракциялық орталықтың идеялық басшылары мен дем берушілерін тура және ашық мойындаудың орнына, «мектептің» еш нәрсені көрсете ал-

майтын «программалары» мен «есептерін» жіберу арқылы жұрттың көзін бояудың не керегі бар!

Неменеге керек? — бұл сұраққа біз қазір жауап береміз, ал әзірше мектеп жөніндегі мәселені аяқтайық: Царевококшайск Петербургке сыя алады және Петербургке ауыса алады (ең болмағанда оның көпшілік бөлегі), бірақ Петербург Царевококшайскіге сыя да алмайды, Царевококшайскіге ауыса да алмайды. Жаңа партия мектебі оқушыларының жігерлірректері, дербес қимылға қабілеттілері өрісі тар жаңа фракциядан кең өрісті партияға қарай, шақырымпаздар мен құдай жасампаздардың «ғылымынан» жалпы социал-демократизм ғылымына қарай, атап айтқанда, большевизм ғылымына қарай өздеріне жол таба алады. Ал кімде-кім ерогиндік ағарту ісімен шектеліп қалғысы келсе, оған еш нәрсе істей алмайсың. Қандай көзқарастағы жұмысшылар болса да, олар шетелдік Царевококшайскіден шетелдік Петербургке көшкісі келетін (немесе барып қайтқысы келетін) болса және большевизмнің көзқарастарымен танысқысы келетін болса, онда «Пролетарийдің» редакциясы олардың *бәріне де барынша* көмек көрсетуге дайын және көмек көрсетеді де. Ал «шетелдегі *тұңғыш партия* мектебін» құрушылар мен оның инициаторларының екіжүзділік саясатын біз бүкіл партия алдында әшкерелейміз.

V

Біз: Максимовтың осы екіжүзділігінің бәрі неге керек — деген сұрақ қойдық та, бұл сұраққа жауап беруді мектеп туралы әңгімені аяқтағанға дейін кейінге қалдырдық. Бірақ, турасын айтқанда, бұл арада анықтауға лайықтысы «неге керек?» деген сұрақ емес, керісінше, «неліктен?» деген сұрақ. Жаңа фракцияның барлық мүшелері әдейі белгілі бір мақсатты көздеп, екіжүзділік саясат жүргізіп отыр деп ойлау жаңсақ болар еді. Жоқ. Мәселе былай болып отыр: екіжүзділік саясатты туғызатын себептер (шақырымпаздар мен құдай жасампаздардың көпшілігі мойындамайтын) бұл фракцияның жай-күйінің өзінде, оның бой көрсетуі мен оның әрекет жасау жағдайларында болып отыр.

Екіжүзділік жамандықтың жақсылыққа қайтарған қарымы деп айтылғалы қашан. Бірақ бұл нақыл адамның жеке басының моралiне байланысты айтылған. Идеялық-саяси бағыттар жөнінде мынаны айту керек: екіжүзділік дегеніміз ашықтан-ашық, тікелей бой көрсетуге өзінің әлсіздігін сезінетін іштей әр текті, кездейсоқ табысқан, ала-құла элементтерден құралған топтардың жармаса кететін бүркеніші.

Жаңа фракцияның осы бүркеншікке жармаса кетуі оның құрамының қандай екенін көрсетеді. Құдайшыл шақырымпаздар фракциясының штабы болып отырғандар — танылмаған философтар, мазақ болған құдай жасампаздар, анархистік жетесіздігі, революциялық қызыл сөзге әуестігі әйгіленген шақырымпаздар, шатасып болған ультиматистер, ақырында, «революция аралық» заман жағдайлары мен міндеттеріне сай келетін, елеусіз, қарапайым, сырттай қарағанда көзге түсіп, «жарқырамайтын» революциялық социал-демократиялық жұмысқа көшуді өз бойына мін көрген және пұсқаушылар мектептері мен топтары жөнінде... айтылған «жарқын» сөздерімен 1909 жылы Максимов жарылқап отырған жасақшылар (біздің бақытымызға қарай, большевиктік фракцияда бұлар аз ғана). Қазіргі сәтте бұл әркелкі элементтерді мықтап топтастырып отырған бірден-бір нәрсе — «Пролетарийге» деген өршеленген өшпенділік; «Пролетарийге» мұндай өшпенділіктің болуы орынды да, өйткені ол — осы элементтердің өздерін көрсетуге тырысқан әрекеттерінің *бірде-бірі* немесе өздерін жанамалап болса да танытуға, немесе өздерін аз да болса қорғатып, тасалауға тырысқан әрекеттерінің бірде-бірі «Пролетарийде» *еш уақытта да үзілді-кесілді тойтарыс алмай қалмағандықтан* туған өшпенділік.

«Пролетарий» өзінің әрбір номерінде, әрбір редакциялық жиналысында, партия өмірінің кезекті мәселелерінің бәрі жөніндегі әрбір материалында бұл элементтерге: «үмітті мүлде үзіңіздер» деп келді.

Ал кезектегі мәселелер (біздің революция мен біздегі контрреволюцияның объективті даму жағдайларының әсерінен туған) әдебиет саласында — құдай жасампаздық және марксизмнің теориялық негіздері, ал саяси

жұмыс саласында — III Думаны және үшінші Дума трибунасын социал-демократияның пайдалануы жайындағы мәселелер болып шыққан кезде,— міне, сол кезде бұл элементтер топтасты да, табиғи және болмай қалмайтын дүмпу бұрқ ете түсті.

Дүмпулердің бәрі сияқты, бұл дүмпу де бірден болды,— бірден болғанда, тенденциялардың ерте байқалмағандығы мағынасында, ол тенденциялардың жеке көріністері болмағандығы мағынасында емес,— әркелкі тенденциялардың, оның ішінде саясаттан тым аулақ жатқан тенденциялардың да, саяси жағынан топтасуы кенеттен дерлік жүзеге асуы мағынасында бірден болды. Сондықтан қалың жұрт, әрқашанғы әдеті бойынша, жаңадан жікке бөлінушілікті ең алдымен *тоғышарлық* тұрғыдан түсіндірушілікке, мұны қайсыбір басшының қандай болсын бір жаман қасиеттерінен, шетел мен үйірмешілдіктің және басқалардың әсерінен деп түсіндірушілікке, т. т. бой ұруға бейім болып отыр. Объективті жағдайлар себепті шетелдің лажсыздан барлық орталық революциялық ұйымдардың әрекет жасау базасының орны бола отырып, жікке бөлінудің *формасына* өзінің әсерін тигізгені күмәнсыз. Бұл *формаға өзінің бір бүйірімен* социал-демократияға кіретін әдеби үйірме ерекшеліктерінің де әсері тигені күмәнсыз. Біз тоғышарлық тұрғыдан түсіндірушілік деп жікке бөлінудің формасынан, сылтауларынан, «сыртқы тарихынан» басқа еш нәрсені түсіндіре алмайтын осы жағдайларды есепке алуды айтып отырғанымыз жоқ, қайта келіспеушіліктің *идеялық-саяси* негіздерін, себептері мен түптамырларын түсінгісі келмеушілікті немесе түсіне алмаушылықты айтып отырмыз.

Бұл негіздерді жаңа фракцияның түсінбеушілігі сонымен қатар оның ізін жасырып, шақырымпаздықпен *тығыз* байланысы бар екенін, т. т. мойындамай ескі бүркеншке жармаса кетуіне де түрткі болып отыр. Бұл негіздерді түсінбеу жаңа фракцияның тарапынан *жікке бөлінуді тоғышарлық тұрғыдан түсіндіруді, тоғышарлық тілектестікті пайдаланып жалдаптық жасауды* туғызып отыр.

Шынында да, Максимов және К⁰ өздерінің «қуылған-

дығы», өздерінің «аласталғандығы» жайында қазір жұрт алдында жылап-сықтап отырғандығы тоғышарлық тілектестікке дәмеленген жалдаптық емес пе? Құдай үшін, жазықсыз қуылғандарға, әділетсіз аласталғандарға рақым етіп, тілектестік білдіріңіздер... Мұндай әдістің *тоғышарлық* тілектестікке қатесіз сенім артқандығын мынадай ерекше факт дәлелдейді: *тіпті* Плеханов жолдас та, құдай жасампаздықтың қандайының болсын, «жаңа» философияның қандайының болсын, шақырымпаздық пен ультиматизмнің, т. т. қандайының болсын дұшпаны *тіпті* Плеханов жолдас та Максимовтың қыңқылдауын пайдаланып, құдай үшін рақым етіп, тілектестік білдірді, сөйтіп осы жағдай жөнінде большевиктерді тағы және тағы да «тас жүректер» деп балағаттады (Плехановтың «Дневник Социал-Демократасын» қараңыз, август, 1909). Егер Максимов тілемсектеніп тіпті Плехановтың да тілектестік ниетінен қайыр-садақа сұрап алып отырған болса, онда мейірбан, ақ ниетті, қарапайым шақырымпаздар мен құдай жасампаздарды «қуғандық» және «аластағандық» жайында социал-демократияның ішіндегі және социал-демократияны төңіректеп жүрген тоғышар элементтердің Максимовқа тілектестік ниет білдіріп қаншама көз жасын төгетіндігін, оқушы, өзіңіз біле берерсіз.

Максимов жолдас «қуғандық» және «аластағандық» туралы мәселені формальды жағынан да, істің мәні жағынан да *талдап жасауда.* Енді осы талдап жасаудың не екенін қарастырып көрейік.

Формальды жағынан алып қарағанда Максимовты аластау «заңға қайшы», сондықтан да «біз бұл аластауды мойындамаймыз», өйткені Максимовты «большевиктік съезд, яғни партия съезінің большевиктік бөлегі сайлаған» — дейді бізге аласталғандар. Максимов пен Николаевтің листогін оқығанда жұрт ауыр айыптауды («заңға қайшы аластауды») көреді, бірақ іс туралы пікірге келу үшін айыптаудың дәлме-дәл тұжырымын да, материал да ала алмайды. Ал белгілі жақтың шетелде жікке бөлінушілік болған реттердегі дағдылы тәсілі нақ мынадай ғой: принципті келіспеушілікті көлеңкелеп, оны бүркемелеу, идеялық таластар жайында үндемеу,

өздерінің идеялық достарын жасыру және жұрт анық түсіне бермейтін және егжей-тегжейіне дейін жете түсінуге правосы да жоқ ұйымдық жанжалдар туралы көбірек айқай-шу көтеру. Рабоче-делошылдар 1899 жылы осылай істеді, олар ешқандай «экономизм» жоқ, ал Плеханов болса баспахананы ұрлап алды деп байбалам салды. Меньшевиктер 1903 жылы осылай істеді, олар бізде рабоче-делошылдыққа қарай ешқандай бет бұрыс жасалып отырған жоқ, ал Ленин болса Потресовты, Аксельродты және Засуличті, т. т. «қуып шықты» немесе «аластады» деп байбалам салды. Шетелде жүргендер ішінен ұрыс-керісті, даурықпаны ұнататын адамдарды тарту үшін жалдаптық жасаушылар осылай істейді. Шақырымпаздық та жоқ, құдай жасампаздық та жоқ, тек *«бүкіл фракцияның мүлкін» «өзінің толық қарамағында қалдырғысы»* келетін «редакция көпшілігінің» Максимовты «заңға қайшы аластауы» ғана болып отыр,— мырзалар, біздің арамызға келіп жайғаса кетіңіздер, біз сіздерге бұл жөнінде не қызықтың бәрін баяндап береміз дейді...

Максимов пен Николаев жолдастар, бұларыңыз ескі тәсіл! Мұндай тәсілге жармасатын саясатшылардың мойны үзілмей қалмақшы *емес.*

Біздегі «аласталғандардың» «заңға қайшылық» жайлы айтып жүрген себебі — олар «Пролетарийдің» редакциясын большевиктік фракцияның тағдыры туралы және оның жікке бөлінуі туралы мәселені шешуге правосы жоқ деп есептейді. Өте жақсы, мырзалар. Егер «Пролетарий» редакциясының және Лондон съезінде Орталық Комитеттің мүшесі және Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланған 15 большевиктің большевиктік фракция болуға правосы жоқ болса, онда мұны жалпы жұртқа естірте мәлімдеп, бұл жарамсыз өкілдікті құлату немесе қайта сайлау үшін науқан жүргізуге сіздердің толық мүмкіндіктеріңіз бар. *Ал сіздер мұндай науқанды жүргіздіңіздер де,* тек бірнеше рет біраз сәтсіздікке ұшырағаннан кейін ғана шағым айтып, күңкілдеуді артық көрдіңіздер. Максимов пен Николаев жолдастар, сіздер большевиктердің съезі немесе конференциясы туралы мәселе көтерген екенсіздер, онда сіз-

дер «Ер» жолдастың *бұдан бірнеше ай бұрын* «Пролетарийге» сенімсіздік көрсету туралы және большевиктердің жаңа идеялық орталығын сайлау үшін большевиктердің конференциясын шақыру туралы қарар жобасын Москва комитетіне ұсынып та қойғанын жұртқа неге айтпадыңыздар?

Қайран, әділетсіз аласталғандар-ау, бұл туралы сіздер неге үндемей қалдыңыздар?

«Ер»-дің қарарына оның өзінен басқалардың бәрі қарсы дауыс беріп, қабылданбай қалғандығы туралы сіздер неге үндемедіңіздер?

1908 жылдың күзінде бүкіл Петербург ұйымында, оның төменгі ұйымдарына дейін, большевизм ішіндегі екі ағымның, шақырымпаздар мен шақырымпаздыққа қарсылардың, платформалары бойынша күрес болғандығы туралы, оның бер жағында шақырымпаздардың жеңіліп қалғандығы туралы сіздер неге үндемедеңіздер?

Максимов пен Николаев жұрт алдында күңкілдеп қалғысы келеді, өйткені олар Россияда сан рет жеңіліске ұшырады. «Ер»-дің де, петербургтік шақырымпаздардың да ешбір конференцияны күтпей-ақ және өз платформаларын бүкіл партия алдында *жарияламай-ақ*, большевизмге қарсы ең төменгі ұйымдарға дейін күрес жүргізуге правосы болды.

Бірақ 1908 жылдың июнінен бастап шақырымпаздыққа қарсы ашық соғыс жариялаған «Пролетарий» редакциясының бір жыл күрестен кейін, бір жыл айтыстан кейін, бір жыл кикілжіңнен, жанжалдардан, т. т. кейін, Россияның облыстарынан үш делегатты және кеңейтілген редакцияның шетелдік қақтығыстардың бірде-біріне қатыспаған бірнеше орыс мүшесін шақырып алғаннан кейін *бар нәрсені* айтуға, *Максимовтың редакциядан бөлініп шыққандығын* айтуға, большевизмнің шақырымпаздыққа, ультиматизмге және құдай жасампаздыққа ешқандай қатысы жоқ екендігін айтуға правосы болмады ма?

Екіжүзділікті қойыңыздар, мырзалар! Сіздер өздеріңізді ерекше күшті деп есептеген жерде күрестіңіздер, сөйтіп жеңіліп қалдыңыздар. Сіздер большевиктердің ресми орталығының шешіміне қарамастан және ешқан-

дай ерекше конференцияны күтпестен шақырымпаздықты бұқараға тараттыңыздар. Ал енді келіп сіздер күңкілдеп, шағым айтуға кірістіңіздер, өйткені кеңейтілген редакцияда, облыстардан делегаттар қатысқан Кеңесте адам күлерліктей тым азшылық болып шықтыңыздар!

Біздің алдымыздан тағы да шетелдегілердің айна-қатесіз рабоче-делолық амал-айласы: толық демократия үшін жағдай жоқ кезде «демократия» ойынын ойнау,— «шетелге» қандай да болсын наразылық туғызуды көздеп жалдаптық істеу және сонымен қатар нақ сол шетелден («мектеп» арқылы) өзінің шақырымпаздық-құдай жасампаздық насихатын жүргізу,— большевиктердің арасында жікке бөлінушілікті бастап, артынан жікке бөлінушілік туралы көз жасын төгу,— өзінің фракциясын ұйымдастыру («мектепті» бүркеніш ете отырып), сөйтіп «Пролетарийдің» «жікке бөлінушілік» саясаты жөнінде екіжүзділікпен көз жасып көл ету шыға келіп отыр.

Жоқ, енді осы ұрыс-керіс жетер! Фракция дегеніміз партия ішіндегі *пікірлестердің* ерікті одағы, сондықтан бір жылдан аса уақыт бойы жүргізілген күрестен кейін, Россияда да, шетелде де жүргізілген күрестен кейін, біз үзілді-кесілді қорытынды жасауға толық праволы болдық, біз осылай етуге міндетті болдық. Біз оны жасадық та. Сіздердің бұған қарсы күресуге, өз платформаларыңызды ұсынуға, көпшілікті оның жағына тартуларыңызға толық праволарыңыз бар. Егер сіздер мұны істемейтін болсаңыздар, егер сіздер шақырымпаздармен ашық одақ жасасудың орнына және ортақ платформа ұсынудың орнына жасырынбақ ойнасаңыздар және арзан қолды шетелдік «демократизм» арқылы жалдаптық жасай берсеңіздер,—онда сіздер мұның есесіне өздеріңізге лайық жек көрінішке ғана ие боласыздар.

Сіздер екі жақты айла-шарғы жасап отырсыздар. Бір жағынан, сіздер «Пролетарий» тұтас бір жыл бойы «түгелдей» большевиктік емес бағыт ұстап келеді деп жариялайсыздар (ал сіздердің Россиядағы жақтастарыңыз мұндай көзқарастарды Петербург комитеті мен Москва комитетінің қарарларына енгізуге *сан рет* әрекеттенді). Екінші жағынан, сіздер жікке бөлінушілік туралы жы-

лап-сықтайсыздар, сөйтіп «аластауды» мойындаудан бас тартасыздар. Бір жағынан, сіздер *іс жүзінде* барлық мәселелер жөнінде шақырымпаздармен және құдай жасампаздармен қоян-қолтық бірге жүресіздер, екінші жағынан — сіздер олардан безіп, өздеріңізді большевиктерді шақырымпаздармен және құдай жасампаздармен келістіргісі келетін ымырашылдар іспетті көрсетпек боласыздар.

«Үмітті мүлде үзіңіздер»! Сіздердің өз жақтарыңызға көпшілікті тартып алуларыңызға болады. Большевиктердің жетілмеген бөлегі арасында сіздердің қалаған жеңістеріңізге жетулеріңізге болады. Біз ешқандай ымыраға бармаймыз. Өз фракцияларыңызды құрыңыздар, дәлірек айтқанда: фракцияларыңызды құра беріңіздер, мұның өзін сіздер қазірдің өзінде-ақ істей бастадыңыздар, бірақ партияны алдамаңыздар, большевиктерді алдамаңыздар. Дүниеде ешқандай конференция, ешқандай съезд большевиктерді енді шақырымпаздармен, ультиматистермен және құдай жасампаздармен ымыраға келтіре алмайды. Әрбір социал-демократ большевик және әрбір саналы жұмысшы үзілді-кесілді және батыл түрде бір жағына шығуы тиіс деп айтқанбыз, солай деп тағы да қайталап айтамыз.

VI

Жаңа фракция өзінің идеялық туысын бүркемелей отырып, өзінің нағыз платформасын жайып салудан қорқып, өзінің идеялық қазынасындағы кенделікті ескі жікке бөлінушіліктердің қазынасынан *сөздерді* алып пайдалану арқылы толтыруға тырысады. Максимов пен Николаев жаңа «Искраға» қарсы ескі күреске еліктеп, «Жаңа Пролетарий», «жаңа пролетарийлық бағыт» деп байбалам салады.

Бұл — кейбір саяси нәрестелерді ғана таң қалдыра алатын айла.

Бірақ сіздер тіпті ескі сөздердің өзін де қайталай білмейсіздер, мырзалар. «Жаңа «Искраға» қарсы» деген ұранның «түйіні» мынада болатын: меньшевиктер «Искраны» қолдарына алғаннан кейін, жаңа бағытты өздері бастауға *тиіс болды,* ал съезд (1903 жылғы

РСДРП II съезі) нақ ескі «Искраның» бағытын бекіткен еді[55]. Мұның «түйіні» мынада болды: меньшевиктердің (1903—1904 жылдары Троцкий айтқан) ескі және жаңа «Искраның» арасында түпсіз тұңғиық жатыр деп жариялауына тура келді. Сондықтан Потресов және К^0 осы уақытқа дейін ескі «Искра» алға бастаған заманның қалдырған «ізін» өздерінің бойынан сыпырып тастауға тырысумен келеді.

Қазір «Пролетарийдің» 47-номері шығып отыр. Бұдан дәл үш жыл бұрын, 1906 жылғы августа, бірінші номері шыққан еді. «Пролетарийдің» 1906 жылғы 21 август деп белгіленген бұл *бірінші* номерінде *«Бойкот туралы»* деген *редакциялық* мақала бар, ал бұл мақалада: *«Дәл қазір революцияшыл социал-демократтардың бойкотшылар болуды қоятын кезі туды»** деп тайға таңба басқандай анық жазылған. Сонан бері «Пролетарийдің» «бойкотизмнің» (1906 жылдан кейін), шақырымпаздықтың және ультиматизмнің пайдасына жазылған *ең құрығанда бір жолы, большевизмге* мұндай *карикатура жасауды* теріске шығармаған бірде-бір номері болған емес. Ал енді келіп карикатуралық большевиктер өздерін ең әуелі ескі «Искраның» үш жылдық науқанын жүргізіп, оның бағытын партияның II съезінде бекітіп, ал *онан кейін* жаңа «Искраның» бұрылып кеткенін көрсеткен адамдармен теңестіруге әрекеттеніп, әлек болады.

Максимов жолдас «Римді сақтап қалған қаздар» едіміс дегенді оқушының есіне салу ниетімен қазір «жұртшылыққа көп тараған жұмысшы газеті «Впередтің» бұрынғы редакторы» — деп қол қояды. «Вперед»[56] газетінің бағытына Сіздің көзқарасыңыз,— деп жауап береміз біз Максимовтың бұл еске салуына,— Потресовтың ескі «Искраға» көзқарасы қандай болса, нақ сондай. Потресов ескі «Искраның» редакторы болды, бірақ Потресов оны басқарған жоқ, қайта ескі «Искра» Потресовты басқарды. Потресов бағытын өзгерткісі келісімен-ақ ескі искрашылдар одан сырт айналып кетті. Ал енді Потресовтың өзі де «жастықтың күнәсынан», ескі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 13-том, 378-бет. *Ред.*

«Искраның» редакторлығына қатысқандығынан арылсам деп жанталасып жүр.

«Вперед» газетін Максимов басқарған жоқ, қайта «Вперед» газеті Максимовты басқарды. Дәлел мынау: III Думаға бойкот жасау, мұны жақтап «Вперед» газеті *бір ауыз* сөз айтқан жоқ және айта да алмайтын. «Вперед» газетінің жетегіне көніп Максимов өте дұрыс және жақсы істеді. Қазір Максимов өзін, Потресов сияқты, батпаққа батуға қалайда әкеп соқтыртпай қоймайтын *бағыт* ойлап шығара бастады (немесе, бәрібір, шақырымпаздардың ойлап шығаруына көмектесе бастады).

Бұл есіңізде болсын, Максимов жолдас: теңестіруге негіз етіп кейбіреулер мағынасын түсінбей, *жаттап алып жүрген* «сөздерді», «ұрандарды» алмай, идеялық-саяси бағыттың тұтастығын алу керек. Большевизм үш жыл ішінде, 1900—1903 жылдары, ескі «Искра» жолын жүргізді, сөйтіп меньшевизмге қарсы күреске тұтас бағыт ретінде шықты. Меньшевиктер Прокоповичке Потресовты (тек жалғыз ғана Потресов па екен?) бергенге дейін өздері үшін жаңа болып көрінген одақпен, антиискрашылдармен, рабоче-делошылдармен ұзақ уақыт шатасты. Большевизм «бойкотизмге», т. с. қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу рухында *ескі* «Пролетарий» (1906—1909 жж.) жолын жүргізді, сөйтіп қазір «шақырымпаздықты», «ультиматизмді», «құдай жасампаздықты», т. с. ойлап шығарып жүрген адамдарға қарсы күреске тұтас бағыт ретінде шықты. Меньшевиктер ескі «Искраны» Мартынов пен «экономистердің» рухында түзетпек болды — сөйтіп осынысымен өздерінің мойнын үзіп алды. Сіз ескі «Пролетарийді» «Ер», шақырымпаздар мен құдай жасампаздар рухында түзеткіңіз келеді екен — мұныңызбен сіз де мойныңызды үзесіз.

Ал «Плехановқа қарай бет бұрыс» ше,— деп мәз болады Максимов. Ал «жаңа фракция орталығының» құрылуы ше? Сөйтіп, ««орталықтың» идеяларының жүзеге асырылуы айтылып отыр»-мыс дегенді «теріске шығаруды» біздің «большевиксымақ» «дипломатия» деп жариялайды!

Максимовтың «дипломатияға» қарсы және «Плехановпен бірігуге» қарсы бұл байбалам салуы — күлкі етуге тұрарлық байбалам. Карикатуралық большевиктер бұл арада да көргенінен жазбайды: Плехановтың 1906—1907 жылдары архиоппортунистік саясат жүргізгендігін олар мықтап *жаттап алған*. Сөйтіп олар, егер мұның өзін, болып жатқан өзгерістерді ұқпастан, жиі-жиі айта берсе, онда бұл неғұрлым «революцияшылдықты» білдіреді деп ойлайды.

Шын мәнінде «Пролетарийдің» «дипломаттары», Лондон съезінен бастап фракцияшылдықты карикатура жасап асыра көрсетуге қарсы партиялық саясатты, марксизмді сынауға қарсы марксизмді қорғау саясатын ашық түрде үнемі жүргізіп келді және оны жүзеге асырды. Ал Максимовтың қазіргі байбаламының екі жақты негізі бар: бір жағынан, большевизм бағытын «ымырашылдық» бағытпен, «поляк-латыш» бағытымен, т. с. ауыстыруды жақтаған жеке большевиктер (мәселен: Алексинский) Лондон съезінен бастап әрқашан болып келді. Ойдың топастығын ғана көрсететін осы мүлде ақымақтық сөздерге большевиктер шындап сирек құлақ асты. Екінші жағынан, Максимов кіретін және социал-демократияга әрдайым тек бір бүйірімен ғана жанасатын әдеби сыбайластар өздерінің құдай жасампаздық, т. с. тенденцияларының басты дұшпаны деп ұзақ уақыт бойы Плехановты есептеп келді. Бұл сыбайластар үшін Плехановтан қорқынышты ештеңе жоқ. Өз идеяларын жұмысшы партиясына сіңіру жөніндегі *оның* үмітін «Плехановпен бірігуден» басқа күштірек талқандайтын еш нәрсе жоқ.

Сөйтіп, осы екі түрлі элемент: большевиктік фракцияның партия құру жөніндегі міндеттерін түсінбейтін топас фракцияшылдық пен құдай жасампаздардың және құдай жасампаздықты қанатының астына алушылардың әдеби-үйірмелік элементтері — енді «Плехановпен бірігуге» *қарсы*, «Пролетарийдің» «ымырашыл», «поляк-латыш» бағытына және т. с. қарсы «платформада» топтасып отыр.

Плеханов «Дневнигінің» жарыққа шыққан 9-номері карикатуралық большевиктердің бұл «платформасы-

ның» түгелдей карикатураға ұшырағандығын оқушыға мейлінше егжей-тегжейлі түсіндіру қажеттігінен бізді құтқарады. Плеханов «Голос Социал-Демократадағы» жойымпаздықты, оның редакторларының дипломатиясын әшкерелеп, революционер болудан қалған Потресовпен өзінің «жолы бір емес» екенін жариялады. *Жұмысшы* меньшевиктердің Потресовқа қарсы Плехановтың соңынан еретіндігі енді қай социал-демократқа болса да анық. Меньшевиктердің арасындағы жікке бөлінушілік большевиктер бағытының дұрыстығын дәлелдейтіні кімге болса да анық. Плехановтың жойымпаздардың жікке бөлінушілігіне қарсы *партиялық* бағытты жариялауы партияда қазір басым жағдайға ие болып отырған большевизмнің *орасан зор* жеңісі болып табылатындығы кімге болса да анық.

Большевизмнің мұндай орасан зор жеңіске жеткен себебі — ол өзінің партиялық саясатын «солшыл» тоғышарлар мен құдай жасампаз әдебиетшілердің байбаламына *қарамастан* жүргізді. Потресовтарды әшкерелеп, жұмысшы партиясынан қуып шығарып отырған Плехановпен жақындасудан тек *осы* адамдар ғана қорқа алады. «Плехановпен бірігуге қарсы», *яғни* жойымпаздықпен күресу үшін партиялық меньшевиктермен жақындасуға қарсы, ортодокс марксистермен жақындасуға қарсы (мұның өзі әдебиетшілердің ерогиндік сыбайластарына тиімді емес), революциялық социал-демократиялық саясат пен тактика үшін партияның бұдан былай да жеңіске жетуіне қарсы «платформа» құдай жасампаздық үйірменің немесе жаттанды сөз сабаздарының сасық батпағында ғана табысқа жете алады.

Біздер, большевиктер, бұл сияқты жеңіске жету ісіндегі ұлы табыстарды көрсете аламыз. Роза Люксембург пен Карл Каутскийді — орыстарға арнап жиі жазатын, сондықтан да біздің партияға кіретін социал-демократтарды — жікке бөлінудің бас кезінде (1903 ж.) олардың тілектестік ниеті түгелдей меньшевиктер жағында болғанына қарамастан, біз идея жүзінде өз жағымызға тартып алдық. Олардың біздің жағымызға шыққан себебі — большевиктер марксизмді «сынаушылықты» еркінсітіп жіберген жоқ, большевиктер *өзінің,*

қайткенде де *өзінің*, фракциялық теориясының әрпін қорғаған жоқ, революциялық социал-демократиялық тактиканың жалпы рухы мен мағынасын қорғады. Біз алдағы уақытта да осы жолмен жүреміз, әріп кеміретін шолақ ойлылыққа және жаттанды құрғақ сөздермен әулекілік ойын ойнауға қарсы, әдебиетшілердің құдай жасампаздық үйірмесінің теориялық ревизионизміне қарсы бұдан да гөрі аяусыз соғысамыз.

Орыс социал-демократтарында қазір екі түрлі жойымпаздық ағым: потресовтық және максимовтық ағымдар көрініп отыр. Потресов социал-демократиялық партиядан қорқуға мәжбүр болып отыр, өйткені *оның* ұстаған бағытының партияда бұдан былайғы жерде жүргізілуінен үміт жоқ. Максимов социал-демократиялық партиядан қорқуға мәжбүр болып отыр, өйткені *оның* ұстаған бағытының партияда жүргізілуінен енді үміт жоқ. Мұның екеуі де марксизмдегі ревизионистіктің айрықша түрі болып отырған ерекше әдеби үйірмелердің теріс қылықтарын шындық пен өтірікті сапырылыстыра жақтап, бүркейтін болады. Мұның екеуі де партиялыққа қарсы үйірмешілдік рухты сақтауға үміттің ең ақырғы елесіндей жармасатын болады, өйткені топастау меньшевиктердің іріктелген сыбайластары арасында Потресовтың кей кезде әлі жеңіске жетуі мүмкін, большевиктердің іріктелген топастау үйірмелері Максимовты әлі де болса кейде даңқ тұғырына шығаруы мүмкін, бірақ бұл екеуінің бірде-бірі марксистердің арасында да, шын социал-демократиялық жұмысшы партиясында да ешқашан баянды орынға ие бола алмайды. Бұлардың екеуі де социал-демократиядағы бірбіріне қарама-қарсы тұрған, бірақ бірін-бірі өзара толықтыратын, екеуі бірдей өресіз ұсақ буржуазиялық тенденциялар болып табылады.

VII

Біз жаңа фракция штабының қандай екенін көрсеттік. Оның армиясы қайдан толықтырылуы мүмкін? Революция кезінде жұмысшы партиясына келіп қосылған буржуазиялық-демократиялық элементтерден то-

лықтырылады. Пролетариат қай жерде болмасын және қай уақытта болмасын ұсақ буржуазиядан толықтырылады, қай жерде болмасын және қай уақытта болмасын ұсақ буржуазиямен мыңдаған өтпелі баспалдақтар, межелер, сарындар арқылы байланысып жатады. Жұмысшы партиясы тым тез өскен кезде (бізде 1905—1906 жылдары осылай болды), ұсақ буржуазиялық рух бойына сіңген толып жатқан элементтердің партияға кіріп кетуі сөзсіз. Ал мұнда тұрған ешбір жаманшылық жоқ. Пролетариаттың тарихи міндеті — ескі қоғамның ұсақ буржуазиядан шыққандар түрінде пролетариатқа мұра етіп қалдыратын барлық элементтерін өз бойына сіңіру, қайта үйрету, қайта тәрбиелеу. Бірақ бұл үшін пролетариат ұсақ буржуазиядан шыққандарды қайта тәрбиелеуге тиіс, пролетариатқа олар әсер етпей, қайта пролетариат оларға әсер етуге тиіс. Тіпті таза буржуазиялық интеллигенцияның да басын айналдырған елігу, мейрам күндерінде, айқын ұрандар күндерінде, пролетариаттың жеңіске жеткен күндерінде «бостандық күндеріндегі социал-демократтардың» көбісі-ақ алғаш рет социал-демократ болып, *байыптылықпен үйрене* бастады, марксизмді үйрене бастады, ұстамды пролетарлық жұмысқа үйрене бастады,— олар қай уақытта болмасын социал-демократ, марксист болып қала береді. Басқа біреулері пролетариат партиясынан бірнеше жаттанды сөзден басқа, жаттанды «айқын» ұрандардан басқа, «бойкотизм», «жанкештілік» және т. г. туралы бірер құрғақ сөзден басқа еш нәрсе үйреніп үлгірмеді немесе үйрене білмеді. Мұндай элементтер өздерінің «теорияларын», өздерінің дүниеге көзқарасын, яғни өздерінің өресіздігін жұмысшы партиясына әкеп таңғысы келген кезде, олардан бөлінбеуге болмай қалды.

III Дума бойкотшыларының тағдыры бұл екі элементтің айырмашылығын айқын мысал арқылы тамаша көрсетіп отыр.

3 июнь сабаздарына қарсы тікелей және дереу күрес жүргізуге шын ниетпен құштар болған большевиктердің көпшілігі III Думаға бойкот жасауға бейім болды, бірақ олар жаңа жағдайды өте тез меңгеріп әкетті. Олар жаттанды сөздерді қақсай берген жоқ, қайта жа-

ңа тарихи жағдайларға мұқият зер сала білді, өмірдің басқаша емес, не себепті нақ осылай бет алғаны жөнінде ойлана білді, тілімен орақ ормай, баспен жұмыс істеді, олар елеулі және ұстамды пролетарлық жұмыс жүргізді, сөйтіп олар «шақырымпаздықтың» бүкіл қисынсыздығын, бүкіл бейшаралығын тез түсінді. Басқа біреулер сөзге жармасып, өздері түсініп болмаған сөздерден «өз бағытын» ойлап шығара бастады, «бойкотизм, шақырымпаздық, ультиматизм» туралы байбалам сала бастады, нақты тарихи жағдайлар алға қойып отырған пролетарлық-революциялық жұмысты осы байбаламмен алмастыра бастады, большевизмнің барлық және әр алуан шикі элементтерінен жаңа фракция құрастыра бастады. Жолдарың болсын, құрметтілер! Сіздерге марксизмді және социал-демократиялық жұмысты үйрету үшін біз қолдан келгеннің бәрін де істедік. Теориялық ревизионизммен және саясат пен тактиканың мещандық әдістерімен жұмысшы партиясын азғындататын оңшыл жойымпаздарға да, солшыл жойымпаздарға да біз енді барынша батыл әрі ымырасыз соғыс жариялаймыз.

«Пролетарий» газетінің 47—48-номеріне қосымша, 11 (24) сентябрь, 1909 ж.

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр

ТАҒЫ ДА ПАРТИЯЛЫҚ ПЕН БЕЙПАРТИЯЛЫҚ ТУРАЛЫ

Қазіргі Думаның қазіргі сайлауында партиялық және бейпартиялық, керекті және «керексіз» кандидатуралар туралы мәселе — егер ең маңызды мәселенің өзі болмаса — ең маңызды мәселелердің бірі екені күмәнсыз. Сайлаушылар және сайлауға зер салып отырған қалың бұқара ең алдымен және бәрінен де гөрі сайлаудың *неге* керек екенін, Дума депутатының алдында *қандай* міндет тұрғанын, Петербург депутатының III Думадағы тактикасы *қандай* болуға тиіс екенін түсініп алуға тиіс. Бүкіл сайлау науқаны партиялық болған жағдайда ғана мұның бәрін шын мәнінде толық және дәлме-дәл түсінуге болады.

Сайлауда халықтың шын мәнінде қалың бұқарасының және нағыз қалың бұқарасының мүдделерін қорғағысы келетін адамдар үшін бұқараның саяси санасын жетілдіру міндеті бірінші кезекке қойылады. Осы сана-сезімнің жетілуіне тығыз байланысты халықтың қайсыбір таптарының шын мүдделеріне сай келетіндей болып, бұқараның топтарға бөлінуі айқынырақ анықталады. Бейпартиялықтың қандайы болсын әрқашан да, тіпті өте сәтті жағдайлардың өзінде де, кандидаттың да, оны қолдаушы топтың да немесе оны қолдаушы партиялардың да, оны сайлауға қатысатын бұқараның да саяси сана-сезімінің қараңғылығы мен мешеулігін білдіреді.

Сайлауда дәулетті халықтың қайсыбір шағын топтарының мүдделерін қанағаттандыру міндетін көздейтін берекесіз партиялардың барлығы үшін бұқараның сана-

сезімін жетілдіру қашан да екінші кезекке қойылады, ал бұқараның таптық тұрғыдан топтарға бөлінуінің айқындығы әрқашан дерлік керексіз және қауіпті болып көрінеді. Буржуазиялық партияларды қорғағысы келмейтіндер үшін саяси сана-сезімнің айқындығы мен таптық тұрғыдан топтарға бөлінудің айқындығы басқаның бәрінен де жоғары тұрады. Әрине, белгілі, ерекше бір жағдайларда әр тектес партиялардың уақытша бірігіп қимыл жасауын мұның өзі жоққа шығармайды, бірақ мұның өзі бейпартиялық атаулыны және партиялықты бәсеңдету немесе бүркемелеу атаулыны сөзсіз жоққа шығарады.

Біз партиялықты принципті түрде, қалың бұқараның мүддесі үшін, оларды буржуазиялық ықпал атаулының қандайынан болса да азат ету мүддесі үшін, таптық тұрғыдан топталудың толық және мейлінше айқын болуы мүддесі үшін жақтап отырғандықтан да, нақ сондықтан да біз барлық күшімізді салып партиялықтың *сөз жүзінде* ғана болмай, *іс жүзінде* болуына жетуіміз және мұның осылай болуын мейлінше қатаң қадағалап отыруымыз керек.

«Керексіз» кандидат деген атаққа қазірдің өзінде-ақ ие болған бейпартиялық кандидат Кузьмин-Караваев Петербургтегі сайлауда сөздің дәл мағынасында айтқанда партиялық кандидаттар жоқ деп баяндайды. Бұл пікірдің бұрыстығы сонша, оны теріске шығарып жатуға тоқталуға да тұрмайды. Кутлер мен Н. Д. Соколов партиялық кандидатуралар екендігіне күмән келтіру мүмкін емес. Кузьмин-Караваевті бір жағынан адастырып отырған жағдай мынау: бұл екі кандидатураны ұсынған екі партияның екеуінде де әбден ашық партиялық қызмет болмай отыр. Бірақ бұл жағдай, сайлауды партиялық тұрғыдан жүргізуді қиындатқанымен, оның қажеттігін жоймайды. *Мұндай* қиыншылықтарға бой алдыру, бұлардан тайсақтау Столыпин мырзаның өзінің «конституциялық» дәлелін «оппозицияның» (оппозициясымақтың) аузынан естігісі келетіндігіне көнудің нақ өзі болып табылады.

Петербург сайлауына қатысатын бұқара үшін қазір мынаны тексеріп алудың ерекше маңызы бар: бұл

қиыншылықтардан *қандай* партиялар *тайсақтады* және қандай партиялар өзінің программасын да, өзінің ұрандарын да түп-тұтас күйінде сақтап қалды; қандай партиялар өзінің думалық қызметін, өзінің баспасөзін, өзінің ұйымын реакциялық тәртіптің шеңберіне шақтап ықшамдап, тарылту мағынасында реакциялық тәртіпке «бейімделуге» тырысты және қандай партиялар — өзінің Думадағы ұрандарын тіпті де қысқарту мағынасында емес, өзінің баспасөзін, ұйымын, т. т. тіпті де осы тәртіптің шеңберіне шақтап ықшамдау мағынасында емес — кейбір қызмет формаларының түрін өзгерту мағынасында бейімделді. Партиялардың тарихына негізделген, олардың Думадағы және Думадан тысқарғы қызметтерінің фактілеріне негізделген мұндай жан-жақты тексеру сайлау науқанының басты мазмұны болып табылады. Жаңа жағдайда, демократия үшін неғұрлым қиын жағдайда, бұқара демократиялық деген атақтан үміткер *партиялармен* тағы да танысуға тиіс. Буржуазиялық демократияның бұл жолы Н. Д. Соколовты ұсынған демократиядан қандай айырмашылықтары бар екендігімен, бұл демократиялардың дүниеге көзқарастарының, олардың түпкі мақсаттарының, халықаралық ұлы азаттық қозғалысының міндетіне олардың көзқарастарының, Россиядағы азаттық қозғалысының мұраттары мен жолдарын олардың қорғап қалуға қабілеттілігінің айырмашылықтарымен бұқара танысқан үстіне таныса беруге тиіс. Бұл сайлау науқанынан бұқара неғұрлым партиялық болып, әр түрлі таптардың мүдделерін, міндеттерін, ұрандарын, көзқарастарын және қимыл-әдістерін неғұрлым айқын түсінетін болып шығуға тиіс,— Н. Д. Соколов өкіл болып отырған саяси бағыт бәрінен де жоғары бағалайтын және бұл бағыт мейлінше қажырлы, табанды, ұстамды, жан-жақты жұмыс жүргізу арқылы қол жеткізе алатын бұлжымас нәтиже, міне, осындай.

«Новый День» № 9,
14 (27) сентябрь, 1909 ж.
Қол қойған: Вл. Ильин

«Новый День» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ПЕТЕРБУРГ БОЛЬШЕВИКТЕРІМЕН ӘҢГІМЕ

«Пролетарийдің» бұл номері Россияға жеткенде Санкт-Петербургтегі сайлау науқаны аяқталып та бітеді. Сондықтан ультиматистерге қарсы күрес туралы, сайлау кезінде С.-Петербургте толық жікке бөлінуге дейін бара жаздаған және Россиядағы бүкіл социал-демократиялық жұмысшы партиясы үшін орасан зор маңызы бар күрес туралы Петербург большевиктерімен — сондай-ақ барлық орыс социал-демократтарымен де — әңгімелесу енді әбден орынды.

Ең алдымен бұл күрестің төрт кезеңі айқын анықталып алынуға тиіс, ал сонан кейін біз күрестің маңызына және біздер мен Петербург большевиктерінің бір бөлегі арасындағы кейбір алауыздықтарға егжей-тегжейлі тоқталамыз. Бұл төрт кезең мынау: 1) Большевиктердің шақырымпаздық пен ультиматизмге көзқарасы «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының шетелдік кеңесінде біржола анықталды, сондай-ақ Максимов жолдастың бөлініп шыққандығы атап көрсетілді («Пролетарийдің» 46-номері және оған қосымша*).— 2) ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының аластанған мүшелерінің большевик жолдастарға есебі» деп аталып, бұл да шетелде бастырылып, таратылған, ерекше листокта Максимов пен Николаев жолдастар (бұларды Марат пен Домов жолдастар шартты түрде және ішінара жақтаған) «Пролетарийдің» ұста-

* Қараңыз: осы том, 3—12, 33—43, 44—53-беттер. *Ред.*

ған бағытын «меньшевиктік» жол және т. т. дейтін өз көзқарастарын баяндайды, сөйтіп өздерінің ультиматизмін қорғайды. Бұл листок «Пролетарийдің» 47—48-номеріне ерекше қосымшада талданған*.— 3) С.-Петербургтегі сайлау науқанының жаңа басталған кезінде біздің партияның Петербург комитетінің Атқару комиссиясы сайлау жөнінде ультиматистік қарар қабылдады. Бұл қарардың тексті төменде келтіріледі. — 4) Бұл қарардың қабылдануы Петербург большевиктерінің партиялық топтарында нағыз дүрбелең туғызып отыр. Дүрбелең, егер бұлай деп айтуға мүмкін болса, жоғарыдан да, төменнен де болып жатыр. «Жоғарыдан» дегеніміз—Орталық Комитет өкілдерінің және «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы мүшелерінің ашуызасы мен наразылығы. «Төменнен» дегеніміз — Петербургте жұмысшы және қызметкер социал-демократтардың аудан аралық жеке кеңесінің шақырылуы. Кеңес «Пролетарий» редакциясымен ынтымақтастық жөнінде қарар қабылдады (мұның тексті —төменде келтіріледі), бірақ *бұл редакцияның да,* шақырымпаз-ультиматистердің де «жікшілдік қадамдарын» қатты сынады. Сонан кейін СПБ. комитеті мен Атқару комиссиясының жаңа жиналысы шақырылды, сөйтіп ультиматистік қарар *бұзылды.* «Пролетарий» бағытының рухында жаңа қарар қабылданды. Бұл қарардың тексті осы номердің хроникасында толық келтірілген.

Оқиғалардың негізгі желісі осындай. Біздің партиядағы атышулы «ультиматизмнің» маңызы қазір *практикада* мейлінше айқын көрсетіліп отыр, сондықтан орыс социал-демократтарының бәрі даулы мәселелерге жіті ой жүгіртуі тиіс. Сонан соң, біздің «жікшілдік» бағытымызды Петербургтегі пікірлестеріміздің бір бөлегінің жазғыруы бұл маңызды мәселе жөнінде де барлық большевиктермен біржолата *түсінісу* үшін бізге ойлағанымыздай сылтау тауып беріп отыр. Практикалық жұмыстың әр қадамында жаңа кикілжіңдер мен «түсініспеушіліктер» туғыза бергеннен гөрі дәл қазір әбден «түсінісіп» алған жақсы.

---

* Қараңыз: осы том, 77—115-беттер. *Ред.*

Ең алдымен жікке бөліну туралы мәселе жөнінде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесінен кейін өзіміздің бірден қандай позиция ұстағанымызды *дәлме-дәл* қайта еске түсіріп көрейік. Бұл Кеңес жөніндегі «Хабарда» («Пролетарийдің» 46-номеріне қосымша*) әуел бастан-ақ былай делінген: Думадағы социал-демократиялық фракцияға ультиматум қоюды ұсынатын бағыт ретіндегі ультиматизм шақырымпаздық пен большевизмнің арасында ауытқып отыр. «Хабарда» былай делінген: біздің шетелдік ультиматистердің бірі «думадағы социал-демократиялық фракция жұмысының соңғы кезде едәуір жақсарғанын мойындайды, сондықтан ол фракцияға дәл қазір, дереу, ультиматум қоюды ойламайды да».

«Хабар» онан әрі тура былай дейді: *«Мұндай* ультиматистермен бір фракция ішінде сыйысуға, әрине, болады... *Мұндай* ультиматист-большевиктер жөнінде жікке бөліну туралы әңгіме болуы да мүмкін емес». Бұл туралы сөз қылудың өзі тіпті кісі күлерлік нәрсе болар еді.

Сонан соң, «Хабардың» екінші бетінен мынаны оқимыз:

«Кеңестің қарарларын шақырымпаздық ниеттегі жұмысшыларды ұйымдардан қууға немесе, оның үстіне, шақырымпаздық элементтер бар ұйымдарды тезінен жікке бөлуге шақырған үндеу деп түсінетін жергілікті қызметкерлер мүлде қате жасаған болар еді. Біз жергілікті қызметкерлерді мұндай қадамдар жасаудан барынша қатты сақтандырамыз».

Сірә, бұдан артық айқын айтуға болмайтын сияқты. Кеңестің қарарларына *бағынудан бас тартып отырған* Максимов жолдастың бөлініп шығатындығы сөзсіз. Ауытқып жүрген, әрі-сәрі шақырымпаздық-ультиматистік элементтерден жікке бөлінуді біздің жарияламағанымыз былай тұрсын, қайта ондай жікке бөлінуден батыл сақтандырып отырдық.

Енді күрестің екінші кезеңіне көз жіберіңіз. Максимов жолдас және К^0 шетелдік листок шығарады, онда,

* Қараңыз: осы том, 3—12-беттер. *Ред.*

бір жағынан, бізді жікке бөлінгендік үшін кінәлайды, ал, екінші жағынан, жаңа «Пролетарийдің» бағыты (ескі «Пролетарийге», ескі большевизмге опасыздық жасады-мыс деген бағыт) меньшевиктік, «думашылдық», т. с. с. бағыт деп жарияланады. Егер өздеріңіз пікірлестік жоқ екенін мойындайтын болсаңыздар, фракцияның, *яғни партия ішіндегі пікірлестер одағының* жікке бөлінуі жөнінде шағым айтудың өзі адам күлерлік емес пе? Өздерінің ультиматизмін қорғай отырып, Максимов жолдас және К^0 өз листогінде былай деп жазды: «олай болғанда (яғни қазіргі кезеңді сипаттайтын қатал және күшейіп келе жатқан реакция жағдайларында) партия ірі және айқын сайлау науқанын жүргізе алмайды, парламентте өзіне лайық өкілдік ала алмайды»,— «олай болғанда жалған парламенттік мекемеге қатысудың пайдалылығының өзі жөніндегі мәселе күмәнды да даулы болып шығады»,—істің «шын мәніне келгенде» «Пролетарий» «қайткен күнде де парламентаризм болсын дейтін меньшевиктік көзқарасқа көшеді». Бұл құрғақ сөздер шақырымпаздықты жалтақтай жақтаумен ұштастырылады («шақырымпаздар еш уақытта да (!!!) жалпы антипарламентаризм мағынасында пікір айтып көрген емес») және шақырымпаздықтан жалтақтай бой тартумен ұштастырылады (біз шақырымпаздар емеспіз ғой; партия қазір Думадағы социал-демократиялық фракцияны жоймауға тиіс; «партия»—«сайып келгенде, осы әрекеттің—III Думаға қатысудың—бәрі партия үшін тиімсіз болмады ма екен деген мәселені шешуге» «тиіс», бейне бір бұл мәселені партия қазірдің өзінде *шешпегендей!)*.

Максимов және К^0-нің бұл жалтақтығы көп адамды алдап келді және алдап та отыр; жұрт: партия шешімдерін орындаудан жалпы бас тартпайтын, тактиканы өздерінің біршама басқаша бағалайтындығын тек сақтықпен қорғайтын адамдар партияға немесе тіпті фракцияға қандай зиян келтіре алмақшы?— деседі.

Максимов және К^0 уағызына мұндай көзқарас ойланып жатпайтын, *сөзге* сене салатын, жалтарғыш, сақ, дипломаттық құрғақ сөздердің партияның *қазіргі* жағдайында қандай *нақты саяси мәні* болатынын ескермей-

тін жұрттың арасында көп тараған. Бұл жұрт қазір тамаша сабақ алып отыр.

Максимов және К°-нің листогінде 1909 жылғы 3/16 июль деп көрсетілген. СПБ. комитетінің Атқару комиссиясы Петербургтегі болғалы отырған (қазір аяқталып біткен) сайлау науқаны жөнінде екі дауысқа қарсы *үш* ультиматистік дауыспен *август айында* мынадай қарар қабылдады:

«Атқару комиссиясы сайлау туралы мәселе жөнінде мынадай қаулы алды: Мемлекеттік думаға және ондағы біздің фракцияға ерекше елеулі маңыз бермей-ақ, алайда жалпы партиялық қаулыны басшылыққа ала отырып, қолдағы бар күшті тегіс жұмсамай-ақ, социал-демократиялық дауыстарды сіңіру үшін тек өз кандидаттарымызды ұсынып қана және өзінің өкілі арқылы Петербург комитетінің Атқару комиссиясына бағындырылған сайлау комиссиясын ұйымдастыра отырып сайлау өткізілсін».

Бұл қарарды оқушылар Максимовтың шетелдік листогімен салыстырып көрсін. Бұл екі документті салыстыру — Максимовтың шетелдік тобының *шын* мәніне жұрттың көзін жеткізу үшін ең жақсы және ең сенімді құрал. Бұл қарар да, дәл Максимовтың листогі сияқты, партияға бағынуды білдіреді — және, дәл Максимов сияқты, *принципті түрде* ультиматизмді қорғайды. Петербург ультиматистері Максимовтың листогін тура басшылыққа алды деп біздің тіпті де айтқымыз келмейді,— бұл жөнінде бізде ешқандай мәлімет жоқ. Және мұның өзі маңызды да емес. Біз былай дейміз: бұл арада саяси позицияның *идеялық* жағынан барабарлығы күмәнсыз. Біз былай дейміз: «сақ», «дипломаттық», әдепті, жалтақ — не деп атасаңыз, о деп атаңыз — ультиматизмнің *іс жүзінде қолданылуы,* қолданылуы болғанда, құпиялық себептері, т. с. бойынша социал-демократ жұртқа айтып жеткізе алмайтын нәрсеге қатысы бар әлгілерге ұқсас *жүздеген* жағдайлардың ішінен партия жұмысына жақын тұрған адамның қай-қайсысына болса да таныс болып отырған қолданылу бұл мысалда ерекше айқын аңғарылып отыр. Әрине, Максимовтың листогіне қарағанда Петербург қарарының әдеби-техникалық жағынан шеберлігі кемдеу. Бірақ

жергілікті ұйымдарда Максимовтың көзқарастарын практикада қашан да болсын (немесе 1000 жағдайдың 999 жағдайында) Максимовтың өзі қолданбай, оның «шеберлігі» кемдеу жақтастары қолданады ғой. Партия үшін көңіл қоярлық нәрсе — ізін кімнің «шебер» жасыра білетіндігінде емес, партия жұмысының *шын* мазмұнының қандай болуында, қайсыбір көсемдердің жұмысқа берген *шын* бағытының қандай болуында.

Сондықтан біз бұра тартпайтын адал адамның қай-қайсысынан болса да былай деп сұраймыз: «Пролетарийдің» жақтастары мен мұндай қарарлар авторларының бір фракцияда, яғни партиялық пікірлестердің бір одағында бірге істеуіне бола ма? Жергілікті комитеттердің жоғарғы органдары осы сияқты қарарлар қабылдап отырғанда, Думаны және Дума трибунасын пайдалану жайындағы партия шешімін жүзеге асыру туралы *шындап* сөз етуге бола ма?

Атқару комиссиясының қарары *іс жүзінде* басталып отырған сайлау науқанының жолына тосқауыл қоятынын, бұл қарардың іс жүзінде сайлау науқанын *сәтсіздікке ұшырататынын,*— міне, мұны жұрттың бәрі (бұл қарардың авторларынан және Максимовтың ізін жасыру ісіндегі «шеберлігіне» сүйсінген ультиматистерден басқалары) бірден түсінді. Бұл қарарға С.-Петербургтегі большевиктердің не дегенін біз айтып өттік және төменде тағы да айтамыз. Өзімізге келетін болсақ, біз дереу «Шақырымпаз-ультиматист штрейкбрехерлер»[57] деген мақала жаздық,— штрейкбрехер болатын себебі, ультиматистер өздерінің позициясы арқылы социал-демократиялық сайлау науқанын көрінеу *кадеттерге сатып кетті,*— біз бұл мақалада мұндай қарардың социал-демократтар үшін бүкіл масқаралығын суреттедік және, егер сол қарарды қабылдаған Атқару комиссиясы Петербург социал-демократтарының көзқарасын білдіруге үміттенетін болса, онда бұл Атқару комиссиясын «СПБ. комитетінің органы» деген атты «Пролетарийден» дереу *алып тастауға* шақырдық: біздің екіжүзділік жасағымыз келмейді,— делінген бұл мақалада,— біз *бұл сияқты*... большевиксымақтардың органы *болғанымыз жоқ және болмаймыз да.*

Атышулы қарардың *бұзылғандығы туралы* Петербургтен хат алған кезімізде бұл мақала теріліп, тіпті беттеліп те қойылған болатын. Номерді кейінге қалдыруға тура келді (осының салдарынан 47—48-номер тиісті мерзімнен бірнеше күн кеш шықты). Бақытымызға қарай, қазір ультиматистердің қарары туралы жүріп жатқан сайлау науқанына байланысты емес, болып өткен оқиғалар жөніндегі очеркте айтуға тура келіп отыр... егер мұның өзі мүлдем «ұмытылып кетсе» жақсы болар еді.

Атышулы қарар қабылданылғаннан кейін шақырылған Петербург большевиктерінің жеке сипаттағы жиналысында қабылданған қарардың тексті мынадай:

«Жұмысшы және қызметкер социал-демократтардың аудан аралық жеке кеңесі «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының қарарын талқылай келіп, «Большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы», «...Дума қызметіне көзқарас туралы» және «Ультиматизм мен шақырымпаздық туралы» деген қарарларда көрсетілген саяси бағытпен толық ынтымақтас екендігін білдіреді.

Сонымен қатар нақ сол қарарларда ультиматист жолдастарға қарсы редакцияның қолданып отырған күрес әдістеріне кеңес ешбір қосылмайды, өйткені мұндай әдістерді «Пролетарий» редакциясының белгілеген негізгі міндеттерін шешуге — партияны қайтадан қалпына келтіруге кедергі болады деп есептейді.

Кеңес ультиматист және шақырымпаз жолдастардың тарапынан жасалған жікшілдік қадамдарға да нақ осындай дәрежеде қарсы шығады».

Бұл қарар қабылданылғаннан кейін Петербург комитетінің жаңа жиналысы шақырылды, бұл жиналыс ультиматистік қарарды бұзып, жаңа қарар қабылдады (хрониканы қараңыз). Бұл жаңа қарар былайша аяқталады: «Болғалы тұрған сайлау алдындағы науқанды пайдаланып қалуды өте маңызды және қажетті деп есептей келіп, Петербург комитеті ол науқанға белсене қатысу керек деп қаулы етеді».

Біздің бейне бір жікшілдік саясатымызбен келіспейтін жолдастарға жауап беруге көшуден бұрын, бұл жолдастардың бірінің жазған хатынан біраз үзінді келтірейік[58]:

«...Ал егер $^2/_3$ бөлігі жұмысшылар болған кеңеске (аудан аралық жеке кеңеске) қатысушылардың арасында кезеңге және біздің содан туындайтын тактикалық қадамдарымызға баға беру туралы мәселе бойынша пікірдің бір жерден шығуы аңғарылып отырған болса, онда «Пролетарий» редакциясының біздің тактикалық қарсыластарымызға-ультиматистерге қарсы ұсынып отырған күрес әдістеріне қарсы шығуда кеңестің бірауыздылығы онан кем болған жоқ. «Пролетарийдің» қарарларында бұл жолдастардан фракция есебінде іргені аулақ салу қажет деумен кеңес келіскен жоқ, өйткені іргені бұлайша аулақ салуды ол партияның өзінің өмір сүруі үшін қауіпті қадам деп білді... Егер мен: *біз жікке бөлінушілікке жол бермейміз* дейтін болсам, онда мен кеңестің пікірі мен пиғылын дұрыс көрсеттім деп сенемін. Жолдастар! сіздер сонда, шетелде отырып өздеріңізге үрейлі ультиматистік құбыжықты қолдан жасадыңыздар, ал мұндай құбыжық шынында бізде жоқ. Петербург комитеті мен Атқару комиссиясының *кездейсоқ* құрамы ультиматистердің көпшілік болуын туғызды, сөйтіп осының салдарынан сорақы, сауатсыз қарар қабылданды, бұл қарар сол ультиматистерге қатты моральдық соққы болып тиді, бұл соққыдан олардың оңала қоюы екі талай... Петербург комитетінің бұл қарарды қабылдаған мәжілісінде үш ауданның өкілдері болған жоқ, ал қазір анықталып отырғанындай, төртінші аудан өкілінің шешуші даусы жоқ болып шықты. Сонымен, демек, төрт ауданның өкілі болмаған, ал ультиматистерді көпшілік еткен бір дауыс «өшкере» дауыс болып шықты. Демек, Петербург комитетінің осы толық емес мәжілісінің өзі ультиматистерді көпшілік етпей отыр... Петербург комитетінің сайлау туралы қарары жөнінде кеңес бұл қарарды қайта қарауға жету керек деп қаулы алды, ал Петербург комитетінің бірінші мәжілісінің өзінде-ақ, бұл мәжілісте көпшілік біздің жағымызда болатыны қазір анықталып отырғандай, сөзсіз басқа қарар қабылданады. Ал ультиматистердің өздері де өз қарарларынан ұялып, оны қайта қарауға келісіп отыр. Бәрі, сірә, оның авторын да қоса алғанда, барлық жағынан да бұл қарардың сорақы екендігін мойындап отыр, бірақ — мұны мен баса айтайын — бұл қарар қылмысты емес. Бұл қарарға дауыс берген ультиматист жолдастар өздерінің бұл қарардың авторына қосылмайтындығын айтты, ал қарардың авторы шынында — «арды да сақтай білу керек, капиталды да таба білу керек» дегендей қимыл жасауға шақыратын мақалды қолданған...».

Сонымен, біздің пікірлесіміз бізді шетелде отырып үрейлі ультиматистік құбыжықты қолдан жасадыңдар, ультиматистерге қарсы жікшілдік күрес жүргізу арқылы партияны қайтадан қалпына келтіру ісін қиындатып отырсыңдар (немесе бүлдіріп отырсыңдар) деп айыптайды.

Бұл «айыптауларға» Петербургте болған оқиғаның өзі ең тәуір жауап болып табылады. Сондықтан да біз бұл оқиғаны соншалық толық айттық. Фактілердің өзі-ақ көрсетіп отыр.

Кеңейтілген редакцияның қарарларына бағынудан бас тартып, атышулы «мектепті» желеу етіп шетелде жаңа ұйымның идеялық-ұйымдық орталығын құрған Максимов жолдасты фракциядан бөлініп шықты деп таптық. Максимовтың көзқарастарын қайталайтын *«барлық жағынан да сорақы»* қарарды ең *шұғыл шаралар қолдану жолымен* (ықпалды жұмысшылардың ерекше жеке кеңесін шақыру және қабылданып қойған қарарды қайта қараттыру!) Петербургте *бұзғызуға* тиісті болған біздің кейбір пікірлестеріміз бізді осы үшін айыптап отыр!!

Жоқ, жолдастар, бізді жікке бөліндіңдер деп және «құбыжықты қолдан жасадыңдар» деп кінәлау арқылы сіздер бізге Максимовты фракциядан бөлініп шықты деп табудың өте қажет екендігін дәлелдеген үстіне дәлелдей түстіңіздер, сіздер тек мынаны дәлелдедіңіздер: егер біз Петербургтегі сайлау қарсаңында Максимовтан іргемізді аулақ салмаған болсақ, онда біз большевизмді біржола масқаралаған болар едік және партия ісіне оңдырмай соққы берген болар едік. Бізді жікке бөліндіңдер деп айыптаушы жолдастар, сіздердің *сөздеріңізді* өз *істеріңіз* теріске шығарып отыр.

Сіздер ультиматистерге қарсы *біздің* күрес әдістерімізбен «ғана келіспей» отырсыздар. Біз ультиматистерге қарсы *сіздердің* күрес әдістеріңізбен тіпті де келіспей отырғанымыз жоқ, біз сіздердің күрес әдістеріңізді де, сіздердің жеңістеріңізді де әбден және сөзсіз құттықтаймыз,— бірақ біз сонымен қатар *сіздердің* әдістеріңіз «біздің» әдістерімізді белгілі партиялық ортаға *іс жүзінде қолданудан* басқа ештеме емес екендігіне кәміл сенеміз.

Біздің «жаман» әдістеріміз неде болып отыр?—Ол — Максимов және K^0-ден біздің іргені аулақ салуға шақыруымызда болып отыр. Сіздердің жақсы әдістеріңіз неде болып отыр? Ол — Максимовтың көзқарастарын түгелдей қайталап отырған қарарды сіздердің «барлық

жағынан да сорақы» деп тауып, айрықша кеңес шақырып, бұл қарарға қарсы жорық ашқандарыңызда, бұл қарар авторларының өздерін ұялтқандарыңызда, ол қарарды бұзғызып, оны ультиматистік *емес, қайта* большевиктік қарармен алмастыруға қолдарыңыздың жеткендігінде болып отыр.

Сіздердің «жорығыңыз», жолдастар, біздің жорығымызды теріске шығару емес, қайта соның *жалғасы* болып табылады.

Бірақ сіздер біз ешкімді де бөлініп шықты деп тапқанымыз жоқ дерсіздер. Өте жақсы. Біздің жаман әдісімізді «теріске шығару» үшін сіздер өздеріңіздің Петербургте істегендеріңізді шетелде істеп байқаңыздаршы. Сіздер Максимов пен оның жақтастарына (тым болмағанда әйгілі ерогиндік «мектептің» тұрған жерінде) Максимовтың листогін («Большевик жолдастарға есеп») идеялық мазмұны бойынша түгелдей «барлық жағынан да сорақы» деп танытып көріңіздерші, Максимов пен оның сыбайластарын бұл листоктан «ұялтып» көріңіздерші, атышулы «мектепке» идеялық мазмұны жағынан *тура қарама-қарсы* листок шығартып көріңіздерші*. Егер сіздер мұны істей алсаңыздар, онда сіздер біздің күрес әдістерімізді шынымен *теріске шығара*

* Айтпақшы, міне, Максимовтың және атышулы «мектептің» іздерін жасыруының айқын көрінісі. Мектеп 1909 жылғы 26 август деп көрсетілген листок бастырып шығарды, онда мектептің программасы, Каутскийдің хаты (Каутский философиялық алауыздықтарды «біріншi кезекке қоймау керек» деп жұқалап қана кеңес береді және ол былай деп мәлімдейді: «ультиматизм» туралы айтпағанның өзінде мен «Думадағы социал-демократиялық фракцияны қатты сынаушылықты әділетті деп санамаймын»!), Лениннің хаты (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 477—478-беттер. *Ред.)* және мектеп Советінің қарары басылған. Бұл адам күлерлік Совет былай деп мәлімдейді: «Фракциялық талас-тартыстардың оның (мектептің) нақ жалпы партиялық мақсаттары мен міндеттеріне ешқандай қатысы жоқ». Листоктың аяғында қойылған қолдарды оқимыз. Лекторлар: Максимов, Горький, Лядов, Луначарский, Михаил, Алексинский. Тек ойлап қараңыздар: лекторларының құрамы *осындай* болып отырған мектептің «фракциялық талас-тартыстарға» «тіпті де еш қатысы жоқ» көрінеді! Тыңдаңыздар, қымбатты жолдастар: ...ойдан шығара беріңіздер, бірақ мөлшерін де білсеңіздерші!—Бізге: мектеп басқа лекторларды да «шақырды» деулері мүмкін. Біріншіден, шақырғанда, басқалардың еш уақытта дерлік келе алмайтынын біліп шақырды. Екіншіден, мектеп шақырды, бірақ... «Бірақ мектеп олардың жол қаражатына және лекциялар кезіндегі қажеттерін өтеуге материалдық қаражат беруді оларға — (басқа лекторларға)— ұсына алмады» (1909 жылғы 26 августағы листок). Мұның өзі жақсы-ақ емес пе? Біз тіпті де фракционерлер емеспіз, алайда «өз адамдарымыздан» басқа ешкімге жол қаражатын «береміз дей алмаймыз»...

аласыздар, сонда біз «сіздердің» әдістеріңізді жақсы деп қуана мойындаймыз.

Петербургте жанды, кейінге қалдыруға болмайтын, жалпы партиялық іс — сайлау бар. Петербургте социал-демократиялық пролетариат ультиматистерді бірден *тәртіпке шақырды,* шақырғандығы сондай, олар бірден ырыққа көнді: партиялық сезім басым болып шықты, пролетарлық бұқараның жақындығы игі ықпал етті; ультиматистік қарар арқылы іс жүргізуге болмайтындығы жұрттың бәріне бірден айқын болды. Ультиматистерге бірден *ультиматум* қойылды, сөйтіп Петербург ультиматистері *(олардың жақсы жағы деуіміз керек)* большевиктердің ультиматумына партияға бағыну арқылы, большевиктерге бағыну арқылы жауап берді, большевиктерге қарсы күресу арқылы жауап берген жоқ (ең болмағанда, сайлауда осылай болды: олар сайлаудан кейін де күресті тоқтата ма,— мұны біз әлі білмейміз).

Максимов және К^0 — көңіл әуені жағынан ғапа ультиматистер емес. Олар ультиматизмнен бүтіндей бір бағыт жасауға тырысып отыр. Олар ультиматистік саясаттың бүтіндей жүйесін құруда (олардың құдай жасампаздармен достығы жайында тіпті сөз қылып та отырғанымыз жоқ, сірә, бұл жөнінде питерлік ультиматистер кінәсыз болса керек), олар осыдан жаңа бағыт жасауда, олар большевизмге қарсы үздіксіз соғыс жүргізе бастады. Әрине, шақырымпаздардың бұл дем берушілері де жеңіліске ұшырайтын болады (қазірдің өзінде-ақ жеңіліске ұшырай бастады), бірақ біздің фракция мен партияны шақырымпаздық-ультиматистік кеселден тезірек арылту үшін *бұл арада* неғұрлым батыл шаралар керек болды, сондықтан ашық және жасырын шақырымпаздарға қарсы өз күресімізді біз неғұрлым батыл жүргізетін болсақ, бұл кеселден партияны соғұрлым тезірек құтқарамыз.

Ультиматистер «кездейсоқ көпшілік болды» — дейді петербургтіктер. Қатты қателесесіздер, жолдастар. Сіздер қазір өздеріңізде *жалпы* құбылыстың титтей бір бөлшегін ғана көріп отырсыздар, сөйтіп бүтінмен қалай байланысты екені өздеріңізге белгісіз нәрсені «кездей-

соқ» деп жариялайсыздар. Фактілерді еске түсіріңіздер. 1908 жылдың көктемінде шақырымпаздық Орталық облыста байқалады да, Москваның жалпы қалалық конференциясында 14 дауыс (32 дауыстан) алады. 1908 жылдың жазы мен күзінде шақырымпаздық науқан Москваға ойысады: «Рабочее Знамя» айтыс ашып, шақырымпаздықты теріске шығарады. 1908 жылғы августан «Пролетарийде» де айтыс басталады. 1908 жылдың күзі: Бүкіл россиялық партия конференциясында шақырымпаздар «ағым» болып бөлініп шығады. 1909 жылдың көктемі: Москвада шақырымпаздардың науқаны болды (қараңыз: «Пролетарийдің» 47—48-номері, «Москва округтік ұйымының конференциясы»). 1909 жылдың жазы: Петербург комитеті Атқару комиссиясының ультиматистік қарары шығады.

Осындай фактілер орын алып отырғанда ультиматистік көпшіліктің «кездейсоқтығы» туралы сөз қылу барып тұрған аңқаулық. Әзірге реакция мұншалықты күшті болып отырғанда, әзірге социал-демократиялық ұйымдардың адам құрамы мұншалықты әлсіз болып отырғанда, кейбір жерлерде ұйымдар құрамында мейлінше шұғыл ауытқулардың болуы сөзсіз. Бүгін большевиктер ультиматистік көпшілікті NN-дегі «кездейсоқтық» деп жарияласа, ертең ультиматистер большевиктік көпшілікті ММ-дағы «кездейсоқтық» деп жариялайды. Бұл жайында бірін-бірі сөгіп қалуға ыңғайлы тұратындар толып жатыр,— біз мұндайлардың санатынан емеспіз. Бұл сияқты бірін-бірі сөгушілік пен салғыласулар — идеялық терең ажырасушылықтың *жемісі* екенін түсіну керек. Тек осыны түсінгенде ғана біз социал-демократтардың нәтижесіз және лайықсыз бірін-бірі сөгушілікті («кездейсоқ» көпшілікке бола, белгілі бір ұйымдық жанжалға, ақшаға, байланыстарға, т. т. бола бірін-бірі сөгушілікті) *ажырасушылықтың идеялық себептерін анықтау* ісімен ауыстыруына көмектесеміз. Ультиматистердің большевиктерге қарсы күресі көп қалаларда жұмыстың мейлінше әрқилы салаларына тарап, жария одақтардың, қоғамдардың, съездердің, жиналыстардың қызметінде де алалық, ауа

жайылушылық туғызғанын біз өте жақсы білеміз. Біздің қолымызда осы алалық пен алауыздық туралы «шайқас алаңынан» келіп түскен хаттар бар — амал не, құпиялық сақтаудың талаптары біздің *бұл салада* алып отырғанымыздың, жүзден бірін демесек те, оннан бірін ғана жариялауға мүмкіндік береді. Біз барынша үзілді-кесілді түрде былай дейміз: С.-Петербургтегі сайлауда ультиматистерге қарсы жүргізілген күрес — *кездейсоқ нәрсе емес,* жалпы кеселдің сансыз көріністерінің бірі.

Сондықтан біз революциялық социал-демократияның ісін бағалайтын барлық большевик жолдастарға, барлық жұмысшыларға: бұл кеселді жасыруға тырысудан өткен қате және зиянды еш нәрсе жоқ,— деп үсті-үстіне қайталай береміз. Шақырымпаздықты, ультиматизмді, құдай жасампаздықты жақтаушылардан біздің ажырасуымыздың себептерін, сипатын және маңызын барынша анықтап ашып алу керек. Большевиктердің фракциясын, яғни партияны *«Пролетарийдің»* баршаға мәлім бағытымен *бастағысы* келетін пікірлес-большевиктердің одағын жаңа фракциядан, өзінің жақтастарын бүгін Москвада және Петербургте қабылданған шақырымпаздық платформалардағы «кездейсоқ» анархистік құрғақ сөздерге сөзсіз әкеп соқтыратын, ертең Максимовтың листогіндегі «кездейсоқ» карикатуралық большевизмге әкеп соқтыратын, бүрсікүні Петербургтегі «кездейсоқ» «сорақы» қарарға әкеп соқтыратын жаңа фракциядан айқын ажыратып, іргесін ашу керек. Бұл кеселді түсініп, оны емдеуге жұмыла кірісу керек. Петербургтіктердің әдістері арқылы, яғни алдыңғы қатарлы жұмысшылардың социал-демократиялық санасына дереу және дұрыс жүгіну арқылы емдеуге болатын жерде мұндай ем ең жақсы ем болып табылады, ондай жерде қайтсе де бөлініп шығуды және іргесін аулақ салуды *ешкім және еш уақытта* уағыздаған емес. Бірақ алуан түрлі жағдайлардың салдарынан жаңа фракцияның идеяларын насихаттайтын азды-көпті берік орталықтар, үйірмелер құрылып жатқан жерде іргені аулақ салу қажет. Мұндай жерде жаңа *фрак-*

циядан іргені аулақ салу — *партия* қатарындағы жұмыстағы практикалық бірліктің *кепілі* болып табылады, өйткені ультиматизмнің туы астында мұндай жұмыс жүргізуге болмайтындығын Петербург практиктерінің өздері жуырда ғана мойындады.

«Пролетарий» № 49,
3 (16) октябрь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ПЕТЕРБУРГ САЙЛАУЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕСКЕРТУ[59]

Бұл большевиктік идеяны бұрмалауға тек большевиктер ғана қарсы шықты. «Новый День» газетінде трудовиктерден және халықтық социалистерден принцип жағынан жеткіліксіз ажырасу жөніндегі теріс әуенге жол берілген кезде үш әдебиетші-большевик программалық пікір алалығын бұлайша жуып-шаюды түзетуге және газеттегі, сайлау жиналыстарындағы үгітті неғұрлым ұстамды *таптық, социалистік* жолға салуға әрекет жасады. Бұл әрекеттің сәтсіздікке ұшырауы, біздің білуімізше, *большевиктердің кінәсынан болмаған.* Социал-демократияның заңдылыққа және тәртіпке көзқарастары жөнінде Иорданскийдің «Новый Деньдегі» пікіріне бір большевиктің қарсы шығу әрекеті де дәл әлгіндей сәтсіздікке ұшырады. Көптеген оппортунистер сияқты Иорданский де «заңдылық» негізінде социал-демократияның «қызыл шеке» болуы туралы Энгельстің белгілі мәлімдемесінің құнын түсірді. Энгельстің өзі Германия дамуының белгілі бір кезеңіне (жалпыға бірдей сайлау правосы тұсында және т. т.) қатысы бар бұл көзқарасын өріс бере пайымдауға батыл қарсы болған еді (оның «Neue Zeit»[60]-тегі хаттарын қараңыз). Иорданский бұл туралы 3 июньнің «заңдылығы» тұсында пайымдауды орынды деп тапқан.

«Пролетарий» № 49, 3 (16) октябрь, 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[61]

Орталық Органның редакциясы мынаны мойындайды: біздің партиямызды және оның бірлігін, *фракцияларды* жою туралы тақырыпта адамгершілікке шақыратын күңкіл сөздер арқылы емес, практикалық жұмысшы қозғалысында белгілі бір күшті және ықпалды фракциялардың қазірдің өзінде байқала бастаған *жақындасуы* арқылы ғана нығайтуға болады, мұның өзінде бұл жақындасу революциялық-социал-демократиялық *тактика* негізінде және «солшыл» жойымпаздыққа да, «оңшыл» жойымпаздыққа да қарсы, қазірдің өзінде күйретілген «солшыл» жойымпаздықтың қаупі аз болғандықтан, әсіресе оңшыл жойымпаздыққа қарсы батыл күрес жүргізуге бағытталған ұйымдастыру саясаты негізінде жүзеге асырылып, дамытылуға тиіс.

1909 ж. 21 октябрьде (3 ноябрьде) жазылған

Бірінші рет 1929—1930 жж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XIV том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ ГОЛЛАНД СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНДАҒЫ ЖІККЕ БӨЛІНУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [62]

25 ОКТЯБРЬ (7 НОЯБРЬ), 1909 ж.

Зингер де, сондай-ақ Адлер де бірқатар фактілерге сүйенген, бұл арада мен осы фактілерді тағы да бір рет анықтай түскім келеді. Біріншіден, жікке бөліну — жүзеге асқан факт, онымен санасуға тура келеді. Екіншіден, Адлердің өз мәлімдемесіне қарағанда, социал-демократиялық партия социалистік партия болып табылады. Үшіншіден, оның халықаралық конгрестерге қатысуға даусыз правосы бар. Социал-демократиялық партияның өзі Бюро шешімдеріне қатысу правосын тіпті талап етіп те отырған жоқ; кейбір орыс партияларына берілгені сияқты, оған да кеңесші дауыс беруге болар еді. Төртіншіден, Адлер жолдас халықаралық конгрестердегі дауысты Копенгаген конгресінің голланд секциясындағы екі партияға бөліп беруді ұсынды, мұның үстіне Бюроға шағым жасау правосы социал-демократиялық партияның өзінде қалады. Бұл мәжілісте жоғарыда аталған төрт мәселе бойынша бірауызды шешімге келуге жету қажет. Бұл арада мынаны ғана атап өтемін: Трульстра атаған *Роланд-Гольст* жолдас социал-демократиялық партияны қабылдауды *жақтаған* пікір айтты.

1909 ж. 13 ноябрьде «Leipziger Volkszeitung» газеті 264-номерінің 4-қосымшасында басылған

Қосымшаның тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ПАТША ФИНН ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ

Қысқы сарайдың қаражүздік бандиттері мен III Думаның октябрист жылпостары Финляндияға қарсы жаңа жорық бастады. Финляндиялықтардың правосын орыс патшаларының озбырлығынан қорғап келген конституцияны жою, Финляндияны ерекше правосыздығы жағынан Россияның басқа халықтарымен теңестіру — бұл жорықтың мақсаты, міне, осындай; ал бұл жорықтың өзі патшаның әскери міндеткерлік туралы мәселені сеймге салмай-ақ шешу жөніндегі указынан, жаңа сенаторларды орыс чиновниктерінен тағайындаудан басталған-ды. Финляндияға миллион найзамен қорқыту арқылы қойылып отырған талаптардың заңдылығы мен әділеттілігін дәлелдеуге тырысушы қарақшылар мен жылпостардың келтіретін дәлелдерін талдауға тоқталып жату еріккендік болар еді. Мәселенің мәнісі бұл дәлелдерде емес, көзделіп отырған мақсатта. Патша үкіметі мен оның сыбайластары демократиялық және еркін Финляндияны құрту арқылы 1905 жылғы *халық* жеңістерінің ең соңғы ізін өшіргісі келеді. Сондықтан да — казак полктары мен артиллерия батареялары Финляндияның қала орталықтарына асығыс орналасып жатқан бұл күндерде әңгіме бүкіл орыс халқының ісі туралы болып отыр.

Финляндиялықтар қолдаған орыс революциясы Финляндия халқының әлденеше жыл бойы алқымынан сығып келген патшаның шеңгелін жазуға мәжбүр еткен еді. Финляндияға өзінің шексіз билігін таратқысы кел-

ген патша, осы елдің конституциясын сақтауға ата-балары да және өзі де ант берген патша, Финляндия жерінен бобриковшыл [63] жендеттерді қууды ғана емес және өзінің заңсыз указдарының бәрін жоюды ғана емес, сонымен қатар Финляндияда жалпыға бірдей және тең сайлау правосын енгізуді де мойындауға тиіс болған еді. Орыс революциясын басып тастап, патша енді бұрынғысын қайтадан бастап отыр, бірақ мұның бұрынғыдан айырмашылығы сол — ол енді өзін ескі гвардия ғана, өзінің жалдамалы тыңшылары мен қазына ұрлаушылары ғана қолдап коймайтынын, сонымен қатар III Думада орыс халқының атынан қосыла шығып сөйлейтін Крупенскийлер мен Гучковтар бастаған дәулетті итаршылар тобы да қолдайтынын сезеді.

Қарақшылық әрекетке бәрі де қолайлы болып отыр. Россиядағы революциялық қозғалыс адам айтқысыз әлсіреген, сондықтан тәж киген жауыз оған алаңдап, көз тіккен жемтігінен айрылып қалмайды. Бір кездерде Финляндияға тыныштық бер деп өтініп, патшаға хат жазған Батыс Европа буржуазиясы бандиттерді тоқтату үшін қол ұшын да қозғайтын емес. Өйткені сол бір кездерде Европаны патшаның Финляндиядағы саясатын айыптауға шақырған адамдар оған жуықта ғана патша ниетінің адалдығына және «конституциялық ниет» екендігіне *кепілдік* берді ғой. Өздерін «орыс интеллигенциясының өкілдері» және «орыс халқының өкілдері» деп атап жүрген кадет көсемдері өздерінің,— ал олармен бірге орыс халқының да,— *патшамен ынтымақтас* екеніне Европа буржуазиясын салтанатты түрде сендіріп отыр. Европа екі басты жыртқыштың азат Персияға қарсы жасаған экскурсияларына қандай селқостықпен қараған болса, оның Финляндияға қарсы жаңа жортуылдарына да дәл сондай селқостықпен қарауы үшін орыс либералдары қолынан келгеннің бәрін істеді.

Азат Персия патша өкіметіне өз күштерімен тойтарыс берген еді. Финляндия халқы — және оның алдында келе жатқан Финляндия пролетариаты — Бобриковтың мұрагерлеріне мықтап тойтарыс беруге әзірленіп жатыр.

Финляндия пролетариаты өзінің өте-мөте ауыр жағдайларда күрес жүргізуіне тура келетінін түсінеді. Ол мынаны да біледі: самодержавиемен ымы-жымы бір Батыс Европа буржуазиясы бұған араласып жатпайды; бірқатары столыпиндік саясат арқылы сатып алынған, бірқатары кадеттік отірікпен азғындаған дәулетті орыс қоғамы Финляндияға 1905 жылға дейінгісіндей адамгершілік қолдау жасамайды; Россияның өз ішінде революциялық армияға соққы бере алғанынан бері орыс үкіметінің арсыздығы адам айтқысыз өсіп отыр.

Бірақ Финляндия пролетариаты мынаны да біледі: саяси күрес бір ғана шайқас арқылы шешілмейді, саяси күрес кейде ұзақ жылдар бойы табандылықпен күш жұмсауды керек етеді, сайып келгенде, тарихи даму күші кімнің жағында болса, сол жеңеді. Финляндияның бостандығы салтанат құрады, өйткені онсыз Россияда бостандық болуы мүмкін емес, ал Россияда бостандық ісі салтанат құрмайынша, Россияның экономикалық жағынан дамуы мүмкін емес.

Сондай-ақ, Финляндия пролетариаты: жауға батыл соққы беруге жағдай мүмкіндік бергенше жексұрын жауды шаршатып-шалдықтыруды, оның күшін ыдыратуды, оны масқара етуді көздеген бостандық жолындағы ұзақ, табанды революциялық күресті қалай жүргізуге болатынын да өзінің даңқты тәжірибесінен біледі.

Сонымен қатар, Финляндияның пролетариаты өзінің жаңа күресінің алғашқы қадамынан бастап, қазіргі кезең жағдайларының қандай ауыр болуына қарамастан, өз борышын, *өзінің барлық борышын* орындауға әзір тұрған бүкіл Россияның социалистік пролетариаты оның жағында болатынын да біледі.

Сеймнің социал-демократиялық фракциясы зорлықшыларға қарсы күрес жоспарын бірігіп талқылау үшін III Думаның социал-демократиялық фракциясына депутация жіберді. Патша үкіметін масқаралау үшін, оның Думадағы екіжүзді одақтастарының бет пердесін сыпырып тастау үшін біздің депутаттарымыз, өткен жылы істегеніндей, Дума трибунасының биігінен өз үнін көтереді. Сондықтан барлық социал-демократиялық ұйымдар мен жұмысшылардың бәрі біздің депутаттары-

мыздың Таврический сарайында көтерген үні жеке-дара шықпауына, орыс және финн бостандығының жаулары бүкіл орыс пролетариаты Финляндия халқымен ынтымақтас екенін көруіне күш-жігерін аямай жұмсайтын болсын. Жергілікті жерлердегі жолдастардың борышы — қолдан келген мүмкіндіктің бәрін Россия пролетариатының Финляндия мәселесіне көзқарасын білдіру үшін пайдалану. Орыс және финн социал-демократиялық фракцияларына сөз салудан бастап, наразылықтың неғұрлым белсенді формаларымен жалғастыра отырып, партия орыс контрреволюциясы финн халқының денесін паршалап жатқан кездегі масқара үнсіздікті бұзудың әдістерін жеткілікті таба алады.

Финляндияда бүкіл россиялық бостандық ісі үшін күрес жүргізіліп жатыр. Финляндияның осыншалықты қаһарман пролетариатын жаңа күрес қандай күйінішті сәттерге соқтыратын болса да, ол Финляндия мен Россияның жұмысшы табын ынтымақтастықтың жаңа дәнекерлерімен байланыстырады, жұмысшы табын оның 1905 жылы октябрь күндерінде бастаған және Кронштадт пен Свеаборгтың [64] даңқты күндерінде одан әрі жалғастырмақ болған ісін тындыруға шамасы келетін кезеңге әзірлейді.

«Социал-Демократ» № 9,
31 октябрь (13 ноябрь), 1909 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МАСҚАРА СӘТСІЗДІК

NN-дегі «партия» мектебінің қысқа ғана, бірақ ғибрат боларлық тарихы оқушының есінде. Ол тарих мынау. Большевиктік фракция бір жылға созылған ішкі күрестен кейін «жаңа» ағымдардан — шақырымпаздықтан, ультиматизмнен және құдай жасампаздықтан үзілді-кесілді бөлектенеді. Большевиктік Кеңес өзінің арнайы қарарында NN-дегі мектепті осы ағымдарды жақтаушылардың *жаңа фракциясының орталығы* деп жариялайды*. Осы үш китке сүйеніп құрылған жаңа фракцияның шетелдегі көсемдері большевиктерден ұйымдық жағынан бөлініп шығады. Дағдыдан тыс саяси ерлігімен көзге түскен және өз позициясына қалтқысыз сенген жаңа фракция сабаздары өз органында ашықтан-ашық омыраулауға тәуекел ете алмайды және т. т. Мұның орнына олар партия мен фракцияны жай *алдау* жолын қалайды: олар шетелде мектеп ашады, оны «партия мектебі» деп атайды, ал оның шын идеялық келбетін олар әбден мұқият жасырады. Бірсыпыра күш жұмсаған соң, олардың бұл жалған партиялық мектепке жұмысшыдан 13 адам әкелуінің сәті түсіп, оларды Максимовтан, Алексинскийден, Лядовтан және Луначарскийден құралған топ «оқыта» бастайды. «Мектеп» жаңа фракцияның орталығы екендігі фактісін бұл сыбайластар үнемі жасырып қана қоймай, оның үстіне «мектеп» ешқандай фракциямен байланысты емес, ол жалпы пар-

* Қараңыз: осы том, 41—43-беттер. *Ред.*

тиялық мекеме деп көрсетуге бар күштерін салады. Максимов, Алексинский, Лядов және $К^0$— «фракцияшыл емес» жолдастар ролінде болып шығады!.*

Ал, ақырында, қазір — ең соңғы шегіне жетті. Жалған партия мектебіне келген жұмысшылардың жартысына жуығы «есуас пастырьларға» қарсы бүлік шығара бастады. Төменде біз осы атышулы «мектеп» шәкірттерінің екі хатын және Москвадан алынған бірнеше хабарды басып отырмыз, бұлар Максимов — Алексинский — Лядов және $К^0$-нің авантюрасын біржола әшкерелейді. Оларда суреттелген нәрселердің бәрі дәлелдеп жатуды керек етпейді. Мұнда бәрі де жақсы-ақ: «нағыз шайқас» та, «күн сайынғы нағыз өршеленген айтыс» та, оқытушы Алексинскийдің тыңдаушы-жұмысшыларға тіл шығаруы және т. с. да жақсы-ақ. Мектептің кең таратылатын есептерінде мұның бәрі, сірә, үгіт және насихат мәселелері жөніндегі «практикалық сабақтарға», «қоғамдық дүние таным туралы» курске және т. т. айналып кететін болар. Бірақ, өкініштісі, мұндай бейшара, масқара комедияға енді ешкім де сене алмайды!

Жаңа фракцияның көсемдері шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың революциялық марксизмнен артықшылықтары туралы жұмысшылардың құлағына екі ай бойы сыбырлап бақты. Ал онан кейін шыдай алмай, оларға шақырымпаздық-ультиматистік «платформаны» ашықтан-ашық тықпалай бастады. Сонан соң, ең алдыңғы қатарлы және өзіндік пікірі бар жұмысшылар, әрине, қарсы шықты. Біз шақырымпаздар мен құдай жасампаздардың жаңа идеялық орталығына қалқа болғымыз келмейді; мектеп «төменнен» де, «жоғарыдан» да бақыланбай отыр — дейді жұмысшы жолдастар өз хаттарында. Міне, бұл *партияда* бар жұмысшылардың арасында жасырынбақ ойнау және демагогтық «демократизм» саясатының сөзсіз күйрейтіндігінің ең жақсы кепілі.— NN-дегі мектепті жергілікті ұйымдардың өздері

* Айтпақшы, Троцкий енді жұмысшылардың төменде басылып отырған хаттарымен танысып, NN «мектебіне» сабақ беруге баратыны туралы өзінің уәдесін (егер бұл уәдені «мектеп» есептерінің бірі дұрыс көрсетіп отырған болса) орындайтын мезгіл жетпеді ме екен, соны шешіп алсын. Қазір, бейбітшілік бейнесі пальма бұтағы мен «фракцияда жоқ» зәйтүн майы сауытын қолға алып, «шайқас алаңына» шығудың дер кезі сияқты.

басқаратын болады — деген еді жұмысшыларға Максимов және К⁰. Енді бұл ойынды бұрын осы сыбайластарға сеніп келген жұмысшылардың өздері-ақ әшкерелеп отыр.

Қорыта келгенде айтар бір тілегіміз бар, құдайшыл шақырымпаздар атты мырзалар. Сіздер өздеріңіздің құдай қалаған Царевококшайскіңізде өз платформаларыңыздың жасалуын аяқтайтып шығарсыздар,— аяқтайды деп сенеміз,— сол кезде өздеріңіздің бұрынғы әрекеттеріңіздің үлгісімен оны бізден жасырып жүрмеңіздер. Ерте ме, кеш пе, бәрібір, біз оны тауып аламыз да, партиялық баспасөзде жариялайтын боламыз. Сондықтан тағы да масқара болмағандарыңыз жөн.

«Пролетарий» газетінің 50-номерінен жеке оттиск, 28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

Жеке оттискінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАЗІРГІ ИДЕЯЛЫҚ АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ

«Пролетарийдің» осы номерінде социал-демократтардың арасындағы орасан зор идеялық ауа жайылушылықты көрсететін көптеген хаттардың бірі басылып отыр. «Герман рельстері» жөніндегі пайымдаулар (яғни бізде де Германияның 1848 жылдан кейінгі даму жолын қайталау) ерекше назар аударарлық. Осы аса маңызды мәселе жөніндегі қате көзқарастардың қайдан шығып отырғанын біліп алу үшін, бір жағынан, меньшевиктер мен «Голос Социал-Демократаны», екінші жағынан, Троцкийдің полякша мақаласын алайық; [65] бұл мәселені түсініп алмайынша жұмысшы партиясының дұрыс тактикасы болуы мүмкін емес.

I

Большевиктердің 1905—1907 жылдардағы революциядағы тактикасының негізі бұл революцияның толық жеңуі пролетариат пен шаруалардың диктатурасы түрінде ғана мүмкін деген қағида болды. Бұл көзқарастың *экономикалық* негіздемесі қандай? «Екі тактикадан» (1905 ж.)* бастап, 1906 және 1907 жылдардағы газеттер мен жинақтардағы көптеген мақалаларда да біз әрқашан мынадай негіздеме бердік: Россияның буржуазиялық жолмен дамуы қазірдің өзінде-ақ әбден шешіліп болған нәрсе және солай дамымай қоймайды, бірақ

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

оның екі формада — «пруссиялық» дейтін формада (монархияны және помещиктік жер иеленуді сақтау, осы тарихи негізде берік, яғни буржуазиялық, шаруаларды қалыптастыру, т. т.) және «америкалық» дейтін формада (буржуазиялық республика, помещиктік жер иеленуді жою, осы тарихи жағдайға шұғыл бет бұрыс жасау арқылы фермерлік шаруашылық құру, яғни ерікті буржуазиялық шаруаларды қалыптастыру) болуы мүмкін. Пролетариат екінші жол үшін күресуге тиіс, өйткені ол жол капиталистік Россияның өндіргіш күштеріне анағұрлым еркіндік беріп, олардың жедел дамуын қамтамасыз етеді, ал мұндай күресте жеңіске жету пролетариат пен шаруалардың революциялық одағы жағдайында ғана мүмкін болмақ.

Лондон съезінің қарарында халықшылдық немесе еңбек партиялары туралы және оларға социал-демократтардың көзқарастары туралы нақ осы көзқарас өткен болатын [66]. Меньшевиктер, жұртқа мәлім, бұл қарарға әсіресе біздің осы арада талқылап отырған арнаулы мәселеміз жөнінде өте-мөте дұшпандық көзқараста болып отыр. Бірақ олардың позициясының *экономикалық* негіздемесі қаншалықты әлсіз екені Россиядағы аграрлық мәселе жөніндегі өте ықпалды меньшевик жазушы Маслов жолдастың мына сөздерінен көрініп тұр. 1908 жылы шыққан (алғы сөзде 1907 жылғы 15 декабрь деп көрсетілген) «Аграрлық мәселенің» екінші томында Маслов былай деп жазды: «*Әзірге* (курсив Масловтікі) деревняда таза капиталистік қатынастар қалыптаспай тұрғанда, *әзірге* азық-түлік арендасы» (кіріптарлық-крепостниктік аренда деген терминнің орнына Маслов бұл қолайсыз терминді бекер қолданады) «орын алып отырғанда, аграрлық мәселені демократияға неғұрлым тиімді түрде шешудің мүмкіндігі де жойылмайды. Бүкіл дүние жүзі тарихының өткен жолы капиталистік құрылыстың құрылуының екі типін: Батыс Европада (Швейцариядан және өзге европалық мемлекеттердің кейбір түкпірлерінен басқа) басым болып отырған типін,— бұл дворяндар мен буржуазияның арасындағы келісімнің нәтижесі болып табылады,— және Швейцарияда, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында, Англия отарлары мен басқа

отарларда қалыптасқан жер қатынастары типін беріп отыр. Россиядағы жер мәселесінің жайы туралы келтірген мәліметтеріміз бізде жер қатынастарының қай типі орнығатынын кесіп айтуға жеткілікті негіз бола алмайды, ал субъективтік түрде, қалай болса солай қорытынды жасай салуға «ғылыми ұждан» жол бермейді...» (457-бет).

Бұл дұрыс. Және де мұның өзі большевиктік тактиканың экономикалық негіздемесін толық мойындау болып табылады. Мәселе (вехишілдер мен Череванииндердің ойлағанындай) «революциялық желікте» емес, Россияда капитализмнің «американдық» жолына мүмкіндік *беретін объективті,* экономикалық жағдайларда. 1905—1907 жж. шаруалар қозғалысының тарихы жөніндегі еңбегінде Маслов біздің негізгі дәлелдерімізді мойындауға тиіс болды. «Кадеттердің» аграрлық «программасы,— деп жазады ол сонда,— неғұрлым утопиялық программа болып табылады, өйткені мәселенің олардың тілегіне сай шешілуіне құштар болғандай кең қоғамдық тап жоқ: не болашақта саяси жеңілдіктер жасалатын болып, жер иеленушілердің мүдделері жеңеді» (оның бер жағында Маслов жер иеленуші буржуазияға қалай-да жеңілдіктер жасалады,— дегісі келеді) «не демократияның мүдделері жеңеді» (456-бет).

Бұл да дұрыс. Бұдан шығатын қорытынды: революцияда пролетариаттың кадеттерді қолдау тактикасы «утопиялық тактика» болған. Бұдан шығатын қорытынды: «демократияның», ягни демократиялық революцияның *күштері* дегеніміздің мәнісі пролетариат пен шаруалардың күштері деген сөз. Бұдан шығатын қорытынды: *буржуазиялық* дамудың *екі* жолы бар — бір жолмен «буржуазияға жеңілдіктер жасайтын жер иеленушілер» бастайды, екінші жолмен жұмысшылар мен шаруалар бастағысы келеді және бастай алады (Салыстырыңыз: Маслов, 446-бет: «Егер помещиктік жерлердің бәрі шаруалардың пайдалануына тегін өткен болса, онда, сөйткенде де... шаруалар шаруашылығының капитализм жолына түсу процесі жүре берген болар еді, бірақ неғұрлым ауыртпалықсыз өткен болар еді...»).

Біз мынаны көріп отырмыз: Маслов марксист ретінде пайымдаған кезде, ол большевикше пайымдайды. Ал большевиктерді жазғыра бастағанда оның либералша пайымдайтыны көрінеді. Мұның мысалы Мартовтың, Масловтың және Потресовтың редакциясымен шығатын «XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс» деген жойымпаздық кітапта екендігі өз-өзінен түсінікті; оның «Қорытындылар» деген бөлімінен (I том) біз Масловтың: «Халық шаруашылығының дамуы және оның XIX ғасырда таптардың күресіне әсері» деген мақаласын көреміз. Осы мақаладан, 661-беттен, мынаны оқимыз:

«...социал-демократтардың кейбіреулері буржуазияға үміт артуға болмайтын реакциялық тап, болмашы ғана тұлға деп қарай бастады. Буржуазияның күші мен маңызы жете бағаланбағаны былай тұрсын, сонымен қатар бұл таптың тарихи ролі де тарихи перспективадан тыс қаралды: орта және ұсақ буржуазияның революциялық қозғалысқа қатысатыны және оған қозғалыстың алғашқы дәуірінде ірі буржуазияның тілектестік білдіретіні еленбеді, буржуазияның келешекте де реакциялық роль атқаратыны алдын ала шешіліп қойды және т. т.» (дәл осылай: «және т. т.» делінген!). «Осыдан келіп пролетариат пен шаруалар диктатурасының болмай қоймайтындығы туралы қорытынды жасалды, бұл диктатура шаруашылық дамудың бүкіл барысына қарама-қайшы келер еді».

Бұл тираданың бәрі — түгелімен вехилік тирада. Бұл «марксизм» түгелімен брентанолық, зомбарттық немесе струвелік «марксизм»[67]. Бұл тирада авторының позициясы — буржуазияшыл демократтан өзгеше, нақ либералдың позициясы. Өйткені либералдың либерал делінетін себебі, ол өзге жолды көрмейді, буржуазиялық дамудың осы жолынан өзге жол, яғни буржуазияға «жеңілдіктер» жасайтын жер иеленушілер басшылық ететін жолдан өзге жол бар деп ойламайды да. Демократтың демократ делінетін себебі, ол басқа жолды көреді, сол жол үшін, атап айтқанда «халық» басшылық ететін, яғни ұсақ буржуазия, шаруалар және пролетариат басшылық ететін жол үшін күреседі, бірақ бұл жолдың да буржуазиялық жол екенін көрмейді. Жойымпаздық кітаптың «Қорытындыларында» Маслов буржуазиялық дамудың *екі* жолы туралы, американдық (орысша айт-

қанда: помещиктік жер иеленуден революциялық жолмен тазартылған *негізде* шаруалар *ішінен* өсіп шығатын) буржуазияның *күші* туралы, пруссиялық («жер иеленушілер» кіріптарлыққа салған) буржуазияның *әлсіздігі* туралы, большевиктердің ешқашан «диктатураның» «болмай қоймайтындығы» жайында айтпағаны туралы, ал американың жолдың жеңуі *үшін* оның қажеттігі туралы нәрселердің бәрін ұмытқан, большевиктердің «диктатураны» буржуазияның әлсіздігінен емес, буржуазияның екі түрлі дамуына мүмкіндік беретін *объективті,* экономикалық жағдайлардан шығарғаны туралы ұмытқан. Теориялық жағынан қарағанда жоғарыда келтірілген тирада — бар былықтың баттасқан жері (бұдан «Аграрлық мәселенің» II томында Масловтың өзі де безген); практикалық-саяси жағынан қарағанда бұл тирада — либерализм, барып тұрған жойымпаздықты идеялық жағынан қорғау.

Негізгі *экономикалық* мәселе жөніндегі позицияның тайғақтығы саяси қорытындылардың тайғақтығына қалай апарып соғатынын енді көріңіз. Мартовтың «Қайда бару керек?» («Голос Социал-Демократаның» 13-номері) деген мақаласынан алынған цитат мынадай: «Қазіргі Россияда жаңа саяси дағдарыс тұсында түбегейлі демократиялық революция үшін қолайлы объективті жағдайлардың жасалатын-жасалмайтынын бұл кезеңде ешкім де айта алмайды; біз тек нақтылы жағдайларды ғана, ондай революцияның болуын сөзсіз ететін нақтылы жағдайларды ғана белгілей аламыз. Әзірге тарих бұл мәселені 1871 жылы Германияда шешкеніндей етіп шешпей тұрып, осылай етпей тұрып, социал-демократия болмай қоймайтын саяси дағдарысқа қарай саяси, аграрлық және ұлттық проблемаларды өзінің революциялық жолмен шешуі (демократиялық республика, помещиктік жер иелігін конфискелеу, өзін өзі билеуге толық бостандық болу) жолымен бара беру міндетінен бас тартпауға тиіс. Бірақ социал-демократия ол дағдарыстың тууын тосып *отырып* қалмай, революцияның «германдық» немесе «француздық» түрде аяқталуы туралы мәселені біржолата шешетін нақ сол дағдарысқа *баруға* тиіс».

Дұрыс. 1908 жылғы декабрьдегі партия конференциясының қарарын тура қайталайтын тамаша сөздер. Мәселені бұлайша қою Масловтың *«Аграрлық мәселенің» екінші томындағы* сөздеріне және большевиктердің тактикасына әбден сай келеді. Мәселені бұлай қою: «1908 жылғы декабрьдегі конференцияда большевиктер бұрын бір рет соққы жеген жағына қарай омыраулай беруге қаулы алды» [68] деген белгілі лепірме сөзбен айтылған позициядан мүлдем өзгеше. «Аграрлық мәселені революциялық жолмен шешу арқылы ілгері жүргенде», «жер иеленушілер берген жеңілдіктерге» қанағаттанып қалатын либералдармен емес, буржуазиялық демократияның *революцияшыл* топтарымен ғана, яғни шаруалармен ғана бірге ілгері жүруге болады. Конфискелеуге шаруалармен бірге бару дегенді алсақ — бұл тұжырымның пролетариат пен шаруалардың диктатурасына бару деген қағидадан сөз айырмашылығынан басқа еш өзгешелігі жоқ. Бірақ «Голостың» 13-номерінде біздің партияның позициясына жақын таяп келген Мартов, бұл позицияны дәйектілікпен ұстай алмай, «Қоғамдық қозғалыс» деген жойымпаздық кітапта да, сол 13-номерде де үнемі Потресов — Череванинге қарай ауа береді. Мәселен, Мартов кезеңнің міндетін нақ сол мақаласында: *«ашық* жұмысшы қозғалысы жолындағы, соның ішінде өзіміздің (социал-демократиялық партияның) ашық өмір сүруімізді жеңіп алу жолындағы да күрес» деп белгілейді. Бұлай деу жойымпаздарға ыңғайлана түсушілік болады: біз жария мүмкіндіктердің бәрін және ашық бой көрсетулердің бәрін пайдаланатын социал-демократиялық партияны нығайтқымыз келеді; жойымпаздар партияны жария, ашық (Столыпин тұсында) өмір сүру шеңберіне дейін шүнтитқысы келеді. Біз столыпиндік самодержавиені революциялық жолмен құлату үшін күресеміз, *ондай күреске* ашық бой көрсетулердің бәрін пайдаланамыз, ондай мақсатқа бағытталған қозғалыстың пролетарлық базасын кеңейтеміз. Жойымпаздар жұмысшы қозғалысының... Столыпин тұсында ашық өмір сүруі үшін күреседі. Мартовтың біз республика үшін және жерді конфискелеу үшін күресуге міндеттіміз деген сөзі жойымпаздыққа *жол бермейтін* түрде тұ-

жырымдалған; ал оның партияның ашық өмір сүруі үшін күресу жөніндегі сөзі жойымпаздыққа *жол беретін* түрде тұжырымдалған. Бұл арада Масловтың экономика саласындағы тұрлаусыздығы сияқты тұрлаусыздық саясат саласында да бар*.

Мартыновтың аграрлық мақаласында (№ 10—11) бұл тұрлаусыздық шырқау шегіне дейін жетеді. Мартынов «Пролетариймен» аянбай айтысуға тырысады, бірақ мәселе *қоя* білмеуінің салдарынан, оның айтқаны дәрменсіз және ебетейсіз тырбаңдау болып шығады. «Пролетарийдің» айтуы, байқасаңдар, Ткачевше болып шығады: «Қазір немесе тағы да сәл-пәлден соң, немесе еш уақытта!» [69]. Масловта да, Мартовта да осылай «болып шығады», сүйікті Мартынов жолдас; бұл кез келген марксисте осылай болып шығуға тиіс, өйткені әңгіме *социалистік* революция туралы болып отырған жоқ (Ткачевтегі сияқты), керісінше, *буржуазиялық* революцияны аяқтаудың екі әдісінің бірі туралы болып отыр. Ойлап қараңызшы, Мартынов жолдас: марксистер ірі жер иелігін конфискелеуді қолдауға жалпы міндеттеме ала ала ма немесе олар мұны «әзірге» буржуазиялық құрылыс біржола «бекіп алғанға» дейін ғана («қазір немесе тағы да сәл-пәлден соң» — немесе әлі де әжептәуір уақыт па, мұны сіз екеуміз білмейміз) істеуге міндетті ме? Тағы бір мысал. 1906 жылғы 9 ноябрьдегі заң [70] «деревняда үлкен лаң, кейде пышақтасуға дейін баратын нағыз өзара қырқыс туғызды»,— деп Мартынов әділін айтады. Оның қорытындысы мынадай: «таяу болашақта шаруалардың азды-көпті бірауызды және айбынды революциялық бой көрсетуі, шаруалар көтерілісі, болады деп есептеу осы өзара қырқысудың салдарынан мүлдем ақылға қонбайды». Көтерілісті, яғни азамат соғысын, «өзара қырқысуға» қарсы қою адам күлерлік нәрсе, сүйікті Мартынов жолдас, ал таяу болашақ туралы мәселенің бұл араға түк қатысы жоқ, өйткені әңгіме практикалық директивалар туралы болып отырған жоқ, керісінше, бүкіл аграрлық дамудың *бағыты* туралы бо-

* Біз сол 13-номердегі мақаласында келешектегі дағдарыс дегеніміз «конституциялық» дағдарыс және т. с. деп отырған Мартовтың саяси тұрлаусыздығы көріністерінің *біреуін* ғана мысалға алып отырмыз.

лып отыр. Тағы бір мысал. «Қауымнан бөлініп шығу қауырт жүріп жатыр». Дұрыс. Ал сіздің қорытындыңыз қандай?.. «Помещиктік жолмен қирату, сірә, ойдағыдай өтетін болар, сөйтіп аз ғана жылдың ішінде аграрлық қозғалыс осы жуырда ғана шегіне жете өршіген Россияның нақ сол кең-байтақ аудандарында қауым күйретіледі, сонымен бірге трудовиктік идеологияның басты ұясы да жойылады. Сонымен, «Пролетарийдің» екі перспективасының бірі, атап айтқанда, «қуанарлық» перспективасы,— іске аспай қалады».

Мәселе қауымда емес, сүйікті Мартынов жолдас, өйткені Шаруалар одағы [71] 1905 жылы, ал трудовиктер 1906—1907 жж. жерді қауымдарға емес, жеке адамдарға немесе ерікті серіктіктерге беруді талап еткен болатын. Ескі жер иелігін столыпиндік помещиктік жолмен қирату *да,* шаруалардың қиратуы *да,* яғни жер жөнінде жаңа тәртіптер орнатуды көздеген конфискелеу де қауымды күйретеді. «Пролетарийдің» «қуанарлық» перспективасы, қауыммен және трудовиктің дәл өзімен байланысты емес, «американдық» даму, еркін фермерліктер құру *мүмкіндігімен* байланысты. Сондықтан, қуанарлық перспектива іске аспай қалады дегенде, ал сонымен қатар «ірі жер иелерін экспроприациялау ұраны өлмейді» дегенде, Мартынов жолдас мәселені әбден былықтырады. Егер «пруссиялық» тип орнығатын болса, онда бұл ұран құриды, сөйтіп марксистер: капитализмнің неғұрлым ауыртпалықсыз дамуы үшін біз қолдан келгеннің бәрін істедік, бізге енді капитализмнің өзін жою үшін күресу ғана қалып отыр дейтін болады. Егер бұл ұран құрымайтын болса, онда «поезды» американдық «рельске» бұрып жіберу үшін қажетті *объективті* жағдайлар дайын болып шығады. Ал онда марксистер, егер струвешілдерге айналып кеткілері келмесе, ұсақ буржуалардың субъективтік көзқарастарын білдіретіп реакциялық-«социалистік» жылтыр сөздің тасасында бұқараның капиталистік дамудың жақсы жағдайлары жолындағы объективті-нақты күресі тұрғанын көреді.

Қорыталық. Егер тактика туралы таластар экономикалық мүмкіндіктерге айқын талдау жасауға сүйенбесе, олар бос талас болады. Россиядағы аграрлық эволюция-

ның пруссиялық және американық типі туралы мәселені 1905—1907 жылдардағы күрес алға тартты, ол бұл мәселенің реалдылығын дәлелдеп берді. Столыпин пруссиялық жолмен тағы бір қадам ілгері басады,— мұны көрмеу өкінішті шындықтан адам күлерлік түрде қорқушылық болар еді. Біз осы жаңа қадам негізінде болған ерекше бір тарихи кезеңді жоюға тиістіміз. Бірақ Столыпин *әзірге* жаңа жағдайды жасай алмай, тек ескі жағдайды шатастырып, шиеленістіріп қана отыр, мұны көрмеу адам күлерлік нәрсе ғана емес, тіпті қылмыс болып шығар еді. Столыпин «күштілерге сенім артып», помещиктердің Россияны «реформалауына» (талауына деп оқыңыз) «20 жыл бейбітшілік пен тыныштық» сұрайды. Пролетариат демократияға сенім артуға тиіс, сенім артқанда, демократияның күштерін асыра бағаламай, оған жай ғана «үміт артумен» шектеліп қалмай, толық демократиялық жеңіске жетіп, капитализмнің неғұрлым тез және еркін дамуына ең жақсы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында демократияның барлық күштерін,— бәрінен бұрын және бәрінен де көбірек шаруалар бұқарасын,— көтеретін, демократияның барлық күштерін алдыңғы қатарлы таппен одақ болуға, «пролетариат пен шаруалардың диктатурасына» шақыратын насихат, үгіт, ұйымдастыру жұмыстарын бұлжытпай дамыта отырып, сенім артуға тиіс. Өзінің демократиялық борышын осылай орындаудан пролетариаттың бас тартуы сөзсіз ауытқуларға апарып соғады, *объективті түрде* жұмысшы қозғалысынан тыс контрреволюцияшыл либералдарға және ол қозғалыстың ішіндегі жойымпаздарға ғана пайдалы болып шығады.

«Пролетарий» № 50,
28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ АМАЛ-АЙЛАСЫ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Партиямыз қазіргі кезде бастан кешіріп отырған дағдарыс, біздің бұрын да талай рет айтқанымыздай, жұмысшы табының қозғалысына революцияда қосылған және қазір бір қанатта меньшевиктердің жойымпаздығына, екінші қанатта шақырымпаздық-ультиматизмге әкеп соқтырған ұсақ буржуазиялық элементтердің тұрлаусыздығынан болып отыр. Сондықтан дұрыс революциялық-социал-демократиялық тактиканы қорғап қалу үшін және партияны құру үшін екі қанатта бірдей күрес жүргізу қажетті міндет болып табылады. Большевиктік фракция, міне, осы күресті бұлжытпай жүргізіп келеді, сөйтіп шын партиялық, шын маркстік, социал-демократиялық элементтердің бәрін шыңдап, топтастырып келеді.

Партияны құру күресін ойдағыдай жүргізу үшін,— өйткені *партия* 1908 ж. декабрь конференциясында жойымпаздықты батыл айыптады және сол конференцияның өзінде-ақ шақырымпаздық-ультиматизмнен іргесін батыл түрде аулақ салған болатын,— социал-демократияның ішінде бұл күресті жүргізуге тура келетін жағдайды айқын түсініп алу керек. «Голос Социал-Демократаның» 16—17-номері мен шақырымпаз-ультиматистердің жаңа газетсымағы (Максимов пен Луначарский жолдастардың: «Барлық жолдастарға» деген 8 беттік листогі) осы жағдайды айқын суреттейтін болғандықтан да, көбірек көңіл бөлуді керек қылады. «Голос»та, Максимов және К^0 да жойымпаздарды жасырып

отыр. Оңшыл жойымпаздар мен солшыл жойымпаздардың амал-айласының бірдей екені көзге ұрады, сонысымен осы позициялардың қай-қайсысының да солқылдақтығының бірдей екенін дәлелдейді.

Жойымпаздық дегеніміз «әдейі-бұлдыр, қасақана-түсініксіз айтылған сөзсымақ»,— деп сендірмек болады «Голостың» бас мақаласын жазушы. Ал Максимов болса ультиматистермен арадағы практикалық алауыздықтарды «Пролетарий» принципті алауыздықтар дәрежесіне дейін өсіріп, асқындырып отыр деп сендіруге тырысады. Бейшара «Голос-ай»! Осы кезге дейін ол «қасақана ойдан шығара салудың» бәрін большевиктерге, яғни «фракцияшыл дұшпандарына» аудара сала алатын еді. Енді қасақана ойдан шығара салу жөнінде Плеханов пен Бундты айыптауға тура келіп отыр (Бундтағы жойымпаздық жайында «Отклики Бунданың» 3-номерін қараңыз). «Қасақана» бұлтақтап отырған Плеханов пен бундшылдар ма немесе «Голос» па, қайсысы шындыққа жуық болар екен?

Біз жойымпаздар емеспіз, деп сендірмек болады «Голос», біз тек партияға мүшелікті басқашалау түсіндіреміз; уставтың 1-параграфын біз *Стокгольмде большевиктік* тұжырымда қабылдадық [72], бірақ мұнда тұрған пәле жоқ; дәл қазір, Плеханов бізді жойымпазсыңдар деп айыптағаннан кейін, біз 1-параграфты алып шығып, атышулы жойымпаздығымыздың бәрін біз тек партия деген ұғымды кеңейткіміз келеді деп түсіндіретін боламыз. Партия дегеніміз, көріп отырсыздар ма, партия ұйымдарының (біздің өзіміз *Стокгольмде* большевиктерге көнгеніміздей) жиынтығы ғана емес, сонымен қатар партия ұйымдарынан *тыс,* партияның бақылауы мен басшылығы бойынша жұмыс істейтіндердің бәрі де, дейді «Голос»!

Қандай ғажап бұлтарыс, қандай данышпандық ойдан шығарушылық десеңізші: ешқандай жойымпаздық жоқ — 1-параграф туралы бәз-баяғы таластар ғана бар! Бар пәле мынада ғана, мұнымен сіздер Плехановтың айыптауын *растайсыздар,* сүйікті голосшылдар, өйткені *іс жүзінде* сіздердің жойымпаздықты *қорғау үшін ғана* (=партия ұйымын «формасыз» жария ұйыммен ал-

мастыру үшін: 1908 ж. декабрь конференциясының қарарын қараңыз) 1-параграф туралы ескі қоқысты қопарып шығарып отырғандарыңызды партиялық социал-демократ атаулының бәрі, жұмысшы социал-демократ атаулының бәрі бірден түсіне қояды. Социал-демократиялық жұмысшыларға есік ашқыларыңыз «келетініне» *сөз жүзінде* қаншама сендірмек болсаңыздар да, сіздер *іс жүзінде* нақ осыларыңыз арқылы-ақ жойымпаздарға есік ашасыздар.

Айна-қатесіз Максимов, оның сендіруі бойынша, ол шақырымпаздықты қорғаушы емес, ол тек (тек!) Думаға қатысу туралы мәселені «өте-мөте даулы» мәселе деп есептейді. 1-параграф даулы мәселе, Думаға қатысу даулы мәселе,— сонда шақырымпаздық туралы және жойымпаздық туралы «қасақана» ойдан шығара салушылық деудің бұған не қатысы бар?

Біз жойымпаздар емеспіз, деп сендірмек болады «Голос», біз тек Плеханов «егер ұяның құрылысы, басқа еш нәрсеге емес, нақ соның өзін қайта құруға кедергі жасайтын болса қайтеміз деген мәселеге ебін тауып соқпай өтті» деп білеміз дейді. Ал іс жүзінде Плеханов бұл мәселеге соқпай өткен жоқ, оны ашықтан-ашық және тура шешіп берді: оның партиялыққа шақыруы, жікке бөлінуді және жойымпаздықты айыптауы большевиктердің шақырымпаз-ультиматистерді аластауына берген жауабы болатын. Ұя дегеніміз құпия партия ұйымының типі, онда жалпы ереже бойынша большевиктер үстем болып отыр, ал оны қайта құруға (Думаға қатысу үшін, жария қоғамдарға қатысу үшін және т. т.) шақырымпаздар *кедергі жасады.* Партиялық меньшевиктер большевиктердің шақырымпаздарды аластауына Плехановтың берген жауабынан басқаша жауап бере алмады. Ал «Голос» бұлталақтайды, іс жүзінде жойымпаздарды *қолдайды,* сөйтіп шетелдік құпия басылымдағы *либералдардың* большевиктер ұйымдарының қаскүнемдік сипаты туралы тақырыптағы, большевиктердің қалың жұмысшы ұйымдарын құрғысы келмейтіні, съездерге қатысқылары келмейтіні туралы және басқа тақырыптағы (өйткені, жаңа «мүмкіндіктерге» *қатыса отырып,* ұялар сонымен қатысу үшін қайта құрылып

алды, сонымен іс жүзінде қайта құрылуға үйренді) өсегін *қайталайды*. Ұяның *«құрылысы»* оны қайта құруда кедергі жасайды деу — *іс жүзінде* жікке бөлінуді уағыздау, нақ қазіргідей түрде құрылып жатқан ұялардың жиынтығынан тұратын партияға *қарсы* жойымпаздардың жік туғызушылық әрекетін ақтау деген сөз.

Біз жойымпаздар емеспіз, жарияшылдар емеспіз, біз тек «партиялық» (маңдайшадағы жазу бойынша!), «құпия» (бірақ Кускова ханым мақұлдайтын!) басылымда ұяның (және ұялар жиынтығының, партияның) құрылысы партияны қайта құруға *кедергі жасайды* деп сендірмекшіміз дейді. Біз шақырымпаздар емеспіз, социал-демократияның Думадағы жұмысын бүлдірушілер емеспіз, біз тек Думаға қатысу туралы мәселе «өте даулы» мәселе және «думашылдық» біздің партиямызға бәрін де көлегейлейді деп сендірмекшіміз (1909 жылы) дейді. Ал жойымпаздардың екі типінің қайсысы партияға зияндырақ?

Потресов революционер болудан қалды деп мәлімдеп, Плеханов «Қоғамдық қозғалыстан» шықты. Потресов Мартовқа: мені не үшін өкпелетті? мен түсінбеймін деп хат жазады. Мартов: мен де түк білмеймін деп жауап қайтарады. Екі редактор да Плехановтың наразы болу себептері жайында «зерттеу» («Голостың» сөзі!) жүргізіп жатыр. Екі редактор бірдей үшінші редакторға, Масловқа, хат жазады, бірақ Плехановтың неліктен кетіп отырғанын Маслов та білмейтін көрінеді. Олар жылдар бойы Плехановпен бірге істеді, олар *Плехановтың нұсқауы бойынша* Потресовтың мақаласын түзетіп байқады, ал оларға баспасөз бетінде, ашықтан-ашық кінә тағылған кезде, олар Плехановтың Потресовты не үшін айыптайтынын түсінбейтіндер бола қалды, олар бұл жөнінде «зерттеу» жүргізе бастады! Доп келіп қалған осы сәтсіз оқиғаға дейін олардың бәрі де соншама шебер, соншама тәжірибелі әдебиетші болған еді,— енді олар Череваниннің мақалаларынан, Потресовтан, бүкіл «Қоғамдық қозғалыстан» революциядан безушіліктің қандай лебі есіп тұрғанын «білмейтін» сәбилерге айналып кетті. Роланд-Гольст Череваниннің бұл лебін сезді,— бәлки, бұл да қасақаналықтан шығар! Бірақ Черева-

нин, *Потресовпен бірге сол* сарында жаза беріп, міне, сол жерде... жойымпаздықтың бұл арада не қатысы бар?— деген *ескертусымақ* жасады. Кадеттер=вехиштілдер, тек ескертусымақтары бар. Череванин, Потресов және «Қоғамдық қозғалыс»=революциядан ескертусымақ айта отырып безу. Иә, иә, «жойымпаздық» дегеннің өзі қандай әдейі-бұлдыр, қасақана-түсініксіз айтылған сөз десеңізші!

Ал «құдай жасампаздық» деген сөз де сондай әдейі-бұлдыр, қасақана-түсініксіз айтылған сөз деп даурығады Максимов пен Луначарский; *ескертусымақ* жазып, Череванинді көлегейлеуге болады; ал Череванин мен Потресовтан Луначарскийдің несі кем? Луначарский де Максимовпен бірге *ескертусымақ* ойлап табады. Луначарскийдің мақаласындағы ең басты параграф: «Менің бұл терминологиядан бас тартатын себебім не?» — деп аталған. Қолайсыз терминдерді ауыстырамыз, дін туралы да, құдай жасампаздық туралы да ештеңе демейміз... «мәдениет» туралы көбірек айтуға болады... сонан соң барып жаңа, шын жаңа және шын социалистік «мәдениет» деп біздің сіздерге не айтып отырғанымызды өздерің түсініп көріңіздер. Партияның талапшылдығы сонша, шыдамсыздығы сонша (Луначарскийдің «шыдамсыздық» туралы параграфы) — жарайды, «терминологияны» ауыстыралық, олар идеяларға қарсы күресіп отырған жоқ, «терминологияға» қарсы ғой...

Ал не, сүйікті голосшылдар,— 18—19-номерде сіздер терминологиядан... мысалы, жойымпаздық жайындағы терминологиядан бас тарту туралы мәлімдеме жасамақ болып жатқан жоқсыздар ма? Ал не, «Қоғамдық қозғалыстың» редакторлары, III—X томдарда сіздер «өздеріңізді түсінбегенін», ешқандай «гегемония идеясы» жөнінде сіздердің дауласпағандарыңызды, жойымпаздықтың болмашы рухын да... ешбір!.. сіздердің мақұлдамайтындарыңызды *түсіндірмек* болып жатқан жоқсыздар ма?

Петербург комитетінің барлық жұмысын әлдеқашаннан бері *бүлдіріп келе жатқан* Петербургтің шақырымпаз-ультиматистері Дума сайлауының қарсаңында (1909 ж. сентябрьде) іс жүзінде сайлауды болдырмай-

тын қарар өткізді. Жұмысшылар партия үшін бүлік шығара бастады, сөйтіп сорақы қарарды солшыл жойымпаздардың *еріксіз* өзгертуіне жетті. Максимов енді бұлтақтап: қарар «сұмдық қате» қарар еді, бірақ жолдастар «одан өздері бас тартты» дейді. «Ультиматизмнің өзі,— деп жазады Максимов,— бұл қатеге еш қатысы жоқ екені айқын нәрсе». Айқын болып отырған бұл емес, Максимов жолдас, керісінше, партия үшін *қатерлі* солшыл жойымпаздықты сіздің бүркеп отырғаныңыз айқын.— Санкт-Петербургтегі Выборг ауданының меньшевиктері жойымпаздыққа қарсы шықты (мүмкін, бұл да олардың бірден-бір ғана қасақаналығынан болар?). «Голос» әуелі оларды мақұлдады («Пролетарийден» кейін). Енді келіп жойымпаз меньшевик *Г—г* «Голостың» 16—17-номерінде мақала жазып, выборгтіктерді жер-жебіріне жете балағаттап, ең жаман сөздермен балағаттап отыр — түсініп отырсыздар ма? меньшевиктік органда меньшевиктерді *большевиктерсіңдер* деп ұрсады! «Голостың» редакциясы момынның момыны, кінәсыздың кінәсызы болады да: «жауапкершілігін мойнымызға алмаймыз» деп Максимовше басын алып қашып отыр» (16—17-номерге қосымшаның 2-беті, 2-бағанасы), «бұл — факт мәселесі»...

...Ал енді, «Голос» жойымпаздықты бүркемелейді, жойымпаздыққа көмектеседі-міс деген «лақапты» (Мартовтың «Vorwärts»-тегі сөзі) ойлап шығарған бұл қандай залым жалақорлар! Думадағы жұмыс «Орталық Комитет мүшелерінің көпшілігі шетелде тұра бастаған кезден бері» (сонда) күшейді деген жалған хабар тарата келіп, құпия органда Орталық Комитеттің Думадағы жұмысын келекелеп отырған адам жойымпаздарға көмектеседі деу жала емей немене,— бір тәуірі, бұл өсектерді теріске шығаруға, яғни құпия Орталық Комитеттің Думадағы жұмысы туралы шындықты *айтуға болмайды*...

Максимов Думадағы фракцияға *партиялық* басшылықтың мүмкіндігі туралы мәселе өте-мөте талас мәселе (екі жылдық тәжірибеден кейін) деп сендіреді. «Голос» *партия* тарапынан мұндай басшылық болады деу — («Орталық Комитет мүшелерінің көпшілігі шетелде тұ-

ра бастаған кезден бері») — бос сөз деп сендіреді. Оңшыл және солшыл жойымпаздардың *антипартиялық* жұмысы туралы сыбысты тек жалақорлар ғана таратып жүр деп сендіріп, Максимов та, голосшылдар да кеудесін қағады.

Максимов та, голосшылдар да жойымпаздыққа қарсы күрестің бәрін жеке адамдар мен топтардың «қуып шығушылыққа» бейімдігінен деп түсіндіреді. Максимов дәл осы сөзді қолданады. «Голос» Плехановтың біржола межелесуге шақыруын «хирургия» деп, «күзеу, қыру және қан шығару» әдісі деп, «Собакевич-Лениннің» амалдары, П. «кереметтің» (П.=Череваниндердің, Ларининдердің, Потресовтардың жойымпаздығы туралы шындықты ашық айтуға қорықпаған плехановшыл-меньшевик) амалдары деп ашына сипаттайды. «Пролетарий» Плеханов жөнінде дипломаттық жасап отыр, оған жалбақтап отыр (Максимов), «Пролетарий» Плеханов алдында құрдай жорғалап отыр («Голос»: «Пролетарийдің» Плехановқа көзқарас жөнінде «құрдай жорғалауға» дайын «фельетонисі»). Көріп отырсыздар ма: максимовшылдар мен голосшылдар жаңа жікке бөліну мен жаңа топтарға бөлінуді толығынан бірдей түсіндіреді.

Осы тақілеттес түсіндірулерді ойыншық ісін кәсіп еткен адамсымақтардың еншісіне қалдырайық та, іске көшелік.

Жойымпаздық дегеніміз — либерал буржуазияның контрреволюциялық пиғылымен, демократиялық ұсақ буржуазияның арасындағы құлдыраумен және ыдыраумен тығыз байланысты терең әлеуметтік құбылыс. Революциялық социал-демократиялық партияны ыдыратуға, быт-шытын шығарып, құлатуға, оның ішінде өздері табысқа жете алуы ықтимал жария жұмысшы қоғамдары үшін негіз тазартуға либералдар мен ұсақ буржуазияшыл демократтар мыңдаған амал-айла арқылы тырысады. Міне, осындай уақытта жойымпаздар кешегі революцияның өте маңызды қалдығына қарсы, ертеңгі революцияның өте маңызды тірегіне қарсы идеялық жағынан да, ұйымдық жағынан да күрес жүргізеді. Голосшылдар (бұлардан партия *жойымпаздарға* қарсы адал, тура, бұлтарыссыз шайқасудан басқа ештеңе тіле-

мейді) өздерінің бұлтақтауы арқылы *жойымпаздарға қызмет етіп отыр.* Контрреволюцияның тарихы меньшевизмді не жойымпаздыққа қарсы шайқас, не оның жандайшабы бол деген тұйыққа тіреп отыр. Өңі айналдырылған меньшевизм де, яғни шақырымпаз-ультиматизм де, іс жүзінде жойымпаздықты күшейтеді: егер Думадағы жұмыс пен жария жұмыс туралы «талас» созыла беретін болса, егер ескі ұйымды жаңа тарихи кезеңге, өзгерген жағдайларға бейімдемей, оны бұрынғы күйінде сақтап қалуға әрекет жасалса, онда бұл *іс жүзінде* революциялық бейқамдық және құпия ұйымды қирату саясаты болып шығады.

Большевиктерде екі қанатта бірдей күрес жүргізу міндеті — «орталық» міндет пайда болып отыр (бұл арада бүкпе, дипломатия бар деп білген Максимов мұның мәнісін түсінбеді). Қазіргі ауыр кезеңді уыста ұстау *үшін,* барлық және әр түрлі жария мүмкіндіктердің «тіректі пункттері» арқылы ұзақ жұмыс жүргізу *үшін* құпия социал-демократиялық ұйымды үнемі, бұлжымай, әрбір қадам басқан сайын қайта құрып отырмай, оны сақтап қалуға және нығайтуға болмайды.

Партияның алдына бұл міндетті объективті жағдайлар қойып отыр. Оны кім шешеді? Сол объективті жағдайлар партияның барлық фракциялары мен бөліктері *партияшылдарының жақындасуын,* ең алдымен большевиктердің партияшыл меньшевиктермен, С.-Петербургтегі выборгтіктер, шетелдегі плехановшылдар типіндегі меньшевиктермен жақындасуын талап етіп отыр. Большевиктер өз тарапынан бұл жақындасудың қажеттігін ашық жариялады, ал біз жойымпаздыққа қарсы ашық шайқаса алатын, Плехановты ашық қолдай алатын *барлық меньшевиктерді* осыған шақырамыз және, әрине, ең алдымен және бәрінен де гөрі меньшевик жұмысшыларды осыған шақырамыз. Егер плехановшылдармен *келісу:* партия үшін және партиялық үшін жойымпаздыққа қарсы күресу негізінде, ешқандай идеялық ымыраға бармай-ақ, партия бағыты *шеңберіндегі* тактикалық және басқа алауыздықтарды ешқандай көмескілеместен келісу мүмкін болса, жақындасу жедел және кең түрде жүреді. Барлық большевиктер, әсіресе жергілікті

жерлердегі большевик жұмысшылар осындай келісімдерді іске асыру үшін мүмкін болғанның бәрін істесін.

Егер плехановшылдар тым әлсіз, немесе ұйымдаспаған болып шықса, немесе келісімге ынтасы болмаса,— онда біз бұл мақсатқа неғұрлым ұзағырақ жолмен барамыз, бірақ біз оған қалай да барамыз және қандай жағдайда болса да оған жетеміз де. Онда большевиктер фракциясы, дәл сол сәтте және дереу, практикалық жұмыс саласында (өйткені Плеханов оған әдеби жағынан ғана көмектеседі) партияны құрушы жалғыз ғана фракция болып қалады. Осы құрылыс жұмысын алға бастыруға барлық күш-жігерімізді жұмсайық, голосшылдар мен максимовшылдардың жиіркеніштi қулықтары мен бұлтағына аяушылық болмасын, партияның практикалық жұмысының әрбір қадамы сайын бұлардың екеуінің де антипартиялығын пролетариат алдында әшкерелеп, кінәлап отырайық.

Жұмысшы табы Россиядағы бүкіл буржуазиялық революцияға өзінің, пролетарлық, революциялық-социал-демократиялық тактикасының әсерін мықтап тигізді. Либералдардың, жойымпаздардың және жойымпаздықтың жандайшаптарының ешқандай әрекеті бұл фактіні жоя алмайды. Сөйтіп, алдыңғы қатарлы жұмысшылар партияны құруға көмектескісі келетіндермен *бірге,* оған көмектескісі келмейтіндерге немесе көмектесе алмайтындарға *қарсы* шыға отырып, революциялық социал-демократиялық партияны құра береді және құрып шығады да.

«Пролетарий» № 50,
28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

«ГОЛОС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТА» ЖӘНЕ ЧЕРЕВАНИН[73]

Череванин жолдас — меньшевиктер арасындағы идеялық жойымпаздың типі және үлгісымағы. Ол мұны өзінің: «Пролетариат және т. б.» деген белгілі кітабында толық білдірді. Ол кітапта жойымпаздықтың күштілігі сонша, немісше аудармасына жазылған алғы сөздің авторы, белгілі голланд жазушысы, марксист әйел Роланд-Гольст, марксизмді бұрмалауға және оны ревизионизммен алмастыруға қарсы өзінің наразылығын білдірмей қала алмады. *Содан кейін* «Голос Социал-Демократаның» редакциясы аса көрнекті меньшевиктер оған қосылмайды деп мәлімдеп, Череваниннен безетінін «Vorwärts»-те басып шығарды. «Пролетарий» «Голоста» көшіріп *басылмаған* және орыс баспасөзінде Череваниннің «қателеріне» үнемі түсінік беріліп отырмаған мұндай безудің иезуиттігін көрсетіп берді*. Столыпиннен бастап Брианға дейінгі буржуазияшыл министрлер дәл осылай істемеуші ме еді: ескертпе айту, түзету енгізу, асқындап кеткен пікірлесінен, жөнсіз тыпыршыған жақтасынан безу, сөйтіп осыны желеу етіп ескі бағытты жүргізе берушілік болмаушы ма еді?

«Голос» 16—17-номерінде Череваниннің редакцияға хатын және оған өзінің қосымша ескертуін береді. «Пролетарий» «жалақор» деп кінәланады, өйткені Череванин өзінің «Қазіргі жағдай және ықтимал бола-

* Қараңыз: осы том, 44—53-беттер. *Ред.*

шақ» деген кітабында (М. 1908) «қатесін» өзі «түзегенін» біз жұртшылыққа «айтпаған» едік делінеді.

Голосшылдардың *амал-айласы қандай* екенін және олардың жойымпаздығы жөніндегі «жалақорлығы» үшін «Пролетарийді» айыптағаны не нәрсе екенін оқушыларға тағы да бір рет көрсетелік.

Череваниннің аталған жаңа кітабынан азғана цитаттар алумен ғана шектелейік. 173-бет: «Жалпы алғанда мен өзімнің «Революциядағы пролетариат» деген кітабымда жасаған талдауымнан ешбір бас тартпаймын. Пролетариат пен социал-демократия, күмән жоқ, бірқатар қателер жасады, ол қателер революцияның жеңуін, *тіпті бұл жеңіс мүмкін болған күнде де* (курсив Череваниндікі), қиындатпай қоя алмады. Бірақ ендігі жерде сұрақты бұл жеңіс шынында да мүмкін бе еді және революцияның жеңілуіне пролетариат пен социал-демократияның қателері ғана себеп болды ма деп қою керек. Бұл сұрақтың қойылуының өзі-ақ оның жауабын да еріксіз ойға салады. Революцияның жеңілуі соншалық терең және орныққан реакцияның жағдайы, қалай болғанда да, таяудағы бірсыпыра жылдар үшін соншалық берік, ал мұның себептерін пролетариаттың қайсыбір қателеріне әкеп саю мүлдем мүмкін болмас еді. Сірә, мәселе бұл арада қателерде емес, басқа бір неғұрлым тереңірек себептерде болса керек».

«Голостың» мәлімдемесі бойынша, Череваниннің «қателерін түзеткені», міне, осы! Череванин өзінің «талдауынан» бас тартып отырған жоқ, қайта ол толып жатқан жаңа сорақылықтар жасауға дейін жетіп («революция күштерін» барлық халықтың *төрттен бір бөлігі*, 21,5%—28% деген статистикамен анықтау сияқты; бұл сорақылыққа тағы бірде оралармыз!), ол талдауын *тереңдете түсіп* отыр. Череванин революцияшыл пролетариат қателесті деген тезисіне революцияның қарамағында халықтың *«мүмкін»* күшінің төрттен бірінен көбірегі болмады (197-бет, курсив Череваниндікі) дегенді қосады,— ал голосшылдар мұны «түзету» деп атайды да, «Пролетарийді» жалақор деп даурығады.

176-бет: «Былай деп санайық: меньшевиктер қашанда болсын меньшевиктік позицияларын дәйекті түрде

ұстады, ноябрьдегі Петербург стачкасына, 8 сағаттық жұмыс күнін күшпен енгізуге, бірінші Думаға бойкот жасауға қатысуымен революциялық желіктің әсерінен большевиктер бола қалған жоқ». (Қорытынды: пролетариаттың тактикасы жақсара түсер еді, бірақ бәрібір жеңіліс тапқан болар еді.)

138-бет: «Мүмкін, өздерінің аграрлық және саяси қатынастарды батыл қирату жөніндегі перспективалары жағынан революциялық және оппозициялық (тыңдаңыз!) партиялар дауылды 1905 жылы тым шығандап кеткен болар».

Осы да жеткілікті болар? Қайталанған, асқына түскен жойымпаздық пен ренегаттықты «Голос Социал-Демократа» түзету деп атайды. Ертең «Қазіргі жағдайдың» немісше аудармасы шығады — голосшылдар *немістер үшін* жаңадан безуді бастырып шығарады — Череванин жаңа «ескертуін» жариялайды—жойымпаздық уағыз күшейе түседі — «Голос» оған жойымпаз деп жалақорлық айып тағылғаны жайында сыпайы ызаланатын болады. Ескі, бірақ мәңгі-бақи жаңа тарих.

Кадеттер төңірегіндегі айла-шарғысында тым асыңқырап кеткен марксист Плехановты Потресов шимайларының — түптеп келгенде! — қандай «рухы» бұлқантталқан еткенін Маслов, Мартов және Потресов мүлдем түсінбейді, тіпті ешбір түсіне алмайды. Сөйтіп, түсіне алмай-ақ қойдыңдар ма, сүйкімді голосшылдар? Череваниннің «түзетілген» кітабынан алынған цитаттан кейін де түк түсінбей отырсыздар ма? Түсіне алмаушылық деген кейде қолайлы-ақ болады-ау!

«Пролетарий» № 50,
28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ГОРЬКИЙДІҢ ПАРТИЯДАН ШЫҒАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ЕРТЕГІСІ[74]

Міне, бірнеше күннен бері Францияның («L'Eclair», «Le Radical»), Германияның («Berliner Tageblatt»)[75] және Россияның («Утро России», «Речь», «Русское Слово», «Новое Время») буржуазиялық газеттері Горький социал-демократиялық партиядан шығарылды деген сенсациялық жаңалық жайлы дүрлігулі. «Vorwärts» бұл сандырақты теріске шығарған мәлімдемесін басты да. «Пролетарийдің» редакциясы да бірнеше газетке мұны теріске шығарған мәлімдеме жіберді, бірақ буржуазиялық баспасөз оны елемей, өсекті қоздыра түсуде.

Бұл өсектің қайдан шыққаны айқын: шақырымпаздық пен құдай жасампаздыққа байланысты алауыздықтардың (жалпы алғанда партия ішінде, атап айтқанда «Пролетарийдің» бетінде ашықтан-ашық талқыланып келе жатқанына қазір жылға таяп қалған мәселе) шет жағасын құлағы шалған бір шимайшы осы деректердің жұрнағын шылғи өтірікке айналдырған, сөйтіп өзінің ойдан шығарған «интервьюінен» «мол олжа тапқан», т. с.

Өсек тарату науқаны мақсатының айқындығы да одан кем емес. Буржуазиялық партиялар Горькийдің социал-демократиялық партиядан шығып кетуін *тілейді.* Буржуазиялық газеттер социал-демократиялық партияның ішінде алауыздықтар тудыруға және ол алауыздықтарды мейлінше бұрмалап көрсетуге жанталаса тырысуда.

Буржуазиялық газеттер босқа әуре болады. Горький жолдас өзінің ұлы көркем шығармалары арқылы Россияның және бүкіл дүние жүзінің жұмысшы қозғалысымен мейлінше берік байланысқан, ол бұл газеттерге тек жирене қараумен ғана жауап береді.

«Пролетарий» № 50,
28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ МЕН АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ[76]

Шақырымпаздық пен жойымпаздыққа қарсы күрес партиямыздың шын маркстік және социал-демократиялық элементтерінің міндеттері ішінде заңды түрде бірінші орын алып отыр, алайда бұл күрес, шындығына келгенде, шақырымпаздықты да, жойымпаздықты да туғызған және жай-жапсарына қарағанда әлі де бірсыпыра тактикалық жаңа сорақылықтарды туғызатын анағұрлым күшті кеселді бізден көлегейлемеуге тиіс. Бұл кесел — либерализмді әбден меңдеп алған және партиямызға тұс-тұстан анталап тұрған идеялық құлдырау мен ауа жайылушылық.

Осы ауа жайылушылықтың көп көрінісінің бірі мынадай. Партияда көптен бері істеп келе жатқан бір жолдас, бұрынғы искрашыл және карт большевик, түрме мен жер аударудың салдарынан өте ұзақ уақыт бойы, тіпті 1906 ж. басынан бері дерлік қозғалысқа қатыса алмай қалған еді. Жуырда ол жұмысқа қайта оралған соң, шақырымпаздық-ультиматизммен танысты да, оны революциялық социал-демократиялық тактиканы масқара бұрмалаушылық деп, зығырданы қайнап, ашу-ызамен серпіп тастады. Одесса мен Петербургтегі жұмыстың жайымен танысқан соң бұл жолдас, реті келгенде айта кетейік, төмендегідей қорытындыға немесе өз байқауының «қалыптаспаған нәтижесіне» келді: «...меніңше, ең ауыр кезең өткенге ұқсайды, енді ыдырау мен құлдырау заманының қалдықтарын жою міндеті қалған сияқты». Бірақ бұл қалдықтар әлі аз емес.

«Питердегі бүкіл жұмыста,— деп оқимыз ол хаттан,— біртұтас басшы орталықтың жоқтығы және тәртіптің, жөн-жобаның, жеке бөлімдер арасында байланыстың, бірліктің, жұмыста жоспардың жоқтығы сезіледі. Әркім өз бетінше, білгенінше жұмыс істеуде. Құпия ұйымда шақырымпаздық тенденциялар күшті, олар тіпті шақырымпаздардың қарсыластарын да қамтып отыр...» (бұл арада, сірә, «Пролетарийдің» қайталап және батыл талап етуіне қарамастан, шақырымпаздықтан қол үзбей, оларға қарсы аяусыз күрес жүргізбей, ымырашылдық көрсетіп отырған, болмай қалмайтын ажырасуды бекерге созып жүрген, оның үстіне шақырымпаз-ультиматистердің өздерінің сорақы тактикасынан іс жүзінде бас тартуына әсте жете алмай отырған большевиктер туралы айтылып отырса керек). «...Осы себепті бір айтуға тұрарлық құбылыс белең алып келеді, ол Одессада да әбден дербес көрініп отыр, бұл: революциялық бейқамдық. Шақырымпаздық рухы үстем болып отырған жердің бәрінде көзге ұратын нәрсе — құпия ұйымдардың ештеңе істемейтіндігі. Бір-екі насихат үйірмесі, жария мүмкіндіктерге қарсы күрес — міне, барлық жұмыс осы. Ол көбінесе іріткі салушылық сипатта болады; мұны сіздер менің Одессадан жіберген мол материалдарымнан көре аласыздар...» (...* деген мақалада пайдаланылды). «...Ал жария мүмкіндіктерді алатын болсақ, оларды пайдалануда ұстамды социал-демократиялық бағыт жеткіліксіз болып отыр. Реакция түнегінде социал-демократияның оппортунистері бас көтеріп, мұның енді қауіпті емес екенін білген соң, социал-демократияның негізгі принциптеріне қарсы «өжетсініп отыр». Бұл жерде сіздер революциялық социал-демократияның, оның программасы мен тактикасының соншама кең көлемде ревизиялануын көресіздер, мұның жанында Бернштейннің ревизиясы баланың ойыншығы секілді. РСДРП Маркстi түсінбейді, ол Россияның экономикалық даму тенденцияларына қате талдау жасады, Россияда еш уақытта крепостниктік құрылыс болған емес, қайта крепостник-

* Қолжазбаның осы жерінде мақаланың атын жазу үшін бос орын қалдырылған. *Ред.*

тік-сауда құрылысы болды, буржуазия мен поместьелі дворяндардың мүдделері арасында қайшылық болған емес және болып та отырған жоқ, олардың арасында одақ та жоқ, өйткені орыс социал-демократиясы ойлап шығарған бұл екі тап бір буржуазиялық тап болып табылады (бұл — Россияның өзіндік белгісі), самодержавие — осы таптың ұйымы. «Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы» ұраны сүйенген (??— сұрақ белгілері хат авторынікі) орыс буржуазиясының әлсіздігі ойдан шығарылған нәрсе, бұл ұран утопиялық ұран және солай болып та қала береді. Оны демократиялық республикамен қоса лақтырып тастау керек, өйткені орыс поезі герман рельсіне түсті...».

Демек, біз бұл арада шақырымпаздық пен жойымпаздық туғызған идеялық былықтың үлкен тасқынының бір жылғасына тосыннан берілген суреттемені көріп отырмыз; ал шақырымпаздық пен жойымпаздық бұл идеялық былықты барып тұрған оңшыл және барып тұрған «солшыл» ақымақтықтың қағидаларын кейде шым-шытырман араластыру, тіпті жақындастыру арқылы тудырады. Бұл қағидалардың алғашқы жартысының (буржуазия мен крепостниктік жер иеленушіліктің арасында қайшылық жоқ деу және т. б.) қисынсыздығы мен сорақылығы соншалық, оны тіпті елеулі нәрсе деп есептеуге де тұрмайды. Сынға татыр.... ештеңе...*

1909 ж. ноябрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Мақаланың аяқ жағы табылған жоқ. *Ред.*

8 САҒАТТЫҚ ЖҰМЫС КҮНІ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗДЕРІНІҢ ЖОБАСЫНА ТҮСІНІК ХАТ

II*

Түсінік хаттың осы, екінші, бөлімінде біз 8 сағаттық жұмыс күні туралы III Думаға арналған социал-демократиялық заң жобасының *типі* және бұл заң жобасының *негізгі белгілерін* түсіндіретін *дәлелдер* туралы мәселеге тоқталмақпыз.

Думадағы социал-демократиялық фракцияда болған және біздің кіші комиссияға беріліп отырған бастапқы жобаны негізге алуға болатын еді, бірақ ол бірсыпыра түзетулер енгізуді керек етті.

Социал-демократтар III Думаға ұсынатын заң жобаларының негізгі мақсаты социал-демократиялық программа мен тактиканы *насихаттау және үгіттеу* болуға тиіс. III Думаның «реформаторлығына» сенудің қандайы болса да, күлкілі екені былай тұрсын, сонымен бірге ол социал-демократиялық революциялық тактиканың сипатын түгелдей бұрмалау, оны оппортунистік, либералдық социал-реформаторлық тактикаға айналдырып жіберу қаупін туғызар еді. Думадағы социал-демократиялық тактиканы бұлайша бұрмалаушылық партиямыздың жалпыға бірдей міндетті шешімдеріне, атап айтқанда: РСДРП Лондон съезінің қарарларына және 1907 ж. ноябрь мен 1908 ж. декабрьде өткен бү-

* Түсінік хаттың бірінші бөлімі немесе бірінші тарауы еңбек өнімділігінің, пролетариаттың санитарлық, мәдени мүдделерінің, жалпы алғанда оның азаттық күресі мүдделерінің тұрғысынан келіп, жалпы 8 сағаттық жұмыс күнінің пайдасына айтылатын, көпшілікке түсінікті және мүмкіндігіне қарай неғұрлым үгіттік түрде жазылған пікірлердің дамытылуын қамтуға тиіс.

кіл россиялық партия конференцияларының Орталық Комитет бекіткен қарарларына тікелей және үзілді-кесілді қайшы келер еді деп айтып жатудың да қажеті жоқ.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның ұсынатын заң жобалары өз міндетіне сай келуі үшін мынадай шарттар керек:

(1) заң жобалары біздің партиялық программа-minimum-ге енген, немесе осы программадан қажетті түрде туатын социал-демократияның жеке талаптарын мейлінше айқын және анық баяндауға тиіс;

(2) заң жобалары юридикалық дәлдіктердің көптігімен ешбір қиындатылуға тиісті емес; олар заңдардың ұсақ-түйегіне дейін егжей-тегжейлі жазылатын текстерін беруге тиісті емес, шығарылмақ заңдардың *басты негіздерін* беруге тиіс:

(3) заң жобалары әлеуметтік реформа мен демократиялық өзгерістердің әр түрлі салаларын тар мағынада алынған юридикалық, әкімшілік немесе «таза парламенттік» тұрғыдан қарағанда қажетті көрінуі мүмкін болса да, тым оқшаулап жіберуге тиісті емес, қайта, социал-демократиялық насихат пен үгіттің мақсатын көздей отырып, заң жобалары фабрикалық (және жалпы әлеуметтік) реформалардың *демократиялық* саяси өзгерістермен *қажетті байланысы* туралы, бұл саяси өзгерістер болмайынша столыпиндік самодержавиенің «реформалары» атаулының бәрі түгелдей «зубатовтықша» бұрмаланып, бүтіндей түкке тұрғысыз пәрсеге айналуы сөзсіз екені туралы жұмысшы табына мүмкіндігінше неғұрлым айқын түсінік беруге тиіс. Экономикалық реформалардың саясатпен байланыстылығын осылайша көрсетуге, заң жобаларының бәріне бірдей дәйекті демократияның талаптарын түгел енгізу арқылы емес, әрбір жеке реформаға сәйкес келетін демократиялық және арнаулы пролетарлық-демократиялық мекемелерді ұсыну арқылы қол жетуі керек екені, батыл саяси өзгерістерсіз мұндай мекемелердің жүзеге аспайтындығы заң жобасына жазылған түсінік хатта баса көрсетілуге тиіс екені өзінен-өзі түсінікті;

(4) бұқара арасында жария социал-демократиялық насихат пен үгіт жүргізу қазіргі жағдайларда өте қиындап тұрғандықтан, заң жобалары жеке заң жобасы да және оған жеке жазылған түсінік хат та бұқараға жеткен кезде (социал-демократиялық емес газеттерде көшіріп басу арқылы болсын, заң жобасының тексті жазылған жеке листоктар тарату арқылы болсын және т. с.) *өз мақсатына жете алатындай* болып жасалуы керек, яғни көшедегі жұмысшылардың, артта қалған жұмысшылардың таптық сана-сезімін дамыту ісіне пайда келтіру үшін олар бұл заң жобаларын оқи алатын болуы керек; осы мақсатпен заң жобаларының *бүкіл* құрылымы кәсіпкерлерге және соларға қызмет ететін орган ретіндегі мемлекетке пролетарлық сенімсіздік рухына толы болуға тиіс: басқаша айтқанда, тап күресінің рухы заң жобасының бүкіл құрылымына сіңуге тиіс; жеке қаулылардың жиынтығынан келіп шығуға тиіс;

ақырында, (5) заң жобалары қазіргі орыс жағдайларында, яғни социал-демократиялық баспасөз бен социал-демократиялық жиналыстар болмай тұрғанда, принципті құр *жариялаумен* ғана тынбай, социал-демократтардың талап етіп отырған өзгерісі туралы әбден *нақты* түсінік беруге тиіс; көшедегі жұмысшы, түсінігі кем жұмысшы социал-демократиялық заң жобасына мүдделі болуға, өзгерістің нақты мәніне тәнті болып, кейін осы жеке мәнмен тұтас алғанда социал-демократияның бүкіл дүние танымына көшуге тиіс.

Осы негізгі алғы шарттарға сүйене отырып, мысалы, жұмыс күнін қысқарту туралы француз және неміс социалистерінің өз парламенттеріне ұсынуына жараған заң жобаларынан гөрі, 8 сағаттық жұмыс күні туралы бастапқы заң жобасының авторы таңдап алған заң жобасының типі орыс жағдайларына *көбірек сай келеді,* деп тану керек. Мысалы, 8 сағаттық жұмыс күні туралы Жюль Гедтің 1894 жылы 22 майда француз депутаттар палатасына ұсынған заң жобасының екі статьясы болды: біріншісі — тәулігіне 8 сағаттан артық және аптасына 6 күннен артық жұмыс істеуге тыйым салады; екіншісі — жұмыс уақыты аптасына 48 сағаттан аспай-

тындай етіп бірнеше сменада жұмыс істеуге рұқсат етеді*. 1890 жылғы неміс социал-демократиялық заң жобасы 14 жолдан тұрады, ол 10 сағаттық жұмыс күнін дереу енгізуді, 9 сағаттық жұмыс күнін 1894 жылғы 1 январьдан, ал 8 сағаттық жұмыс күнін 1898 жылғы 1 январьдан енгізуді ұсынды. 1900—1902 жж. сессияға неміс социал-демократтары жұмыс күнін тәулігіне 10 сағатпен, ал одан кейін ерекше белгіленуге тиіс мерзімде, тәулігіне 8 сағатпен дереу шектеу туралы бұрынғыларынан да қысқа ұсыныс енгізді**.

Әрине, социал-демократиялық тұрғыдан қарағанда, мұндай заң жобалары реакциялық немесе буржуазиялық үкіметтер үшін *жүзеге асырыла* алатынға «икемделу» әрекетінен, қалай болғанда да, он есе тиімдірек болады. Ал егер Франция мен Германияда, баспасөз бен жиналыстар бостандығы жағдайында, заң жобасын жасауда тек *принципті жариялаудың* өзі жеткілікті болса, бізде Россияда, дәл қазіргі кезде, заң жобасының *өзіне* тағы да *нақты-үгіттік* материал қосу қажет.

Сондықтан біз бастапқы жобаның авторы таңдаған *типті* неғұрлым қолайлырақ деп есептейміз, бірақ бұл жобаға бірсыпыра түзетулер енгізу қажет, өйткені автор бірнеше жерінде, біздің пікірімізше, өте маңызды әрі өте қауіпті қателік жіберіп отыр, атап айтқанда: біздің программа-minimum-нің талаптарын ешбір қажетсіз төмендетеді (мысалы, апталық демалысты 42 сағат емес, 36 сағат етіп белгілеу арқылы, немесе түнде жұмыс істеу үшін жұмысшы ұйымдарының келісімін алу қажеттігі туралы үндемеу арқылы). Кейбір реттерде автор, мысалы заңнан шегіну жайындағы өтініштерді шешуді (мәселені заң шығарушы мекемелерге енгізе отырып) *министрге* беріп қойып және 8 сағаттық жұмыс күні туралы заңды жүзеге асыру ісіндегі жұмысшылардың кәсіптік ұйымдарының ролі жайында бір рет те

---

* Jules Guesde. «Le Problème et la solution; les huit heures à la chambre». Lille. S. d. (Жюль Гед. «Проблема және оның шешімі; Депутаттар палатасында сегіз сағаттық жұмыс күнінің талқылануы». Лилль. Жылы белгісіз. *Ред.)*

** M. Schippel. «S.-d. Reichstagshandbuch». Brl., 1902. SS. 882 und 886 (М. Шиппель. «Рейхстаг мәселелері жөніндегі социал-демократиялық анықтама». Берлин, 1902, 882 және 886-беттер. *Ред.)*.

еске алмай-ақ, өз заң жобасының «жүзеге асырылатындығына» икемдеуге тырысатын сияқты.

Біздің кіші комиссия ұсынып отырған заң жобасы бастапқы жобаға жоғарыда көрсетілген бағытта бірсыпыра түзетулер енгізеді. Атап айтқанда, бастапқы жобаға енгізілген мына түзетулердің дәлеліне тоқталайық.

Заң жобасын қандай кәсіпорындарға қолдануға болады деген мәселеге келетін болсақ, өнеркәсіптің де, сауданың да, транспорттың да, әр түрлі мекемелердің де (қазынанықін де қоса: почта, т. с.), үйде істелетін жұмыстың да барлық салаларын енгізу арқылы бұл жобаның қолданылатын саласын кеңейту керек. Думаға ұсынылатын түсінік хатта социал-демократтар мұндай кеңейтудің және фабрика, сауда, қызмет, транспорт және т. б. орындардағы пролетариаттың арасындағы шектер мен бөліністердің (осы мәселе жөнінде) бәрін де жоюдың қажеттігін өте-мөте баса көрсетуге тиіс.

Біздің программа-minimum 8 сағаттық жұмыс күнін «барлық жалдама жұмысшыларға» талап ететін болғандықтан, ауыл шаруашылығы туралы мәселе көтерілуі де мүмкін. Бірақ біз ауыл шаруашылығында 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу жөнінде инициатива көтеру орыс социал-демократтарына дәл *қазіргі кезде* орынды бола қояр ма екен деп ойлаймыз. Одан да түсінік хатта ауыл шаруашылығы жөнінде де, үй қызметшісі, т. с. жөнінде де тағы да заң жобасын енгізуге партия праволымын деп есептейтіндігін ескерте кеткен жөн болар.

Сонан соң. Заң жобасында заңнан шегінуге жол беру жайында әңгіме болғанреттің бәрінде де біз әрбір шегінуге жұмысшылардың кәсіптік одағының келісімін алу талабын қойып отырдық. Мұның өзі жұмысшы ұйымдары дербес әрекет етпейінше жұмыс күнін шын қысқартудың іске аспайтынын жұмысшыларға айқын көрсету үшін қажет.

Одан кейін 8 сағаттық жұмыс күнін *бірте-бірте* енгізу туралы мәселеге тоқталған жөн. Бастапқы жобаның авторы бұл жайында бір ауыз сөз айтпайды, Ж. Гедтің жобасы сияқты, 8 сағаттық жұмыс күнін талап етумен ғана тынады. Керісінше, біздің жобамыз 8 сағаттық жұ-

мыс күнін *бірте-бірте* енгізу (дереу, яғни заң күшіне енген күннен бастап 3 айдан кейін 10 сағаттық жұмыс күні және жыл сайын бір сағаттан кемітіп отыру) тәртібін белгілеп, Парвустың үлгісіне* және рейхстагтағы неміс социал-демократиялық фракциясының жобасына жақын келеді. Әрине, бұл жобалардың арасындағы айырмашылық онша елеулі емес. Бірақ орыс өнеркәсібі техника жағынан мейлінше артта қалып отырғанда, орыс пролетариаты тым нашар ұйымдасып отырғанда, жұмыс күнін қысқартуды жақтаған ешқандай ірі науқанға әлі қатыспаған жұмысшы халық бұқарасы (майдагерлер, т. с.) орасан көп болып отырғанда,— міне мұндай жағдайларда 8 сағаттық жұмыс күніне күрт көшу мүмкін емес, онда жұмысшылардың жалақысы төмендеп кетеді деген сияқты сөзсіз туатын қарсылыққа *дәл осы арада,* заң жобасының *өзінде,* жауап бере кету дұрысырақ болады**. 8 сағаттық жұмыс күні бірте-бірте енгізілсін деп белгілеу (немістер оны енгізуді 8 жылға созады; Parvus — 4 жылға созады; біз 2 жыл ұсынамыз) бұл қарсылыққа дереу жауап болады: тәулігіне 10 сағаттан артық жұмыс істеу экономикалық жағынан сөзсіз тиімсіз, ал гигиена және мәдениет жағынан алғанда жол беруге болмайтын іс. Жұмыс күнін бір сағат қысқартуға жылдық мерзім белгілеу техника жағынан артта қалған кәсіпорындардың алдыңғылар қатарына жетуі және қайта құрылуы үшін, еңбек өнімділігінде айтарлықтай айырмашылық тудырмай-ақ жұмысшылардың жаңа тәртіпке көшуі үшін әбден жеткілікті.

8 сағаттық жұмыс күнін бірте-бірте енгізуді белгілеу бұл жобаны капиталистердің немесе үкіметтің өлшеміне «бейімдеу» үшін керек емес (бұл жөнінде әңгіме де бо-

* *Parvus.* «Die Handelskrisis und die Gewerkschaften. Nebst Anhang: Gesetzentwurf über den achtstundigen Normalarbeitstag». München, 1901 (*Парвус.* «Сауда дағдарысы және кәсіптік одақтар. Қосымшасы: Қалыпты 8 сағаттық жұмыс күні туралы заң жобасы» Мюнхен. 1901. *Ред.*).

** 8 сағаттық жұмыс күнін *бірте-бірте* енгізу мәселесі жөнінде Парвустың айтқаны, біздің пікірімізше, әбден дұрыс, оның заң жобасындағы бұл бірте-біртелік «кәсіпкерлердің ойынан шығу тілегінен емес, жұмысшылардың ойынан шығу тілегінен» туып отыр. «Біз кәсіптік одақтардың тактикасын қолдануымыз керек: олар жұмыс күнін қысқартуды мейлінше бірте-бірте жүргізеді, өйткені солай еткенде *жалақының қысқаруына* қарсы тұру бәрінен де гөрі жеңілірек болатынын олар жақсы біледі» (курсив Парвустікі, цитат кітапшаның 62—63-беттерінен алынып отыр).

луы мүмкін емес, егер ондай ой туатын болса, онда біз, әрине, бірте-бірте енгізу туралы айтудың қандайын болса да алып тастауды қалаған болар едік), социал-демократияның программасын тіпті ең артта қалған елдердің бірінде-ақ техника, мәдениет және экономика жағынан жүзеге асыруға болатындығын барша жұртқа және әркімге айқын көрсету үшін керек.

Орыс социал-демократиясының заң жобасында 8 сағаттық жұмыс күнін бірте-бірте енгізуге қарсы айтылатын елеулі дау мынау болар еді: бұлай ету 8 сағаттық жұмыс күнін *дереу* жүзеге асырған 1905 жылғы жұмысшы депутаттары революциялық Советтерін жанамалап болса да мақұлдамағандықты жариялау болатын сияқты. Біз бұл қарсы дауды елеулі нәрсе деп есептейміз, өйткені жұмысшы депутаттарының Советтерін *бұл тұрғыдан* аз да болса мақұлдамағандықты жариялау тікелей ренегаттық немесе, қалай болғанда да, осындай мақұлдамағандықты жариялаумен өздерінің атын шығарған ренегаттар мен контрреволюцияшыл либералдарды қолдағандық болар еді.

Сондықтан біз былай деп ойлаймыз: *қалай болғанда да,* Думадағы социал-демократиялық фракцияның заң жобасына бірте-біртелік енгізіле ме, жоқ па, оған қарамастан,—аз да болса мақұлдамағандықты жариялауды сөзсіз теріске шығаратын, жұмысшы депутаттары Советтерінің іс-әрекеттерін біздің принциптік жағынан дұрыс, әбден заңды және қажетті деп танитындығымызды сөзсіз *қамтитын* пікір Думаға берілетін түсінік хатта *да,* социал-демократия өкілінің Думада сөйлейтін сөзінде *де* мейлінше айқын айтылуы, *қалай болғанда да,* мейлінше қажет.

Социал-демократия өкілдерінің мәлімдемесі немесе олардың түсінік хаты, шамамен айтқанда, былайша болуға тиіс еді: «Социал-демократия 8 сағаттық жұмыс күнін *дереу* енгізуден ешбір бас тартпайды; қайта, *белгілі бір* тарихи жағдайларда, күрес шиеленіскен кезде, бұқаралық қозғалыстың жігері мен инициативасы күшейген кезде, ескі қоғам мен жаңа қоғамның соқтығысуы шұғыл сипат алған кезде, жұмысшы табының, мысалы, орта ғасырлық тәртіппен күресінің табысты

болуы үшін еш нәрседен тайсалмау *қажет* болған кезде,—қысқасы, 1905 жылы ноябрьдегі жағдайға ұқсас жағдай туған кезде социал-демократия 8 сағаттық жұмыс күнін *дереу* енгізуді тек заңды деп қана емес, *қажетті* деп те санайды. 8 сағаттық жұмыс күнін біртебірте енгізуді қазір өзінің заң жобасына енгізе отырып, социал-демократия бұл арқылы тіпті ең жаман тарихи жағдайларда да, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамудың қарқыны тіпті мүлде баяу болғанда да РСДРП-ның программалық талаптарын жүзеге асырудың толық мүмкін екенін көрсеткісі келеді.

Қайталап айтамыз: социал-демократтардың Думада және олардың 8 сағаттық жұмыс күні туралы заң жобасына жазған түсінік хатында *осы сияқты* мәлімдеме жасауын біз *сөзсіз*, қалай болғанда да, қажетті іс деп есептейміз, ал 8 сағаттық жұмыс күнін тағайындаудың бірте-бірте жүзеге асырылуын заң жобасының өзіне енгізу керек пе деген мәселені одан маңызы кемірек нәрсе деп есептейміз.

— Бастапқы заң жобасына біз енгізген басқа өзгерістер жеке ұсақ нәрселерге қатысты, сондықтан ерекше түсіндіріп жатуды керек етпейді.

1909 ж. күзінде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Пролетарская Революция» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Въ Пятницу, 26-го Ноября 1909 года

въ залѣ „des Sociétés Savantes"

8, Rue Danton, 8

Н. ЛЕНИНЪ

прочтетъ рефератъ на тему:

„Идеологія контръ-революціоннаго либерализма".

(Успѣхъ „Вѣхъ" и его общественное значеніе)

СОДЕРЖАНІЕ:

I. Съ какой философіей воюютъ „Вѣхи" и думскія рѣчи кадета Караулова.

II. Бѣлинскій и Чернышевскій, уничтоженные „Вѣхами".

III. За что ненавидятъ либералы „интеллигентскую" русскую революцію и ея французскій „достаточно продолжительный" образчикъ?

IV. „Вѣхи" и „лѣвые" въ Россіи. Кадеты и октябристы. „Святое дѣло" русской буржуазіи.

V. Что выиграла демократическая революція въ Россіи, потерявъ своихъ либерально-буржуазныхъ „союзниковъ"?

VI. „Вѣхи" и рѣчи Милюкова на предвыборныхъ собраніяхъ въ Петербургѣ. Какъ критиковалъ Милюковъ на этихъ собраніяхъ нелегальную революціонную газету.

Начало въ 8½ час. веч.

Плата за входъ 5, 3, 2 и 1 фр. галлерея 50 сант.

Рабочая Типографія. 17, Rue des Fr.-Bourgeois Paris.

В. И. Лениннің «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы» деген рефераты туралы хабарландыру. — 13 (26) ноябрь, 1909 ж.

Кішірейтілген

«ВЕХИ» ТУРАЛЫ[77]

Ең беделді кадет публицистері құрастырған, аз уақыт ішінде бірнеше басылуға жараған, бүкіл реакциялық баспасөз қуана қарсы алған белгілі «Вехи» жинағы дәуірдің нағыз белгісі болып отыр. «Вехидің» кейбір тым өрескел тұстарын кадет газеттері қаншама «түзетсе де», бүкіл кадет партиясының саясатына әсер етуге мүлдем дәрменсіз немесе бұл саясаттың шын мәні жөнінде бұқараны алдау мақсатын көздеген кейбір кадеттер «Вехиден» қаншама безсе де,— *«Вехидің» қазіргі заманғы кадетизмнің күмәнсыз мәнісін көрсеткені* даусыз факт болып қалады. Кадеттер партиясы — «Вехидің» партиясы.

Бұқараның саяси және таптық санасын дамытуды бәрінен де гөрі жоғары бағалай отырып, жұмысшы демократиясы «Вехиді» кадеттердің идеялық көсемдерінің өз саяси бағытының мәнін керемет әшкерелеуі деп құттықтауға тиіс. «Вехиді» Бердяев, Булгаков, Гершензон, Кистяковский, Струве, Франк және Изгоев мырзалар жазды. Осындай белгілі депутаттардың, белгілі ренегаттардың, белгілі кадеттердің осы есімдерінің бір өзі-ақ істің мән-жайын жеткілікті түсіндіреді. «Вехидің» авторлары философия, дін, саясат, публицистика, бүкіл азаттық қозғалысын және орыс демократиясының бүкіл тарихын бағалау мәселелері жөнінен қысқаша нұсқада бүтіндей бір энциклопедия жасап беріп, бүтін бір қоғамдық бағыттың нағыз идеялық көсемдері ретінде көрініп отыр. «Вехиді» «орыс интеллигенциясы туралы мақала-

лар жинағы» деп атап, авторлар бұл тақырыпша арқылы өз еңбектерінің шын тақырыбын тарылтып алған, өйткені «интеллигенция» оларда іс жүзінде бүкіл орыс демократиясының және бүкіл орыс азаттық қозғалысының рухани көсемі, дем берушісі және солардың мүдделерін білдіруші ретінде көрініп отыр. «Вехи» — орыс кадетизмінің және жалпы орыс либерализмінің орыс азаттық қозғалысынан, оның барлық негізгі міндеттерінен, оның барлық негізгі дәстүрлерінен *мейлінше толық қол үзу* жолындағы аса ірі кезең.

I

Либерал ренегаттықтың энциклопедиясы негізгі үш тақырыпты қамтиды: 1) орыс (және халықаралық) демократиясының бүкіл дүние танымының идеялық негіздеріне қарсы күрес; 2) бертінгі жылдардың азаттық қозғалысынан безу және оған күйе жағу; 3) октябристік буржуазия жөнінде, ескі өкімет жөнінде, жалпы алғанда бүкіл ескі Россия жөнінде өздерінің «елжіреген» сезімдерін (және соған сәйкес «елжіреген» саясатын) ашықтан-ашық жариялау.

«Вехидің» авторлары «интеллигенттік» дүние танымның философиялық негіздерінен бастайды. Материализмге қарсы үзілді-кесілді күрес бүкіл кітаптың өн бойына арқау болған, материализм дегеніміз догматизмнен, метафизикадан басқа еш нәрсе емес, «философияға салынудың ең қарапайым және төменгі формасы» (4-бет — сілтемелер «Вехидің» 1-басылуына қатысты) делінген. Позитивизм «біз үшін» (яғни «Вехи» жойып жіберген орыс «интеллигенциясы» үшін) «материалистік метафизикамен бірдей» болғаны немесе «тек қана материализм рухында» (15) түсіндірілгені үшін айыпталады, ал оның бер жағында — «бірде-бір мистик, бірде-бір діндар ғылыми позитивизм мен ғылымды теріске шығара алмайды» (11) дейді. Ойнамаңдар! «Идеалистік және діни-мистикалық тенденцияларға қастық» (6) — «Вехидің» «интеллигенцияға» шабуыл жасап отырған себебі, міне, осы. «Қалай болғанда да, Чернышевскийге қарағанда Юркевич нағыз философ болған еді» (4).

Осы көзқарасты ұстаған «Вехидің» «интеллигенцияның» атеизмін үнемі талқандайтыны, сөйтіп діни дүние танымды барынша батыл, барынша толық қалпына келтіруге тырысатыны әбден табиғи нәрсе. «Вехидің» Чернышевскийді философ ретінде жойғаннан кейін Белинскийді публицист ретінде жоятындығы әбден табиғи нәрсе. Белинский, Добролюбов, Чернышевский — «интеллигенттердің» көсемдері (134, 56, 32, 17 және басқа беттер). Чаадаев, Владимир Соловьев, Достоевский — «әсте интеллигенттер емес». Алғашқылары — бағыт көсемдері; бұл бағытқа қарсы «Вехи» өліспей берІспейтін күрес жүргізіп отыр. Екіншілері нақ «Вехидің» айтқандарын «қажымай-талмай айтып келді», бірақ «оларды жұрт тыңдамады, интеллигенция олардың жанынан өте шықты», дейді «Вехиге» жазылған алғы сөз.

Оқушы осыдан-ақ «Вехидің» «интеллигенцияға» шабуыл жасап отырмағанын, бұл тек жасанды, істі шатастыратын сөйлеу әдісі ғана екенін көре алады. Демократияға қарсы, демократиялық дүние танымға қарсы шабуыл барлық бағыттар бойынша жүргізіліп отыр. Ал өзін «конституциялық-демократиялық» деп жариялап отырған партияның идеялық көсемдеріне әр нәрсені өзінің шын атымен атау қолайсыз болғандықтан, олар *«Московские Ведомостидің»*[78] терминологиясын алады, олар демократиядан безіп отырған жоқ,— (бұл қандай лайықсыз жала десеңізші!),— тек «интеллигенттіктен» ғана безіп отыр.

Белинскийдің Гогольге жазған хаты, дейді «Вехи», «интеллигенттік пиғылдың жалынды әрі ерекше көрінісі» (56). «Белинскийден кейінгі жерде біздің публицистикамыздың тарихы, өмірді тану жағынан алғанда,— тұтас бір сұмдық» (82).

Солай, солай. Крепостной шаруалардың крепостниктік правоға қарсы пиғылы, сірә, «интеллигенттік» пиғыл болғаны ғой. Халықтың нағыз қалың бұқарасының бүкіл орыс өмірі құрылысындағы крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы 1861 жылдан 1905 жылға дейінгі наразылығы мен күресінің тарихы, сірә, «тұтас бір сұмдық» болғаны ғой. Немесе, мүмкін, біздің ақылгөй және білімдар авторларымыздың пікірінше, Белинский-

дің Гогольге жазған хатындағы пиғылы крепостной шаруалардың пиғылына байланысты болмаған болар? Біздің публицистикамыздың тарихы халық бұқарасының крепостниктік езгінің қалдықтарына қарсы ашынуына байланысты болмаған болар?

Орыс демократиясы, Белинскийдеп-ақ бастағанның өзінде, халықтың крепостниктік мекемелер бұзып отырған ең қарапайым праволары жолындағы күресте жұртшылықтың нағыз қалың бұқарасының мүдделерін тіпті де білдірмейді, тек «интеллигенттік пиғылды» ғана білдіреді дегенді *«Московские Ведомости»* қашан да дәлелдеп келді.

«Вехидің» программасы мен «Московские Ведомостидің» программасы философияда да, публицистикада да бірдей. Бірақ либерал ренегаттар философияда бүкіл шындықты айтуға, өздерінің *бүкіл* программасын ашып көрсетуге бел байлайды (материализмге және материалистік тұрғыдан түсіндірілетін позитивизмге қарсы соғыс; мистиканы және мистикалық дүние танымды қалпына келтіру), ал публицистикада олар бұлталақтап, айналсоқтап, екіжүзділік жасап отыр. Олар демократияның ең негізгі идеяларынан, ең қарапайым демократиялық тенденциялардан қол үзді, бірақ тек «интеллигенттіктен» ғана қол үзгенсиді. Либерал буржуазия халықтың праволарын қорғаудан халыққа қарсы бағытталған мекемелерді қорғауға қарай батыл бет бұрды. Бірақ либерал саясат құмарлар «демократтар» деген атағын сақтап қалғысы келеді.

Белинскийдің Гогольге жазған хатына және орыс публицистикасының тарихына жасалған тап сол сыйқырлық енді жуырдағы қозғалыстың тарихына да істеліп жатыр.

II

Шынына келгенде, «Вехиде» тек демократиялық қозғалыстың жаршысы болған интеллигенцияға ғана және оның осы қозғалыстың нағыз қатысушысы ретінде істеген ісі үшін ғана шабуыл жасалып отыр. «Вехи» интеллигенцияға, атап айтқанда, бұл «кішкене астыртын сектаның жарық дүниеге шыққаны, көптеген ізбасарлар тапқаны және уақытша болса да идеялық жағынан бе-

делді және тіпті іс жүзінде қуатты секта болғаны» (176) үшін құтырына шабуыл жасайды. Либералдар «интеллигенцияға» ол *тек* кішкене астыртын секта болып тұрған *кезде ғана,* ол көптеген ізбасарлар тауып ала қоймаған кезде, ол іс жүзінде қуатты секта бола қоймаған кезде іш тартты және оны кейде жасырын қолдап та жүрді; мұның мәні: демократия нағыз бұқараны қозғалысқа келтірмей тұрғанда либерал демократияға іш тартты, өйткені бұқараны тартпайынша демократия тек либерализмнің құлқын құмарлық мақсаттарына ғана қызмет етті, ол тек либерал буржуазияның жоғарғы тобының өкімет билігіне жақындауына ғана көмектесті. *Өз* міндеттерін жүзеге асыра бастаған, өз мүдделерін қорғай бастаған бұқараны демократия өзіне тартқан кезде либерал демократиядан сырт айналды. Демократиялық «интеллигенцияға» қарсы айқай-шуды тасалаған *кадеттердің соғысы іс жүзінде бұқараның демократиялық қозғалысына қарсы жүргізіліп жатыр.* Мұның «Вехидегі» сансыз көп айқын әшкерленуінің бірі мынау: Францияда XVIII ғасырдың аяғында болған ұлы қоғамдық қозғалысты олар «жеткілікті дәрежеде созылған интеллигенттік революцияның және оның барлық рухани потенцияларын ашудың үлгісі» (57) деп жариялайды.

Шыныменп, керемет емес пе? Байқайсыз ба, XVIII ғасырдың аяғындағы Франциядағы қозғалыс бұқараның ең терең және кең демократиялық қозғалысының үлгісі емес, «интеллигенттік» революцияның үлгісі екен! Әлемнің ешбір жерінде және ешқашан да демократиялық міндеттер *біртектес* типті қозғалыссыз жүзеге асқан емес, сондықтан, либерализмнің идеялық көсемдерінің нақ демократиядан қол үзіп отырғаны әбден айқын.

«Вехи» орыс интеллигенциясындағы *қандай да болсын* демократиялық қозғалыстың нақ *қажетті* серігі және көрінісі болып табылатын нәрсені сөгеді. «Интеллигенттік идеялардың саяси радикализмін халық түйсіктерінің* әлеуметтік радикализміне апарып телу таңқа-

* «Азап шеккен халық бұқарасының» — делінген сол беттің өзінде, екі жол төмен.

ларлық жылдам істелді» (141) — және бұл «жай ғана саяси қате, жай ғана тактиканың күнәсы» болған жоқ. «Бұл жерде моральдық қате болды». Азап шеккен халық бұқарасы жоқ жерде демократиялық қозғалыс та болмақ емес. Ал демократиялық қозғалыстың кәдімгі «бүліктен» айырмашылығы нақ мынада: демократиялық қозғалыс белгілі бір негізгі саяси идеялардың туы астында жүріп отырады. Демократиялық қозғалыс пен демократиялық идеялар саяси жағынан қате ғана емес, тактикалық жағынан орынсыз ғана емес, сонымен қатар моральдық жағынан күнә да болып табылады,— «Вехидің» шын ойы міне осыған келіп тіреледі; Победоносцевтің шын ойларынан бұл ойдың ешбір айырмашылығы жоқ. Струвелердің, Изгоевтердің, Франктардың және К^0-нің айтып жүргенін Победоносцев тек адалырақ және дәлірек айтты.

«Вехи» жек көрінішті «интеллигенттік» идеялардың мазмұнын неғұрлым дәлірек анықтауға кіріскен кезде ол, әлбетте, жалпы алғанда «солшыл» идеялар туралы, атап айтқанда, халықшылдық және маркстік идеялар туралы әңгіме етеді. Халықшылдар — «шаруаларды өтірік жақсы көреді», марксистер — «пролетариатты өтірік жақсы көреді» (9) деп айыпталады. Халықшылдар да, марксистер де «халыққа бас иетіні» (59, 59—60) үшін күл-талқан етіледі. Жексұрын «интеллигенттің» «құдайы — халық, бірден-бір мақсаты — көпшіліктің бақыты» (159). «Атеистік солшыл блоктың қызу сөздері» (29),— II Думада кадет Булгаковтың бәрінен де гөрі есінде қалғаны міне осы, оны өте-мөте ашуландырған да міне осы. Ал Булгаковтың бұл арада жалпы кадеттік психологияны басқалардан гөрі айқынырақ айтқанына, бүкіл кадет партиясының көкейтесті ойларын білдіргеніне титтей де күмән жоқ.

Либералға халықшылдық пен марксизмнің арасындағы айырмашылықтың жойылып кететіні — кездейсоқ нәрсе емес, қайта болмай қоймайтын нәрсе, ол әдебиетшінің (бұл айырмашылықтарды жақсы білетін әдебиетшінің) «айласы» емес, қайта либерализмнің осы замангы мәнінің заңды көрінісі. Өйткені *қазіргі* кезде Россиядағы либерал буржуазияға Россиядағы жұмысшы

табының социалистік қозғалысынан гөрі жұмысшылардың да, шаруалардың да демократиялық қозғалысы қорқыныштылау және жек көріністілеу, яғни халықшылдық пен марксизмге ортақ нәрсе, олардың бұқараға жар салу арқылы демократияны қорғауы қорқыныштылау және жек көріністілеу. Қазіргі заманға тән нәрсе сол — либерализм Россияда демократияға қарсы батыл бет бұрып отыр; оны демократияның ішіндегі айырмашылықтар да, жүзеге асқан демократия негізінде ашылып отырған келесі мақсаттар да, үміттер мен болашақтар да қызықтырмайтыны мүлде табиғи нәрсе.

«Вехиде» «халыққа бас июшілік» деген сияқты сөздерден аяқ алып жүргісіз. Бұл таңырқарлық емес, өйткені халықтан қорқып қалған либерал буржуазияға демократтардың «халыққа бас июшілігі» туралы даурығудан басқа ештеңе қалмай отыр. Шегіністі тым қатты күмпілдеген барабан даусымен бүркемеске болмайды. Шынында да, алғашқы екі Думаның екеуі де нақ жұмысшы және шаруа депутаттары арқылы жұмысшы және шаруа бұқарасының шын мүдделерін, талаптарын, көзқарастарын білдіргенін турадан-тура теріске шығаруға болмайды ғой. Ал оның бер жағында кадеттердің демократизмнен үнемі кері шегініп келгенін әшкерелегені үшін *«солшылдарды»* кадеттерге сұмдық *жек көріністі* еткен нақ осы «интеллигенттік» депутаттар * еді. Шынында да, тіпті «төрт талапты» [79] да турадан-тура теріске шығаруға болмайды ғой; ал оның бер жағында аз да болса адал саяси қайраткердің бірде-біреуі «төрт талап» бойынша жүргізілетін сайлаудың, шын демократиялық сайлаудың, қазіргі Россияда басым көпшілікті трудовик депутаттар мен жұмысшы партиясының депутаттарына беретіндігіне күмән келтірген емес.

Кері бұрылған либерал буржуазияға енді өзінің демократиядан қол үзгенін *«Московские Ведомостидің»* және *«Новое Времяның»* сөздігінен алынған сөздермен

* «Вехидің» «интеллигент» деген сөздің дағдылы мағынасын бұрмалағаны тура күлкінді келтіреді. Трудовиктерде шаруалар басым көпшілік болғанын, социал-демократтарда жұмысшылар басым болғанын, кадеттерде буржуазияшыл интеллигенция бұқарасы шоғырланғанын бірден көру үшін алғашқы екі Дума депутаттарының тізімін ақтарып шығу жеткілікті.

бүркеуден басқа ештеңе қалмайды; бұл сөздер бүкіл «Вехи» жинағынан қаптап кездеседі.

«Вехи» — демократияға реакциялық тұрғыдан бастан-аяқ күйе жағудың дәл өзі. *«Новое Времяның»* публицистері Розанов, Меньшиков және А. Столыпин «Вехиді» сүйіп алғысы келіп, тұра ұмтылғаны түсінікті. Либерализм көсемдерінің бұл шығармасына Антоний Волынскийдің шаттанғаны түсінікті.

«Интеллигент өзінің халық алдындағы борышын ойлаған кезде,— деп жазады «Вехи»,— борыштың басында көрінетін жеке жауапкершілік идеясы оған, интеллигентке, ғана арналуға тиіс емес, сонымен бірге халыққа да арналуға тиіс екенін ол еш уақытта жете ойланған емес» (139). Демократ халықтың праволары мен бостандығын кеңейту туралы ойланды, бұл ойды ол жоғарғы таптардың халық алдындағы «борышы» туралы сөздерге бөледі. Демократ реформаға дейінгі елде немесе 3 июнь «конституциясы» бар елде халықтың билеуші таптар алдындағы «жауапкершілігі» туралы әңгіме қозғалуы мүмкін деп еш уақытта да ойлай алмады және еш уақытта ойлай алмайды да. Бұны «ойлай алу» үшін демократ, немесе демократсымақ, біржолата контрреволюцияшыл либералға айналып кетуге тиіс.

«Эгоизм, өзін дәріптеушілік — үлкен күш,— дегенді оқимыз біз «Вехиден»,— батыс буржуазиясын жердегі құдай ісінің санасыз күшті қаруы етіп отырған дәл соның өзі» (95). Бұл шамдал майымен тұздықтап, атышулы «Enrichissez-vous! — байыңдар!» дегенді немесе біздің Россиядағы: «біз күштіге сүйенеміз» [80] дегенді қайталап айтудан басқа еш нәрсе емес. Буржуазия халықтың бостандық жолында күресуіне көмектескен кезде, ол бұл күресті құдай ісі деп жариялады. Буржуазия халықтан шошып, халыққа қарсы әр түрлі орта ғасырлық тәртіптерді қолдауға бет бұрған кезде,— ол «эгоизмді», баюды, шовинистік сыртқы саясатты, т. с. құдай ісі деп жариялады. Бұл Европаның барлық жерінде болды. Бұл Россияда да қайталанып отыр.

«17 октябрь актісімен шынында және ресми түрде революция аяқталуға тиіс еді» (136). Октябризмнің яғни контрреволюциялық буржуазия программасының бас-

аяғы осы болатын. Октябристер әрдайым осыны айтып келді және осыған сәйкес ашық қимыл жасады. Кадеттер дәл осылай *жасырын* қимыл жасады (17 октябрьден бастап), бірақ осылай ете отырып демократтар болып көрінгісі келді. Демократия ісінің табысты болуы үшін демократтар мен ренегаттардың толық, айқын, ашық шек айырысуы — ең пайдалы, ең қажетті нәрсе. «Вехиді» осы қажетті іс үшін пайдалану керек. «Ақырында, мынаны мойындауға батылымыз баруы керек,— деп жазады ренегат Изгоев,— біздің Мемлекеттік думалардағы депутаттардың басым көпшілігі, отыз-қырық кадет пен октябристі есептемегенде, Россияны басқаруға және қайта құруға кірісерліктей білімділік көрсете алмай отыр» (208). Әлбетте, мужик депутаттары трудовиктерге немесе қайдағы бір жұмысшыларға ондай істі қолға алу қайда. Бұл үшін кадеттер мен октябристердің көпшілік болуы керек, ал ондай көпшілік үшін III Дума керек...

Халық және халыққа бас июшілер III Думадағы және үшінші Дума Россиясындағы билеп-төстеушілер алдындағы өз «жауапкершілігін» түсінуі үшін, бұл үшін — Антоний Волынскиймен бірге — халыққа «тәубеге келуді» («Вехи», 26), «мойынсұнуды» (49), «интеллигенттің өр көкіректігімен» күресуді (52), «құлшылық етуді» (55), «моисейдің көне он сөздігінің қарапайым, қатқыл қорегін» (51), «Россияның алып денесіне орнап алған қисапсыз көп жын-шайтанмен» (68) күресуді уағыздау керек. Егер шаруалар — трудовиктерді, жұмысшылар — социал-демократтарды сайлайтын болса, бұл, әрине,— тап осындай жын-шайтанның басуы болады, өйткені, шынын айтқанда, өздерінің болмысына қарай, Катков пен Победоносцевтің әлдеқашан ашқанындай-ақ, халық «интеллигенцияны» (87; демократияны деп оқыңыз) «жек көреді».

Сондықтан орыс азаматтары — деп үйретеді бізді «Вехи» — «жалғыз өзі найзаларымен және түрмелерімен бізді («интеллигенттерді») халықтың қаһарынан қорғап отырған бұл өкіметке алғыс айтуға» (88) тиіс.

Бұл тираданың жақсылығы — ол ашық айтады, ал пайдалылығы — ол бүкіл кадет партиясының 1905—

1909 жылдар бойындағы саясатының шын мәні жайындағы шындықты ашып көрсетеді. Бұл тираданың жақсылығы — ол «Вехидің» бүкіл рухын қысқа әрі айқын ашып көрсетеді. Ал «Вехидің» жақсылығы — ол орыс либералдарының, соның ішінде орыс кадеттерінің *шын* саясатының бүкіл рухын ашып көрсетеді. Міне, сондықтан да, кадеттердің «Вехимен» айтысуы, кадеттердің «Вехиден» безуі — тек барып тұрған екі жүзділік қана, тек таусылмас сылдыраған бос сөз ғана. Өйткені іс жүзінде коллектив ретінде, партия ретінде, қоғамдық күш ретінде кадеттер *нақ* «Вехидің» саясатын жүргізіп келді және жүргізіп отыр. 1905 жылғы август пен сентябрьде Булыгин Думасына баруға шақырулар, сол жылдың аяғында демократия ісіне опасыздық жасау, халықтан және халық қозғалысынан үнемі қорқып отыру, алғашқы екі Думаның екеуінде де жұмысшылар мен шаруалардың депутаттарына қарсы үнемі күресу, бюджетті жақтап дауыс беру, III Думада Карауловтың дін туралы және Березовскийдің аграрлық мәселе туралы сөйлеген сөздері, Лондонға сапар,— міне, осылардың бәрі «Вехиде» идеялық жағынан жарияланған саясаттың өзінің, нақ *сондай* саясаттың сансыз көп *кезеңдері.*

Бұл саясаттың мәнісін түсінбей тұрып, оның таптық негіздерін түсінбей тұрып, орыс демократиясы бір адым да ілгері баса алмайды.

«Новый День» № 15,
13 декабрь, 1909 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Новый День» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ОРЫС ЛИБЕРАЛИЗМІНІҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Россия социал-демократиясы пролетарлық емес партиялар туралы Лондон қарарында[81] революция сабақтарының негізгі қорытындыларын шығарды. Социал-демократиялық пролетариат бұл қарарда таптардың революциядағы қарым-қатынастарын дәл және айқын бағалап, барлық басты партиялардың әлеуметтік негізі мен жұмысшы қозғалысының демократия үшін күрестегі жалпы міндеттерін белгіледі. Партияның 1908 жылғы Декабрь конференциясының қарары социал-демократияның бұл негізгі көзқарастарын[82] одан әрі дамытты.

Енді, бұл конференциядан кейін бір жыл өткен соң, Лондон съезінен кейін $2^1/_2$ жыл өткен соң, орыс либерализмінің ең беделді өкілдері қазіргі жағдай жөнінде және демократияның міндеттері жөнінде қандай көзқарастарға келіп отырғанын көру — өте-мөте сабақ аларлық нәрсе. Кадет партиясы қайраткерлерінің жуырда өткен «кеңесі» бұл ретте айрықша қызықты болып отыр. «Кеңес» партияның көсемі Милюков мырзаның баяндамасын мақұлдады, бұл баяндамасын ол «Елдегі және Думадағы саяси партиялар» деген тақырыппен енді *«Речьте»* бастырып шығарды. Бұл баяндама — аса маңызды саяси документ. Біз енді одан кадет партиясының ресми платформасын көріп отырмыз. Оның үстіне біз одан социал-демократиялық партияның әлдеқашан қойған және шешкен мәселелеріне берілген жауапты да көріп отырмыз,— жауап болғанда, либерализмнің ең шебер

дипломаттары мен саясат құмарларының бірі, сонымен қатар өзі тарихшы болған кезінде... бүтіндей тарихи материализмнің ықпалында болып, одан бірдемелерді үйренген кісінің — ең білгір тарихшылардың бірінің берген жауабын көріп отырмыз.

Тарихшы Милюков мәселені әбден ғылыми, яғни материалистік тұрғыдан қоюға тырысады. Партия тактикасының «берік табан тірегі» болуы үшін «елде болып жатқан оқиғаны бірдей түсінушілік» болуы қажет. Ал мұны түсіну үшін басты саяси партиялар немесе «саяси ағымдар» «халықтың қалың топтарынан» «өзіне тірек табуға» қалай тырысып жатқанына қарау қажет.

Ғажап әдіс. Оны қолдану бізге білгір тарихшының қатардағы либерал сикофантқа айналғанын бірден көрсетеді: кадеттер және олардан оңға таман тұрғандардың бәрі «басты үш саяси ағым» екен, ал кадеттерден «солға» таман тұрғандардың бәрі «саяси қалтырау» екен. Ашық айтқаныңызға рахмет, либерал мырза! Дегенмен, сіздің тарихшы ретінде бізге не айтып отырғаныңызды қарастырып көрелік. Басты үш ағымның біріншісі—«демагогтік монархизм». Оның «мағынасы»—«тұрмыстың ескі әлеуметтік негіздерін қорғау», «тежеусіз самодержавиені»... (либерал, конституцияшыл демократ, тежеулі самодержавиені қорғайтын октябристің көзқарасына түсіп кеткенін сезбей қалады)... «шаруалармен қосу, қосқанда дворяндар бұлардың арасында табиғи делдал болатын патриархаттық қатынастар негізінде қосу»... Либералдық тілден орыс тіліне аударғанда мұның мәнісі—крепостник («патриархаттық») помещиктер мен қаражүздік патша өкіметінің үстемдігі деген сөз. Бұл патша өкіметі «демагогтік өкімет» болып барады, ол «ескі жасанды бейпартиялықтан немесе партиядан жоғары тұрушылықтан бас тартып, елде партияларды ұйымдастыру процесіне белсене араласып отыр» деп Милюков мырза дұрыс атап көрсетеді. Самодержавиенің буржуазиялық монархияға айналуы жолында жасалған қадам, сөз арасында айта кетейік, нақ осында болып отыр, бұл туралы социал-демократтардың 1908 жылғы Декабрь конференциясының қарарында айтылған болатын. Қазіргі кезеңнің

өзіндік ерекшелігі болып табылатын жаңа нәрсе нақ осында болып отыр: мұны біздің партия тактикалық міндеттерді өзінің *қазіргі* қойысында еске алған болатын. Процестің кейбір белгілерін дұрыс көрсете келіп, Милюков мырза, 1-ден, оның экономикалық негіздері жайында ақырына дейін жете ойланбайды, ал 2-ден, крепостник-помещиктер күшінің себептері туралы сөзсіз қорытындыны жасауға *қорқады.* Бұл күш мынада: қазыналық статистика бойынша, 1905, ж. Европалық Россияда 10 миллион ең кедей шаруалардың 75 миллион десятина жері болған, ал 30 000 ең ірі помещиктердің (уделдерді, яғни Николай Романовтың әулетін қосқанда) 70 миллион десятина жері болған. Жоғарғы отыз мыңның осы крепостниктік латифундияларын *толық жоймай тұрып,* Россия «патриархтық» қатынастардан құтыла ала ма, қалай ойлайсыз, тарихшы мырза?

Екінші ағым — «буржуазиялық конституционализм». Милюков мырза октябристерді осылай атайды. «Ірі буржуазия үшін,— деп жазады ол,— бұл ағым, мүмкін, өзінің бюрократиямен және дворяндармен тығыз байланысты болуы себепті тым кертартпа ағым болар». Оларды біріктіріп отырған «солақай міндет: неғұрлым радикалдық әлеуметтік немесе саяси ағымдарға қарсы ортақ қорғаныс». «3 июньнің және 9 ноябрьдің буржуазияшыл конституционалистері» өздеріне тірек іздеп, «шаруа бұқарасының тым болмаса жоғарғы жігін (Столыпин мырзаның «күштілері мен беріктерін») өздеріне сіңістіріп жіберуге» әрекет етуде. «Бірақ бұл сияқты әлеуметтік базис — әлі де түгелдей болашақтың ісі». «Сондықтан да бұл ағым әлеуметтік базис іздеуде ең нашар қамтамасыз етілген болса керек»...

Бізде,— тіпті амал не, социал-демократ болғысы келетін адамдардың арасында да,— «революциялық жалған үміттерді» дәріптеуді ұнататындар бар. Контрреволюциялық буржуазияның («ортақ қорғаныс») және помещиктердің әлеуметтік базисі — «нашар» дейтін, оларды бұқараның нағыз батыл және аяусыз революциялық қысымынан, бұқараның көтерілісінен басқа жолмен де талқандауға болады дейтін бұл *либералдық* жалған

үміттен бетер аңқаулық деген болар ма? Байсалды тарихшы тағы да қарапайым либералға айналып кетеді.

Үшінші ағым — кадеттер. Милюков мырза бұл ағымды «демократиялық конституционализм» деп атайды, сөйтіп «бұл позицияның мәні радикалдық саяси және радикалдық әлеуметтік программаны біріктіруде» деп түсіндіреді. Тарихшы саясат құмар-дипломат алдында мүлдем абыржып қалып отыр. Іс жүзінде — кадеттердің бүкіл саясаты бұқараның радикализміне қарсы келеді. Ал сөз жүзінде — әсіресе бұқараның пиғылын жақынырақ сезетін провинциялық кадеттер бар «кеңесте» — біздер радикалдармыз, біздер демократизмге және бұқараға қамқорлық жасап отырамыз деп келеді.

Милюков мырза (әсіресе «кеңестің» әсерімен болса керек) бұқара жөнінде адаспайды. Ол мыналарды даусыз деп мойындайды: «саналылықтың өсуі соңғы жылдардың ішінде орасан зор», «жаппай наразылық білдірудің себептері жойылған жоқ; мүмкін, тіпті олар сан жағынан өсіп, олардың ықпалы саналылық қаншалықты дәрежеде өссе, соншалықты дәрежеде күшейіп кеткен болар». Бірақ, егер тарихшы мұны мойындауға мәжбүр болса, онда либерал дегенмен басым болып шығады: «... бұқара ішінде, бақытсыздыққа қарай, неғұрлым батылырақ жасырын демагогия ғана» (революцияда) «мүмкін болып шықты, ол демагогия бұқараның дәстүрлі көзқарастары мен дағдылы үміттеріне жарамсақтанды. Бұл демагогия бұқараның «жер» деген түсінікті және заңды ұранын «ерік» деген түсініксіз және теріс ұғындырылған ұранмен тым жасанды байланыстырды. Бұл жағдайларда халық санасының екі ұран арасындағы табиғи байланысты ұғынуының өзі-ақ жаңа таластарды туғызар себеп қана болды», сөйтіп революция да емес, реакция да емес, «жария конституциялық күрес» дейтін «принципке» дейін жеткен «сол жалған үміттерді», т. т. және т. с. қаптатып жіберді. «1905 жылғы ескі тактикаға» қайта оралу туралы мәселеге «болмайды деп үзілді-кесілді және қатаң жауап беру қажет».

Оқушы көріп отыр, тарихшы Милюковтың партиялардың тактикасына халықтың қалың топтары арасынан тірек іздемек болған жақсы ниеттерінің бәрі де мә-

селе шаруалар мен пролетариатқа келіп тіреле берген кезде ғайып болды. Пролетариат жөнінде Милюков мырза қолын сілтеп тастап, «кадеттердің қала демократиясындағы базисі, *жұмысшы табына сүйенетін социал-демократияны былай қойғанда,* қандай болса да басқа бір саяси партияның түсінетінінен гөрі неғұрлым кең, неғұрлым ұйымдасқан және саналы әлеуметтік базис» деп мойындайды. Ал шаруалар жөнінде Милюков мырза үмітін үзбейді. «Демагогия» және басқалар сияқты «кедергілердің болып отырғанына қарамастан»,— деп жазады ол,— «демократиялық конституционализмнің халық бұқарасының тілектерін тікелей білдірумен *қатар* (курсив Милюковтікі) әрекет істеу мүмкіншілігі жоқ емес».

Қатар әрекет істеу!— міне, ескі либералдық тактикаға керекті жаңа сөз осы. Қатар сызықтар еш уақытта түйіспейді. Буржуазияшыл интеллигенцияның либерализмі өзінің *еш уақытта* бұқарамен түйіспейтінін, яғни 1905 жылдан кейін саналылық өскендіктен, «еш уақытта» Россияда олардың жаршысы және көсемі болмайтынын түсінді. Бірақ, кадет типтес либералдар әлі де бұқараға өз табыстарының, өз үстемдігінің *тірегіндей* қарап, үміт артуда. «Қатар жүру» дегеніміз, қарапайым, түсінікті тілге аударғанда, бұқараны демократизм туралы сөздермен түсап, іс жүзінде оған опасыздық жасай отырып, оны саяси жағынан қапау деген сөз. Милюков мырзаның баяндамасындағы: «конституциялық мәселелер жөнінде оларды (октябристерді) үнемі қолдап отыру» деген сөздер кадеттер саясатының мәнісін көрсетеді. Іс жүзіне келгенде кадеттер — октябризмнің жандайшаптары, буржуазиялық конституционализмнің бір қанаты. Струве және басқа вехишілдер мұны қымсынбай, ашық, тікелей мойындап отыр және кадеттердің «көз қиығын солға бұруды, өздерін жек көретін революционерлерге жағымпаздануды» (белгілі ренегат Изгоев мырзаның «Московский Еженедельниктегі»[83] сөзі, 1909, № 46, 10-бет) қоюын талап етеді. Милюков және К^0 вехишілдердің дөрекілігі мен тіке кетушілігіне *ғана* наразы, олардың дипломатиясын вехишілдердің бүлдіріп алатындығына *ғана,* олардың бұқараның артта

қалған элементтерін алдап соғуына кедергі болатындығына ғана наразы. Милюков — практикалық саясатшы, Струве — либерализмнің доктринері, алайда олардың бір партияда тату тұруы кездейсоқ нәрсе емес, қажетті құбылыс, өйткені буржуазияшыл интеллигент *істің шын мәнісіне* келгенде бұқараға (олар оттан шоқ алуға көмектеседі-міс деп) сенім арту мен октябристік буржуазияға сенім артудың арасында ауытқып отырады.

«Демократияның саяси-саналы элементтері мен демократияшыл бұқараның арасында еркін қарым-қатынас болуына жол берудің қазіргі өкімет үшін мүмкін еместігі 17 октябрьдегі манифестің басты уәделерін жүзеге асырылмайтын етеді»,— деп жазады Милюков мырза. Ол бұл жерде абайламай, айтқысы келгенінен гөрі, көбірек шындықты айтып қойды. Өйткені, біріншіден, егер бұқараның демократтармен қарым-қатынас жасауына жол беру қазіргі өкімет үшін *мүмкін емес* екені шын болса (ал бұл күмәнсыз шындық), онда бұдан «конституциялық» күрестің емес, *революциялық* тактиканың қажеттігі, халықты бұл өкіметке реформа жасауға қарай емес, оны *құлатуға* қарай бастаудың қажеттігі келіп туады. Ал екіншіден, «демократиялық бұқара» мен социал-демократтардың және тіпті барлық сарындағы халықшылдардың арасында «еркін қарым-қатынас болуына жол беру» «қазіргі өкімет үшін» ғана емес, *орыс либерализмі үшін де, орыс кадеттері үшін де* «мүмкін емес» екендігін 1905 ж. октябрь — декабрь де, I Дума да, II Дума да *дәлелдеп берді.* 1905 ж. октябрь— декабрь бостандықтары кезінде кадеттер жұмысшы демократиясына ғана емес, тіпті шаруа демократиясына да басшылық ете алмады, ал тіпті Горемыкиндер мен Столыпиндер қорғаған Думалар кезінде де демократия кадеттердің үстем болуына көне алмады.

1909 жылдың аяғындағы кадет «кеңесі» мен Милюков мырза баяндамасының саяси маңызы мынада: либерализмнің оқыған өкілдері, революциялық социал-демократияның қас дұшпандары бола тұрып, социал-демократияның кезеңді есепке алуының, оның тактикасының дұрыстығын тамаша дәлелдеп берді. Баяндамадағы бағалы және дұрыс нәрселердің бәрі: қазіргі кезеңнің

ең басты айырмашылық белгісі — самодержавиенің буржуазиялық монархияға айналу жолымен бір қадам ілгері басуы деген біздің негізгі тезисімізді боямалау және қайталап айту ғана. Қазіргі кезеңнің кешегі мен ертеңгіден айырмашылығының өзі де осында. Социал-демократтардың өзіндік өзгешелігі бар тактикасының, белгілі бір ұрандарды *қайталай салмай,* революциялық марксизмнің принциптерін өзгерген жағдайға *қолдануға* тиісті тактикасының негізі де осында.

Либералдар ірі буржуазияның контрреволюцияшылдығын мойындады, бұқараның саналылығы мен наразылығының өскендігін мойындады. Ал егер олар революциядан, 1905 жылдан, «жер мен еріктің» «демагогиясынан» безетін болса, егер олар октябризм ірі буржуазия үшін тым керітартпа деп мойындайтын болса, онда олар не себепті ірі буржуазияға қызмет етуге бел бумайды? Өйткені самодержавиенің жаңа, столыпиндік, буржуазиялық саясатының *сәтсіз болғанын* провинциялықтардың «кеңесі» өте-мөте айқын көрсетті. Монархияға қажет жаңа әлеуметтік базис *«әлі де түгелімен болашақтың ісі»,*— либерализмнің ең бағалы мойындауы, міне, осы. Монархия бастайтын, тәртіпке салынған буржуазиялық конституционализм деген тамаша нәрсе, бірақ *ол болмай отыр, ол бұқараның жаңа қозғалысынсыз болмайды да,*—кадет «кеңесінің» *корытындысы* осындай. Біз бұқараның қозғалысын жек көреміз, «жер мен ерік» «демагогиясын» жек көреміз, «саяси қалтырауды» жек көреміз, бірақ біз нақты саясатшылармыз, біз фактілермен санасуға тиіспіз, біз өзіміздің саясатымызды бұқараның болмай қоймайтын қозғалысымен *қатар* жүруге бағыттауымыз керек. Шаруа бұқарасы мен қала бұқарасына (жұмысшы бұқарасынан басқа) басшылық ету жолында ойдағыдай күресу «мүмкіндігі жоқ емес»: патша ағзамның оппозициясы туралы сөздермен біз өзімізге Лондоннан орын қамтамасыз еткеніміз сияқты, біздің «радикализміміз» туралы сөздермен өзімізге халық қозғалысынан орын қамтамасыз етуге тырысып көреміз.

Кадет кеңесі біздің партияның тактикасын, өздері де байқамай, тамаша дәлелдеп берді. Самодержавие өзін

сақтап қалуға *жаңаша* тырысып жатқан кезде және ол осы жаңа жолмен *тағы да* күйреуге қарай айқын бет алып отырған кезде біз жаңа тарихи кезеңді жоюға тиіспіз. Біз бұл кезеңді жойғанда, социалистік пролетариат пен демократияшыл шаруалардың неғұрлым саналы бұқарасын неғұрлым кең және берік түрде ұйымдастыру жолында үздіксіз, табанды және шыдамды түрде жұмыс істей отырып, жоюға тиіспіз. Қара Дума да, монархия да партиялық жолға түсуге мәжбүр болып отырған кезде біз партия қызметінің барлық жағдайлары мен мүмкіншіліктерін пайдалануға тиіспіз. Біз бұл кезді пайдаланғанда, біздің ескі талаптарымыз үшін жаңа бұқараны жаңа негізде, жаңа жағдайларда, неғұрлым батыл революциялық күреске әзірлеу дәуірі есебінде пайдалануға тиіспіз. Монархияның демократиямен, халықтың үстемдігімен, халықтың бостандығымен мүлдем сыйыспайтынын революция мен контрреволюция іс жүзінде көрсетті,— сондықтан біз бұқара арасына халық жеңісінің *шарты* есебінде монархияны жою насихатын, республикашылдық насихатын таратуымыз керек,— сондықтан біз 1895—1904 жылдар арасындағы көп жылдық табанды социал-демократиялық жұмыстан кейін «самодержавие жойылсын» деген ұран көпшілікке түсінікті «халық мәтеліне» айналған болса, «монархия жойылсын» деген ұранды да дәл сондай етуіміз керек. Помещиктер табының күллі күші мен күллі маңызын революция мен контрреволюция іс жүзінде көрсетті,— сондықтан біз шаруалар бұқарасының арасына осы тапты толық жою, помещиктік жер иеленуді толық жою насихатын таратуымыз керек. Либералдар мен буржуазияшыл интеллигенцияның табиғатын революция мен контрреволюция іс жүзінде көрсетті,— сондықтан біз либералдардың басшылық етуі деген шаруалар бұқарасы ісінің құруы болатынын, бұқараның дербес революциялық күресінсіз олар сөзсіз, кадеттік «реформалардың» қандайы болған күнде де, помещикке кіріптар болып қалатынын шаруалар бұқарасына айқын түсіндіруіміз керек. Революция мен контрреволюция бізге самодержавие мен буржуазияның одақтасқанын, орыс буржуазиясы мен халықаралық буржуазияның одақтас-

қанын көрсетті,— сондықтан біз пролетариат бұқарасын 1905 жылғыдан үш есе артық тәрбиелеуге, топтастыруға және ұйымдастыруға тиіспіз; дербес социал-демократиялық партия басшылық ететін және алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатымен қол ұстасып ілгері басатын тек осы пролетариат қана Россияны бостандыққа жеткізе алады.

«Социал-Демократ» № 10,
24 декабрь, 1909 ж.
(6 январь, 1910 ж.)

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ ОН БІРІНШІ СЕССИЯСЫ

Жаңаша 7 ноябрьде Брюссельде Халықаралық социалистік бюроның он бірінші мәжілісі болды. Соңғы жылдарда қалыптасқан әдет бойынша, Бюро мәжілісі алдында әр түрлі елдердің социалистік журналистерінің конференциясы өтті. Конференцияда әр түрлі елдердің күнделікті социалистік газеттері арасында неғұрлым үздіксіз байланыс орнатуға қатысты кейбір практикалық мәселелер талқыланды.

Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне келетін болсақ, онда күнделікті ұсақ мәселелерден басқа, күн тәртібінде екі ірі мәселе болды: 1-ден, 1910 жылы Копенгагенде болатын Халықаралық социалистік конгресс туралы мәселе және, 2-ден, голланд партиясындағы жікке бөліну туралы мәселе.

Бірінші мәселеде ең алдымен конгрестің мерзімі белгіленді, атап айтқанда: жаңаша 28 август —3 сентябрьге тағайындалды. Съездің болатын жері жөнінде орыс социалистері Копенгагенге кедергісіз келе ала ма деген мәселе көтерілді. Дат социалистерінің өкілі Кнудсен былай деп жауап берді: біздің деректерімізге қарағанда, Дания үкіметінің ниеті жөнінде бізде бар барлық мәліметтерге қарағанда, полиция съезге келетін орыс делегаттарын мазаламайды. Егер дәл съездің қарсаңында керісінше жағдай туатын болса, онда Халықаралық социалистік бюро конгрестің өтетін жерін өзгерту жөнінде, күмән жоқ, қам жасаған болар еді.

Копенгаген съезінің белгіленген күн тәртібі мынадай:

1) кооперативтік қозғалыс; 2) ірі стачкаларға жәрдемдесетін халықаралық ұйым; 3) жұмыссыздық; 4) қарусыздандыру және халықаралық дау-жанжалдарды аралық мемлекеттердің бітістіруі: 5) әр түрлі елдердегі жұмысшы заңдарының нәтижелері және оның халықаралық ұйымы туралы мәселе, әсіресе сегіз сағаттық жұмыс күні туралы мәселе; 6) ұлттық партиялардың Халықаралық социалистік бюромен қатынастарын жақсарту; 7) өлім жазасын жою.

Алғашта күн тәртібіне аграрлық мәселені қою ұйғарылған еді. Вальян мен Молькенбур бұған қарсы болды, олар ұлттық партиялардың съездерінде неғұрлым тиянақты түрде алдын ала әзірлеп алмайынша, халықаралық съезде мұндай мәселені талқылау қиын болады деп тапты. 1913 жылғы халықаралық съезге әзір болуы үшін ұлттық партиялардың съездері бұл мәселені арнайы талқыласын деген тілек білдірілді.

Соңғы кездегі ең үлкен жаппай стачкалардың бірін ұйымдастырған швед жұмысшыларына және өз үкіметінің соғыс авантюрасына қарсы қаһармандықпен күрескен Испания жұмысшыларына тілектестік білдіретін қарарлар, сонымен қатар Россияда патша өкіметінің, Испаниядағы, Румыниядағы және Мексикадағы үкіметтердің айуандықтары мен қырғындарына наразылық білдіретін қарарлар қабылдағаннан кейін Халықаралық социалистік бюро өзінің күн тәртібіндегі келесі басты мәселеге — Голландиядағы жікке бөліну туралы мәселеге көшті.

Голландияда социалистік партияның оппортунистері мен марксистері көптен бері күресіп жатыр. Аграрлық мәселеде оппортунистер программаның село жұмысшыларына жер бөліп беруді талап ететін пунктін жақтады. Марксистер бұл пунктке (оппортунистердің басшысы Трульстра қорғаған пунктке) қарсы жігерлі күресті, сөйтіп 1905 жылы ол пунктті жойғызды. Содан соң, оппортунистер голланд жұмысшыларының діни ниеттегі бөлегіне икемделіп, мектептерде дінді оқытуға жәрдем ретінде мемлекет қаржысын беруді қорғауға дейін барды. Марксистер бұған қарсы қызу күресті. Трульст-

ра бастаған оппортунистер парламенттік социал-демократиялық фракцияны партияға қарсы қойды және Орталық Комитеттің шешімдеріне қарсы әрекет жасады. Оппортунистер либералдармен жақындасу саясатын және оларды социалистердің қолдау саясатын жүргізді (әлбетте, мұны либералдар уәде еткен, бірақ... жүзеге асырмаған әлеуметтік реформаларға жету мақсатымен «ақтады»). Оппортунистер голланд социал-демократиялық партиясының ескі, маркстік, программасын қайта қарай бастады және, айтқандайын, бұл қайта караудың «күйреу теориясынан» безу сияқты (Бернштейннің белгілі идеясы) тезистерді, немесе программаны мойындау партия мүшелерін *«Маркстің философиялық көзқарастарын емес»,* саяси-экономикалық көзқарастарын мойындауға міндеттеуі сияқты тілек ұсынды. Марксистердің мұндай бағытқа қарсы күресі барған сайын шиеленісе түсті. Партияның Орталық Органынан ығыстырылып шығарылғандар, марксистер (оның ішінде белгілі жазушы әйел Роланд-Гольст, сонан соң Гортер, Паннекук және басқалар) «Трибуна»[84] деген өз газетін ұйымдастырды. Трульстра ойына келген амал-айланы қолданып, бұл газетті қуғындады, марксистерге менің өзімді «қуып шығуға» тырысып отыр деген кінә тақты, голланд жұмысшыларының мещандық ниеттегі бөлігін «сотқарларға», айтысты жақсы көретіндерге, татулықты бұзушыларға — марксистерге қарсы айдап салды. Әңгіме мынамен аяқталды; партияның Дэвентте болған төтенше съезі (13—14 февраль, 1909 ж.) Трульстра жағындағыларды көпшілік етіп, *«Трибунаны» жауып*, оның орнына партияның оппортунистік Орталық Органының жанынан «қосымша» ұйымдастыруға қаулы алды! Әрине, «Трибунаның» редакторлары бұған көнбеді (амал не, мейлінше ымырашыл позиция ұстаған Роланд-Гольсттен басқалары), *сондықтан* олар *партиядан шығарылды.*

Жік туды. Трульстра мен Ван Коль (отар мәселесі жөнінде Штутгартта[85] сөйлеген оппортунистік сөздерінен кейін «атышулы» болған Ван Коль) бастаған ескі, оппортунистік партия «социал-демократиялық жұмысшы партиясы» (S. D. A. P.) деген атын сақтап қалды.

Жаңа маркстік партия — саны жағынан едәуір аз партия — «Социал-демократиялық партия» (S. D. P.) деген атты қабылдады.

Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті Голландияда бірлікті қалпына келтіру жөніндегі делдалдықты өз мойнына алуға әрекет жасап көрді, бірақ мұны өте сөлекет жасады: формальды позиция ұстады және оппортунистерге көріне тілектестік білдіріп, жікке бөліну жөнінде марксистерді айыптады. Сондықтан олардың жаңа партияны Интернационалға енгізу жөніндегі өтінішін Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитеті қабылдамай тастады.

Халықаралық социалистік бюроның өзінің 1909 жылғы 7 ноябрьдегі мәжілісінде голланд марксистерін Интернационалға қатыстыру туралы мәселе қойылды. Әрине, мәселенің *мәнісі,* Голландиядағы екі бағыт күресінің *мәнісі* Бюро мүшелерінің көпшілігіне айқын болмауы мүмкін емес екеніне қарамастан, жұрттың бәрі істің мәні жөнінде жарыс сөзден аулақ болуды және мәселені шешу тәртібін көрсетумен тынуды, яғни мәселені белгілі бір тәртіпке бағыттауды, дау-жанжалды шешу әдісін көрсетуді тіледі.

Сайып келгенде, екі бағыт екі қарар ұсынды: Зингер — марксистердің пайдасына, Адлер — оларға қарсы қарар ұсынды. Зингер қарарының тексті былай дейді:

«Халықаралық социалистік бюро қаулы етеді: Жаңа социал-демократиялық партия (атында қате кеткен: «социал-демократиялық партия» деу керек) деген атпен Голландияда құрылған партия халықаралық социалистік конгрестерге қатыстырылуға тиіс, өйткені ол Интернационалдың уставы қойған шарттарға сай келеді. Бюроға оның делегаты қатысуына және оның конгрестегі дауыстарының санына келетін болсақ, егер голландиялық жолдастардың өздері бұл таласты реттеу жөнінде келісімге келмесе, онда бұл мәселені Копенгаген конгресі шешуі керек».

Бұл тексті ден мынаны көруге болады: мәселенің түпкілікті шешімін халықаралық конгрестің голландиялық секциясына беруді ұсынғанда, бірақ сонымен қатар Голландияның маркстік партиясын Интернационалдың

тануын айқын баса көрсеткенде, Зингер формальдық позициядан тайған жоқ. Адлердің бұған керісінше айтуға батылы жетпеді, голланд марксистерін Интернационалдың мүшелері деп мойындамайтынын, марксистерден тура бас тартқан Атқару комитеттің позициясына қосылатынын мәлімдеуге батылы жетпеді. Адлер мынандай қарар ұсынды: «Социал-демократиялық партияның өтініші голландиялық секцияға беріледі. Егер бұл секцияның ішінде келісім болмаса, онда шағым Бюроға ұсынылады». Мұнда формальдық позиция Зингердің позициясындай, бірақ бұл қарардың оппортунистерге іш тартатыны текстіден айқын көрініп тұр, өйткені марксистерді Интернационалдың мүшелері деп тану туралы ештеме айтылмайды. Ал қарарларға дауыс беру екі қарардың да *сарынын* Бюро мүшелері толық аңғарғанын бірден көрсетті. Зингерді жақтап 11 дауыс берілді: Францияның 2 даусы, Германияның — 2, Англияның — 1 (с.-д.), Аргентинаның —2, Болгарияның — 1, Россияның — 1 (с.-д.), Польшаның — 1 (с.-д.), Американың — 1 (социалистік жұмысшы партиясы[86]) даусы берілді. Адлерді жақтап 16 дауыс берілді: Англияның — 1 («тәуелсіз» жұмысшы партиясы[87]), Данияның — 2, Бельгияның —2, Австрияның —2, Венгрияның — 2, Польшаның — 1 (ППС[88]), Россияның — 1 (с.-р.), Американың — 1 (социалистік партиясы[89]), Голландияның — 2 (Ван Коль мен Трульстра!), Швецияның — 2 даусы берілді.

Неміс революцияшыл социал-демократтарының органы «Лейпциг Халық Газеті» (№ 259) Халықаралық социалистік бюроның бұл шешімін қынжылуға тұрарлық шешім деп әділ атады. «Пролетарлық Интернационал бұл шешімді Копенгагенде қайта қарауға тиіс»— деп ол газет толық дәлелді қорытынды жасады. «Адлер жолдас,—деп жазды 1909 ж. 11 ноябрьде осы бағыттағы екінші бір газет «Бремен Азаматтық Газеті», «Bremer Bürgerzeitung» — түрлі түсті бояумен жылтырап тұрған халықаралық оппортунизмнің адвокаты ретінде көрініп отыр». Оның қарары «оппортунистік қойыртпақтың қолдауы арқасында» (Sammelsurium) өтті.

Біздер, орыс социал-демократтары, осы әділ айтылған сөздерге тек былай деп қана қоса аламыз: біздің социалист-революционерлер, әлбетте, Поляк социалистік партиясымен бірге оппортунистік сыбайластар тобынан орын алуға асығып отыр.

Халықаралық социалистік бюроның сессиясы аяқталғаннан кейін, 1909 ж. 8 ноябрьде, Брюссельде парламентаралық социалистік комиссияның, яғни әр түрлі елдердің социалистік парламенттік фракциялары мүшелерінің 4-мәжілісі болды. Жалпы алғанда фракциялардан өкілдер аз келді (орыс социал-демократиясының Думадағы фракциясынан өкіл мүлде болған жоқ). Делегаттар қартайған жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы, әр түрлі елдердегі заң шығарудың жайы туралы, жұмысшылар депутаттарының жобалары туралы мәселе жөнінде пікір алысты. «Neue Zeit»-те бастырған мақаласының негізінде Молькенбур ең тәуір хабар жасады.

«Социал-Демократ» № 10,
24 декабрь, 1909 ж.
(6 январь, 1910 ж.)

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

«ВПЕРЕД» ТОБЫ ТУРАЛЫ[90]

КОНСПЕКТ

«Вперед» тобындағы жолдастарға оқылған бірқатар лекциялардан кейін және партияның міндеттері туралы, *«Вперед»* тобының партияда алатын орны туралы олармен жасалған қорытынды әңгімеден кейін, түсініспеушіліктер мен теріс пікірлерден аулақ болу үшін, мен талас мәселелер жөніндегі өз көзқарасымды жазба түрде баяндауды қажет деп табамын.

Мен *«Вперед»* тобының платформасы партияның шешімдерімен (1908 жылғы декабрь конференциясының қарарлары) сыйыспайтын және бұл шешімдерге қайшы келетін көзқарастарға лық толы деп есептеймін.

«Вперед» платформасының қазіргі кезеңге көзқарасы теріс, өйткені бұл көзқарас самодержавиенің буржуазиялық монархияға айналу жолындағы жаңа қадамынан көрініп отырған Россиядағы экономикалық және саяси өзгерістерді есепке алмайды. Сондықтан *«Вперед»* платформасының көзқарасынан *іс жүзінде* шақырымпаздық тактикалық тұжырымдар туады.

Сондықтан *«Вперед»* платформасы социал-демократиялық партияның III Думаға қатысуының сөзсіз қажеттігін және жария ұйымдарға сүйенетін және жария мүмкіндік атаулыны міндетті түрде пайдаланатын жаңа типті құпия партия ұйымын құрудың сөзсіз қажеттігін теріс деп табатын көзқарастарға лық толы.

«Пролетарлық философия», «пролетарлық мәдениет» дейтіндерді, т. т. жасап шығару міндетін өз платформасында ұсына отырып, *«Вперед»* тобы көрсетілген салада

антимарксттік көзқарастарды жүзеге асырушы әдебиетшілердің тобын іс жүзінде қорғап отыр.

Шақырымпаздықты «заңды сарын» деп жариялай отырып, *«Вперед»* тобының платформасы мұнысымен партияға orасан зор зиян келтіретін шақырымпаздықты бүркемелеп, қорғап отыр.

Осының бәрінің нәтижесінде *«Вперед»* тобындағы жолдастардың көпшілігінің: біздер Орталық Органға шын ниетімізбен корреспонденциялар жазып тұрамыз, шақырымпаздармен идеялық және жолдастық тұрғыдан күресіп отырамыз, жария мүмкіндіктерді пайдалануға шындап көмектесеміз, жария жұмысшы ұйымдары мен кәсіпорындарын бүлдіру әрекеттерінің бәрімен күресіп отырамыз деп ауызба-ауыз жасаған мәлімдемелері,— осы мәлімдемелері сенімсіздік туғызады және *«Вперед»* тобы жергілікті жұмыста, конференцияны әзірлеу жұмысында партия бағытына қарсы күрес жүргізеді деп қауіптенуге мәжбүр етіп отыр.

Менің ойымша, *«Вперед»* тобының жергілікті қызметкерлеріне деген көзқарас бұл қызметкерлердің Россиядағы ісі қандай болатынына және олардың өз мәлімдемелерін қалай орындайтынына қарай анықталады.

Ленин

1909 ж. декабрьдің аяқ кезінде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІРЛІККЕ

Бұдан дәл бір жыл бұрын, 1909 жылғы февральда, «Социал-Демократтың» 2-номерінде біз РСДРП партиялық конференциясының жұмысын «тозғындау жылынан, идеялық-саяси сергелдең жылынан, партиялық бағытсыздық жылынан» кейін партияны «жолға» салушылық (мақала: «Жолға»)* ретінде сипаттадық. Біз онда партиямыздың басынан кешіріп отырған ауыр дағдарысы, сөз жоқ, тек ұйымдық дағдарыс қана емес, сонымен бірге идеялық-саяси дағдарыс екенін де көрсеткенбіз. Біз контрреволюциялық дәуірдің іріткі салатын ықпалдарына қарсы партиялық организмнің ойдағыдай күрес жүргізуінің кепілі ең алдымен мынада деп білдік: конференцияның тактикалық шешімдері негізгі міндетті дұрыс шешті, ол міндет: таяудағы дауыл мен тегеуріннен алып шыққан өзінің революциялық мақсаттарын, бұқараның тікелей күресінің тәжірибесі дәлелдеген өзінің революциялық-социал-демократиялық тактикасын жұмысшы партиясының толық дәлелдегендігі, ал сонымен қатар біздің көз алдымызда болып жатқан орасан зор экономикалық және саяси өзгерістерді есепке алу, самодержавиенің заманның буржуазиялық жағдайларына бейімделу жөніндегі, буржуазиялық монархия болып ұйымдасу жөніндегі, деревняның буржуазиялық жоғарғы топтарымен, сауда-өнеркәсіп капитализмінің шонжарларымен ашықтан-ашық, кең және үнемі жүргізіліп отырған одақтасуы арқылы патша өкіметі мен қа-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 388—399-беттер. *Ред.*

ражүздік помещиктердің мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттерін есепке алу. Біз партияның жаңа тарихи кезеңмен байланысты ұйымдық міндетін,— бұқара ішінде революциялық социал-демократиялық жұмыстың тірек пункттерін құру үшін құпия партияның алуан түрлі жария мекемелерді, оның ішінде Думадағы социал-демократиялық фракцияны да пайдалану міндетін атап көрсеткенбіз. Осы ұйымдық міндет біздің неміс жолдастардың ерекше заң заманында шешкен міндетімен ұқсас екендігін көрсете отырып, біз социал-демократияның Думадағы жұмысын теріске шығару немесе Думадағы біздің фракцияның *бағытын* тікелей және ашық сынаудан бас тарту түрінде, құпия социал-демократиялық партияны теріске шығару немесе кемсіту түрінде, оны тұрлаусыз жария ұйыммен ауыстыру, біздің революциялық ұрандарды шұнтитып тастау, т. т. жөнінде әрекеттер жасау түрінде «ұстамды пролетарлық жұмыстан күйінішті ауытқу» туралы айтқанбыз.

Осылай артқа көз сала отырып, біз партиямыздың Орталық Комитетінің жуырда болған пленумының [91] маңызын дұрысырақ бағалай аламыз. Пленум қабылдаған өте маңызды қарарлардың текстін оқушылар осы номердің басқа жерінен табады[92]. Бұл қарарлардың маңызы — партияның нақты бірлігіне қарай, барлық партиялық күштерді топтастыруға қарай, партияның тактикасы мен оның ұйымы жөніндегі негізгі қағидаларды — біздің қиын уақытымызда социал-демократияның *жолын* анықтап беретін қағидаларды *бірауыздан* мойындауға қарай ірі адым басқандық. Бұл жол бұдан бір жыл бұрын *дұрыс* көрсетілген болатын, ал бұл жолға қазір *бүкіл* партия түскелі отыр, оның дұрыстығына партиядағы *барлық* фракциялардың көзі жетіп отыр. Бастан кешірген жыл жаңа фракциялық бытыраушылықтар жылы, жаңа фракциялық күрес жылы, партияның *тозғындау* қаупінің шиеленіскен жылы болды. Бірақ жергілікті жерлерде жұмыс істеу жағдайлары, социал-демократиялық ұйымның қиын жағдайы, пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің ең шұғыл міндеттері,— осылардың бәрі барлық фракцияларды социал-демократиялық күштерді топтастыруға итермеле-

ді. Контрреволюция неғұрлым нығайған сайын, арсызданған сайын, долданған сайын, либералдық және ұсақ буржуазиялық-демократиялық топтарда жексұрын ренегаттық және революциядан безу кең тараған сайын, социал-демократтардың бәрінің *партияға* ұмтылуы күштірек болды. Өте бір ерекше нәрсе: жағдайлардың бүкіл осы жиынтығының ықпалымен 1909 жылдың екінші жартысында біздің партияның бір-бірінен соншалық алшақ кеткен мүшелері, бір жағынан, меньшевик Плеханов жолдас сияқты, ал екінші жағынан, «Вперед» тобы (ортодокс большевизмнен бөлініп шыққан большевиктер тобы) сияқты мүшелері партиялықты жақтады. Плеханов жолдас 1909 жылдың августында «партия ішіндегі ықпал үшін күрес» деген ұранмен жікке бөлінуге және партияны жікке бөлу бағытына үзілді-кесілді қарсы шықты. «Вперед» тобы платформа басып шығарды, рас, оның бас жағында «большевизмнің бірлігін қалпына келтіру жолындағы күрес» туралы айтылған, бірақ аяқ жағында фракцияшылдық, «партия ішіндегі партия», «фракциялардың оқшаулығы мен томаға-тұйықтығы» үзілді-кесілді айыпталған, олардың партия ішінде «сіңісіп кетуі», олардың «қосылып кетуі», фракциялық орталықтардың «шын мәнінде идеялық және әдеби» орталықтарға ғана айналуы үзілді-кесілді талап етілген («Қазіргі жағдай және партияның міндеттері» деген кітапшаның 18 және 19-беттері).

Партияның көпшілігі айқын белгілеген жолды қазір — әлбетте, егжей-тегжейі жағынан емес, *негізінен* — фракциялардың бәрі біраузыдан мойындап отыр. Шиеленіскен фракциялық күрес жылы фракциялардың *бәрін* және фракцияшылдық *атаулыны* жою пайдасына, партия бірлігі пайдасына батыл қадам жасауға алып келді. Бар күшті пролетариаттың экономикалық және саяси күресінің ең шұғыл міндеттеріне жұмылдыру ұйғарылды; большевиктердің фракциялық органын жабу туралы хабарланды; «Голос Социал-Демократаны», яғни меньшевиктердің фракциялық органын жабудың қажеттігі туралы бірауыздан шешім қабылданды. Бірауыздан бірқатар қарарлар қабылданды, бұлардың ішінен біз неғұрлым маңызды қарарлар ретінде, партияда-

ғы істің жайы туралы қарарды және ең таяу уақытта партия конференциясын шақыру туралы қарарды ерекше бөліп көрсетуге тиіспіз. Бұл қарарлардың біріншісі, былайша айтқанда, фракцияларды біріктіру платформасы болғандықтан, толық талдау жасауды айрықша керек етеді.

Ол қарар: «1908 жылғы партия конференциясы қарарларының негізгі қағидаларын дамыту ретінде...» деген сөздермен басталады. Біз 1908 жылғы Декабрь конференциясының басты үш қарарының: кезеңді бағалау туралы және пролетариаттың саяси міндеттері туралы, партияның ұйымдық саясаты туралы және оның Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарасы туралы қарарлардың бұл негізгі қағидаларын жоғарыда келтірдік. Бұл қарарлардың әрбір егжей-тегжейі жөнінде, әрбір пункті жөнінде партия ішінде бірауыздылық жоқ екендігіне, қиындап отырған экономикалық және саяси күрестің тәжірибесі мен сабақтарына сәйкес ол қарарларды сынау үшін, оларды өңдеп қайта жасау үшін партиялық баспасөздің есігі кеңінен ашық болуға тиіс екендігіне, сынау, пайдалану, жақсартулар жөніндегі осы жұмысты бұдан былай фракциялардың *бәрі,* дұрысырақ айтқанда: партия ішіндегі *ағымдардың бәрі* өзін өзі билеу ісі ретінде, өз бағытын анықтау ісі ретінде қарауға тиіс екендігіне зәредей де күмән болмауы керек. Бірақ партиялық бағытты сынау мен түзеу жұмысы партиялық *қимыл* бірлігіне кедергі жасамауға тиіс, өйткені ол қимыл бір минутке де кідіре алмайды, ол ауытқи алмайды, ол *барлық нәрсе жөнінде* көрсетілген қарарлардың негізгі қағидаларына сай бағытталып отыруға тиіс.

Осы қағидаларды дамыта отырып, Орталық Комитет қаулысының бірінші пункті социал-демократиялық тактиканың «принципті негіздерін» еске түсіреді; бұл тактика, бүкіл халықаралық социал-демократияның әдісіне сәйкес,— әсіресе өзіміз бастан кешіріп отырған заманда — «ең таяудағы кезеңнің қазіргі нақты жағдайына ғана» лайықтала алмайды, қайта әр түрлі жолдарға, ықтимал жағдайдың бәріне: оқиға «тез өзгергенде» де, «жағдай біршама тұрақты болғанда» да қолданыла-

тындай болуға тиіс. Бұл тактикалық әдісті жоспарлы, дәйекті түрде қолдану мүмкіншілігі пролетариатқа бірінші рет туып отыр. Біздің партияның тактикасы белгілі бір уақытта, пролетариаттың белгілі бір қимылында, ұйымдық ұялардың белгілі бір жүйесінде «пролетариатты ашық революциялық жаңа күреске әзір етуге» тиіс (біз мұнысыз революциялық социал-демократияға өзімізді жатқызу правосынан айрылған болар едік, біз өзіміздің негізгі ісімізді — 1905 жылғы заман өсиет етіп қалдырған және қазіргі экономикалық, саяси жағдайдың әрбір кішкентай белгісі жүктеген ісімізді орындамаған болар едік),— және де «контрреволюцияның тұрлаусыз режимінің барлық қайшылықтарын *өзі үшін* пайдалануға пролетариатқа мүмкіндік беруге» тиіс (мұнысыз біздің революцияшылдығымыз сылдыр сөзге айналар еді, халықаралық социал-демократияның революциялық тәжірибесінің, білімдері мен сабақтарының бүкіл жиынтығын *әрбір* практикалық қимылға, патша өкіметінің, оның одақтастарының және барлық буржуазиялық партиялардың *әрбір* қайшылығы мен ауытқуын пайдалануға *қолданудың* орнына, революциялық сөздерді *қайталауға* айналар еді).

Қарардың екінші пункті Россиядағы жұмысшы қозғалысы бастан кешіріп отырған шұғыл бет бұрысқа сипаттама береді. Социал-демократияшыл жұмысшылардың жаңа ұрпағы «революцияның міндеттері мен әдістерінен» ешбір бас тартпай, қайта оларды қорғай отырып, бұл әдістерді болашақтағы жаңа революцияда жеңіп шығатындай болып шебер қолдану үшін неғұрлым кең және неғұрлым берік негіз әзірлей отырып, өзінің тарихи міндетін шеше алуы үшін, партия ұйымын жаңғыртуы үшін, күрестің жаңа формаларын жасап шығаруы үшін, ұйымдасып, оларға көмек көрсетейік.

Қарардың үшінші пункті барлық жерде саналы жұмысшылардың «партиялық социал-демократиялық күштерді шоғырландыруға, партия бірлігін ныгайтуға ұмтылуын» туғызған жағдайларды суреттейді. Бұл жағдайлардың бастысы — контрреволюциялық ағымның өршігендігі. Жау тас-түйін ұйымдасып, шабуыл жасауда. Ежелгі жауларға—патша өкіметіне, чиновниктердің

озбырлығы мен зорлық-зомбылығына, крепостник-помещиктердің тарапынан болатын езгі мен масқара қорлыққа — жаңа жау: пролетариатқа қарсы өз тәжірибесі арқылы күшейген саналы дұшпандық негізінде барған сайын біріге түскен буржуазия қосылып отыр. Революционерлерді еш уақытта болып көрмеген дәрежеде қырып-жойып, қинап, азаптап отыр. Революцияны қаралап, масқаралап, оны халықтың ойынан аластауға тырысып отыр. Бірақ жұмысшы табы революция атаулының, осылай атауға азды-көпті тұрарлық революцияның басты жеңісін, атап айтқанда: бұқаралық күрестің тәжірибесін, өз жағдайын қалайда елеулі түрде жақсарту үшін бұқаралық күрестің қажеттігіне миллиондаған еңбекшілер мен қаналушылардың сенімін жаулардың тартып алуына ешбір елде ешқашан әлі мүмкіндік беріп көрген емес. Сондықтан Россияның жұмысшы табы бұқараның революциялық күреске деген әзірлігін, оның 1905 жылы жеңіске жеткізген және әлі де талай рет жеңіске жеткізетін қаһармандығын барлық қиындықтан аман алып шығады.

Біздерді контрреволюцияның езгісі мен контрреволюциялық пиғылдың өршуі ғана топтастырып отырған жоқ. Біздерді қарапайым, күнделікті практикалық жұмыстың әрбір адымы да топтастырып отыр. Социал-демократияның Думадағы жұмысы бастапқы кезде болмай қоймайтын қателерден арылып, үмітсіздік пен селқостықты жеңіп, революциялық насихаттың, үгіттің, ұйымдасқан таптық күрестің социал-демократтардың бәрі бағалайтын құралын шыңдай отырып, тоқтаусыз ілгері басуда. Сондықтан жұмысшылар қатысатын әрбір жария съезд, пролетариат ішіне кіріп араласып, өзінің таптық саналылығын, еңбек мүдделері мен демократия талаптарын ашық қорғауды тарататын әрбір жария мекеме,— тұтас алғанда күштердің топтасуына, қозғалыстың дамуына жеткізеді. Үкіметтің ешқандай қуғын-сүргінге ұшыратуы, оның қаражүздік, буржуазиялық одақтастарының ешқандай қулық-сұмдығы сан алуан формаларда, ал кейде күтпеген формаларда көрінетін пролетарлық күресті жоя алмайды, өйткені капитализм өз дамуының әрбір адымымен өзінің көрін қазушылар-

ды өзі үйретіп, өзі топтастырады, олардың қатарын көбейтеді, наразылығын күшейтеді.

Социал-демократиялық топтардың бытыраңқылығы мен жұмыстағы «майдагерлік» те осы бағытта (партиялыққа ұмтылу) әрекет етіп отыр, ал топтардың бытыраңқылығы мен жұмыстағы «майдагерліктен» соңғы бір жарым-екі жыл бойы қозғалысымыз соншалық зиян шегуде. Күштерді шоғырландырмайынша, басшы орталықты құрмайынша практикалық жұмысты орге бастыру мүмкін болмай отыр. Орталық Комитет осы орталықты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы, оның құрамын практикалық күштермен кеңейту туралы, оның жұмысын жергілікті жерлердегі жұмыспен неғұрлым тығыз байланыстыру, т. т. туралы бірқатар шешімдер қабылдады. Тоқырау кезінде алға тартылмай коймайтын теориялық мүдделер де жалпы алғанда социализмді, әсіресе бірден-бір ғылыми социализм ретінде — марксизмді, буржуазиялық контрреволюциядан қорғау үшін топтасуды талап етеді, ал буржуазиялық контрреволюция барлық күшін революциялық социал-демократияның идеяларына қарсы күреске жұмылдырып отыр.

Ақырында, қарардың соңғы пункті социал-демократиялық қозғалыстың идеялық-саяси міндеттері туралы сөз етеді. 1908—1909 жылдардағы социал-демократиялық қозғалыс ішіндегі қауырт процесс бұл міндеттердің де осы кезге дейін өте-мөте күшті қойылып, фракциялардың нағыз кескілескен күресі арқылы шешіліп келгенін көрсетті. Мұның өзі кездейсоқтық емес еді, партия ұйымдарының дағдарысы мен тозғындауы жағдайында болған қажетті құбылыс еді. Бірақ мұның өзі нақ қажеттілік *болды,* сондықтан талданып отырған қарардың бірауыздан қабылдануы ілгері басуға жалпы ұмтылушылықты, негізгі қағидалар жөніндегі таластан оларды даусыз деп мойындауға және осының негізінде ынтымақты жұмысты күшейтуге көшуге жалпы ұмтылушылықты айқын көрсетті.

Дұрыс жолдан басқа жаққа екі түрлі ауытқуды қазіргі тарихи жағдайдың және пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың туғызбай қоймайтынын карар мойын-

дайды. Бұл ауытқулардың бірі, шынында, мынадай белгілермен сипатталады: «құпия социал-демократиялық партияны теріске шығару, оның ролі мен маңызын төмендету, революциялық социал-демократияның программалық және тактикалық міндеттері мен ұрандарын шұнтитып тастауға әрекет жасау, т. т.». Социал-демократияның ішіндегі бұл қателердің оның сыртындағы контрреволюциялық буржуазиялық тасқынмен байланысы түсінікті. Революцияның өсиеттеріне адалдығын, столыпиндік «жариялылықтың» негіздеріне қарсы аяусыз күресуге қалтқысыз әзірлігін өзінің жұмысымен дәлелдеуші құпия социал-демократиялық партиядан гөрі басқа ештеңе де буржуазия мен патша өкіметіне соншалық өшпенді емес. Социал-демократияның революциялық міндеттері мен ұрандарынан гөрі басқа ештеңе де буржуазия мен патша өкіметінің малайларына соншалықты өшпенді емес. Мұның екеуін де қорғау біздің сөзсіз міндетіміз, сондықтан нақ құпия жұмыс пен жария жұмысты ұштастыру ісі құпия партияның «ролі мен маңызын төмендету» атаулыға қарсы күрес жүргізуді біздерден ерекше талап етеді. Нақ осы неғұрлым ұсақ мәселелерде, неғұрлым шамалы мөлшерде, жеке себептер жөнінен, жария шеңберлерде партиялық позицияны қорғау қажеттігі бұл міндеттер мен ұрандардың *шұнтитып* тасталмауын, күрес формасының өзгеруі оның мазмұнын жоймауын, оның ымырасыздығын бәсеңдетпеуін, пролетариаттың тарихи перспективасы мен тарихи мақсатын бұрмаламауын: барлық еңбекшілер мен қаналушыларды, бүкіл халық бұқарасын демократиялық республиканы жеңіп алатын бірқатар буржуазиялық революциялар арқылы капитализмнің өзін құлататын пролетарлық революцияға алып келу мақсатын бұрмаламауын қадағалап отыруды ерекше қатты талап етеді.

Бірақ, екінші жағынан,— міне бұл арада біз екінші бір ауытқуға сипаттама беруге көшеміз,— революциялық социал-демократиялық жұмысты әрбір тарихи жаңа кезеңнің өзгешелігіне бейімдеп, оның формасын өзгертіп отыруды үйренбейінше, практика жүзінде, күн сайын жүргізуге болмайды. «Думадағы социал-демокра-

тиялық жұмыс пен жария мүмкіндіктерді пайдалануды теріске шығару, мұның екеуінің де маңыздылығын түсінбеу» дәл мынадай: егер ол орын алатын болса, іс жүзінде таптық социал-демократиялық саясатты жүргізу мүмкін болмайтын ауытқу болып табылады. Россияның тарихи дамуының жаңа кезеңі біздің алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр: бұл ескі міндеттер қазірдің өзінде шешілді, олардан безуге болады деген сөз емес,— жоқ; бірақ бұл осы жаңа міндеттерді есепке алу керек, күрестің жаңа формаларын табу керек, оларға сәйкес тактика мен ұйымды жасап шығару керек деген сөз.

Партияда осы негізгі мәселелер жөніндегі келісім, жоғарыда көрсетілген екі ауытқуды ең алдымен социал-демократиялық жұмысты кеңейту және тереңдету арқылы *«жеңудің»* қажеттігі жөніндегі келісім қалыптаса бастаған екен,— онда басты нәрсеге («социал-демократиялық қозғалыстың идеялық-саяси міндеттерін» дұрыс белгілеу үшін) қол жеткені. Енді осы қол жеткен нәрсені үнемі жүзеге асырып отыру керек, бұл міндеттерді партия топтарының бәрінің, жергілікті қызметкерлердің бәрінің әбден айқын түсінуіне жетісуіміз керек, жұмыстың *барлық* салаларында бұл екі ауытқудың екеуінің де қауіпті екендігін түсіндіруді ақырына дейін жеткізу керек, жұмысты қай жаққа болсын бұлталақтауды *мүмкін болмайтындай етіп* жолға қою керек. Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру жөніндегі практикалық шаралар, экономикалық және саяси күрестің өзінің қажеттіліктері бұл арада нені және қалай ақырына дейін істеу керектігін кейін өзі-өзінен көрсетеді.

Бұл қажеттіліктердің ішінде партия өмірінің дағдылы барысына кіретін (бұл «дағдылы барысы» бар кезде) бір қажеттілік бар. Біз партия конференциясы туралы айтып отырмыз, ал бұл конференция Россияның барлық түкпіріндегі партиялық социал-демократиялық ұйымдар мен топтардың *жергілікті жерлердегі жұмыспен шынымен айналысып жатқан* өкілдерін бір жерге жинар еді. Бұл міндет қаншалық қарапайым болғанымен, алайда қазіргі тозғындау оны өте қиындатып жіберді. Орталық Комитеттің қарары жаңа қиындықтарды

(облыстық делегаттарды облыстық конференциялар арқылы емес, бұларды шақыру мүмкін болмағандықтан, жекелеген жергілікті ұялар арқылы сайлауды) және жаңа міндеттерді (жария қозғалыстың партия қайраткерлерін кеңесші дауыспен тартуды) есепке алады.

Объективті жағдайлар жұмыстың мөлшері және қазіргі формалары жағынан қарапайым құпия жұмысшы ұялары партияны ұйымдастырудың негізі болуын талап етеді. Бірақ қазіргі ауыр жагдайда революциялық социал-демократиялық жұмысты үнемі, толассыз, жоспарлы түрде жүргізу үшін,— көп реттерде тәжірибелі, ескі жолдастардың көмегін күтуге болмайтындықтан да, құпия жұмысшы ұяларынан бұрынғыдан гөрі анағұрлым көбірек ынта мен өзіндік әрекет ету талап етіледі. Ал бұл ұялар, біріншіден, бір-бірімен берік байланыс жасамайынша, екіншіден, әр түрлі және әр алуан жария мекемелер түріндегі тірек пункттер құрмайынша, бұқараға үнемі ықпал етіп отыру және бұқарамен бірлесіп қимыл жасау міндетін шеше алмайды. Әлгі құпия ұялар делегаттары конференциясының қажеттігі,— бәрінен бұрын, ең алдымен, дереу және қалай болғанда да қажет екендігі осыдан келіп шығады. Жария қозғалыстан *партияшыл* социал-демократтарды іске тартудың, «жергілікті партиялық орталықтармен *берік ұйымдық* байланыс орнатуға әзір тұрған жария қозғалыстағы социал-демократиялық топтардың» өкілдерін іске тартудың қажеттігі осыдан келіп шығады. Біздің жария социал-демократтардың ішінен, сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде кімнің шынымен партиялық адам екенін, олардың ішінен жұмыстың жоғарыда көрсетілген жаңа жағдайларын, ол жағдайлармен революциялық социал-демократияның ескі міндеттерін ұштастыруды шынымен кімнің түсінгенін, бұл міндеттерді орындау жолында жұмыс істеуге шын ниетімен кімнің әзір екенін, партиямен берік ұйымдық байланыс орнатуға қандай топтардың шынымен әзір екенін,— мұны тек жергілікті жерлерде ғана, күнделікті құпия жұмыстың барысында ғана анықтауға болады.

Енді барлық социал-демократиялық күштер осы жұмыста топтасады, орталықтағы және жергілікті жерлер-

дегі партия қызметкерлері конференцияны әзірлеуге барлық күш-жігерімен кіріседі, бұл конференция біздің партиялық бірлігімізді біржолата баянды етуге және келешек революциялық шайқастар үшін неғұрлым кең, неғұрлым берік, неғұрлым икемді пролетарлық база жасау ісін жұмыла ілгері жылжытуға көмектеседі деп сенеміз.

«Социал-Демократ» № 11, 13 (26) февраль, 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР «ГОЛОСЫНЫҢ» ПАРТИЯҒА ҚАРСЫ ШЫҒУЫ

(«ГОЛОС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТАҒА» ЖАУАП)[93]

«Голос Социал-Демократаның» 19—20-номері және Аксельрод, Дан, Мартов, Мартынов жолдастардың «Жолдастарға хат» деген атпен жеке басылған манифесі бірігу пленумынан кейін іле-шала партияны талқандауға арналған бомба болып табылады, сондықтан біз, қысқаша болса да, толық болмаса да, дереу ескерту жасауға, барлық социал-демократтарды сақтандыруға мәжбүр болып отырмыз.

«Голос Социал-Демократаның» бізді, Орталық Органның редакциясын атқылап отырғанынан бастайық. Ол бізді Мартовтың мақаласын «Дискуссионный Листокқа»[94] жіберді деп осы жолдастың өз сөзімен айыптайды. «Менің мақалам пленум шешімдері туралы мүлде *айтыс тудырмайды»,*— деп жазып, баса көрсетеді Мартов жолдас; «Жолдастарға хатта» мұның өзі сөзбе-сөз қайталанған.

Мартов жолдастың «Дұрыс жолда» деген мақаласын оқып шыққан әрбір адам ол мақаланың пленум шешімдерін *тура айтысқа салып* отырғанын, Орталық Органның құрамы туралы шешімге *тура қарсы* шығып отырғанын, ағымдардың тең праволылығы, ағымдардың *«бейтараптығы»* теориясын бүге-шігесіне дейін дәлелдеп отырғанын көреді. Бейне талас тудырып отырған мақала пленум шешімдерін «айтысқа салмайды» деу өрескел өтірік, бұл өтірікті Мартов жолдас және «Голостың» бүкіл редакциясы айтып отыр, мұның өзі партия шешімін тура қорлаушылыққа ұқсайды.

Егер пленум шешімдерін айтысқа салу мен Орталық Органның өзінде пленум *бағытын* адал жүргізудің арасындағы айырмашылық біреулерге айқын болмаса, онда біз мұндай адамдарды, *әсіресе меньшевиктерді,* Плеханов жолдастың Орталық Органның осы номеріндегі ғибрат аларлық мақаласы жөнінде және тағы да сол автордың «Дневник Социал-Демократасының» ғибраттылығы әлгіден әсте кем емес 11-номері жөнінде ойлап көруге шақырамыз. Партия шешімін және партиялық бірігуді қорлағысы келмеген бірде-бір меньшевик Плеханов жолдастың «Дневникте» пленум шешімін *айтысқа салып отырғанын,* ал «Астыртын жұмысты қорғау жөнінде» деген мақалада оның *партиялық бағытты* қорғайтынын теріске шығара алмайды. Егер пленум шешімін *жүзеге асыртпаудың* зұлымдық мақсаты көзделмесе, бұл айырмашылықты түсінбеуге бола ма?

Ал ол ол ма, Мартов жолдас және «Голостың» бүкіл редакциясы «Дұрыс жолда» деген мақалада пленум шешімдері айтысқа салынбайды-мыс деп өрескел өтірік айтып отыр. Мақалада бұдан да асқан сорақылық бар. Мақала түгелдей, бір жағынан, құпия партияның, яғни РСДРП-ның, және, екінші жағынан, социал-демократтармыз деп аталғысы келетін, партиядан бөлініп шыққан *жарияшылдардың тең праволылығы теориясына* құрылған. Мақала түгелдей бүтіннің қандай да болсын екіге жарылған бөліктері әрқашан бірігетін «тең праволылық пен бейтараптық» негіздерінде бірігуге міндетті жұмысшы авангардының *осы «екі бөлігін», «социал-демократияның екі бөлігін»* жікке бөлу теориясына құрылған!

Орынның тапшылығы Мартов көзқарастарының мұндай сипаттамасын дәлелдеу үшін цитаттарды көп келтіруге мүмкіндік бермей отыр. Егер бұл жалпы керек болатын болса, оны бірсыпыра басқа мақалаларда істейміз, өйткені Мартовтың «тең праволылық теориясын» теріске шығаруға ешкім бел байлай қоймас.

Ал бұл жаңа теория пленум қаулыларына тура қарсы шығу деген сөз, оның үстіне: ол қаулыларды *тура қорлаушылық* деген сөз. Пленум шешімдерін адал орындаушы жұрттың бәріне бұл шешімдердің айқын мәні

мынада болып отыр: тіпті де жалпы жарияшылдардың *бәрі* мен біздің құпия РСДРП-ның арасындағы «жікке бөлінуді» емес, партиялық меньшевиктер мен партиялық большевиктердің жікке бөлінуін, осы байырғы *фракциялардың* жікке бөлінуін жою керек. Партиядан қол үзген жарияшылдар «социал-демократияның» партия сияқты немесе партиямен тең праволы «бөлігі» деп тіпті де есептелмейді. Мұның керісінше, жойымпаздықтан (яғни қалай болғанда да жарияшылдықтан) іргені аулақ салу және партиялық көзқарасқа көшу, «партиялық өмір салтына» көшу жөнінде айқын айтылған *шартпен* оларды *партияға кері* шақырып отыр. Орталық Комитеттің конференция туралы хатында, пленум қарарлары жөніндегі осы *ресми* және партия үшін сөзсіз міндетті түсінікте — жарияшылдар *іс жүзінде* партиялық па, жоқ па дегенді *құпия ұйымдар шешуге* тиіс екендігі мейлінше айқын сөз болады*, яғни «тең праволылық теориясын» әдейі теріске шығарады!

Орталық Комитеттің бұл хатын пленумның арнаулы қаулысы бойынша Григорий, Иннокентий және Мартов жолдастардан құралған ерекше комиссия жазған. Хатты бұл комиссия *түгелдей бірауыздан* мақұлдаған. Енді Мартов жолдас — қайдағы бір әзәзілдің ықпалы болғандай — бағытын өзгертіп отыр, *тура керісінше* теорияға лыққа толған мақала жазып отыр және де бұл мақаласы айтыс туғызатын мақала деп жарияланғанда, партияны дәл күлкі еткендей, тағы шамданып та отыр!

«Голостың» басқа мақалаларының *бәрінде* Мартовтың айтқанынан гөрі анағұрлым қатты әрі дөрекі айтылған осы тең праволылық теориясының — *іс жүзінде партияны жойымпаздарға бағындыруға* апарып соқтыратыны өзінен-өзі анық, өйткені өзін партиямен тең праволы-

---

* Орталық Органның 11-номерінің 11—12-беттерін қараңыз: «Бұл қосымша өкілдіктің *нағыз* (курсив «Хаттікі») партияшылдарға ғана қолданылуын тек жергілікті ұйымдар ғана қамтамасыз ете алады; біздің жергілікті қызметкерлер жария қозғалыстың бұл қайраткерлері жөнінде олардың сөздері бойынша ғана емес, *олардың істері* бойынша да қорытынды жасайтын болады және істің шын мәнінде қазір де біздің партияның бір бөлігі болып отырған адамдар ғана, біздің партия ұйымына шын жұмыс істеу үшін, оны нығайтып, оған бағынып, оған қызмет істеу үшін біздің партия ұйымына келгісі келетін адамдар ғана өкілдікке тартылуына барлық күш-жігерін салады», т. т.

мын деп есептеп, өзін құпия партияға қарама-қарсы қоятын жарияшыл нағыз жойымпаздың өзі. Полиция қуғындап отырған құпия социал-демократ пен өзінің жариялығымен, өзінің партиядан қол үзгендігімен қамтамасыз етілген жарияшылдың «тең праволылығы» —іс жүзінде жұмысшы мен капиталистің «тең праволылығы» деген сөз.

Мұның бәрі соншалық анық, «Голостың» пленум шешімін және оған Орталық Комитеттің хатында берілген түсінікті қорлауы соншалық айқын,— Мартовтың мақаласын жойымпаздардың партияны жеңуінің... *«дұрыс жолын»* көрсетуші мақала демей басқаша атауға болмайды.

Партиялық меньшевиктер бұл қауіпті қазірдің өзінде көріп отыр. Бұған «Дневник Социал-Демократаның» 11-номері дәлел: мұнда тек қана пленумның қарарларын оқыған меньшевик Плеханов, Орталық Комитеттің «Хатын» әлі көрмей тұрып-ақ, мыпаны *әдейі* атап көрсетеді: «жергілікті партиялық орталықтармен берік ұйымдық байланыс орнатуға әзір» жарияшылдар туралы қарардың сөздеріне «немқұрайды қараушылық» болып отырғанда — *««жойымпаздар» бұл арада өздерінің жалтаруына қолайлы жол тауып кетуі мүмкін»* (20-бет).

Өзінің голосшылдарын Плехановтың тамаша зерттегендігі анық емес пе? Ол *жойымпаздардың жалтармақ жолын* — «Голос Социал-Демократаның» 19—20-номері барлық мақалаларында дерлік, бірінші жолдан соңғы жолға дейін, бар күшін салып «қарастырып» отырған жолын көрсетті. Біз оны *жойымпаздардың* «Голосы» деп атауға праволы емеспіз бе?

Голосшылдардың жойымпаздықты қорғауы қандай дәрежеге жетіп отырғанын «Жолдастарға хаттың» мына жері көрсетеді:

«...Орталық Орган... ескі астыртын ұйымдардың өмір сүруге қабілетті элементтері арасында да, социал-демократиялық жұмыстың қазір басты ошағы (міне қалай!) болып отырған жаңа ашық ұйымдар арасында да өзіне сенімді жеңіп алуға тиіс...» (астыртын партия ұйымдары Орталық Комитетке де, Орталық Органға да толық сенім көрсетеді; бұл арада «жеңіп алу» туралы әңгіме

етудің өзі күлкі). Сонымен, партиядан қол үзген жарияшылдар — *басты ошақ*. Олар партияның сеніміне ие болуға, іс жүзінде партияшыл болуға, партияға кіруге, партиялыққа қайта оралуға тиіс емес, қайта Орталық Орган арқылы — жойымпаздықты бүркемелеп қорғау арқылы, жойымпаздар үшін біз «Голостан» көріп отырған жалтару жолдарын әзірлеу арқылы партия «олардың сеніміне ие болуға» тиіс сияқты!!

Ф. Дан жолдастың «Жариялылық үшін күрес» деген мақаласы нағыз реформизмге дейін жеткен жойымпаздық рухқа әбден толы. «Жариялылық үшін күрес» дегеніміз «негізгі революциялық міндеттердің бірі», «ту», т. т. дегенде, Дан жолдас социал-демократиялық көзқарасты қорғап отырған жоқ, кадеттік көзқарасты қорғап отыр. «Құпия топтасу — жариялылық үшін күрестегі қажетті құрал»,— деп жариялайды Дан жолдас. Кадетше осылай болады. Кадеттердің партиясы — құпия партия, бірақ олардың құпиялылығы — нақ «жариялылық үшін күрестегі қажетті құрал» ғана. Социал-демократияда *жария* топтасу қазіргі уақытта *құпия партияның* қажетті құралдарының бірі болып табылады.

«...Осы тұрғыдан» (жариялылық үшін күрестің), «тек осы үшін ғана пролетариаттың самодержавиені құлатуды өзіне... мақсат... етіп қоятын күрес жүргізуі қазіргі уақытта мүмкін болып отыр...»

Бұл пікір *социал-демократиялық* пікір болуы үшін тағы да оның астарын айналдыру қажет. Самодержавиені құлату жолындағы күрес тұрғысынан ғана, тек сол үшін ғана жария ұйымдарда социал-демократиялық жұмыс істеу мүмкін болып отыр. Пролетариаттың шұнтитып тасталмаған революциялық талаптары жолындағы күрес үшін ғана, революциялық марксизмнің программасы мен тактикасының тұрғысынан ғана социал-демократияның жария мүмкіндік атаулының бәрін шынымен ойдағыдай пайдалануы мүмкін, оларды ең қажырлы түрде қорғау және біздің партиялық жұмыстың тірек пункттеріне айналдыру мүмкін және қажет болып отыр.

Бірақ бар болғаны бұл ғана емес. Орталық Комитеттің шешімдеріне қарамастан, голосшылдар өздерінің ха-

тында да, өзінің газетінде де *«Голосты» шығара беру* үшін үгіт жүргізгенде пленум шешімдеріне тура қарсы келіп отыр. Партия шешімін іске асырмай тастауды ақтағысы келетін күлкілі және бейшаралық софистиканы біз бұл арада талдап жатпаймыз. Біз дұрысы — тым болмағанда, осы қысқаша мақалада — *партиялық меньшевизмнің әуенін,* «Дневниктің» 11-номерін дәлелге келтірумен тынамыз. Плеханов жолдас жойымпаздардың бұл жалтарар жолын да алдын ала көрді, тура, ашық және айқын айтты, бұған бірде-бір адал социал-демократ күмәндана алмайды: ««Голосты» жабуға *қарсы* үгіт жүргізу» дегеніміз,—деп жазады ол 18-бетте,— «фракцияны жоюға қарсы үгіт жүргізу, яғни Орталық Комитеттің пленум мәжілісінің ықтимал нәтижелерінің ең бастысын *жоққа шығару* үшін үгіт жүргізу» деген сөз. Белгілі бағыттағы меньшевиктер үшін «Голос Социал-Демократа» деген не? Бұл — олардың іс жүзіндегі фракциялық — оның бер жағында жауапсыз — орталығы.

Дәл осылай. Бірігуді *жоққа шығару* — «Голостың» 19—20-номерінің және «Голостың» төрт редакторының пленум шешімдеріне қарсы манифесініңісі міне осыған келіп тіреледі. Бірігу пленумынан кейін олар жойымпаздықты пленумға дейінгіден гөрі анағұрлым ашық, анағұрлым дөрекі жақтады. Олардың манифесі Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының топтарға жіберген хаты[95], шын бірлік орнатуға шақыратын хаты, *Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының меньшевик мүшелері мен бундтық мүшелерінің дауыстарына қарсы қабылданғанын* меньшевиктерге хабарлаған кезде, біздің *бұл* хатқа *бағынбау жөніндегі,* шетелдік бірлікті болдырмау жөніндегі нашар бүркелген *үндеуді* көріп отырғанымызды әркім-ақ түсінеді. Голосшылдарды кінәлайтын партиялық меньшевиктер, егер қалай болғанда да партиялық бірігуді қорғағысы келсе, кінәлаудан *іске* көшсін. Қазір бұл бірігу партиялық меньшевиктерге байланысты, жойымпаз-голосшылдардың шетелдік те, орыстық та «іс жүзіндегі орталығына» қарсы *тікелей күресуге* олардың *әзірлігі мен қабілеттілігіне* байланысты.

Осы орыстық орталық, орыстық *МО* (меньшевиктік орталық) «Голостың» 19—20-номерінде Плеханов «меньшевизмнің идеяларын жоюшы» деп тікесінен айтылған «ашық хат» жариялап отыр. Меньшевиктердің партиядан кетуін бұл орыстық меньшевиктік орталық «партия ұяларының жансыздануының жұртқа мәлім жағдайымен» түсіндіреді,— дұрысырақ айтқанда: ақтайды!! Кетушілер «жойымпаздар делініп көріне жалған аталып жүр» — дейді бізге меньшевиктік орталықтың манифесі («Голостың» 24-беті).

Біз әділ қарауға азды-көпті қабілетті социал-демократтардан, әсіресе, ағымдардың өзгешелігіне қарамастан, жұмысшы социал-демократтардан: пленумнан кейін келесі күні меньшевиктік орталықтың мұндай манифесінің шығуы бірігу ісін *жоққа шығару* болып табылмай ма? деп сұраймыз.

Біз осы әйгілі — мұның геростратша әйгілі болатынына біз сенімдіміз — документке қол қойғандардың есімдерін бүкіл партияға хабарлауды өзіміздің борышымыз деп есептейміз: 1) Августовский, 2) Антон, 3) Вадим, 4) В. Петрова, 5) Георгий, 6) Георг, 7) Евг. Га — аз, 8) Крамольников, 9) Д. Кольцов, 10) Нат. Михайлова, 11) *Роман,* 12) Ромул, 13) Соломонов, 14) Череванин (ол болмағанда ше!), 15) *Юрий,* 16) Я. П — ий[96].

«Бұл қойылған қолдар,— деп жазады «Голос» редакциясы,— редакцияға жақсы мәлім ескі партия қызметкерлерінікі; бұлардың кейбіреулері партияда жауапты қызметтерде болды».

Саналы социал-демократ жұмысшылардың бәрі «Голос Социал-Демократаның» 19—20-номерін оқығанда, пленум шешімдерімен танысқанда, төмендегі фактіні білгенде бұл есімдерді әбден масқаралайды деп жауап береміз біз:

Орталық Комитеттің Орыс бюросы[97] жуырда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына (Орталық Комитеттің шетелдік атқару органы) ресми хат жіберді. Бұл хатта дәл былай делінген:

«...Біз Михаил, Роман және Юрий жолдастарға» (біз жоғарыда бұл есімдерді

*атап көрсеттік) «жұмысқа кірісуді ұсындық, бірақ олардан мынадай жауап алдық: олар пленум шешімдерін зиянды деп есептеп қана қоймай, Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзін зиянды деп табады. Осығап сүйеніп олар кооптациялау үшін бір мәжіліске келуден де бас тартып отыр...»**

(Өз тарапымыздан мынаны түсіндіре кетейік: меньшевиктік орталықтың басшылары өздері Орталық Комитетті қолдаудан бас тартатыны былай тұрсын, оның үстіне кооптация жасауға келуден бас тарту Орталық Комитеттің жұмысына *кедергі* жасайтынын, *оны құруға кедергі жасайтынын,* оның Орталық Комитет ретінде жұмысқа кірісуінің өзін мүмкін бірнеше айларға *кейінге қалдыруға* мәжбүр ететінін тамаша біле отырып, басқа меньшевиктерді кооптация жасау үшін, меньшевик жұмысшыларды кооптация жасау үшін келуден де бас тартып отыр.)

Сонымен, Плеханов оларды ««жойымпаздар» деп көріне жалған атап жүргені» жайлы Аксельродтың, Данның, Мартовтың, Мартыновтың көмегімен және мақұлдауымен баспасөз бетінде мәлімдеме жасап отырған адамдар, Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзіне тура кедергі жасап отыр, оның өмір сүруін зиянды деп жариялап отыр.

---

* Хаттардың (Орталық Комитеттің Россиялық бюросы мен Орталық Комитеттің Россияда қызмет етуші мүшелерінің бірінің[98] хаттарының) Россияда Орталық Комитетті шақыруға қатысты жерінің *бәрін* қоса келтірейік:

«...Кооптация жасауға өздеріңіз ұсынатын (Петербург меньшевиктері бұдан бас тартты) жолдастардың есімдері мен адрестерін дереу хабарлауды Мартов пен Орталық Комитеттегі меньшевик жолдастардан сұраймыз...» «Орыс коллегиясын әзір жинауға болмайды; кооптациялануға ешкім келіспейді дерлік, әзір тек бір большевик қана келісті, оның өзі де шартты түрде келісті. *Меньшевиктер (Михаил, Роман мен Юрий) Орталық Комитеттің жұмысын зиянды деп тауып, үзілді-кесілді бас тартты. Михаилдың және басқалардың пікірінше, пленумның қарарлары да зиянды. Жария ұйымдарда социал-демократиялық күштердің топталуының қазір жүріп жатқан стихиялық процесіне Орталық Комитеттің араласуы, олардың сөздеріне қарағанда, жүкті болған ананың құрсағынан 2 айлық баланы жұлып алғанмен бірдей.* Өздерін кооптациялау жөнінде ұсыныс жасауға болатын басқа жолдастарды бізге дереу көрсетулеріңізді сұраймыз. *Ал сонымен қатар Михаил мен басқалардың мұндай қылығы жөнінде жолдастардың көзқарасын жариялауды тілейміз»*.

«Партия ұяларының жансыздануының жұртқа мәлім жағдайы» туралы астыртын баспасөзде («Голос» арқылы) және жария баспасөзде (либералдар арқылы) шу көтеріп жүрген адамдардың *өздері* бұл ұяларды, тіпті Орталық Комитет сияқты ұяның өзін жолға қою, қалпына келтіру, жұмысқа қосу *әрекеттеріне кедергі жасап отыр.*

«Қазір күресуші пролетариаттың басты алғы шебіне орналасқан ашық қозғалыс қайраткерлерін» сөз еткенде, Аксельрод, Дан, Мартов, Мартынов жолдастардың манифесі кімді меңзеп отырғанын социал-демократтардың бәрі енді біліп қойсын. «Партия ұйымын болмай қалмайтын жансызданушылыққа шынымен душар еткен ресми догмаға қазір салынған жарықшақтың маңызын жолдастардың» (Михаилдар, Романдар, Юрийлер) «бағалауын және осы жарықшақтың оларға» (Михайлдарға, Романдарға, Юрийлерге) «ашып отырған позициясына орналасуға әрекет жасауын біздер тілеген болар едік» деп жазғанда «Голос» редакциясы сөзін кімге арнап отырғанын енді социал-демократтардың бәрі біліп қойсын.

Біз сөзімізді партиямыздың барлық ұйымдарына, барлық топтарына арнаймыз, сөйтіп олардан былай деп сұраймыз: социал-демократияны осылай қорлаушылыққа төзе бермексіздер ме? Қазіргі болып жатқан оқиғаларға енжар қарап отыра беруге бола ма, әлде партияның өмір сүруінің өзін жоятын ағымға қарсы міндетті түрде үзілді-кесілді күрес жүргізу керек пе?

Біз барлық россиялық социал-демократтардан: ағымдардың «тең праволылығы жөніндегі теорияның», жарияшылдар мен құпия партияның тең праволылығы жөніндегі теорияның, «жариялылық үшін күрес» теориясының, т. т., т. с. практикалық, нақты-саяси маңызының неде екеніне әлі де болса күмәндана аласыздар ма?— деп сұраймыз.

Бұл теориялар, бұл пікірлер, бұл жалтарар жолдар— *сөзден жасалған қалқан:* бұл қалқанның тасасына *социал-демократияның* Михаилдар, Романдар, Юрийлер сияқты *жаулары,* олардың он алты герострат-меньшевик сияқты саяси жәрдемшілері, олардың *«жойымпаз-*

дар Голосын» басқарушы әдебиетшілер сияқты идеялық көсемдері тығылып жүр.

Сонымен: «Голос Социал-Демократаның» 19—20-номері және «Голостың» төрт редакторының «Жолдастарға хат» деген жікшілдік манифесі тура мынадай үгіт болып табылады:

бірлікке қарсы,
шетелдегі бірігуге қарсы, ашық жойымпаздықты қорғау үшін, Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзіне тікелей қарсылық білдірушілерді қорғау үшін фракциялық органды жақтау,

Партияға қарсы шығу!

Партияға қарсы заговор әшкереленді. РСДРП-ның өмір сүруін қымбат санайтын адамның бәрі партияны қорғауға шықсын!

1910 ж. 11(24) мартта жазылған

12—16 (25—29) март аралығында «Социал-Демократ» газетінің 12-номерінен жеке оттиск болып басылған

Жеке оттискінің газет текстісімен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

НЕ ҮШІН КҮРЕСУ КЕРЕК?

Оңшыл кадеттердің Думада және Думадан тыс сөйлеген сөздеріне байланысты, Думада үстем болып отырған октябристер партиясының таяуда білдірген пікірлерінің ғибрат аларлық үлкен маңызы бар екені күмәнсыз. «Біз елде және Думада оқшауланып қалдық»,— деп шағынды контрреволюцияшыл капиталистер партиясының басшысы Гучков мырза. Ал вехишіл Булгаков мырза, оны қайталағандай болып, «Московский Еженедельникте» былай дейді: «...реакция да, революция да «адамның жеке басына ешкімнің тимеуін» теріске шығарады; қайта, оған «тиюді» жан-тәнімен уағыздауда бұратаналарды қуғындаушы және ойрандауды мораль тұтатын Марков 2-ші мен адамның жеке басына ешкімнің тимеуі үшін «екінші ұлы орыс революциясына» шағынушы социал-демократ Гегечкори мүлде бірдей болып отыр» (№ 8, 20 февраль, 1910 ж., 25-бет).

«Біз күтіп отырмыз»,— деді Гучков мырза Думада сөзін патша үкіметіне арнап, сөйтіп мұнысы арқылы контрреволюцияға жан-тәнімен берілген буржуазияның осы кезге дейін өз мүдделерін қамтамасыз етілді деп мойындай алмай отырғанын, атышулы «жаңартылған» құрылыс орнату мағынасында шынымен берік және тұрақты еш нәрсені көре алмай отырғанын айтты.

Ал вехишіл Булгаков былай деп қайталайды: «...мен ескі, күйінішті, қайғылы ойды жаным күйзеле ойлаймын: мұның өзі бір нәрсе ғой (яғни реакция да, революция да бәрі бір нәрсе, атап айтқанда—) ... сол бір

күшпен жүзеге асырылатын максимализм... Соңғы уақытта кейбіреулер қазір, бастан кешірілген тәжірибеден кейін, жаңа революциядан Россияның біржолата құлауынан басқа бірдеме күтуге болатындай, *жаңа революция туралы тағы да көксей бастап отыр ғой»* (32-бет).

Ең ірі буржуазиялық партияның Думадағы көсемі де, либералдық «қоғамдағы» оңпыл кадеттердің танымал публицисі де («Вехи» *бесінші* басылуымен шығады) — *біздер оқшауланып қалдық* деп екеуі де шағынады, екеуі де қынжылады, екеуі де айта береді. Реакция максималистері мен революция *«максималистерінің»* арасында, қаражүздік сабаздар мен «жаңа революция туралы көксейтіндердің» (либералдардың ба?) арасында идея жағынан оқшауланып қалдық,— «Дума мен елде оқшауланып қалдық».

«Орталықтың» осылай оқшаулануы, ескі режимді өзгертуді тілейтін, бірақ онымен күресуді тілемейтін, патша өкіметін «жаңартуды» тілейтін, бірақ оны құлатудан қорқатын буржуазияның оқшаулануы,— орыс революциясының тарихында жаңа құбылыс емес. 1905 жылы, патша өкіметіне үсті-үстіне соққы бере отырып, бұқаралық революциялық қозғалыс бұлтарыссыз өскен кезде, кадеттер де, октябристер де өздерін «оқшауланғандай» сезінді. Кадеттер (сол кездегі «освобождениешілдер»[99]) 1905 ж. 6 августан кейін-ақ Булыгин Думасына бойкот жасауға қарсы шығып, қасарыса бастады. Октябристер 17 октябрьден кейін біржолата «қасарысып алды». 1906—1907 жж. кадеттер екі Думада да «оқшауланды», өздерінің көпшілігін пайдалануға дәрменсіз болды, патша өкіметі мен революция арасында, қаражүздік помещиктер мен пролетарлық-шаруалық тегеурін арасында аласұрумен мұршасы болмады. Екі Думада да көпшілік болғанына қарамастан, кадеттер үнемі оқшауланып қалды, Трепов пен нағыз революциялық қозғалыстың арасындағы қыспақта қалып қойды, сөйтіп бірде-бір жеңіске жете алмай, масқара болып сахнадан түсті. 1908—1909 жж. октябристер III Думада көпшілік болды, үкіметпен қоян-қолтық әрекет етті, оны қорыққанынан емес, ар-ұятпен қолдады,— ал олар енді іс жүзінде басшылық еткен өздері емес, қаражүздіктер еке-

нің, октябристік буржуазияның *оқшауланып қалғанын* мойындауға мәжбүр болып отыр.

Орыс буржуазиялық революциясындағы буржуазияның тарихи ролі жөніндегі қорытындылар осындай. Оқиғаларға анағұрлым бай және Россияда бұқараның күресін, таптар күресін анағұрлым ашық өрістеткен бес жылдың (1905—1909 жылдар) тәжірибесі біздің буржуазияның екі қанатының, кадеттік қанатының да, октябристік қанатының да, *іс жүзінде* революция мен контрреволюцияның күресі арқылы бейтарап қалғандығын, әлсіз, дәрменсіз, бейшара, бір-біріне жау лагерьлердің арасында аласұрушы болып шыққандығын *факт жүзінде* дәлелдеді.

Буржуазия революцияға өзінің үнемі опасыздық жасағаны үшін қаражүздік патша өкіметінен, патшалық-помещиктік қаражүздіктен соншама ұзақ уақыт бойы еншісіне тиіп келген дөрекі тепкілерге, балағаттауға, масқаралауға әбден лайық болды. Бірақ, әрине, буржуазия тарапынан болған осы опасыздықтарды және оның тартқан осы тарихи жазасын қайдағы бір ерекше моральдық қасиеттер туғызған жоқ, біздің революциядағы капиталистік таптың қайшылықты экономикалық жағдайы туғызды. Бұл тап реакциядан гөрі революциядан көбірек қорықты, патша өкіметінің сақталып қалуынан гөрі халықтың жеңуінен көбірек қорықты, крепостниктер өкіметінің сақталып қалуынан гөрі помещиктік жерлерді конфискелеуден көбірек қорықты. Буржуазия ұлы революциялық шайқаста жоғалтатын түгі жоқ элементтерге жатпайтын-ды. Біздің буржуазиялық революцияда мұндай элемент тек пролетариат қана еді, ал одан соң миллиондаған күйзелген шаруалар болатын.

Батыстың ұлы буржуазиялық революцияларының тарихынан Энгельстің жасаған қорытындысын, атап айтқанда: тіпті буржуазияға тікелей қажетті нәрсенің өзіне ғана қол жеткізу үшін революция буржуазияның талаптарынан *әрі баруы* керек еді деген қорытындыны [100] орыс революциясы дәлелдеп берді. Сондықтан Россия пролетариаты оқиғаларды капиталистер мен либералдардың тоқтатқысы келген жерінен әрі қарай итермелей

отырып, революциямызды ілгері бастап келді, бастап отыр және *бастай береді де.*

1904 жылғы банкет науқанында либералдар социал-демократтардың қызу араласуынан қорқып, оларды мейлінше тежеп отырды. Үрейленген либералдың көзіне көрінген елестен жұмысшылар қаймықпады, сөйтіп қозғалысты алға, 9 январьға, үздіксіз стачкалардың бүкіл россиялық толқынына бастап әкелді.

Либерал буржуазия, ол кездегі «құпия» «освобожденциешілдерге» дейін, пролетариатты Булыгин Думасына қатысуға шақырды. Үрейленген либералдың көзіне көрінген елестен пролетариат қаймықпады, сөйтіп қозғалысты алға, октябрьдің ұлы стачкасына, бірінші халықтық жеңіске бастап әкелді.

Буржуазия 17 октябрьден кейін жікке бөлініп кетті. Октябристер контрреволюция жағына біржолата шықты. Кадеттер халықтан сырт айналып, Виттенің ауыз бөлмесіне қарай жалт берді. Пролетариат ілгері кетті. Оның халықты басқарып, миллиондаған бұқараны дербес тарихи қимылға жұмылдыра білгені соншалық — нағыз бостандық жағдайында өткен бірнеше апта ескі Россия мен жаңа Россияның арасына ешқашан жойылмайтын шек жасады. Пролетариат қозғалысты күрестің жоғарғы ықтимал формасына дейін,— 1905 ж. декабрьдегі қарулы көтеріліске дейін көтерді. Ол бұл күресте жеңіліп қалды, бірақ ол талқандалған жоқ. Оның көтерілісін басып тастады, бірақ оның мынаған қолы жетті: халықтың барлық революциялық күштерін шайқаста топтастырды, шегінсе де өзінің берекесін кетірмеді, күресті ақырына дейін жеткізу мүмкіндігі мен қажеттігін бұқараға көрсетті,— Россияның ең жаңа тарихында алғаш рет бұқараға көрсетті. Пролетариат кейін ығыстырылып тасталды, бірақ ол революцияның ұлы туын қолынан шығарған жоқ және де I және II Думаның кадеттік көпшілігі революциядан безіп, оны сөндіруге тырысқан кезде, оны сөндіруге өзінің әзір екендігі мен қабілеттілігі жөнінде Трепов пен Столыпиндерді сендірген кезде,— пролетариат әлгі туды ашықтан-ашық жоғары көтерді, күреске шақыра берді, күрес үшін күштерді тәрбиелеп, топтастырып, ұйымдастыра берді.

Ірі өнеркәсіпті орталықтардың бәріндегі жұмысшы депутаттарының Советтері, капиталдан тартып алынған бірқатар экономикалық жеңілдіктер, армиядағы солдат депутаттарының Советтері, Гуриядағы және басқа жерлердегі шаруалар комитеттері, ақырында, Россияның бірнеше қалаларындағы өткінші «республикалар»,— осылардың бәрі революцияшыл ұсақ буржуазияға, әсіресе шаруаларға сүйенуші пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуының *басы* болды.

1905 жылғы декабрь қозғалысының ұлылығы мынада: ол қозғалыс «бейшара ұлтты, құлдар ұлтын» (Н. Г. Чернышевскийдің 60-жылдардың басында айтқанындай[101]) пролетариаттың басшылығымен зұлым самодержавиеге қарсы күресті ақырына дейін жеткізуге, бұл күреске *бұқараны* тартуға *қабілетті* ұлтқа тұңғыш рет айналдырды. Бұл қозғалыстың ұлылығы мынада: пролетариат мұнда демократияшыл бұқараның өкіметті жеңіп алуы *мүмкін екенін,* Россияда республика орнатудың мүмкін екенін тәжірибе жүзінде көрсетті, *«мұның қалай істелетінін»* көрсетті, бұл міндетті нақты орындауға бұқараның практика жүзінде кіріскенін көрсетті. Пролетариат декабрь күресі арқылы халыққа бірнеше ұрпақтардың жұмысына идеялық-саяси жағынан шамшырақ бола алатын мұралардың бірін қалдырды.

Сондықтан қазір құтырынған реакцияның қара бұлты қалыңдап түнерген сайын, контрреволюциялық патша қаражүзділігінің айуандығы арта түскен сайын, «біздер» реформалар «күтіп отырмыз», бірақ күтіп жете алмай отырмыз деп *тіпті* октябристердің қалай бас шайқап отырғанын жиі-жиі көруге тура келген сайын, либералдар мен демократтар «жаңа революцияны көксеуін» жиілете түскен сайын, вехиділдердің сөздері жексұрын бола түскен сайын («революцияны саналы түрде *тілемеу* керек», Булгаков, сонда, 32-бет),— жұмысшы партиясы халыққа *не үшін күресу керек* екендігін сөгұрлым жігерлірек ескерте түсуге тиіс.

1905 жылдың қойған мақсаттары жолындағы, сол кездегі қозғалыс жүзеге асыруға таяу қалған міндеттер жолындағы күресті, жағдай өзгергендіктен, қазіргі тарихи кезең жағдайының өзгешелігіне байланысты, енді

басқа формаларда жүргізу қажеттігі туралы біз бұрын да талай рет айтқанбыз. Самодержавиенің буржуазиялық монархия типінде қайта құрылуға тырысқан әрекеттері, оның III Думадағы помещиктермен, буржуазиямен ұзақ уақыт жүргізген келіс сөздері, жаңа буржуазиялық аграрлық саясат, т. т.,— осылардың бәрі Россияны дамудың ерекше бір кезеңіне кіргізді, жаңа пролетариат армиясын — жаңа революциялық армияны да — әзірлеудің ұзақ міндеттерін, күштерді тәрбиелеп, ұйымдастыру, Дума трибунасын және жартылай ашық жария қызметтің барлық мүмкіндіктерін пайдалану міндеттерін жұмысшы табының алдына кезектегі міндет етіп қойды.

Біздің тактикалық бағытымызды жүргізгенде, біздің ұйымымызды құрғанда мынадай етіп жүргізе, құра білу керек: жағдайдың өзгергенін есепке ала отырып, күрес міндеттерінің *құнын түсірмеу* керек, ол міндеттерді шұнтитып тастамау керек, тіпті бір қарағанда ең қарапайым, айқын емес, ұсақ сияқты болып көрінетін жұмыстың да идеялық-саяси мазмұнын төмендетпеу керек. Егер біз, мысалы, социал-демократиялық партияның алдына ашық жұмысшы қозғалысы жолындағы күрес ұранын қойсақ, мұның өзі міндеттердің дәл осылай құнын түсіру және күрестің идеялық-саяси мазмұнын жою болған болар еді.

Дербес ұран ретінде, бұл — социал-демократиялық ұран емес, кадеттік ұран, өйткені жаңа революциясыз ашық жұмысшы қозғалысының мүмкіндігі туралы тек либералдар ғана арман етеді (және бұл туралы арман ете отырып, халыққа жалған ілімдерді уағыздайды). Батыс Европаның либералдары сияқты, пролетариатты «реформаланған», тазартылған, «жақсартылған» буржуазиялық қоғаммен жарастыруды көздеген тек либералдар ғана өз міндеттерін қосалқы мақсатпен шектейді.

Социал-демократиялық пролетариаттың істің бұлайша тынуынан қорықпайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, ол осы атқа лайықты реформаның қандайы болса да, өз қызметінің шеңберлерін, өз ұйымының базасын, өз қозғалысының еркіндігін кеңейтудің қандайы болса

да өзінің күштерін он есе өсіретініне және өз күресінің революциялық бұқаралық сипатын арттыратынына сенеді. Бірақ дәл осы өз қозғалысының шеңберлерін шынымен кеңейтуге жету үшін, ішінара жақсартуға жету үшін, дәл осы үшін пролетариат бұқарасы алдына күрестің күзелмеген, шұнтитып тасталмаған ұрандарын қою керек. Ішінара жақсартулар революциялық тап күресінің қосымша нәтижесі ғана болуы мүмкін (және әрқашан тарихта осылай болып келген-ді). 1905 жылдың біздің ұрпаққа өсиет етіп қалдырған міндеттерін сол бүкіл ауқымды күйінде, сол бүкіл ұлылығына сай етіп жұмысшы бұқарасының алдына қойғанда ғана, біз қозғалыстың негізін іс жүзінде кеңейте аламыз, оған бұқараны көбірек тарта аламыз, езілген таптарды қашан болса да өз жауларын жеңуге бастап келген шексіз революциялық күрес пиғылымен бұқараны рухтандыра аламыз.

Ашық қимыл жасаудың, ашық бой көрсетудің, қозғалыс базаларын кеңейтудің, оған пролетариаттың жаңа топтарын үсті-үстіне тартудың, капиталистерге шабуыл жасау үшін және тұрмыстың жақсаруын қамтамасыз ету үшін олардың позициясындағы әрбір әлсіз буынды пайдаланудың титтей де мүмкіндігін, бірде-бір мүмкіндігін елеусіз қалдырмау керек,— сонымен қатар бүкіл осы жұмысты революциялық күрестің рухымен толтыру керек, қозғалыстың *әрбір* қадамында және оның әрбір бет бұрысында міндеттерді, 1905 жылы біз жақындап келген, бірақ біз ол кезде шеше алмаған міндеттерді *түгелдей толық* түсіндіру керек,— Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының саясаты мен тактикасы міне осындай болуға тиіс.

«Социал-Демократ» № 12,
23 март (5 апрель), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ФИНЛЯНДИЯҒА ЖОРЫҚ

1910 ж. 17 мартта Столыпин Мемлекеттік думаға «Финляндияға қатысты жалпы мемлекеттік маңызы бар заңдар мен қаулылар шығару тәртібі туралы» жоба ұсынды. Осындай төрешілдік-бюрократтық атпен самодержавие Финляндияның бостандығы мен дербестігіне қарсы барынша арсыздықпен жорық жасап отыр.

Столыпиннің заң жобасында «бұл өлкенің ішкі істеріне ғана қатысты емес» финляндиялық істердің бәрін Мемлекеттік думаның, Мемлекеттік советтің және II Николайдың шешуіне беру туралы сөз болып отыр. Финляндия сеймінің үлесіне бұл істер жөнінде тек «қорытындылар» беру ғана тиеді, оның бер жағында бұл қорытындылар ешкім үшін де міндетті емес: Финляндия сеймі империяға қарым-қатынасы жөнінде Булыгин Думасының халіне душар болады.

Бұл арада Финляндияның «ішкі істеріне ғана қатысты емес заңдар мен қаулылар» деп нені түсінуге болады? Столыпин жобасында 17 пункттен құрылып отырған бүкіл тізбені келтірмей-ақ біз мыналарды көрсетеміз: бұған Финляндия мен империяның басқа да жерлері арасындағы таможнялық жағынан қарым-қатынастар да, Финляндияның қылмыс заңдарын тұжыру да, темір жол ісі де, Финляндиядағы ақша системасы да, көпшілік жиналыстары туралы ережелер де, Финляндиядағы баспасөз туралы заңдар да, тағы басқалар да кіреді.

Осы сияқты мәселелердің бәрін қаражүздік-октябристік Думаның шешуіне беру керек! *Финляндияның бостандығын толық бұзу* — үшінші июнь конституциясы арқылы біріккен помещиктер мен көпес шонжарларының өкілдеріне сүйенуді көздеп, самодержавиенің қолданып отырған шарасы міне осы.

Осы «конституция» арқылы заңды деп саналған адамдар туралы ғана сөз болып отырғандықтан, әрине, есеп қатесіз: елу барып тұрған оңшыл, жүз ұлтшыл мен «оңшыл октябрист», жүз жиырма бес октябрист — Думаға қазірдің өзінде жиналған және үкіметтік баспасөздің ұзақ уақыт айдап салуы арқылы Финляндияға қарсы зорлық-зомбылықтың қандай шарасын болса да жүзеге асыруға даярлаған қара жасақ міне осылар.

«Бұратаналардың» бәріне қысым жасаушы самодержавиенің ескі ұлтшылдығы қазір нығайтылып отыр: біріншіден, қаражүздік патшаның көз алдында бүкіл дүние жүзінің ең демократиялық конституцияларының бірін жасау үшін, Финляндияның социал-демократияны қалтқысыз жақтап отырған жұмысшы бұқарасын ұйымдастыруға еркін жағдайлар жасау үшін Россия пролетариатының октябрьдегі қысқа мерзімді жеңісін пайдалана білген халыққа барлық контрреволюциялық элементтердің өшпенділігі арқылы нығайтылып отыр. Финляндия өзіне бостандық пен бейбіт дамуды бірнеше жыл қамтамасыз ету үшін Россия революциясын пайдаланып қалды. Финляндияның жеңіп алғандарынан мүмкіндігінше көбірек тартып алу үшін Россиядағы контрреволюция «өз үйіндегі» толық тыныштықты пайдаланып қалуға асығып отыр.

Филистерлердің бәріне керемет көрінетін атышулы «бейбіт» прогрестің ереже толық дәлелдеп отырған, тура қысқа мерзімді, баянсыз, өткінші ерекшелік екенін тарих Финляндияның мысалы арқылы көрсеткендей болып отыр. Ал бұл ереже мынада: бұқараның және оны бастаған пролетариаттың революциялық қозғалысы ғана, жеңімпаз революция ғана халықтардың өміріне баянды өзгерістер енгізе алады, орта ғасырлық тәртіптің үстемдігін және капитализмнің жартылай азиаттық формаларын елеулі түрде әлсірете алады.

Россия жұмысшы табы қалың бұқара болып көтеріліп, орыс самодержавиесін сілкіп-сілкіп алған кезде ғана Финляндия еркін тыныс алды. Сондықтан қазір Финляндияның жұмысшысы қаражүздік бас бұзарлардың шапқыншылығынан құтылу жолын Россиядағы бұқараның революциялық күресіне қосылудан ғана іздей алады.

Орыстың октябрь күндері *есебінен* революция жасаған, Россиядағы декабрь күресі мен оппозициялық екі Думаның *арқасында* бостандықты қорғап қалған тіпті осы бейбіт елде де Финляндия буржуазиясы өзінің контрреволюциялық қасиетін көрсетті. Финляндия буржуазиясы финн жұмысшыларының қызыл гвардиясын қуғындады және оларды революцияшыл деп айыптады; ол Финляндиядағы социалистік ұйымдардың толық бостандық алуын тежеу үшін қолынан келгеннің бәрін істеді; ол елгезектік көрсету арқылы (1907 жылы саясатшыларды ұстап беру сияқты) өзін патша өкіметінің зорлық-зомбылықтарынан қорғап қалуды ойлады; ол өз елінің социалистерін: сендерді орыс социалистері өздерінің революцияшылдығымен аздырып, *бұзды* деп айыптады.

Кеңшіліктер жасау, елгезектік көрсету, «жарамсақтану» саясатының, социализмге тура немесе жанамалап опасыздық ету саясатының неге апарып соғатынын қазір Финляндия буржуазиясы да көре алады. Социалистік бағытта үйретілген, социалистер ұйымдастырған бұқараның күресінен тыс финн халқы өз жағдайын өзгертудің жолын таба алмайды; II Николайға тойтарыс берудің пролетарлық революциядан басқа құралы жоқ.

Екінші жағынан, біздің россиялық буржуазияның таптық санасының өсуі және қасақана контрреволюцияшыл болуы біздің самодержавиенің саясаты ретіндегі ескі ұлтшылдықты нығайтты. Россия буржуазиясының шовинизмі халықаралық күш ретіндегі пролетариатқа деген өшпенділіктің өсуімен бірге өсті. Оның шовинизмі халықаралық капиталдың бәсекесінің өсіп, шиеленісуімен қатарлас күшейді. Шовинизм жапондарға қарсы соғыстағы жеңіліс үшін, пұрсаттылығы бар помещиктерге қарсы дәрменсіздік үшін қарымта алу ретінде

пайда болды. Балқанда жіліктің майлы басын жымқыруының сәті түспегендіктен, енді Финляндияны «жаулап алуға» қуанатын нағыз орыс өнеркәсіпшісі мен көпесінің тәбетінен шовинизм өзіне қолдау тапты. Сондықтан помещиктер мен ең ірі буржуазияның өкілдігін ұйымдастыру еркін Финляндияны *жазалау* үшін патша өкіметіне сенімді одақтастар тауып береді.

Ал егер еркін шет аймақ жөніндегі контрреволюциялық «операциялардың» базасы кеңейген болса, онда бұл операцияларға *тойтарыс беру* базасы да кеңейіп отыр. Егер біз бір ғана бюрократия мен ат төбеліндей шонжарлардың орнына Финляндияның жаулары жағында үшінші Думадағы өкілдігі арқылы ұйымдасқан помесгьелік дворяндар мен бай көпестерді көріп отырсақ, ал Финляндияның достары жағында біз 1905 жылы қозғалыс жасаған, I Думаның да, II Думаның да революциялық қанатын құраған сол миллиондаған бұқараны көріп отырмыз. Сондықтан *қазіргі* кезеңде саяси тыныштық қаншалық ұзақ болғанымен, әлгі бұқара епітемеге қарамастан өмір сүріп, өсіп отыр. Россия революциясының жаңа жеңілісі үшін жаңа *кек алушы* да өсіп келеді, өйткені Финляндия бостандығының жеңіліске ұшырауы — Россия революциясының жеңіліске ұшырауы деген сөз.

Біздегі орыс либерал буржуазиясы да өзінің қорқақтығы мен тұрлаусыздығы жөнінен қазір — үсті-үстіне— әшкереленіп отыр. Кадеттер Финляндияға жорық жасауға, әрине, *қарсы.* Олар октябристермен бірге, әрине, дауыс бермейді. Бірақ *бір өзі ғана* Финляндия бостандығының тууына себеп болған, оның қазірдің өзінде 4 жылдан аса өмір сүруіне мүмкіндік берген тікелей революциялық күреске, октябрь-декабрь «тактикасына» «көпшіліктің» тілектестігін жою үшін *бәрінен көп* әрекет жасаған солар емес пе? Осындай күрестен, осындай тактикадан безуге орыс буржуазиялық интеллигенциясын біріктірген кадеттер емес пе? Бүкіл көзі ашық орыс «жұртшылығының» ұлтшылдық сезімі мен пиғылын көтеру үшін жанталасқан кадеттер емес пе?

Социал-демократиялық қарардың (декабрь, 1908 ж.) кадеттер өздерінің ұлтшылдық үгіті арқылы *іс жүзінде*

басқа ешкімге де емес, дәл патша өкіметіне қызмет етеді деген сөздері қалай ақталды десеңізші![102] Россияның Балқан елдеріндегі дипломатиялық жеңілістеріне байланысты кадеттердің самодержавиеге қарсы ұйымдастырғысы келген «оппозициясы» — нақ күткендей-ақ — болмашы, принципсіз, күлдік ұрушы оппозиция болып шықты, қаражүздіктерге *жарамсақтанған,* қаражүздіктердің аранын *ашқан,* қаражүздік патшаны: сен, қаражүздік патша, онша күшті емессің деп *ұялтқан* оппозиция болып шықты.

Ал енді, «мархаббатты» кадет мырзалар, не ексеңіздер, соны орыңыздар. Сіздер патша өкіметіне «ұлттық» міндеттерді қорғауда оның дәрменсіз екенін дәлелдедіңіздер: патша өкіметі сіздерге бұратананы *ұлтшылдықпен* қуғындауда өзінің күшті екенін көрсетіп отыр. Сіздердің ұлтшылдықтарыңызда, неославизмдеріңізде, т. с. пайдакүнемдік, тар-таптық буржуазиялық мән болды, либералдық бос сөз болды. Сөз сөз күйінде қалды, ал мән болса самодержавиенің адамға деген өшпенділікке толы саясатының *пайдасына кетті.*

Либералдық бос сөздер әрқашан осылай болып келді, әрқашан осылай болады. Бұл сөздер буржуазияның өрісі тар пайдакүнемдігін және өрескел зорлық-зомбылығын тек *боямалайды*; олар халықтың бұғауын жалған гүлдермен тек әшекейлейді; олар халықтың өзінің нағыз жауын біліп алуына кедергі *жасап,* оның санасын тек уландырады.

Бірақ патша саясатының әрбір қадамы, үшінші Думаның өмір сүруінің әрбір айы либералдық жалған үміттерді барған сайын аяусыз жояды, либерализмнің дәрменсіздігі мен шіріктігін барған сайын әшкерелей түседі, пролетариаттың жаңа революциясының ұрығын барған сайын кең әрі мол шашады.

Финляндияның бостандығы үшін, Россиядағы демократиялық республика үшін Россия пролетариатының көтерілетін уақыты туады.

«Социал-Демократ» № 13,
26 апрель (9 май), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

АРМИЯ ҮШІН ҚОРҚАДЫ

Негізгі заңдардың 96-статьясын патша үкіметінің бұзуы туралы социал-демократтар мен трудовиктердің қойған сұрауы жөнінде Думада болып жатқан жарыс сөз әлі аяқталған жоқ. Бірақ ол жарыс сөздің істің жағдайын қазірдің өзінде суреттеп бергені соншалық, газеттердің Столыпиннің атышулы «31 март декларациясы» [103] туралы қазірдің өзінде айқай-шу көтеріп отырғаны соншалық, үшінші июнь режимінің тарихындағы осы тәлім аларлық оқиғаға тоқталу әбден орынды болмақ.

Думадағы біздің фракцияның негізгі заңдардың 96-статьясын үкіметтің бұзуы туралы оған сұрау қоюы, заңдылықты «қорғағандай», «правоны қорғағандай», «үшінші июнь жариялылығын қорғағандай» т. т., т. с. *болып* бой көрсетуі әбден дұрыс еді. «Болып» деп отырмыз, өйткені социал-демократтар бұл арада, күмән жоқ, күрделі міндетті қолға алды, қолға ала *білу керек* міндетті қолға алды:— екі жаққа бірдей өткірлігі күмәнсыз қаруды, титтей қате болса немесе оны қолданушы сәл мүлт кетсе тіпті сол қарудың иесінің өзін жаралай алатын қаруды,— астарламай айтқанда: социал-демократтарды тап күресі позициясынан либерализм позициясы жағына байқатпай алып кете алатын қаруды пайдаланды.

Егер социал-демократтар бұл «қорғаудың» *ерекше* сипатын түсіндірмей, өздерінің негізгі заңдарды «қорғайтыны» туралы айта салса, онда олар осындай қатені жа-

саған болар еді. Егер социал-демократтар негізгі заңдарды немесе жалпы заңдылықты қорғаудан «жариялылық үшін күрес» сияқты өзінше бір ұран жасаса, онда олар бұрынғыдан да үлкен қате жасаған болар еді,— мұның өзі кадеттерше болған болар еді.

Бақытқа қарай, думалық біздің жолдастар мұның екеуін де істеген жоқ. Қойылған сұрау жөніндегі бірінші шешен, Гегечкори, негізгі заңдарды *жақтаған* социал-демократиялық бой көрсетудің *ерекше* сипатын түсіндіруден *әдейі* бастады. Гегечкори біріккен дворяндардың съезінде мүлде ашықтан-ашық социал-демократтарды меңзеп, «Мемлекеттік думаның құрамынан осы бүлікшілерді жоюдың» қажеттігі туралы байбалам салған граф Бобринскийдің жеткізген хабарламасынан [104] өте-мөте сәтті бастады. «Мен,— деп жауап берді Гегечкори,— осы үйде мәжіліс жасаушы фракцияның, жеткізген хабарламаға қарамастан, зорлық-зомбылық пен қорқытуларға қарамастан, жұмысшы табының мүдделерін қорғау жөнінде өзі белгілеген міндеттер мен мақсаттардан титтей де шегінбейтіндігін мәлімдеймін».

Бобринский үкіметті үшінші июнь заңына қарсы үнемі үгіт жүргізуші адамдарды Думадан қууға шақырды. Гегечкори болса зорлық-зомбылық та, қорқытушылық та социал-демократияны өз қызметінен шегінуге мәжбүр ете алмайды деп мәлімдеме жасаудан бастады.

Гегечкори былай деп әдейі баса көрсетті: «Біз үшінші Мемлекеттік думаның беделін, егер бұл бедел бар болса, қолдауға басқа адамның қайсысынан болса да, әрине, аз қамқорлық жасап отырмыз»... «дәл біздер, өмір сүріп отырған саяси құрылыстың принципті дұшпандары, өз пайдасы үшін реакция халық өкілдігінің правосын қысқартуға ұмтылған кезде ылғи қарсы шығып келдік»... «негізгі заңдарға ашықтан-ашық қол сұғылса, онда біздер, негізгі заңдардың принципті дұшпандары, оларды өз қорғауымызға алуға мәжбүр боламыз». Сөйтіп сөзінің қорытындысында, жариялылық фетиштерінен өзін бөліп алып, Гегечкори былай деді: «...Егер біз бұл сұрауды қойсақ, егер біз экскурсия жасасақ немесе юридикалық түсініктер саласына ой жүгіртсек, онда бұл тек үкіметтің екіжүзділігін тағы бір рет ашу

үшін ғана жасалады...» (стенографиялық есептің 1988-беті).

Гегечкори социалистердің демократиялық, республикалық көзқарастарын дәйекті түрде білдіріп: *«халықтың тікелей еркінен* туғанда ғана біздің заңдарымыз халық бұқарасының мүдделері мен мұқтаждарына сәйкес келетін болады» деді, ал стенографиялық есептің осы жерінде жазылған *«оң жақтағы шу»* жебенің нысанаға тигенін ерекше баса көрсетеді.

Ал екінші бір социал-демократиялық шешен, Покровский жолдас, қойылған сұраудың саяси маңызы туралы айта келіп, өзінің сөзінде әлгіден де гөрі айқынырақ, анығырақ былай деді: «Ал олар (октябристер) мұны тура және ашық істей берсін, оңшылдардың: «халық өкілдігінің правосы жойылсын, министрліктің табалдырығы жасасын» деген ұранын ашық қабылдай берсін. Россияда конституциялық жалған үміттер мүлде жойылатын, қап-қара шындық қалатын, бұдан орыс халқы тиісті қорытындылар шығаратын кезеңді тудыру үшін көпшілік жұмыс істеп жатыр, бұған күмән жоқ» (цитатты «Речьтің» 1 апрельдегі есебі бойынша келтіріп отырмын).

Міне бүкіл мәселенің үкімет пен октябристердің екіжүзділігін әшкерелеу негізінде, конституциялық жалған үміттерді талқандау негізінде осылай қойылуы негізгі заңдардың 96-статьясының бұзылуы туралы сұраудың, III Думаға ұсынылған сұраудың бірден-бір дұрыс социал-демократиялық қойылуы болып табылады. Біздің партиялық үгітімізде, жұмысшы жиналыстарында, үйірмелер мен топтарда, ақырында, ұйым атаулыға жат жұмысшылармен Думадағы оқиғалар жөнінде өткізілген жеке әңгімелерде мәселенің дәл осы жағын бірінші қатарға қою қажет, буржуазиялық-қаражүздік Думаның өзіндегі буржуазиялық-қаражүздік алдауды *әшкерелеуші* жұмысшы партиясының ролін түсіндіру қажет. *Мұндай* Думада мәселе қойылысының *толық* айқын болуының мүмкін еместігі және революцияшыл социал-демократ көзқарасының толық келісілуінің мүмкін еместігі себепті, жолдастарымыздың Таврический сарайының трибунасында айтқандарын толықтыру, бұқараға таныс-

тыру, олардың сөздерін бұқараға түсінікті және қанық ету біздің міндетіміз болып отыр.

96-статьяны бұзу тарихының *мәні* неде? Бұл статья «заңдар туралы» 9-тараудың ішінде, ал ол статья соғыс және соғыс-теңіз ведомстволарының ережелері мен жарлықтары Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік совет *арқылы емес,* патшаға *тікелей* тапсырылатын жағдайды, жалпы тәртіптен шығарып тасталатын жағдайды белгілеп береді. Жаңа шығындар Мемлекеттік думаның қаулысы бойынша қаржы болуді (рұқсат беруді) керек етеді — бұл статьяның келіп тірелетін жері міне осы.

Бұдан бір жыл бұрын Мемлекеттік думада теңіз бас штабының штаттары талқыланды. Бұл штаттарды белгілеу Думаның билігіне жататын-жатпайтындығы жөнінде қызу таластар туды. Оңшылдар (қаражүздік) былай деді: билігіне *жатпайды,* Думаның бұған араласуына правосы жоқ, ол армияның «державалық көсемінің», ягни патшаның правосына қол сұға алмайды, патша *тек бір өзі ғана, ешқандай Думасыз,* соғыс және теңіз штаттарын бекітуге праволы.

Октябристер, кадеттер және солшылдар: бұл — Думаның правосы деді. Демек, мәселе: II Николай бастаған қаражүздіктің Думаның праволарын шек қойып түсіндіргісі келгендігі, Думаның онсыз да бұрыннан мейлінше тұжырылған праволарын *тұжырғысы* келгендігі туралы болды. Қаражүздік помещиктер және оларды бастаған ең бай әрі нағыз қаражүздік помещик Николай Романов жеке, ұсақ мәселеден принциптік мәселе, патшаның праволары туралы мәселе, самодержавиенің праволары туралы мәселе жасады, сөйтіп буржуазияны (тіпті октябристік буржуазияны да) патшаның правосын тұжыруға, оның билігіне шек қоюға, «армияның көсемін армиядан бөліп тастауға» және т. с. әрекет жасады деп айыптады.

Мүлде бұрынғыша, патшаның билігін бүтіндей шек қойылмаған самодержавие мағынасында түсіну керек пе, әлде патша билігіне тіпті ең шамалы түрде болса да *шек қою* мағынасында түсіну керек пе — таластар міне осыған келіп тірелді. Ал бұл таластар бұдан бір жыл бұрын «саяси дағдарыс» дәрежесіне дейін дерлік, яғни

қаражүздіктер «конституционализмге» берілді деп айыптаған Столыпинді қуып шығу қаупіне дейін, қаражүздік «жас түріктер» [105] деп атаған октябристердің Думасын таратып жіберу қаупіне дейін қызды.

Мемлекеттік дума да, Мемлекеттік совет те теңіз бас штабының штаттарын бекітті, яғни бұл мәселені *өздеріне қарасты* мәселе деп тапты. Жұрттың бәрі: Дума мен Мемлекеттік советтің шешімін II Николай бекітер ме екен деп күтті. II Николай штаттарды бекітуден *бас тартып,* 96-статьяны қолдану туралы «ереже» әзірлеуді министрлерге тапсырып,1909 ж. 27 апрельде Столыпинге рескрипт шығарды.

Басқаша айтқанда: патша тағы да, тағы да ашықтанашық және үзілді-кесілді қаражүздік жағына шықты, өзінің билігіне шек қоюға жасалған ең болмашы әрекеттердің өзіне қарсы шықты. Министрлерге жаңа ережелер әзірлеуді тапсыру *заңды бұзу,* оны жойылатын етіп баяндау, оны Россия сенаттарының атышулы «түсініктемелері» мағынасында «түсіндіру» жөніндегі сұрқиялық бұйрық болды. Мұнымен қатар, әрине, ережелер «негізгі заңдардың шеңберінде» қалуға тиіс делінген, бірақ бұл сөздер ең барып тұрған екіжүзділік еді. Министрлер мұндай «ережелерді» әзірлеп берді, ал II Николай патша оларды бекітті (ол ережелер өздерінің бекітілген уақыты бойынша 1909 ж. 24 август ережелері деп аталады),— сөйтіп заң сырт қалған болып шықты! Ешқандай Думасыз бекітілген «ережелердің» түсіндірілуіне қарағанда, негізгі заңдардың 96-статьясы жойылған болып шықты! Бұл «ережелер» бойынша соғыс және теңіз штаттары Думаның билігінен *шығарылып тасталған* болып шықты.

Орыс «конституциясының» мейлінше жалғандығы, қаражүздіктің мейлінше сұрқиялығы, патшаның қаражүздікке мейлінше жақындығы, самодержавиенің негізгі заңдарды мейлінше келемеж етуі тамаша көрсетілді. Әрине, 1907 жылғы 3 июнь төңкерісі бұл мәселеде жүз есе неғұрлым айқын, неғұрлым аяқталған, халықтың қалың бұқарасы үшін неғұрлым түсінікті және ашық жағдайды көрсетіп берген болатын. Әрине, егер біздің социал-демократтар Думада 3 июнь актісі не-

гізгі заңдарды бұзғаны туралы сұрау қоя алмаса,— олардың қоя алмаған себебі буржуазияшыл демократтардың, оның ішінде трудовиктердің сұрау қоюға керекті отыз есімді жинау үшін қойылатын қолдың жеткілікті санын бере алмауынан ғана болса,— онда мұның өзі насихат пен үгіттің арнаулы думалық формасының шегі мейлінше тарлығын көрсетеді. Бірақ 3 июнь актісі туралы сұрау қоюдың мүмкін болмағандығы социал-демократтардың осы актіні өз сөздерінде үнемі мемлекеттік төңкеріс ретінде сипаттап отыруына кедергі жасаған жоқ. Сондықтан, әлбетте, социал-демократтар негізгі заңдарды және халық өкілдігінің праволарын самодержавиенің қалай келемеж етіп отырғанын әшкерелеуден бас тарта алмады және тіпті біршама жеке себеп бойынша да бас тартуға тиіс болмады.

Теңіз бас штабының штаттары туралы мәселе сияқты мәселенің онша маңызды еместігі, ұсақтығы, шамалылығы мұның есесіне біздің контрреволюцияның мейлінше күйгелектігін ерекше қатты баса көрсетті,— оның *армия үшін қорқатындығын* баса көрсетті. Думада октябристерден баяндамашы болған Шубинской мырза 26 марттағы өзінің екінші сөзінде қаражүздіктерге қарай мейлінше айқын бет бұрып, *армия үшін* нақ осы *қорқушылық* соғыс және теңіз штаттарын бекітуге өкілдік мекемелердің аз да болса араласуына болатын-болмайтындығы туралы мәселе жөнінде контрреволюцияның өте-мөте күйгелектігін туғызғандығын көрсетті. «...Россия армиясының державалық көсемінің есімі шынында ұлы есім»...— деп лепірді Қанқұйлы Николайдың буржуазияшыл малайы. «...Сіздер (Мемлекеттік думаның депутаттары) мұнда қандай қорытындылар жасасаңыздар да, әлдекімдердің пәлендей правосын тартып алғысы келетіндігі туралы қандай сөздер айтсаңыздар да, дегенмен армиядан оның державалық көсемін сіздер айыра алмайсыздар».

Столыпин де өзінің 31 марттағы «декларациясында», «тыныштандыру» туралы және жазалау шараларының бейне бір бәсеңдеуі туралы мүлде бос сөздермен, мағынасыз және көріне жалған сөздермен өзінің жауабын шатастыруға тырысып, дегенмен Думаның праволарына

қарсы қаражүздіктердің жағына әбден айқын шықты. Егер октябристер Столыпиннің айтқанына қосылған болса, онда бұл жаңалық емес. Ал егер Милюков және K^0 мырзалардың «Речі» Столыпиннің жауабын «Мемлекеттік думаның праволары жөнінде қалайда бітістіретін» жауап деп атаса (№ 89, 1 апрель — бас мақаладан кейін берілген редакциялық мақала),— онда біз кадет партиясының қалай азғындағандығының тағы бір үлгісін көріп отырмыз. «Соңғы жылдардың тарихы,— дейді Столыпин,—революцияның таты біздің армияны мұқалта алмағандығын көрсетеді...» Мұқалта алмады деу — шынына келгенде дұрыс емес, өйткені 1905—1906 жылдардағы солдаттар мен матростар көтерілістерінің жұртқа мәлім оқиғалары, сол кездегі реакциялық баспасөздің жұртқа мәлім пікірлері революцияның армияны *мұқалтқанын*, демек, *мұқалта алғанын* көрсетеді. Ақырына дейін мұқалта алмады — бұл рас. Бірақ егер 1910 жылы контрреволюция өршіген кезде, әскерлердің арасында болған соңғы «толқудан» кейін бірнеше жыл өткен соң, Столыпин: мені *«алдыңғы бірнеше шешеннің сөздерін тыңдаған кезде қорқынышты ой билеп әкетті»*, бұл «қорқынышты ой» «біздің қарулы күштеріміз жөнінде мемлекеттіліктің *әр түрлі факторларының қайдағы бір келіспеушілігінің нашар әсер туғызуында»* деп отырса (әлгі декларациясында), онда мұның өзі Столыпинді және онымен бірге II Николай сарайының бүкіл қаражүздік шайкасын түгелдей әшкерелейді! Мұның өзі патша шайкасының *армия үшін* әлі қорқып отырғаны былай тұрсын, әлі тура *үрейі ұшып* отырғанын дәлелдейді. Мұның өзі контрреволюцияның осы кезге дейін азамат соғысы тұрғысында, халықтың ашуызасын әскери күшпен басу шараларына тікелей және шұғыл мұқтаж болу тұрғысында беком қалып отырғанын дәлелдейді. Столыпиннің мына сөзінің байыбына барып көріңізші:

«Тарих... армия бір ғана қасиетті ерікке бағынуда біртұтас болудан қалған кезде оның берекесі кетеді деп үйретеді. Осы принципке күмәндану уын салып көріңіз, *армияның құрылысы коллективтік ерікке байланысты деген ойдың үзіктерін болса да оған ұғындырып кө-*

ріңіз, сонда армияның қуаты мызғымас күшке — жоғарғы өкіметке сүйенуден қалады». Ал екінші бір жерінде былай дейді: «Көптеген адамдардың... *праволар жөнінде»* (атап айтқанда: Мемлекеттік думаның праволары, «коллективтік еріктің» праволары жөнінде) *«біздің армия үшін қатерлі таластарды* қоздырғысы келгенін мен білемін».

Кісі өлтірушілерге олардың өздері өлтірген адамдардың елестейтіні сияқты, контрреволюция сабаздарының есіне «коллективтік еріктің» армияға «қатерлі» ықпал етуі түседі. Қаражүздіктің сенімді малайы болған Столыпинге октябристер армияны коллективтік ерікке бағындыру арқылы, осындай бағындыру туралы «ойдың үзіктеріне» жол беру арқылы *«армияны берекесіздендіруге»* алып келетін «жас түріктер» болып көрінеді!

Үшінші июнь монархиясының жендеттері мен кісі өлтірушілері өңінде сандырақтап отыр, егер октябристер оларға жас түріктер болып көрініп отырса, онда олардың тура ақылдан алжасуға дейін жеткені. Бірақ бұл сандырақ идеялар, бұл ақылдан алжасушылық — өз жағдайының осалдығын сезуден, армия үшін қатты қорқынышты сезуден туған саяси дерт. Бұл мырзалар — Столыпиндер, Романовтар және $К^0$ «коллективтік еріктің» армияға көзқарасы туралы мәселеге титтей болса да салқын қандылықпен қарауға зәредей қабілетті болса, олар Дума мен Мемлекеттік советтің теңіз штаттары туралы шешімдерін патшаның у-шусыз бекітуі *Думаның праволары туралы мәселе жөнінде, «армияның берекесізденуінің»* мүмкіндігі туралы мәселе жөнінде *Думада болған жарыс сөзден* гөрі *армияға* он есе аз әсер ететінін бірден көрген болар еді. Бірақ біздің контрреволюцияға тән нәрсенің өзі сол — ол өзінің қорқыныштары арқылы өзін өзі әшкерелейді, кісі өлтірушілердің кісі өлтіруге қатысушылар туралы және өлтірудің егжей-тегжейі туралы сабырлылықпен тыңдай алмайтыны сияқты, контрреволюция да армияның берекесізденуі туралы мәселеге сабырлылықпен қарай *алмайды.*

Теңіз штаттары туралы біршама ұсақ және маңызды емес мәселенің принциптік қойылысын атап айтқанда қаражүздіктер берді, II Николай берді, Столыпин мыр-

за берді, ал бізге өздерінің қорқыныштары туғызған олардың қолайсыздануы жөнінде тек ризалық білдіру ғана қалып отыр. Бізге Покровский жолдастың «конституциялық жалған үміттердің» жойылатындығы туралы, күмәнсыз «қап-қара шындықтан» халықтың өзі қорытынды жасауы қажет екендігі туралы тамаша сөздерін «Московские Ведомостидің» «31 март декларациясы» туралы өзінің бүкпесіздігі жағынан тамаша пікірлерімен тек салыстыру ғана қалып отыр.

Бұл газет 3 апрельдегі бас мақаласында былай деп жазады:

> «...Бұл мәселенің өзі, біздің өткен жылы-ақ анықтағанымыздай, өте жай нәрсе. Император ағзам заңдылық тәртіппен өткізілген штаттар туралы мәселені бекітпеді, сөйтіп оларды жоғарғы басқару тәртібімен белгіледі, бұған тіпті қазіргі бар заңның өзі (жоғарғы өкіметтің табиғи праволары туралы мәселені айтпағанның өзінде) айқын өкілдік береді...».

Солай. Солай. Негізгі заңдарды бұзу — орыс монархиясының «табиғи правосы». Мәселенің бар түйіні осында.

> «...Алайда, Думадағы оппозиция бұл жөнінде жоғарғы өкіметтің әрекеттеріне қатысты сұрау қойып, өрескелдік жасады...»

Дәл солай! Думада социал-демократтар жеткізе айта алмаған нәрсені «Московские Ведомости» дұрыс жеткізе айтып отыр. Қойылған сұрау атап айтқанда патшаның (және оған бағынушы министр Столыпиннің) әрекеттерін негізгі заңдарды бұзу деп тану жайында болған-ды.

Сонан соң, «Московские Ведомости» халықтық праволарды революция арқылы *жеңіп алу* теориясы үшін «революциялық оппозиция» мен «революциялық баспасөзге» тиіседі және «31 март декларациясында» қандай да болсын «уәделер» болуы мүмкін еді дегенді бекерге шығарады.

> «...«Уәделер» туралы пікірлердің өзі күлкілі және ресми түрде революциялық лагерьге қосылмайтын адамдардың өздерінің де миларының қаншалық дәрежеде революциямен буалдырланғанын көрсетеді. Кабинет қандай «уәделер» бере алады? ...Жоғарғы өкіметтің басшылығына шын берілген кабинет өзінің

заңды міндеттерін орындайтын болады... Сондықтан бұл декларацияның бүкіл мағынасын Думаның *тереңірек* түсінуін, сөйтіп осы арқылы депутат мырзаларды революциялық «директивалардың» асқынған кеселінен емдеп жазуға көмектесуін ғана тілеуге болады».

Дәл осылай: үкіметтің декларациясын (және позициясын) *тереңірек* түсініп, сол арқылы *конституциялық жалған үміттерден* «емдеп жазу» керек — социал-демократтардың 96-статьяның бұзылуы туралы қойған сұрауының саяси сабағы дәл осында болып отыр.

«Социал-Демократ» № 13, 26 апрель (9 май), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДЕГІ ПАРТИЯЛЫҚ БІРІГУ

Біздің партия жұмыс істеп отырғандай жағдайларда қимыл жасайтын партия үшін шетелдік база керек және сөзсіз қажет. Мұны партияның жағдайын ойлайтын адамдардың бәрі мойындайды. Россиялық жолдастар «шетелге» қаншалық пессимистікпен қарағанымен, алайда мұнда не болып жатқаны туралы, әсіресе жақында өткен пленумнан кейін не болып жатқандығы туралы, *білу* оларға тіпті де пайдасыз болмайды.

Шетелде бірігуге қол жетті ме? Жоқ. Болмашы ғана себептен қол жетпеді: екі жақтың бірі—голосшылдар—шетелдегі жікке бөлінушілікті жою жөнінде Орталық Комитеттің бірауызды шақыруын қабылдауға ешқандай ниет білдірмей отыр. Фракциялық «Голос» Орталық Комитеттің бірауызды шешіміне қарамастан жабылған жоқ, ал пленумда оның редакторларының бірі Мартов жолдас газеттің уақытша тоқтатылуына өзінің қалайда тырысатынын ресми түрде мәлімдеген болатын* (пленум протоколдарын қараңыз). Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бірігу жөнінде қандай болсын бір шара қолданбай жатып, «Голостың» төрт редакторы (олардың екеуі Орталық Органның редакциясына да кіре-

* Бұл мәлімдеме сөзбе-сөз мынау:

«Мартов жолдас «Голос Социал-Демократа» редакциясының атынан *ресми түрде* сөйлей алмайтынын білдіреді, бірақ өз атынан мынаны мәлімдейді: «Голостың» таяудағы номерін шығарғаннан кейін, Орталық Органның жаңа редакциясы жұмысының нәтижелерін күту үшін тәжірибе ретінде «Голосты» уақытша (екі айға немесе одан артық) *тоқтатуға* «Голос Социал-Демократа» редакциясында кедергілер кездеспейді».

ді!!) бірігуге бармауға шақырған нашар бүркелген манифест басып шығарды. Шетелде өмір сүріп отырған «ШТОБ» та («Шетелдік топтардың орталық бюросы», ол меньшевиктердің *фракциялық* съезінде бұдан $1^1/_2$ жыл бұрын Базельде сайланған болатын) соны істеді. Ал бұл «ШТОБ» қазір тіпті барлық меньшевиктердің емес, олардың тек голостық бөлігінің ғана өкілі. Бірақ бірігуді болдырмау үшін ол «Голостың» қолдауымен жеткілікті дәрежеде күшті болып шықты. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының топтардың өздеріне, партиялық элементтерге, ең алдымен жұмысшыларға жүгінуі қалды. Бірақ — төменде сөз болатын себептер бойынша — бұлай істелмей отыр, немесе өте қанағаттанғысыз істеліп отыр. Орталық Комитет бұрынғысынша шетелде әзірге тек большевиктік топтардың қолдауына ғана үміт арта алады. Алайда бұл топтарға кейінгі кезде партияшыл-меньшевиктер, жойымпаздықтың жаулары (бұлардың көбі—Плеханов жолдастың «Дневнигін» жақтаушылар) қосылып отыр.

Шетелдегі меньшевиктердің арасындағы принципті жіктелудің Россияда да болып жатқан — мүмкін, онша айқын емес — нәрсенің белгісі ретінде, көрінісі ретінде ірі маңызы бар екені күмәнсыз. Партияшыл-меньшевиктер бұл жөнінде қазірдің өзінде бірқатар қарарлар шығарды. Солардан бірнеше үзінді келтірейік. Париждегі антиголосшыл меньшевиктер (олар 20 шақты адам) былай деп жазады: «...бұл органның («Голостың») 19—20-номерінде, айта кетелік, Дан жолдастың социал-демократиялық ұрандарды, кем дегенде, екіұшты, «экономикалық» дәуірдің: *право үшін күрес* деген ұранына екі тамшы судай ұқсас, өзіндік ерекшелігі бар ұранмен алмастырған «Жариялылық үшін күрес» деген мақаласында талассыз жаңа бағыт белгіленіп отыр»... ««Голос» редакциясы осы кезге дейін мойындамай келген жойымпаздық осы газеттің соңғы номерінде ашық көрінді». Женевадағы партияшыл-меньшевиктер (14 адам) «фракциялық «Голос Социал-Демократаны» тоқтату партиялық бірлікті нығайтудың қажетті шарты болып табылады» деп біледі.

Партияшыл-меньшевиктердің Ницца тобы былай деп ойлайды (бірауыздан): «бұл органның («Голостың») 19—20-номеріндегі бірқатар мақалаларда жойымпаздық қазірдің өзінде ашық көрінді. Топ «Голос Социал-Демократаның» мұндай позициясын зиянды деп біледі, сөйтіп оны қандай да болсын қолдаудан бас тартады. Топ соңғы партия съезінің сенімін ақтамаған Михаилдың, Романның, Юрийдің қылығына ызаланып отыр, олар жойымпаздық тенденцияларды практикада көрінуі жағынан қауіпті ақырына дейін жеткізді». Сан-Ремодағы партияшыл-меньшевиктер тобы «аталған басылымды («Голосты») қандай да болсын қолдаудан бірауыздан бас тартады, өйткені оның жойымпаздық тенденцияларына қосылмайды. Топ Михаилдың, Романның және Юрийдің әрекеті туғызған ызаға шыдай алмай отыр». Льеждегі партияшыл-меньшевиктер өздерінің қарарында былай деп жазады: «Стива Новичтің хаты және Ф. Данның «Жариялылық үшін күрес» деген мақаласы («Голостың» 19—20-номерінде) органның антипартиялық бағытын толық анықтайды... «Голос Социал-Демократа» төңірегіне жойымпаздық ағымдар топталып отырған орталық болып табылады». Цюрихтегі меньшевиктік топтың едәуір бөлігі және Берндегі топтың көпшілігі осындай көзқараста. Партияшыл-меньшевиктерді жақтаушылар басқа қалаларда да бар.

Партиялық меньшевиктердің осы элементтерін большевиктермен, фракцияда жоқ *партияшылдармен*, жойымпаздыққа қарсылармен топтастырып қана Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы нәтижеге қол жеткізе алар еді, Россиядағы жұмысқа көмектесе алар еді. Шетелдегі большевиктер барлық жолдастарды дәл осыған шақырып та отыр (Париждегі екінші топтың қарарын қараңыз[106]). Бірігуге кедергі жасап отырған голосшылдарға қарсы және «Дискуссионный Листок» редакциясынан, мектептің жалпы партиялық комитетінен шыққан, сонымен бірге партиялық бірігуге зиянын тигізіп отырған шақырымпаз-ультиматистерге қарсы күрес шын партияшылдардың бәрін біріктіру мақсатында сөзсіз керек. Бұл іс әзірге партияшылдардың жеке бастамасына тиіп отыр, өйткені тиісті позицияны ұстау

әзірге Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының қолынан келмей отыр. Жаңа устав бойынша Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының 5 мүшесінен 3 мүшені «ұлт өкілдері» белгілейді; сонымен, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы көпшілігінің адам құрамын белгілейтін партияның Орталық Комитеті *болмай шығады,* сондықтан осы негізде күтпеген оқиғалар болып жүр. Мәселен, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының таяудағы сессиясында Орталық Комитеттің бағытына *қарсы* көпшілік құрылды. Топтарды біріктіру жөнінде Орталық Комитеттің пленумынан кейін іле-шала жасалған «модусты» (пленум шешімдерінің рухында, яғни барлық қаржыны фракциялық органдарға *емес,* Орталық Комитетке беру талабымен жасалған) бір голосшылдан және бейне бір «фракцияшыл емес» екі ұлт өкілінен құрылған жаңа көпшілік бекітуден бас тартты. Ол көпшілік топтарға жіберілетін хаттағы: барлық қаржы фракциялық газеттерге емес *(яғни* «Голос Социал-Демократага» емес), жалпы партиялық мекемелерге берілсін деген ұранды алға қою ұсынысын (большевик пен поляк социал-демократының ұсынысын) қабылдамады. Бұл шешім Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы 2 мүшесінің (большевик пен поляк социал-демократының) үзілді-кесілді қарсылығын туғызды, сөйтіп бұлар өздерінің осы қарсылығын Орталық Комитетке берді.

«Социал-Демократ» № 13,
26 апрель (9 май), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯЛЫҚ БІРЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕРДІҢ БІРІ

Толып жатқан шетелдік топтардағы *партиялық* меньшевиктер бірлесіп, «Голос Социал-Демократаның» көрінеу жойымпаздық бағытына барған сайын үзілді-кесілді қарсы шығып отырғанда, Венадағы «Правда» әлі де болса бұлталақтап отыр. 12-номерінде «Барлық кедергілерге қарамастан, бірлікке жетейік» деген мақала бар. Бұл мақаладағы жойымпаздықтың қаупін *түсіндіру* туралы Орталық Комитеттің қарарын орындауға, өте жасқана және мардымсыз болса да, алғаш рет кірісуді мақұлдамауға болмайды. Бірақ оның есесіне мақаланың бүкіл бірінші бөлімі бейне бір фракцияшыл емес кейбір социал-демократтардың партиялықты қорғауда *партиялық* меньшевиктерден гөрі қаншалықты қашық жатқандығының үлгісі болып табылады.

Орталық Органның редакциясы «Жойымпаздар «Голосының» партияға қарсы шығуы»* деген мақалада «бүкіл келісім сәтсіздікке ұшырады» деп жариялады-мыс деп «Правда» бұл арада тура өтірік айтып отыр. Орталық Органның 12-номерін оқыған әрбір адам біздің мұндай ештеме жарияламағанымызды көрді. Меньшевиктермен келісімде олардың партиялықты мойындауы, жойымпаздықтан шын, дәйекті түрде безуі *шарт* етіп қойылды. «Голос Социал-Демократа» және оның Россиядағы пікірлестер тобы бұл келісімді *болдырмай тастады:* біреулері, Россиядағы Михаил, Роман, Юрий,

* Қараңыз: осы том, 217—226-беттер. *Ред.*

т. т. сияқтылар, келісімнің өзін ашықтан-ашық зиянды деп мәлімдеу арқылы («Орталық Комитеттің қарарлары зиянды»; Орталық Комитеттің өмір сүруінің өзі зиянды; партияны жоюдың керегі жоқ, өйткені ол қазірдің өзінде жойылған), екіншілері, «Голос» сияқтылар, біріншілердің сөздерін қорғау арқылы болдырмай тастады. Плеханов бастаған партияшыл-меньшевиктер келісімді бұлай бұзғаны үшін голосшылдарға қарсы көтерілді. Егер «Правда» дегенмен плехановшылдар мен партиялық меньшевиктер жөнінде үндемей, «жалпы» меньшевиктер туралы әңгіме еткенде бұрынғысынша тек голосшылдарды ғана айтқысы келетін болса, онда біз мұндай әрекетті әрқашан және барлық жерде әшкерелейтін боламыз.

«Правда» пленумнан кейінгі дау-жанжалдарды «талқылауға қатыса алмайтынын және қатысқысы келмейтінін», өйткені, біріншіден, «дұрыс пікір айту үшін қажетті нақты материалы жоқ екенін» мәлімдейді.

Бұған біз былай деп жауап береміз: егер шетелдік «Правда» голосшыл-жойымпаздардың қылығынан осы кезге дейін жеткілікті «материалды» таппаған болса, онда ол оны *ешқашан* таппайды. Шындықты көру үшін шындыққа тура қараудан қорықпау керек.

«...Екіншіден,— бұл бәрінен де гөрі маңыздырақ — өйткені ұйымдық дау-жанжалдар әдеби араласуды емес, ұйымдық араласуды талап етеді».

Бұл принцип дұрыс. Бірақ ұйымдық емес, принциптік дау-жанжалды бағалауға нақ партиялық меньшевиктер «араласты», партияның әрбір мүшесінің осылай істеуі керек те еді. «Правда» керісінше істеп отыр. Принципті ұсына отырып, ол іс жүзінде оны қолдамай отыр. Іс жүзінде «Правда» өз мақаласының бүкіл бірінші абзацын тура *ұйымдық* дау-жанжалға «араласуға» арнады. Ол ол ма. *Ұйымдық* дау-жанжалды баяндай отырып, «Правда» жойымпаздардың диірменіне су құяды, сөйтіп біздің мақаламызды «барынша қатаң» деп атайды, бірақ бұл арада голосшылдардың антипартиялық әрекетіне *баға бермейді*;— *партиялық Орталық Органның* меньшевиктердің *антипартиялық* бөлігіне қарсы (атап айтқанда голосшылдарға қарсы) күре-

сін *фракциялық* қақтығысу деп *өтірік* айтып отыр;— «Голос Социал-Демократаның» 4 редакторының жікшілдік манифесі туралы үндемей, шындықты *жартылай* айтып отыр; т. т.

Жұмысшы газеті «ұйымдық» дау-жанжалды не қозғамауға тиіс еді, не оны ақырына дейін толық және әділ баяндауы керек еді.

«Голостың» антипартиялығын бүркеуге әрекет жасау партиялық бірлік жолындағы елеулі кедергілердің бірі болып табылады. Оның жойымпаздығы туралы үндемеу немесе оған ат үсті қарау оның қауіптілігін тек тереңдете түседі.

«Социал-Демократ» № 13, 26 апрель (9 май), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

1910 ж. 6 (19) март
пен 25 майда (7 июньде)
«Дискуссионный Листоктың»
1, 2-номерлерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Дискуссионный Листоктың»
тексті бойынша басылып
отыр

I

ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚТЫ ЖАҚТАУШЫЛАР МЕН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ «ПЛАТФОРМАСЫ» ТУРАЛЫ

Жақында Парижде «Вперед» тобы бастырып шығарған «Қазіргі жағдай және партияның міндеттері. Большевиктер тобы әзірлеген платформа» деген кітапша жарыққа шықты. Өткен жылдың көктемінде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы большевиктердің нақ осы тобының жаңа фракция құрғанын мәлімдеген-ді. «Құрамында партияның 15 мүшесі — 7 жұмысшы мен 8 интеллигент — бар» бұл топ (топтың бізге хабарлауы осылай) енді өзінің ерекше «платформасын» тұтас, жүйелі түрде, дұрыс көрсетіп баяндауға әрекеттеніп отыр. Бұл платформаның текстінде оғаш нәрселердің бәрін жуып-шаюға, бұлтиып тұрған жерлердің тігісін жатқызуға, топтың партиядан не жөнінде ажырасатындығын көрсетуден гөрі, оның партиямен не жөнінде жақындасатындығын баса көрсетуге бағытталған, коллектив болып сақтықпен, ойланып өңдеудің айқын ізі бар. Белгілі бір ағым көзқарастарының ресми түрдегі баяндалуы болғандықтан да жаңа платформа біз үшін аса бағалы болып отыр.

Большевиктер тобы алдымен өзінің «еліміздің қазіргі тарихи жағдайын қалай түсінетіндігін» (§ I, 3—13-беттер), одан кейін «большевизмді қалай түсінетіндігін» (§ II, 13—17-беттер) баяндайды. Ол мұның екеуін де нашар түсінеді.

Бірінші мәселені алайық. Большевиктердің көзқарасы (және партияның көзқарасы) 1908 ж. Декабрь конференциясының қазіргі кезең туралы қарарында баян-

далған. Жаңа платформаның авторлары бұл қарарда айтылған көзқарастарға қосыла ма? Егер қосылса, олар мұны неге тура айтпайды? Егер қосылса, ерекше платформа жасаудың не кереті бар еді, өздерінің кезеңді өзгеше «түсінетіндіктерін» баяндауға кірісудің не керегі бар еді? Егер қосылмаса, жаңа топтың дәл не жөнінде партия көзқарастарына қарсы болып отырғандығын неліктен тағы да ашық айтпасқа?

Мәселенің түйіні мынада болып отыр: бұл қарардың маңызы жаңа топтың өзіне де айқын емес. Жаңа топ бұл қарармен *келіспейтін* шақырымпаздардың көзқарасына санасыз түрде (немесе жартылай санасыз түрде) ойысып отыр. Жаңа топ өзінің кітапшасында бұл қарардың барлық қағидаларына емес, тек оның бір ғана бөлегіне ұғымды етін түсінік береді, ал екінші бөлегін түсінбейді (мүмкін, тіпті маңызын да байқамайтын болар). 1905 жылғы революцияны туғызған негізгі факторлардың әрекеті әлі де тоқтаған жоқ,— дейді қарар. Жаңа революциялық дағдырыс пісіп жетіліп келеді (е пункті). Күрестің мақсаты патша өкіметін құлату және республика орнату болып қалып отыр; пролетариат күресте «басшылық» роль атқаруға тиіс және «саяси өкіметті жеңіп алуға» тырысуға тиіс (д пункті және 1-пункт). Дүние жүзілік рынок пен дүние жүзілік саясаттың жағдайы «халықаралық жағдайды барған сайын революцияландыра түседі» (ж пункті). Міне *осы* қағидаларды жаңа платформа ұғымды етіп түсіндіреді, *сондықтан да* ол большевиктермен және партиямен толық қол ұстасып келеді, *сондықтан да* ол дұрыс көзқарастарды баяндап, пайдалы жұмыс істеп отыр.

Бірақ қырсықтың өзі осы *сондықтан* деген сөзді баса айтуға тура келіп отырғандығында. Қырсықтың өзі жаңа топтың бұл қарардың *басқа* қағидаларын *түсінбейтіндігінде,* бұл қағидалардың басқа қағидалармен байланысын түсінбейтіндігінде, әсіресе бұл қағидалардың шақырымпаздықпен ымыраға келмейтін көзқараспен — бұл топқа емес, большевиктерге тән көзқараспен,— *байланысын* түсінбейтіндігінде.

Революцияның тағы да болатыны сөзсіз. Революция самодержавиені құлатуға тағы да кірісуге тиіс және құлатуға тиіс — дейді жаңа платформаның авторлары. Дұрыс делік. Бірақ *қазіргі кездегі* социал-демократ революционерлердің білуіне және есте ұстауына керекті нәрсе тек бұл ғана емес. Бұл революцияның бізге жаңаша келе жатқанын, біз де оны жаңаша қарсы алуға (бұрынғыға қарағанда басқаша; бұрынғы сияқты ғана емес; күрестің бұрынғы құралдарымен, бұрынғы амалдарымен ғана емес) тиісті екендігімізді, самодержавиенің өзі де бұрынғыдай емес екендігін социал-демократ революционер түсіне білуі керек. Шақырымпаздықтың қорғаушылары міне осыны білгілері келмейді! Олар қасарысып сыңаржақ күйінде қалғылары келеді, сөйтіп *сонысы арқылы,* олар өздерінің ықтиярына, санасына қарама-қарсы, оппортунистер мен жойымпаздарға *қызмет етеді,* олар өздерінің бір жаққа ойысқан сыңаржақтылығымен екінші жаққа беттеген сыңаржақтықты қолдайды.

Самодержавие *жаңа* тарихи кезеңге аяқ басты. Ол буржуазиялық монархияға айналу жолында қадам басқалы тұр. III Дума дегеніміз белгілі бір таптармен одақтасу болып табылады. III Дума бұл жаңа монархияның системасындағы кездейсоқ мекеме емес, қайта қажетті мекеме болып саналады. Самодержавиенің жаңа аграрлық саясаты да кездейсоқ нәрсе емес, қайта жаңа патша өкіметі саясатының қажетті, буржуазиялық тұрғыдан қажетті және өзінің буржуазияшылдығынан қажетті құрамдас буыны болып табылады. Біз *өзгеше* тарихи кезеңді көріп отырмыз, мұнда жаңа революцияның тууының *өзгеше* жағдайлары бар. Тек қана бұрынғыша әрекет ететін болсақ, Дума трибунасының өзін, т. т. пайдалана білмесек, бұл өзгешелікті меңгеріп кету мүмкін емес, бұл жаңа революцияға дайындалу мүмкін емес.

Міне осы соңғы қағиданы шақырымпаздар түсіне алмай отыр. Ал шақырымпаздықты «заңды сарын» деп (сөз болып отырған кітапшаның 28-беті) жариялап, оны қорғап жүргендер бұл қағиданың *толып жатқан идеялармен,* қазіргі кезеңнің өзгешелігін мойындаумен,

өз тактикасында бұл өзгешелікті *ескеруге* ұмтылумен *байланысын* осы күнге дейін түсіне алмай жүр! Олар біз «революциялар аралығындағы дәуірді» бастан кешіріп отырмыз (29-бет), қазіргі жағдай —«демократиялық революцияның екі толқыны аралығындағы өтпелі жағдай» (32-бет) деп қайталай береді, бірақ бұл *«өткелдің» өзгешелігі* неде екендігін түсінуге олар дәрменсіз. Ал бұл *өткелді* түсінбей тұрып, одан революция үшін пайдалы түрде арылуға болмайды, жаңа революцияға әзірленуге болмайды, екінші толқынға *көшуге* болмайды! Өйткені жаңа революцияға дайындалу ісі оның болмай қоймайтындығын қайталаумен ғана бітпейді; дайындық жұмысы насихат, үгіт және ұйымдастыру істерін *бұл өтпелі жағдайдың өзгешелігін* есепке алатындай етіп жолға қою арқылы жүргізілуі керек.

Жұрттың *өткелдің* мәнісі неде екендігін түсінбестен, осы *өтпелі* жағдай туралы не айтып жүргендігінің бір мысалы мынау. «Россияда ешқандай шын конституция жоқ, ал Дума болса— конституцияның құр елесі ғана, оның билігі де, маңызы да жоқ, халық бұқарасының мұны тәжірибеден жақсы білетіндігі былай тұрсын, мұның өзі қазір бүкіл дүние жүзіне айқын болып келеді» (11-бет). Декабрь қарарының III Думаға берген мына бағасын осымен салыстырып көріңізші: «Патша өкіметінің қаражүздік помещиктермен және сауда-өнеркәсіп буржуазиясының жоғарғы топтарымен жасаған одағы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс арқылы және III Думаның құрылуы арқылы ашықтан-ашық баянды етіліп, мойындалды».

Жұрт бұл қарарды партия баспасөзінде сан саққа жүгіртіп жыл бойы мың мәртебе қайта-қайта сөз қылса да, платформа авторларының оны түсінбей-ақ қойғандығы «бүкіл дүние жүзіне айқын» болмағаны ма? Түсінбегенде, әрине, өздерінің топастығынан түсінбей отырған жоқ, оларды шақырымпаздық пен шақырымпаздық тұрғыдағы идеялар қыспаққа алғандықтан түсінбей отыр.

Біздегі III Дума — қаражүздік-октябристік Дума. Россиядағы октябристер мен қаражүздіктердің «билігі

де, маңызы да» жоқ деу (платформаның авторларынша солай болып шыққан), бұл — қисынсыз сөз. «Шын конституцияның» болмауы, бүкіл өкіметтің самодержавиенің қолында қала беруі осы өкімет жалпы ұлт көлемінде ашық қимыл жасайтын, жалпы мемлекеттік маңызы бар мекемелерде белгілі бір таптардың контрреволюциялық одағын ұйымдастыруға мәжбүр болатын кезде және белгілі бір таптар өздері төменнен патша өкіметіне қол созатын контрреволюциялық блоктарға ұйымдасатын кезде қалыптасқан өзгеше тарихи жағдайды ешбір жоққа шығара алмайды. Егер патша өкіметінің бұл таптармен жасаған «одағы» (өкімет билігі мен табыстарды крепостник-помещиктердің қолында сақтап қалуға тырысатын одағы) қазіргі *өтпелі* дәуірде таптар үстемдігінің және өзінің шайкасымен қоса патша үстемдігінің өзгеше формасы болса, «революцияның бірінші толқыны» жеңіліске ұшыраған жағдайда елдің буржуазиялық эволюциясы туғызып отырған формасы болса,— онда Дума трибунасын пайдаланбайынша өтпелі уақытты пайдалану туралы *сөз болуы да мүмкін емес*. Олай болса, контрреволюционерлер сөз сөйлейтін трибунаны революцияны әзірлеу *мақсатында* пайдаланудың өзгеше тактикасы *бүкіл* тарихи жағдайдың өзгешелігінен туатын *міндетті* тактика болып табылады. Ал егер Дума дегеніміз «билігі де, маңызы да жоқ», конституцияның «елесі» ғана болса, онда буржуазиялық Россияның, буржуазиялық монархияның дамуында, жоғары таптардың үстемдік ету формасының дамуында, т. т. біздің алдымызда ешқандай *жаңа* кезеңнің болмағаны, онда шақырымпаздардың айтқаны, әрине, *принципінде* дұрыс болып шығады!

Платформаның біз келтірген сөздері абайсызда айтылған сөз екен деп ойлап қалмаңыздар. «Мемлекеттік дума туралы» деген арнаулы тараудың (25—28-беттер) ең басынан-ақ біз мынаны оқимыз: «бұл уақытқа дейінгі Мемлекеттік думалардың бәрі нақты күші мен билігі жоқ, ел ішіндегі күштердің шын ара салмағын көрсете алмайтын мекемелер болып келді. Үкімет оларды халық қозғалысының тегеурінімен шақырып отырды, шақыр-

ғанда, бір жағынан, бұқаралық толқудың бетін тікелей күрес жолынан бейбіт-сайлау жолына аудару үшін, екінші жағынан, осы Думаларда революцияға қарсы күресте үкіметті қолдай алатын қоғамдық топтармен келісу үшін шақырып отырды...». Мұның өзі —бытысқан ой-пікірлердің немесе ой-пікір үзінділерінің тұтас бір түйіншегі. Егер үкімет Думаны контрреволюцияшыл таптармен келісу үшін шақырған болса, онда бұдан дәл мынадай қорытынды шығады: бірінші және екінші Думалардың «күші мен билігі» *болмады* (революцияға көмектесу үшін), ал III Думаның күші мен билігі *болды және болып отыр* (контрреволюцияға көмектесу үшін). Революцияға көмектесуге шамасы келмейтін мекемеге революционерлердің қатыспауына да болатын еді (ал белгілі жағдайларда қатыспауға тиіс те еді). Бұл даусыз. Революциялық дәуірдің бұл сияқты мекемелерін контрреволюцияға көмектесетін күші бар «революциялар аралығындағы дәуірдің» Думасымен бірге қосып, платформаның авторлары жан түршігерлік қате істеп отыр. Бұл авторлар большевиктік дұрыс пікірлерді іс жүзінде олар қолданылмайтын реттерге де қолданып отыр! Большевизмді карикатураға айналдыру дегеннің өзі міне осы болады.

Большевизмді өздерінше қалай «түсінетінін» қорыта келіп, платформаның авторлары тіпті ерекше d пунктін (16-бет) шығарды; бұл пунктте осы «карикатуралы» революцияшылдық, былайша айтқанда, керемет бейнеленді деуге болады. Бұл пункт толығынан алғанда мынау:

> «d) Революцияны аяқтап шыққанға дейінгі жерде жұмысшы табы күресінің жария және жартылай жария әдістері мен жолдарының бәрінің де, соның ішінде Мемлекеттік думаға қатысудың да, дербес және шешуші маңызы болмақ емес, бірақ тура революциялық, ашық бұқаралық күрес жүргізу үшін тек күштерді жинау және әзірлеу құралы ғана болып табылады».

Демек, «революцияны аяқтап шыққаннан» *кейінгі жерде* күрестің жария әдістерінің, «соның ішінде» парламентаризмнің де, дербес және шешуші маңызы болуы *мүмкін* екен!

Дұрыс емес. Ол кезде де маңызы болмайды. «Вперед-шілдердің» платформасында қисынсыз нәрселер жазылған.

Содан соң. Демек, «Революцияны аяқтап шыққанға дейінгі жерде» күрестің жария және жартылай жария әдістерінен *басқа* әдістерінің бәрінің де, яғни күрестің *құпия* әдістерінің *бәрінің де,* дербес және шешуші маңызы болуы *мүмкін* екен!

Дұрыс емес. Күрестің «революцияны аяқтап шыққанпан» *кейін* де (мәселен, құпия насихат үйірмелері), «революцияны аяқтап шыққанға дейін» де (мәселен, дұшпанның ақша қаражаттарын тартып алу немесе тұтқындағыларды күшпен босатып алу не болмаса шпиондарды өлтіру, т. с.) «дербес және шешуші маңызы *болмақ емес,* бірақ», *«платформаның»* текстінде айтылғандай, т. т. *«ғана* болып табылатын» құпия әдістері де бар.

Содан соң. Бұл жерде «революцияны аяқтап шығудың» қандайы туралы айтылып отыр? Социалистік революцияны аяқтап шығу туралы айтылып *отырмағаны* анық, өйткені ол кезде тап атаулы болмайтындықтан, жұмысшы табының күресі де болмайды. Демек, әңгіме *буржуазиялық-демократиялық* революцияны аяқтап шығу туралы болып отыр. Енді платформаның авторларының буржуазиялық-демократиялық революцияны *аяқтап шығу* деп «түсінгені» не екен, соны көрейік.

Жалпы айтқанда, бұл терминді екі нәрсе деп түсінуге болады. Егер оны кең мағынада қолданатын болса, онда оны буржуазиялық революцияның объективті тарихи міндеттерін шешу, ол революцияны «аяқтап шығу», яғни буржуазиялық революцияны туғыза алатын негіздің өзін жою, буржуазиялық революциялардың *бүкіл циклін* аяқтап шығу деп түсінеді. Осы мағынада алғанда, мәселен, Франциядағы буржуазиялық-демократиялық революция тек 1871 жылы ғана *аяқталған* болатын (ал ол 1789 ж. басталған еді). Ал егер бұл сөзді тар мағынада қолданатын болса, онда жеке бір революцияны, буржуазиялық революциялардың бірін, тіпті керек десең, ескі режимге соққы беретін, бірақ оны біржола құртпайтын, келесі буржуазиялық революцияларды

туғызатын негізді жоймайтын «толқындардың» бірін ғана айтатын болады. Осы мағынада алғанда, Германиядағы 1848 жылғы революция 1850 жылы немесе 50-жылдарда «аяқталған» болатын, мұның өзі 60-жылдардағы революциялық өрлеуді туғызатын негіздерді ешбір жоймаған-ды. Франциядағы 1789 жылғы революция, айталық, 1794 жылы «аяқталған» еді, мұның өзі 1830, 1848 жылдардағы революцияларды туғызатын негіздерді ешбір жоймаған-ды.

Платформаның «революцияны аяқтап шыққанға дейінгі» деген сөздерін кең мағынада немесе тар мағынада алып қарасаң да бәрібір — қалай болғанда да бұл сөздерден мағына таба алмайсың. Россияда болуы мүмкін буржуазиялық революциялардың бүкіл дәуірі аяқталмай тұрғанда революциялық социал-демократияның тактикасын *күні бұрын* белгілеуге тырысу мүлде сөкет нәрсе болатынын айтудың да қажеті жоқ. Ал 1905—1907 жылдардағы революциялық «толқын» жөнінде, яғни Россиядағы бірінші буржуазиялық революция жөнінде платформаның өзі де: «ол (самодержавие) революцияның бірінші толқынын жеңді» (12-бет), біз «революциялар аралығындағы», «демократиялық революцияның екі толқынының аралығындағы» дәуірді бастан кешіріп отырмыз деп мойындауға мәжбүр болды.

Ал «платформадағы» бұл ұшы-қиыры жоқ, бітпейтін шатасудың негізі неде? Оның негізі дәл мынада: платформа шақырымпаздық идеялардың шеңберінен ешбір шықпай, оның негізгі қатесін түзетпей, тіпті ол қатені елемей, шақырымпаздықтан дипломаттықпен бойын аулақ салады. Оның негізі дәл мынада: «впередшілдер» үшін шақырымпаздық «заңды сарын», *яғни* карикатуралық большевизмнің шақырымпаздық сарыны олар үшін *заң,* үлгі, теңдесі жоқ үлгі болып отыр. Кімде-кім бұл қия беткейге аяқ басса, ол адам төмен қарай құлдилап, бітпейтін шатасудың батпағына бата бермек; ол адам сөздер мен ұрандарды *қайталай береді,* олардың қолдану шарттары мен маңызының шегіне *ой жүгірте* білмейді.

Мәселен, 1906—1907 жылдары большевиктер революция біткен жоқ деген ұранды оппортунистерге неліктен

сонша ма жиі қарсы қойып отырды? Оның себебі: объективті жағдайлар сөздің тар мағынасында айтқанда революцияның аяқталуы туралы сөз болуы да мүмкін еместей еді. II Думаның дәуірін-ақ алып қараңыз. Дүние жүзіндегі ең революциялық парламент пен ең реакциялық дерлік самодержавиелік үкімет болды. Бұдан құтылу үшін не жоғарыдан төңкеріс жасаудан немесе төменнен көтеріліс жасаудан басқа тікелей жол жоқ еді, сөйтіп қазір данасынған педанттар бастарын қалай шайқаса да, үкімет төңкеріс жасай алады, ол төңкеріс тып-тыныш өте шығады, онда II Николайдың мойын омыртқасы үзілмей қалады деп төңкеріске дейін ешкім де кепіл бола алмаған-ды. «Революция біткен жоқ» деген ұранның ең нақты, тікелей мәнді, практикада сезілетін маңызы болды, өйткені не болып отырғанын, оқиғалардың объективті логикасы бойынша істің қайда бет алып бара жатқанын сол ұран *ғана* дұрыс көрсетті. Ал енді, қазіргі жағдайды шақырымпаздардың өздері «революциялар аралығындағы» жағдай деп танып отырғанда, бұл шақырымпаздықты,—«революцияны аяқтап шыққанға дейінгі жерде»,—«революциялық қанаттың заңды сарыны» деп көрсетуге тырысу — дәрменсіз шатасушылық деген осы емес пе?

Бұл бітпейтін қайшылықтардың шырмауынан шығу үшін, шақырымпаздықпен дипломатия жасамау керек, қайта оның идеялық негіздерін қырқып тастау керек; декабрь қарарының тұрғысына көшу керек, оны ақырына дейін әбден ойластыру керек. Қазіргі революциялар аралығындағы дәуір кездейсоқ туған дәуір емес. Біздің алдымызда тұрған кезең — самодержавиенің дамуының, буржуазиялық монархияның, буржуазиялық-қаражүздік парламентаризмнің дамуының, патша өкіметінің деревнядағы буржуазиялық саясатының, осылардың бәрін контрреволюциялық буржуазияның қолдауының ерекше бір кезеңі екендігінде енді күмән жоқ. Бұл дәуір «революцияның 2 толқыны аралығындағы» *өтпелі* дәуір екендігі күмәнсыз, бірақ екінші революцияға әзірлену үшін нақ осы өткелдің озгешелігін меңгеріп алу қажет, өз тактикаң мен ұйымыңды осы қиын, ауыр, қараңғы, алайда «науқанның» барысы

бізге әкеп таңып отырған өткелге ыңғайластыра білу қажет. Басқа жария мүмкіндіктердің қай-қайсысын болса да пайдалану сияқты, Дума трибунасын пайдалану да күрестің ешбір «айқын» нәтиже бермейтін өте қарапайым құралдарының қатарына жатады. Ал өтпелі дәуірдің өтпелі болатын себебі де мынадан: оның өзіндік ерекше міндеті *күштердің* тікелей, батыл түрде бой көрсетуі емес, қайта сол күштерді дайындау, жинау болып табылады. Бұл сырттай қораш көрінетін қызметті жолға қоя білу, қаражүздік-октябристік Думаның заманына тән нәрсе болып отырған барлық жартылай ашық мекемелерді сол қызмет үшін пайдалана білу, *сөйтіп осы негіздің өзінде* революциялық социал-демократияның барлық дәстүрлерін, оның жақында ғана бастан кешірген ерлік өмірінің барлық ұрандарын, оның жұмысының бүкіл рухын, оның оппортунизммен және реформизммен ешбір ымыраға келмейтіндігін сақтай білу,— міне, *партияның міндеті* осы, кезеңнің міндеті осы.

Біз 1908 ж. Декабрь конференциясының қарарында баяндалған тактикадан жаңа платформаның алғашқы шегінуін талдап өттік. Біз бұл шегінудің — шақырымпаздық идеялары жағына қарай шегіну, басымыздан кешіріп отырған кезеңге маркстік талдау жасаумен де, жалпы алғанда революцияшыл социал-демократтар тактикасының негізгі қағидаларымен де ортақ ештеңесі жоқ идеялар жағына қарай шегіну екендігін көрдік. Біз енді жаңа платформаның екінші бір ерекше сипатын қарастыруымыз керек.

Бұл — жаңа топ жариялап отырған «пролетарлық жаңа» мәдениет «жасап», «оны бұқараға таратып отыру» міндеті: «пролетарлық ғылымды дамыта беру, пролетариат арасында шын жолдастық қатынастарды нығайтып отыру, пролетарлық философия жасап шығару, өнерді пролетарлық талпыныстар мен тәжірибе жағына қарай бағыттап отыру» (17-бет).

Жаңа платформада істің мәнін бүркемелеу үшін қолданылатын аңғал дипломатияның үлгісымағы міне осы! Ал, «ғылым» мен «философияның» *арасына* әкеліп «шын жолдастық қатынастарды нығайту» ісін қыстыру,

бұл аңғалдық емей не? Жаңа топ *платформаға* өзінің жорамал *реніштерін, олар* «шын жолдастық қатынастарды» бұзды деп өзінің басқа топтарды (атап айтқанда: ең алдымен ортодокс большевиктерді) айыптайтындығын жазып отыр. Бұл кісі күлерлік пункттің *нақты* мазмұны міне дәл осындай.

«Пролетарлық ғылым» бұл жерде де «кісі жабырқайтын, орынсыз нәрсе» болып шығып отыр. Біріншіден, біз қазір тек бір ғана пролетарлық ғылымды — марксизмді білеміз. Платформаның авторлары, неліктен екені белгісіз, осы бірден-бір дәл терминнен ұдайы қашып, қай жерде болсын: «ғылыми социализм» деген (13, 15, 16, 20, 21-беттер) сөздерді жаза береді. Біздің Россияда бұл соңғы терминді қолдануға марксизмнің ашық жауларының да ұмтылатыны мәлім. Екіншіден, егер платформада «пролетарлық ғылымды» дамыту міндетін қоятын болса, онда платформаның авторлары бұл жерде біздің заманымыздың дәл қандай идеялық, теориялық күресін айтып отырғанын және дәл кімнің жағына шығып отырғанын ашып айтулары керек. Бұл туралы үндемей кету сасық қулық болады, өйткені 1908—1909 жылдардағы социал-демократияның әдебиетін білетін адамдардың қай-қайсысына болсын *істің мәні* айқын ғой. *Біздің* заманымызда ғылым, философия, өнер саласында марксистердің махистерге[107] қарсы күресі алға қойылып отыр. Бұл жалпы жұртқа мәлім фактіні көрмегенсу — бері сала айтқанда адам күлерлік нәрсе. «Платформаларды» жазғанда алауыздықтарды көмескілеу үшін емес, қайта оларды түсіндіру үшін жазу керек.

Платформаның цитат келтірілген жері арқылы біздің авторлар өздерін қолайсыз түрде ұстап беріп отыр. «Пролетарлық философия» деп *іс жүзінде* нақ *махизмді* айтып отырғаны жұрттың бәріне мәлім,— сондықтан зейінді социал-демократтың қайсысы болса да «жаңа» *бүркеншік атты* бірден-ақ аңғарады. Бұл бүркеншік атты ойлап шығарудың да түкке керегі жоқ еді. Оның тасасына жасырынудың да керегі жоқ еді. Іс жүзінде жаңа топтың ең ықпалды әдеби ұйтқысы махистік

ұйтқы болып отыр, ол махистік емес философияны «пролетарлық» емес деп санайды.

Егер платформада бұл туралы айтпақ болса, онда: жаңа топ философия мен өнердегі «пролетарлық» емес, яғни махистік емес теорияларға қарсы күресетін адамдарды біріктіреді деп тура айту керек еді. Мұның өзі жұрттың бәріне мәлім *идеялық* ағымның тура, шын, ашық бой көрсетуі, басқа ағымдарға қарсы күреске шығуы болар еді. Идеялық күреске партия үшін зор маңыз беретін кезде, онда тікелей соғыс жариялап қимыл жасайды, бой тасалап қалмайды.

Сондықтан біз марксизмге қарсы философиялық күресті бүркемелеп платформаға кіргізіп отырушылыққа ашық, айқын жауап беруге барша жұртты шақырмақшымыз. *Іс жүзінде* «пролетарлық мәдениет» туралы сылдыр сөздердің бәрі де *марксизмге қарсы күрестің* дәл өзін бүркемелеп отыр. Жаңа топтың «ерекшелігі» — философияда озінің *нақ* қай ағымды қолдайтындығын тура айтпастан, партиялық платформаға *философияны* енгізгендігінде.

Оның бер жағында, платформаның цитатқа келтірілген сөздерінің нақты мазмұнын тұтасымен теріс деп айтуға болмас та еді. Ол сөздерде біраз дұрыс мазмұн да бар. Бұл дұрыс мазмұнды бір сөзбен айтқанда: М. Горький деуге болады.

Шынында, буржуазиялық баспасөз әлдеқашан айқайшу көтерген фактіні (бұзып, бұрмалаған фактіні), атап айтқанда, М. Горькийдің жаңа топты жақтаушылар қатарына қосылатындығын жасырудың керегі де жоқ. Ал Горький — *пролетарлық* өнердің аса ірі өкілі екендігі даусыз, ол пролетарлық өнер үшін көп еңбек сіңірді және әлі де көп еңбек сіңіре алады. Социал-демократиялық партияның қай фракциясы болса да өзінің қатарында Горькийдің болуын заңды түрде мақтан ете алады, бірақ осыған сүйеніп, *платформаға* «пролетарлық өнерді» енгізу — мұның аты бұл платформаның бейшаралығын куәландыру болады, мұның аты өз тобын өзінің нақ «құр беделге салатынын» өзі әшкерелейтін әдебиетшілдік *үйірмеге* айналдырғандық болады... Платформаның авторлары, істің мәнін ашық

түсіндірместен, беделділерді мойындаушылыққа қарсы тіпті көп сөйлейді. Мәселе мынада: оларға большевиктердің философияда материализмді қорғауы және шақырымпаздықпен күресуі жеке «беделділердің» (астарлы ишарамен көпті білдіру деген осы ғой!) ісі болып көрінеді, махизмнің жаулары бұл беделділерге «көз жұмып сене береді» екен деседі. Бұл сияқты қылықтар, әрине, мүлде балалық қылық. Ал беделділерге нақ «впередшілдердің» көзқарасы жақсы емес. Горький — пролетарлық өнер ісінде бедел, бұл талассыз. *Бұл* беделді махизм мен шақырымпаздықты күшейту үшін (әрине, идеялық мағынасында) «пайдалануға» тырысу — *беделділерге* бұлайша қарауға болмайтындықтың *үлгісымағы* болады.

Пролетарлық өнер ісінде М. Горький, өзінің махизм мен шақырымпаздыққа тілектес болуына қарамастан, орасан зор *пайда* келтіреді. Бейне бір «пролетарлық» өнерді дамытуды арнаулы топтық міндет етіп қойып, партия ішінде шақырымпаздар мен махистер тобын оқшаулап алып отырған *платформа* социал-демократиялық пролетарлық қозғалысты дамыту ісіне *зиян* келтіреді, өйткені бұл платформа ірі беделдінің ісіндегі оның нақ әлсіз жағын, оның пролетариатқа келтіретін орасан зор пайдасының ішіндегі көзге ілігер кемшілігін баянды етіп, пайдаланып қалғысы келеді.

II

БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ «БІРІГУ ДАҒДАРЫСЫ»

Бұл тақырыпты оқығанда кейбір оқушының өз көзіне бірден сене қоймауы да мүмкін. «Жетпей тұрғаны осы еді! біздің партияда қандай дағдарыстар болмап еді — енді тосыннан келіп тағы да жаңа дағдарыс, *бірігу* дағдарысы шығыпты?» деп ойлауы мүмкін.

Құлаққа оғаш естілетін бұл сөздерді мен Либкнехттен алдым. Ол лассальшілдер мен эйзенахшылдардың бірігуі туралы айта келіп, бұл сөзді 1875 жылы (21 апрельде) Энгельске жазған хатында қолданған еді. Маркс пен Энгельс ол кезде бұл бірігуден ешқандай да жақсылық шықпайды деп ойлаған болатын[108]. Либкнехт

олардың қауіптенуін теріс деп тауып, талай дағдарысты басынан ойдағыдай өткерген неміс социал-демократиялық партиясы «бірігу дағдарысына» да төтеп береді деп сендірді (қараңыз: Gustav Mayer. «Johann Baptist von Schweitzer und die Sozialdemokratie». Jena, 1909, S. 424*).

Біздің партиямыз, РСДРП да, *өзінің* бірігу дағдарысын басынан ойдағыдай өткеретіндігіне зәрредей де күмән болмасқа тиіс. Ал партиямыздың қазірдің өзінде-ақ оны басынан өткеріп отырғандығын Орталық Комитеттің пленум жиналысының шешімдерімен және пленумнан кейінгі оқиғалармен таныс адамдардың бәрі де көріп отыр. Егер пленумның қаулылары бойынша айтар болсақ,— бірігу нағыз толық түрде, мүлде аяқталған болып көрінуі мүмкін. Егер қазір, 1910 жылғы майдың бас кезінде, не болып отырғанына қарап, Орталық Органның жойымпаздар шығарып отырған «Голос Социал-Демократаға» қарсы жүргізіп жатқан батыл күресіне қарап, Плехановтың және басқа партиялық меньшевиктердің «голосшылдармен» қызу айтыстарына қарап, «Вперед» тобының (оның жаңа ғана шыққан: «Большевик жолдастарға» деген листогын қараңыз) Орталық Органга қарсы айтқан нағыз былапыт сөздеріне қарап айтар болсақ,— онда бірігудің *қандайы болса да* бөгде адамға елес болып көрінуі оп-оңай.

Партияның ашық жаулары шаттануда. Шақырымпаздықты жақтаушылар мен бүркеушілер—«впередшілдер» кіжіне балағаттауда. Жойымпаздардың көсемдері—Аксельрод, Мартынов, Мартов, Потресов және басқалар—өздерінің «Плехановтың «Дневниктеріне» қажетті қосымша»[109] дегенінде одан да бетер ызалана ұрсуда. «Ымырашылдар» дәрменсіз құрғақ сөзді көпіртіп, шағым айтып, не істерін білмей жүр (Троцкийдің көзқарасындағы «Венадағы социал-демократиялық партиялық клубтың» 1910 ж. 17 апрельде қабылдаған қарарын қараңыз).

Бірақ біздің партиялық бірігуіміздің неліктен басқаша болмай, осылайша болған, неліктен пленумдағы

* — Густав Майер. «Иоган Баптист фон Швейцер және социал-демократия». Иена. 1909, 424-бет. *Ред.*

толық (тәрізді көрінетін) бірігу енді келіп толық (тәрізді көрінген) ажырасумен алмасқан *себептері не* деген ең маңызды және негізгі мәселеге, сол сияқты партиямыздың ішіндегі және одан тысқары «күштердің арасалмағына» қарай оның бұдан былайғы даму бағыты қандай болуға *тиісті* деген мәселеге,— осы негізгі мәселелерге жойымпаздар да (голосшылдар), шақырымпаздар да (впередшілдер), ымырашылдар да (Троцкий және «веналықтар») ешқандай жауап бермейді.

Балағаттау мен құрғақ сөз жауап емес.

1. БІРІГУ ЖӨНІНДЕГІ ЕКІ КӨЗҚАРАС

Жойымпаздар мен шақырымпаздар ауыз жаласқандай бірігіп алып большевиктерді (жойымпаздар Плехановты да) жер-жебіріне жете сөгеді. Большевиктер айыпты, Большевиктік орталық айыпты, «Ленин мен Плехановтың «дарашылдық» қылықтары» айыпты («Қажетті қосымшаның» 15-беті), «Большевиктік орталықтың бұрынғы мүшелерінің» «жауапсыз тобы» айыпты («Вперед» тобының листогін қараңыз). Бұған келгенде жойымпаздар мен шақырымпаздардың ынтымағы күшті-ақ; олардың ортодокс большевизмге қарсы жасаған *блогы* (бұл блок пленумда болған күресті де *талай рет* сипаттаған болатын, бұл туралы төменде өз алдына айтылады) даусыз факт болып отыр; буржуазиялық идеяларға бағыныштылығын екеуі де бірдей көрсетіп жүрген, екеуі де бірдей антипартиялық ұшқары екі ағымның өкілдері өздерінің партиялық ішкі саясатында, большевиктерге қарсы күресінде және Орталық Органды «большевиктік» деп жариялауда бүтіндей бір жерден шығып отыр. Бірақ Аксельрод пен Алексинскийдің әбден сөгіп балағаттауы олардың партиялық бірігудің мәнісі мен маңызын мүлде түсінбейтіндігін бүркемелейді. Ал Троцкий (— веналықтардың) қарарының Аксельрод пен Алексинскийдің «сыр ақтаруынан» тек сырттай ғана айырмасы бар. Ол қарар аса «сақтықпен» жазылған және тіпті «фракциялықтан жоғары» тұрған әділетті қарар болуға дәмеленеді. Ал оның мәнісі неде? Бәріне де «большевиктердің көсем-

дері» айыпты-мыс деу,— бұл да Аксельрод пен Алексинскийдің әлгі «тарих философиясы» сияқты нәрсе.

Вена қарарының бірінші абзацының өзінде-ақ былай делінген: «...барлық фракциялар мен ағымдардың өкілдері... өздерінің шешімі бойынша» (пленумдағы) «қабылданған қарарларды *осы жағдайда, осы адамдармен, топтармен және мекемелермен қоян-қолтық жұмыс істей отырып* жүзеге асыруға жауапкершілікті саналы түрде, алды-артып ойлап өз мойындарына алды». Әңгіме «Орталық Органның ішіндегі дау-жанжал» туралы болып отыр. Орталық Органда пленумның «қарарларын жүзеге асыруға жауапты» болатын кім? Әрине: Орталық Органның көпшілігі, яғни большевиктер мен поляктар; «осы адамдармен», яғни голосшылдармен және впередшілдермен «қоян-қолтық жұмыс істей отырып»,—пленум қарарларын жүзеге асыруға да солар жауапты.

Пленумның басты қарарында, оның партиямыздың неғұрлым «даулы» мәселелеріне арналған, пленумға дейін неғұрлым көп талас туғызған, ал пленумнан кейін неғұрлым аз талас туғызуға тиісті мәселелерге арналған бөлімінде не туралы айтылады?

Онда, бір жағынан, құпия социал-демократиялық партияны бекерге шығарушылық, оның ролі мен маңызын төмендетушілік, т. т., екінші жағынан, социал-демократияның Думадағы жұмысын және жария мүмкіндіктерді пайдалануды бекерге шығарушылық, мұның екеуінің де маңыздылығын түсінбеушілік, т. т. *буржуазияның пролетариатқа ықпал жасауының белгісі* болып табылатындығы туралы айтылады.

Енді бұл қарардың қандай мәні бар деген сұрақ туады:

Қарардың мәні: голосшылдар құпия партияны бекерге шығарушылықты, оны төмендетушілікті, т. т. шын ниетпен және біржолата тоқтатуға тиіс, мұны ауытқушылық деп мойындауға тиіс, бұдан арылуға тиіс, мұндай ауытқушылыққа қарсы рухта дұрыс жұмыс жүргізуге тиіс;— впередшілдер Думадағы жұмысты, жария мүмкіндіктерді, т. т. бекерге шығарушылықты шын ниетпен және біржолата тоқтатуға тиіс;— голосшылдар

мен впередшілдер пленумның қарарында толық баяндалған «ауытқушылықтардан» шын ниетпен, дәйекті түрде, біржолата безген *жағдайда* Орталық Органның көпшілігі олармен қалайда «қоян-қолтық жұмыс істеуге» тиіс — *дегендік пе?*

Немесе қарардың мәні: Орталық Органның көпшілігі қарарларды (жойымпаздық және шақырымпаздық ауытқушылықтарды жеңу туралы) жүзеге асыруға жауапты, бұрынғысынша, тіпті одан да гөрі өрескел түрде жойымпаздықты *әлі де* қорғап отырған *«осы»* голосшылдармен бірге және шақырымпаздықтың, ультиматизмнің заңдылығын, т. с. әлі де бұрынғысынша, тіпті одан да гөрі өрескел түрде қорғап отырған осы впередшілдермен бірге «қоян-қолтық жұмыс істей отырып» жүзеге асыруға жауапты — дегендік пе?

Троцкийдің қарарындағы даурықпа сөздердің қаншалықты мағынасыз екендігін, бұл сөздердің Аксельрод және $К^0$-нің, Алексинский және $К^0$-нің ұстап отырған позициясының дәл өзін қорғауға *іс жүзінде* қалай қызмет ететіндігін көру үшін жаңағы сұрақты қоюдың өзі жеткілікті.

Троцкий өз қарарының алғашқы сөздерінен-ақ ең жаман ымырашылдықтың, тырнақша ішіндегі «ымырашылдықтың», бүкіл рухын білдірді, партия жұмысының қазіргі бағытын, қазіргі рухын, қазіргі идеялық-саяси мазмұнын сөз қылмай, «осы адамдарды» сөз қылатын үйірмелік, тоғышарлық ымырашылдықтың рухын білдірді.

Троцкий және $К^0$-нің іс жүзінде жойымпаздар мен шақырымпаздарға ең адал қызмет етіп жүрген, сондықтан да бейне бір партиялық, бейне бір антифракциялық тақпақтармен өзін неғұрлым айлакерлікпен, шеберлікпен, сөзуарлықпен бүркеген сайын партия ішінде соғұрлым қатерлі кесел болып табылатын «ымырашылдығының» және партияны жойымпаздық пен шақырымпаздықтан тазартуды көздейтін шын партиялықтың арасындағы айырмашылықтың түпсіз тереңдігі де міне осында.

Шынында, бізге партияның міндеті ретінде не жүктелді?

Өздерінің ұстаған бағытына қарамастан, өз жұмыстарының мазмұнына қарамастан, өздерінің жойымпаздық пен шақырымпаздыққа деген көзқарастарына қарамастан «осы адамдарды, топтарды және мекемелерді» «ымыраластыру» керектігі «жүктелді» ме?

Немесе бізге партия бағыты жүктелді ме, бүкіл жұмысымыздың идеялық-саяси бағдары мен мазмұны жүктелді ме, бұл жұмысты жойымпаздық пен шақырымпаздықтан тазарту міндеті,— міндет болғанда, «адамдарға, топтарға және мекемелерге» қарамастан, бұл бағытқа риза емес немесе оны іске асырмай отырған «адамдардың, мекемелердің және топтардың» қарсы әрекетіне қарамастан, жүзеге асырылуға тиісті міндет жүктелді ме?

Қандай да болсын партиялық бірігудің маңызы және жүзеге асырылу шарттары жөнінде екі түрлі көзқарас болуы мүмкін. Бұл көзқарастардың айырмашылықтарын түсіну өте маңызды, өйткені олар біздегі «бірігу дағдарысының» дамуы барысында шатасып, араласып отырады, сондықтан бір көзқарастың екінші көзқарастан жігін ашып алмайынша, бұл дағдарысты түсіну мүмкін емес.

Бірігу жөніндегі бір көзқарас «осы адамдарды, топтарды және мекемелерді» «ымыраластыру» мәселесін бірінші қатарға қоя алады. Олардың партия жұмысы, бұл жұмыстың бағыты жөніндегі көзқарастарының бір жерден шығуы —екінші дәрежелі іс. Алауыздықтардың тамырын, олардың мәнін, олардың объективті жағдайын айқындау керек емес, қайта бұл алауыздықтар туралы үндемеуге тырысу керек. Ең басты іс—адамдар мен топтарды «ымыраластыру». Егер олар жалпы бағытты іске асыру жөнінде бір жерден шықпаса,— онда бұл бағытты жұрттың бәріне қолайлы болатындай етіп түсіндіру керек. Өзің күніңді көр, басқаларға да күн көрсет. Мұның өзі — үйірмелік дипломатияға әкеліп соқтырмай қоймайтын тоғышарлық «ымырашылдық». Алауыздықтардың шығатын көздерін «бітеу», олар туралы үндемеу, «дау-жанжалдарды» қайткен күнде де «реттеу», жауласып жүрген бағыттарды бейтарап қалдыру — бұл сияқты «ымырашылдықтың» басты көңіл

болған нәрселері міне осылар. Құпия партияның әрекет жасауына шетелдік база бар жағдайда, бұл үйірмелік дипломатия «ымыраластыру» және «бейтарап қалдыру» әрекеттерінің бәрінде де «адал маклер» ролін атқарушы «адамдарға, топтарға және мекемелерге» есікті шалқасынан ашып беретіні түсінікті.

Пленумда болған осындай бір әрекет туралы Мартов «Голостың» 19—20-номерінде міне былай деп жазады:

«Меньшевиктер, «правдистер» және бундшылдар Орталық Органның құрамын ұсынғанда, партиялық ой-пікірдің біріне-бірі қарама-қарсы екі ағымын *«бейтарап қалдыруды»* қамтамасыз ететіндей, осы ағымдардың ешқайсысына белгілі бір көпшілік әпермейтіндей, мұнысымен партия органын әрбір мәнді мәселе жөнінде партия қызметкерлерінің көпшілігін біріктіре алатын *орта бағыт* жасап шығаруға *мәжбүр ететіндей* құрамын ұсынған болатын».

Меньшевиктердің ұсынысы өтпей қалды, бұл жұртқа мәлім. *Бейтарaптаушы* ретінде Орталық Органға өзінің кандидатурасын ұсынған Троцкий де өтпей қалды. Бұл орынға ұсынылған бундшылдың кандидатурасы дауысқа да қойылған жоқ, бұл кандидатураны өздерінің сөздерінде меньшевиктер ұсынған болатын.

Вена қарарын жазған және мен жаңа ғана алған «Отклики Бунданың» 4-номеріндегі Ионовтың мақаласында көзқарастары көрініп отырған «ымырашылдардың», сөздің жаман мағынасындағы «ымырашылдардың», *іс жүзіндегі* ролі міне осындай. Мартовтың мен мысалға келтірген пікірінен көрініп отырғанындай, меньшевиктер партияның ішінде *біріне-бірі қарама-қарсы екі ағым* бар екендігін мойындағанмен де, *өздерінің* бағытындағылар көпшілік болатын Орталық Органды ұсынуға *бата алмады. Өздерінің* бағытындағылар көпшілік болатын Орталық Органды ұсыну меньшевиктердің ойына да келген жоқ. Олар тіпті белгілі бір бағыт ұстайтын Орталық Орган құруға талпынған да жоқ (меньшевиктерде бағыттың жоқтығы пленумда анық болғандығы сонша — жойымпаздықтан тек шын ниетпен, дәйекті түрде безу олардан тағы да талап етілді, тағы да күтілді). Меньшевиктер Орталық Органда «бейтараптық» болуын көздеді және *бейтараптаушы* ретінде бір бундшылды немесе Троцкийді ұсынды. Бундшыл

мен Троцкий, екі жақтың бірі жойымпаздықтан безіп шыққан-шықпағанына қарамастан, «осы адамдарды, топтарды және мекемелерді» «некелеп қосуды» оз міндетіне алған жеңгетай ролін атқаруға тиіс болды.

Міне осы жеңгетайлық козқарас Троцкий мен Ионовтың ымырашылдығының бүкіл «идеялық негізі» болып табылады. Олар бірігуден түк шықпады деп қайғырып, жыласа, онда мұны cum grano salis * түсіну керек. Мұны қуда түсуден түк шықпады деп түсіну керек. Троцкий мен Ионовтың бірігу жөнінде күткен үміттерінің, өздерінің жойымпаздыққа қандай көзқараста екеніне қарамастан «осы адамдармен, топтармен және мекемелермен» бірігу жөніндегі үміттерінің «сәтсіздігі» жеңгетайлардың ғана сәтсіздікке ұшырауы болып табылады, жеңгетайдың көзқарасының терістігі, үмітсіздігі, түкке тұрмайтындығы болып табылады, бірақ бұл әсте партиялық бірігудің сәтсіздікке ұшырауы болып табылмайды.

Бұл бірігу жөнінде екінші көзқарас бар. Бұл екінші көзқарастың мәні мынау: бірсыпыра терең, объективті себептер, «осы (пленум қарсаңында және пленумдағы) адамдардың, топтардың және мекемелердің» құрамы қандай болуына байланыссыз себептер социал-демократияның бұрынғы, басты екі орыс фракциясында көптенақ өзгерістер туғыза бастады, әлі де туғыза беруде; бұл өзгерістер — кейде «осы адамдардың, топтардың және мекемелердің» кейбіреулерінің еркіне, тіпті санасына да қарамастан, бірігудің идеялық және ұйымдық негіздерін жасайды. Бұл объективті жағдайлардың түпкі негізі Россияның буржуазиялық жолмен дамуының біз бастан өткеріп отырған заманының, буржуазиялық контрреволюция заманының және буржуазиялық монархия типінде самодержавиенің қайта құрылуға әрекет жасауы заманының өзгешеліктерінде жатыр. Бұл объективті жағдайлар бір уақыттың ішінде және бірбірімен тығыз байланысты түрде жұмысшы қозғалысының сипатында, социал-демократиялық жұмысшы авангардының құрамында, типінде, тұрпатында өзгерістер

* — үлкен ескертумен. *Ред.*

туғызады, социал-демократиялық қозғалыстың идеялық-саяси міндеттерінде де өзгерістер туғызады. Сондықтан буржуазияның пролетариатқа тигізіп отырған ықпалы, жойымпаздықты (=өзін социал-демократия қатарына қосқысы келетін жартылай либерализмді) және шақырымпаздықты (=өзін социал-демократия қатарына қосқысы келетін жартылай анархизмді) туғызып отырған ықпалы — кездейсоқтық, жеке бір адамның қастық ойлауы, ақымақтықтан немесе қателіктен болып отырған іс емес, қайта жаңағы объективті себептер әрекетінің сөзсіз нәтижесі болып табылады және қазіргі Россияның бүкіл жұмысшы қозғалысының «базисінеп» ажыратылмас қондырмасы болып табылады. Ауытқушылықтың екеуінің де қауіпті екендігін, социал-демократияшылдық емес екендігін, жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екендігін түсіну әр түрлі фракциялар элементтерінің жақындасуын туғызып отыр және «барлық кедергілерге қарамастан» партиялық бірігуге жол ашып отыр.

Бұл тұрғыдан қарағанда бірігу қиындықпен, ауытқумен, әрі-сәрілікпен, қайталаумен баяу жүзеге асуы мүмкін, бірақ ол жүзеге аспай қалмайды. Бұл тұрғыдан қарағанда, бірігудің «осы адамдар, топтар және мекемелер» арасында жүзеге асуы тіпті де міндетті емес, қайта, ол бірігу осы адамдарға қарамастан, оларды өзіне бағындыра отырып, объективті дамудың талаптарын түсінбейтіндерді немесе түсінгісі келмегендерді «осылардың» қатарынап лақтырып тастай отырып, «осылардың» құрамына жатпайтын жаңа адамдарды тартып, оларды ілгерілете отырып, ескі фракциялардың, ағымдардың, бөлімдердің ішінде өзгерістер, екшеулер, қайта топтаулар жасай отырып жүзеге асады. Бұл тұрғыдан қарағанда, бірігу өзінің идеялық негізінен ажырағысыз, ол тек идеялық жақындасу негізінде ғана туады, ол жойымпаздық пен шақырымпаздық сияқты ауытқушылықтардың пайда болуымен, дамуымен, өсуімен байланысты болады, оның байланысы қайсыбір айтыс сөздердің, қайсыбір әдеби күрестің байланысындай кездейсоқ байланыс емес, қайта себеп пен салдардың байланысындай бірінен-бірі айрылмайтын, ішкі байланыс.

2. «ЕКІ МАЙДАНДА ДА КҮРЕСУ» ЖӘНЕ АУЫТҚУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Біздің партиялық бірігуіміздің мәні мен маңызы жөніндегі принципінде екі түрлі, бірінен-бірі түбегейлі алшақ жатқан көзқарастар осындай.

Енді бұл көзқарастардың қайсысы пленум қарарының негізіне алынды?— деген сұрақ туады. Бұл қарарды ойланқырап қараған адам оның *негізіне* екінші көзқарас алынғандығын көреді, бірақ қарардың кейбір жерлерінде бірінші көзқарастың рухында енгізілген жеке «түзетулердің» айқын ізі байқалады, оның бер жағында бұл «түзетулер» қарарды *нашарлатқаны* болмаса, *оның негізін,* екінші көзқарас басынан аяғына дейін орын алған оның басты мазмұнын *ешбір жоймайды.*

Мұның осылай екендігін, үйірмелік дипломатия рухындағы «түзетулер» шынында жеке түзетулер сипатында болып отырғандығын, олар істің мәнін, қарардың принциптік негізін өзгертпейтінін көрсету үшін мен партия ішіндегі істің жайы туралы қарардың партиялық баспасөзде қозғалған кей пункттері мен кей жерлеріне тоқталып өтемін. Аяғынан бастайын.

«Ескі фракциялардың басшыларын» бірлік орнатуға бөгет жасау үшін олар қолдарынан келгеннің бәрін істеп келеді, олар пленумда да соны істеді, «әрбір қадамды олармен күресе отырып жеңіп алуға тура келді» деп айыптай келіп, Ионов былай деп жазады:

> «Ленин жолдас «қауіпті ауытқушылықтарды» «социал-демократиялық жұмысты кеңейту және тереңдету» жолымен жойғысы келмеді. Ол «екі майданда да күресу» теориясын партиялық барлық бастамалардың ең негізгісі етіп алға қоюға барынша жігер салып тырысты. Ол партия ішінде «күшті күзет туралы ережені» жою дегенді ойына да алған емес» (22-бет, 1-бағана).

Әңгіме партия ішіндегі істің жайы туралы қарардың 4-параграфы, б пункті туралы болып отыр. Бұл қарардың жобасын Орталық Комитетке мен ұсынған болатынмын, ал бұл пунктті комиссияның жұмысынан кейін пленумның өзі өзгертті, Троцкийдің ұсынысы бойынша өзгертті; оған қарсы менің күресім ойдағыдай нәтиже бермеді. Менің бұл пунктте жазғанымда сөзбе-

сөз: «екі майданда да күресу» деген сөздер болмағанмен де, осы пікірді білдіретін сөздер бар еді. «Кеңейту және тереңдету жолымен жою» деген сөздер Троцкийдің ұсынысы бойынша қосылған болатын. Ионов жолдас бұл ұсынысқа қарсы менің күрес ашқаным туралы әңгіме етіп, бұл «түзетудің» маңызы туралы пікір айтуыма қолайлы сылтау тауып беріп отырғанына мен аса қуаныштымын.

«Екі майданда да күресу» туралы пікірдің туғызған наразылығындай — көбінесе адам күлерліктей — қатты наразылықты пленумда басқа ешқандай мәселе туғызған жоқ. Бұл туралы жай атап өтудің өзі впередшілдерді де, меньшевиктерді де ызаландырған болатын. Бұл наразылықты тарихи жағынан әбден түсіндіруге болады, өйткені большевиктер 1908 жылдың августынан 1910 жылдың январына дейін *іс жүзінде* екі майданда да күрес жүргізді, яғни жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы күресті. Бұл наразылықтың кісі күлерліктей болғандығының себебі — большевиктерге ашуланушылар мұнысымен өздерінің айыпты екендігін ғана дәлелдеді, жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптаушылықтың қандайы болса да олардың қытығына тиетіндігін дәлелдеді. Сезікті секірер деген ғой.

Екі майданда да күресу дегеннің орнына Троцкийдің «кеңейту және тереңдету жолымен жою» деген сөздерді қою керек деген ұсынысын меньшевиктер мен впередшілдер қызу қуаттады.

Ал енді бұл «жеңіс» жөнінде Ионов та, «Правда» да, Вена қарары да, «Голос Социал-Демократа» да мәз болып шаттанып жүр. Бірақ бұл пункттен, екі майданда да күресу деген сөздерді қуып шыққанымен, бұл күрестің қажеттігін мойындауды қарардан қуып шыға алды ма? деген сұрақ туады. *Тіпті де қуып шыға алған жоқ*, өйткені «ауытқушылықтар» мойындалған екен, олардың «қауіптілігі» мойындалған екен, бұл қауіптілікті «түсіндіру» қажет деп танылған екен, ауытқушылықтар «буржуазияның пролетариатқа тигізген ықпалының көрінісі» деп танылған екен, онда мұның өзі, *шын мәнінде*, екі майданда да күресу дегенді мойындағандық болады! Бір жерде «жағымсыз» (қайсыбір әмпейлеске

жағымсыз) бір термин өзгертілді, бірақ негізгі пікір сол күйінде қалдырылды! Бұл тек бір пункттің бір бөлегін былықтыру, сұйылту, құрғақ сөзбен нашарлату ғана болып шықты.

Шынында да, егер бұл параграфта жұмысты кеңейту және тереңдету жолымен жою туралы айтылған болса, бұл — нағыз құрғақ сөз және дәрменсіз жалтару. Мұнда ешқандай айқын пікір жоқ. Жұмысты әрқашан және сөзсіз кеңейтіп, тереңдетіп отыру қажет; қарардың бүкіл *үшінші* параграфы осы туралы егжей-тегжейлі сөз етіп отыр, сөз еткенде — әрқашан және сөзсіз қажетті емес, бірақ ерекше дәуірдің жағдайлары туғызған — ерекше «идеялық-саяси міндеттерге» көшуден бұрын сөз етіп отыр. 4-параграф тек осы ерекше міндеттерге ғана арналған, ал оның барлық үш пунктіне жазылған кіріспеде бұл идеялық-саяси міндеттер «өз кезегімен *алға қойылып отыр»* деп ашық айтылады.

Сонымен, не болып шықты? Жұмысты кеңейту және тереңдету міндеті *де* өз кезегімен алға қойылыпты деген сияқты мағынасыздық болып шықты! *Бұл* міндет әрқашан алға қойылып отырмайтындай тарихи «кезектің» болуы *мүмкін* сияқты!

Енді социал-демократиялық жұмысты кеңейту және тереңдету *жолымен* ауытқушылықты қалай жоюға болады? Кеңейтудің және тереңдетудің қандайына болсын кірісерде, қалай кеңейту керек және қалай тереңдету керек деген сұрақ сөзсіз туады; егер жойымпаздық пен шақырымпаздық кездейсоқ нәрсе емес, әлеуметтік жағдайлар туғызған ағымдар болса, онда олар жұмысты кеңейтудің және тереңдетудің қандайына болса да жол тауып кіре алады. Жұмысты жойымпаздық рухында кеңейтуге және тереңдетуге болады — мәселен, «Наша Заря» мен «Возрождение» [110] осылай істеп отыр; мұны шақырымпаздық рухында да істеуге болады. Екінші жағынан, ауытқушылықты жою дегеніміз, «жою» деген сөздің осы мағынасында алғанда, социал-демократиялық дұрыс жұмысты тікелей кеңейтуден және тереңдетуден белгілі бір мөлшерде күшті, уақытты, жігерді сөзсіз басқа жаққа аударады. Мәселен, сол Ионов өз мақаласының сол бетінде былай деп жазады:

«Пленум бітті. Оған қатысушылар тарап кетті. Жұмысты жолға қоюда Орталық Комитеттің орасан зор қиыншылықтарды жеңуіне тура келеді; бұл қиыншылықтардың ішінде жойымпаздар деп аталатындардың» (шын, нағыз өзі емес, тек солай аталатындар ғана ма, Ионов жолдас?) «қылығы ақырғы орын алмайды, ал олардың өмір сүріп отырғандығын Мартов жолдас мейлінше қасарысып жоққа шығарды».

Міне сіздерге кішкене материал, бірақ Троцкий мен Ионов сөздерінің қаншалық бос мылжың екенін түсіну үшін өте қажет материал. Орталық Комитеттің нағыз социал-демократиялық жұмысты тікелей кеңейтуге және тереңдетуге жұмсайтын күші мен уақыты Михаилдың, Юрийдің және К⁰-нің жойымпаздық әрекеттерін жоюға жұмсалып отыр. Егер Михаилдың, Юрийдің және К⁰-нің мұндай қылықтары болмаса, егер біз қателесіп өз жолдастарымыз деп жүргендердің ішінде жойымпаздық болмаса, онда социал-демократиялық жұмысты кеңейту және тереңдету анағұрлым ойдағыдай жүргізілген болар еді, өйткені ішкі күрес партияның күшін бөлмеген болар еді. Демек, егер социал-демократиялық жұмысты кеңейту және тереңдету дегенді үгіт, насихат жұмысын, экономикалық күресті, т. т. нағыз социал-демократиялық рухта тікелей өрістету деп түсінетін болсақ, онда социал-демократтардың социал-демократизмнен ауытқуын жою бұл жұмысқа зиян келтіргендік, былайша айтқанда, оның «пайдалы ісін» кеміткендік болады, ал олай болса ауытқушылықты кеңейту жолымен жою, т. т. туралы сөздердің мәні болмайды.

Бұл сөздер, шындығында, социал-демократтар арасында ішкі күрес аз болса екен деген бұлдыр тілекті, ізгі, мүләйім тілекті білдіреді! Бұл сөздерде осы мүләйім тілектен басқа еш нәрсе де жоқ; мұның өзі — ымырашылдар деп аталатындардың: әттең, егер жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күрес азырақ болсашы деп *күрсінуі!*

Бұл сияқты «күрсінулердің» саяси маңызы — ноль, нольден де жаман. Егер жойымпаздардың (және шақырымпаздардың) өмір сүріп отырғандығын «қасарысып жоққа шығаруды» өздеріне тиімді көретін адамдар пар-

тияда бар болса, онда олар «ымырашылдардың» «күрсінулерін» кеселді бүркемелеу үшін пайдаланады. «Голос Социал-Демократа» осылай етіп те жүр. Сондықтан да қарарлардағы бұл сияқты жақсы ниетпен айтылған сылдыр сөздерді қорғайтындар — «ымырашылдар» *деп аталатындар* ғана. Іс жүзінде олар — жойымпаздар мен шақырымпаздардың жәрдемшілері, олар іс жүзінде социал-демократиялық жұмысты тереңдетпейді, нақ сол жұмыстан ауытқуды ығайтады, нақ кеселді күшейтеді, оны уақытша жасырып, одан айығуды қиындатады.

Ионов жолдасқа бұл кеселдің маңызын көрсетіп беру үшін мен Ионов жолдастың «Дискуссионный Листоктың» 1-номеріндегі мақаласының бір жерін оның есіне салайын. Ионов жолдас жойымпаздық пен шақырымпаздықты «жарылуға айналған кезде бүкіл организмдегі түрлі зиянды элементтерді өзіне тартып алатын, сонысымен дененің сауығуына жәрдемдесетін» *залалсыз ісікпен* орынды түрде теңеген.

Дәл солай. «Зиянды элементтерді» организмнен қуып шығатын жарылуға айналу процесі денені сауықтыруға бастайды. Ал бұл сияқты элементтерден организмнің тазаруын қиындататын нәрсе оған зиян келтіреді. Ионов жолдастың бұл пайдалы пікірін Ионов жолдас ойластырып көрсінші!

3. БІРІГУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҮЙІРМЕЛІК ДИПЛОМАТИЯ

Содан соң. Пленумның қорытындылары туралы «Голостың» редакциялық мақаласы қарардан жойымпаздық пен шақырымпаздық деген сөздерді алып тастау туралы мәселені қозғауға бізді мәжбүр етіп отыр. Осы редакциялық мақалада (№ 19—20, 18-бет) айрықша, еш жерде (біздің голосшылдардан басқаларда) болып көрмеген... батылдықпен былай делінген: «жойымпаз» деген термин — созылмалы, ол *«түрлі түсініспеушілікті өрбітті»* (sic!! *), т. т., осы себептен «Орталық Комитет қарардан бұл терминді алып тастауды ұйғарды».

Бұл баяндаудың ақиқатқа қайшы келетінін «Голос» редакторларының білмеуі мүмкін емес болып отырған-

* — солай!! *Ред.*

да, Орталық Комитеттің бұл терминді алып тастау жөніндегі шешімдерін осылай баяндауды қалай деп атауға болады? Өздерінің ішінен екеуі пленумда болған, терминді алып тастау «тарихын» білетін бұл редакторлар не нәрсеге сенген? Олар өздерін әшкерелемейді деп сенгені ме?

Қарарды әзірлеген комиссияда көпшілік терминді сақтауды қуаттады. Комиссияда болған екі меньшевиктің бірі (Мартов) терминді алып тастауды жақтап дауыс берді, *екіншісі* (Плехановтың позициясына талай рет бой ұрғаны) *қарсы* дауыс берді. Пленумда ұлт өкілдерінің бәрі (2 поляк+2 бундшыл+1 латыш) және Троцкий мынадай мәлімдеме енгізді:

«Қарарда көрсетілген ағымды, онымен күресу қажет ағымды, «жойымпаздық» деп атаса шын мәнісінде дұрыс болар еді деп тауып, бірақ, меньшевик жолдастардың *бұл ағыммен күресуді біз де қажет деп табамыз* деген мәлімдемесін еске ала келіп, ал қарарда мұндай терминді қолдану оларға, меньшевиктерге, қарсы бағытталған фракциялық сипат алады деп тауып,— партияның бірігуіне кедергі атаулының бәрін жою мақсатымен, біз бұл терминді қарардан алып тастауды ұсынамыз».

Сонымен, Орталық Комитеттің көпшілігі, соның өзінде нақ фракциялық емес элементтердің бәрі жойымпаздық деген сөз шын мәнісінде дұрыс қолданылған, жойымпаздықпен күресу қажет деп жазбаша түрде мәлімдеп отыр, ал «Голостың» редакциясы терминді алып тастауды оның шын мәнісінде жарамсыздығынан деп түсіндіреді!!

Орталық Комитеттің көпшілігі, соның өзінде нақ фракциялық емес элементтердің бәрі терминді алып тастауға риза екенін, меньшевиктердің *«бұл ағыммен күресеміз»* деген уәдесін ескеріп, олардың тілегіне көніп (дұрысырақ айтқанда: ультиматумына көніп, өйткені меньшевиктер бұлай болмаған күнде қарар біраууыздан қабылданбайды деп мәлімдеді) отырғанын жазбаша түрде мәлімдеді, ал «Голостың» редакциясы: қарар ««жойымпаздықпен күресу» деп аталатын мәселеге айқын жауап берді» деп жазады (18-бет, бұл да сонда)!!

Олар пленумда түзелуге уәде береді, былай деп өтініш етеді: *«бізге* қарсы бағытталған терминді» қолданба-

ңыздар, өйткені осыдан былай бұл ағыммен біз өзіміз де күресетін боламыз дейді,— ал «Голостың» пленумнан кейінгі бірінші номерінде жойымпаздықпен күресуді күрес деп аталатын нәрсе деп жариялап отыр.

Айқын бір нәрсе,— бұл жерде біз голосшылдардың жойымпаздық жағына толық және батыл бет бұрғандығын көріп отырмыз; бұл бет бұрыс, егер пленумнан кейінгі жерде болған нәрселерге,— әсіресе «Наша Заряның», «Возрождениенің» және Михаил, Юрий, Роман және К^0 сияқты мырзалардың сөздеріне тұтас, байланысты, себепті-шартты бір нәрсе ретінде көз жіберсек, түсінікті бола кететін бет бұрыс. Бұл туралы біз кейінірек айтпақшымыз; онда бәрін «адамгершілік-саяси міндеттемелердің бұзылғандығына» (Вена қарары) аударуға бейім тұрған Троцкийдің көзқарасының бүкіл үстірттігін көрсетуімізге тура келеді, ал енді біздің көріп отырғанымыз, анығында, жеке адамның немесе топтың «міндеттемелерді бұзуы» емес, моральдық, юридикалық акт емес, қайта *саяси* акт, атап айтқанда: Россиядағы антипартиялық жарияшылдардың топтасуы.

Ал қазір екінші мәселеге, атап айтқанда пленумның жойымпаздық деген сөзді қарардан алып тастағаны сияқты әрекетінің себептері мен маңызы туралы мәселеге тоқталу керек. Мұны Троцкий, Ионов және К^0 сияқты ымырашылдардың орынсыз тырыштануы ғана деп түсіндіру теріс болар еді. Бұл жерде тағы да бір жағдай бар. Мәселе мынада: пленум шешімдерінің едәуір бөлегі өткізілгенде азшылықтың көпшілікке бағынатын әдеттегі принципі бойынша өткізілмеді, қайта арада ұлт өкілдері жүрген жағдайда, екі фракцияның, большевиктер мен меньшевиктердің, *келісімге* келу принципі бойынша өткізілді. Ионов жолдас «Отклики Бундада»: «Егер соңғы пленум формальды көзқараста болса, оның немен тынатындығын қазір формальдылыққа жабысып жүрген жолдастар жақсы біледі» деп жазғанда, сірә, осы жағдайды тұспалдап отырса керек.

Ионов жолдас бұл сөзінде тұспалмен айтып отыр. Троцкий сияқты, бұл да өз пікірін осылай баяндау әдісін ерекше «әдептілік», фракциялық емес, айрықша пар-

тиялық әдіс деп санайды. Шынында мұның өзі партия мен партиялыққа зияннан басқа еш нәрсе бермейтін үйірмелік дипломаттардың әрекет жасау үлгісінің дәл өзі. Тұспалдар біреулер үшін нәтижесіз қалады, екінші біреулердің үйірмеге деген құштарлығын қоздырады, үшінші біреулерді өсек-аяңға, сөз тасуға үйретеді. Сондықтан Ионовтың тұспалдарының сырын ашу қажет. Егер ол бұл жерде пленумның бірсыпыра мәселелер жөнінде келісімге келуге (көпшілік дауыспен жай шешуге емес) тырысқанын айтып отырмаған болса, онда оны ашығырақ айтуға, шетелдік әмпейлестерді азғырмауға шақырамыз.

Ал егер Ионов бұл жерде фракциялардың пленумдағы келісімі туралы айтып отырса, онда оның «қазір формальдылыққа жармасып жүрген жолдастарға» қарсы айтқан сөздері іс жүзінде жойымпаздарға жасырын түрде көмектесетін бейне бір ымырашылдардың тағы да бір белгісін бізге айқын көрсетеді.

Фракциялардың *келісімі б*ойынша пленумда бірсыпыра шешімдер біраузыдан қабылданды. Мұның қажет болған себебі не? Мұның себебі, іс жүзінде фракциялық қатынастар жікке бөлінумен барабар болды, ал қандай да болсын жікке бөлінуде әрқашан және лажсыздан тұтас коллективтің (бұл арада: партияның) тәртібі коллективтің бір бөлігінің (бұл арада: фракцияның) тәртібіне құрбан етіледі.

Орыстардағы партиялық қатынастар жағдайында бірлікке фракциялардың келісімі арқылы келуден басқаша жолмен келуге болмады (барлық фракциялардың ба әлде бастыларының ба, фракциялардың бөліктерінің бе әлде фракциялар толығымен бе, бұл басқа мәселе). Осыдан — ымыраға келу қажеттігі, яғни кейбір пункттерде көпшілік мойындамаған, бірақ азшылық талап еткен жеңілдіктер жасау қажеттігі туды. Ымыраға келу ретіндегі осындай икемделудің бірі қарардан жойымпаздық деген сөзді алып тастау болды. Пленум шешімдеріндегі осындай ымыраға келу сипатының ерекше айқын көрінісі өздерінің *фракциялық* мүлкін большевиктердің *шартты түрде үшінші* адамдарға беруі болып отыр. Партияның бір бөлігі өзінің мүлкін шартты түрде

үшінші адамдарға (халықаралық социал-демократияның адамдарына) береді, олар бұл ақшаны Орталық Комитетке беру керек пе әлде фракцияға қайтару керек пе, осыны шешуге тиіс болады. Бұл шарттың қалыпты, жікке бөлінбеген партияда әдеттен тыс және мүмкін емес сипаты большевиктердің келісімді қандай *шарттармен* қабылдағанын айқын көрсетеді. Орталық Органның 11-номерінде басылған большевиктердің декларациясында айқын түрде былай делінген: негізгі идеялық-саяси шарт «жойымпаздық пен шақырымпаздықты жазғыратын, осы ағымдарға қарсы күресті партияның саяси бағытының ажырамас элементі деп мойындайтын» қарарды жүзеге асыру болып табылады, ал осы бағыттың жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің бірі Орталық Органның құрамы болып саналады, меньшевиктердің фракциялық орган мен фракциялық саясатты жүргізе беруі большевиктердің «ақша ұстаушыдан ақшаны қайтып беруді талап етуіне» право береді. Фракциялық орталықтар туралы қарарда турадан-тура большевиктердің осы декларациясына сүйеніп, Орталық Комитет бұл шарттарды *қабылдады.*

Мынадай сұрақ туады: бұл шарттар орындалуға жата ма әлде жатпай ма? Бұл шарттар формальды ма әлде формальды емес пе? «Формальдылық» жөнінде менсінбей сөйлейтін Ионов жолдас шарттың (=большевиктердің ақшаны беруі туралы шарттардың, Орталық Комитеттің фракциялық орталықтар туралы біраузыдан қабылданған қарарымен бекітілген шарттардың) негізі болып табылатын келісімнің және бірлікті бұзбаудың негізі болып табылатын шарттың формальды талаптарын сақтаудың арасындағы ең қарапайым айырмашылықты түсінбеген.

Егер Ионов жолдас енді, Орталық Комитеттің фракциялық орталықтар туралы біраузыдан қабылданған қарарынан кейін, жек көрген түрмен «формальдылыққа» қолын бір-ақ сілтеп отырса, онда мұнысымен Орталық Комитеттің фракциялық орталықтар туралы *бүкіл* шешіміне де қолын бір-ақ сілтегені. Ионов жолдастың софизмі мынаған тіреледі: Орталық Комитет шешімдерінің жиынтығына қарарларды көпшілік дауыспен өткізу

арқылы ғана қол жеткен жоқ, сонымен қатар қастасып отырған ағымдардың кейбір аса маңызды мәселелер жөнінде келісімге келуі арқылы да қол жетті;— демек, *бұдан былай да* бұл шешімдер формальды түрде міндетті емес, ал азшылық келісімді талап етуге праволы! Орталық Комитеттің шешімдерінде келісімнің элементі бар *екен,* онда бұл шешімдерді *әрқашан* жыртып тастауға болады, өйткені келісім — ерікті іс қой!

Осындай софистика жойымпаздарды нашар бүркелген қорғау емес пе?

Ал егер Ионовтың софизмдері кемінде адам күлерлік нәрсе болса, онда Орталық Комитеттің (пленумның) мүмкіндігі бар икемге келудің бәрін істеуге тырысуында психологиялық және саяси жағынан сенімді, дұрыс жайт болды. Меньшевиктер мен шақырымпаздар ең қатаң айыптар қойылған БО-ға (Большевиктік орталыққа) өршелене түсуде бір жерден табысты. Бізді партиядан бәрінен де көбірек және ең алдымен алыстатып отырған нәрсе принципті алауыздықтар емес, қайта Большевиктік орталықтың «қаскүнемдігі»— деді меньшевиктер де, шақырымпаздар да*.

Бұл — маңызды жағдай, мұны анықтап алмай тұрып, біздегі бірігу дағдарысының барысы басқаша болмай, дәл осындай болып отырғандығының себебін түсіну мүмкін емес. Жойымпаздық пен шақырымпаздықты принципті түрде қорғаушылар *болған жоқ:* меньшевиктер де, впередшілдер де ондай позиция ұстауға *тәуекел етпеді.* Бұл арада біздің әдебиетте әлдеқашан көрсетілген (және оппортунистерге қарсы халықаралық әдебиетте талай рет көрсетілген) марксизмнің қазіргі «сыншылары» мен шын мәніндегі маркстік тактика сыншыларының сипаты: жасқаншақтық, принципсіздік, «жаңа» бағытты жасыру, жойымпаздық пен шақырымпаздықтың дәйекті өкілдерін бүркеу сипаты әсерін тигізді. Біз жойымпаздар емеспіз, бұл — фракциялық термин деп даурықты меньшевиктер. Біз шақырымпаздар емеспіз,

---

* Ионовтың пікірін салыстырыңыз: «Оңға қарай «қауіпті ауытқушылық»— қаскүнем большевиктердің ойдан шығарғаны, партияның жауы біреу, бұл жау — Большевиктік орталық, оның фракциялық қаралық етуі деп Мартов жолдас пленумға аз қақсаған жоқ» (цитат келтірілген мақаланың 22-беті).

бұл — фракциялық асыра сілтеу деп қайталады оларға впередшілдер. Сонымен, принциптік-саяси алауыздықтарды көмескілеп, екінші орынға ығыстыру *мақсатымен,* «қылмыстылық» (экспроприация деп оқыңыз) дегенге дейін барып, барлық және әр түрлі істер жөнінде Большевиктік орталыққа мыңдаған айыптар үйіп-төгілді.

Большевиктер бұған: жақсы, мырзалар, Орталық Комитет сіздердің *барлық* айыптауларыңызды тексеріп, олар бойынша «билік айтып, жазаға» тартсын деп жауап берді. Пленумда ұлттық социал-демократтардан бес адам бар,— жалпы алғанда мәселенің шешілуі, оның үстіне бірауыздан шешілуі соларға байланысты. Сіздердің (яғни меньшевиктер мен впередшілдердің) Большевиктік орталыққа қойған айыптарыңызды тексеруде және оған қойған тілектеріңізді қанағаттандыруда солар-ақ «төреші» болсын. Большевиктер одан да әрі барды. Олар меньшевиктер мен впередшілдер талап еткен қарарлардағы икемге келудің бәріне дерлік көнді.

Сонымен, партия ішіндегі істің жайы туралы және конференция туралы қарарларда жеңілдіктер барынша көп жасалды, барлық «айыптар» қаралды және *Большевиктік орталыққа қойылған барлық тілектер ұлттық социал-демократияның барлық бес өкілінің* шешуі бойынша *қанағаттандырылды.*

Партиялық бағыттың, яғни жойымпаздыққа қарсы бағыттың дұшпандарын *сылтаурату мүмкіндігінің бәрінен, мәселені принципті түрде қоюдан жалтару мүмкіндігінің бәрінен* тек осы жолмен ғана айыруға болатын еді. Оларды бұл мүмкіндіктерінен айырдық та.

Егер қазір Аксельрод, Мартов және К⁰ «Қажетті қосымшада», Алексинский және К⁰ впередшілдердің листогінде Большевиктік орталыққа қарсы айыптауды, өсекті, жаланы, өтірік пен жалған қауесетті тағы да жарық дүниеге алып шығуға әрекет жасап отырса — онда бұл мырзалар өздеріне өздері үкім айтады. Олардың таққан айыптарының *бәрін* пленумның *бірауыздан* қарағанын, айыптаулардың *бәрін* өзінің қарарымен сыпырып тастағанын және сыпырылып тасталды деп тапқанын бекерге шығаруға,— мұны бекерге шығаруға

болмайды, мұны дау-жанжал шығарушы сабаздардың қайсысы болса да бекерге шығара алмайды. Ал осылай болса, онда тағы да дау-жанжалды қоздырушылардың (Аксельрод, Мартов, Алексинский және К⁰) — өсек арқылы принципті мәселелерді басып тастағысы келетін саяси шантажшылар екені қазір барша жұртқа да, әрбір адамға да айқын. Сондықтан біз бұларды саяси шантажшылар ретінде болмаса, басқаша түрде жазғырмаймыз. Біз партияның жойымпаздыққа қарсы, шақырымпаздыққа қарсы бағытты жүзеге асыруы туралы мәселеден басқа мәселелермен шұғылданбаймыз, жуынды суға тілегенінше шомыла беруді Аксельродқа, Мартовқа, Алексинскийге бердік.

Большевиктердің ымыраларға келуі мен жеңілдіктер жасауы, олардың көп жағдайда онша батыл емес қарарларға келісуі принципті түрде жік айырудың тазалығы үшін қажет болды. Ұлт өкілдерінің көпшілігі дұрыс деп тапқан меньшевиктер мен шақырымпаздардың тілектерінің *бәрін* қанағаттандырып*, большевиктердің мынаған қолы жетті: бағыттарының айырмашылығына қарамастан социал-демократтардың алдында, профессионал шантажшылардан басқалардың бәрінің алдында тек қана партия бағытын, жойымпаздыққа қарсы және шақырымпаздыққа қарсы бағытты жүзеге асыру мәселесі тұрды. Ешкімге, партиядағы адамдардың бірдебіріне, партия жұмысына келуіне, бұл бағытты жүзеге асыруға қатысуына бөгет жасалған жоқ; ұлттық социал-демократия өкілдеріне байланысты болған шешім бойынша ол бағытты жүзеге асыруға ешқандай кедергі, ешқандай бөгет боларлықтай бөгде жағдайлар қалған жоқ. Ал енді жойымпаздар өздерін қайтадан, бұрынғыдан да бетер айқын әйгілеп отырса, онда мұнымен бөгде кедергілердің ойдан шығарылған нәрсе, көз алдау, өсекшілік жалтару, үйірмелік даукестердің тәсілі екені, одан басқа еш нәрсе емес екені *дәлелденді*.

* Ескерте кетейік, пленумда 4 меньшевиктің, 4 большевиктің, 1 впередшілдің, 1 латыштың, 2 бундшылдың және 2 поляктың шешуші дауысы болды, яғни тіпті поляктар мен латышты қосқанда да большевиктер меньшевиктер мен впередшілдерге қарағанда көпшілік бола алмады; шешуші бундшылдар болды.

Сондықтан жікке бөліну, саралану шынымен тек пленумнан кейін ғана басталды; бұл саралану өте маңызды принциптік мәселе — біздің партияны жойып жіберу мәселесі жөнінде ғана болып отыр. Жік айырудың пленумнан кейін басталғанына есінен танған, қапа болған, таң қалған «ымырашылдар» өздерінің таңдануымен өздерін үйірмелік дипломатияның шырмап алғандығын ғана дәлелдеп берді. Мартовпен және Мартыновпен, Максимовпен және екінші впередшілмен[111] болған шартты келісімді үйірмелік дипломат жікке бөлінудің қандайының болса да біткені деп ойлаған болар, өйткені мұндай дипломат үшін принципті алауыздықтар — екінші дәрежелі іс. Керісінше, жойымпаздық пен шақырымпаздық туралы принципті мәселені бірінші орында тұрған мәселе деп қарайтын адам Мартовтың, Максимовтың және басқаларының тілектерінің *бәрін* қанағаттандырғаннан *кейін*, оларға ұйымдық, т. с. мәселелерде барынша жеңілдіктер жасалғаннан *кейін*, дәл осылардан кейін, таза принципті түрде жік айырудың басталуға тиіс болғанына ешбір таңданбайды.

Пленумнан кейін партияда болып жатқан жағдай партиялық бірігудің күйрегені емес, қайта партияда және партиялық жолмен шын мәнінде жұмыс істей алатын және жұмыс істегісі келетін адамдардың бірігуінің басталуы болып табылады, большевиктердің, партияшыл-меньшевиктердің, ұлт өкілдерінің, фракциядан тыс социал-демократтардың шын мәнінде партиялық блогын партияға жау ренегаттардан, жартылай либералдар мен жартылай анархистерден тазартудың басталуы болып табылады*.

* Айта кетейік. Голосшылдар мен впередшілдердің большевиктерге қарсы блогына (блок болғанда, жоресшілдер мен эрвешілдердің гедшілдерге[112] қарсы блогына мейлінше ұқсас блокқа) мына факт сипаттама бола алады. Мартов «Қажетті қосымшада» Плехановты оның мектеп жөніндегі комиссияның құрамына мән бергені үшін мазақ етеді. Мартов арамдық жасап отыр. Пленумда Мартовтың дәл өзі барлық меньшевиктермен бірге, Максимовпен бірге және Троцкийдің көмегімен NN-дегі шақырымпаздық мектепті партиялық мектеп деп тану керек, Орталық Комитет ол мектеппен *келісімге келуге* тиіс дей-

4. ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ 1-ПАРАГРАФЫ ТУРАЛЫ

Пленум қарарларының кемшіліктерін одан әрі талдай отырып, мен енді партия ішіндегі істің жайы туралы қарардың бірінші пунктіне тоқталуға тиіспін. Рас, бұл пункт партиялық бірігудің қайсыбір түсінігімен тікелей байланысы бар мәселелерді қозғамайды, бірақ менің шегініс жасауыма тура келеді, өйткені осы бірінші пунктке түсінік беру қазірдің өзінде партия ішінде аз талас туғызып отырған жоқ.

Мен жазған қарар жобасында бұл пункт тіптен болған емес, «Пролетарийдің» бүкіл редакциясы сияқты, мен де бұл пунктке қарсы барынша батыл күрескен едім. Бұл пунктті меньшевиктер мен поляктар өткіздірген болатын, большевиктердің бір бөлегі бұл көмескі, күңгірт пунктке түсінік беру ісі қалайда түсініспеушіліктер туғызбай қоймайды немесе—одан да сорақысы—жойымпаздарға пайдалы болады деп меньшевиктер мен поляктарға барынша қатты ескерткен-ді.

Бұл пункттің бірсыпыра қағидалары мазмұнсыз, мағынасыз болғандықтан, қайталана бергендіктен, мен бұл қағидаларды пленумда сынағанымды бұл арада айтпаса да болады. Социал-демократтардың тактикасы өзінің принципті негізінде әрқашан бірыңғай тактика болды деп айту — бірақ бұл принципті негіздердің неде екенін, бұл арада не себепті және нақ қандай негіздер туралы (жалпы марксизм туралы ма әлде марксизмнің қайсы бір қағидалары туралы ма) сөз болып отырғанын анықтамау;— социал-демократияның тактикасы әрқашан барынша көп нәтижеге жетуді көздейді деп айту — бірақ қазіргі кезеңдегі күрестің ең таяу мақсатын да (мүмкін болатын ең жуық нәтижелерін), осы қазіргі кезеңдегі күрестің ерекше тәсілдерін де анықтамау;— тактика дамудың өтетін түрліше жолдарына бейімделіп жасалған деп айту, бірақ бұл жолдар-

---

тің *қарарды жақтап күрескен болатын!* Біз бұл антипартиялық блокты зорға дегенде жеңдік.

Әрине, голосшылдар да, впередшілдер де партияға енеді екен, онда олар блоктарға енуге де толық *праволы*. Әңгіме правода емес, блоктың принциптілігінде. Бұл — *принципсіздердің* партияға және принциптілікке қарсы *блогы*.

ды нақты белгілемеу;— тактика күш жинауға жәрдемдесуге тиіс, пролетариатты ашық күреске де, тұрақсыз режимнің қайшылықтарын пайдалануға да әзір етуге тиіс деген жұртқа мәлім ерқашты сөздерді айта беру,— мұның бәрі де көзге түсе кететін, бүкіл пунктті керексіз және пайдасыз жүкке айналдыратын айқын кемшіліктер.

Бірақ бұл пункттің одан да сорақы бір жері бар. Мұнда жойымпаздар үшін саңылау қалып отыр, мұны пленум кезінде оның әр түрлі мүшелері, тек большевиктер ғана емес, сонымен қатар бундшылдардың да бірі, тіпті Троцкий де көрсеткен болатын. Бұл саңылау — саналы пролетариат үшін «бұқаралық социал-демократиялық партия болып ұйымдаса отырып, халықаралық социал-демократияның осы тактикалық әдісін саналы, жоспарлы және дәйекті түрде қолдану мүмкіншілігі *тұңғыш рет* туып отыр» деген сойлем. (*Бұл* қай әдіс? Бұрын тактиканың әдісі туралы емес, әсіресе неңдей бір белгілі әдісі туралы емес, тактиканың принципті негіздері туралы сөз болған еді.)

Неліктен *тұңғыш рет*,— деп сұрады пленумда бұл пунктті сынаушылар. Егер оның себебі елдің дамуының әрбір қадамы техника дәрежесі жағынан да, тап күресінің айқындығы, т. с. жағынан да бір жаңа, неғұрлым жоғары дәрежедегі нәрсені беретіндігінен болса, онда мұның тағы да мағынасыздық болатынын көреміз. Онда қай кезең болса да өткен кезеңдегімен салыстырғанда *тұңғыш рет* болып көрінетін бір нәрсені әрдайым және сөзсіз беріп отырады. Бірақ біз белгілі бір кезеңді, контрреволюциялық кері кету кезеңін, революциялық өрлеуден кейін бұқараның жігері мен социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының орасан құлдырау кезеңін басымыздан кешіріп отырмыз. Ал егер осындай кезең пролетариатқа халықаралық социал-демократияның әдісін саналы, т. с. түрде қолдануға *тұңғыш рет* мүмкіндік беретін кезең деп сипатталып отырса, онда бұл сөздер қалайда жойымпаздық мағынада түсінік беруге апармай қоймайды, пролетариаттың күресі тікелей революциялық формаларда өткен кездегі, либералдар бұл күресті «стихияның құтырынуы» деп сөккен кездегі

дауыл мен тегеурін дәуірінен гөрі, революция дәуірінен гөрі үшінші Дума дәуірін, бейне бір бейбіт, бейне бір заңды дәуір болып көрінген дәуірді таза либералдық мағынада мадақтап, көкке көтеруіне душар етпей қоймайды.

Мейлінше күңгірт пунктке жойымпаздық мағынада түсінік берудің мұндай қауіптілігіне жұрттың назарын айрықша аудару үшін мен пленумның сол мәжілісінде шешендердің сөйлеген сөздерінің бірсыпыра жерлерін баса көрсетіп, бірсыпыра жазбаша мәлімдемелер жасадым. Менің екі мәлімдемем мынау:

1) «Лениннің талап етуі бойынша Т. жолдастың (поляк социал-демократының) сөздерінен мына сөздер протоколға жазылады: «мұнда контрреволюцияға қарағанда революцияның тактикасы төмендетіліп отыр деп түсіндіру мүлде жалған».

2) «Лениннің талап етуі бойынша И.-дің (осы пунктті қорғаған большевиктің): талас сөздер революция мен оның әдістерінің маңызын контрреволюциялық әдістерге қарағанда төмендетпейді, қайта жоғары көтереді деген сөздерін Мартов жолдастың дауыстап («дұрыс!» деп) қостағаны протоколға жазылады».

Екі мәлімдеменің екеуі де поляк пен большевиктің, Мартовтың келісуімен, бұл пунктке зәредей де болса жойымпаздық мағынада түсінік беруге болатындығынан үзілді-кесілді бас тартқанын атап көрсетеді. Мұндай түсінік беруге, әлбетте, бұл екі жолдастың әсте ниеті де болған емес.

Бірақ қолдануға жататыны заңның дәлелдері емес, заң шығарушының ниеті емес, заңның өзі екені көптен бері-ақ мәлім. Бұл пункттің үгіт пен насихаттағы маңызы оның қайсыбір авторларының ізгі ниеттерімен, олардың пленумдағы мәлімдемелерімен белгіленбейді, ал социал-демократтардың орыс бөлігі ішіндегі күштер мен бағыттардың объективті арақатынасы арқылы белгіленеді (орыс емес социал-демократтар бұл көмескі пунктке ерекше назар аудара қояр ма екен).

Сондықтан мен өз пікірімді айтуға асықпауды жөн көріп, алдымен пленумда болмаған социал-демократтардың пікірлерін немесе голосшылдардың пікірлерін естіп

алуды жөн көріп, қазір бұл пунктті баспасөзде жұрттың қалай түсіндіретіндігін ерекше қызыға күттім.

Пленумнан кейін «Голостың» бірінші номері-ақ бұл пунктті жұрт қалай түсіндірер екен деген біздің таласымызды бағалау үшін әбден жеткілікті материал берді.

Пленумның қорытындылары туралы жазылған «Голостың» редакциялық мақаласынан мынаны оқимыз:

«Біздің бұрынғы тактикамыз *революциялық жағдайға бейімделгендіктен,* бұл тактиканы Орталық Комитет осы сөздермен» (...«тұңғыш рет», т. т.) «жанамалап кінәламақшы болды деп жорамалдау, әрине, мүлде қисынсыздық және орескелдік болар еді» (курсив автордікі; № 19—20, 18-бет).

Өте жақсы! Автор жойымпаздық мағынада берілген түсінікті қисынсыздық және өрескелдік деп жариялап отыр. Алайда, әрі қарай оқи түскенде, біз сол абзацтың өзінен мынадай сөздерді кездестіреміз:

«Өткен дәуірдегі саяси өміріміздің, революциялық формаларда білінгендігіне қарамастан, біршама артта қалғандығы осы сөздер арқылы ресми түрде мойындалды, реті келгенде айта кетейік, осы артта қалушылық революцияның жеңілуінің басты себептерінің бірі болды; біздің өткен дәуірдегі тактикамыздың артта қалған қоғамдық қатынастар душар еткен шамадан тыс қарапайымдылығы осы сөздер арқылы ресми түрде мойындалды; осы сөздер арқылы, ақырында, мына жағдай ресми түрде мойындалды: келешектегі саяси жағдай қандай болса да, қозғалыста томаға-тұйық астыртын үйірмелердің диктатурасына қайта оралу әрекетінің қандайы болса да осыған байланысты саясаттың күллісімен қоса нағыз бір адым артқа шегінгендік болар еді».

Шынында да жақсы емес пе?

Бұл лық толған «асыл сөздерді» талдағанда неден бастарыңды білмейсің.

Үш мәрте қайталанған «ресми түрде мойындаудан» бастайын. Қайсыбір қарардың өткен дәуірге берген бағасын, революцияға берген бағасын, буржуазиялық партиялардың роліне берген бағасын, т. т. ресми түрде мойындаудың қандайына болса да сол «Голостың» өзінен-ақ қаншама мысқыл сөздер айтылды! «Ресмилікке» қарсы көтерілген айқай-шудың ақиқаттығының бір үлгісымағы мынадай: голосшылдарға партияның *айқын*

шешімі ұнамаған кезде, олар күрделі ғылыми мәселелерді, т. т. және т. с. «ресми түрде» шешуге дәмеленуді келемеждеп күлкі етеді — оппортунистерге қарсы бағытталған Дрезден қарарын «Sozialistische Monatshefte»-нің келекелеп отырғаны сияқты немесе Бельгия министериалистерінің біздің заманымызда Амстердам қарарын[113] келекелеп отырғаны сияқты келекелейді. Бірақ мұның есесіне, голосшылға жойымпаздық үшін саңылау қалып отырған сияқты болып көрінісімен-ақ, ол мұның өзі «ресми түрде мойындалды» деп *үш қайтара* ант-су ішіп, құдайды аузына алады.

Ал голосшыл ант-су ішіп, құдайды аузына алған кезде, біліп қойыңыздар, ол... ақиқаттан жалтарады. *Оның* берген түсінігі «ресми түрде мойындалды» деп мақала авторының айтуы жөнсіз де, өйткені бұл пунктке берілген түсініктің *талас екендігі* Орталық Комитеттегі айтыстарда арнайы талқыланды, оның бер жағында *протоколға ресми түрде жазылған,*— иә, иә! міне енді шынымен «ресми» болды!— поляк пен большевиктің *осы сөздерін өткізген* мәлімдемелерден «Голостың» берген түсінігін олардың еш уақытта да дұрыс деп танымайтыны айқын көрініп отыр. Ресми түрде мойындалды деген айқай-шуымен тек біздің автор ғана масқара болды.

«...тұңғыш рет» деген сөз «өткен дәуірдің біршама артта қалғандығын» мойындайды — бұл солай-ақ болсын делік, бірақ мұны қоғамдық дамудың өзге жақтарына жатқызбай, не себепті нақ саяси өмірге жатқызу керек екені еш жерден көрініп тұрған жоқ; ал: «революциялық формаларға қарамастан» деген сөздерді қосу — вехишілдің есек құлағын тым абайсыз көрсетіп алу деген сөз. Осы араны оқығанда, жүз либералдың кемінде 90-ы голосшылдардың бетінен сүйетіндігіне, ал жүз жұмысшының кемінде 90-ы оппортунистерден сырт айналатындығына бәстесуге болады. Ал «реті келгенде» айтылған «революцияның жеңілу себептері» жөніндегі қосымша жойымпаздық бес томдыққа қатысушылардың сырын әйгілеп береді: олар көмескі қарардың тасасымен пролетариаттың революцияда атқаратын ролі жөнінде өздерінің либералдық көзқарастарын өткізгісі ке-

леді. Сондықтан олар «біздің откен дәуірдегі тактикамыздың» «қарапайымдылығы» туралы, керек десе — мұны байқап қойыңыз!— *шамадан тыс* қарапайымдылығы туралы соз қылады. Тактиканың «шамадан тыс» қарапайымдылығы,— мұның өзі, байқайсыздар ма, «халықаралық социал-демократияның әдісін (бұқаралық партияда) саналы, жоспарлы және дәйекті түрде «тұңғыш рет» қолдапу» деген создерден туып отыр екен*. Ашық күрес заманының тактикасы, баспасозге, бұқаралық одақтарға, революциялық партиялардың қатысуымен өткізілетін сайлауларға біршама бостандық берілетін заманның тактикасы, халық жаппай толқитын, үкімет саясаты тез құбылып отыратын заманның, үкіметті жеңіліске ұшыратқан кейбір ірі жеңістер заманының тактикасы—осы тактика, 1909—1910 жылдардағы қарапайым емес тактикамен салыстырғанда, сірә, *шамадан тыс* қарапайым тактика болған екен ғой! Мұндай түсінік беру үшін өз пікіріңнен қаншалықты айнығыш болуың керек десейші, оқиғалар жөніндегі социал-демократиялық түсінігің қаншалықты мардымсыз болуы керек десейші!

Ал енді «...тұңғыш рет» деген сөздерден «томаға-тұйық астыртын үйірмелердің диктатурасын (!!)» кінәлаушылық туады деу — мұның өзі тіптен барып тұрған өрескелдік. 1905—1907 жылдардағы «шамадан тыс қарапайым» тактика заманында жұмысшылар партиясына басшылық ету, байқасаңыздар, 1909—1910 жылдардағыдан гөрі «диктатураға» кобірек ұқсапты; бұл басшылық біздің кезіміздегіден гөрі неғұрлым «томаға-тұйық» болған «астыртын» ұйымдардың, атап айтқанда «үйірмелердің» тарапынан жасалыпты! Мұндай сорақы терең ойлы пікірді шындыққа ұқсату үшін мынаны еске түсіру керек: оппортунистер және кадеттерді тәуір корушілер революция кезінде оздерін жұмысшылар арасында «томаға-тұйық үйірме» деп сезді, ал қазір болса

* Орталық Комитеттің қарарын Ан жолдас та осы рухта түсіндіреді («Дискуссионный Листоктың» осы номеріндегі оның «Кавказдан жазылған хат жөнінде» деген мақаласын қараңыз). Бұл хатты «жала» деп атаса да, Ан жолдас озінің мақаласымен «Кавказдан жазылған хаттың» авторы К. Ст.[114] жолдастың таққан ең ауыр айыптарын растап отыр. Ан жолдастың көп жағынан қызғылықты бұл мақаласына біз әлі қайта ораламыз.

жариялылық жолындағы күресте (ойнамаңыздар!) біздер «томаға-тұйық» емеспіз (Милюковтың өзі біздің қатарымызда), біздер «үйірме» емеспіз (біздің ашықтан-ашық ренегаттық журналдарымыз бар), біздер «астыртын» емеспіз деп біледі, т. т. және т. с.

Пролетариат *тұңғыш рет*, бұқаралық социал-демократиялық партияға ұйымдаса отырып, өздерін пролетариаттың жетекшілері деп есептегісі келетін адамдардың арасынан сондай *жоспарлы және дәйекті түрде* либералдық ренегаттыққа бой ұрушылықты байқап отыр.

Өздерінің пунктіне берілген жойымпаздық мағынадағы түсінікті мүлде жалған деп білетіндігін ресми түрде мәлімдеген поляк жолдас пен большевик жолдас* *«тұңғыш рет»* туралы атышулы пунктке түсінік берудің осы сабағымен ерікісіз санасуға тиіс болады.

5. ДЕКАБРЬДЕГІ (1908 ж.) ҚАРАРЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БҰЛ ҚАРАРЛАРҒА ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

Пленум қарарының кемшіліктері туралы ең соңғы ескертпелерді бірінші пункттің кіріспе сөздеріне жатқызуға тура келеді; онда былай делінген: «1908 ж. партия конференциясы қарарларының негізгі қағидаларын дамыту ретінде, Орталық Комитет қаулы етеді...». Мұндай тұжырым меньшевиктерге кеңшілік жасаудың нәтижесі болып табылады және бұл жағдайға тоқталып өтуге тура келетін реті де бар, өйткені біз кеңшілік жасауға мейлінше теріс көзқараста болудың немесе тактикаға берілген партиялық анықтамалардың маңызын түсінуге мейлінше қабілетсіз болудың үлгісін бұл арада тағы да көріп отырмыз.

Комиссияның көпшілігі мақұлдаған, демек, пленумның нағыз көпшілік даусын алған қарардың жобасында: «1908 жылғы декабрь қарарларын *қуаттау ретінде* және оларды дамыту ретінде...» делінген. «Қуаттау ретінде» деген сөздер қалатын болса, қарарға тұтасынан алғанда дауыс беруден бас тартып, меньшевиктер бұл

* Пленумда бұл жолдастар 1-параграфқа таптық жіктелудің үлгасын, жұмысшылар бұқарасының таза социалистік санасының прогресін, буржуазиялық реакцияның күшеюін көрсету мағынасында түсінік берді. Бұл пікірлер, әрине, дұрыс, бірақ бұл пікірлер 1-параграфты құраған қағидаларда *көрсетілмеді* (көрсетілгені де *бұл пікірлер емес).*

арада да кеңшілік жасалсын деп ультиматумдық талап қойды, өйткені 1908 ж. декабрь қарарларын олар «фракцияшылдықтың» жеткен шегі деп есептейді. Қуаттау жөніндегі сөздерсіз қарарды жақтап дауыс беруден бас тартпай, біз олардың талап еткен кеңшілігін бердік. Егер бұл кеңшілік көздеген мақсатқа жеткізсе, яғни партия шешіміне меньшевиктерді адал ниетпен қарайтын етсе, мен бұл кеңшілік жөнінде ешбір өкінбес едім, ал бұған адал ниетпен қарау болмаған жерде бірігіп жұмыс істеу мүмкін емес. Біздің партияның III Дума заманында қолданатын тактикасының, ұйымының және думалық жұмысының негізгі міндеттерін белгілеуге келгенде, оның 1908 ж. декабрь қарарларындағыдан басқаша белгіленген негізгі міндеттері *жоқ*. Фракциялық күрестің ол кезде өте күшті болғандығын бекерге шығармай-ақ, біз жойымпаздарға қарсы бағытталған сол кездегі қарарлардың қайсыбір қатаң айтылған сөзін жақтап жатпаймыз. Бірақ ол қарарлардың негізгі қағидаларын сөзсіз жақтаймыз, өйткені, егер біз ең маңызды, түбірлі мәселелерге, мәселе болғанда, жауап бермейінше насихат жұмысында да, үгіт жұмысында да, ұйым жұмысында да бір қадам алға басуға болмайтын мәселелерге партияның берген, бір жылғы жұмыс растаған бірден-бір жауабынан безген болсақ, онда партия туралы, партиялық туралы, партия ұйымы туралы сөз қылу—ірі сөздерді құр бекерге айта бергендік болар еді. Біз бұл қарарларды бірігіп түзету керек екендігін, бұл қарарларды *барлық* фракциялардағы жолдастардың, соның ішінде, әрине, партиялық меньшевиктердің де, сынына сәйкес қайта қарау керек екендігін мойындауға әбден әзірміз; бұл қарарлардың кейбір қағидалары әлі де көп уақыт бойы партияда даулы болып қала беруі мүмкін, ал бұларды көпшілік дауыспен болмаса, басқа жолмен жуық арада шешіп алуға болмайды, мұны біз білеміз. Бірақ бұларды қайта қарау ісі *әзірге* қолға алынбай және аяқталмай отырғанда, үшінші Дума заманына және бұдан туатын міндеттерге баға беру мәселесіне партия *әзірге* жаңа жауап бермей отырғанда, өздері қандай көзқараста болса да, барлық партиялық социал-демократтардың өз әрекетінде нақ

осы қарарларды басшылыққа алуын *сөзсіз талап етеміз.*

Мұның өзі партиялықтың әліппесі болуы керек сияқты еді? Партия шешімдеріне басқаша көзқарастың болуы мүмкін де емес сияқты еді? Бірақ пленумнан кейін «Голостың» жойымпаздыққа қарай бет бұруы оны бұл мәселе жөнінде де партиялық адал позицияға көшу үшін емес, қайта берілген кеңшіліктің мөлшеріне өзінің дереу наразылығын білдіру үшін партия көпшілігінің жасаған кеңшілігін пайдаланып қалуға мәжбүр етті! (Голосшылдар, сірә, тек мынаны ұмытқан болулары керек: кімде-кім біраузыдан қабылданған ымырашыл қарар жөнінде бірінші болып дау көтерсе, өзінің мұндай қарарға наразылығын білдіріп, тағы да кеңшілік берілуін, жаңа түзетулер жасалуын талап етсе, ондай адам өзінің мұнысымен екінші жақтың басқа бағытта түзетулер енгізілуін талап етуіне право береді. Сондықтан біз, әлбетте, бұл правоны пайдаланып қаламыз.)

«Голостың» 19—20-номеріндегі пленумның қорытындылары туралы жоғарыда мен цитатқа келтірген редакциялық мақаласында бірден-ақ қарардың кіріспе сөздері *ымыраға келгендік* делінген. Мұның өзі — меньшевиктердің ультиматумынан лажсыз туған ымыраға келушіліктің 1908 ж. декабрь қарарларының тек негізгі қағидаларын ғана емес, сол қарарлардың бәрін тікелей *қуаттаудан* Орталық Комитет көпшілігінің бас тартқандығы болып табылғандығын айтпай бүгіп қалғанда бұрысқа айналатын дұрыстық.

«Біздің көзқарасымызша,— дейді одан әрі «Голос»,— бұл сөздің қарардың ең маңызды пункттерінің айқын мазмұнымен үйлесуі тым нашар, партияның дамуындағы белгілі өзгерісті көрсеткенімен, дегенмен, бұл сөздің, әрине, Россия социал-демократиясының бүкіл өткен дәуірімен сабақтас байланысы бар, бірақ бәрінен де гөрі» (!!) «оның нақ «Лондон мұрасымен»[115] байланыстылығы кемірек. Алайда, егер біз бір сілтегенде-ақ біздің партиямызда толық бір пікірге жетуге болады деп ойласақ, егер біз қозғалыста алға қарай жасалған ірі адымды орынқұмарлыққа бола құрбан етсек, онда

біз түзелмейтін доктринерлер болар едік» (!!). «Қарардың бұл қателерін түзетуді біз тарихшыларға береміз».

Мұның өзі пленумда болған голосшылдар «большевиктерге кеңшілік жасағыштығы» үшін Потресов және К° сияқты өздерінің орыстық жарияшылдарынан немесе пленумда болмаған «Голостың» редакторларынан қалай сөгіс естіп, олардан қалай кешірім сұраған сияқты болса, мұның өзі дәл сол сияқты болып шығады. Біздер доктринерлер емеспіз ғой,— қарардың қателерін тарихшылар түзесін!

Бұл ғажап мәлімдеме жөнінде мынаны айта кетуге батылымыз барады: партиялық социал-демократтар қарарды тарихшылар үшін жазбайды, қайта бұл қарарларды *өзінің* насихат, үгіт, ұйымдастыру *жұмысында іс жүзінде* басшылыққа алу үшін жазады. III Дума заманы үшін бұл жұмыстың міндеттеріне партияның беретін басқаша анықтамасы жоқ. Жойымпаздар үшін партия қарарлары, әрине,— ноль, өйткені олар үшін бүкіл партияның өзі ноль, олар үшін бүкіл партиямен (тек оның қарарларымен ғана емес) тек «тарихшылар» ғана пайда келтіріп, көңіл қойып шұғылдана алады. Бірақ большевиктер де, партиялық меньшевиктер де жойымпаздармен бір ұйымда жұмыс істегісі келмейді және жұмыс істемейді де. Біз жойымпаздарға басы жоқтарға[116] немесе энестерге[117] бара беріңдер дейміз.

Егер голосшылдар партияға адал қараса, егер олар Потресовпен және К°-мен санаспай, іс жүзінде партиямен санасса, жарияшыл әдебиетшілердің үйірмесімен санаспай, революцияшыл социал-демократтардың ұйымымен санасса, онда олар 1908 ж. декабрь қарарларына өздерінің наразылығын басқаша білдірген болар еді. Олар дәл қазір, пленумнан кейін қайдағы бір «астыртын» «шешімдер» жөніндегі лайықсыз, тек кадеттерге ғана тән, мысқылдаған жексұрын күлкісін тастаған болар еді. Олар осы шешімдерді іскерлікпен талдауға, өз көзқарастарына сәйкес, 1907—1910 жылдардың тәжірибесіне өздерінің қалай қарайтындығына сәйкес, бұл шешімдерді түзетуге кіріскен болар еді. Міне мұның өзі партияның шын бірігуі үшін, социал-демократиялық қызметтің бір бағытында жақындасу үшін жұмыс істе-

гендік болар еді. Бұдан бас тартып, голосшылдар іс жүзінде нақ жойымпаздардың программасын орындап отыр. Шынында да, бұл мәселе жөнінде жойымпаздардың программасы қандай? Олардың программасы — астыртын, мерт болатын, т. с. партияның шешімдерін елемеу, өздерін социал-демократтар деп атайтын және либералдармен, халықшылдармен, беззаглавияшылдармен араласып әр түрлі жария журналсымақтарда, жария қоғамдарда, т. с. орналасып алған еркін атқыштардың тұрлаусыз «жұмысын» партия шешімдеріне қарсы қою. Ешқандай қарарлардың, ешқандай «кезеңге баға берудің», күресіміздің ең таяудағы мақсаттарын және буржуазиялық партияларға көзқарасымызды ешбір белгілеудің керегі жоқ,—мұның бәрін біз (Милюковтан кейін іле-шала!) «томаға-тұйық астыртын үйірмелердің диктатурасы» (өзіміздің тұрлаусыздығымыздан, ұйымдаспағандығымыздан, бытыраңқылығымыздан біз іс жүзінде «диктатураны» либералдық үйірмелерге беріп қоятынымызды байқамастан!) деп атаймыз.

Иә, иә, дау жоқ, партия қарарларына көзқарас жөніндегі мәселеге келгенде жойымпаздар голосшылдардан ол қарарларды жақтырмай келемеж етіп, елемеуден басқа ештеңе де талап етпейді.

Партия ішіндегі істің жайы туралы Орталық Комитеттің 1909—1910 жылғы қарарының Лондон мұрасымен байланысы «бәрінен де гөрі кемірек» деген көзқарасты шындап талдаудың қажеті жоқ, өйткені бұл көзқарастың сорақылығы бадырайып көрініп тұр. Біз партияның «бүкіл өткен дәуірімен» санасуға әзірміз, бірақ қазіргімен тікелей байланысты өткен дәуірімен және қазіргі дәуірімен санаспаймыз, деп партияны қорлайды! Басқаша айтқанда: біздің қазіргі әрекетімізді белгілемейтін нәрсемен санасуға әзірміз. Біз социал-демократияның «бүкіл өткен дәуірімен» санасуға әзірміз (1910 жылы), әзір болғанда, 1907—1908—1909 жылдар заманындағы кадеттер партиясы туралы, 1907—1908—1909 жылдар заманындағы еңбек партиялары туралы, 1907—1908—1909 жылдар заманындағы күрестің міндеттері туралы шешімдер қабылданғандағыдан басқа өткен дәуірімен санасуға әзірміз. Қазір

іс жүзінде партияшыл болу үшін, партия жұмысын жүргізу үшін, партия жұмысын жүзеге асыру үшін, партия тактикасын жүзеге асыру үшін, үшінші Думадағы социал-демократиялық қызметті партиялық жолмен бағыттап отыру үшін санасу керек нәрседен басқаның бәрімен де санасуға әзірміз деседі.

Бундтың масқаралығы ретінде мынаны айта кету керек: ол өзінің органында Ионов жолдастың мақаласында Лондон мұрасын дәл осындай жойымпаздық мағынада келемеж етуге орын беріп отыр (22-бет). Ионов былай деп жазады: «Тілеуіңізді берсін, мынаны айтыңызшы: Лондон съезі қарарларының қазіргі кезеңге және бүгінгі таңда кезекте тұрған мәселелерге қандай қатысы бар? Мұны өзінің барлық пікірлестерімен қоса Ленин жолдастың да білмейтіндігіне сенімім кәміл».

Мұндай ақыл жетпес нәрсені білу маған қайдан келсін! Буржуазиялық партиялардың (қаражүздіктердің, октябристердің, кадеттердің, халықшылдардың) негізгі топтарында, олардың таптық құрамында, олардың саясатында, олардың пролетариатқа және революцияға көзқарасында 1907 жылдың көктемінен 1910 жылдың көктеміне дейін ешқандай мәнді өзгеріс болмағанын білу қайда маған? Бұл саладағы атап өтуге болатын және атап өтуге тұратын аздаған ішінара өзгерістер 1908 жылғы декабрь қарарларында көрсетілгенін маған білу қайда? Мұның бәрін біле беру қайда маған?

Ионовша мұның бәрінің, сірә, қазіргі кезеңге және кезекте тұрған мәселелерге қатысы болмаса керек. Ол үшін мұның өзі — пролетарлық емес партиялар жөніндегі тактиканың керексіз, қайдағы бір партиялық анықтамасы. Мойнына жүк артып керегі не? Пролетарлық тактикаға партиялық анықтама беру жөніндегі бұл талпынысты «күшейтілген күзет», т. т. деп жаман атпен атаған оңай емес пе? Социал-демократтарды ерікті атқыштарға айналдыру, кезектегі мәселелерді ешқандай «күшейтілген күзетсіз», «еркін» шешетін — бүгін «Наши Помои» журналында либералдармен, ертең әдебиет жағымпаздарының съезінде басы жоқтармен, бүрсігүні кооперативте поссешілдермен бірігіп шешетін *тағыларға* айналдыру оңай емес пе [118]. Сабыр... сабыр, құрметті

момақан бейшара-ау, жарияшыл жойымпаздардың көздегенінен мұның қандай айырмасы бар? Ешқандай айырмасы жоқ!

Лондон шешімдеріне немесе 1908 ж. декабрь қарарларына риза емес және партияда, партия жолымен жұмыс істегісі келетін партиялық социал-демократтар бұл қарарларды партия баспасөзінде сынайтын болады, түзетулер ұсынатын болады, жолдастарын иландыратын болады, партияда көпшілікті өзіне қаратып алуға тырысатын болады. Мұндай адамдармен біз келісе алмауымыз мүмкін, бірақ олардың іске көзқарасы партиялық көзқарас, олар *ыдырауға* Ионовтың, «Голостың» және К^0-нің көмектесіп отырғанындай көмектеспейтін болады.

Потресов мырзаға қарап көріңіздерші.

Социал-демократиялық партияға өзінің тәуелсіз екендігін жұртқа көрсетіп отырған бұл «социал-демократ» «Наша Заряның» 2-номерінің 59-бетінде былай деп лепіреді: «Бұл мәселелер қанша болса да, бұларды шешіп алмайынша бір қадам да басуға болмайды, бұларды шешіп алмайынша орыс марксизмі заманның революциялық санасының бүкіл күш-жігері мен қуатын шыңдап өз бойына жинаған» (құрметті тәуелсіз мырза, жел сөздерді аз айтуға болмас па екен!) «идеялық ағым бола алмайды! Россияның экономикалық дамуы қалай жүріп барады, бұл даму реакцияға сездірмей күштерді қалай алмастырып отыр, деревня мен қалада не болып жатыр, бұл даму Россия жұмысшы табының әлеуметтік құрамына қандай өзгерістер енгізеді, т. т., т. б.? Бұл мәселелерге жауап қайда немесе жауап беруге кірісу қайда, орыс марксизмінің экономикалық мектебі қайда? Ой-пікірдің бір кездерде меньшевизм жүргізген саяси жұмысының жайы не болды? Оның ұйымдық ізденістерінің жайы, оның өткен дәуірге жасаған талдауының жайы, оның қазіргі дәуірге берген бағасының жайы не болды?».

Егер осы тәуелсіз, жанын қинап желге кететін сөздер айтқаннан да, өзінің не айтып отырғанына шынымен ой жүгіртіп қараса, онда ол тіпті жай нәрсені көрген болар еді. Егер бұл мәселелерді шешіп алмайынша ре-

волюцияшыл марксист шешімен бір қадам да ілгері баса алмайтын болса (ал мұнысы рас), онда оларды шешумен — ғылыми тыңғылықтылық мағынасында, ғылыми зерттеулер мағынасында емес, қайта қандай қадамдар жасау керек, қалай жасау керек екенін анықтап алу мағынасында шешумен,— *социал-демократиялық партия* шұғылданута тиіс. Өйткені социал-демократиялық партиядан *тыс* «революциялық марксизм» дегеніміз — кей кездерде «біздер де» социал-демократтар десе болғандай деп мақтангысы келетін жария мылжыңның бөспелік жел сөзі ғана. Социал-демократиялық партия жоғарыда көрсетілген мәселелерге *жауап беруге кіріскен* болатын, *атап айтқанда,* 1908 ж. декабрь *қарарларында* кіріскен еді.

Тәуелсіздер қулықпен тым жақсы жайғасып алған: жария баспасөзде олар кеудесін қағып, «революцияшыл марксистердің жауап беруге кіріскені қайда?» деп сұрақ қояды. Жария баспасөзде бұларға жауап беруге болмайтынын тәуелсіздер біледі. Ал құпия баспасөзде бұл тәуелсіздердің достары (голосшылдар) «шешіп алмайынша *бір қадам да* ілгері басуға болмайтын» мәселелерге жауап беруден жирене ат-тонын ала қашады. Бүкіл дүние жүзінде тәуелсіздерге (яғни социализм ренегаттарына) не керек болса, соның бәріне қол жеткелі отыр: сыңғырлаған сылдыр сөздер бар, социализм мен социал-демократиялық партиядан іс жүзіндегі тәуелсіздік те бар.

6. ТӘУЕЛСІЗ-ЖАРИЯШЫЛДАР ТОБЫ ТУРАЛЫ

Енді пленумнан кейін не болғанын анықтауга көшейік. Бұл мәселеге Троцкий мен Ионов ұқсас және оңай жауап береді. Вена қарарында былай делінген: «Саяси өмірдің сыртқы жағдайларында болсын, біздің партиямыздың ішкі қатынастарында болсын *пленумнан кейінгі жерде* партияны құру жөніндегі жұмысты қиындатарлықтай *ешқандай нақты өзгерістер болған жоқ...»* Фракцияшылдықтың қайталауы, фракциялық қатынастардың құрып бітпеген қалдығы, бар болғаны осы-ақ.

Ионовтың түсіндірмесі де «адамдар жөнінде».

«Пленум бітті. Оған қатысушылар тарап кетті... Ескі

фракциялардың басшыларының қолдары босады, сырттан болатын ықпалдар мен қысымдардың қандайынан болсын құтылды. Оның үстіне едәуір жәрдемші күштер де келіп жетті. Біреулерге — кейінгі кезде партияны соғыс жағдайында деп жариялауды күшті уағыздап жүрген Плеханов жолдас сияқты жәрдемші келді. Екіншілерге — ««Голос Социал-Демократа» редакциясына жақсы мәлім» он алты «бұрынғы партия қызметкері» сияқты жәрдемшілер келді (қараңыз: № 19—20, «Ашық хат»). «Мұндай жағдайда қалайша шайқасқа ұмтылмасқа? Сөйтіп, ескі өзара қырқысу «ісіне» кірісіп те кетті» («Отклики Бунда», № 4, 22-бет).

Фракцияшылдарға «жәрдемші күштер» келіп жетті де — қайтадан төбелесті, бар болғаны осы-ақ. Рас, большевиктерге «жәрдемші күш» ретінде партиялық меньшевик, Плеханов, келіп жетті, келгенде жойымпаздарға қарсы соғыс ашу үшін «келіп жетті», бірақ Ионовқа мұның бәрібір. Тегінде, Плехановтың Потресовпен, И. жолдаспен («барлығын да таратуды» ұсынған), тағы басқаларымен айтысқаны Ионовқа ұнамаса керек. Бұл айтысты сөгу, әрине, оның правосы. Бірақ мұны қалайша *«партияны* соғыс жағдайында деп жариялау» деп атауға болады? *Жойымпаздармен* соғысу *партияны* соғыс жағдайында деп жариялау болып шығатын көрінеді — Ионов жолдастың бұл «философиясын» есте ұстайық.

Шетелдегі меньшевиктерге орыс меньшевиктері жәрдемші күш болды. Бірақ бұл жағдай Ионов жолдасты ешқандай да ойландырмай отыр.

Троцкий мен Ионовтың «кезеңге» бұл сияқты «баға» беруінен қандай практикалық қорытынды шығатыны түсінікті. Айрықша еш нәрсе бола қоймапты. Әншейін фракциялық жанжал болыпты. Жаңа бейтараптаушылар қойылса болды—істің біткені. Барлығы да үйірмелік дипломатияның тұрғысынан түсіндіріледі. Практикалық рецептердің бәрі — тек қана үйірмелік дипломатия. «Шайқасқа ұмтылушылар» келтірілді, «ымыраластырғысы» келетіндер келтірілді: мына жерден «іргетас» туралы айтылған сөзді алып тастау керек, мына бір жерінде «мекемеге» әлдекімдерді қосу керек, ана жерінде жарияшылдарға конференцияны шақыру тәсілде-

рі жөнінде «кеңшілік жасау» керек... Шетелдегі үйірмешілдіктің ескі, бірақ мәңгі-бақи жаңа тарихы ғой!

Пленумнан кейінгі оқиғалар жөніндегі біздің көзқарасымыз басқаша.

Бірауыздан қабылданған қарарларға қолы жетіп, «бақастық» айыптаулардың *бәрін де* жойып, пленум жойымпаздарды мүлде бұлтартпай қойды. Енді бақастықтың тасасына тығылуға болмайды. Енді қарысып қалушылықты және «әйтеуір қысым жасаушылықты» (күшейтілген күзет, соғыс жағдайы, қоршау жағдайы, т. с. нұсқаны) тілге тиек етуге болмайды. Партиядан тек қана жойымпаздыққа бола кетуге болады (впередшілдердің тек қана шақырымпаздыққа және антимаркстік философияға бола кетуіне болатындығы сияқты).

Бұлтара алмаған жойымпаздар өздерінің «бет-бейнесін» ашып берді. Олардың орыс орталығы — мейлі формальды не формальды емес орталығы, жартылай құпия (Михаил және $К^0$) немесе толық жария (Потресов және $К^0$) орталығы болсын, бәрібір — партияға қайта оралу жөніндегі шақыруды *қабылдамайтынын білдіріп жауап берді.* Орыстың жарияшыл-жойымпаздары *тәуелсіз социалистер* (әрине, социализмге тәуелсіз, либерализмге тәуелді) тобына бірігіп, партиядан біржолата қол үзді. Бір жағынан, Михаил және $К^0$-нің жауабы, екінші жағынан, «Наша Заря» мен «Возрождениенің» жазғандары — «социал-демократтардың» (дұрысырағы: социал-демократсымақтардың) антипартиялық үйірмелерінің *тәуелсіз социалистер* тобына бірігіп отырғандығының дәл өзін көрсетеді. Сондықтан Троцкий мен Ионовтың «ымыраластырмақ» болып әуреленуі *ендігі жерде* кісі күлерлік, бейшаралық әурешілік болып табылады. Бұл әурешілікті болып жатқан оқиғаларды мүлдем ұғынбаушылықпен ғана түсіндіруге болады, бұл әурешілік ендігі жерде зиянсыз, өйткені оның шетелдегі үйірмешіл дипломаттардан басқа, қайдағы бір шалғай түкпірдегі ұғынбаушылық пен білмеушіліктен басқа арқа сүйер ешкімі жоқ.

Троцкий мен Ионов à la ымырашылдар пленумда ымырашылдық дипломатияның етек алуына жол берген ерекше жағдайларды қазіргі партия өмірінің жалпы

жағдайлары деп танып, қателік істеді. Олар, басты екі фракцияның екеуінде де ымыраға келуге (—партиялық бірігуге) *ынталы* ұмтылушылықты туғызған жағдайлардың болуы *арқасында* пленумда өз ролін атқарған дипломатияны,— осы дипломатияны өз алдына бір дербес мақсат деп, «осы адамдардың, топтардың және мекемелердің» арасындағы ойынның ұзаққа созылатын құралы деп танып, қателік істеді.

Пленумда дипломатияға шынында орып болды, өйткені партиялық большевиктер мен партиялық меньшевиктердің партиялық бірігуі қажет еді, ал кеңшілік жасамайынша, ымыраға келмейінше ол мүмкін емес-ті. Жасалатын кеңшіліктің мөлшерін белгілегенде «адал маклерлер» сөзсіз алдыңғы қатарға шықты, мұның себебі — партиялық меньшевиктер мен партиялық большевиктер үшін, бүкіл бірігу ісінің принципті базасы әзірше күшінде қалып отырғандықтан, жасалатын кеңшіліктің мөлшері туралы мәселе екінші дәрежелі мәселе болды. Пленумда алдыңғы қатарға шығып, бақастықты жою үшін, Большевиктік орталыққа қарсы «талаптарды» қанағаттандыру үшін «бейтараптаушылар» ретінде, «судьялар» ретінде роль атқаруға мүмкіндік алып, Троцкий мен Ионов à la «ымырашылдар»: «осы адамдар, топтар және мекемелер» бар тұрғанда біз әрқашан осы рольді атқара аламыз деп ойлады. Кісі күлерлік адасу. Бірауыздылыққа жету үшін жасалатын қажетті кеңшіліктің мөлшерін белгілеу керек болғанда маклерлер керек. Жасалатын кеңшіліктің мөлшерін бірігудің көрінеу айқын жалпы принципті базасы болған кезде белгілеу керек. Барлық кеңшіліктер жасалғаннан кейінгі жерде бұл бірлестікке кімдер кіретіні туралы мәселе ол кезде ашық қалған болатын, өйткені онда барлық социал-демократтардың партияға кіргілері келетін болар, барлық меньшевиктердің жойымпаздыққа қарсы қарарды, барлық впередшілдердің шақырымпаздыққа қарсы қарарды адал жүзеге асырғылары келетін болар дегенді принципінде шартты түрде болжамасқа болмайтын еді.

Ал қазір маклерлердің керегі жоқ, оларға орын жоқ, өйткені жасалатын кеңшіліктің мөлшері туралы мәселе

жоқ. Ал жасалатын кеңшіліктің мөлшері туралы мәселенің болмайтын себебі — ешқандай кеңшіліктер туралы мәселе жоқ. Кеңшіліктердің бәрі (тіпті шамадан тыс кеңшілік те) пленумда жасалды. Ендігі жерде мәселе — жойымпаздықпен күресудің, соның өзінде жалпы жойымпаздық атаулымен емес, жойымпаз-тәуелсіздердің белгілі бір тобымен, Михаилдың және К^{0}-нің тобымен, Потресовтың және К^{0}-нің тобымен күресудің принципті позициясы туралы ғана болып отыр. Егер Троцкий мен Ионов ендігі жерде партияны осы адамдармен, топтармен және мекемелермен «татуластыруға» әрекет қылса, онда біз үшін, барлық партиялық большевиктер мен барлық партиялық меньшевиктер үшін, олар турадан-тура партияға опасыздық етушілер болып табылады, басқа ешкім де емес.

Ымырашыл-дипломаттардың пленумда «күшті» болған себебі тек қана мынада еді: партиялық большевиктер болсын, партиялық меньшевиктер болсын татулықты тіледі және татулықтың шарттары туралы мәселені партияның жойымпаздыққа қарсы, шақырымпаздыққа қарсы тактикасы жөніндегі мәселеге бағындыра отырып бағалады. Мен, мысалы, жасалатын кеңшіліктерді шамадан тыс деп тауып, олардың мөлшері үшін күрес жүргіздім (19—20 номерінде «Голос» осыны тұспалдап отыр және бұл туралы Ионов ашық айтып отыр). Бірақ, мұнымен партия *бағыты* бұзылмайтын болса, жасалатын кеңшіліктер бұл бағытты бекерге шығаруға бастамайтын болса, жасалатын кеңшіліктер жұртты жойымпаздық пен шақырымпаздықтан партияға қарай тартуға көпір ретінде қызмет атқаратын болса, мен тіпті шамадан тыс кеңшіліктерге сол кездің өзінде де көнуге дайын едім, қазір де көнуге дайын болар едім. Бірақ Михаил және К^{0}, Потресов және К^{0} бірігіп алып, партияға қарсы және пленумға қарсы шыққаннан кейінгі жерде, мен ешқандай кеңшілік жөнінде ешқандай әңгіме көтеруге бармаймын, өйткені партия енді бұл тәуелсіздерден қол үзуге міндетті, оларды толық және біржола айқындалған жойымпаздар деп танып, олармен батыл күресуге міндетті. Және де мен бұл сөзді өз атымнан ғана емес, *барлық* партиялық большевиктердің

атынан сенімді түрде айта аламын. Партиялық меньшевиктер, Плеханов және басқалары арқылы, пікірлерін осы рухта жеткілікті түрде айқын білдірді, ал енді партия ішіндегі істің жайы осындай болып отырғанда, Троцкий мен Ионов à la «ымырашыл»-дипломаттар не өздерінің дипломатиясын тастауға, не партиядан тәуелсіздерге кетуге тиісті болады.

Жарияшылдардың тәуелсіз социалистер тобына біржолата топтасқандығына әбден көз жеткізу үшін пленумнан кейінгі жердегі оқиғаларға жалпы көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті, бұл оқиғаларға «дау-жанжалдардың» ұсақ және ұсақ-түйек жай-жапсары тұрғысынан ғана баға бермей, шын мәні жағынан баға беру жеткілікті, ал Ионов осы жай-жапсармен босқа қанағаттанып жүр.

1) Михаил, Роман және Юрий Орталық Комитеттің (пленумның) қарарларын да, оның өмір сүруінің өзін де зиянды деп жариялады. Бұл факт жарияланғаннан бері 2 айға жуық уақыт өтті, ал факт теріске шығарылған жоқ. Олай болса, оның дұрыс екендігі айқын *.

2) Он алты орыс меньшевигі, оның ішінде жоғарыда аталған үшеудің кемінде екеуі және меньшевиктердің бірқатар көрнекті әдебиетшілері (Череванин, Кольцов, т. т.), «Голоста» меньшевиктердің партиядан кетуін ақтап жазды, нағыз жойымпаздық манифест жариялады, редакция мұны мақұлдап отырды.

3) Меньшевиктердің жария журналы «Наша Заря» Потресов мырзаның программалық мақаласын басты, онда: «мекемелердің тұтас және ұйымдасқан иерархиясы болып табылатын партия жоқ» (№ 2, 61-бет), «ұйымдасқан тұтас ұйым есебінде іс жүзінде жоқ нәрсені» жоюға болмайды (бұл да сонда) деп тура айтылған. Бұл журналдың қызметкерлері ішінде Череванин, Кольцов, Мартынов, Августовский, Маслов, Мартов бар; Мартов болғанда,— «ұйымдасқан тұтас ұйым» есебінде өз орта-

* «Голос Социал-Демократаның» 21-номері жаңа ғана шықты. Мартов пен Дан соның 16-бетінде «Орталық Комитетке кіруден үш жолдастың (??) бас тартқандығы» туралы айта келіп, бұл фактінің дұрыстығын *растап отыр.* Олар мұны айтқанда, Михаил және К° тобының тәуелсіздер тобына біржолата айналғандығы туралы фактіні, белгілі әдеттері бойынша, «Тышко—Ленинді» үсті-үстіне балағаттаумен бүркемелеп отыр.

лығы бар құпия партия «мекемелерінің ұйымдасқан иерархиясында» орын алу және Столыпиннің мархабатты рұқсаты бойынша бұл құпия партияны жоқ деп жариялап отырған жария топтың қатарында болу қолынан келетін Л. Мартовтың дәл өзі.

4) Жұртқа мәлім меньшевиктік «Возрождение» журналында (№ 5, 30 март, 1910 ж.), қызметкерлерінің құрамы *жаңағыдай* болғанда басылған, қол қойылмаған, яғни редакциялық мақала Потресов мырзаның жоғарыда айтылған, «Наша Заряда» басылған мақаласын мадақтайды және жоғарыда мен келтірген цитатты келтіргеннен кейін мынадай сөз қосады:

«Жоятын ештеңе жоқ,— ал біз» (яғни «Возрождениенің» редакциясы) «өз тарапымыздан мынаны қоса кетеміз,— бұл иерархияны бұрынғы, астыртын күйдегі түрінде қайта орнату жөніндегі қиял — түп-тура зиянды, реакциялық утопия, утопия болғанда, бір кездердегі ең реалистік партия өкілдерінің саяси сергектігі жоғалғанын көрсететін утопия» (51-бет).

Кімде-кім бұл фактілердің бәрін кездейсоқ нәрсе деп есептесе, ол, анығында, шындықты көргісі келмейді. Кімде-кім бұл фактілерді «фракцияшылдықтың қайталауы» деп түсіндірмек болса, ол өзін құрғақ сөзбен жұбатады. Бұл арада фракцияшылдықтың, Михаил және К° тобы да, Потресов және К° тобы да әлдеқашаннан бері аулақ тұрған фракциялық күрестің қандай қатысы бар? Жоқ, әдейі көрмейін демейтін адамға мұнда ешқандай күмән болуы мүмкін емес. Пленум партиялық жариясшылдардың партияға қайта оралуы үшін кедергілердің (шын немесе жалған кедергілердің) бәрін жойды, жария мүмкіндіктерді пайдаланудың жаңа жағдайлары мен жаңа формаларын ескере отырып құпия партияны құрудың жолында тұрған кедергілердің бәрін жойды. Төрт цекист меньшевик және «Голостың» екі редакторы партия жұмысын бірігіп жүргізу жолындағы кедергілердің *бәрі* жойылғанын мойындады. Орыстың жариясшылдар тобы *пленумға өз жауабын берді.* Бұл жауап: құпия партияны қалпына келтіру, нығайту ісімен шұғылданғымыз келмейді, өйткені бұл — реакциялық утопия деген *теріс* жауап болды.

Бұл жауап — социал-демократиялық қозғалыс тарихындағы аса ірі саяси факт. *Тәуелсіз* (социализмге тәуелсіз) *социалистер* тобы түпкілікті бірігіп, социал-демократиялық партиядан біржолата қол үзді. Бұл топ қаншалықты қалыптасқан, ол бір ұйымнан құралып отыр ма әлде өзара байланысы өте lose (бос, нық емес) бірқатар жеке үйірмелерден құралып отыр ма, мұны біз әзірше білмейміз және мұның маңызы да жоқ. Маңыздысы сол — партиядан тәуелсіз топтарды құру тенденциялары,— меньшевиктерде көптен бері болып келген тенденциялар,— қазір жаңа саяси ұйымның құрылуына әкеп соқтырып отыр. Сондықтан өздерін алдағылары келмейтін россиялық социал-демократтардың бәрі де бұдан былайғы жерде факт жүзінде бұл тәуелсіздер тобының өмір сүріп отырғандығымен есептесуге тиіс.

Бұл фактінің маңызын анықтау үшін ең алдымен Францияның «тәуелсіз социалистерін» еске салайық; олар анағұрлым алдыңғы қатарлы, ескіліктің бәрінен анағұрлым тазарған буржуазиялық мемлекетте бұл саяси бағыттың тенденцияларын ең ақырына дейін жеткізді. Мильеран, Вивиани, Бриан социалистік партияның қатарында болды, бірақ талай рет оның шешімдеріне бағынбай, оларға қайшы келетін әрекеттер істеді, сөйтіп республиканы сақтауды және социализмнің мүддесін қорғауды сылтауратып, Мильеранның буржуазиялық министрлікке кіруі оны партиядан ажыратты. Буржуазия социализмге опасыздық еткендерге сыйлыққа министрлік қызметтер берді. Француздың үш ренегаты өздерін және өздерінің тобын әлі күнге дейін тәуелсіз социалистер деп атап жүр, өздерінің қылықтарын әлі күнге дейін жұмысшы қозғалысы мен әлеуметтік реформаның мүдделерімен ақтап жүр.

Біздің тәуелсіздерді буржуазиялық қоғам, әрине, бұлайша тез сыйлай алмайды: олар тым артта қалған жағдайда іске кірісіп отыр, олар либерал буржуазияның (меньшевиктердің «тәуелсіздікке» ұмтылған тенденциясын көптен бері қолдап келген либерал буржуазияның) мақтағанына, жәрдем көрсеткеніне қанағат етуге тиіс. Бірақ бұл екеуінің де негізгі тенденциясы біреу ғана: социалистік партиядан тәуелсіз болу жұмысшы қозға-

лысының мүдделері үшін деп дәлелденеді; «жариялылық үшін күрес» *(Дан* тұжырымдаған ұран, оны ренегаттық *«Возрождение»* 5-номерінің 7-бетінде бар ынтамен іліп әкетті) жұмысшы табының ұраны деп жарияланады; іс жүзінде либералдармен кезектесіп әрекет етуші буржуазияшыл интеллигенттер (Францияда парламентарийлер, бізде әдебиетшілер) топтасып отыр; партияға бағыну керексіз етіледі: Мильеран және К⁰ де, «Возрождение» мен «Голос» та партияны жеткілікті «реалист» емес деп жариялап отыр; партияны «томағатұйық астыртын үйірмелердің диктатурасы» («Голос»), кең прогресс жасауға зияны тиетін тар өрісті-революцияшыл бірлестікке тұйықталып отырған партия (Мильеран және К⁰) деседі.

Сонан соң, біздің тәуелсіздердің позициясын анықтау үшін біздегі орыс «халықтық-социалистік партиясының» құрылу тарихын алып қараңыз. Бұл тарих біздегі тәуелсіздердің және Мильеран мен К⁰ «жұмысының» сыртқы жағдайларының орасан зор айырмасы болғандығынан олардың шығу тегі бір екенін көрмейтіндерге істің мәнін түсінуге көмектеседі. Біздегі «энестер» ұсақбуржуазиялық демократияның жария және баяу қанаты екені жұрттың бәріне мәлім, ал бұған, сірә, марксистердің ешқайсысы күмәнданбаған шығар. 1905 жылдың аяғында өткен эсерлердің съезінде халықтық социалистер ұсақ буржуазияшыл демократтардың революциялық партиясының программасын, тактикасын және ұйымын жоюшылар есебінде бой көрсетті: олар 1905 ж. күзіндегі және 1906 ж. көктеміндегі бостандық күндерінде шыққан газеттерге мақала жазғанда эсерлермен мейлінше тығыз блок жасады. Олар 1906 жылдың күзінде жариялы жағдайға көшіп, дербес партия болып бөлініп шықты: олардың мұнысы II Дума сайлауы кезінде және II Думаның өзінде олардың дүркін-дүркін эсерлермен біржолата дерлік қосылып кетіп отыруына бөгет болған жоқ.

1906 жылдың күзінде менің «Пролетарийде» халықтық социалистер туралы жазуыма тура келді, сонда мен оларды «эсер меньшевиктер» деп атадым*. Үш жарым

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 436—447-беттер. *Ред.*

жыл өткен соң, Потресов және К⁰ менің сонда дұрыс айтқанымды партиялық меньшевиктерге дәлелдей алды. Тіпті Пешехонов мырзалар және К⁰-нің социалист-революционерлер партиясына іс жүзінде тәуелді емес бірсыпыра саяси әрекеттерден кейін өздерін эсерлерге ашықтан-ашық тәуелсіз, бөлек саяси партия деп жариялауы, Потресов мырза мен оның тобына қарағанда, саяси жағынан адалырақ іс екенін тек қана мойындау керек. Әрине, бұл «адалдық», айта кетелік, күштердің арасалмағының қандай екендігіне де байланысты: Пешехонов социалист-революционерлер партиясын әлсіз деп санады және онымен ресми емес түрде біріксем, өзім *ұтылып қаламын* деп топшылады: Потресов іс жүзінде социал-демократиялық партияға тәуелсіз бола тұрса да, өзін социал-демократ деп санауын қоймай, саяси азефшылдықтан[119] *ұтамын* деп есептейді.

Потресов мырза және К⁰ біреудің атын бетке ұстап жасырына тұруды, РСДРП-ны іштен ыдырата отырып, тек оған тәуелсіз түрде ғана емес, іс жүзінде оған қарсы қимыл жасай отырып, РСДРП-ның беделін ұрланып пайдалануды әзірше өздеріне ең тиімді іс деп санайды. Мүмкін, біздегі тәуелсіздер тобы ұзағырақ уақыт біреудің тонын жамылып жүруге тырыса түсетін болар; мүмкін, партияға әйтеуір бір соққы берілгеннен кейін, құпия ұйым үлкен бір сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, немесе, партиядан тәуелсіз түрде, айталық, Думаға кіру мүмкіншілігі сияқты ерекше қызықтыратындай жағдай кездессе, тәуелсіздер өздерінің бет пердесін өздері алып тастайтын болар; — олардың саяси дүмшелігінің барлық және әрбір эпизодын біз алдын ала болжай алмаймыз.

Бірақ біз бір нәрсені, атап айтқанда, тәуелсіздердің бүркеулі ісі жұмысшы табының партиясына, РСДРП-ға, зиянды және апатты екенін, біз тәуелсіздердің ісін қалай да әшкерелеуге, олардың бет-пердесін ашып беруге, олардың партиямен байланыстарының қандайы болсын үзілгендігін жариялауға тиісті екенімізді жақсы білеміз. Пленум бұл жолда орасан ілгері басты: мұның өзі бір қарағанда таңқаларлықтай көрінуі мүмкін болғанмен, шынында Мартов пен Мартыновтың берген (арам-

дықпен немесе байқамай берген) нақ сол ризалығы, оларға барынша, тіпті шамадан тыс жасалған нақ сол кеңшіліктер жойымпаздық дертінің, біздің партиямыздағы тәуелсіздік дертінің бетін ашуға көмектесті. Михаил және $К^0$ тобының, Потресов және $К^0$ тобының *тәуелсіздер* болып отырғандығын, олардың іс жүзінде партияны танымайтындығын, партияны керек қылмайтындығын, партияға қарсы жұмыс істеп жүргендігін, қандай фракцияға тілектес болса да, ар-ұяты бар бірде-бір социал-демократ, бірде-бір партияшыл енді бекер дей алмайды.

Тәуелсіздердің бөлініп шығуының және олардың ерекше партия құруының пісіп жетілу процесі қаншалықты тез немесе қаншалықты баяу дамитыны, әрине, есептеуге келмейтін толып жатқан себептер мен жағдайларға байланысты. Халықтық социалистердің ерекше тобы революцияға дейін болды, сөйтіп, социалист-революционерлерге уақытша және жарым-жартылап қосылып келген бұл топтың бөлініп шығуы да өте оңай болды. Біздегі тәуелсіздердің бөліну процесін кешеуілдететін өз дәстүрлері, партиямен байланыстары әлі де бар, бірақ бұл дәстүрлер ұдайы әлсіреп келеді, оның үстіне, революция мен контрреволюция революциялық және партиялық дәстүрлердің қандайынан болсын аулақ жаңа адамдарды шығаруда. Мұның есесіне «вехишілдік» пиғылдар туғызған айналадағы жағдай тұрлаусыз интеллигенцияны тәуелсіздікке қарай мейлінше тез итермелей түсіп отыр. Революционерлердің «карт» ұрпағы сахнадан кете бастады; бұл ұрпақтың өкілдерін, бостандық күндерінде, революция жылдарында көбі өздерінің барлық бүркеншік аттары мен өздерінің бүкіл жасырын істерін ашып қойған өкілдерін, Столыпин барынша қуғынға салуда. Түрме, жер аудару, каторга, эмиграция қатардан шығып қалғандардың тобын барған сайын көбейте түсуде, ал жаңа ұрпақтың өсуі баяу болып отыр. Интеллигенцияның, әсіресе белгілі бір жария іске «орналасып алған» интеллигенцияның құпия партияға мейлінше сенбейтіндігі, қазіргі кездегі аса ауыр, жақсы ат әпермейтін жұмысқа күшін сарп еткісі келмейтіндігі күшеюде. «Достар қиыншылықта танылады», сондық-

тан контрреволюциялық күштердің ескісінің де, жаңасының да қысымшылық келтірген ауыр жылдарын басынан кешіріп отырған жұмысшы табы өзінің интеллигенттер қатарындағы «бір сағаттық достарының», мереке кезіндегі достарының, тек революция кезіндегі ғана достарының — революция кезінде революционерлер болған, бірақ құлдырау заманының ыңғайымен кететін және контрреволюция алғашқы табысқа жеткенде-ақ «жариялылық үшін күрес» жариялауға даяр тұратын достарының талайларының қатардан шығып қалуын көрмей қоймайтыны сөзсіз.

Европа елдерінің бірсыпырасында, мәселен, 1848 жылдан кейін, пролетариаттың революциялық және социалистік ұйымдарының қалдықтарын контрреволюциялық күштер мүлдем жайпап тастай алған еді. Жас кезінде социал-демократияға қосылған буржуазияшыл интеллигент, өзінің бүкіл мещандық психологиясы себепті: осылай болған — осылай болады да; бұрынғы құпия ұйымды сақтап қалуға тырысу—үмітсіз іс, жаңа ұйым құру одан да гөрі үмітсіз іс; біз пролетариаттың буржуазиялық революциядағы күшін жалпы «асыра бағалаппыз», біз пролетариаттың роліне «универсалдық» маңыз беріп қате істеппіз — деп, қолын бір-ақ сілтеуге бейім тұрады,— ренегаттық «Қоғамдық қозғалыстың» осы идеясымақтарының бәрі де құпия партиядан безушілікке тікелей де, жанамалай да итермелейді. Тайғақ жолға түскен тәуелсіз өзінің төмен қарай құлдилап бара жатқанын абайламайды, өзінің Столыпинмен қоянқолтық жұмыс істеп отырғанын абайламайды: Столыпин құпия партияны күш жұмсап, полициялық шаралар қолданып, дарға асу, каторгаға айдау арқылы талқандауда — вехишілдік идеяларды ашық насихаттау арқылы либералдар да тура соны істейді — социал-демократтар арасындағы тәуелсіздер, құпия партия «өлімсіреп» барады деп айқай салып, оған көмектесуден бас тартып, өзінің одан кетуін ақтап («Голостың» 19—20 номеріндегі 16-ның хатын қараңыз), құпия партияның талқандалуына жанамалап көмектеседі. Басқыштан басқышқа түсу деген осы.

Контрреволюциялық дәуір неғұрлым созыла берсе, партия үшін күрес бізге соғұрлым ауыр бола түсетіндігін жасырмаймыз. Партияшылдар қауіпті кемітіп көрсетпейді, олар қауіпке тайсалмай тура қарайды, бұған, мәселен, Орталық Органның 13-номеріндегі К. жолдастың мақаласы дәлел. Бірақ партияның әлсіздігін, ұйымдардың ыдырап жатқандығын және жағдайдың қиындығын батыл және тура мойындау — партия керек пе, оны қалпына келтіру үшін жұмыс істеу керек пе деген мәселеде партия мүшелерінің бірде-бірін айныта алмайтындығы сияқты—К. жолдасты бір сәтке де айныта алмайды. Біздің жағдайымыз неғұрлым ауырлай берген сайын, жауларымыздың саны неғұрлым арта түскен сайын,— бұрнағы күні оларға вехишілдер қосылып еді, кеше халықтық социалистер, бүгін тәуелсіз социал-демократтар қосылды,— сарындарының айырмашылығына қарамастан, барлық социал-демократтар партияны қорғау үшін соғұрлым тығыз топтасады. Революциялық пиғылдағы және социал-демократияға сенетін бұқараны шабуылға қалай бастау керек деген мәселе жікке бөлуі мүмкін болған көптеген социал-демократтарды 1895—1910 жылдары құрылған құпия социал-демократиялық жұмысшы партиясын сақтап қалу және нығайту жолында міндетті түрде күресу керек пе деген мәселе топтастырмай қоймайды.

«Голос» пен голосшылдарға келетін болсақ, бұлар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының өткен жылы июньде қабылданған қарарында олар туралы айтылғандарды өте-мөте айқын сипаттады. «Партияның меньшевиктік лагерінде,— делінген бұл қарарда («Пролетарийдің» 46-номеріне қосымшаның 6-бетін қараңыз),— фракцияның ресми органы «Голос Социал-Демократа» толығымен жойымпаз-меньшевиктердің тұтқынына түсіп отырған жағдайда, фракцияның азшылығы, жойымпаздық жолын ақырына дейін байқап көріп, қазірдің өзінде бұл жолға қарсы наразылық білдіріп отыр, өздерінің істері үшін қайтадан партиялық негіз іздеп отыр...»* Жойымпаздық жолының «ақыры-

* Қараңыз: осы том, 40-бет. *Ред.*

на» дейінгі қашықтық ол кезде біздің ойлағанымыздан гөрі алысырақ болып шықты, бірақ жоғарыда келтірілген сөздердегі негізгі пікірдің дұрыстығын содан бергі жерде фактілер дәлелдеді. Әсіресе «Голос Социал-Демократа» жөнінде айтылған «жойымпаздардың тұтқынына түсіп отыр» деген терминнің дұрыстығы анықталды. Бұл — нақ жойымпаздардың тұтқындары, жойымпаздықты тура қорғауға да, оған тура қарсы шығуға да батылы бармайтын тұтқындар. Олар пленумда да қарарды біраузыдан қабылдағанда, азат адамдар ретінде емес, өздерінің «қожайындарынан» аз уақытқа демалыс алып, пленумның ертеңінде-ақ қайтадан құлдыққа қайтып келген тұтқындар ретінде қабылдады. Жойымпаздықты қорғау қолдан келмейтін болғандықтан, олар принципті мәселелермен байланысы жоқ, бірақ өздерінің жойымпаздықтан безуіне бөгет болып отырған әр түрлі (және ылғи ойдан шығарылған!) кедергілерді тірек етуге барлық күштерін салып бақты. Ал осы «кедергілердің» бәрі де жойылып, өздерінің бөгде, жеке, ұйымдық талаптарының, ақша жөніндегі және басқа талаптарының бәрі де қанағаттандырылған кезде,— олар амалсыздан жойымпаздықтан безуге «дауыс берді». Сорлылар-ай! бұл кезде 16-ның манифесі Парижге қарай жол үстінде кетіп бара жатқандығын, Михаил және К^0 тобы, Потресов және К^0 тобы өздерінің жойымпаздықты қорғау әрекетінде күшейіп отырғандығын олар білмей қалды. Сондықтан олар үн-түнсіз 16-ның, Михаилдың, Потресовтың арттарынан еріп, қайтадан жойымпаздыққа қарай бет бұрды!

Бұл адамдарды қорғап немесе ақтап отырған Ионов пен Троцкий сияқты тұрлаусыз «ымырашылдардың» ең үлкен қылмысы сол — олар бұл адамдардың жойымпаздыққа тәуелділігін күшейтіп, олардың түбіне жетіп отыр. Фракцияшыл емес социал-демократтардың бәрінің де Михаил және К^0-ге қарсы, Потресов және К^0-ге батыл қарсы шығуы (Троцкий де, Ионов та *бұл* топтарды қорғауға бата алмай отыр ғой!) жойымпаздықтың голосшыл тұтқындарының кейбіреулерін партияға қайтаратындай болып отырған кезде,— «ымырашылдардың»

көлгірсіп, қылымсуы партияны жойымпаздармен ешқандай да келісімге келтіре алмай, тек қана голосшылдардың көңіліне «мағынасыз үміт» орнатады.

Айта кетелік, бұл колгірсу мен бұл қылымсудың едәуір дәрежеде жағдайды жай түсінбеушіліктен де болып отырғаны күмәнсыз. Тек түсінбеушіліктің салдарынан ғана Ионов жолдас Мартовтың мақаласын бастыру немесе бастырмау мәселесімен шектеле алады, Троцкийдің Венадағы жақтастары мәселені Орталық Органдағы «жанжалдарға» әкеліп тірей алады. Мартовтың мақаласы да (жойымпаздыққа бастайтын... «Дұрыс жолда»), Орталық Органдағы жанжалдар да — бүтінмен байланыссыз түсінуге болмайтын жеке оқиғалар ғана. Мәселен, Мартовтың мақаласы жойымпаздық пен голосшылдықтың барлық сарындарын жыл бойы зерттеп білген бізге *Мартовтың бұрылып отырғандығын* (немесе оны басқа біреулер бұрып отырғандығын) айқын көрсетіп берді. Бәз-баяғы бір Мартовтың конференция туралы Орталық Комитеттің «Хатына» да қол қоюы, «Дұрыс жолда» деген мақаланы да жазуы *болмайтын іс*. Мартовтың мақаласын оқиғалардың тізбегінен, бұл мақаладан бұрын жазылған Орталық Комитеттің «Хатынан», бұл мақаладан кейін шыққан «Голостың» 19—20-номерінен, 16-ның манифесінен, Данның («Жариялылық үшін күрес» деген), Потресовтың және «Возрождениенің» мақалаларынан бөлектеп алып, Орталық Органдағы «жанжалдарды» тағы да сол оқиғалар тізбегіне бөлектеп алып, Троцкий мен Ионов мұнысымен өздерін болып жатқан оқиғаларды түсіну мүмкіндігінен айырып отыр*. Мұның керісінше, *бәріне негіз болып отырған істі,* атап айтқанда: орыс тәуелсіздерінің біржола топтасуын және олардың құпия партияны қалпына келтіру және нығайту жөніндегі «реакциялық утопиядан» біржола қол үзуін негізге алатын болсақ, онда бәрі де әбден түсінікті бола кетеді.

* Құпия партиядағы жария жеке-дара адамдардың «тең праволылық теориясын» да мысалға алып көріңізші. Бұл теорияның мәнісі мен мазмұны — тәуелсіз-жарияшылдар тобын мойындау және партияны соларға бағындырып беру екендігі Михаил және К°-нің, Потресов және К°-нің сөздерінен *кейінгі жерде* де айқын емес пе екен?

7. ПАРТИЯЛЫҚ МЕНЬШЕВИЗМ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОҒАН БАҒА БЕРУ ТУРАЛЫ

Партиямыздағы «бірігу дағдарысын» ұғыну үшін біздің қарастыруға тиісті болып отырған соңғы мәселеміз партиялық меньшевизм деп аталатын меньшевизм туралы және оның маңызына баға беру туралы мәселе болып табылады.

Бұл ретте фракцияшыл еместердің — яғни фракцияшыл емеспіз деп есептелгісі келетіндердің — Ионов пен Троцкийдің көзқарастары (*«Правданың»* 12-номері және Вена қарары) өте мәнді болып отыр. Троцкий партиялық меньшевизмді үзілді-кесілді және қасарыса елемей отыр,— бұл туралы Орталық Органның 13-номерінде көрсетілген болатын*,—ал Ионов «Плеханов жолдастың» қозғаған сөздерінің мәні (басқа партиялық меньшевиктерді Ионовтың көргісі келмейді) большевиктердің фракциялық күресін «күшейтуге», «партияны соғыс жағдайында деп жариялауды» уағыздауға саяды деп жариялап, өз пікірлесінің «асыл» ойын ашып береді.

Троцкий мен Ионовтың бұл позициясын фактілер қазірдің өзінде теріске шығарып отыр, сондықтан да олар өз позициясының теріс екендігін бірден-ақ көруге тиіс еді. Партияға жәрдемдесуші шетелдік топтардың ең кемі жетеуінде—Парижде, Женевада, Бернде, Цюрихта, Льежде, Ниццада, Сан-Ремода — плехановшылдардың немесе, дұрысырағы, партиялық меньшевиктердің «Голосқа» қарсы шығып, пленумның шешімдерін орындауды талап еткені, «Голостың» 19—20-номерінде ұстаған идеялық позициясының жойымпаздық сипатын көрсете келіп, «Голостың» жабылуын талап еткені Орталық Органның 13-номерінен көрініп отыр. Айқындығы, мүмкін, кемірек болса да, дәл осындай процесс Россиядағы қызметкерлердің арасында да болып жатыр. Бұл фактілер туралы үндемеу — кісі күлерлік іс. Осы фактілерге қарамастан, Плехановтың голосшылдарға қарсы күресін әдебиетшілердің «фракцияшылдық» күресі етіп көрсетуге әрекеттену,— *объективті түрде* — партияға

* Қараңыз: осы том, 253—255-беттер. *Ред.*

қарсы тәуелсіз-жарияшылдар тобы жағына шыққандық болып табылады.

Жоғарыда аталған «ымырашылдардың» ұстаған көріне жалған, көріне ұстамсыз позициясы, олардың пленумдағы бірігудің саяси маңызы «осы адамдармен, топтармен және мекемелермен» келісімге келушілікте болыпты-мыс деген бастапқы козқарасының теріс екенін олардың өздеріне танытуға тиіс еді. Партиядағы оқиғалардың сыртқы формасына және олардың өзіндік ерекшеліктеріне алданбау керек, болып жатқан істің идеялық-саяси маңызын бағалау керек. Сырттай бағалағанда, келісім голосшыл-әлдекімдермен жасалған болатын. Бірақ келісімнің негізі мен шарты—голосшылдардың Плеханов позициясына көшуі болды ғой: мұның өзі партия ішіндегі істің жайы туралы қарарды талдағанда айқын көрінді, бұл талдау жоғарыда жасалды*. Сырттай алып қарағанда, мәселен, Орталық Органның құрамы жағынан алатын болсақ, партиядағы меньшевизмнің өкілдері нақ голосшылдар болып шықты. Іс жүзінде Орталық Орган пленумнан кейін партиялық большевиктер мен плехановшылдардың «бірге қызмет істейтін» органына айналды, бұған голосшылдар тарапынан толық қарсылық жасалды. Партиялық бірігудің дамуында бұраландық пайда болды: әуелі бірігудің идеялық базисі айқын белгіленбеген жалпы ымырашылдық ботқа сияқты бір нәрсе болды, бірақ артынан саяси тенденциялардың логикасы оз дегенін істеді, тәуелсіздерді партиядан екшеп шығару ісі пленумда голосшылдарға осылай мейлінше көп кеңшілік жасалуы арқылы жеделдетілген болып шықты.

Мен «оңнан да, солдан да шыққан жойымпаздармен күресу үшін күшті фракциялардың келісімі» болсын деген ұранға жапталасып қарсы шыққан әрекеттерді пленумда естіп, «Голоста» (№ 19—20, 18-бет) көргенімде («Голос» бұл ұранды тырнақшаға алған, бірақ,

* Пленумда болған 4-цекист-меньшевиктің екеуі голосшылдарға мейлінше көп кеңшілік жасап, оларды іс жүзінде Плехановтың позициясына көшіру үшін барлық күштерін жұмсады. Мұның өзі осы екеуі табанды партия мүшелері еді, олар голосшылдарға қайтып бармайтын еді деген сөз емес. Мұның өзі — меньшевизм өзі партиялықтан әлі *безе* алмайтындай кезеңге тап болды деген сөз.

неліктен екені белгісіз, менің оны пленумға дейін де, пленумда да жақтағандығым тура айтылмаған), ішімнен: «abwarten!», «wait and see» (тірі болсақ көрерміз!) деп ойлап қойдым. Асықпаңыздар, голосшыл мырзалар, өйткені сіздер «қожайынсыз» жерде есеп жасағыларыңыз келді: мәселе пленумның «күшті», өзінің идеялық-саяси позициясы жағынан күшті болып отырған, фракциялармен қатар, жұрттың бәріне келісімге қатысуға мүмкіндік беруінде емес. Сіздердің «қожайындарыңыз» — яғни тәуелсіз-жарияшылдар топтары — бұл мүмкіндіктің шындыққа айналуына жол бере ме, жоқ па, мәселе осында ғой.

Одан бері бірнеше ай өтті — ал ендігі жерде нақ «күшті фракциялардың келісімі» іс жүзінде партиялық бірігу болып табылып, оны «барлық кедергілерге қарамастан» ілгері қарай жылжытып отырғандығын тек соқыр адамдар ғана көрмеуі мүмкін. Солай болуға тиіс, партиядағы күштердің нақты арасалмағына қарай тек қана солай бола алады. Таяу уақыттың ішінде не партияның жетекші мекемелерінің бәрі осы келісімді көрсете аларлықтай болып формальды түрде қайта құрылады, не партияның өмірі және оның бірігуінің дамуы уақытша оның басты мекемелеріне соқпастан жүре береді, бұл күмәнсыз.

Әрине, партиялық меньшевиктерді «күшті фракция» деп атау былай қарағанда таңқаларлық іс сияқты болып көрінеді, өйткені қазіргі кезеңде,— ең болмағанда шетелде,— сірә, голосшылдар күштірек болар. Бірақ біздер, социал-демократтар, күш жөнінде пікір білдіргенде шетелдік топтардың айтқандарына қарап, меньшевиктердің әдебиетшілері қалай топтасқанына қарап емес, қайта кімнің позициясы объективті түрде дұрыс болса, кімнің позициясын саяси жағдайдың логикасы «тәуелсіздерге» бағынышты етсе, соған қарап пікір білдіреміз. 1898—1900 жылдары рабоче-делошылдар шетелде де, Россияда да искрашылдардан күштірек болды, бірақ сонда да олар «күшті фракция» болған жоқ.

Қазір, голосшылдар барлық күштерін Плехановқа қарсы жұмсап, өздерінің жуынды құйған кеспектеріне дейін —ең аяғы Потресов мырзаға дейін және *1901—1903*

(sic!) жылдары Мартовты қалай «өкпелеткендікті» еске түсіруге дейін бәрін жиып-теріп Плехановқа қарсы қойып отырған кезде,—міне осы кезде голосшылдардың бұл әлсіздігі ерекше айқындалып келеді. Россияда февральдағы «Наша Заря» және марттағы «Возрождение» мәселені мүлдем басқа түрде қойып отырған кезде, Орталық Органның 13-номерінде Плеханов енді өзінің голосшылдармен қақтығысуының тарихын жиып қойып, олардың қазіргі саясатына қарсы күреске шыққан кезде, Аксельрод және К⁰ апрельде, шетелде, өздерінің Плехановты балағаттаған сөздерінің жинағын бастырып шығарып, саяси жағынан үмітсіз түрде кеш қалды. Большевиктік Орталықтан қорғану жөнінде әлі де қайырымдылыққа шақырып жүрген впередшілдер сияқты, голосшылдар да ескі (1901 жылға дейінгі!) «өкпелерін» еске түсіріп, дәрменсіз тырбаңдауда.

Бізге «өкпелілер» қадам басқан сайын өздерін өздері ұстап беріп отырғанын қараңыздаршы, бұдан бір жыл бұрын «Ленин — Плеханов» келісімі жөнінде Максимов қандай ызаға булыққан болса, бұлар да 1910 жылы осы келісім (олардың терминологиясы!) ойларына келісімен-ақ дәл солай ызаға булығып отыр. Максимов сияқты, голосшылдар да істі «Лениннің Плехановпен» жасасқан жеке келісімі жайында сөз болып отырғандай етіп, оның бер жағында Плехановтың әрекеті «өрескел қыңырлықтың» («Қажетті қосымшаның» 16-беті), «Савлдың Павлға айналғандығының», «ұшып-қонудың», т. т., т. с. салдарынан болып отырғандай етіп көрсетуге тырысады. Мартов Плехановтың меньшевик ролінденгі *«бесжылдық қызметін»* (ibid.*) есіне түсіріп, осы ұшып-қонғаны үшін оны жаман атты етуге (кешігіп барып) тырысып бағады, бірақ ол осынысымен бәрінен гөрі өзін өзі көбірек масқаралайтынын сезбейді.

Тағы да сол «Қажетті қосымшада» «Голостың» коллективтік редакциясы: Плеханов дәл жаңағы бес жылдың (1904—1908 жылдар) ішінде «ұлы» адам болды деп бізді сендіруге тырысады (32-бет). Қараңыздаршы бұдан не шығар екен. Меньшевиктер Плехановты алған

---

* — ibidem — бұл да сонда. *Ред.*

бағытынан таймаған, меньшевик те, большевик те болмаған, социал-демократияның негізін салушы болған сонау 20 жылдың (1883—1903) ішіндегі қызметі үшін «ұлы» деп жарияламайды, қайта, меньшевиктердің өздерінің мойындауы бойынша, нақ «ұшып-қонып жүрген», яғни меньшевиктік бағытты дәйекті ұстамаған бес жылдың ішіндегі қызметі үшін «ұлы» деп жариялайды. Демек, «ұлылық» меньшевизмнің батпағына бүтіндей батып кетпеуде болып шығады ғой.

Аксельрод пен Мартов өздеріне қолайсыз тиетінін аңғармай, естеріне түсіріп отырған меньшевизмнің нақ сол бесжылдық тарихы, меньшевиктердің жікке бөлінуі Мартов айтып жүретін ұсақ-түйек себептерден, жеке адамдарға байланысты себептерден болмағанын *түсіндіруге* себі тиетін бірсыпыра фактілерді ашып береді.

Плеханов «Искраның» 52-номеріндегі «Нені істемеу керек» деген мақаласында *оппортунистер жөнінде маневр жасап,* оларды маневр арқылы *түзеткісі* келетіндігін жариялай отырып, 1903 ж. Аксельрод пен Мартовты кооптациялады. Ол бұл арада большевиктерді барынша қатты жамандауға дейін барады. Ол 1904 жылдың аяғында либерализм жағына көрінеу тайып кеткен Аксельродты («Земство науқанының жоспары») арашалап қалуға тырысады, бірақ мұны істегенде ол земствошылар алдындағы демонстрацияларды «демонстрациялардың жоғары типі» деп жариялау (партия мүшелеріне арнап *қана* басып шығарылған «Орталық Комитетке хат» деген кітапшада) сияқты кереметтер жөнінде бір сөз де айтпастан істемекші болады. 1905 ж. көктемінде Плеханов «маневрлерден» түк шықпайтынына көзі жетеді де, «Дневниктің» негізін қалап, большевиктермен бірігуді уағыздай отырып, меньшевиктерден қол үзеді. «Дневниктің» 3-номері (ноябрь, 1905 ж.) әсте меньшевиктік емес.

Плеханов партия ішіндегі оппортунистермен маневр жасауға бір жарым жылға жуық (1903 ж. аяғынан 1905 ж. көктеміне дейін) уақыт кетіріп, 1906 жылдың басынан бастап және 1907 жыл бойы кадеттермен *маневр жасаумен* айналысады. Мұның өзінде ол, өзге меньшевиктерге қарағанда, оппортунистікке анағұр-

лым көбірек ұрынады. Бірақ I Дума кезінде «маневр жасауды» жариялаған Плеханов Дума қуылғаннан кейін («Дневниктің» 6-номерінде) құрылтай жиналысы жолында күресу үшін революциялық партиялардың келісімге келуін ұсынғанда, *«Пролетарий»* (№ 2, 29 август, 1906 ж. «Тактикалық ауытқулар» деген мақалада) іле-шала бұл позицияны осте меньшевиктік емес деп атап көрсетеді*.

Плеханов 1907 жылдың көктемінде, Лондондағы съезде — бұдан бұрын «12 жыл ішінде» деген жинаққа жазылған алғы сөзде өзім цитатқа келтірген Череваниннің сөзіне қарағанда — меньшевиктердің *ұйымдық анархизмімен* күреседі **. Оған «жұмысшы съезі» партияға *қарсы* болу үшін емес, партияның дамуына *керекті* маневр жасау үшін керек болған. «Қажетті қосымшада» Мартовтың баяндағанына қарағанда, Аксельродқа (тегі, іс жүзінде партиялық емес, жария органдарды артық көретін Аксельродқа) қарсы меньшевиктердің құпия (яғни партиялық) органының қажеттігін қорғау үшін Плехановтың 1907 жылдың екінші жартысында «қызыл тілге салып біраз сайрауына тура келген». 1908 жылы Потресовтың мақаласынан туған дау-жанжал Плехановтың жойымпаздардан қол үзуіне сылтау болып отыр.

Бұл фактілер нені көрсетеді? Меньшевиктердің қазіргі жікке бөлінуі кездейсоқ нәрсе емес, қайта болмай қоймайтын нәрсе екенін көрсетеді. Кімде-кім маневрге бола қателік жасаған болса, оны «маневр жасау» ақтай алмайды, сондықтан мен Плехановтың бұл қателіктеріне қарсы жазғандарымнан еш нәрсені қайтып алмаймын. Бірақ «маневр жасау» тәуелсіздерге кетудің меньшевиктердің біреулеріне неліктен *жеңіл,* ал екіншілеріне неліктен *ауыр* және тіпті мүмкін еместігін *көрсетеді.* Маневр жасау арқылы жұмысшы табын кадеттердің соңынан ертіп отырған социал-демократтың жұмысшы табына келтіретін зияны өзінің оппортунизмге ішкі бейімділігі салдарынан мұны істейтіндердің келтіретін зиянынан аз емес. Бірақ екіншілердің орға

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 416—421-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 101—120-беттер. *Ред.*

түсетін жеріне келгенде біріншілер тоқтала біледі, тоқтала алады, тоқтап үлгереді. Орыста мынадай мақал бар: бір адамға құдайға құлшылық ет десең,— ол жалп етіп маңдайын жарады. Плеханов: Потресовтар мен Дандарға маневр жасау үшін оңға қарай жүр десең—олар принцип үшін оңға қарай жүреді дей алар еді.

Белгілі меньшевиктердің келіп тоқтаған жері олардың: «партиялық меньшевиктер» деген атын толық ақтайды. Олар тәуелсіз-жарияшылдарға қарсы — партия үшін күресудің керектігіне тоқтап отыр. Потресов мырза мен «Голос Социал-Демократаның» редакциясы «Қажетті қосымшада» осы қарапайым және айқын мәселеден жалтарып кетуге тырысып босқа арам тер болады.

Энгельс те S. D. F-пен (ағылшын социал-демократтарымен) күрескен,— деп бұлтақтайды Потресов (24-бет). Софистика ғой, жарқыным-ау. Энгельс партияны түзетіп отырған [120], ал сіз партияны қалай түзету керек екенін айтпай отырсыз ғой, сіз ол түгіл: қазір құпия социал-демократиялық партия керек пе, РСДРП керек пе, жоқ па дегенді де тура айтпай отырсыз ғой. Столыпиннің алдында сіз *керегі жоқ* дейсіз («Наша Заря»), ал партия мүшелерінің алдында, құпия баспасөзде, сіз мұны айтуға *бата алмайсыз,* қипаңдап, бұлтақтайсыз.

«Ленин — Плеханов жұмысшы қозғалысының жаңа формаларына қарсы соғысуды ұсынады» (31-бет), «біздер нағыз жұмысшы қозғалысының мән-жайын, жағдайлары мен мүдделерін *негізге аламыз»* (32-бет),—деп сендірмек болады редакция. Софистика ғой, жарқындарым-ау. Осы жаңа формаларды тану үшін пленум қолдан келгеннің *бәрін* істегенін өздеріңіз де мойындадыңыздар ғой, тіпті большевиктер де өздерінің пленумға *дейінгі* күресімен мұны *дәлелдеді ғой.* Біз «жаңа формалар» керек пе, жария жұмыс жүргізу керек пе, жария қоғамдар құру керек пе деген мәселелер жөнінде ажырасып отырғанымыз жоқ, тіпті де ол үшін емес. Біз Михаил және К° тобы, Потресов және К° тобы сияқты осындай жұмыс жүргізіп отырған жарияшылдардың *социал-демократтар партиясына тәуелсіз бола тұра,* өздерін социал-демократпыз деп есептеулеріне бола ма,

немесе социал-демократиялық партия мүшелері партияны тануға, оның қажеттігін уағыздауға, онда жұмыс істеуге, оны ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеуге, партиямен дұрыс байланыс жасау үшін барлық жерлерде және барлық одақтарда құпия ұялар құруға *міндетті* ме деген, т. с. мәселелер жөнінен ажырасып отырмыз. Біздің *енді* — пленумнан кейін — *тек* осы үшін *ғана* ажырасып отырғандығымызды сіздер де жақсы түсінесіздер.

Партияны жақтап, тәуелсіздерге қарсы күресу үшін партиялық меньшевиктермен біздің жақындасып, олармен келісімге келуге ұмтылуымызды голосшылдар «Ленин мен Плехановтың» жеке бастарының блогы ретінде көрсетуге тырысады. Олар *«Пролетарийдің»* 47—48-номеріндегі Потресовқа қарсы жазылған мақаланың авторын Плехановпен «келісімге келу үшін бейне бір жалдаптық етуші» «патша сарайының жарамсағының» сөз саптасы үшін жер-жебіріне жете балағаттайды.

Мен бұл мақаланы ашып, 7-бетінен мынаны оқимын:

> «Әрине, Плехановтың революция кезіндегі барлық қателері оның ескі *«Искрада»* өзінің жүргізген бағытын дәйекті түрде жүргізіп *отырмағандығынан* туды».

«Жарамсақтық» пен «жалдаптыққа» мұның қайсысы көбірек ұқсас: большевиктердің нені Плехановтың қателігі деп есептегенін осынау тура айту көбірек ұқсай ма, әлде Плехановтың нақ меньшевик болған кезінде, меньшевиктер айтқандай, оның «ұшып-қонып жүрген» кездерінде оны «ұлы» деп жариялау көбірек ұқсай ма, мұның төрелігін оқушылар берсін.

«Голос Социал-Демократаның» редакциясы: *«жауапты»* (курсив «Голостікі») «саяси қимыл жасау уақыты қайта туған кезде Плеханов бізбен бірге болады» («Қажетті қосымшаның» 32-беті) деп жазады.

Бұл — саяси сауатсыздық, бірақ «жалдаптық» жөнінде әбден айқын нәрсе. Сауатсыздық, өйткені бұқараның өзі анағұрлым оңай жол таба алатын ашық күрес кезіндегіден гөрі, *қазіргі уақыт* — қарт көсемдер үшін *жүз есе жауапты* саяси қимыл жасайтын уақыт қой. «Жалдаптық» мағынасында айқын, өйткені Плеханов

қайтадан «маневр жасауға» кіріскен кезде, оны тағы да меньшевик деп тануға дайын екендігін білдіріп отыр.

Мәселен, Аксельродтың: «Біз жағымпаз малайдың ролін атқаратын халге дейін» (Плехановтың алдында) «төмендегіміз келмеді» (19-бет) деген сөздерімен қатар өздерінің мұндай қылықтарының қандай маңызы бар екенін голосшылдардың түсінбейтіндігіне біз таң қаламыз. Сіздер дәл осы *жағымпаз малайлар* сияқты болып отырсыздар. Сіздердің Плехановқа көзқарастарыңыз *осы* адамдардың: «не тісін сындыр, не қолыңды бер» деген «формуласына» дәл келеді.

Сіздер бес жыл бойы «қолыңды бер» деп келдіңіздер, қазір көлемі екі есе 32 бетте «тісін сындырып» отырсыздар, ал 32-бетте тағы да меньшевик деп тануға және «қолыңды бер» деуге «дайын екендіктеріңізді білдіріп отырсыздар».

Бізді алатын болсаңыз, біз Плеханов «ұшып-қонып жүрген» кезінде еш уақытта большевик болған емес деп айтуға праволымыз. Біз оны большевик деп есептегеніміз жоқ және еш уақытта большевик деп есептемейміз де. Бірақ, тәуелсіз-жарияшылдар тобына қарсы шыға алатын және олармен күресті ақырына дейін жеткізе алатын кез келген меньшевик сияқты, оны да біз *партиялық* меньшевик деп есептейміз. Біз қазіргі қиын заманда, жұмысшы қозғалысының теориясында марксизм үшін, ал практикасында партия үшін күресу күн тәртібінде тұрған кезде, ондай социал-демократтармен жақындасуға барынша күш салуды барлық большевиктердің сөзсіз борышы деп есептейміз.

8. ҚОРЫТЫНДЫ. БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПЛАТФОРМАСЫ ТУРАЛЫ

Пленум белгілеген партия конференциясы пленумның барлық меньшевиктер партия позициясына көшкен жағдайда ұсынатын күн тәртібімен қанағаттана алмайды және қанағаттануға тиіс емес. Бұл болмады — сондықтан өзіміз бен өзіміздің жасырынбақ ойнауымыздың реті келмейді.

Бұл конференцияға сайлау ұраны, оны шақыру және әзірлеу ұраны — тәуелсіз-жарияшылдар тобына қарсы

күресте *партия мүшелерін топтастыру* болуға тиіс. Осы міндетке сәйкес және голосшылдардың антипартиялық позициясын ескере отырып, біз партияның басшы мекемелерінің бәрін мейлінше батыл қайта құруымыз керек, қайта құрғанда, олар енді әрбір голосшылдың әзірлеп қойған және бұдан былайғы жерде де әзірлеп қоятын бақастығымен шұғылданбай, *партияны құру жөніндегі шын жұмыспен* шұғылданатындай етіп қайта құруымыз керек. Голосшылдар партияны құрғылары келмейді, олар тәуелсіз-жарияшылдар тобына астыртын көмектескілері келеді.

Бұл конференцияға большевиктердің платформасы осындай болуға тиіс. Партияны декабрь (1908 ж.) қарарларына сәйкес және сол қарарлардың рухында құру керек. Пленумнан кейінгі оқиғалардың бүкіл барысы керек етіп отырған, жоғарыда көрсетілген түзетулерді пленум шешімдеріне енгізе отырып, пленумның ісін алға апару керек. Пролетариаттың күшін жинау үшін, оның топтасуы және тығыз бірігуі үшін, күреске бейімделіп баулынуына және денесінің құрыс-тырысын жазуына көмектесу үшін барлық және қандай болсын жария мүмкіндіктерді үздіксіз, үнемі бұлжытпай, жан-жақты және табанды түрде пайдалануға барынша күш жұмсау керек,— сонымен қатар құпия ұяларды, құпия таза партиялық ұйымдарды және көбінесе, ең алдымен таза пролетарлық ұйымдарды жаңа жағдайларға бейімделуге үйрете отырып, оларды үнемі қайта құрып отыру керек; тек осы ұйымдар ғана жария ұйымдардағы бүкіл жұмысты жолға қоя алады, бұл жұмысқа революциялық социал-демократиялық рух бере алады, ренегаттармен және тәуелсіз-жарияшылдармен бітіспес күрес жүргізе алады, біздің партиямыз, біздің РСДРП, революцияның және пролетариаттың 1905 жылғы ұлы жеңістерінің барлық дәстүрлерін сақтай отырып, партияның пролетарлық армиясын нығайта және кеңейте отырып, оны жаңа шайқасқа, жаңа жеңістерге бастайтын уақытты әзірлей алады.

«ZIHŅA»-ның[121] МЕРЕКЕЛІК НОМЕРІНЕ

Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті делегат етіп жіберген жолдас [122] РСДРП Орталық Комитетінің пленум мәжілісінде Латыш өлкесі социал-демократиясындағы жұмыстың жайы туралы есеп бергенде (бұл есеп партиямыздың Орталық Органының 12-номерінде қысқаша баяндалған болатын), бізде өзіміз бастан кешіріп отырған ауыр уақытта латыш социал-демократиясы айрықша «қалыпты», кінәратсыз дамып келеді екен деген әсер қалды. Бұл әсер мынадан туды: өзінің құрамы жағынан барынша пролетарлық болған және көбінесе жұмысшылардың өздері басшылық еткен Латыш өлкесінің социал-демократиясы объективті жағдайлардың талабына сәйкес ерекше тактика жасап шығаруға және ұзаққа созылып отырған контрреволюция дәуірінің ұйымдық міндеттерін шешуге қазірдің өзінде-ақ көшіп үлгерді. Революция кезінде латыш пролетариаты мен латыш социал-демократиясы самодержавиеге және ескі құрылыстың барлық күштеріне қарсы күресте алдыңғы қатардағы, неғұрлым көрнекті орындардың бірінде болды. Сөз арасында мынаны атап көрсете кету назар аударарлық: 1905 жыл ішінде болған стачкалардың ресми статистикасы (сауда және өнеркәсіп министрлігі бастырып шығарған)[123] пролетарлық стачкалық күрестің табандылығы жөнінде Лифляндия губерниясының бірінші орында тұрғанын көрсетеді. 1905 жылы Лифляндия губерниясында не бары 53 917 фабрика-завод жұмысшысы болды, ал стачкашылардың саны —

268 567, яғни бес есе дерлік (4,98 есе) көп! Лифляндия губерниясындағы әрбір фабрика-завод жұмысшысы биыл орта есеппен 5 рет ереуіл жасаған. Лифляндия губерниясынан кейінгі орында Баку губерниясы, мұнда әрбір фабрика-завод жұмысшысы 4,56 рет ереуіл жасаған, Тифлис губерниясы—4,49 рет, Петроков губерниясы—4,38 рет және Петербург губерниясы—4,19 рет ереуіл жасаған. 1905 жылы Москва губерниясында ереуіл жасаған жұмысшылардың саны 276 563 болды, яғни Лифляндия губерниясындағыдан сәл ғана артық, ал Москва губерниясындағы фабрика-завод жұмысшыларының жалпы саны Лифляндия губерниясындағыдан 5 есе көп (мұнда 53 917 болса, онда 285 769). Бұдан латыш пролетариатының қаншалықты саналы, бірауызды және революцияшыл түрде бой көрсеткені көрініп отыр. Ал сонымен қатар оның абсолютизмге қарсы шабуылдағы авангард ретіндегі басшылық ролі ереуіл күресімен шектелмегендігі де мәлім: ол қарулы көтерілістің авангардында болды, ол қозғалысты ең жоғары сатыға көтеруге, яғни көтеріліс сатысына дейін жеткізуге бәрінен де көп жәрдемдесті. Ол патша өкіметі мен помещиктерге қарсы революциялық ұлы күреске латыш ауыл шаруашылық пролетариатын және латыш шаруаларын басқа кімнен болса да көп тартты.

Революция кезінде Россия социал-демократиясының алдыңғы қатарлы отрядтарының бірі болған латыш жұмысшы партиясы контрреволюцияның ауыр кезеңінде де алдыңғы қатарда бола білді. Жоғарыда айтылған есептен бізге мыналар белгілі болып отыр: латыш социал-демократиясында революциялық бос сөзге әуестенуден де (біздегі «шақырымпаздар» сияқты), жария мүмкіндіктерге әуестенуден де (біздің құпия партияны теріске шығаратын, РСДРП-ны қалпына келтіру және нығайту міндеттеріне қолын бір-ақ сермейтін *жойымпаздар* сияқты) ерекше ағым тумаған. Латыштың социал-демократ жұмысшылары әр алуан жария мүмкіндіктерді: жария одақтарды, түрлі жұмысшы қоғамдарын, Дума трибунасын және т. т. пайдалану жөніндегі жұмысты жолға қоя білді; оның бер жағында олар құпия, революциялық социал-демократиялық партияны

тіпті де «жойған» жоқ, қайта, керісінше, барлық жерде партияның құпия жұмысшы ұяларын сақтап қалды, бұл ұялар жұмысшы табының жас ұрпақтарынан күрескерлердің барған сайын қалың және саналы бұқарасын табандылықпен, ұдайы даярлай отырып, революциялық ұлы күрестің дәстүрлерін қорғайтын және дамытатын болады.

Латыш социал-демократиясын табысқа жеткізген себептердің ішінде мына себепті бірінші орынға қою қажеттігі күмәнсыз: ол —капитализм дамуының қалада да, сондай-ақ деревняда да неғұрлым жоғары сатыда болуы, таптық қайшылықтардың өте айқындығы мен анықтылығы, бұл қайшылықтардың ұлттық езгінің салдарынан шиеленісе түсуі, латыш халқының шоғырлана орналасуы және оның мәдени дамуының неғұрлым жоғары сатыда болуы. Орыс жұмысшы табы дамып отырған және оның әрекет етуіне тура келіп отырған жағдай осы жағынан алғанда едәуір кем дамыған. РСДРП-ның орыс бөлегінде қазір неғұрлым шиеленіскен дағдарыс туғызып отырған нәрсе нақ осы дамымағандық. Ұсақ буржуазиялық интеллигенция біздің қозғалысымызда пайда келтірумен қатар зиян да тигізе отырып, үлкен роль атқарады: теория мен тактика мәселелерінің талдап жасалуымен бірге, ол социал-демократиялық жолдан ерекше «бағытқа», мысалы, «шақырымпаздық» пен «жойымпаздық» сияқты «бағытқа», әрбір ауытқушылықтың «болуын» енгізіп отырады.

Біз өз табыстарын мақтан етуге толық негізі бар латыш социал-демократиясы РСДРП-дағы осы көкейтесті мәселелерге қолды бір-ақ сермейтіндей тәкаппар бола қоймас деген үміт білдіре аламыз.

Пролетариат неғұрлым саналы болса, ол өзінің социал-демократиялық мақсаттарын соғұрлым айқын ұғынады, ол жұмысшы қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық бұрмалаушылық атаулыға қарсы соғұрлым жігерлі күреседі, ол өзінің онша ысылып жетпеген жұмысшы жолдастарын ұсақ буржуазиялық оппортунизмнің ықпалынан босатып алуға соғұрлым көбірек қамқорлық жасайды.

РСДРП-дағы жойымпаздық бағыт — Россиядағы ұсақ буржуазиялық қатынастардың жемісі. Либерал буржуазия түгелдей революцияға қарсы болып отыр, революциядан бас тартып отыр, 1905 жылдың тактикасын «қантөгіс, нәтижесіз» болды-мыс деп қарғап отыр, қолында билігі барлар алдында құрдай жорғалап, халықты тек қана *жария* күрес әдістеріне шақырып отыр. Ал біздің партиямызда жүрген ұсақ буржуазиялық интеллигенция контрреволюциялық либерализмнің ықпалына түсіп кете береді. Революцияның бес томдық тарихы («XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс», Масловтың, Мартовтың және Потресовтың редакциясымен) шығарылды, ал бұл тарихта іс жүзінде ренегаттардың ілімі, пролетариат өз күштерін «асыра бағалап», буржуазия күштерін «жете бағаламады» және т. т. деген ілім насихатталып отыр. Шындығында пролетариат бұқарасы буржуазияның сатқындығын жете бағаламады, бостандық жолындағы күресте буржуазияның күшін асыра бағалады, оз күштерін — миллиондаған езілгендер мен қаналғандардың шабуыл күштерін жете бағаламады.

Жария журналдар («Наша Заря» және «Возрождение») шығарылып, оларда құпия партияны, біздің ескі, жылдар бойы сыннан өткен РСДРП-ны қалпына келтіру және нығайту «реакциялық утопия» деп уағыздалады. Меньшевиктік құпия органда —«Голос Социал-Демократада»— қайсыбіреулер тәрізді мырзалар қорғалады және «жариялылық үшін күрес» деген ұран жарияланады. Меньшевизмнің өте-мөте көрнекті көсемдерінің бірі, Плеханов, бұл басылымдардың бәрінің редакцияларынан және қызметкерлер құрамынан шығып, оларға қарсы соғыс жариялап отыр және *партияшыл*-меньшевиктерді пролетариаттың революциялық, құпия партиясы—РСДРП-ны қолдауға және нығайтуға шақырып отыр.

Сонымен, біздің партиямыз тәуелсіз жарияшылдар топтарына қарсы шешуші шайқасқа шығып отыр, олардың (яғни жарияшылдар) өздерін социал-демократтармыз деп атауы дұрыс емес. Шындығында, олар социал-демократтардың ісін бүлдіріп жүр, жұмысшы

табының социал-демократиялық ұйымын бүлдіріп жүр, бұл ұйымды ешқандай принциптері жоқ және іс жүзінде жұмысшы табын либералдық идеология мен либералдық саяси басшылыққа тәуелді етіп отырған айқын бейнесіз жария топтарға айырбастап жүр.

Будан он жыл бұрын біздің партия қазіргі «жойымпаздыққа» тым жақын тұрған «экономизм» дейтінге қарсы күрес жүргізді. Қазір күрес қиынырақ болып отыр, өйткені контрреволюцияның барлық күштері—тек ескі контрреволюцияның ғана емес, сонымен бірге жаңа (қазіргі), либералдық-буржуазиялық контрреволюцияның да барлық күштері — пролетариаттың бойындағы 1905 жылдың дәстүрлерін жоюға, оның құпия социал-демократиялық партиясын жоюға бағытталып отыр. Бірақ 1905 жылғы революцияда көсем бола білген жұмысшы табы социал-демократиялық жолдан мұндай ауытқудың бәрін, күмән жоқ, жеңіп шығады.

1905 ж. революцияға дейін социал-демократтар 20 жыл бойы мүлде құпия үйірмелерде жұмыс істеді және миллиондарды самодержавиеге қарсы үрдіс шабуылға бастап отырған партияны құрды. Революциядан кейін біз құпия ұялардың жұмысын жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге бұл жұмысты ондаған есе күшейте аламыз — ал, олай болса, күшейтуге тиіспіз де,— бұл ұяларды жария ұйымдардың қалың жүйесімен қоршап, қара Думаның трибунасын өзіміздің үгітімізге пайдалануға, революциялық күресте алған сабақтарды жұмысшылар бұқарасына сіңіруге, сөйтіп социал-демократиялық партия құруға тиіспіз, бұл партия ондаған миллиондарды самодержавиеге қарсы жаңа үрдіс шабуылға бастайды.

1910 ж. июльде «Zihņa» газетінің 100-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр
Латыш тілінен аударма

КОПЕНГАГЕН КОНГРЕСІНДЕГІ РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ КООПЕРАТИВТЕР ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ[124]

Конгресс мыналарды мойындайды:

1) пролетарлық кооперативтер делдалдық қанаушылықты кеміту, өнім дайындап берушілердегі еңбек жағдайына әсер ету, қызметшілердің жағдайын жақсарту және т. т. арқылы жұмысшы табына өз жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді;

2) пролетарлық кооперативтер стачкалар, локауттар, қуғындаулар және т. с. кезінде көмек көрсете отырып, бұқаралық экономикалық және саяси күресте барған сайын зор маңыз алып келеді;

3) пролетарлық кооперативтер жұмысшы табы бұқарасын ұйымдастыруы арқылы оны дербес іс жүргізуге және консум ұйымдастыруға үйретеді, осы салада оны болашақ социалистік қоғамдағы экономикалық өмірді ұйымдастырушы ролін атқаруға даярлайды.

Екінші жағынан, конгресс мыналарды мойындайды:

1) әзірге өндіріс пен айырбас құралдары белгілі таптың — оны экспроприациялау социализмнің басты мақсаты болып табылады — қолында қалып отырғанда, кооперативтердің қол жетерлік жақсартулары өте тар шеңберде шектеулі болады;

2) таза коммерциялық мекемелер болғандықтан және бәсеке жағдайлары қысымының әсерінен кооперативтердің буржуазиялық акционерлік қоғамдарға айналып кету тенденциясы бар;

3) кооперативтер капиталмен тікелей күресетін ұйымдар болмағандықтан, олар әлеуметтік мәселені шешудің

құралы болып табылады-мыс деген жалған үміттер туғыза алады және туғызып та жүр.

Сондықтан конгресс барлық елдердің жұмысшыларын:

а) пролетарлық кооперативтік қоғамдарға кіріп, олардың дамуына жан-жақты жәрдемдесуге, олардың ұйымдастырылуын шын демократиялық рухта (кіру жарнасының төмен болуы, 1 пай — 1 адам және т. т.) бағыттап отыруға;

б) одақ ішінде социалистік насихат пеп үгітті тынбастан жүргізу арқылы жұмысшылар бұқарасы арасында тап күресі мен социализм идеяларының таралуына жәрдемдесуге;

в) кооперативтерде социалистік сананың өсуіне қарай кооперативтер мен социалистер партиясының, сондай-ақ кәсіптік одақтардың арасында етене байланыс орнатып, нығайтуға шақырады;

г) сонымен бірге конгресс: өндірістік кооперативтер тұтыну кооперативтерінің құрамды бөліктері болған жағдайда ғана жұмысшы табының күресі үшін маңызды болады деп көрсетеді.

1910 ж. 16—17 (29—30) августа жазылған

Бірінші рет 1929—1930 жылдарда В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XIV том

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ВПЕРЕДШІЛДЕРДІҢ» ФРАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

«Вперед» тобы Парижде «Алға» деген атпен «кезекті мәселелер жөніндегі мақалалар жинағын» шығарды. Сажин жолдастың «жеке адамның қаржысына басып шығарылған» және «Алға» жинағының редакциясы арқылы алуға болатын кітапшасына («Партияны қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде») байланысты «Вперед» тобының қолы қойылған жеке листокқа және осы топтың платформасына байланысты қазір партияның қолында «впередшілдер» туралы пікір айту үшін әбден жеткілікті материал бар.

Впередшілдердің платформасы мынадай үш ерекшелікпен сипатталады. Біріншіден, біздің партияның барлық топтары мен фракциялары ішінен ол тұңғыш рет философияны ұсынып отыр және оның бер жағында бүркеншік атпен ұсынып отыр. «Пролетарлық мәдениет», «пролетарлық философия»— платформа дегені, міне, осылар. Бұл бүркеншік аттың астарында *махизм,* яғни әр түрлі желеумен (эмпириокритицизм, эмпириомонизм және т. т.) философиялық идеализмді қорғаштау жатыр. Екіншіден, саясат саласында бұл топ шақырымпаздықты «заңды сарын» деп жариялады және партияның Мемлекеттік думаға көзқарасы жөніндегі міндеттерін анықтауға осы топқа мүше кейбір шақырымпаздар келіспейді деп хабарлады. Осы анықтаманың өзі впередшілдердің платформасында көмескі және шатастырылып берілгені сонша, бұл анықтаманы шақырымпаздық ой-пікір шеңберіне бейімдеушілік деу-

ден басқаша сипаттауға болмайды. Ақырында, үшіншіден, платформа фракцияшылдықты батыл айыптап, фракциялардың біріктірілуін, партия ішінде оларды қосып жіберуді талап етті.

Сонымен, қорыта келгенде —егер аяғынан бастасақ— мұнда тым жақсы бір тілек бар екенін және марксизмнен қол үзгендікті, пролетариатты буржуазиялық идеология мен саясатқа бағындыруды білдіретін тым жаман идеялық-саяси бағыттарды көлегейлеп отырған екі бүркеніш бар екенін көріп отырмыз. Мұндай қойыртпақтан қандай нәтиже шығуы мүмкін екенін «Алға» жинағы айқын көрсетіп отыр.

Жинақтың бас мақаласының авторы, Максимов, «пролетарлық мәдениет» туралы айтқанда, мұны өзінің қалай ұғынатыны жөнінде ешбір түсінік берместен-ақ платформаның айла-шарғысын бұлжытпай ұстанады. Көпшілікке ұғымды етіп баяндау ниетімен жазылған мақалада бұл жасырынбақ ойнау көзге ерекше бадырайып көрінеді. Егер Максимовты *жүзбе-жүз* білетіндерден басқа немесе махизм туралы және махизмге байланысты болған *барлық* таласты қадағалап отырғандардан басқа *бірде-бір* оқушы бұл сияқты бос сөздің шын мағынасын түсіне *алмаса,* мұның көпшілікке ұғымды болғаны қайсы? Дәл сол Максимовтың өзі жинақтың 4-бетінде «пролетариат үшін теріс және зиянды буржуазиялық ғылым мен философияның... идеяларын талғаусыз қабылдап, насихаттап отырған» интеллигенциядан шыққандардың «пролетарлық социализм үшін қауіптілігі» туралы айтып отырса, мұның көпшілікке ұғымды болғаны қайсы?

Көп нүктені Максимов қойған. Бұл нүктелер ұялған соң үндемегендікті білдіруге тиіс пе, жоқ па, мұны біз білмейміз. Бірақ *«буржуазиялық философияның»* пролетариат үшін зияндылығы туралы айтып, мұны әсіресе «көпшілікке арналған» мақалада айтып, ал нақ *қандай* философия жайында айтылып отырғанын дәл де айқын анықтамау дегеннің өзі фракциялық айла-шарғының ең нашар түрін қолдану болатынын біз жақсы білеміз. Егер сіз буржуазиялық философия туралы мәселені маңызды мәселе деп есептейтін болсаңыз, егер сіз оны

«көпшілікке арналған» жинақтың бас мақаласында көтеріп отырған болсаңыз, онда турасын батыл айта алатын болыңыз, өз идеяларыңызды жасырмаңыз, қайта оны қорғаңыз.

Сажин жолдас, «практик» ретінде кетсе керек, Максимовтың айла-шарғысын тым дөрекі түрде күйретіп тастап отыр*. Ол өз кітапшасының 31-бетінде «партия мүшелері» үшін *«олардың революциялық және философиялық ойларына толық бостандықтың» «қамтамасыз»* етілуін талап етеді.

Мұның өзі — бастан-аяқ оппортунистік ұран. Барлық елдерде мұндай ұранды социалистік партиялардың ішінен оппортунистер ғана ұсынды және іс жүзінде жұмысшы табын буржуазиялық идеологиямен аздырудың «бостандығынан» басқа ештеме де болған емес. Біз *мемлекеттен* (партиядан емес) «ой бостандығын» (баспасөз, сөз, ождан бостандығын деп оқы) одақтар бостандығымен бірдей талап етеміз. Ал пролетариат партиясы дегеніміз — еркін одақ, буржуазияның «ойымен» (идеологиясымен деп оқы) *күресу үшін* дүниеге белгілі бір көзқарасты, атап айтқанда: маркстік көзқарасты қорғау және жүзеге асыру үшін құрылған одақ. Бұл — айдан анық нәрсе. Ал Максимовты, Сажинді және $К^0$-ні осы айдан анық нәрсені ұмытуға олардың саяси жағдайындағы жалғандық мәжбүр етіп отыр. Олардың жеке басының екіжүзділігі емес, нақ позициясының саяси жалғандығы олардың буржуазиялық ұрандарды уағыздауын туғызды. Ол жалғандық мынада: бір «впередшілдер» жан-тәнімен пролетариатты *кері,* буржуазиялық философияның (махизм) идеяларына қарай тартқысы келеді, ал екінші біреулері философияға немқұрайды қарайды, сөйтіп махизм үшін... «толық бостандықты»

* «Вперед» жинағында екінші бір «практик», петербургтік «Ткач И—н» де оншама сыпайыгерсімей-ақ көкіп қояды: «Айта кететін бір нәрсе,— деп жазады ол,— әсіресе Бельтовтың «Монистік көзқарас» деген кітабы тарихи материализм туралы әсіресе осындай теріс түсінік туғызуы мүмкін» (жинақ, 57-бет). Осылай демегенде қайтсін! «Тарихи материализм туралы», әрине, орыс құдай жасампаздары мен махистердің кітаптары ең дұрыс «түсінік» береді — бұл қандай «впередшілге» мәлім емес? Орыс марксистерінің бүтіндей бір ұрпағы тәрбиеленген бұл кітап Юшкевичтердің, Богдановтардың, Валентиновтардың және Луначарскийлердің философиялық шығармаларымен қайдан тайталаса алсын...

талап етеді. Сондықтан бәрі бірігіп айла-шарғы жасауға, шатастыруға, жасырынбақ ойнауға, буржуазиялық ұрандарға жармасуға *мәжбүр болып* отыр.

Ал «революциялық ойға толық бостандық болсын» деген *іс жүзінде* не? Шақырымпаздық және басқа жартылай анархистік идеялар үшін *бостандық* беруден басқа ештеңе де емес. Басқа сөзбен айтқанда, бұл арада впередшілдердің «платформасындағы»: шақырымпаздықты «заңды сарын» деп тану деген сөздің дәл өзі айтылып отыр. Тағы да идеялармен бүркелген ұсақ айла-шарғы, тағы да жасырынбақ ойнау, тағы да бәз-баяғы: біз махист емеспіз ғой, бірақ махизмнің «толық бостандық» (партияда) алуын жақтаймыз; біз шақырымпаздар емеспіз, бірақ шақырымпаздық сарынның немесе жалпы алғанда: «революциялық ойдың» «толық бостандық» алуын жақтаймыз деген түгелдей жалған саяси-идеялық позиция тұрғысынан түсіндірілетін екіжүзділік болып шығады! *Екі* впередшілдің (Сажин мен Рабочий Ар.) *өздерінің* қолдарын қойып жария мүмкіндіктер мен Дума трибунасын пайдаланудың маңыздылығы мен қажеттігін батыл жақтаған пікір айтуы былықты онан сайын толықтыра түседі. «Социал-демократия,— деп жазады *Рабочий Ар.*,— жария мүмкіндіктерді пайдаланудың *қандайына болса да* қарсы» (міне, біз қандаймыз!) «үгіт жүргізіп отырғандармен» (мұндай үгітті жүргізіп отырған кім, Ар. жолдас? Сіздердің впередшілдеріңіз емес пе?) «күресуге тиіс, өйткені бұл сияқты әрекет социал-демократиялық әрекет емес» (жинақтың 48—49-беттері). Және де нақ сол *Ар.*-дың өзі *«Пролетарий»* бағытындағы большевиктердің осы сөздерін *қайталай отырып, «Пролетарий»* впередшілдерге күйе жақты-мыс деп (кейіннен) оны қатты сөгеді! Барлық бағытта кейін шегіну, өз позицияларының бәрінен айрылу, кезінде қарар қабылдаған, мысалы, фабрика-завод дәрігерлері съезіне бойкот жасау туралы қарарды қабылдаған өз достарын, впередшілдерді, баспасөзде айыптау (тағы да: мұны тура айтпайды),— сөйтіп өзінің кейін шегінгендігін, өзінің тізе бүккендігін байбалам салып бүркемелеу деген міне осы болады. Түкке тұрғысыз фракциялық айла-шарғы!

«Впередшілдердің» фракциялар мен фракцияшылдық туралы мәселе жөнінде жазғандарына көз салыңызшы. «Платформа» фракцияны айыптап, оларды таратып жіберуді талап етті. Сажин фракциялық орталықтардың, «шетелдік көсемдердің», т. т. және т. с. жер-жебіріне жетеді. Впередшілдер фракцияшылдық жөнінде көз жасын көл етті, ұшы-қиыры жоқ сөздер айтты.

Ал олардың істері ше? «Вперед» тобының январьдағы (1910) «бірігу» пленумы кезінен бергі бүкіл тарихы— *шетелде жатып фракция құру*. Орыс қызметкерінің Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшесіне жолдаған бір хатынан (1910 жылғы 15 июльдегі) үзінді келтірейік:

«Комитет бар (Петербургте) және, оның үстіне, жеке кассасы және секретары бар «впередшілдер» тобы өмір сүріп отыр. Ақша шетелден алынды. Москвада»—бұдан әрі неғұрлым көрнекті шақырымпаздардың біріне өте жақын адамның аты аталған, сөйтіп нақ осындай саясат жүргізетіні көрсетілген.

Партиялық істермен азды-көпті таныс, «Впередтің» әдеби топсымағының позициясына азды-көпті құнттап қарайтын бірде-бір адам бұл топтың шетелде жатып фракция ұйымдастырғандығына бір сәт те күмәндана алмайды. «NN-дегі» атышулы «мектеп» жаңа фракцияның шетелдік орталығы болды, мұның өзі 1909 жылы июльде баспасөзде мәлімденді*, содан бері бұған ең алаңсыз және бейхабар социал-демократтардың да көзі жетті. Атышулы «платформаны» шетелде 8 интеллигент пен 7 жұмысшы-шәкірт ойлап шығарды. «Пролетарлық философия» ұрандарына қол қоя салған бұл жұмысшылардың ролі мен шақырымпаздықты «заңды сарын» деп танушылық өте айқын нәрсе, сондықтан бұл жайында тағы да айтып жатудың қажеті болмас. Біз шетелдегі бір топ әдебиетшілердің фракция құруының таза үлгісымағын көріп отырмыз, олар нақ «хандар» сияқты болды, (Воиновтың «Вперед» жинағында қолданған сөзі), өйткені олар өз зорлығын өздері сезеді, өздеріне өте қымбат нәрсені, яғни махизм мен шақырымпаздықтың буржуазиялық философиясын жұрттан

* Қараңыз: осы том, 41—43-беттер. *Ред.*

жасырады. «Впередшілдер» «шетелдік көсемдерге» қарсы байбалам салады, ал іс жүзінде өздері шетелде жүрген бір топ әдебиетшілерге жай ғана *бағынышты* ұйым құрады;—фракцияға қарсы байбалам салады, ал өздері *жасырып* жаңа, ұсақ, өмірге мүлде жанасымсыз, сектанттық-эмпириомонистік фракция құрып жүр. Бүкіл осы екіжүзділіктің *саяси* көзі фракцияның шын жетекшілеріне шын қымбат нәрсені ашықтан-ашық, тура жақтап шығудың мүмкін еместігі болып отыр.

Шектен шыққан екіжүзділіктің екі мысалын келтірумен шектелейік. Жинақтың 53-бетінде *Рабочий Ар.* былай дейді: Орталық Комитеттің Россиядағы бюросы «түк істемей отыр» (бұл сөздерді, әрине, «ленинщіл» жұмысшы айтты делініп отыр, ол «впередшілді» осы сарында үгіттепті-міс. «Жұмысшы Ар.»-дың аңқау қулығын-ай!) — және впередшіл (тағы да «ленинщілмен» бірге, әрине, оның желіктіруімен) «Москва ұйымын орыс Орталық Комитетіне тәуелсіз және оның директиваларына бағынбайды деп жариялауды» ұсынды дейді.

Голосшыл-жойымпаздардың да (Михаилдың, Романның, Юрийдің белгілі оқиғасы), впередшілдердің де (осы кезде шетелде Орталық Комитетке *қарсы өзінің* фракциясымағын құрған) қарсы әрекетіне *қарамастан,* Орталық Комитеттің Орыс бюросы 1910 жылғы январьдан бастап орталық ұйымды қалпына келтіру жолында күресті. Ал енді сол впередшілдердің өздері Орталық Комитет бюросы «бос қарап отыр» деп өтірік көз жасын төгеді! Іс жүзінде партияға мүлдем *«тәуелсіз»,* толық антипартиялық фракционерлер болып отырған осы впередшілдер көпшілікке арналған жинағында жергілікті ұйымдарды Орталық Комитетке «тәуелсіз» деп жариялаудың қажеттігі туралы жазады.

Екінші мысал. Нақ сол жинақта аты-жөні беймәлім «партия мүшесі» Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының қаржы жөніндегі есебін даңғойлықпен сынамақ болады. Аты-жөні беймәлім бұл даңғой, сөз арасында айта кетелік, 60-бетте былай деп жазады: «Ол—қандай «ұстаушылар» (есепте ақша ұстаушылардан ақша алынғандығы айтылған), олар Орталық Комитеттің ақ-

шасын неге «ұстайды» немесе «ұстаған», бұл ақшалар қандай «арнаулы мақсаттарға» арналған,—бұл арада ешкім ештеңе түсіне алмайды».

Нақ осылай басылған. *Ешкім ештеңе түсіне алмайды.*

Мұны нақ сол «Вперед» тобының мүшелері жазып отыр, бұл топтың екі өкілі январь пленумына қатысқан болатын, бұл пленум ақша «ұстаушыларға» (яғни халықаралық социал-демократияның әйгілі үш өкіліне[125]) ақшаны шартты түрде тапсыру туралы большевиктердің мәлімдемесін қабылдаған болатын. Қандай ақша, қайдан шыққан ақша, оны ұстап жүрген кімдер және т. т.,— мұның бәрі пленумға, яғни *барлық* фракцияларға, *яғни соның ішінде впередшілдерге де әбден* белгілі еді. Ал впередшілдер «көпшілікке арналған» жинақта жұмысшыларды алдау үшін: «ешкім ештеңе түсіне алмайды» деп жазады.

Мұны алғашқы екі мақалаға *Максимов пен Домов* қол қойған нақ сол «Алға» жинағының өзінде жазып отыр. Бұл екі «впередшілдің» екеуі де большевиктердің бұл ақшаны алуының және оны ұстаушыларға беруінің *бүкіл тарихын өте жақсы біледі.* Енді, міне, «ешкім ештеңе түсіне алмайды» деп мәлімдеу өздеріне «ыңғайсыз» болғандықтан, олар бұл үшін антипартиялық қылығына байланысты өзін «партия мүшесі» деп қана атап, *аты-жөні беймәлім даңғойларды* таңдап алып отыр. Максимов пен Домов ақша «ұстаушылар» кімдер екені және т. т. жөнінде «ешкім ештеңе түсіне алмайды» деп «көпшілікке арналған» жинағында аты-жөні беймәлім даңғойлар арқылы жұмысшыларға *көрер көзге өтірік* айтады. Сөйтіп, бұл мырзалар кеуделерін қағып, «фракцияларға» қарсы және «шетелдік көсемдерге» қарсы болып әбігерге түседі.

Олар аты-жөні беймәлім «партия мүшесі» арқылы Орталық Комитеттің ақша жөніндегі есебін «сынайды», ал өздері жинақтың бірінші бетінде «қаржының тапшылығы» олардың тобының газет шығаруына осы күнге дейін кедергі болып келгендігін, *«енді бұл кедергіні жоюдың сәті түскенін»* хабарлайды. Демек, «Вперед» тобы енді ақша алған. Сөз жоқ, впередшілдер үшін ұнамды хабар. Бірақ, аса құрметті «впередшілдер»-ау,

баспасөзде, «көпшілікке арналған» жинақта аты-жөні беймәлім даңғой арқылы «ақша ұстаушылар» кімдер, олардағы қандай ақша екені жөнінде «ешкім ештеңе түсіне алмайды» деп Орталық Комитет туралы көрер көзге өтірік айту үшін, ал соның өзінде Орталық Комитетке де, басқа фракцияларға да *«Вперед» тобының қандай ақшаны алғаны және оны қандай әдебиетшілердің жұмсап отырғаны жөнінде жұмған аузын ашпау үшін* қызаруды білмейтін қандай «бет» болу керек? Партия впередшілдер алдында есеп беруге міндетті болуға тиіс те, ал впередшілдер партия алдында есеп беруге міндетті болмағаны ма?

Тағы да қайталап айтқан жөн, впередшілдердің бұл екіжүзділігі Петрдің немесе Сидордың жеке басының қасиеттерінен емес, олардың бүкіл позициясының *саяси* жалғандығынан болып отыр, әдебиетші-махистер мен шақырымпаздардың өздері қастерлейтін социал-демократиялық емес идеясымақтар үшін *тура* және *ашық* күреске түсе *алмайтындығында* болып отыр. Осы *саяси* жағдайларды түсінген адам құбылыстың бір ғана сыртқы көрінісіне, жеке жанжалдың, кикілжіңнің, керістің және басқалардың жиынтығынан абыржып, қамығып тұйыққа тірелмейді. Бұл саяси жағдайларды түсінген адам «шақырымпаздармен күресу *емес, қайта* шақырымпаздықты бастан кешу» керек деген ымырашылдық сөзге (Троцкий à la) қанағаттанбайды, өйткені бұл бос сөз және мағынасыз сөз. Контрреволюциялық дәуірдің, құлдырау дәуірінің, құдай жасампаздық дәуірінің, махизм, шақырымпаздық, жойымпаздық дәуірінің объективті жағдайлары,— осы объективті жағдайлар біздің партияны өз фракцияларын ұйымдастыратын әдебиетшілердің үйірмелеріне қарсы күресу жағдайына *қойды*, ал бұл күрестен құр сөзбен құтылуға болмайды. Ал бұл күрестен шеттеу — социал-демократиялық жұмысшы партиясының қазіргі міндеттерінің бірінен шеттеу деген сөз.

«Социал-Демократ» № 15—16, 30 август (12 сентябрь), 1910 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІКТІҢ КАПИТАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСЫ[126]

1910 ж. 11 (24) сентябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1932 ж. Лениннің XIX жинағында басылған
Қол қойған: В. Ильин

Қолжазба бойынша басылып отыр



1

Капиталистическій строй современнаго земледѣлія.

Статья первая.

Соціальная статистика вообще, экономическая статистика в частности сдѣлала громадные успѣхи в теченіе двух-трех послѣдних десятилѣтій. Цѣлый ряд вопросов и притом самых коренных вопросов, касающихся экономическаго строя современных государств и его развитія, которые рѣшались прежде на основаніи общих соображеній и приблизительных данных, не могут быть разрабатываемы сколько-нибудь серьезно в настоящее время без учета

В. И. Лениннің «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1910 ж.

Кішірейтілген

БІРІНШІ МАҚАЛА

Жалпы алғанда әлеуметтік статистика, соның ішінде экономикалық статистика соңғы жиырма-отыз жыл ішінде зор табыстарға жетті. Қазіргі мемлекеттердің экономикалық құрылысына және оның дамуына қатысты, бұрын жалпы жорамалдар мен шамалап алынған мәліметтер негізінде шешіліп келген толып жатқан мәселелерді және оның бер жағында ең түбегейлі мәселелерді қазіргі уақытта белгілі бір программа бойынша белгілі бір елдің бүкіл территориясын қамти жиналған және маман-статистиктер басын қосып жинақтаған жалпы мәліметтерді есепке алмайынша, азды-көпті тиянақты түрде зерттеп, шешуге болмайды. Әсіресе егіншілік экономикасының тым көп талас туғызатын мәселелері дәл және жалпы мәліметтерге сүйеніп жауап беруді талап етеді, мұның үстіне Европа мемлекеттері мен Америкада елдің ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бәрін қамтитын санақтарды мезгіл-мезгіл жүргізу барған сайын әдетке айналып келеді.

Мысалы, Германияда мұндай санақ 1882, 1895 жылдары, ал соңғысы 1907 жылы жүргізілді. Бұл санақтардың маңызы біздің әдебиетімізде талай рет көрсетілді, ендеше қазіргі егіншілік экономикасына арналған кітаптың немесе мақаланың герман ауыл шаруашылық статистикасының мәліметтеріне сүйенбегені табыла қояр ма екен. Соңғы санақ жөнінде неміс әдебиетінде де, біздің әдебиетте де едәуір шу көтеріліп те үлгірді. Бұл санақ ұсақ өндірістің өміршеңдігін және оның ірі өнді-

рісті жеңіп шыққанын дәлелдеп, марксизм ілімін және Каутскийдің көзқарастарын теріске шығарды-мыс деп Валентинов мырзаның өткен жылы «Киевская Мысльде»[127] жұртты қатты дүрліктіргені бар. Жақында профессор Воблый мырза «Экономист Россиидегі»[128] «Германиядағы аграрлық эволюцияның тенденциялары» (1910 ж. 11 сентябрьдегі 36-номері) деген мақаласында «индустрияның дамуы жөнінде Маркс жасаған схеманы» ауыл шаруашылығына қолдануға болатындығын 1907 жылғы санақ мәліметтеріне сүйеніп теріске шығарды, сөйтіп «ұсақ кәсіпорындар ауыл шаруашылығы саласында ірі кәсіпорындармен күресте құрып кетпейтіні былай тұрсын, керісінше, әрбір жаңа санақ олардың табысқа жеткенін көрсетеді» деп дәлелдеді.

Сондықтан біз 1907 жылғы санақ мәліметтерін толық талдап көру дер кезінде істелген жұмыс болар еді деп ойлаймыз. Рас, бұл санақтың материалдарын басып шығару әлі аяқталған жоқ: санақтың *барлық* мәліметтері бар үш том жарыққа шықты*, ал «санақтың қорытындыларын түгел баяндауға» арналған төртінші том әлі жарыққа шыққан жоқ және жуық арада шыға қояр ма екен. Бірақ санақтың *қорытындыларын* зерттеуді осы ақырғы том шыққанға дейін қалдыра тұруға негіз жоқ, өйткені материал қазірдің өзінде *түгел* бар, жиынтықталған да, әдебиет оны кеңінен пайдаланып та жүр.

Мына жайды ғана ескерте кетейік, мәселені тек түрлі мөлшердегі (жерінің көлемі жағынан) шаруашылықтардың санын және әр жылдардағы олардың жер көлемін салыстырумен ғана дерлік шектеліп, әдетте осылай қойылып жүргеніндей етіп қою — іске мүлде теріс кірiскендік деген сөз. Аграрлық мәселе жөнінде марксистер мен марксизмнің қарсыластары арасындағы шын алауыздықтардың түп тамыры анағұрлым тереңде жатыр. Егер алауыздықтардың түп негізін толық ашуды мақсат етіп қояр болсақ, онда ең алдымен және көбінекөп қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысының

* Statistik des Deutschen Reichs, Band 212, Teil 1 *a*, 1 *b* және 2 *a*. Berufs und Betriebszählung vom 12. Juni 1907. Landwirtschaftliche Betriebsstatistik. Berlin. 1909 және 1910 (Германияның мемлекеттік статистикасы, 212-том, бөлім: 1 *a*, 1 *b* және 2 *a*. Мамандықтар мен кәсіпорындардың 1907 жылғы 12 июньдегі санағы. Ауыл шаруашылық өндірістерінің статистикасы. Берлин. 1909 және 1910. *Ред.).*

негізгі белгілері қандай екені туралы мәселеге көңіл аудару керек. 1907 жылғы 12 июньдегі неміс санағының мәліметтері дәл осы мәселе жөнінде ерекше бағалы. Одан бұрынғы, 1882 және 1895 жылдардағы санақтарға қарағанда бұл санақ кейбір мәселелер жөнінде онша толық емес, бірақ оның есесіне ауыл шаруашылығындағы жалдама еңбек туралы бұрын-соңды болмаған аса мол мәліметтерді тұңғыш рет осы санақтан табамыз. Ал жалдама еңбекті пайдалану капиталистік егіншілік атаулының ең басты өзгешелігі болып табылады.

Сондықтан негізінен 1907 жылғы герман санағының мәліметтеріне сүйене отырып және оларды басқа елдердің таңдаулы ауыл шаруашылық санақтарының мәліметтерімен, атап айтқанда: Дания, Швейцария, Америка санақтарының және Венгрияның соңғы санағының мәліметтерімен толықтыра отырып, ең алдымен қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысының жалпы бейнесін беруге тырысып көрейік. Ал санақтың қорытындыларымен алғаш танысқанда ерекше көзге түсетін және бәрінен көп айтылып жүрген фактіні, атап айтқанда: Германияда ірі (ауыл шаруашылық жерінің мөлшері жағынан) шаруашылықтардың саны мен олардағы жер көлемінің азаю фактісіне келетін болсақ, онда біз оны қарастыруға еңбегіміздің аяғында ғана тоқталмақпыз. Өйткені мұның өзі — бірқатар басқа фактілердің функциясы болып табылатын күрделі фактілердің бірі, сондықтан анағұрлым маңызды және негізгі бірнеше мәселелерді алдын ала анықтап алмайынша, оның маңызын түсінуге ашқандай мүмкіндік жоқ.

I

ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Барлық европалық санақтар секілді (орыс санақтарынан өзгеше) герман ауыл шаруашылық санақтары да әрбір ауыл шаруашылық кәсіпорны туралы жеке-жеке жиналған мәліметтерге сүйенеді. Оның үстіне жиналатын мәліметтер саны әдетте әрбір санақ сайын көбейе береді. Мысалы, егіс жұмыстарына пайдаланылатын мал саны туралы өте маңызды мәліметтер 1907 жылы

Германияда жиналмай қалған (бұл мәліметтер 1882 және 1895 жж. жиналған-ды), бірақ оның есесіне астықтың әр түрі үшін жыртылған жердің көлемі туралы, семьялы және жалдама жұмысшылардың саны туралы мәліметтер тұңғыш рет жиналды. Әрбір шаруашылық туралы осылайша алынған мәліметтер бұл шаруашылыққа саяси-экономикалық сипаттама беру үшін *әбден жеткілікті.* Барлық мәселе, міндеттің бүкіл қиыншылығы мынада болып отыр: тұтас алғанда шаруашылықтардың түрлі топтарының немесе типтерінің дәлме-дәл саяси-экономикалық сипаттамасын беру үшін бұл мәліметтердің басын қалай *қосу* керек. Қанағаттанғысыз жинақтағанда, теріс немесе жеткіліксіз топтастырғанда мынандай нәтиже шығуы мүмкін — қазіргі санақтарды қорытқанда үнемі осылай болып та жүр — әрбір жеке кәсіпорын туралы қолда бар өте-мөте толық, тамаша мәліметтер бүкіл елдің миллиондаған шаруашылығы туралы сөз болғанда түгелінен көрінбей кетеді, байқалмай кетеді, жоғалып кетеді. Ауыл шаруашылығының капиталистік құрылысы қожайындар мен жұмысшылар арасындағы, түрлі типті шаруашылықтар арасындағы *қатынастармен* сипатталады, ал егер бұл типтердің белгілері теріс алынса, түгел іріктелмесе, онда ең жақсы деген санақтың өзі өмір шындығының саяси-экономикалық бейнесін бере алмауы ықтимал нәрсе.

Қазіргі санақтардың мәліметтерін жинақтаудың немесе топтастырудың тәсілі туралы мәселенің өте-мөте зор маңызы бар екені осыдан-ақ түсінікті. Біз бұдан арғы баяндауымызда жоғарыда айтылған ең тәуір санақтарда қолданылған едәуір алуан түрлі тәсілдердің *бәрін* қарастырамыз. Ал әзірше, басқа санақтардың басым көпшілігі сияқты, герман санағының да шаруашылықтарды тек қана бір белгісі бойынша, атап айтқанда әрбір шаруашылықтың ауыл шаруашылық жерінің көлеміне қарай топтастыра отырып, толық ақпар беретінін айта кетпекпіз. Санақ осы белгісі бойынша, гектардың* оннан бір бөлігінен кем жері барларынан бастап 1000 гектардан аса ауыл шаруашылық жері барла-

* Гектар 0,915 десятинаға тең. Әдетте қысқартып ha=гектар деп қолданылады.

рына дейінгілерін қамти отырып, барлық шаруашылықтарды 18 топқа бөледі. Мұншама тәптештеу саяси-экономикалық пікір тұрғысынан аяқталмайтын статистикалық әурешілік, мұны герман статистикасы авторларының өздері де сезеді, олар барлық мәліметтердің жиынтығын ауыл шаруашылық жерінің көлеміне қарай алты —бір кіші топты бөліп шығарғанда—жеті ірі топқа бөледі. Бұл топтар мыналар: $^1/_2$ гектарға дейін, $^1/_2$ гектардан 2 гектарға дейін, 2 гектардан 5 гектарға дейін, 5 гектардан 20 гектарға дейін, 20 гектардан 100 гектарға дейін және 100 гектардан көп жері бар шаруашылықтар, оның үстіне осы соңғы шаруашылықтардан 200 гектардан көп ауыл шаруашылық жері бар шаруашылықтардың кіші тобы ерекше бөліп шығарылған.

Бұлай топтастырудың саяси-экономикалық маңызы қандай?— деген сұрақ туады. Ауыл шаруашылығында өндірістің басты құралы жер екені күмәнсыз; сондықтан шаруашылықтың көлемін, демек, оның типін де, яғни, мысалы, сөз болып отырған шаруашылықтың ұсақ, орта, ірі, капиталистік шаруашылық немесе жалдама еңбекті пайдаланбайтын шаруашылық екенін жерінің көлеміне қарап бәрінен дұрысырақ білуге болады. Әдетте 2 гектарға дейін жері бар шаруашылықтар ұсақ (кейде парцелльдік немесе мардымсыз деп аталатын) шаруашылықтарға, 2 гектардан 20 гектарға дейін (кейде 2 гектардан 100 гектарға дейін) жері барлары шаруа шаруашылықтарына, 100 гектардан көп жері барлары ірі шаруашылықтарға, *яғни* капиталистік шаруашылықтарға жатады.

Міне, сонымен, 1907 жылғы санақтың жалдама еңбек туралы тұңғыш рет жинаған мәліметтері бізге ең алдымен осы «әдеттегі» жорамалды жаппай алынған мәліметтермен бірінші рет тексеруге мүмкіндік береді. Статистикадағы ескішілдікке аз да болса — тым жеткіліксіз, мұны төменде көреміз,— тиімділік элементі, яғни ең тура, ең тікелей саяси-экономикалық маңызы бар мәліметтерді есепке алудың элементі тұңғыш енгізіліп отыр.

Шынында да, жұрттың бәрі ұсақ өндіріс туралы айтып жүр. Ал ұсақ өндіріс дегеніміз не? Бұл сұраққа

әдеттегі жауап мынадай: ұсақ өндіріс дегеніміз жалдама еңбекті пайдаланбайтын өндіріс. Бұған осылай қарайтын тек марксистер ғана емес. Мысалы, «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітабын аграрлық мәселе жөніндегі буржуазиялық теориялардың ең жаңа жиынтықтарының бірі деп атауға болатын Эд. Давид осы еңбегінің орысша аудармасының 29-бетінде былай деп жазады: «Ұсақ өндіріс туралы айтқан жердің бәрінде біз өзгенің тұрақты көмегі және қосалқы кәсібі жоқ шаруашылық категориясын айтамыз».

1907 жылғы санақ ең алдымен мұндай шаруашылықтардың саны тым аз екенін, жұмысшы жалдамайтын немесе басқаға жұмысқа жалданбайтын қожайындардың қазіргі егіншілікте болмашы азшылық екенін толық анықтап береді. Германиядағы 1907 жылғы санаққа іліккен барлық 5 736 082 ауыл шаруашылық кәсіпорнының 1 872 616 кәсіпорны ғана, яғни үштен бірінен азырағы ғана ауыл шаруашылығын дербес жүргізуді кәсіп етіп, басқа қосалқы кәсібі жоқ қожайындардың кәсіпорны. Бұлардың қаншасы жұмысшы жалдайды? Бұл жайында мәлімет жоқ, яғни бастапқы карточкаларда егжей-тегжейлі мәлімет болған, бірақ жинақтағанда жоғалып кеткен! Құрастырушылар (көптеген егжей-тегжейлі және түкке қажеті жоқ есептер жасап) әрбір топта қанша шаруашылықтың тұрақты немесе уақытша жалдама жұмысшы жалдайтынын есептегісі келмеген.

Жалдама жұмысшылары жоқ шаруашылықтардың санын шамамен анықтап алу үшін жалдама жұмысшылардың санынан *шаруашылықтардың* саны аз топтарды бөліп шығарайық. Бұл әр шаруашылыққа шаққанда 10 гектарға дейін жері бар топтар болады. Бұл топтарда өзінің басты кәсібі егіншілік деп есептейтін басқа қосалқы кәсібі жоқ 1 283 631 қожайын бар. Осынша қожайында барлығы 1 400 162 жалдама жұмысшы бар (егер егіншілікті өзінің басты кәсібі деп есептейтін, басқа қосалқы кәсібі жоқ қожайындар *ғана* жалдама жұмысшы ұстайды дейтін болсақ). 2 гектардан 5 гектарға дейін жері бар шаруашылық топтарында ғана қосалқы кәсібі жоқ дербес егіншілердің саны жалдама

жұмысшылардың санынан *көп,* атап айтқанда: 495 439 шаруашылық және 411 311 жалдама жұмысшы бар.

Әрине, қосалқы кәсібі бар егіншілерде де жалдама жұмысшылар болады: әрине, бір-бірден емес, бірнеше жалдама жұмысшы жалдайтын «ұсақ» қожайындар болады. Әйтседе жұмысшы жалдамайтын және өзі жұмысқа жалданбайтын қожайындар болмашы азшылық екеніне күмән жоқ.

Жалдама жұмысшылардың саны туралы мәліметтер бойынша герман егіншілігіндегі шаруашылықтардың негізгі *үш* тобы бірден көзге түседі:

I. *Пролетарлық* шаруашылықтар. Бұған қожайындардың азшылығы егіншілікті дербес жүргізуді өзінің басты кәсібі деп есептейтін,— көпшілігі жалдама жұмысшылар болып табылатын топтарды жатқызу керек, т. т. Мысалы, $^1/_2$ гектарға дейін жері бар шаруашылықтар — 2 084 060. Бұлардың тек 97 153-і ғана дербес егінші, ал 1 287 312-сі — өзінің *басты* кәсібі бойынша *жалдама жұмысшы* (халық шаруашылығының барлық салаларында). $^1/_2$ гектардан 2 гектарға дейін жері бар шаруашылықтар — 1 294 449. Бұлардың тек 377 762-сі ғана дербес егінші, 535 480-і жалдама жұмысшы, 277 735-і — ұсақ өнеркәсіпші, қолөнерші, саудагер, 103 472-сі — қызметші, «түрлі және белгісіз» кәсіптердің өкілдері. Бұл екі топтың екеуі де негізінен пролетарлық шаруашылықтар екені айқын.

II. *Шаруа* шаруашылықтары. Бұған басым көпшілігі дербес егінші саналатын, сопымен қатар семьялы жұмысшылардың саны жалдама жұмысшылардың санынан көп болатын шаруашылықтар жатады. Бұл — 2 гектардан 20 гектарға дейін жері бар топтар.

III. *Капиталистік* шаруашылықтар. Бұған жалдама жұмысшыларының саны семьялылардың санынан коп болатын шаруашылықтарды жатқызамыз.

Осы үш топ туралы жалпы мәліметтер мынадай: [358-беттегі кестені қараңыз. Ред.]

Бұл кесте бізге қазіргі герман егіншілігінің экономикалық құрылысының бейнесін көрсетеді. Пирамиданың төменгі жағында жалпы санның $^3/_5$ бөлігі дерлік болатын орасан көп пролетарлық «шаруашылықтар»; жо-

Шаруашылық топтары	Барлық шаруашылықтар	Олардың ішінде		Жұмысшыларының санына қарай бөлінген шаруашылықтар			
				мұндай шаруашылықтардың барлығы	олардағы жұмысшылар		
		дербес егіншілер	жалдама жұмысшылар		барлығы	семьялылары	жалдама жұмысшылар
I. 2 ha-ға дейін	3 378 509	474 915	1 822 792	2 669 232	4 353 052	3 851 905	501 147
II. 2-ден 20 ha-ға дейін	2 071 816	1 705 448	117 338	2 057 577	7 509 735	5 898 853	1 610 882
III. 20 және одан көп ha	285 757	277 060	737	285 331	3 306 762	870 850	2 435 912
Барлығы	5 736 082	2 457 423	1 940 867	5 012 140	15 169 549	10 621 608	4 547 941

ғарғы жағында капиталистік шаруашылықтардың болмашы азшылығы ($^1/_{20}$). Мына бір жайды алдын ала көрсете кетелік: барлық жердің және барлық егістіктің жартысынан көбі осы болмашы азшылықтың қолында. Ауыл шаруашылығында істейтін барлық жұмысшылар санының бестен бір бөлігі және барлық жалдама жұмысшылардың жартысынан көбі сол азшылықтың қолында.

II

ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІК «ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ» КӨПШІЛІГІ (ПРОЛЕТАРЛЫҚ «ШАРУАШЫЛЫҚТАР») ІС ЖҮЗІНДЕ ҚАНДАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАР

2 гектарға дейін жері бар «қожайындардың» *көпшілігі* — өзінің негізгі кәсібі бойынша жалдама жұмысшылар. Егіншілік олар үшін қосалқы кәсіп. Бұл топтағы 3 378 509 кәсіпорынның 2 920 119 кәсіпорны қосалқы кәсіпшілік (Nebenbetriebe) болып табылады. Дербес егіншілер, оның ішінде *мұның үстіне* егіншілік емес көлденең кәсібі барларын қоса есептегенде, мүлде болмашы, не бары 14%:3,4 миллионның 475 мыңы ғана.

... айту керек, жалдама жұмысшылардың саны... бұл топта дербес егіншілердің санынан *асып түседі.*

Бұл жағдай мынаны көрсетеді: статистика бұл арада ұсақ жер учаскесінде ірі шаруашылық жүргізетін азғана капиталистік егіншілерді пролетарлар бұқарасымен араластырып жіберіп отыр. Біз бұдан былайғы баяндауда мұндай типке әлі де бірнеше рет кездесеміз.

Егіншіліктің жалпы құрылысында бұл пролетарлық «қожайындар» бұқарасының маңызы қандай? — деген сұрақ туады. Біріншіден, крепостниктік қоғамдық шаруашылық системасының капиталистік системамен байланысы, олардың бір-біріне тарихи жақындығы және олардың біртектілігі, крепостниктік тәртіптің капитализмдегі тікелей қалдығы осы бұқарадан көрінеді. Егер біз, мысалы, Германияда, әсіресе Пруссияда, ауыл

* Бұл жерде қолжазба бетінің шеті жыртылып қалған. *Ред.*

шаруашылық кәсіпорындары санына помещиктің батыраққа жалақысы есебіне беретін ұлтарақтай жерінің (Deputatland дейтін) кіретінін көретін болсақ, онда бұл крепостниктік тәртіптің тікелей қалдығы емей не? Экономикалық система ретінде алғанда крепостниктік тәртіптің капитализмнен өзгешелігінің өзі мынада: крепостниктік тәртіп еңбекшіге жер *бөліп береді*, капитализм еңбекшіні жерден *бөліп алады*, крепостниктік тәртіп өмір сүруге керекті нәрсені еңбекшіге *заттай* береді (немесе оны өзінің «үлесті жерінде» өндіруге мәжбүр етеді), капитализм жұмысшыға ақшалай ақы төлейді, ал жұмысшы өмір сүруге керекті нәрсені сол ақшаға *сатып алады*. Әрине, крепостниктік тәртіптің бұл қалдығы, помещиктік шаруашылықтың атышулы «жұмыспен өтеу» жүйесі бар Россияда біздің көріп отырғанымызбен салыстырғанда, Германияда мүлде аз, бірақ қалай дегенмен де мұның өзі крепостниктік тәртіптің қалдығы. 1907 жылғы санақ Германияда *село жұмысшылары мен күндікшілердің* қолында 579 500 «ауыл шаруашылық кәсіпорны» бар деп есептеді, оның бер жағында бұлардың 540 751-і 2 гектарға дейін жері бар «қожайындар» тобына келеді.

Екіншіден, күн көріске жетпейтін, тек «қосалқы кәсіп» қана саналатын ұлтарақтай жері бар селолық «қожайындар» бұқарасы капитализмнің жалпы құрылысында *жұмыссыздардың резерв армиясының* бір бөлегін құрайды. Бұл, Маркстің сөзімен айтқанда, мұндай армияның *жасырын* формасы [129]. Жұмыссыздардың резерв армиясы тек істейтін жұмысы жоқ жұмысшылардан ғана құралады деп ойлау дұрыс болмас еді. Бұған өздерінің болмашы шаруашылығының беретінімен күн көре алмайтын, күн көріс үшін негізінен жалданып жұмыс істеуге *тиіс* болатын «шаруалар» немесе «ұсақ қожайындар» да кіреді. Огород немесе картоп егетін ұлтарақтай жер бұл қайыршылар армиясы үшін өзінің табысын толықтыру құралы немесе жұмыс жоқ уақытта күн көріс құралы болып табылады. Көптеген арзан жұмыс күшін ешқандай шығынсыз *әрқашан* тауып отыратын болуы үшін капитализмге осы «мардымсыз», «парцелльдік» делінетін қожайындар қажет. 1907 жыл-

ғы санақ бойынша $^1/_2$ гектарға дейін жері бар 2 миллион «қожайынның» 624 мыңының тек огородтық қана жері бар, 361 мыңының тек картоп қана егетін жері бар. Осы 2 миллион қожайынның бүкіл егістік жері 247 мың гектарға тең, мұның жартысынан астамы, атап айтқанда 166 мың гектары *картоп егілетін* жер. $^1/_2$ гектардан 2 гектарға дейін жері бар бір миллион екі жүз елу мың «қожайынның» бүкіл егістік жері 976 мың гектар болады, мұның *үштен бірінен астамы* — 334 мың һа — картоп егілетін жер. Германияның бес миллион селолық «қожайындарының» үш миллионының «шаруашылығы» халықтың ішіп-жемінің нашарлағанын (нан орнына картоп), кәсіпкерлер үшін жұмыс күшінің арзандағанын көрсетеді.

Осы пролетарлық шаруашылықтарды суреттеп беруді аяқтау үшін мынаны қосайық: бұлардың үштен бірі дерлігінде (3,4 миллионның 1 миллионында) ешқандай мал жоқ, үштен екісінде (3,4 миллионның 2,5 миллионында) ірі қара жоқ, $^9/_{10}$ бөлігінен астамында (3,4 миллионның 3,3 миллионында) ат жоқ. Бұл пролетарлық шаруашылықтардың ауыл шаруашылық өндірісінің жалпы жиынтығындағы үлесі өте аз: барлық шаруашылықтардың $^3/_5$ бөлігінің малы барлық малдың $^1/_{10}$ бөлігіне жетпейді (барлық малды ірі қараға шаққанда, 29,4 миллион малдың 2,7 миллионы), олардағы егістік бүкіл егістік жердің $^1/_{20}$ бөлігіне жуық (24,4 миллион гектардың 1,2 миллион гектары).

2 гектарға дейін жері бар шаруашылықтардың осы тобына аты жоқ, ірі қарасы жоқ, огороды ғана бар немесе картоп егетін ұлтарақтай жері бар *миллиондаған* пролетарлар мен 1—2 десятина жерде мал өсіретін немесе огороды, т. с. кәсіпорны бар *мыңдаған* ірі қожайындарды, капиталистерді *араластыратын* статистиканың мәселені қаншалықты шатастырып, жалғандыққа бұратынын елестетуге әбден болады. Бұл топта мұндай қожайындардың бар екені мынадан-ақ көрінеді: 3,4 миллион қожайыннан (2 һа-ға дейін жері барлар) *15 428* қожайынның әрқайсысында 6 және одан көп жұмысшы бар (семьялылар мен жалдама жұмысшыларды қоса алғанда), ал осы барлық 15 мың қожайын-

ның 123 941 жұмысшысы бар, яғни бір шаруашылыққа орта есеппен 8 жұмысшыдан келеді. Ауыл шаруашылығының техникалық ерекшеліктерін еске алатын болсақ, осынша жұмысшысының болуы бұлардың ірі капиталистік өндіріс екендігін көрсететіні күмәнсыз. 2 һа-ға дейін жері бар «қожайындардың» пролетарлық бұқарасы арасында мал өсіретін ірі шаруашылықтар бар екенін бұдан бұрынғы 1895 жылғы санақтың мәліметтері негізінде менің бұрын да көрсетуіме тура келген-ді (менің мына кітабымды қараңыз: «Аграрлық мәселе», СПБ., 1908, 239-бет*). Малының саны туралы да, жұмысшылардың саны туралы да мәліметтер бойынша осы ірі шаруашылықтарды бөліп шығаруға әбден болатын еді, бірақ герман статистиктері $^1/_2$ гектарға дейін жер иеленушілердің топтарын жерінің көлеміне қарай *бұдан гөрі ұсақ* топтарға бөлетін *бес* бөлімше туралы мәліметтермен *жүздеген бетті* толтыруды артық көрген.

Әлеуметтік-экономикалық статистика — әлеуметтік танымның осы ең қуатты құралдарының бірі — осылайша бейшара күйге түсіріліп, әншейін статистикаға, ойынға айналдырылып отыр. — — —

Ауыл шаруашылық кәсіпорындары көпшілігінің немесе олардың басым көпшілігінің мардымсыз, парцелльдік, пролетарлық шаруашылықтардың разрядына жататын шаруашылықтар болуы Европа капиталистік елдерінің көбіне болмағанмен біразына ортақ құбылыс, бірақ капиталистік елдердің *бәріне* ортақ құбылыс *емес*. Мысалы, Америкада 1900 жылғы санақтың мәліметтері бойынша, ферманың орташа көлемі 146,6 акр (60 гектар) болады, яғни Германиядағыға қарағанда $7^1/_2$ есе үлкен. Ал мүлде ұсақ шаруашылықтардың саны, егер бұларға 20 акрға дейін (8 һа-ға дейін) жері бар шаруашылықтарды қосатын болсақ, $^1/_{10}$ бөлігінен шамалы-ақ асып түседі (11,8%). Тіпті көлемі 50 акрға дейін (яғни 20 һа-ға дейін) жері бар барлық шаруашылықтардың саны жалпы шаруашылықтар санының үштен бірі ғана болады. Бұл мәліметтерді герман мәлімет-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 101—291-беттер. *Ред.*

терімен салыстыру үшін мынаны ескеру керек: Америкада көлемі 3 акрға (=1,2 гектарға) дейін жері бар шаруашылықтар жалпы табысы 500 доллар болғанда ғана есепке алынады, яғни 3 акрға дейін жері бар шаруашылықтардың басым көпшілігі мүлде тіркелмейді. Сондықтан герман мәліметтерінен де мүлде ұсақ шаруашылықтарды шығарып тастау керек. Тіпті 2 hа-ға дейін жері бар шаруашылықтардың бәрін шығарып тастайық: қалған 2 357 572 шаруашылықтың 1 006 277-сі 2—5 hа жері бар шаруашылық болады, яғни шаруашылықтардың жалпы санының 40 процентінен астамы мүлде ұсақ шаруашылықтар. Америкада істің жайы мүлде басқаша болып отыр.

Сірә, крепостниктік тәртіптің дәстүрлері болмаған кезде (немесе оның барлық қалдықтарын неғұрлым батыл жойған кезде), жер рентасының ауыл шаруашылық өндірісін езуі болмаған (немесе әлсіреген) кезде капитализм үлесті жері бар батырақтар мен күндікшілердің миллиондаған кадрын тудырмай-ақ егіншілікте өмір сүре алады және тіпті ерекше тез дами алады.

III

КАПИТАЛИЗМ ТҰСЫНДАҒЫ ШАРУА ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ

Біз шаруа шаруашылықтарына: бір жағынан, егіншілердің көпшілігі дербес қожайындар болатын, ал екінші жағынан, семьялы жұмысшылардың саны жалдама жұмысшылардың санынан артық топтарды жатқыздық. Мұндай қожайындарда жалдама жұмысшылардың шын саны өте көп — 1,6 миллион болып шықты, бұл барлық жалдама жұмысшылар санының үштен бірінен астам. Сірә, «шаруа» шаруашылықтарының барлық жиынтығында (2,1 млн.) капиталистік кәсіпорындар да аз болмас. Шамамен алғанда олардың саны қанша және олардың маңызы қандай екенін біз төменде көреміз, ал қазір семьялық еңбек пен жалдама еңбектің ара салмағына толығырақ тоқталайық. Бір шаруашылыққа келетін жұмысшылардың орташа санының қаншалық көп екенін көрейік:

	Шаруашылықтардың топтары	Бір шаруашылыққа келетін жұмысшылардың орташа саны		
		барлығы	семьялы жұмысшылар	жалдама жұмысшылар
Пролетарлық шаруашылықтар	0,5 һа-ға дейін	1,3	1,2	0,1
	0,5 — 2 һа	1,9	1,7	0,2
Шаруа шаруашылықтары	2 — 5 »	2,9	2,5	0,4
	5 — 10 »	3,8	3,1	0,7
	10 — 20 »	5,1	3,4	1,7
Капиталистік шаруашылықтар	20 — 100 »	7,9	3,2	4,7
	100 және одан көп һа	52,5	1,6	50,9
	Жалпы	3,0	2,1	0,9

Біз бұдан өнеркәсіппен салыстырғанда жұмысшыларының саны жағынан кәсіпорындардың көлемі ауыл шаруашылығында жалпы алғанда ірі емес екенін көреміз. 100 һа-дан астам жері бар жер иелерінің ғана әр шаруашылығында 50-ден артық жалдама жұмысшысы бар: олардың саны — 23 566, яғни барлық шаруашылықтар санының $^1/_2$ процентінен азырақ. Олардағы жалдама жұмысшылар саны — 1 463 974, яғни 2 миллион шаруа шаруашылығындағыдан шамалы-ақ аз.

Шаруа шаруашылықтарынан 10 һа-дан 20 һа-ға дейін жері бар топ бірден көзге түседі: мұнда орта есеппен 1 шаруашылыққа 1,7 жалдама жұмысшы келеді. Егер тек тұрақты жалдама жұмысшыларды бөліп көрсететін болсақ, онда бұл топтың 412 741 шаруашылығына келетін тұрақты жалдама жұмысшылардың саны (411 940 жұмысшылардың санына қарап бөлінген) 412 702 екенін көреміз. Бұл — бірде-бір кәсіпорын жалдама еңбекті *үнемі* пайдаланбай отыра алмайды деген сөз. Міне сондықтан біз бұл топты «гроссбауэрлер» ретінде, ірі шаруа шаруашылықтары немесе шаруа буржуазиясы ретінде бөліп көрсетеміз. Әдетте бұған 20 және одан да көп гектар жер иеленушілер жатқызылатын, бірақ 1907 жылғы санақ егіншілікте жалдама еңбекті қолданудың жұрттың ойлап жүргенінен гөрі кең тарап отырғанын, жалдама еңбекті үнемі

қолдану басталатын меже едәуір төмен жылжытылуға тиіс болып отырғанын дәлелдеді.

Сонан соң, семьялық еңбек пен жалдама еңбектің арақатынасын қарастырғанда, біз пролетарлық шаруашылықтар мен шаруа шаруашылықтарында семьялы жұмысшылардың орташа саны жалдама жұмысшылар санының өсуімен қатарласа үнемі өсіп отыратынын, ал капиталистік шаруашылықтарда жалдама жұмысшылар саны көбейгенде семьялы жұмысшылар саны *азая бастайтынын* көреміз. Бұл құбылыс әбден табиғи құбылыс, ол 20 гектардан астам жері бар шаруашылықтарды капиталистік шаруашылықтарға қосатын қорытындымыздың дұрыстығын дәлелдейді, мұндай шаруашылықтарда жалдама жұмысшылар санының семьялы жұмысшылар санынан көптігі былай тұрсын, оның үстіне 1 шаруашылыққа келетін семьялы жұмысшылардың орташа саны да шаруалардағыдан гөрі *азырақ*.

Орыс әдебиетінде көптен бері-ақ, марксистердің халықшылдармен таластары басталған кездің өзінде, земство статистикасының мәліметтері бойынша, мынадай жағдай анықталған болатын: шаруа шаруашылығында семьялық кооперация капиталистік кооперацияны құрудың базасы болып табылады, яғни семьялы жұмысшыларының ерекше көптігімен көзге түсетін мықты шаруа шаруашылықтары жалдама еңбекті барған сайын көп қолданып, капиталистік шаруашылықтарға айналады. Қазір біз неміс статистикасының бүкіл герман егіншілігі үшін осы қорытындыны растайтынын көріп отырмыз.

Германиядағы шаруа шаруашылықтарын алайық. Бәрін қосып алғанда, семьялық кооперацияға негізделгеп (әр шаруашылыққа 2,5—3,4 семьялы жұмысшы келеді) кәсіпорындар ретінде шаруа шаруашылықтары пролетарлық шаруашылықтардан, жеке басты адамдардың кәсіпорындарынан ерекше болады. Пролетарлық шаруашылықтар жеке басты адамдардың шаруашылықтары деп аталуға тиіс, өйткені бір шаруашылыққа орта есеппен тіпті екі жұмысшыдан да келмейді. Ал шаруа шаруашылықтары арасында бәсеке жалдама

жұмысшыларды кімнің көп жалдайтыны үшін болып отыр: шаруа шаруашылығының көлемі неғұрлым ірі болған сайын семьялы жұмысшылар саны соғұрлым көбірек болады және жалдама жұмысшылар саны *соғұрлым тезірек* өседі. Ірі шаруа шаруашылықтарының семьялы жұмысшылардың саны жағынан ұсақ шаруа шаруашылықтарынан (2—5 ha) артықтығы бір жарым есеге жетіңкіремейді, бірақ жалдама жұмысшылардың саны жағынан олардан торт еседен де артық асып түседі.

Біз бұл арада жалпы алғанда ұсақ қожайындар, жеке алғанда ұсақ шаруалар табы мен жалдама жұмысшылар табы арасындағы түбегейлі айырмашылықтың, марксистер әрдайым көрсетіп келген және буржуазияшыл экономистер мен ревизионистер ешбір түсіне алмай жүрген айырмашылықтың дәл, статистикалық, дәлелін көреміз. Товар шаруашылығының бүкіл жағдайы мынаған әкеледі: ұсақ шаруалар өз кәсіпорнын нығайтып, ұлғайту үшін күреспей өмір сүре алмайды, ал бұл күрес бөтеннің жұмыс күшін пайдалануды арттыру үшін және бұлай пайдалануды арзандату үшін күресу болып табылады. Міне, сондықтан да, әрбір капиталистік елде араларынан болмашы азшылығы «адам санатына қосылатын», яғни нағыз капиталиске айналатын бүкіл ұсақ шаруалар бұқарасының капиталистік психологияны бойына сіңіріп, саясатта аграрийлерге ереді. Буржуазияшыл экономистер (ал олардың ізімен ревизионистер де) осы психологияны қолдайды; марксистер ұсақ шаруаларға жалдама жұмысшыларға қосылудан басқа құтылудың амалы жоқ деп түсіндіреді.

Сондай-ақ 1907 жылғы санақтың тұрақты жұмысшылар саны мен уақытша жұмысшылар санының арақатынасы туралы мәліметтері де өте-мөте сабақ аларлық. Жалпы және тұтас алғанда уақытша жұмысшылардың саны жалпы санның дәл үштен бірі болады: 15 169 549-дың 5 053 726-сы. Жалдама жұмысшылардың 45 проценті, семьялы жұмысшылардың 29 проценті уақытша жұмысшылар. Бірақ түрлі типті шаруашылықтарда

бұл арақатынас елеулі түрде өзгереді. Біз қабылдаған топтар бойынша мәліметтер мынадай:

Шаруашылық топтары	Жұмысшылардың жалпы санына шаққанда уақытша жұмысшылардың проценті		
	семьялы жұмысшылар	жалдама жұмысшылар	барлығы
I 0,5 һа-ға дейін	55	79	58
I 0,5 — 2 һа	39	78	45
II 2 — 5 »	22	68	29
II 5 — 10 »	11	54	24
II 10 — 20 »	14	42	23
III 20 — 100 »	14	32	25
III 100 және одан көп	11	33	32
Орта есеппен	29	45	33

Біз бұдан $^1/_2$ гектардан аз жері бар пролетарлық шаруашылықтар арасында (мұндай шаруашылықтар барлығы 2,1 миллион!) уақытша жұмысшылар семьялы жұмысшылардың да, жалдама жұмысшылардың да жартысынан көбі болып отырғанын көреміз. Бұл — негізінен көлденең шаруашылықтар, оларда иелері тек уақытша ғана істейді. 0,5 гектардан 2 гектарға дейін жері бар пролетарлық шаруашылықтардың арасында да уақытша жұмысшылардың проценті өте жоғары. Шаруашылықтар көлемінің артуына қарай бұл процент төмендейді — тек бір жағдайда ғана төмендемейді. Атап айтқанда, аса ірі капиталистік шаруашылықтардың жалдама жұмысшылары арасында бұл процент аздап жоғарылайды, ал бұл топта семьялы жұмысшылардың саны мүлде болмашы болғандықтан барлық жұмысшылардың ішінде уақытша жұмысшылардың проценті едәуір көтеріледі, 25 проценттен 32 процентке дейін өседі.

Шаруа шаруашылықтары мен капиталистік шаруашылықтардың арасындағы уақытша жұмысшылардың жалпы саны жөніндегі айырмашылық онша үлкен емес. Барлық шаруашылықтардағы семьялы жұмысшылар мен жалдама жұмысшылардың арасындағы айырма-

шылық өте үлкен, ал егер семьялы уақытша жұмысшылардың арасында әйелдер мен балалар процентінің мейлінше жоғары екенін ескертетін болсақ, мұны қазір көреміз, онда бұл айырмашылық бұдан да үлкен болып шығады. Демек, жалдама жұмысшылар ең өзгергіш элемент...

IV

ЕГІНШІЛІКТЕГІ ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАР ЕҢБЕГІ

...

ауыл шаруашылығын жүргізіп отыр. Жалпы айтқанда, шаруа шаруашылығында да әйелдер еңбегі басым, тек ірі шаруа кәсіпорындары мен капиталистік кәсіпорындарда ғана еркектер көпшілік.

Семьялы жұмысшылар арасындағыдан гөрі жалдама жұмысшылардың арасында әйелдер жалпы алғанда азшылық. Сірә, капиталистік егіншілер барлық топтарда өзі ең жақсы жұмыс күштерімен қамтамасыз ететін қожайындардың қатарына жататын болса керек. Егер еркектерге қарағанда әйелдердің көпшілік болуы қожайынның қысылшаң жағдайын және ең жақсы жұмыс күштерін пайдалану мүмкіншілігі жоқ шаруашылықтың қанағаттанғысыз жағдайын көрсететін өлшемдердің бірі болып табылады деп алсақ (ал мұндай жорамал әйел... туралы барлық мәліметтерден лажсыз туады...

V

ҰСАҚ ӨНДІРІСТЕ ЕҢБЕКТІҢ ЫСЫРАП БОЛУЫ

...

VI

ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІКТЕ МАШИНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КАПИТАЛИСТІК СИПАТЫ

...

VII

ҰСАҚ ӨНДІРІСТЕГІ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ТӨМЕНДІГІ ЖӘНЕ ШАМАДАН ТЫС ЖҰМЫС

Ауыл шаруашылығында машиналардың қолданылуы туралы мәліметтердің маңызы экономикалық әдебиетте әдетте жеткілікті бағаланбайды. Біріншіден, машиналарды қолданудың капиталистік сипаты бастан-аяқ ескерілмейді (егер әңгіме буржуазияшыл экономист жайында болып отырса, әрқашан ескерілмейді), тиісті мәселені зерттемейді, ол мәселені *қоя* білмейді немесе *қойғысы* да келмейді. Екіншіден, машиналардың қолданылуы шаруашылықтың түрлі типтерінің, егіншіліктің түрлі тәсілдерінің, шаруашылықтың түрлі *экономикалық* жағдайларының *көрсеткіші* ретінде емес, оқшау алынып қаралады.

Егер біз, мысалы, жалпы ереже ретінде, ұсақ өндіріске қарағанда ірі өндірісте машиналардың анағұрлым көп қолданылатынын және капиталистік шаруашылықтарда машиналардың көп шоғырлануын, ал кейде жетілдірілген құралдарды капиталистік шаруашылықтардың түгел дерлік монополиялағанын көретін болсақ, онда бұл түрлі типті шаруашылықтарда *жерді күтіп-баптауда айырмашылық* бар екенін көрсетеді. Герман санағы есепке алған машиналардың ішінде бумен жүретін плугтар, қатарлы сеялкалар, картоп отырғызатын машиналар бар. Олардың көбінесе капиталистік егіншілікте қолданылуы мұнда *жердің* жақсырақ *бапталатынын,* ұқсату техникасы жоғары, еңбек өнімділігі артық екенін көрсетеді. Ауыл шаруашылық машиналары туралы белгілі монографияның авторы Бензинг[130] түрлі машиналарды қолданудың тәжірибесі туралы мамандардың мәліметтеріне сүйеніп, мынаны есептеп шығарады: тіпті егіс жүйесін өзгертпей, машиналарды қолданудың өзі-ақ жекелеп алғанда шаруашылықтың таза табыстылығын *ондаған есе* арттырады. Бұл есепті ешкім теріске шығарған жоқ және негізінен теріске шығарылуы мүмкін де емес.

Жетілдірілген құралдарды қолдануға мүмкіндігі жоқ ұсақ өндіруші *жерді баптауда* кейін қалуға мәжбүр

болады, ал ескі құралдар сақталып отырған жағдайда жерге көп еңбек сіңіру арқылы, «ыждағаттылықты» күшейту және жұмыс күнін ұзарту арқылы жүздеген және мыңдаған ұсақ өндірушінің тек бірлі-жарымы ғана, ондағаны ғана ірі қожайынды «қуып жете» алады. Олай болса, машиналарды қолдану жөніндегі статистика нақ ұсақ өндірістегі *шамадан тыс еңбек жұмсау* фактісін, марксистер әрқашан баса айтып жүрген фактіні *көрсетеді*. Бұл фактіні ешқандай статистика тікелей есепке ала алмайды, бірақ статистиканың мәліметтерін олардың *экономикалық* маңызы жағынан алып қарасақ, онда машиналарды қолданған жағдайда және оларды қолдануға мүмкіндік жоқ жағдайда, қазіргі қоғамда шаруашылықтың *қандай типтерінің* қалыптасуға *тиіс* екені, қалыптаспай қала алмайтыны айқын болады.

Бұл айтылғанды бізге венгр статистикасы бейнелеп береді. 1907 жылғы герман санағы сияқты (сондай-ақ 1882 және 1895 жылдардағы санақтар да), машиналарды қолдану жөніндегі 1907 жылғы Данияның статистикасы сияқты, 1909 жылғы француз анкетасы сияқты, 1895 жылғы венгр санағы бүкіл ел бойынша алғаш рет дәл мәліметтер жинап, капиталистік егіншіліктің артықшылығын, шаруашылықтар көлемінің артуына қарай машиналары бар шаруашылықтар процентінің артатынын көрсетеді. Бұл жағынан, мұнда жаңа ештеңе жоқ, тек герман мәліметтері дәлелденеді. Бірақ венгр статистикасының ерекшелігі сол, жетілдірілген азғана құралдар мен машиналар туралы ғана емес, *барлық*, немесе барлық дерлік құрал-саймандар туралы, тым қарапайым және өте қажетті құралдардың, плугтардың, тырмалардың, арбалардың, т. т. саны туралы деректер жинаған.

Осындай өте-мөте толық мәліметтердің арқасында азғана ауыл шаруашылық машиналары мен «сирек» техниканы (бумен жүретін плугтар сияқты) қолдану туралы деректердің үлгілі, былайша айтқанда, шаруашылықтың бүкіл құрылысын сипаттайтын маңызын дәлме-дәл белгілеуге мүмкіндік туады. Венгр статисти-

касының* бумен жүретін плугтардан басқа плугтарды қолдану туралы мәліметтерін алайық (бумен жүретін плугтар 1895 жылы бүкіл Венгрияда барлығы 179 болған, олардың 120-сы аса ірі 3 977 шаруашылықта болған).

Плугтардың *барлық* саны туралы және бұл сияқты барлық құралдардың ішіндегі өте қарапайым, неғұрлым дөрекі, ең осал плугтардың (өте қарапайым плугтарға ағаш жетекті, бір түренді плугтар жатқызылған; басқалары: темір жетекті әлгіндей плугтар, сосын 2 және 3 түренді плугтар, культиваторлар, түптегіштер, терең жыртатын плугтар) саны туралы мәліметтер мынадай:

Шаруашылық топтары	Шаруашылықтар саны (барлығы)	Плугтар саны (барлығы)	Оның ішінде өте қарапайымдары
Өте ұсақ шаруашылықтар (5 йохқа дейін)	1 459 893	227 241	196 852
5— 10 йох	569 534	335 885	290 958
10—20 »	467 038	398 365	329 416
20—50 »	235 784	283 285	215 380
50—100 »	38 862	72 970	49 312
барлық ұсақ шаруашылықтар	1 311 218	1 090 505	885 066
орташа шаруашылықтар (100—1000 йох)	20 797	125 157	55 347
ірі шаруашылықтар (1000—йохтан көп)	3 977	149 750	51 565
Барлығы	2 795 885	1 592 653	1 188 830

Өте ұсақ шаруашылықтар туралы айтпағанның өзінде, біз 569 мың ұсақ шаруа шаруашылығының (5—10 йох, яғни 2,8—5,7 ha) 233 мыңының, 467 мың орташа

* Қараңыз: «Landwirtschaftliche Statistik der Länder der ungarischen Krone». Budapest («Венгр мемлекеті жерінің ауыл шаруашылық статистикасы». Будапешт. *Ред.)*, 1900, 4 және 5-томдар. Венгр статистикасы барлық шаруашылықтарды басты 4 топқа бөледі: 1) өте ұсақ шаруашылықтар (5 йохқа дейін жері бар; йох=0,57 гектар); 2) ұсақ шаруашылықтар (5—100 йох жері барлар); 3) орташа шаруашылықтар (100—1000 йох жері барлар) және 4) ірі шаруашылықтар (1000 йохтан көп жері барлар). Екінші топтың мүлде әр түрлі шаруашылықтарды қамтитыны айқын, сондықтан да мен оның төрт бөлімшесін келтіремін.

шаруа шаруашылықтарының 69 мыңының плугтары мүлде жоқ екенін көреміз. Тек жоғарғы топтар ғана, яғни ірі шаруа шаруашылықтары мен капиталистік шаруашылықтар ғана плугтармен қамтамасыз етілген, оның бер жағында 100 йохтан артық жері бар шаруашылықтарда ғана (мұндай шаруашылықтар 25 мың ғана=барлық санның 0,9 проценті!) неғұрлым жетілдірілген құралдар *басым*. Шаруа шаруашылықтарында жұмыс нәтижесі өте нашар болатын тым осал, өте қарапайым құралдар басым (және шаруашылық неғұрлым ұсақ болса, бұл басымдық соғұрлым ұлғая түседі).

Барлық шаруашылықтардың көпшілігі (52%) болып табылатын, бірақ жердің болмашы үлесін (7%) алатын өте ұсақ шаруашылықтарды былай қойып, біз мынадай қорытынды жасаймыз:

Миллионнан аса ұсақ және орташа шаруа шаруашылықтары (5—20 йох) топырақты өңдеу үшін тіпті өте қарапайым құралдардың өзімен де *жеткіліксіз* қамтамасыз етілген.

Екі жүз елу мың ірі шаруа шаруашылықтары (20—100 йох) өте қарапайым құралдармен қанағаттанарлық қана қамтамасыз етілген. Сонда тек 25 мың капиталистік шаруашылық қана (расында, қолында бүкіл жердің 55 проценті бар) жетілдірілген құралдармен толық қамтамасыз етіліп отыр.

Екінші жағынан, венгр статистикасы егіншілік құралының біреуіне қанша йох егістік жер келетінін есептеп шығарады, сөйтіп мынадай цифрлар алады (плугтар, тырмалар мен арбалар туралы мәліметтерді ғана келтіреміз, олардың шаруашылықтарға бөлінуінің сипаты біздің плугтар жөнінде көргенімізбен *мүлде* бірдей екенін ескертеміз).

	Мынадай йох егістік жерден келеді		
шаруашылықтарда:	1 плугке	1 тырмаға	1 арбаға
өте ұсақ	7	8	7
ұсақ	12	13	15
орташа	27	45	40
ірі	28	61	53

Мұның өзі *барлық* егіншілік құралдарымен *мүлде қанағаттанғысыз* қамтамасыз етілген пролетарлық шаруашылықтар мен шаруа шаруашылықтарында олардағы егістік жердің бүкіл көлемімен салыстырғанда егіншілік құралдары *тым көп* деген сөз. Құралдармен тым болмашы қамтамасыз етілу және оларды ұстаудың адам төзгісіз қымбаттығы — капитализм тұсында ұсақ өндірістің халі осындай. Әрбір үлкен қаладағы пәтер статистикасы да бізге халықтың төменгі таптарының, жұмысшылардың, ұсақ саудагерлердің, ұсақ қызметшілердің, т. т. нашар тұратынын, ең тар және ең жаман пәтерлері болатынын, сөйтсе де 1 текше футқа *бәрінен қымбат* төлейтінін дәл осылай көрсетеді. Фабрика казармасындағы пәтердің немесе кедейлерге салынған кез келген лашықтың кеңістік өлшемі салыстырма есеп бойынша Нева проспектісінің бір жеріндегі сәулетті пәтерлерден қымбат.

Ендеше, Германия жөнінде де, барлық капиталистік елдер жөнінде де мынадай қорытынды шығады. Егер жетілдірілген азғана құралдар мен ауыл шаруашылық машиналарының қолданылуы туралы мәліметтер бізге олардың қолданылуы шаруашылықтардың көлемімен қатар өсетінін көрсететін болса, онда мұның өзі егіншілікте ұсақ өндірістің *барлық* қажетті құралдармен нашар қамтамасыз етілгені деген сөз. Мұның өзі ұсақ өндірісте жаман, ескірген, қүйтақандай шаруашылыққа ғана жарамды тым көп құралдарды ұстаудағы *еңбектің ысырап болуы* мен өзінің ұлтарақтай жерінде осы ескірген, жабайы құралдармен өйтіп-бүйтіп амалдау үшін шаруаны зорыққанша еңбек істеуге мәжбүр ететін *ауыр мұқтаждық* қосылады деген сөз.

Егер ауыл шаруашылық машиналарының қолданылуы туралы соншалық қарапайым және жұртқа соншалық таныс мәліметтердің қоғамдық-экономикалық маңызы жөнінде ойланатын болсақ, онда бұл мәліметтер, міне, осыны көрсетеді.

Капитализм егіншілік техникасын жетілдіреді, оны ілгері бастырады, бірақ мұны ол ұсақ өндірушілер бұқарасын күйзелтіп, төмендетіп, жаныштамайынша, басқаша түрде істей алмайды.

Бұл процестің қоғамдық маңызы мен қарқынын айқын көрсету үшін қорытындыда 1882, 1895 және 1907 жылдардағы үш герман санағының мәліметтерін салыстырайық. Мұндай салыстыру үшін бүкіл осы дәуір бойына есепке алынып келген бес ауыл шаруашылық машинасының *қолданылу реттерінің саны* туралы мәліметтерді алуға тура келеді (бұл машиналар: бумен жүретін плугтар, сеялкалар, шөп машиналары мен жаткалар, бумен жұмыс істейтін және басқа молотилкалар). Мынадай жағдайды көреміз:

Шаруашылық топтары		Басты а. ш. машиналары қолданылған реттердің жүз шаруашылыққа келетін саны		
		1882	1895	1907
I	2 һа-ға дейін	0,5	1,6	3,8
II	2 — 5 »	3,9	11,9	31,2
	5 — 10 »	13,5	32,9	71,1
	10 — 20 »	31,2	60,8	122,1
III	20 — 100 »	59,2	92,0	179,1
	100 және одан артық һа	187,1	208,9	271,9
	Орта есеппен	8,7	16,6	33,9

Прогресс едәуір сияқты: ширек ғасырдың ішінде басты машиналарды қолданылу реттерінің саны жалпы алғанда төрт есе дерлік өскен. Бірақ, зер салып қарағанда, біз былай деп айтуға тиіс боламыз: басты бес машинаның біреуінің болса да қолданылуын дағдылы жағдайға айналдыру үшін жалдама еңбекті үнемі пайдаланбай отыра алмайтын шаруашылықтардың шамалы азшылығына толық ширек ғасыр қажет болды. Өйткені қолданылу реттерінің саны шаруашылықтардың санынан асып түскенде ғана бұл қолдануды дағдылы жағдай деп атауға болады, ал біз мұны капиталистік және ірі шаруа шаруашылықтары жөнінде ғана көріп отырмыз. Бәрін қосып алғанда олар шаруашылықтардың бүкіл санының 12 проценті болып отыр.

Ұсақ және орташа шаруалар бұқарасы капиталистік прогрестің ширек ғасырынан кейін мынадай жағдайда қалып отыр: жыл бойына әлгі бес машинаның әйтеуір біреуін ұсақ шаруалардың үштен бірі ғана, ал орташа шаруалардың үштен екісі ғана пайдалана алады.

(1-мақаланың соңы.)

КООПЕРАТИВТЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КОПЕНГАГЕНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСТЕ ҚАРАЛУЫ

Бұл мақалада мен конгрестің жоғарғы тақырыпта көрсетілген мәселе жөніндегі жұмысының барысын баяндаумен және социалистік ой-пікірдің осында өзара күрескен бағыттарын сипаттаумен шектелмекпін.

Конгреске дейін кооперативтер туралы қарарлардың үш жобасы жарияланған болатын. Бельгия жобасы («Халықаралық Социалистік Бюроның Мерзімді Бюллетенінің» 5-номері, ол халықаралық конгрестердің ресми үш тілінде үздік-создық шығып тұрады) жұмысшы-социалистерді кооперативтерде озіндік мәні бар бірдеңе, әлеуметтік мәселені шешуге құрал боларлық бірдеңе бар деп қарайтындардың ілімдеріне қарсы сақтандырудан бастайды. Содан соң, кооперативтерді өзінің таптық күресінің құралы ретінде пайдалануға жұмысшы табының өте-мөте мүдделі екендігін мойындай келіп, Бельгия партиясының жобасы кооперативтердің тікелей тиімділігін көрсетеді (сауда қанаушылығымен күресу, зат дайындап берушілердегі еңбек жағдайларын жақсарту және т. т.), сөйтіп социалистік партиялар мен кооперативтер арасында «үйлесімді, барған сайын неғұрлым тығыз байланыс» орнатылса екен деген тілек білдіреді.

Француз социалистік партиясы копшілігінің жобасы Жорестің рухында жасалған. Кооперативтер көкке көтере дәріптеліп — дәл буржуазиялық реформаторлардағы сияқты — «әлеуметтік өзгерістің» «қажетті» элементі ретінде көрсетілді. Кооперативтерді жеке адамдар-

дың одағынан ассоциациялардың жалпыға бірдей федерацияларына айналдыру туралы бұлдыр сөздер айтылады. Пролетарлық кооперативтер ұсақ қожайынсымақтардың (егіншіліктегі) кооперативтерімен шатастырылады. Кооперативтердің бейтараптығы уағыздалып, социалистік партия жөнінде кооперативтерге қандай да болсын міндеттер жүктеудің зияндылығы сипатталады.

Ақырында, француз социалистері азшылығының жобасы (гедшілдік) үзілді-кесілді былай дейді: кооперативтер өз алдына әсте таптық ұйымдар (мысалы, кәсіптік одақтар сияқты) бола алмайды, кооперативтердің маңызы оларды кімнің қалай пайдалануына қарай анықталады. Кооперативтерге көптеп кіру арқылы жұмысшылар капиталға қарсы күресу үшін олардан пайда көре алады, қазіргі құрылыстың қайшылықтары жойылғаннан кейін құрылатын социалистік қоғамның қандай болатынын соның мысалынан белгілі бір дәрежеде түсінетін болады. Сондықтан жоба кооперативтер маңызының шектеулі болатынып атап корсетеді, сөйтіп социалистік партияларды пролетарлық кооперативтерге жәрдемдесуге шақырады, кооперативтік жалған үміттерден сақтандырады, бұқараға өзінің шын міндеті: саяси өкіметті жеңіп алу және өндіріс пен айырбас құралдарын жалпыга ортақ меншікке айналдыру екенін түсіндіру үшін социалистердің кооператив ішінде топтасуын ұсынады.

Бұл арада негізгі екі бағыт байқалып отырғаны айдан анық: бірі — пролетарлық тап күресі бағыты, бұл күрес үшін кооперативтерді күрес құралы ретінде, күрестің көмекші құралдарының бірі ретінде мойындау және кооперативтер жай ғана сауда кәсіпорындары болып қалмай, шынымен жоғарыдағыдай роль атқаруына керекті жағдайларды белгілеу. Екінші бағыт — пролетариаттың тап күресіндегі кооперативтердің ролі туралы мәселені күңгірттендіретін, кооперативтердің маңызын осы күрестің шегінен асырып жіберетін (яғни пролетар мен қожайындардың кооперативтерге көзқарастарын шатастыратын), кооперативтердің мақсаттарын прогресшіл қожайындар мен қожайынсымақтар-

дың идеологы — буржуазиялық реформатор үшін де қолайлы жалпы сөздермен белгілейтін ұсақ буржуазиялық бағыт.

Амал не, бұл аталған екі бағыт күні бұрын әзірленген үш жобада *белгіленіп* қана *қойылды*, мәселенің шешімі солардың өзара күресіне байланысты болмақ *екі бағыт* ретінде ашық, айқып, мықтап қарама-қарсы қойылмады. Сондықтан да прогрестің жұмысы бір қалыпты болмай, шатасып, стихиялы болып кетті. Минут сайын пікір алалығы «туып отырды», бірақ оларды әбден анықтап алмады, сөйтіп осының салдарынан пікір жаңсақтығын көрсететін, социалистік партиялар конгресінің қарары бере алатын және беруге тиісті нәрселерді *түгел* бермейтін қарар келіп шықты.

Кооперативтер туралы мәселе жөніндегі комиссияда бірден екі ағым байқалды. Бірі — Жорес пен Эльмнің бағыты. Эльм кооперативтік комиссиядағы төрт неміс делегатының бірі болды да, немістердің өкілі ретінде және тура оппортунистік рухта сойледі. Екінші бағыт — бельгиялық бағыт. Австрия кооперативтік қозғалысының көрнекті қайраткері, белгілі бір принциптік бағытты қорғамаған, бірақ (дұрысында: «бірақ» емес, қайта дәл сондықтан) оппортунистерге анағұрлым көбірек ойысқан австриялық Карпелес делдал, бітістіруші болды. Оның үстіне, бельгиялықтарды Жореспен және Эльммен таласуға мәжбүр еткен нәрсе, мәселеге пролетарлық көзқарас пен ұсақ буржуазиялық көзқарастың бір-біріне дұшпандығы мен ымырасыздығын айқын ұғынудан гөрі, көбіне-көп кооперативтік істі шын пролетарлық тұрғыдан қоюды іштей түйсіну ғана болды. Сондықтан, мысалы, Ансель (кооперативтік комиссияның председателі) комиссияда кооперативтердің бейтараптығына қарсы, олардың маңызын асыра бағалауға қарсы, *бізге кооператор*-социалистер емес, *социалист*-кооператорлар болу қажет екендігін жақтаған тамаша, жалынды сөз сөйледі,— ал нақ сол Ансель қарарды әзірлегенде Жорес пен Эльмнің тұжырымдары жөнінде өзінің көнгіштігімен, пікір алалығының себептерін өзінің жете ұғынғысы келмегендігімен тура адамды ашындырардай болды.

Алайда комиссияның мәжілістеріне қайта оралайық. Комиссия жұмысының барысына кооперативтік қозғалыс күшті дамыған ұлттардың өкілдері шешуші ықпал тигізгені түсінікті. Бұл арада бельгиялықтар мен немістердің арасындағы алауыздық бірден байқалды, мұның өзі немістерге аса қолайсыз тиді. Әбден дәйекті, әбден айқын болмағанымен, бельгиялықтар қалай дегенмен де пролетарлық бағыт ұстады. Эльм барып тұрған оппортунист ретінде сөйледі (әсіресе кіші комиссияда, ол туралы төменде айтылады). Әрине, басшылық роль бельгиялықтарда болды. Австриялықтар бельгиялықтарға қарай ойысты, сөйтіп комиссия жұмысының аяғында *австриялық-бельгиялық* қарар оқылды, ал неміс қарарын ұсынған Эльм бұл қарардың жорестік жобамен келісуі әбден мүмкін деп санайтынын турадан-тура мәлімдеді. Француздарда Жореске қарсы күшті азшылық болғандықтан (Жорестің көзқарасын 202 мандат жақтады, ал Гедтің көзқарасын 142 мандат жақтады), ал немістерде, тегінде, Эльмге қарсы күшті азшылық бұдан кем бола қоймайтындықтан (егер екі көзқарас туралы мәселе айқын және қатаң қойылған болса), австриялық-бельгиялық одақтың жеңіп шығуға деген үміті зор болды. Сонымен, әңгіме, әрине, сөздің тар мағынасында айтқандағы «жеңіс» туралы емес, көбінесе кооперативтерге пролетарлық көзқарасты дәйекті түрде қорғау туралы болды. Кіші комиссияда Жорес пен Эльмге шамадан тыс кеңшілік жасалуы салдарынан мұндай дәйектілікке жету қолдан келмей қалды.

Біздерге, орыс социал-демократтарына, келер болсақ, біз комиссияда австриялық-бельгиялық бағытты қолдауға тырыстық және осы мақсатпен, австриялық-бельгиялық ымырашыл жоба жарияланбастан бұрынақ, мынадай мазмұндағы қарарымыздың жобасын ұсындық:

«РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Конгресс былай деп біледі:

1) Пролетариаттық тұтыну серіктіктері жұмысшы табының жағдайын мына жағынан жақсартады: сауда делдалдары тара-

пынан болатын әр түрлі қанаулардың мөлшерін кемітеді, зат дайындап берушілердің кәсіпорындарында істейтін жұмысшылардың еңбек жағдайларына әсер етеді және өз қызметшілерінің жағдайын жақсартады.

2) Бұл серіктіктер жұмысшыларды стачкалар, локауттар, саяси қуғындаулар кезінде және басқа жағдайларда қолдай отырып, пролетариаттың экономикалық және саяси бұқаралық күресі үшін үлкен маңыз ала алады.

Екінші жағынан, конгресс мынаны атап көрсетеді:

1) өндіріс құралдары экспроприациялануға тиісті таптың — экспроприациялануы іске асырылмайынша социализмнің орнатылуы мүмкін емес таптың қолында болып тұрғанда, тұтыну серіктіктерінің көмегі арқылы қол жететін жақсартулар өте жартымсыз болуы мүмкін;

2) тұтыну серіктіктері капиталмен тікелей күресетін ұйымдар бола алмайды, олар басқа таптардың осы сияқты ұйымдарымен қатар өмір сүреді, ал бұл ұйымдар әлеуметтік мәселені тап күресінсіз және буржуазияны экспроприацияламай-ақ шешуге пайдаланылатын құрал болып табылады деген жалған үміт туғызуы мүмкін.

Конгресс барлық елдердің жұмысшыларын мынаған:

a) пролетарлық тұтыну серіктіктеріне кіруге, сонымен бірге бұл ұйымдардың демократиялық сипатын қорғай отырып, олардың дамуына барынша жәрдемдесуге,

b) тұтыну серіктіктерінде тынбастан социалистік насихат жүргізу арқылы жұмысшылар арасында тап күресі мен социализм идеяларын таратуға жәрдемдесуге,

c) сонымен бірге жұмысшы қозғалысының барлық формаларының мүмкіндігінше неғұрлым толық жақындасуына жетуді көздеуге шақырады.

Сондай-ақ конгресс өндіруші серіктіктер тұтыну серіктіктерінің құрамдас бөлігі болған жағдайда ғана олардың жұмысшы табының күресі үшін маңызы бар екенін атап көрсетеді».

Қарарлардың барлық жобалары кіші комиссияға тапсырылған-ды (халықаралық конгресс комиссияларының үлкендігі сонша,— әр комиссияға әрбір ұлт 4 делегаттан жібереді,— сондықтан қарарлардың текстін комиссиялар толық жиналған жағдайда талқылап-әзірлеу туралы сөз болуы да мүмкін емес). Кіші комиссияға 10 адам кірді: екі бельгиялық (Ансель мен Вандервельд), бір француз (Жорес), бір австриялық (Карпелес), бір неміс (Эльм), бір голландиялық (марксист Вибо), бірбірден итальян, дат, ағылшын, орыс социал-демократы (Воинов және мен — біздің социал-демократиялық делегация өкіл сайлауға жиналып үлгірмеді — сондықтан екеуміз де қатыстық, ал дауысты біреуіміз бердік).

Кіші комиссияда қарардың текстін әзірлеудің таза қара жұмысы қолға алынды. Ең ұсақ, стильдік өзгерістерді былай қойғанда, конгресс қабылдаған текст сол кіші комиссия әзірлеген текст;— оқушылар конгресс қарарының текстін осы номердің басқа бір жерінен оқи алады. Кіші комиссиядағы күрес — комиссиядағы күрестен өзгеше — кооперативтердің партияларға көзқарасы туралы мәселеге емес, кооперативтердің маңызы мен ролі туралы анағұрлым принципті мәселеге шоғырланды. Бельгиялықтар кооперативтердің ролін капиталистер табын «толық экспроприациялау» (exrpropriation intégrale) жолындағы пролетарлық тап күресінің (белгілі жағдайларда) ықтимал көмекші құралдарының бірі ретінде неғұрлым принципті тұрғыдан белгілеуге бейім болды. Жорес қолдаған Эльм үзілді-кесілді қарсы шығып, өзінің бүкіл оппортунизмін түгелдей көрсетті. Ол жалпы алғанда мәселенің экспроприациялауға дейін барар-бармасы белгісіз деді, оз басының мұны мүлде қисынсыз деп есептейтіндігін айтты, «көпшілік» (!) үшін мұның өзі талас мәселе, неміс социал-демократиялық партиясының программасында экспроприациялау деген жоқ, сондықтан «Ueberwindung des Kapitalismus» — «капитализмді игеріп кету» деп айту керек деді. Бебельдің Ганноверде, Бернштейнмен таластардың қорытындысында айтқан «es bleibt bei der Exrpropriation» — «біз бұрынғыша экспроприациялауды жақтаймыз» [131] деген атақты сөздерін неміс оппортунизмі көсемдерінің бірі ұмытып кетті. Осы таластармен байланысты «социализация туралы мәселе» туды. Жорес кооперативтердің маңызын анықтағанда: «олар жұмысшыларға (конгресс қабылдаған қарардың текстінде тұрғанындай) өндіріс пен айырбас құрал-жабдықтарын демократияландыруды және социализациялауды әзірлеуге көмектеседі» деген сөздер тұрсын деп үзілді-кесілді талап етті.

Мұның өзі — ұсақ қожайынсымақтың идеологтары үшін және буржуазиялық реформизм теоретиктері үшін әбден қолайлы, бұлдыр, күңгірт бос сөздердің бірі, Жорес мұндайға сондай шебер және сондай құмар. «Өндіріс пен айырбас құрал-жабдықтарын демократияланды-

ру» деген не? (Кейін комиссияда, жоба кіші комиссиядан осында қайтарылған кезде, француздар құрал-жабдықтар — moyens деген сөзді — күш — forces деген сөзбен ауыстырды, бірақ бұдан істің мәні ешбір өзгермеді.) Капиталистік ірі өндірістен гөрі шаруа өндірісі «демократиялырақ» (дедім мен комиссияда). Бұл біздер, социалистер, ұсақ өндіріс құруды тілейміз деген сөз бе? «Социализация» деген не? Мұны бүкіл қоғамның меншігіне айналдыру деп түсінуге де болады, бірақ бұған қоса оны шаруалар серіктіктерінен бастап, муниципалдық моншалар мен әжетханаларға дейін капитализм шеңберінде жасалатын қандай да болса ішінара шаралар, қандай да болса реформалар деп түсінуге де болады. Кіші комиссияда Жорес даниялық ауыл шаруашылық серіктіктеріне сүйенді емес пе, сірә, буржуазиялық экономистерден соң іле-шала ол мұны капиталистік кәсіпорындар емес деп ұқса керек.

Бұл оппортунизмге қарсы әрекет ұйымдастыра отырып, біз (орыс және поляк социал-демократтары) Эльмді қойып, «Neue Zeit»-тің қосымша редакторы, кооперативтік комиссияда немістер жағынан болған Вурмге пікір айтуға әрекет жасадық. Вурм «демократияландыру және социализациялау» туралы сөздерді мақұлдамады, бірсыпыра (ішінара) түзетулер ұсынды, Эльм мен марксистер арасында елшілік жасады, бірақ Эльмнің «тастай қаттылық» көрсеткені сондай, Вурм дәнеңе де шығара алмады. Неміс делегациясында кооперативтер туралы мәселе сейсенбі күні-ақ көтерілгендігін мен конгрестен кейін барып «Leipziger Volkszeitung»-тен (№ 201, 31 август, 1910 ж., 3. Beilage) оқыдым. «Р. Фишер,— деп жазады осы газеттің тілшісі,— неміс делегаттары арасында кооперативтер туралы мәселе жөнінде алауыздық жоқ па деп сұрады». *Эльм* былай деп жауап берді: «Бар. Бүгін-ертең оларды жоюға болмайды. Конгрестердің шешімдері қашанда ымыраласу шешімдері болып келеді, сондықтан бұл мәселе жөнінде де іс, сірә, ымыраласумен тынатын болар». *Вурм:* «Менің кооперативтер туралы көзқарасым фон Эльмнің көзқарасынан мүлде басқаша (durchaus andere); бірақ біз, сірә, ортақ қарарға қалай дегенмен де келісетін болар-

мыз». Осыдан кейін делегация мәселені одан әрі талқылауды керексіз деп тапты.

Бұл хабар Штутгарттағы халықаралық съездің өзінде-ақ әбден байқалған құбылысты дәлелдейді. Неміс делегациясы партия мен кәсіптік одақтар өкілдерінен тепе-тең мөлшерде құрылады. Кәсіптік одақтардан түгелдей дерлік оппортунистер өтеді, өйткені олар әдетте секретарьларды және одақтардың басқа «бюрократиясын» сайлайды. Жалпы алғанда немістер халықаралық съездерде ұстамды принциптік бағытта болуға қабілетсіз, сондықтан Интернационалда кейде гегемондықтан айрылып қалып жүреді. Эльмнің алдында Вурмның дәрменсіздік көрсетуі — Герман социал-демократиясындағы дағдарысты, оппортунистермен үзілді-кесілді сөзсіз ажырасуға ұмтылудың өріс алуынан болып отырған дағдарысты тек тағы да бір рет айқындап берді.

Кооперативтердің партияға ақшалай көмектесуі туралы мәселе жөнінде де Эльм мен Жорес кіші комиссияда бельгиялықтардан шамадан тыс кеңшіліктер алды, сөйтіп бельгиялықтар мынадай тұжырымға: «кооперативтер тікелей өздерінің қаржыларынан саяси және кәсіптік қозғалысқа көмектесуі керек пе және қай дәрежеде көмектесуі керек деген мәселе әрбір елдің кооперативтерінің шешуіне беріледі» деген тұжырымға келісті.

Кіші комиссияның жобасы біржолата бекіту үшін комиссияға қайтып оралғанда, біз бар назарымызды нақ осы екі пунктке аудардық. Біз Гедпен бірге екі (басты-басты) түзету енгіздік: біріншіден, «(кооперативтер) жұмысшыларға өндіріс пен айырбасты демократияландыруды және социализациялауды әзірлеуге көмектеседі» деген сөздерді: «(кооперативтер) капиталистер табын экспроприациялағаннан кейін өндіріс пен айырбастың жұмыс істеуін әзірлеуге белгілі дәрежеде көмектеседі» деген сөздермен ауыстыруды ұсындық. Стилистика тұрғысынан онша сәтті тұжырымдалмаған бұл түзетудің мағынасы кооперативтердің жұмысшыларға қазір көмектесе *алмайтындығында* емес, кооперативтер қазірдің өзінде-ақ *әзірлеп* отырған өндіріс пен айырбастың болашақтағы жұмысының капиталистерді

экспроприациялағаннан *кейін ғана* болатындығында. Екінші түзету кооперативтердің партияға көзқарасы туралы айтатын пунктке қатысты болды. Біз: не «социализм тұрғысынан алғанда (яғни жұмысшы күресіне көмек) қалайда қажет» деген сөздерді қосуды, не бүкіл осы пунктті басқа пунктпен ауыстыруды, пролетариаттың таптық күресіне тікелей көмек көрсетудің қажеттігін кооперативтерде уағыздауды және қорғауды *социалистерге* тікелей ұсынатын пунктпен ауыстыруды ұсындық.

Тек 15-ке жуық дауыс қана алған екі түзетуді де комиссия қабылдамай тастады. Социалист-революционерлер — халықаралық съездерде әрқашан болғанындай — Жоресті жақтап дауыс берді. Орыс жұртшылығы алдында олар тіпті Бебельдің өзін оппортунизмге ұрынды деп айыптаудан да тайынбайды, ал Европа жұртшылығы алдында олар Жорес пен Эльмнің соңынан ереді! Вурм соңғы үш абзацтың орнын ауыстыру арқылы қарардың соңғы жағын түзетпек болған еді. Алдымен кооперативтерді бір федерацияға қосу қажет деп айтылсын (соңынан санағанда екінші абзац). Одан соң партияға тікелей көмектесу керек пе әлде жоқ па, бұл кооперативтерге байланысты деп мәлімделсін (соңынан санағанда үшінші абзац). Ал ақырғы абзац мынадай сөздермен: «бірақ» деген сөзбен (*бірақ* конгресс партия мен кәсіптік одақтар және кооперативтер арасындағы барған сайын етене жақын қарым-қатынас болуы қажет екендігін мәлімдейді деген сөздермен) басталсын. Сонда конгрестің партияға көмектесуді кооперативтерге *ұсынғандығы жалпы* контекстен айқын болады. Эльм тіпті осы түзетуді де қабылдамады! Бұдан соң Вурм ұсынған түзетуін қайтып алды. Сол кезде Вибо бұл түзетуді өз атынан дауысқа қойды, біз оны жақтап дауыс бердік, бірақ түзету қабылданбады.

Конгресс пленумында өзімізді қалай ұстауымыз керек деген мәселе жөнінде біз Гедпен кеңестік. Гед былай деп топшылады,— және оның пікіріне немістің революцияшыл социал-демократтары қосылды,— ішінара түзетулерге бола конгресс пленумында жанжал туғызудың қажеті жоқ, жалпы алғанда қарарды *жақтап*

дауыс беру керек. Қарардың кемшіліктері мынада: социализмнің мақсаттарын анықтау кәдесіне аса алмайтын, бірақ осындай анықтаумен *қатар* тұрған ревизионистік бір сөздерді *жібергендігінде*,— және жұмысшы кооперативтері жұмысшы табының күресіне көмектесуге тиіс деген пікірді *онша күшті* білдіре алмайтын бір сөйлемінде. Мұндай кемшіліктерді түзетуге тырысқан жөн болар еді, бірақ соған бола пленумда талас шығаруға негіз жоқ. Біз Гедтің бұл пікірімен келістік, сөйтіп қарар конгресс пленумында біраузыдан қабылданды.

Конгрестің кооперативтер туралы мәселе жөніндегі жұмыстарын қорыта келіп, біз,— қарардың кемшіліктерін өзімізден де, жұмысшылардан да жасырмай,— пролетарлық кооперативтердің міндеттерін негізінен алғанда Интернационалдың дұрыс анықтағанын айтуға тиіспіз. Партияның әрбір мүшесі, әрбір социал-демократ жұмысшы, әрбір саналы жұмысшы-кооператор қабылданған қарарды басшылыққа алуға және өзінің бүкіл қызметін осы қарардың рухында жүргізуге тиіс.

Копенгаген конгресі жұмысшы қозғалысы дамуының белгілі бір сатысын, былайша айтқанда, оның көбінесе кеулей дамыған, сойтіп пролетарлық кооперативтерді тап күресі арнасына тарта *бастаған* кезін көрсетеді. Ревизионистермен екі арада алауыздық бары байқалды, бірақ ревизионистердің дербес программамен шығуына дейін әлі алыс еді. Ревизионизмге қарсы күресу кейінге қалдырылды, бірақ бұл күрес сөзсіз болады.

«Социал-Демократ» № 17,
25 сентябрь (8 октябрь), 1910 ж.
Қол қойған· Н. Ленин

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

КЕЙБІР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ РСДРП-ДАҒЫ ІСТІҢ ЖАЙЫМЕН ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫРАТЫНЫ ТУРАЛЫ

Копенгаген халықаралық конгресіне байланысты бірқатар басылымдарда біздің партиядағы істің жайы туралы мақалалар шықты. Партиялық (дұрысында: *анти*партиялық) үш түрлі ағымның өкілдері жазған үш мақалаға қысқаша тоқталып өтелік.

Амал не, біздің герман жолдастардың орталық органында («Vorwärts», 28 август) басылған мақаланы дөрекілігі жағынан бірінші орынға қоюға болады. Бұл мақала — аноним мақала. Оның «Біздің орыс тілшімізден» деген тақырыпшасы ғана бар.

Бұдан оқушы мыналарды: «біздің партияда үйлесімсіз үлкен роль атқарып жүрген орыс эмигранттары әлі ешқашанда орыс жұмысшы қозғалысының мүдделері мен тілектеріне нақ қазіргідей жат болып көрген емес», біздің партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» «тар өрісті фракциялық рухта шығарылып отыр», большевиктер «формальдық және сырттай радикализмімен» көзге түсіп отыр, ақырында, олар тек эволюция нәтижесінде ғана парламентаризмді «мойындауға» мәжбүр болыпты дегендерді және т. т. оқып біледі. Бұл авторымыз біздің партияның көпшілігіне мүлде разы емес. Партияның күллі жағдайы авторға өте-мөте нашар болып көрінеді. Автор РСДРП өмірінен бір ғана тәуірлеу нәрсені көрген. Ол — «Венада шығып тұратын... әуел бастан-ақ фракциялық айтыстан мүлде аулақ тұрған, саяси үгітті және басқаларын өзіне міндет етіп қойған жұмысшылардың «Правда» газеті».

Бұл мақаланың кімнің «фракцияшыл емес» қаламынан туғанын аңғара бастаған жоқсыз ба, оқушы? Сіз, әрине, қателеспейсіз. Иә, бұл «фракцияшыл емес» Троцкий өз фракциясының газетсымағына ашықтан-ашық жарнама жазуға ұялмады. Онша хабардар емес неміс оқушылары алдында партиялық көпшіліктің позициясына нақ жойымпаздар берген бағаны беріп отырған дәл соның өзі*.

Герман ревизионистерінің органында біздің партияға жала жабу міндетін екінші бір әдебиетші *Р. Стрельцов* өзіне алған. Оның мақаласы Блох мырза редакциялайтын «Sozialistische Monatshefte»-де басылып шықты, Бебель Магдебургте Блохты национал-либерал деп әділ атаған еді. Прокопович мырзаның «Товарищ» [132] газетіндегі әріптесі Р. Стрельцов жойымпаздарды әлден-ақ ашықтан-ашық қорғауына алып отыр. «Оларға тағылып отырған айыптан асқан рабайсыздық жоқ». Нағыз социал-демократтар — нақ осы жойымпаздар. Ал партиялық көпшілік,— байқайсыз ба, «жария мүмкіншіліктер деп аталатындарды пайдалануды, яғни социал-демократтардың кәсіподақтарға, кооперативтерге, ашық съездерге және т. т. қатысуын артық деп есептейді». Егер неміс оқушысы орыс революциясының тарихын Череваниннен, ал біздің партия ішіндегі қазіргі жағдай мен тактикалық күресті Стрельцов пен Троцкийден оқыса, дұрыс түсінікке жариды-ақ екен!..

Үшінші мақала бельгиялық жолдастардың органы «Le Peuple»-де** [133] жазған ультиматист Воиновтың (ол мұның үстіне құдай жасампаз да) қаламынан шыққан. Ал Воинов «біздің партиямыздағы тактикалық ағымдар» (оның мақаласының аты) туралы бельгиялық жолдастарға бұрмалап түсінік бергенімен, алайда, оның мақаласы бір жағынан едәуір пайда да келтірді: ол

---

* Бұл мақаланың «Vorwärts» секілді органда басылып шығуы Копенгаген конгресіне барған біздің делегаттарды герман партиясының Орталық Комитетіне наразылық білдіруге мәжбүр етті. Бұл наразылықты біздің Орталық Органның делегаттары (Г. В. Плеханов пен А. Варский) және партияның Халықаралық бюродағы өкілі (Н. Ленин) табыс етті. Осы мәселені социал-демократиялық делегацияда талқылаған кезде Троцкий бұл атышулы мақаланы өзі жазғаны туралы құпияны бізге ашып та берді.

** Мұнымен қатар Воинов өзін «Копенгагендегі Интернационалдық конгреске делегатпын» деп оқушыларға алдын ала хабарлапты.

шақырымпаздық-ультиматистік тактиканың мәнін бізге тағы бір рет ашып берді. Шақырымпаз-ультиматистердің мақсаттарын әдетте «впередшілдердің» әдеби жазбаларында істелетініндей бүркемелемей, оларды ашық баяндайтын мақтаулы жазушылар «Вперед» тобында да болады екен. Өздеріңіз тыңдап көріңіздерші. Шақырымпаз-ультиматистер енді жауынгерлік жасақтар және басқалар туралы арман етіп жүр деп, қазір сізге қандай «впередшіл» тура мойындар екен? Оңшылданыңқыраған Ленин қазіргі кезең үшін «мәселен, нұсқаушылар мектептерінің қажеттігін» теріске шығарып отырғанда, турашыл Воинов өзі және оның достары «біздің жауынгерлік дайындығымызды жүргізе бергісі және дамыта бергісі» келетіндігін тура айтып отыр. Думадағы фракцияның атына «ультиматум» жолдау қажеттігі туралы қазір қай «впередшіл» тура айтады? Ал қайырымды Воинов «партияны қайта қалпына келтіру» оның достарына «біздің депутаттарға ультиматум қою»... үшін керек деп бізге ашықтан-ашық хабарлап отыр. Шақырымпаз-ультиматистерге шетелде «партия мектебі» не үшін керек екенін сіздерге қай «впередшіл» баспасөз жүзінде айтар екен? Ал созуар Воинов «мектеп» партияның «жаңа съезін» әзірлеу үшін және қазіргі «оңшыл» Орталық Комитеттің* орнына басқа Орталық Комитет сайлау үшін керек деп хабарлап қалғысы келді. Мұндай турашылдығы үшін впередтік «дипломаттар» Воиновты мақтай қоймас!

Троцкий, Воинов және Стрельцов партиялық бағытқа қарсы күресте бір-біріне туысқандарша қол созысты...

*«Социал-Демократ» № 17,
25 сентябрь (8 октябрь), 1910 ж.*

*«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр*

---

* Бұл арада Воинов «Орталық Комитеттің съезде сайланған, бірақ Орталық Комитеттің жаңа бағытына наразы кейбір мүшелері отставкаға шықты»-мыс деп мақтануды да жөн көрді. Қайда, қашан, Воинов жолдас?

РОССИЯДАҒЫ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ КҮРЕСТІҢ ТАРИХИ МӘНІ[134]

Мақаламыздың атында көрсетілген тақырып «Neue Zeit»-тің 50 және 51-номерлеріндегі Троцкий мен Мартовтың мақалаларында сөз болады. Мартов меньшевизмнің көзқарастарын баяндайды. Троцкий тым даурықпа сөздермен бүркемеленіп, меньшевиктердің соңынан салпақтап келеді. Мартов үшін «орыс тәжірибесі» — «бланкистік және анархистік мәдениетсіздік маркстік мәдениеттілікті жеңіп шықты» (большевизм меньшевизмді жеңіп шықты деп оқы) дегенге келіп саяды. Тактиканың *«жалпы европалық»* тәсілдерінен өзгеше, «орыс социал-демократиясы тым *орысшалап* жіберді». Троцкийдің «тарих философиясы» да дәл сол. Күрестің себебі — «марксшіл интеллигенцияның пролетариаттың таптық қозғалысына бейімделгені». Алдыңғы қатарға «сектанттық рух, интеллигенттік дарашылдық, идеологиялық фетишизм» шығарылып отыр. *«Саяси жағынан жетілмеген пролетариатқа ықпал жүргізу үшін күресу»* — істің мәні міне осында.

I

Большевизмнің меньшевизмге қарсы күресін жетілмеген пролетариатқа ықпал жүргізу үшін күресу деп білетін теория жаңа теория емес. Біз мұны *либералдық* баспасөздің сансыз көп кітаптарынан, кітапшаларынан, мақалаларынан 1905 жылдан бастап (1903 жылдан бастап болмаса) кездестіріп келеміз. Мартов пен Троцкий

неміс жолдастарға маркстік түске боялған *либералдық көзқарастарды* ұсынып отыр.

Әрине, батыс европалық пролетариатқа қарағанда, орыс пролетариаты саяси жағынан әлдеқайда кем жетілген. Бірақ орыс қоғамының барлық таптарының ішінен нақ осы пролетариат 1905—1907 жылдары саяси жағынан *неғұрлым* жетілгендік байқатты. 1848 жылы неміс либерал буржуазиясы қандай болса, бізде де өзін сондай оңбаған, қорқақ, ақымақ, сатқын етіп көрсеткен орыс либерал буржуазиясы орыс пролетариатын жек көргенде, оның қозғалысқа *басшылық етуді* осы буржуазиядан тартып алуға, либералдардың сатқындығын аяусыз әшкерелеуге 1905 жылы *саяси жағынан жеткілікті дәрежеде жетілген* болып шыққандығы үшін, *нақ осы үшін* жек көреді.

Меньшевизм мен большевизм «пролетариаттың қалың ортасына тамырын терең жайған» сияқты деп ойлау «жалған үміт»,— дейді Троцкий. Бұл өзі біздің Троцкий машықтанып алған даурықпа, бірақ бос сылдыр сөздердің үлгісымағы. Меньшевиктердің большевиктермен келісе алмауының *түп-тамыры* «пролетариаттың қалың ортасында» емес, орыс революциясының *экономикалық мазмұнында* жатыр. Осы мазмұнды елемегендіктен, Мартов пен Троцкий Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәнін ұғыну мүмкіншілігінен айрылып отыр. Істің мәні алауыздықтардың теориялық тұжырымдарының пролетариаттың белгілі бір топтарына «терең» сіңген-сіңбегенінде емес, істің мәні қайта, 1905 жылғы революцияның экономикалық жағдайлары — жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту мәселесі үшін ғана емес, сонымен қатар аграрлық мәселе үшін де, революцияның барлық саяси мәселелері, т. т. үшін де пролетариатты либерал буржуазияға дұшпан етіп *қойғанында* болып отыр. Орыс революциясындағы бағыттардың күресі туралы сөз қылғанда «сектанттық», «мәдениетсіздік», т. т. деп оңды-солды айдар таға отырып сөз қылу, ал пролетариаттың, либерал буржуазияның және демократияшыл шаруалардың негізгі экономикалық мүдделері туралы жұмған аузды

ашпау — мұның аты тұрпайы журналистер деңгейіне дейін түсіп төмендеу деген сөз болып шығады.

Бұған мысал мынадай. «Бүкіл Батыс Европа,— деп жазады Мартов,— шаруалар бұқарасының егіншіліктегі капиталистік төңкерістің ауыр зардаптарымен таныстығына қарай ғана оны (пролетариатпен) одақ болуға жарайды деп есептейді; ал Россияда сан жағынан әлсіз пролетариатты 100 миллион шаруамен бірікті деп есептейтіндер бар, ал бұл шаруалар капитализмнің «тәрбиелік» әсерін әлі бастан кешірген жоқ немесе кешірген жоқ дерлік, сондықтан бұлар әлі капиталистік буржуазияның мектебінен өткен жоқ».

Мартов мұны жаңсақ айтып тұрған жоқ. Мұның өзі — меньшевизмнің *барлық* көзқарастарының өзекті пункті. Россияда Потресовтың, Мартовтың және Масловтың редакциясымен шығатын орыс революциясының оппортунистік тарихы («XX ғасырдың басындағы Россиядағы қоғамдық қозғалыс») бастан-аяқ осындай идеяларға толы. Осы «еңбектің» қорытынды мақаласында меньшевик Маслов бұл идеяларды онан да бетер айқын білдіріп, былай деген: «Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы *шаруашылық дамудың* бүкіл *барысына қайшы болып шығар еді».* Большевизм мен меньшевизмнің арасындағы алауыздықтардың түп тамырын дәл осы арадан іздеу керек.

Мартов *капитализм* мектебін *капиталистік буржуазияның* мектебімен *ауыстырып отыр* (жақша ішінде мынаны айта кетейік: бұл дүниеде капиталистік буржуазиядан басқа буржуазия болмайды). Капитализм мектебінің мәнісі неде? Оның мәнісі мынада — ол шаруаларды деревнядағы миғұлалықтан жұлып алып, желпіндіреді, *күреске итермелейді.* «Капиталистік буржуазия» мектебінің мәнісі неде? Оның мәнісі мынада— «1848 жылғы неміс буржуазиясы ешбір ар-ұятқа қарамастан, өзінің ең табиғи одақтастары шаруаларды сатып кетті, бұлар болмаса дворяндарға қарсы буржуазияның өзі ешнәрсе істей алмайды» (К. Маркс 1848 ж. 29 июльдегі *«Жаңа Рейн Газетінде»)* [135]. Оның мәнісі мынада — орыс либерал буржуазиясы 1905—1907 жылдарда шаруаларды үнемі және әрдайым сатып ке-

тіп отырды, шындығына келгенде күресуші шаруаларға қарсы болып, помещиктер мен патша өкіметі жағына шықты, шаруалар күресінің өрістеуіне тура бөгет жасап отырды.

Капитализм шаруаларды «тәрбиелейді» деген «маркстік» сөзсымақтарды бүркеніп, Мартов шаруаларды *(революциялық жолмен дворяндарға қарсы күрескен* шаруаларды) либералдар *(шаруаларды дворяндарға сатып кетіп отырған* либералдар) *«тәрбиелейді»* дегенді қорғап отыр.

Марксизмді либерализммен ауыстыру деген міне осы. Маркстік бос сөзбен безендірілген либерализм деген міне осы. Бебельдің социал-демократтар арасында национал-либералдар бар, деп Магдебургте айтқан сөздері [136] Германиядан басқа жерлер жөнінде де дұрыс айтылған сөз.

Мына жайды да атап өту қажет: орыс либерализмінің идеялық көсемдерінің көпшілігі неміс әдебиетінен тәрбие алған, бұлар «капитализм мектебін» мойындайтын, бірақ революциялық тап күресінің мектебін мойындамайтын *брентанолық* және *зомбарттық* «марксизмді» Россияға әдейілеп көшіреді. Россиядағы контрреволюцияшыл либералдардың бәрі, Струве, Булгаков, Франк, Изгоев және $К^0$, дәл осындай «маркстік» сылдыр сөзді сән көреді.

Мартов феодализмге қарсы шаруалар көтерілістері заманындағы Россияны феодализммен әлдеқашан қоштасқан «Батыс Европамен» салыстырады. Мұның өзі тарихи перспективаны мейлінше бұрмалағандық. Программасында: «шаруалардың *помещиктік жерлерді конфискелеуге* дейін баратын революциялық қимылдарын қолдау керек» [137] деген талаптары бар социалистер «бүкіл Батыс Европада» бар ма екен? Жоқ. «Бүкіл Батыс Европада» жерге иелігі үшін ірі қожайындарға қарсы күрескен ұсақ қожайындарды социалистер эсте қолдамайды. Айырмашылық неде? Айырмашылық мынада— «бүкіл Батыс Европада» буржуазиялық құрылыс, оның ішінде буржуазиялық аграрлық қатынастар баяғыда-ақ қалыптасып, түпкілікті орнығып алған, ал Россияда сол буржуазиялық құрылыстың *қалай* қалыптасуын *ше-*

шетін революция дәл қазір жүріп жатыр. Мартов либералдардың ескірген тәсілін қайталап отыр, ал либералдар болса нақты бір мәселе үшін болатын революциялық тартыс дәуіріне мәселенің өзі әлдеқашан шешіліп қойғандықтан революциялық тартыс болмайтын дәуірлерді әрқашан қарсы қойып отырады.

Меньшевизмнің қайғылы комедиясының өзі дәл мынада: ол революция уақытында либерализммен ымыраласпайтын тезистерді қабылдауға *тиісті болды.* Егер біз «шаруалардың» жерді *конфискелеу* жолындағы күресін қолдап отырсақ, онда бұл біздің жеңісті мүмкін деп, экономика және саяси жағынан жұмысшы табына және бүкіл халыққа мұны тиімді жеңіс деп мойындағанымыз. Ал пролетариат басқарған «шаруалардың» помещиктік жерлерді *конфискелеу* жолындағы күресте жеңіп шығуының өзі *пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы* болып табылады. (Революцияда диктатураның қажеттілігі туралы Маркстің 1848 жылы айтқан сөздерін және диктатураны енгізу арқылы демократияны іске асырмақшы болыпты-мыс деп Маркстi айыптаған адамдарды орынды мысқылдаған Мерингтің сөздерін есімізге түсірейік [138].)

Осы таптардың диктатурасы «шаруашылық дамудың бүкіл барысына қайшы келеді» екен дейтін көзқарас түп тамырымен қате. Шынында, мұның керісінше. *Тек* осындай диктатура ғана феодализмнің барлық қалдықтарын түгелдей жойып жіберер еді, өндіргіш күштердің барынша тез өркендеуін қамтамасыз етер еді. Керісінше, либералдардың саясаты істі орыс юнкерлерінің қолына беріп қояды, ал бұлар Россияның «шаруашылық дамуының барысын» жүз есе *баяулатады.*

1905—1907 жылдарда либерал буржуазия мен шаруалардың арасындағы қайшылық әбден ашылды. 1905 жылдың көктемі мен күзінде және 1906 жылдың көктемінде шаруалар көтерілістері орталық Россия уездерінің $^1/_3$*-нен* $^1/_2$*-не дейінін* шарпыды. Шаруалар помещиктердің 2000-ға тарта усадьбасын қиратты (өкінішке қарай, бұл қиратылуға тиістінің $^1/_{15}$-нен аспайды). *Тек* пролетариат *қана* осы революциялық күреске аянбай жәрдемдесті, оны жан-жақты бағыттап отырды, оған

басшылық етті, оны өзінің бұқаралық стачкаларымен біріктіріп отырды. Либерал буржуазия революциялық күреске *ешқашан, бірде-бір рет* жәрдемдескен жоқ, одан гөрі шаруаларды «тыныштандыруды», оларды помещиктермен, патшамен «бітістіруді» тәуір көрді. Бұдан соң алғашқы екі Думаның парламент аренасында (1906 және 1907 жж.) осының өзі қайталанды. Либералдар шаруалардың күресіне *ылғи* кедергі жасап, оларды сатып кетіп отырды, *тек жұмысшылардың депутаттары ғана* шаруаларды *либералдарға қарсы* бағыттап, қолдап отырды. I және II Думалардың *бүкіл* тарихы либералдардың шаруаларға қарсы және социал-демократтарға қарсы күресіне толы. Большевизм мен меньшевизмнің күресі либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға гегемондығын құлату жолындағы күрес ретінде осы тарихпен *тығыз* байланысты. Сондықтан, біздің жікке бөлінуімізді интеллигенцияның ықпалынан, пролетариаттың жетілмегендігінен, т. т. болды деп түсіндірудің өзі либералдық ертегілерді аңқау балаша қайталау болып табылады.

Троцкийдің халықаралық социал-демократиядағы жікке бөлінушіліктер «парламентаризмнің шектеулі (тар) жағдайларына әлеуметтік-революциялық таптың бейімделуі процесінен», т. с. туып отырады екен, ал орыс социал-демократиясында интеллигенцияның пролетариатқа бейімделуінен туып отырады екен деген пікірі дәл осы себептен де түп тамырымен жалған. «Түпкі социалистік мақсат тұрғысынан қарағанда,— дейді Троцкий,— осы бейімделу процесінің нақтылы саяси мазмұны қаншалықты шектеулі (тар) болса, бұл процестің формалары да соншалықты ұстамсыз болды, бұл процестің түсірген идеологиялық көлеңкесі де соншалықты зор болды».

Шын мәніндегі «ұстамсыз» осы бос сөзділіктің өзі— либерализмнің «идеологиялық көлеңкесі» ғана. Мартов та, сол сияқты Троцкий де, өзінің буржуазиялық революциясын жүзеге асырушы Россияны,— мұндай революцияларды әлдеқашан аяқтаған Европаға қарсы қойып, әр текті тарихи кезеңдерді бір жерге үйіп-төгіп

бытыстырып отыр. Европадағы социал-демократиялық жұмыстың нақтылы саяси мазмұны — осы күннің өзінде-ақ мемлекетте толық үстем болып отырған буржуазиямен өкімет билігі үшін күресуге пролетариатты даярлау. Россияда мәселе осы замаңғы буржуазиялық мемлекетті, не юнкерлер монархиясына (патша өкіметі демократияны жеңген күнде), не шаруалардың буржуазиялық-демократиялық республикасына (демократия патша өкіметін жеңген күнде) ұқсас болатын мемлекетті *әлі тек құру жайында ғана* болып отыр. Ал қазіргі Россияда шаруалар бұқарасы, сатқын либерализмнің соңынан ермей, революцияшыл пролетариаттың соңына ергенде ғана демократияның жеңуі мүмкін. Бұл мәселе тарихи әлі шешілген жоқ. Россияда буржуазиялық революциялар әлі аяқталып біткен жоқ, сондықтан *осы шеңберде* де, яғни Россиядағы буржуазиялық тәртіптің *формасы* үшін жүргізілетін күрестің шеңберінде, орыс социал-демократтары жұмысының «нақтылы саяси мазмұны» шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуі жолында ешқандай күрес жоқ елдердегіге, буржуазиялық революциялар әлдеқашан аяқталған елдердегіге қарағанда *кемірек* «шектелген».

Буржуазияның таптық мүдделері либералдарды жұмысшыларға сендердің революциядағы рольдерің «шектеулі», бағыттардың күресін терең экономикалық қайшылықтар емес, интеллигенция тугызып жүр, жұмысшы партиясы «азаттық күресінде гегемон *емес, қайта* таптық партия» болуға тиіс деп сендіруге неліктен мәжбүр ететінін түсіну оңай. Голосшыл-жойымпаздар («Наша Заряда» Левицкий) осы ең соңғы кездерде нақ осындай формуланы ұсынды, мұны либералдар да мақұлдады. «Таптық партия» деген сөздерді олар брентанолық-зомбарттық мағынада: өз тобыңның ғана қамын ойла, патша өкіметіне және сатқын либерализмге қарсы күресте халықтың революцияшыл элементтерінің бәріне басшылық ету жайындағы «бланкистік қиялдарды» тастаңдар деген мағынада ұғынып жүр.

II

Мартовтың орыс революциясы жайындағы, Троцкийдің орыс социал-демократиясының қазіргі жағдайы туралы пікірлері олардың негізгі көзқарастарының теріс екендігіне нақтылы дәлел болып отыр.

Бойкоттан бастайық. Мартов бойкотты «саяси қалыс қалушылық», «анархистер мен синдикалистердің» тәсілі деп атайды, оның бер жағында *тек* 1906 жыл туралы *ғана* айтады. Троцкий: «бойкотшылдық тенденция большевизмнің бүкіл тарихынан үзілмей келеді—кәсіптік одақтарға, Мемлекеттік думаға, жергілікті өзін өзі басқаруға, тағы басқаларына бойкот жасалып келді», ал мұның өзі «бұқараға сіңіп кетеміз деп сектантша қорқудың салдары, бітіспейтін қалыс қалушылықтың радикализмі», т. т. дейді. Кәсіптік одақтар мен жергілікті өзін өзі басқаруға бойкот жасалды дегенде Троцкий *тұпа-тура өтірік* айтып отыр. Бойкотизм большевизмнің бүкіл тарихы бойы үзілмей келеді дегені де осындай өтірік; большевизм, бағыт ретінде, 1905 жылдың көктемі мен жазында, бойкот туралы мәселе ең алғаш көтерілгенге *дейін* әбден қалыптасып болғанды. Большевизм бойкоттың қажеттілігін туғызып келген тарихи жағдайлар өтті деп *1906 жылғы августа* фракцияның ресми органында мәлімдеген болатын*.

Троцкий большевизмді бұрмалап отыр, өйткені Троцкий орыс буржуазиялық революциясындағы пролетариаттың ролі туралы азды-көпті белгілі бір көзқарасқа ешқашан жете алған емес.

Ал осы революцияның тарихын бұрмалау бұдан әлде қайда жаман. Бойкот туралы айтар болсақ, онда аяғынан емес, басынан бастау керек. Революциядағы тұңғыш (және бірден-бір) жеңістің өзіне *бойкот ұранымен өткен* бұқаралық қозғалыстың арқасында қол жеткен болатын. Мұны ұмыту либералдарға ғана тиімді.

1905 ж. 6 (19) августағы заң кеңесші мекеме ретінде Булыгин Думасын құрған болатын. Либералдар,

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 373—382-беттер. *Ред.*

тіпті ең солшылдары да, бұған қатысуға ұйғарған-ды. Социал-демократияның орасан көпшілігі (меньшевиктерге қарсы) бұл Думаға бойкот жариялауға ұйғарды, халықты патша өкіметіне тура шабуыл жасауға, бұқаралық стачка мен көтеріліске шақыруға ұйғарды. Демек, бойкот туралы мәселе тек социал-демократияның ішіндегі ғана мәселе болған жоқ. Ол *либерализмнің пролетариатпен* күресінің мәселесі болған еді. Сол кездегі бүкіл либералдық баспасөз либералдардың революция өрістейді деп қорқып, патша өкіметімен «келісімге келуге» бар күшін салғанын көрсетеді.

Тікелей бұқаралық күреске керекті объективті жағдайлар қандай болған еді? Бұған стачкалар (экономикалық және саяси стачкалар деп жіктелген) мен шаруалар қозғалысының статистикасы ең жақсы жауап береді. Бұдан былайғы баяндауымыздың бәріне дәлел болатын басты-басты мәліметтерді келтірейік.

*Жылдың әр тоқсанындағы стачкашылардың саны (мың есебімен)**

	1905				1906				1907			
	I	II	III	IV	I	II	III	IV	I	II	III	IV
Барлығы	*840*	*481*	*294*	*1277*	*269*	*479*	*296*	63	*146*	*323*	*77*	*193*
Соның ішінде экономикалық стачкаларда	411	190	143	275	73	222	125	37	52	52	66	30
Соның ішінде саяси стачкаларда	399	291	151	1002	196	257	171	26	94	271	11	163
Шаруалар қозғалысы қамтыған уездердің проценті	14,2%		36,9%		49,2%		21,1 %					

* Ерекше маңызды кезеңдер сызықпен қоршалып көрсетілген: 1905 I—9 январь; 1905 IV — революцияның шырқау шегіне жеткен кезі, октябрь мен декабрь; 1906 II — бірінші Дума; 1907 II — екінші Дума. Бұл мәліметтер стачкалардың ресми статистикасынан алынды[139], орыс революциясы тарихының өзім баспаға әзірлеп жатқан очеркінде бұл мәліметтерді мен толық талдап көрсетемін. (Қараңыз: осы том, 411—443-беттер. *Ред.*)

Бұл цифрлар бізге пролетариаттың революцияда қандай орасан зор жігер тасыта алатындығын көрсетеді. Революцияның алдындағы бүкіл 10 жылдың ішінде Россиядағы стачкашылардың саны тек 431 мың ғана болған, яғни орта есеппен жылына 43 мыңнан келіп отырған, ал 1905 жылы барлық фабрика жұмысшылары 1661 мың болып отырғанда — стачкашылардың барлық саны 2863 мың болып шықты! Бұл тәрізді стачкалық қозғалысты дүние жүзі әзір көрген емес. 1905 жылдың 3-тоқсанында, бойкот мәселесі алғаш рет пайда болған кезде, стачкалық қозғалыстың (оның соңынан шаруалар қозғалысының да) анағұрлым күшті, жаңа толқынға нақ өтпелі кезеңін көрдік. Осы революциялық толқынның дамуына жәрдемдесіп, оны патша өкіметін құлатуға қарай бағыттау керек пе еді, немесе патша өкіметінің бұқараны кеңесші Думамен алдарқатып, оның назарын басқа жаққа бұрып жіберуіне жол беру керек пе еді,— бойкот туралы мәселенің *нақтылы тарихи мазмұны* осындай болатын. Сондықтан, орыс революциясының тарихында бойкотты «саяси қалыс қалушылықпен», «сектанттықпен», тағы сондайлармен байланыстырмақ болып тыраштанудың өзі қаншалықты дәрежеде пасықтық, либералдық-кещелік екендігін енді осыған қарап білуге болады! Саяси ереуілшілердің санын 1905 жылдың 3-тоқсанындағы 151 мыңнан 1905 жылдың 4-тоқсанында *1 миллионға дейін* жеткізген қозғалыс либералдарға *қарсы* қабылданған бойкот ұранымен жүрді.

Мартов 1905 жылғы стачкалардың табысты болуының «басты себебі» *«буржуазияның қалың топтарында* өсе түскен оппозициялық ағым» болды дейді. «Буржуазияның осы қалың топтары ықпалының әбден өскені сонша, бұлар, бір жағынан, жұмысшыларды саяси стачкаларға тұп-тура айдап салып отырды», ал, екінші жағынан, *«жұмысшылардың стачка уақытындағы жалақысын төлеуге»* фабриканттарды итермелеп отырды дейді (курсив Мартовтікі).

Буржуазияның «ықпалын» дәріптеген бұл тәтті сөздерге біз құрғақ статистиканың өзін қарсы қоямыз. 1907 жылға қарағанда, 1905 жылғы стачкалардың

жұмысшылар пайдасына аяқталғаны жиірек болып отырған. Ал сол жылғы мәліметтер мынадай: 1 438 610 стачкашы экономикалық талаптар қойған; 369 304 жұмысшы күресте ұтып шыққан, 671 590 жұмысшы күресті өзара келісіммен бітірген, 397 716 жұмысшы *ұтылған.* Буржуазияның «ықпалы» *іс жүзінде* (либералдық ертегілерше болмай) осындай болған. Мартов пролетариаттың буржуазияға шын көзқарасын мүлдем либералдарша бұрмалап отыр. Жұмысшылардың жеңгеп («экономикада» да, саясатта да) себебі — стачка уақытында буржуазияның оқта-текте ақы төлегендігінен немесе оппозицияшыл болғандығынан емес, қайта буржуазияның наразылық білдіріп, ақы төлеген *себебі* — жұмысшылардың жеңіп отырғандығынан болды. Таптық тегеуріннің *күші,* миллиондар, стачкасының, шаруа толқуларының, әскер көтерілістерінің күші — себеп болды, сол *«басты себеп»* болды, аса сүйікті Мартов; буржуазияның «тілектестігі» — соның салдары.

«Дума сайлауына перспектива ашқан,— деп жазады Мартов,— жиналыстар шақыруға, жұмысшы одақтарын құруға, социал-демократиялық газеттер шығаруға мүмкіндік туғызған 17 октябрь жұмысты қай бағытпен жүргізу керектігін көрсетіп берді». Бірақ пәле сонда, ««қажыту стратегиясы» мүмкін деген идея ешкімнің ойына келмеді. Бүкіл қозғалыс елеулі, батыл қақтығысқа», басқаша айтқанда, декабрьдегі стачка мен декабрьдегі «қанды жеңіліске» қарай «жасанды түрде итермеленіп отырды».

Германияда 1910 жылдың көктемінде «қажыту стратегиясының» «құлату стратегиясына» көшетін кезі жетті ме деп Каутский Р. Люксембургпен таласқан болатын, оның бер жағында, саяси дағдарыс бұрынғыдан да әрі үдей берсе, бұл көшу *болмай қоймайды* деп Каутский анық және тура айтты. Ал Мартов, Каутскийге түбетектей жармасып алып, революцияның әбден шиеленіскен кезінде «қажыту стратегиясын» уақыты өткесін уағыздап отыр. Жоқ, сүйікті Мартов, сіз либералдық сөздерді тек әншейін қайталап отырсыз. 17 октябрьдің «ашқаны» бейбіт конституцияның «перспективалары» емес, мұныңыз либералдық ертегі, оның

«ашқаны» — *азамат соғысы*. Бұл соғысты партиялардың немесе топтардың субъективтік еркі емес, 1905 жылғы январьдан бергі оқиғалардың бүкіл барысы әзірлеп келген болатын. Октябрь манифесі күрестің тоқталғандығының белгісі болған жоқ, күресушілердің күштерін теңдестіргендік болды: патша өкіметі *енді* билеп тұра *алмайтын* болды, ал революция оны *әлі* құлата алмайтын еді. Осы жағдайдан объективті түрде үзілді-кесілді шайқас шықпай қалмайтын еді. Октябрьде де, ноябрьде де азамат соғысы *факт* (ал бейбіт «перспективалар» — либералдық өтірік) болды; бұл соғыс ойрандар түрінде ғана емес, армияның бағынбаған бөлімдеріне қарсы, Россияның үштен бірінде шаруаларға қарсы, шеткері аймақтарға қарсы қарулы күш жұмсаған күрес түрінде де көрінді. Осындай жағдайларда декабрьдегі қарулы көтеріліс пен бұқаралық стачканы *«жасанды»* іс деп санайтын адамдардың өзі социал-демократияға *жасанды* түрде ғана қосыларлық адамдар. Мұндай адамдарға *ең лайықты* партия — либералдық партия.

Дұшпанға позицияны күреспей бергеннің өзі бұқараны күресте жеңілгеннен гөрі көбірек аздыратын кезеңдер революцияда болады дегенді Маркс 1848 және 1871 жылдары айтқан болатын[140]. 1905 ж. декабрь орыс революциясының тарихындағы осындай кезең ғана болып қойған жоқ. Декабрь елдің тұс-тұсында 12 ай бойына өршіген *бұқаралық* қақтығыстар мен шайқастардың табиғи және болмай қоймайтын қорытындысы болды. Бұған *тіпті* құрғақ статистиканың өзі де айғақ. *Нағыз* саяси (яғни ешқандай экономикалық талаптар қоймаған) стачкашылардың саны: 1905 жылғы январьда — 123 мың, октябрьде — 328 мың, декабрьде — *372 мың* болды. Бұл өсудің өзі «жасанды» өсу болды деп бізді енді де нандырмақ-ау! Әскер арасындағы көтерілістермен *қатар* бұқаралық саяси күрестің *осындай* өсуі қарулы көтеріліске қалайда көшусіз-ақ *мүмкін* болады-мыс деген ертегіні айтып отыр бізге! Жоқ, бұл — революцияның тарихы емес, бұл — революцияға жабылған либералдық жала.

III

«Дәл осы уақытта»,— деп жазады Мартов октябрь стачкасы туралы,— «жұмысшылар бұқарасы жаппай қозғалған уақытта... саяси бостандық жолындағы күресті экономикалық күреспен қосып, тұтастырып жіберуге ұмтылушылық туады. Бірақ, Роза Люксембург жолдастың пікіріне қарама-қарсы, бұдан қозғалыстың күшті жағы емес, әлсіз жағы көрінді». 8 сағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен енгізуге тырысқан әрекет сәтсіз аяқталды да, жұмысшылардың «берекесін кетірді». «Почта мен телеграф қызметшілерінің 1905 жылғы ноябрьде болған жаппай стачкасы да осы бағытта әрекет жасады». Мартов тарихты осылай жазып отыр.

Бұл тарихтың жалғандығын көру үшін жоғарыда келтірілген статистикаға көз салса жетіп жатыр. Революцияның *барлық* үш жылының өн бойында біз саяси дағдарыстың *әрбір* шиеленісуі тұсында, саяси күрес қана емес, экономикалық стачка күресінің де өрлегенін көреміз. Бұлардың ұштасуы қозғалыстың әлсіздігін көрсеткен жоқ, *күштілігін* көрсетті. Бұған қарама-қарсы көзқарас либерал буржуаның көзқарасы, олар жұмысшылар саясатқа араласқанда, ең қалың бұқараның революцияға және буржуазиямен күреске *қатыстырылмағанын* тілер еді. Нақ осы 17 октябрьден кейін либералдық земство қозғалысы біржола екіге жарылды: жер иелері мен фабриканттар ашықтан-ашық контрреволюциялық «октябристер» партиясы болып құрылды, бұлар жазалау шараларының қаһарын төге ереуілшілерге тап берді (ал «солшыл» либералдар, кадеттер, баспасөз жүзінде жұмысшыларды «ессіздік жасады» деп айыптап жатты). Октябристер мен кадеттердің айтқанын қайталаған Мартов жұмысшылардың «әлсіз» жері—олардың дәл сол уақытта экономикалық күресті бұрынғыдан да тегеурінді етуге тырысқандығы болды деп есептейді. Біздің ойымызша, жұмысшылардың (олардан да гөрі шаруалардың) әлсіздігі мынада еді — олар тегеурінді экономикалық күрес пен қарулы саяси күреске жетерліктей батыл, жетерліктей ауқымды,

жетерліктей тез көшпеді, ал бұл күрестің өзі әсте жеке топтардың немесе партиялардың субъективтік тілектерінен емес, оқиғалардың *бүкіл* даму барысынан *сөзсіз* туатын күрес еді. Біздің көзқарасымыз бен Мартовтың көзқарасы арасында түпсіз тұңғиық жатыр, ал «интеллигенттер» көзқарасының арасындағы бұл түпсіз тұңғиық, Троцкийдің айтқанына қарама-қарсы, *таптар арасында,* атап айтқанда күресуші революцияшыл пролетариат пен опасыздық жасап келген буржуазияның арасында 1905 жылдың аяғында *іс жүзінде* болған түпсіз тұңғиықты ғана көрсетеді.

Мынаны да қоса айту керек; стачкалық күресте жұмысшылардың жеңілуі Мартов ала салған 1905 жылдың соңына ғана тән нәрсе болған жоқ, 1906 және 1907 жылдарға онан да көбірек тән нәрсе болды. Статистика бізге мынаны көрсетіп отыр: 10 жылда, 1895—1904 жылдарда, фабриканттар стачкалардың (стачкашылардың санына қарай есептегенде) 51,6 процентін ұтқан; 1905 ж.—29,4 процентін; 1906 жылы—33,5 процентін; 1907 жылы — 57,6 процентін; 1908 жылы — 68,8 процентін ұтқан. Сонда бұл 1906—1907 жылдардағы экономикалық стачкалар «ессіздік» болды, «мезгілсіз» болды, «қозғалыстың әлсіз жағы» болды деген сөз бе? Жоқ. Мұның аты, бұқараның революциялық күресінің тегеуріні 1905 жылы оншалық күшті болмаған соң, жеңілу де соншалық (саясатта да, «экономикада» да) лажсыз нәрсе болған еді деген сөз, бірақ мұнда пролетариат дұшпанға *жаңадан* шабуыл жасау үшін кемінде *екі рет* көтеріле алмаған болса (1906 жылдың екінші тоқсанында, сондай-ақ 1907 жылы да *саяси* стачкашылардың бір өзі ғана *ширек миллион* болды), онда жеңілу *бұдан да күштірек* болар еді; мемлекеттік төңкеріс 1907 жылғы июньде емес, бір жыл, немесе бір жылдан да артық *ертерек* болар еді; 1905 жылғы экономикалық жеңістер жұмысшылардан *бұдан да тез* тартып алынған болар еді.

Бұқараның революциялық күресінің тап осы маңызын Мартов мүлдем ұқпай отыр. Либералдарға ілесіп, ол 1906 жылдың басындағы бойкот туралы айтқанда «социал-демократия *күрестің саяси жолынан* уақытша

тысқары қалды» дейді. Таза теория тұрғысынан қарағанда, 1906 жылғы бойкот жайындағы мәселені бұлайша қоюдың өзі аса күрделі проблеманы шектен тыс қарадүрсіндендіру және бұрмалау болып шығады. 1906 жылдың 2-тоқсанында *нақтылы* «күрес жолы» қандай болды, парламенттік жол болды ма, немесе парламенттен тысқары жол болды ма? Статистикаға қараңыз: «экономикалық» стачкашылардың саны 73 мыңнан 222 мыңға жеткен, саяси стачкашылардың саны 196 мыңнан 257 мыңға жеткен. Шаруалар қозғалысы қамтыған уездер проценті 36,9 проценттен 49,2 процентке жеткен. 1906 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда 2-тоқсанында әскер көтерілістерінің де өтемөте күшейіп, жиілеп кеткені белгілі. Бұдан әрі I Думаның жер жүзіндегі ең революциялық (XX ғасырдың басында), сонымен қатар ең дәрменсіз парламент болғандығы белгілі; оның бірде-бір шешімі жүзеге асырылған жоқ.

Объективті фактілер осындай. Либералдар мен Мартов бұл фактілерді бағалағанда, Дума нақтылы *«күрес жолы»* болды, ал көтерілістер, саяси стачкалар, шаруалар мен солдаттардың толқулары «революцияшыл романтиктердің» құр бос сергелдеңі болды дейді. Ал терең ойлы Троцкийдің ойынша, фракциялардың осы негіздегі алауыздықтары «жетілмеген пролетариатқа ықпал жүргізу үшін алысқан» «интеллигенттік» «күрес» болған. Біздің ойымызша, объективті мәліметтерге қарағанда, 1906 жылдың көктемінде *бұқараның* нағыз революциялық күресінің айтарлықтай өрлегені сонша — социал-демократиялық партия дәл сондай күресті басты күрес деп тануға және осы күресті қолдап, дамытуға бар күшін салуға *міндетті болды.* Біздің ойымызша, сол замандағы—Думаның шақырылуын қамтамасыз етудің кепілі еткендей болып, патша үкіметі Европадан екі миллиардтық заем алған кездегі, патша үкіметі Думаға бойкот жариялауға қарсы асығыс заңдар шығарған кездегі — өзгеше саяси жағдайдың өзі Россиядағы бірінші парламентті шақыру ісін патшаның қолынан жұлып алуға тырысқан про-

летариаттың әрекетін әбден дұрысқа шығарды. Біздің ойымызша, «ол кезде *күрестің саяси жолынан тыс* қалғандар» социал-демократия емес, *либералдар* болды. Конституциялық жалған үміттерді бірінші Думаның тарихы бәрінен де гөрі айқынырақ теріске шығарды, ал либералдардың революциядағы бар мансабы бұқараға сол жалған үміттерді таратуға сүйеніп құрылған еді.

Алғашқы екі Думаның екеуінде де либералдар (кадеттер) көпшілік болды да, дабырласып, даурығып саяси сахнаның алдын бермей келді. Ал шынында либералдардың дәл осы «жеңістерінің өзі олардың ылғи «күрестің саяси жолынан тыс» қалып келгендігін, бұқараның демократиялық санасын барынша аздырып келген саяси комедианттар болғанын айқын көрсетті. Мартов пен оның достары либералдарға ілесіп, революцияның қатты жеңілуін *«нені істемеу керектігінің»* сабағы деп отырса, онда біз оларға былай деп жауап береміз: революцияның қол жеткізген бірден-бір нақтылы жеңісі Булыгин Думасына қатысу керек деген либералдардың ақылын алмай, шаруалар бұқарасын соңынан ертіп, көтеріліске бастаған пролетариаттың жеңісі болды. Бұл — біріншіден. Екіншіден, басқа халықтардың ондаған жылдарда жеңіп алғанын орыс пролетариаты өзіне және орыс халқына өзінің үш жылғы (1905—1907) ерлік күресімен-ақ жеңіп алып берді. Орыс пролетариаты жұмысшылар бұқарасын сатқын және жексұрын-дәрменсіз *либерализмнің ықпалынан құтқарып* алды. Ол социализм жолындағы күрестің шарты ретінде бостандық үшін, демократия үшін жүргізілетін күрестің *гегемоны* болу ролін *өзіне* жеңіп алды. Ол Россияның барлық езілген және қаналушы таптарына революциялық бұқаралық күресті жүргізе *білуді* жеңіп әперді, ал мұндай күрессіз дүние жүзінің ешбір жерінде адамзат прогресінде айтарлықтай еш нәрсеге қол жетіп көрген емес.

Орыс пролетариатынан оның *бұл* жеңістерін ешқандай реакция, либералдардың ешқандай өшпенділігі, балағаттауы мен өшігуі, социалистік оппортунистердің ешқандай солқылдақтығы, болжамсыздығы және күдікшілдігі тартып ала алмайды.

IV

Орыс социал-демократиясы фракцияларының революциядан кейінгі дамуының себебі де «интеллигенцияның пролетариатқа бейімделгені» емес, таптар арасындағы қатынастардың өзгергені болды. 1905—1907 жылдардағы революция Россиядағы буржуазиялық тәртіптің *формасы* туралы мәселеде шаруалар мен либерал буржуазияның арасындағы антагонизмді шиеленістіріп, әйгілеп, күн тәртібіне қойды. Саяси жағынан жетілген пролетариат бұл күреске барынша жігерлі қатыспай қала алмады, сөйтіп жаңа қоғамның түрлі таптарына сол пролетариаттың қандай көзбен қарайтындығының белгісі большевизм мен меньшевизмнің күресі болып шықты.

1908—1910 жылдардағы үш жыл контрреволюцияның жеңуімен, самодержавиенің қайта қалпына келуімен, қаражүздіктер мен октябристердің Думасы болған III Думамен сипатталады. Жаңа тәртіптің формасы үшін буржуазиялық таптардың арасында болған күрес сахнадан түсті. Пролетариат үшін күн тәртібіне *қарапайым* міндет— реакцияға да, контрреволюциялық либерализмге де дұшпан болатын өзінің пролетарлық партиясын қорғау міндеті қойылды. Бұл оңай міндет емес, өйткені экономикалық және саяси қуғынның барлық ауыртпалығы, революцияда бұқараға басшылық ету ісін социал-демократияның тартып алғаны үшін либералдардың бүкіл өшпенділігі нақ осы пролетариатқа түсті.

Социал-демократиялық партияның дағдарысы өте ауыр. Ұйымдар қиратылды. Бұрынғы басшылардың (әсіресе интеллигенциядан шыққандарының) көбісі тұтқынға алынды. Партияның істерін өз қолына алушы социал-демократиялық жұмысшының жаңа типі қазірдің өзінде-ақ бар, бірақ оған айрықша зор қиыншылықтарды жеңуге тура келіп отыр. Мұндай жағдайда социал-демократиялық партия талай «жолбикелерінен» айрылады. Буржуазиялық революцияда социалистерге ұсақ буржуазиялық жолбикелер қосылғаны түсінікті. Олар енді марксизмнен және социал-демо-

кратиядан бөлініп қалып жатыр. Бұл процесс екі фракцияда да көрінді: большевиктерде «шақырымпаздар» деген ағым түрінде корінді, 1908 жылдың көктемінде туған бұл ағым Москва конференциясында бірден жеңіліп қалды да, ұзақ күрестен кейін, фракцияның ресми орталығы керек етпей тастағаннан кейін, шетелде «впередшілдер» деген *айрықша фракция* құрды. Ыдырау дәуірінің озгешелігі мынада болып шықты: марксизммен күресуді өзінің *платформасына* («пролетарлық философияны» қорғансып) енгізген «махистер» де, ұялшақ шақырымпаздар болған «ультиматистер» де, ұрандардың «айқындығына» еліктіп, соларды жаттап алған, бірақ марксизмнің негіздерін *ұқпаған* «бостандық күндерінің» алуан түрпаттағы «социал-демократтары» да осы фракцияда табысты.

Меньшевиктерде ұсақ буржуазиялық «жолбикелердің» сондай бөлініп қалу процесі жойымпаздық ағымда көрінді, бұл ағым қазір Потресов мырзаның «Наша Заря» журналына, «Возрождение» мен «Жизньде»[141], «16-ның» және «үштіктің» (Михаилдың, Романның, Юрийдің) позициясында әбден қалыптасты; оның бер жағында шетелде шығарылатын «Голос Социал-Демократа» іс жүзінде орыс жойымпаздарына *малайлық етуші* және партия жұртшылығы алдында оларды айла-шарғы жолмен бүркемелеуші болып отыр.

Контрреволюция заманындағы осы ыдыраудың, социал-демократиялық жұмысшы партиясынан *социал-демократ емес* элементтердің осы *бөлініп қалуының* тарихи-экономикалық мәнін ұқпай, Троцкий неміс оқушыларына екі фракцияның *екеуі* де *«ыдырады»*, «партия» *«ыдырады»*, «партия *іріді»* дегенді айтады.

Бұл — өтірік. Бұл өтіріктің өзі, біріншіден, Троцкийдің теориялық тұрғыдан толық түсінбеушілігін көрсетеді. Пленумның жойымпаздықты *да*, шақырымпаздықты *да* неліктен «буржуазияның пролетариатқа тигізген ықпалының көрінісі» деп танығанын, мұны Троцкий мүлдем ұқпаған. Шынында да, ойлап қараңыздаршы: партияның ыдырауы, партияның ірігендігі немесе нығайып, тазарғандығы партия теріс деп тапқан, *буржуазияның* пролетариатқа жүргізген ықпалы-

ның көрінісі болған ағымдардың партиядан бөлініп шығуынан көріне ме екен?

Екіншіден, бұл өтірік практика жүзінде Троцкийдің фракциясының *жарнамалық* «саясатын» көрсетіп отыр. Троцкийдің ойластырған ісі фракция құруға әрекеттенгендік, мұны қазір, Троцкий Орталық Комитеттің өкілін «Правдадан» шығарғаннан кейін, енді әркім және жұрттың бәрі де көріп отыр. Өз фракциясын мадақтай отырып, немістерге «партия» *ыдырап* барады, екі фракцияның *екеуі де* ыдырап барады, ал ол, Троцкий, бәрін жалғыз өзі сақтап отыр деуге Троцкий ұялмайды. Іс жүзінде қазір бәріміздің көріп отырғанымыз,— және троцкистердің ең жаңа қарары да (веналық клубтың атынан, 26 ноябрь, 1910 ж.) өте айқын көрсетіп отырған нәрсе,— Троцкий тек жойымпаздар мен «впередшілдердің» *ғана сеніміне* ие болып отыр.

Оның бер жағында партияны кемсітіп, немістердің алдында өзін дәріптеп, Троцкийдің қандай арсыздыққа дейін барғанын, мәселен, мына бір мысал көрсетеді. Троцкий Россиядағы «жұмысшылар бұқарасы» «социал-демократиялық партияны өздерінің тобынан *тыс* (курсив Троцкийдікі) тұрған» партия деп есептейді дегенді жазып, «социал-демократиясыз социал-демократтар» туралы айтады.

Мұндай сөздері үшін Троцкийді Потресов мырза мен оның достары қалайша сүймесін?

Ал бұл сөздерді революцияның *бүкіл* тарихы ғана емес, тіпті жұмысшы куриясы бойынша өткізілген III Дума сайлауы да бекерге шығарады.

Жария ұйымдарда жұмыс істеуге, деп жазады Троцкий, «меньшевиктердің фракциясы мен большевиктердің фракциясы өздерінің бұрынғы идеялық және ұйымдық қалпына қарай, мүлде қабілетсіз болып шықты»; іс тындырғандар «социал-демократтардың жеке топтары болды, бірақ мұның бәрі де фракциялардың шеңберінен тыс, олардың ұйымдық ықпалдарынан тыс болып отырды». «Тіпті онда меньшевиктер басым болып отырған аса маңызды жария ұйым да меньшевиктік фракцияның бақылауынан мүлде тыс жұмыс істеп келеді». Троцкий осылай жазады. Ал фактілер мына-

дай. III Думадағы социал-демократиялық фракция құрылғалы бері большевиктік фракция партияның Орталық Комитетінен уәкілдігі бар сенімді адамдары арқылы социал-демократтардың Думадағы жұмысына жәрдемдесу, көмек, ақыл беру, бақылау жасау жұмысын ұдайы жүргізіп келді. Партияның Орталық Органының фракциялар (бұлар, фракция ретінде, 1910 ж. январьда тарап кетті) өкілдерінен құралған редакциясы да осыны істеп келді.

Троцкий неміс жолдастарға «шақырымпаздықтың» ақымақтығын бастан-аяқ баяндап, бұл ағымды бүкіл большевизмге тән бойкотизмнің «тұрақтаған» түрі етіп көрсеткенде, содан соң бір-екі ауыз сөзбен большевизмнің шақырымпаздыққа «өзін жеңгізбегендігін», қайта «оған батыл түрде немесе, дәлірек айтқанда, тежеусіз түрде қарсы шыққандығын» еске алғанда, неміс оқушысы бұл сияқты баяндауда қаншалықты жасырулы опасыздық бар екенін, әрине, аңғара алмайды. Троцкийдің екіжүзділік «бүкпесі» кішкене, тіпті болымсыз ғана бір «ұсақ-түйекті» айтпай кеткендігінде болып отыр. Ол большевиктік фракцияның өз өкілдерінің ресми жиналысында шақырымпаздарды 1909 жылғы көктемнің өзінде-ақ араларынан аластап тастағанын айтуды «ұмытып» кетіпті. Шынында социал-демократ емес элементтердің *бөлініп* қалуын айтпай, большевиктік фракцияның (сонан соң партияның да) *«ыдырағандығы»* туралы айтқысы келетін Троцкийге нақ осы «ұсақ-түйектің» өзі қолайсыз болып отыр ғой!

Мартовты енді жойымпаздардың көсемдерінің бірі деп, жалған маркстік сөздерді бүркеніп, жойымпаздарды неғұрлым «шебер» қорғаған сайын, ол соғұрлым қауіптірек бола береді деп білеміз. Бірақ Мартов 1903—1910 жылдардағы бұқаралық жұмысшы қозғалысындағы тұтас бір ағымдарда ізін қалдырған көзқарастарын ашық баяндайды. Ал Троцкийдің айтып жүргені өз басының ғана ауытқушылығы, басқа түк жоқ. Ол 1903 жылы меньшевик болды; 1904 жылы меньшевизмнен шеттеді, 1905 жылы меньшевиктерге қайта келіп, әсіре революциялық сөздермен маңғазданып жүрді; 1906 жылы тағы да шеттеді; 1906 жылдың аяғында кадеттермен

сайлау келісімін жасасуды қорғады (яғни іс жүзінде тағы да меньшевиктерге қосылды), ал 1907 жылдың көктемінде Лондон съезінде сөйлеген сөзінде Роза Люксембургтен өзінің айырмашылығы «саяси бағытымыздың айырмашылығынан гөрі, өз сарынымыздың өзгелігі» дегенді айтты. Троцкий бүгін бір фракцияның, ертең екінші фракцияның идеялық қазынасын ұрлайды, сондықтан өзін екі фракцияның екеуінен де *жоғары* тұрмын деп жариялайды. Троцкий теорияда жойымпаздармен және шақырымпаздармен *ешбір мәселеде* келіспейді, ал *практикада барлық мәселеде де* голосшылдармен және впередшілдермен келісе кетеді.

Сондықтан, егер Троцкий неміс жолдастарға өзін «жалпы партиялық тенденцияның» адамымын десе, менің былай деп мәлімдеуіме тура келеді: Троцкий — *өз* фракциясының ғана адамы, оған *тек* шақырымпаздар мен жойымпаздар *ғана* біраз сенеді. Менің айтқанымның дұрыстығын дәлелдейтін фактілер мынадай. 1910 жылғы январьда біздің партияның Орталық Комитеті Троцкийдің «Правда» деген газетімен тығыз байланыс орнатты, оның редакциясына Орталық Комитеттің өкілін тағайындады. Троцкий антипартиялық саясат жүргізгендіктен, Орталық Комитет өкілінің Троцкиймен қатынасты *үзгендігі* 1910 жылғы сентябрьде партияның Орталық Органында басылды. Копенгагенде партиялық меньшевиктердің өкілі және Орталық Орган редакциясының делегаты ретінде Плеханов, большевиктердің өкілі ретінде осы мақаланы жазушы және бір поляк жолдас [142] үшеуіміз Троцкийдің неміс баспасөзінде біздің партиядағы істің жайын қалай көрсететіні жөнінде үзілді-кесілді наразылық білдірдік.

Троцкий Россия социал-демократиясындағы «жалпы партиялық» тенденцияны білдіре ме, әлде «жалпы *анти*партиялық» тенденцияны білдіре ме, бұл арасына енді оқушылардың өздері төреші болсын.

1910 ж. сентябрьдің аяғында—ноябрьде жазылған

1911 ж. 29 апрельде (12 майда) «Дискуссионный Листоктың» 3-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

«Дискуссионный Листоктың» тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ СТАЧКАЛАР СТАТИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ[143]

1910 ж. сентябрьдің аяғында — ноябрьде жазылған

1910 ж. декабрьде және 1911 ж. январьда «Мысль» журналының 1 және 2-номерлерінде басылған
Қол қойған: В. Ильин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

I

Сауда және өнеркәсіп министрлігінің 1895—1904 жылдар арасындағы он жыл және 1905—1908 жылдар ішіндегі «Фабрикалар мен заводтардағы жұмысшы стачкаларының статистикасы» деген белгілі басылымдары біздің әдебиетте бұған дейін де талай рет аталып өткен болатын. Бұл басылымдарда жиналған материалдың молдығы және бағалылығы соншалық, оны толық зерттеу және жан-жақты талдау үшін әлі де көп уақыт керек. Аталған басылымдағы талдау әлі мүлде жеткіліксіз, ол іске кірісудің басы ғана. Біз толық баяндауды кейінге қалдыра тұрып, бұл мақаламызда оқушыларды неғұрлым толық талдау жасаудың бір тәжірибесінің алғашқы қорытындыларымен таныстырмақпыз.

Ең алдымен әбден анықталған факт мынау: Россиядағы 1905—1907 жылдардағы стачкалар дүние жүзінде бұрын-соңды болып көрмеген құбылыс. Әр ел бойынша жылма-жылғы стачкашылардың мың есебімен алғандағы саны туралы мәліметтер мынадай:

	Россия	Америка Құрама Штаттары	Германия	Франция
Орта есеппен 1895—1904 жж.	43	660	527	438
1905 ж.	2 863			
1906 ж.	1 108	1894—1908 жж. бүкіл он бес жыл ішіндегі максимум		
1907 ж.	740			
1908 ж.	176			
1909 ж.	64			

1905—1907 жылдар арасындағы үш жыл өте-мөте айрықша. Осы үш жылдықтың ішінде Россиядағы стачкашылар санының минимумы дүние жүзіндегі неғұрлым дамыған капиталистік елдерде бұрын-соңды жеткен максимумнан асып түседі. Бұл, әрине, орыс жұмысшылары Батыстағыдан гөрі көбірек жетілген немесе онан гөрі күштірек деген сөз емес. Бірақ бұл өнеркәсіп пролетариаты осы салада қандайлық қайрат көрсетуге *қабілетті* екендігін адамзат бұған дейін білген емес деген сөз. Оқиғалардың тарихи барысының өзіндік ерекшелігі мынадай жайдан көрінді: бұл қабілеттің шама-шарқы буржуазиялық революцияны бастан кешіріп отырған, артта қалған бір елде тұңғыш рет көрінді.

Батыс Европамен салыстырғанда фабрика-завод жұмысшыларының саны оншалықты көп емес Россияда стачкашылар санының қалайша осыншама көп болғанын түсіну үшін *қайталама* стачкаларды еске алу керек. Стачкашылар санының жұмысшылар санына шаққандағы арақатынасына байланысты жылма-жылғы қайталама стачкалардың саны туралы мәліметтер мынадай:

Жылдар	Стачкашылардың санының жұмысшылардың жалпы санына шаққандағы проценттік қатынасы	Қайталама стачкалардың жалпы стачкалардың санына шаққандағы проценттік қатынасы
1895—1904	1,46%—5,10%	36,2%
1905	163,8	85,5
1906	65,8	74,5
1907	41,9	51,8
1908	9,7	25,4

Біз бұдан стачкашылардың жалпы саны жағынан айрықша көзге түсетін 1905—1907 жылдар арасындағы үш жылда қайталама стачкаларының жиілігі жөнінен де, жұмысшылардың жалпы санына шаққанда стачкашылар санының проценттік қатынасының жоғарылығы жөнінен де айрықша көзге түсетінін байқаймыз.

Статистика бізге стачкалар қамтыған кәсіпорындардың және стачкаларға қатысқан жұмысшылардың шын санын да беріп отыр; әр жыл бойынша бұл мәліметтер мынадай:

	Стачка қамтыған кәсіпорындарда стачкаға қатысқандардың жұмысшылардың жалпы санына шаққандағы проценті
10 жылдағы (1895—1904) жиынтығы	27,0%
1905 жылы	60,0
1906 »	37,9
1907 »	32,1
1908 »	11,9

Бұл кесте, осының алдындағы кесте тәрізді, 1906 жылдан 1907 жылға дейінгі стачкашылар санының азаюы, жалпы алғанда, 1905 жылдан 1906 жылға дейінгіден *анағұрлым кемірек* екендігін көрсетеді. Біздің бұдан былайғы баяндаудан көретініміз: кейбір өндірістерде және кейбір аудандарда 1906 жылдан 1907 жылға дейін стачкалық қозғалыс бәсеңдемеген, қайта күшейе түскен. Біз әзірге стачкаларға шын қатысқан жұмысшылардың саны туралы губерниялар бойынша жиналған мәліметтер төмендегідей көңіл қоярлық құбылысты көрсететінін айтып өтелік. 1905 жылдан 1906 жылға дейін стачкаларға қатысқан жұмысшылардың проценті өнеркәсібі дамыған губерниялардың арасан көпшілігінде төмендеп кетті; бірақ 1905 жылдан 1906 жылға дейін бұл процент *көтерілген* бірқатар губерниялар бар. Бұлар — өнеркәсібі неғұрлым аз дамыған, былайша айтқанда, неғұрлым шеткері жатқан губерниялар. Мысалы, бұған жататындар қиыр солтүстіктегі губерниялар: Архангельск (фабрика-завод жұмысшылары 11 мың; 1905 жылы стачкаға қатысқан жұмысшылар 0,4 процент; 1906 жылы—78,6 процент), Вологда (фабрика-завод жұмысшылары 6 мың; сол жылдары 26,8 процент — 40,2 процент), Олонец (фабрика-завод жұмысшылары 1 мың; 0—2,6 процент); бұдан соң Черноморье губерниясы (фабрика-завод жұмысшылары 1 мың; 42,4 процент — 93,5 процент); Поволжьедегі губерниялардың ішінде — Симбирск (фабрика-за-

вод жұмысшылары 14 мың; 10,0 процент — 33,9 процент); орталық егіншілік губернияларының ішінде — Курск (фабрика-завод жұмысшылары 18 мың; 14,4 процент —16,9 процент); шығыстағы өңірден — Оренбург (фабрика-завод жұмысшылары 3 мың; 3,4 процент — 29,4 процент).

1905 жылдан 1906 жылга дейін бұл губернияларда стачкаға қатысушылар проценті артуының қаншама маңызды екендігі айқын: 1905 жылы бұл жерлерге қозғалыс толқыны жетіп үлгірмеді, бұл жерлер неғұрлым алдыңғы қатарлы жұмысшылардың дүние жүзінде болып көрмеген бір жылдық күресінен кейін ғана күреске тартыла бастады. Оқиғалардың тарихи барысын ұғыну үшін өте маңызды бұл құбылысқа мұнан былайғы баяндауымызда біз бірнеше рет қайтып ораламыз.

Керісінше, 1906 жылдан 1907 жылға дейін кейбір өнеркәсібі басым губернияларда стачкаларға қатысушылардың проценті жоғарылай түседі, мысалы, Петербург губерниясында (1906 жылы 68,0 процент; 1907 жылы 85,7 процент — 1905 жылы қанша болса, сонша дерлік — 85,9 процент), Владимир губерниясында (37,1 процент — 49,6 процент), Баку губерниясында (32,9 процент — 85,5 процент), Киев губерниясында (10,9 процент — 11,4 процент), бірқатар басқа губернияларда да жағдай осындай. Сонымен, егер 1905 жылдан 1906 жылға дейін бірқатар губернияларда стачкашылар процентінің өсуінен біз жұмысшы табының күрестің неғұрлым дамыған кезеңінен кеш қалған арьергардын аңғаратын болсақ, бірқатар басқа губернияларда 1906 жылдан 1907 жылға дейін бұл проценттің өсуі бізге күресті қайтадан көтеруге тырысқан, байқала бастаған шегінушілікті тоқтатуға тырысқан авангардын көрсетеді.

Осы дұрыс қорытындыдан неғұрлым дәл қорытынды жасау үшін бірінші және екінші түрлі губерниялар бойынша жұмысшылар санының және стачкаларға шын қатысқандар санының абсолюттік цифрын келтірейік:

1905 жылдан 1906 жылға дейін стачкаларға қатысқан жұмысшылардың проценті өскен губерниялар

Осындай губерния-лардың саны	Бұлардағы фабрика-завод жұмыс-шыларының саны	Стачкаларға шын қатысқан жұмысшылардың саны	
		1905 ж.	1906 ж.
10	61 800	6 564	21 484

Орта есеппен фабрика-завод жұмысшылары әр губернияға 6 мыңнан келеді. Стачкаға шын қатысқан жұмысшылар санының өсуі барлығы 15 мың болады.

1906 жылдан 1907 жылға дейін стачкаларға қатысқан жұмысшылардың проценті өскен губерниялар

Осындай губерния-лардың саны	Бұлардағы фабрика-завод жұмыс-шыларының саны	Стачкаларға шын қатысқан жұмысшылардың саны	
		1906 ж.	1907 ж.
19	572 132	186 926	285 673

Орта есеппен фабрика-завод жұмысшылары әр губернияға 30 мыңнан келеді. Стачкаларға шын қатысқан жұмысшылардың саны 100 мыңға дейін өскен, ал егер 1906 жылы есепке алынбаған (шамамен, 20—30 мыңнан аспайтын) Баку губерниясының мұнайшыларын шегеріп тастасақ, онда 70 мыңға жуық өскен.

Бұл мәліметтерден 1906 жылғы арьергардтың және 1907 жылғы авангардтың ролі айқын көрінеді.

Бұл мөлшерлер жайында неғұрлым дәл пікір айту үшін мәліметтерді Россияның аудандары бойынша алып, стачкашылардың санын фабрика-завод жұмысшыларының санымен салыстыру керек. Бұл мәліметтердің жиынтығы мынадай [418-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Түрлі аудандардың жұмысшылары қозғалысқа біркелкі қатыспаған. Жалпы алғанда, 1660 мың жұмысшы 2863 мың стачкашы шығарған, яғни әрбір жүз жұмысшыға 164 стачкашыдан келеді немесе, басқаша айтқанда, 1905 жылы жұмысшылардың жартысынан көбірегі орта есеппен стачкаға екі реттен қатысқан. Бірақ бұл орта есептер, бір жағынан, Петербург және Варшава округтерінің, екінші жағынан, барлық басқа округтердің араларындағы негізгі айырмашылықтарды

Фабрика-завод округтері	1905 ж. фабрика-завод жұмысшыларының саны (мың)	Әр жылдағы стачкашылар саны (мың есебімен)				
		Тұтас алғанда 1895—1904	1905	1906	1907	1908
I. Петербург	298	137	1 033	307	325	44
II. Москва	567	123	540	170	154	28
III. Варшава	252	69	887	525	104	35
IV—VI: Киев, Поволжье және Харьков	543	102	403	106	157*	69*
Барлығы	1 660	431	2 863	1 108	740	176

көмескілеп тастайды. Петербург және Варшава округтерін қосып алғанда барлық фабрика-завод жұмысшыларының $^{1}/_{3}$-і (1660 мыңның 550 мыңы) бар, ал бұл екі округ барлық стачкашылардың $^{2}/_{3}$-сін (2863 мыңның 1920 мыңын) шығарған. Бұл округтерде 1905 жылы әр жұмысшы орта есеппен 4 реттен дерлік ереуілге шыққан. Қалған округтерде 1110 мың жұмысшыға 943 мың стачкашы келеді, яғни арақатынасы жоғарыда аталған екі округтен төрт есе кем. Жұмысшылар өздерінің күшін асыра бағалады деп либералдардың, біздегі жойымпаздар қайталап жүрген, пайымдауларының соншама теріс екендігі осының өзімен-ақ көрініп тұр. Керісінше, фактілер мынаны дәлелдеп отыр: жұмысшылар өздерінің күшін жете бағаламады, өйткені бұлар өз күштерін жете пайдаланбады. Егер стачкалық күрестің (біз бұл жерде күрестің бір ғана осы формасын айтып отырмыз) күш-жігері мен табандылығы бүкіл Россияда Петербург және Варшава округтеріндегідей болса, онда стачкашылардың жалпы саны *екі есе көп* болар еді. Басқаша айтқанда, бұл қорытындыны былай деп айтуға болады: қозғалыстың осы саласында жұмысшылар өз күштерінің тек жартысын ғана

* Бұл цифрлар өткен жылдардағы мәліметтермен салыстыруға толық келе қоймайды, өйткені мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмысшылар 1907 жылы алғаш рет есепке алынған. Сірә, бұлардың есебінен көбеюі 20—30 мыңнан арта қоймас.

багалай алды, ойткепі қалған жартысын олар әлі пайдаланған жоқ. Географиялық жағынан айтқанда: батыс және солтүстік-батыс оянып-ақ қалды, бірақ орталықтың, шығыстың және оңтүстіктің тең жартысы ұйқыда болды. Капитализмнің дамуы кешеуілдеп қалғандарды ояту үшін күн сайын бірдеңесін істеп жатыр.

Аудандар бойынша алынған мәліметтерден шығатын ендігі бір маңызды қорытынды: 1905 жылдан 1906 жылға дейін қозғалыс, біркелкі болмаса да, барлық жерде жаппай төмендеді; ал енді 1906 жылдан 1907 жылға дейін Варшава округінде қозғалыс орасан төмендеп кеткенде, Москва, Киев және Поволжье округтерінде болмашы ғана бәсеңдегенде, біз Петербург және Харьков округтерінде қозғалыстың *өскендігін* көреміз. Мұның мәнісі мынадай: халықтың саналылығы мен даярлығының нақ осы дәрежесінде қозғалыстың біз қарастырып отырған формасы 1905 жылдың ішінде өзін сарқып болған еді; бұл форма әлеуметтік-саяси өмірдің объективті қайшылықтары жойылмай отырғандықтан қозғалыстың жоғарғы формасына ауысуға тиіс еді. Бірақ бір жыл, 1906 жылы, тыныстағаннан немесе күш жинау кезеңінен кейін, егер осылай деп айтуымызға болса, жаңа өрлеу байқалып, елдің бір бөлегінде ол басталды да. Егер либералдар, ал бұлардың ізінше жойымпаздар осы кезеңге баға бере келіп, «романтиктердің дәмелері» деп менсінбей айтып жүрсе, онда марксист былай деуге: либералдар осы ішінара өрлеуді қолдаудан теріс айналып кетіп, қол жеткен демократиялық жетістіктерді қорғап қалудың соңғы мүмкіндігін жоқ қылды, деуге тиісті.

Стачкашылардың территорияға қарай бөлінуі туралы мәселе жөнінде мынаны қоса айту керек: бұлардың орасан көпшілігі өнеркәсібі күшті дамыған және бесеуінің ірі қалалары бар *алты* губернияға келеді. Бұл алты губерния мыналар: Петербург, Москва, Лифляндия, Владимир, Варшава және Петроков губерниялары. Бұл губернияларда 1905 жылы барлық 1661 мың фабрика-завод жұмысшысының 827 мыңы, яғни жалпы санының жартысы дерлік болды. Ал бұлардағы стачкашылар 1895—1904 жылдар арасындағы он жылдың ішінде

431 мың стачкашының тұтас алғанда 246 мыңы, яғни барлық стачкашылардың 60 процентіне жуығы болды; 1905 ж.— 2863 мыңның 2072 мыңы, яғни 70 процентіне жуығы; 1906 ж.— 1108 мыңның 852 мыңы, яғни 75 процентіне жуығы; 1907 ж.— 740 мыңның 517 мыңы, яғни 70 процентіне жуығы; 1908 ж.—176 мыңның 85 мыңы, яғни жартысынан азырағы*.

Сонымен, 1905—1907 жылдар арасындағы үш жылда осы алты губернияның ролі осының алдындағы және осыдан кейінгі кездегіден *жоғары* болды. Демек, ірі қалалық және соның ішінде астаналық орталықтардың осы үш жылда қалған барлық жерлердегіден анағұрлым күшті жігер көрсеткендігі анық. Деревняларда және біршама ұсақ қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында бытыраңқы жатқан жұмысшылар, барлық жұмысшылардың жартысы бола тұрса да, 1895—1904 жылдары барлық стачкашылардың 40 процентін, ал 1905—1907 жж. не бары 25—30 процентін шығарды. Жоғарыда жасалған қорытындыны толықтыра келіп, біз: ірі қалалар оянды, ал ұсақ қалалар мен деревнялардың едәуірі әлі де ұйқыда еді дей аламыз.

Мұның үстіне жалпы алғанда деревня жөнінде, яғни деревняларда тұратын фабрика-завод жұмысшылары жөнінде, қалаларда және қалалардан тыс жерлерде болған *стачкалардың саны* туралы (стачкашылардың саны туралы емес) статистика мәліметтері бар. Бұл мәліметтер мынадай:

	Стачкалардың саны: Қалаларда	Қаладан тыс жерлерде	Барлығы
10 жылғыны (1895—1904) тұтас алғанда	1 326	439	1 765
1905 жылы	11 891	2 104	13 995
1906 »	5 328	786	6 114
1907 »	3 258	315	3 573
1908 »	767	125	892

Ресми статистиканы құрастырушылар осы мәліметтерді келтіргенде, Погожев мырзаның белгілі зерттеу-

* 1908 жылы стачкашыларының саны көп губерниялардың ішінде 47 мың стачкашысы болған Баку губерниясы алда тұр. **Жаппай саяси стачкадағы соңғы могикандар!**

лері бойынша, Россияның барлық фабрикалары мен заводтарының 40 проценті қалаларда, 60 проценті қалалардан тыс жерлерде[144] тұрады деп көрсетеді. Демек, егер жайшылықта (1895—1904) қалалардағы стачкалар саны деревнялардағыдан үш есе асып түсетін болса, стачкалар санының кәсіп орындарға шаққандағы проценттік арақатынасы, деревняларға қарағанда, қалаларда *$4^1/_2$ есе* артық. 1905 жылы бұл арақатынас шамамен айтқанда 8:1; 1906—9:1; 1907—15:1; 1908*— 6:1 болды. Басқаша айтқанда: 1905 жылы қалалық фабрика-завод жұмысшыларының стачкалық қозғалыстағы *рөлі,* деревняларда тұратын фабрика-завод жұмысшыларының рөлімен салыстырғанда, бұдан бұрынғы жылдардағыдан анағұрлым күшті болды, оның бер жағында 1906 және 1907 жылдары қала жұмысшыларының бұл рөлі барған сайын өсе берді, яғни деревнядағылардың қозғалысқа қатысуының арасалмағы барған сайын азая берді. 1895—1904 жылдар арасындағы он жылдықта күреске неғұрлым аз даярланған деревняның фабрика-завод жұмысшылары табандылықты аз көрсетті, 1905 жылдан кейінгі шегінуге бәрінен де гөрі тез көшті. Авангард, яғни қалалық фабрика-завод жұмысшылары бұл шегінуді тежеу үшін 1906 жылы ерекше күш салды, ал 1907 жылы *1906 жылғыдан да артық күш жұмсады.*

Енді біз стачкашылардың өндірістер бойынша қалай бөлінгенін қарастырайық. Бұл үшін өндірістің басты-басты төрт тобын бөліп аламыз: А) металлистер; Б) тоқыма жұмысшылары; В) баспаханашылар, ағаш өңдеушілер, былғарышылар және химия өндірістерінің жұмысшылары; Г) минералдық заттар өңдеуші және тағам өнімдері өндірістеріндегі жұмысшылар. Жылдар бойынша мәліметтер мынадай[145] [422-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

1905 жылдың алдындағы он жылдың ішінде металлистер бәрінен жақсы әзірленген еді. Осы он жылдың ішінде бұлардың жартысы дерлігі (252 мыңның 117

* 1908 жылы стачкалардың санына инспекцияларға ең алғаш рет 1906 жылы бағындырылған мұнай кәсіпшіліктеріндегі 228 стачка қосылды, ал 1907 ж. —230 стачка қосылды.

Өндіріс топтары	1904 ж. фаб.-зав. жұмысшыларының жалпы саны	Әр жылдағы стачкашылар саны (мың есебімен)				
		Тұтас алғанда 1895—1904	1905	1906	1907	1908
А	252	117	811	213	193	41
Б	708	237	1 296	640	302	56
В	277	38	471	170	179	24
Г	454	39	285	85	66	55
Барлығы	1 691	431	2 863	1 108	740	176

мыңы) ереуіл жасады. Ең жақсы әзірленгендіктен бұлар 1905 жылы да бәрінің алдында болды. Бұлардағы стачкашылар саны жұмысшылар санынан *үш еседен аса* асып түседі (жұмысшылар 252 мың, стачкашылар 811 мың). 1905 жылғы мәліметтерді әр айға бөліп талдай келгенде (қысқаша мақалада бұл мәліметтерді толық қарастыру мүмкін емес, сондықтан біз мұны реті келетін кезге дейін қалдыра тұрамыз) бұл авангардтың ролі онан сайын айқындала түседі. Металлистерде 1905 жылдың барлық айлары ішінде стачкашылардың ең көп болған айы, өндірістің *барлық* басқа топтарындағыдай октябрьге емес, январьға келеді. Қалған бұқараны «тербеп оятып», авангард қозғалысты бар күш-жігерімен бастады. 1905 жылғы бір ғана январь айының ішінде металлистерден 155 мың адам, яғни барлық металлистердің (252 мың) үштен екісі ереуіл жасаған; бір айдың ішіндегі стачкашылар саны осының алдындағы он жылдың ішіндегіден анағұрлым көп болған (117 мыңның орнына 155 мың). Бірақ осы адам айтқысыз керемет дерлік жігер 1905 жылдың аяғына таман авангардтың күштерін сарқа бастаған: 1906 жылы қозғалыстың төмендеу мөлшері жөнінен металлистер бірінші орында болды. Бұларда стачкашылар санының азаюы тым көп: 811 мыңнан 213 мыңға дейін, яғни төрт есе дерлік кеміді. 1907 жылға қарай авангард тағы да күш жинай бастады: стачкашылар саны жалпы алғанда болар-болмас азайды (213 мыңнан 193 мыңға дейін), ал металл өңдеу өндірістері

тобының ішінен басты-басты үш өндірісте, атап айтқанда машина жасау, кеме жасау және шойын қорыту өндірістерінде стачкашылар саны 1906 жылғы 104 мыңнан 1907 жылы 125 мыңға дейін *көбейді.*

Тоқымашылар орыс фабрика-завод жұмысшыларының негізгі бұқарасы, яғни жалпы санының $^{1}/_{2}$-нен аз ғана кем (1691 мыңның 708 мыңы). 1905 жылдың алдындағы 10 жылдың ішінде әзірлігі жөнінен бұлар екінші орында болды: жалпы санының $^{1}/_{3}$-і (708 мыңның 237 мыңы) ереуіл жасаған. 1905 жылғы қозғалыстың күші жөнінен де екінші орында болған: әр 100 жұмысшыға 180-ге жуық стачкашыдан келген. Бұлар күреске металлистерден гөрі кеш тартылды: январьда металлистерге қарағанда бұлардың стачкашылары шамалы ғана артық болған (155 мыңның орнына 164 мың), октябрьде екі еседен де көбірек (117 мыңның орнына 256 мың). Қозғалысқа кешеуілдеп тартылған бұл негізгі бұқара 1906 жылы бәрінен де табанды болды: сол жылы жаппай төмендеу болып еді, бірақ тоқымашылардағы төмендеу *бәрінен де аз,* бұларда азаю екі есе (1296 мыңнан 640 мыңға дейін), металлистерде төрт есе дерлік (811 мыңнан 213 мың), қалғандарында $2^{1}/_{2}$—$3^{1}/_{2}$ есе болды. 1907 жылға қарай ғана негізгі бұқараның күштері де сарқылған болып шығады: 1906 жылдан 1907 жылға дейінгі төмендеудің *ең көбі* нақ осы топта болды, екі еседен артық (640 мыңнан 302 мыңға дейін) болды.

Қалған өндірістер жөніндегі мәліметтерді егжей-тегжейлі талдауға тоқталып жатпай-ақ, тек неғұрлым нашар әзірленген және қозғалысқа неғұрлым нашар қатысқан Г. разрядының бәрінен де кейінде тұрғанын ғана атап өтеміз. Егер норма деп металлистерді алатын болсақ, Г разряды бір ғана 1905 жылдың ішінде миллионнан астам стачкашыны «кем берді» деуімізге болады.

Металлистер мен тоқымашылардың қатынасы, озық топтың қалың бұқараға қатынасы тәрізді, ерекше сипатты нәрсе. 1895—1904 жылдары ерікті ұйымдар, ерікті баспасөз, парламент трибунасы, т. с. болмағандықтан, 1905 жылы бұқара күрестің барысында,

стихиялы жолмен ғана болмаса, басқаша жолмен топтаса алмады. Бұл топтасудың тетігі мынада еді: стачкашылардың толқыны бірінен соң бірі көтерілді, оның бер жағында қалың бұқараны «тербеп ояту» үшін қозғалыстың алғашқы кезінде авангардтың орасан зор күш жұмсауына тура келгені соншалық, қозғалыс әбден өрлеген кезде авангард біршама әлсіреп қалды. 1905 жылы январьда 444 мың стачкашы болды, бұлардың 155 мыңы, яғни 34 проценті металлистер еді, ал октябрьде барлық стачкашылардың саны 519 мың, бұлардың ішінде металлистер 117 мың, яғни 22 процент болды. Қозғалыстың осындай әркелкі болуы күштердің бытыраңқылығы, жете шоғырланбағандығы салдарынан, сол күштердің өзін белгілі дәрежеде ысырап етумен бірдей болып шыққаны түсінікті. Мұның мәні мынадай: 1-ден, күштерді жақсылап шоғырландырған күнде анағұрлым тиімді болар еді, ал 2-ден, зерттеп отырған дәуірдің объективті жағдайларына қарай әрбір толқынның алғашқы кезінде бірқатар сақтана қимылдау, былайша айтқанда, барлау, байқап көру, т. с. болмай қоймайды және табысқа жету үшін қажет те. Сондықтан либералдар, бұларға ілесе Мартов секілді жойымпаздар, «пролетариаттың өз күштерін асыра бағалағаны» туралы өз теориясының тұрғысынан келіп, бізді «стихиялық таптық күрестің соңынан сүйретілді» деп айыптаған кезде, бұл мырзалар өздеріне өздері үкім шығарады, мақтағысы келмесе де, бізді барынша мақтап отыр.

Стачкалар туралы жылма-жылғы мәліметтерге шолу жасауды аяқтау үшін енді стачкалардың мөлшері мен қанша уақытқа созылғандығы туралы және стачкалардан шеккен зияндардың көлемі туралы цифрларға тоқталайық.

Стачкаға қатысушылардың орташа саны мынадай болды:

10 жылда (1895—1904)	244 жұмысшы
1905 жылы	205 »
1906 »	181 »
1907 »	207 »
1908 »	197 »

1905 жылы стачкалар мөлшерінің азаюына (қатысушылардың саны жөнінде) көптеген ұсақ кәсіпорындардың күреске тартылғаны себеп болды, бұлар стачкаға қатысушылардың орташа санын азайтып жіберді. 1906 ж. бұл мөлшердің онан әрі азайып кеткені, сірә, күрес қуатының кемігенін көрсететін болар. 1907 жыл бұл жерде де біршама ілгері басқандықты көрсетеді.

Егер біз таза саяси стачкаларға қатысушылардың орташа санын алатын болсақ, әр жыл бойынша мынадай цифрларды көреміз: 1905—180; 1906—174; 1907—203; 1908—197. Бұл цифрлар 1906 жылы күрес қуатының кеміп барып, 1907 жылы қайтадан көтерілгендігін, немесе (мүмкін, сонымен бірге деуге де болар) 1907 жылғы қозғалысқа көбінесе ең ірі кәсіпорындардың қатысқандығын бұрынғыдан да айқын көрсетеді.

Ереуіл болған күндердің саны 1 ереуілші-жұмысшыға мынадайдан келеді:

10 жылда (1895—1904)	4,8 күн
1905 жылы	8,7 »
1906 »	4,9 »
1907 »	3,2 »
1908 »	4,9 »

Бұл цифрлар көрсетіп отырған күрестің табандылығы бәрінен де гөрі 1905 жылы күшті болған,— кейін ол 1907 жылға дейін күрт кеміп барып, тек 1908 жылы ғана күшейген. Айта кету керек, күрестің табандылығы жағынан алғанда батыс европалық стачкалар анағұрлым жоғары тұрады. 1894—1898 жылдардағы бес жылда ереуіл күндері 1 ереуілші-жұмысшыға Италияда —10,3, Австрияда —12,1, Францияда —14,3 және Англияда — 34,2 күннен келген.

Егер таза саяси стачкаларды бөлек алып қарайтын болсақ, онда біз мынадай цифрларды көреміз: 1905—1 ереуілшіге 7,0 күннен; 1906—1,5 күннен; 1907—1,0 күннен келеді. Экономикалық себептермен болған стачкаларда күрес қашанда ұзаққа созылып отырды.

Стачкалық күресте табандылық көрсетудің әр түрлі жылдарда әрқилы болғанын еске ала отырып, біз стачкашылардың саны туралы мәліметтер қозғалыстың

әр түрлі жылдардағы салыстырмалы мөлшерін жеткілікті анықтап бере алмайды деген қорытындыға келеміз. Дәл анықтағыш нәрсе ереуіл жасаған күндер саны болады, ол әр жыл бойынша мынадай:

		Соның ішінде таза саяси стачкаларда
10 жылғыны (1895—1904) тұтас алғанда	2 079 408	—
1905 жылы »	23 609 387	7 569 708
1906 » »	5 512 749	763 605
1907 » »	2 433 123	521 647
1908 » »	864 666	89 021

Сонымен, бір ғана 1905 жылғы қозғалыстың дәл анықталған көлемі осының алдындағы бүкіл 10 жылдағыны тұтас алғандағыдан *11 еседен аса* көп. Басқаша айтқанда: 1905 жылғы қозғалыстың мөлшері одан бұрынғы 10 жыл ішіндегі *бір жылдық орташа* мөлшерден *115 есе* асып түседі.

Бұл арақатынас бізге мынаны көрсетеді: ресми ғалымдардың арасында (жалғыз бұлардың арасында ғана емес-ау) тым жиі кездесетін «бейбіт», «табиғи», «эволюциялық» деп аталатын замандардағы әлеуметтік-саяси дамудың қарқынын барлық жағдайға жарамды норма деп ұғынатын, қазіргі адамзат дамуының ықтимал шапшаңдығының көрсеткіші деп түсінетін адамдардың соншалықты келте ойлайтындығын көрсетеді. Іс жүзінде «табиғи» деп аталатын замандағы «даму» қарқыны барынша тоқыраудың, даму жолындағы ең күшті кедергінің көрсеткіші.

Ресми статистиканы құрастырушы ереуіл жасаған күндердің саны туралы мәліметтерге сүйеніп өнеркәсіптің шеккен зиянын есептеп шығарған. Бұл зиян (өндірілмей қалған өнім) 10 жылдың, 1895—1904, ішінде тұтас алғанда 10,4 миллион сом болған, 1905 ж.— 127,3 млн., 1906 ж.— 31,2 млн., 1907 ж.— 15,0 млн. және 1908 ж. — 5,8 млн. сом. Демек, үш жылдың ішінде, 1905—1907 жылдары өндірілмей қалған өнім 173,5 млн. сом болған.

Ереуіл күндерінде жалақыны кем алғандықтан жұмысшылардың шеккен зияны (түрлі өндірістерде төленетін орташа күндік ақының мөлшері бойынша белгіленген) осы алынып отырған жылдарда мың сом есебімен төмендегідей болған:

Өндіріс топтары (жоғарыдағы 18-бетті қараңыз*)	1905 ж. фаб.-зав. жұмысшыларының саны мың есебімен	Жұмысшылардың стачкалардан шеккен зияны, мың сом есебімен				
		тұтас алғанда 1895—1904	1905	1906	1907	1908
А	252	650	7 654	891	450	132
Б	708	715	6 794	1 968	659	228
В	277	137	1 997	610	576	69
Г	454	95	1 096	351	130	22
Барлығы	1 691	1 597	17 541	3 820	1 815	451

1905—1907 жылдар арасындағы үш жылдың ішінде жұмысшылардың шеккен зияны 23,2 млн. сом болған, яғни осының алдындағы он жылдағыны қосып есептегендегіден 14 еседен аса көп**. Ресми статистиканы құрастырушы фабрика-завод өнеркәсібіндегі бір жұмысшыға (бір стачкашыға емес) шаққанда бұл зияндар алғашқы он жылдықтың ішінде орта есеппен жылына 10 тиыннан келген, 1905 жылы 10 сомдай, 1906 жылы 2 сомдай, 1907 жылы 1 сом шамасы болды деп

* Қараңыз: осы том, 422-бет. *Ред.*

** Қозғалыс неғұрлым күшті болған кезенде жұмысшылар бұл зиянның *біразын* кәсіпорын иелеріне артқандығын ескеру керек. Статистика 1905 жылдан бастап стачкалардың ерекше себебін (ресми номенклатура бойынша, себептердің *3 б* тобы): *стачка кезіне ақы төлеу талабын* анықтауға тиіс болды. Мұндай талап қойылған жағдайлардың саны 1905 ж.— 632, 1906—256, 1907—48, ал 1908—9 болды (1905 жылға дейін мұндай талап қою деген тіпті болған емес). Жұмысшылардың осы талап үшін жүргізген күресінің нәтижесі тек 1906 және 1907 жылдар бойынша ғана белгілі, тек екі-үш жағдайда ғана бұл себеп *басты* себеп болды: 1906 ж. негізінен осы себеп бойынша ереуіл жасаған 10 966 жұмысшыдан 2171 жұмысшы стачкада ұтты, 2626 жұмысшы ұтылды, 6169 жұмысшы ымыраға келумен тынды, 1907 жылы негізінен осы себеп бойынша ереуіл жасаған 93 жұмысшының бірде-бірі стачкада ұта алмады, 52-сі ұтылып шықты, 41-і ымыраға келумен тынды. 1905 жылғы стачкалар туралы бізге белгілі мәліметтерге сүйене отырып, 1905 жылы осы себептен туған стачкалар, 1906 жылғы стачкалармен салыстырғанда, неғұрлым табыстырақ болды деп ұйғаруымыз керек.

есептеп отыр. Бірақ бұл есеп қарастырылып отырған тұрғыдан алғанда әр түрлі өндірістердегі жұмысшылар арасындағы зор айырмашылықтардан аулақ жатыр. Әлгінде келтірген кестедегі цифрларға сүйеніп шығарылған неғұрлым егжей-тегжейлі есеп мынадай:

Өндіріс топтары	Фабрика-завод өнеркәсібінде істейтін 1 жұмысшыға стачкалардан келген зиянның орташа мөлшері (сом есебімен)				
	Он жылғыны, 1895—1904, тұтас алғанда	1905	1906	1907	1908
А	2,6	29,9	3,5	1,8	0,5
Б	1,0	9,7	2,8	0,9	0,3
В	0,5	7,2	2,2	2,1	0,2
Г	0,2	2,4	0,7	0,3	0,05
Барлығы	0,9	10,4	2,3	1,1	0,3

Бұдан көрінетін жай мынадай: 1905 жылғы стачкалардан бір металлиске (А тобы) келген зиянның мөлшері 30 сомға жуық болған, бұл орта есеппен алғандағыдан үш есе көп, минералды заттарды және азық-түлік өнімдерін өңдеуші (Г тобы) жұмысшының шеккен зиянының орташа мөлшерінен он еседен аса көп. 1905 жылдың аяғында металлистер қозғалыстың осы қарастырылып отырған формасында өзінің күшін сарқып алды деп жасаған біздің жоғарыдағы қорытындымызды бұл кесте онан сайын айқын дәлелдей түседі: А тобында 1905 жылдан 1906 жылға дейін зиянның мөлшері 8 еседен аса кеміген, басқа топтарда 3—4 еседен кеміген.

Стачкалар статистикасының жылма-жылғы мәліметтерін талдауды осымен аяқтап, біз келесі мақалада ай сайынғы мәліметтерді зерттеуге көшеміз.

II

Стачкалық қозғалыстың толқымалы сипатын зерттеу үшін бір жыл дегеніңіз тым ұзақ. Қазір біздің былай деуге статистикалық правомыз бар: 1905—1907 жыл-

дар арасындағы үш жылда әрбір ай бір жылға барабар болды. Осы үш жылдың ішінде жұмысшы қозғалысы 30 жылды бастан кешірді. 1905 жылдың бірде-бір айында стачкашылардың саны 1895—1904 жылдар арасындағы 10 жыл ішіндегі жылдық минимумнан төмен түскен емес, ал 1906 және 1907 жж. мұндай айлар тек екі-екіден ғана болды.

Өкініштісі сол, жеке губерниялар бойынша алынған мәліметтер сияқты, ай сайынғы мәліметтер ресми статистикада мүлде қанағаттанғысыз жасалған. Көптеген мәліметтерді қайтадан жасауға тура келеді. Осы себепті, сондай-ақ орынның аздығынан біз әзірше *жылдың тоқсандары бойынша* мәліметтермен шектелеміз. Экономикалық және саяси стачкаларды ажыратып есептеу жөнінде 1905 және 1906—1907 жылдардағы ресми статистикадағы мәліметтер салыстыруға келе бермейтінін айта кетелік. Аралас стачкалар — ресми номенклатура бойынша экономикалық талаптар қойған 12 разрядтағы және экономикалық талаптар қойған 12 б разрядтағы стачкалар — 1905 жылы саяси стачкалар болып есептелді, ал кейініректе экономикалық стачкалар болып есептеледі. Біз олардың 1905 жылдағыларын да экономикалық стачкаға жатқызамыз.

Стачкашылар саны мың есебімен[146]:

Жылдар	1905				1906				1907			
Жылдың тоқсандары	I	II	III	IV	I	II	III	IV	I	II	III	IV
Барлығы	810	481	294	1 277	269	479	296	63	146	323	77	193
Оның ішінде												
экономикалық	604	239	165	430	73	222	125	37	52	52	66	30
саяси	206	242	129	847	196	257	171	26	94	271	11	163

Сызықпен қоршалғандары толқын неғұрлым өрге басқан кезеңдерді көрсетеді. Бұл кезеңдердің бүкіл үш жылды сипаттайтын айрықша маңызды саяси оқиғалар болған кездерге тура келетіні кестеге қараған бойда-ақ бірден көзге түседі. 1905 I— тоғызыншы январь және

оның салдары; 1905 IV — октябрь және декабрь оқиғалары; 1906 II — бірінші Дума; 1907 II — екінші Дума; 1907 жылдың соңғы тоқсанында өрлеу неғұрлым төмендеген, бұған екінші Думадағы жұмысшы депутаттарын соттауға байланысты ноябрьдегі (134 мың стачкашы қатысқан) саяси ереуіл себеп болды. Сонымен, үш жылдықты аяқтайтын және орыс тарихының басқа дәуіріне көшу болып табылатын бұл кезең мына жағдайдың: егер стачкалық толқынның өрлеуі бұл арада жалпы әлеуметтік-саяси өрлеу болып табылмайтын болса, онда жақынырақ қарастыра келгенде, стачкалық *толқын* тіпті болмағанда, тек некен-саяқ стачка-демонстрациялар болған дегенді растайтын ерекше жағдайдың дәл өзі.

Зерттеп отырған үш жылдыққа тән нәрсе мынау: стачкалық толқынның өрлеуі елдегі бүкіл әлеуметтік-саяси эволюцияның аса қиын, бет бұрыс кезеңін білдіреді. Стачкалар статистикасы бізге бұл эволюцияның ең басты қозғаушы күшін айқын корсетеді. Мұның өзі, әрине, қозғалыстың біз қарастырып отырған формасы оның бірден-бір немесе ең жоғары формасы болды дегендік емес,— мұның бұлай емес екенін біз білеміз,— мұның өзі қозғалыстың осы формасынан әлеуметтік-саяси эволюцияның жеке мәселелеріне тікелей қорытынды жасауға мүмкіндік болсын дегендік емес. Бірақ мұның өзі біздің алдымызда оқиғалардың жалпы бағытының басты серіппесі болған тап қозғалысының статистикалық көрінісі (әрине, толық деуге тіпті де болмайтын көрінісі) тұр деген сөз. Басқа таптардың қозғалысы осы орталықтың төңірегіне топтасады, соның соңынан ереді, оларды осы орталық бастайды немесе белгілейді (оңына әлде терісіне), олар осы орталыққа тәуелді болады.

Бұл қорытындының дұрыстығына коз жеткізу үшін Россияның саяси тарихының басты-басты кезеңдерін еске түсірудің өзі жеткілікті. 1905 жылдың бірінші тоқсанын алайық. Осы тоқсанның қарсаңы бізге нені көрсетеді? Белгілі земстволық-банкеттік науқанды көрсетеді. Жұмысшылардың бұл науқанда бой көрсетуін «демонстрацияның ең жоғары типі» деп бағалау дұрыс

Ереуіл жасаған жұмысшылар санының жыл тоқсандары бойынша диаграммасы — 1910 ж.

Сызылған жағы — саяси стачкаларға, сызылмаған жағы экономикалық стачкаларға қатысқандар.

(В. И. Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы» деген дәптерінен алынды. Лениннің XXV жинағы)


Тысячи стачечников:
1250
1200
1150
1100
1050
1000
950
900
850
800
750
700
650
600
550
500
450
400
350
300
250
200
150
100
50
0
Четверти года:
I II III IV I II III IV I II III IV
Годы:
1905 1906 1907

болды ма? Либералдардың «үрейін» алмау туралы сөйленген сөздер дұрыс болды ма? Осы сұрақтарды стачкалар статистикасының шеңберіне салыңыздаршы (1903 жылы: 87 мың, 1904 жылы: 25 мың, 1905 январь: 444 мың, соның ішінде 123 мыңы саяси стачкашылар), сонда жауап анық болады. Земство науқанындағы тактика туралы жоғарыда көрсетілген айтыс либералдық қозғалыс пен жұмысшы қозғалысының объективті жағдайларынан шығатын антагонизмін көрсетеді.

Январь* өрлеуінен кейін біз нені көріп отырмыз? Мемлекеттік құрылысты біраз өзгертудің бастамасы болған белгілі февраль указдарын көреміз[147].

1905 жылдың 3-тоқсанын алып қараңыз. Саяси тарихта 6 август заңы (Булыгин Думасы деп аталатын) бірінші қатарда болды. Бұл заң жүзеге аса алатын ба еді? Либералдар жүзеге аса алады деп ойлайды да, өздерінің іс-әрекетін осыған орайластыра жүргізуге ұйғарады. Марксистер лагеріндегі көзқарас бұған керісінше, объективті түрде алғанда либерализм көзқарастарын жақтаушылар бұл көзқарасқа қосылмайды. 1905 жылдың соңғы тоқсанындағы оқиғалар таласты шешіп берді.

Жылдың бүтіндей тоқсандарына қатысты цифрлар бойынша 1905 жылдың аяғында бір өрлеу болған тәрізді. Шындығында екі өрлеу болды, бұлардың аралығында қозғалыс аздап бәсеңдеді. Октябрьде 519 мың стачкашы, соның ішінде 328 мыңы таза саяси стачкашы, ноябрьде 325 мың стачкашы (соның ішінде 147 мыңы саяси стачкашы), ал декабрьде 433 мың (соның ішінде 372 мыңы саяси стачкашы) стачкашы болды. Тарихи әдебиетте либералдардың және біздегі жойымпаздардың (Череванин жәпе оның компаниясының) көзқарасы айтылды, бұл көзқарас бойынша декабрь өрлеуінде «жасандылық» элементі бар секілді. Статистика қайта нақ осы айдың ішінде таза саяси стачкашылар-

---

* Жылдың әрбір тоқсаны сайынғы мәліметтерге қарағанда өрлеу біреу болған. Шынында өрлеу екі рет болды: январьда — 444 мың стачкашы және майда — 220 мың. Бұл екі аралықтағы минимум — 73 мың — мартқа тура келеді.

дың саны *максимумға*, 372 мыңға жеткенін көрсетіп, бұл көзқарасты теріске шығарады. Нақты бір баға беруге либералдарды мәжбүр еткен тенденциялар әбден түсінікті, бірақ таза ғылыми тұрғыдан қарағанда бір айдың ішінде таза саяси стачкашылар саны бүкіл он жылдық бойындағы барлық стачкашылардың $^9/_{10}$ бөлігіне жуықтаған қозғалысты қандай шамада болсын «жасанды» деп есептеу сөкет нәрсе.

Ақырында, 1906 жылдың көктемі мен 1907 жылдың көктеміндегі соңғы екі өрлеуді алайық*. Бұлардың 1905 жылғы январьдағы және майдағы өрлеуден (бұлардың біріншісі екіншісінен күштірек болды) жалпы айырмашылығы — бұлар шегініспен өтті, ал алғашқы екеуі шабуылмен өткен еді. Бұл айырмашылық осы үш жылдықтың бірінші жылымен салыстырғанда жалпы соңғы екі жылының сипатын білдіреді. Демек, 1906 және 1907 жылдардың жоғарыда көрсетілген кезеңдеріндегі цифрлардың өскеніне дәл баға мынадай болады: бұл өсу шегіністің тоқтала бастағандығын және шегінушілердің қайтадан шабуылға көшуге әрекеттенгенін көрсетеді. Бұл өрлеудің объективті мәні, бізге енді барлық «үш жылдық дауыл мен тегеуріннің» түпкілікті нәтижелері тұрғысынан айқын болған мәні, міне, осындай. Бірінші және екінші Думалар төмендегі шегіністің кідірістеріне байланысты жоғарыда болған саяси келіс сөздер мен саяси демонстрациялар еді, одан басқа түк те емес.

Бұл келіс сөздерді шегіністің белгілі бір кідірісінің ұзаққа созылу-созылмауына және оның неге апарып соғатынына байланысты емес, өзінше жеке мақсаты бар, дербес нәрсе деп білетін либералдардың бүкіл болжамсыздығы осының өзінен айқын көрінеді. Шегініс кезіндегі «романтиктердің дәмесі» туралы, Мартов

---

* Айта кететін бір жайт орыс стачкаларының 1895—1904 жж. ішіндегі он жылдық тарихы экономикалық стачкалардың әдетте жылдың 2-тоқсанында өрлейтінін аңғартады. Бүкіл он жылдықтың бойында стачкашылардың орташа саны жылына 43 мың болды, ал жылдың тоқсандары бойынша: I—10 мың; II—15 мың; III—12 мың және IV—6 мың. Цифрларды салыстырып шыққанның өзінде-ақ 1906 жылғы және 1907 жылғы көктемдегі өрлеу стачкалардың Россияда жаз айларында өрлеуінің осы «жалпы» себептерінен емес екендігі әбден айқын болады. Саяси стачкашылардың санына көз жіберсе де жетіп жатыр.

сияқты, енді тыжырына сойлейтін жойымпаздардың либералдарға объективті түрде тәуелділігі осының өзінен айқын көрінеді. Статистика бізге «романтиктердің дәмесі» туралы емес, шегіністің іс жүзінде орын алған үзілістері мен кідірістері туралы сөз болып отырғанын көрсетеді. Егер осы тоқыраулар болмаса, шегіністің аты шегініс болғандықтан, тарихи жағынан болмай қоймайтыны анық 1907 жылғы 3 июнь оқиғасы ерте, мүмкін, бір жыл бұрын, әлде тіпті бір жылдан да бұрын орын алған болар еді.

Стачкалық қозғалыс тарихын саяси тарихтың басты кезеңдеріне байланысты қарастыра келіп, енді экономикалық және саяси стачкалардың арақатынасын зерттеуге көшейік. Ресми статистика бұл мәселе жөнінде барынша назар аударарлық мәліметтер береді. Әуелі қарастырып отырған үш жылдықтың әрбір жылы бойынша жалпы қорытындыларды алайық:

Стачкашылар саны мың есебімен

	1905	1906	1907
Экономикалық	1 439	458	200
Саяси	1 424	650	540
Барлығы	2 863	1 108	740

Бұдан шығатын бірінші қорытынды мынау: экономикалық және саяси стачкалар бір-бірімен өте тығыз байланысты болып келеді. Бұлар бірге өрлеп, бірге құлдырайды. Шабуыл заманында (1905 ж.) қозғалыстың күші былайша сипатталады: саяси стачкалар күші одан кем түспейтін экономикалық стачкалардың кең базисіне негізделіп құрылғандай болады, ал бұл экономикалық стачкалар тіпті бөлек алғанның өзінде де бүкіл 1895—1904 жылдар арасындағы 10 жылдықтағы цифрлардан әлде қайда асып түсіп отырады.

Қозғалыс бәсеңдеген кезде экономикалық стачкашылардың саны саяси стачкашылардың санына қарағанда тезірек кеміп кетеді. 1906 және әсіресе 1907 жылғы қозғалыстың әлсіздігі, күмән жоқ, экономикалық күрестің кең әрі берік негізі болмағандығында. Екінші жағынан, жалпы алғанда саяси стачкашылар

санының неғұрлым баяу төмендегені, және әсіресе 1906 жылдан 1907 жылға дейін болмашы төмендегені, сірә, бізге бұрыннан таныс құбылысты: алдыңғы қатардағы топтар шегіністі тоқтатуға және оны шабуылға айналдыруға анағұрлым көбірек күш жұмсап тырысатындығын көрсетеді.

Бұл қорытындыны өндірістің әр түрлі топтарында болған экономикалық және саяси стачкалардың арақатынасы туралы мәліметтер толық дәлелдейді. Мақаланы цифрлармен шұбарламау үшін 1905 жылдың әрбір тоқсаны бойынша металлистер мен тоқымашыларды салыстырумен ғана шектелейік, оның бер жағында бұл жолы біз осы жылғы аралас стачкаларды, жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, саяси стачкаларға жатқызған ресми статистиканың* ақпарын алайық:

	1905 жыл, тоқсандар	Стачкашылар саны мың есебімен I	II	III	IV
А тобы (металлистер)	экономикалық	120	42	37	31
	саяси	159	76	63	283
	Барлығы	279	118	100	314
Б тобы (тоқымашылар)	экономикалық	196	109	72	182
	саяси	111	154	53	418
	Барлығы	307	263	125	600

Алдыңғы қатардағы топ пен қалың бұқараның арасындағы айырмашылық айқын көрінеді. Алдыңғы қатардағыларда таза экономикалық стачкашылар әуел бастан, сондай-ақ бүкіл жыл бойы да азшылық болды. Алайда, жылдың бірінші тоқсаны бұл топта да таза экономикалық стачкашылар санының өте-мөте жоғарылығымен (120 мың) сипатталады: металлистердің ішінде де «тербеп ояту» керек болған және қозғалысты таза экономикалық талаптар қоюдан бастаған топтар-

* Бұл ақпар бойынша, 1905 ж. экономикалық стачкашылардың саны 1021 мың, саяси стачкашылардың саны — 1842 мың болған, яғни тұтас алғанда экономикалық стачкашылардың үлесі 1906 ж. қарағанда аз. Мұның дұрыс емес екендігін біз осының алдында түсіндіргенбіз.

дың аз емес екендігі анық нәрсе. Тоқымашыларда қозғалыстың алғашқы кезінде (жылдың I тоқсанында) таза экономикалық стачкашылардың орасан басым болғанын көреміз, бұлар жылдың II тоқсанында азшылық болып шықты да, жылдың III тоқсанында қайтадан көпшілік болды. Жылдың соңғы тоқсанында, қозғалыстың барынша өрлеген кезінде, металлистерде таза экономикалық стачкашылардың саны стачкашылардың жалпы санының 10%-і және барлық металлистер санының 12%-і болды; тоқымашыларда таза экономикалық стачкашылар саны стачкашылардың жалпы санының 30%-і және барлық тоқымашылар санының 25%-і болды.

Экономикалық және саяси стачкалардың өзара тәуелділігі нақ қандай екендігі енді тіпті айқын: бұлардың тығыз байланысы болмайынша шын мәнінде кең, шын мәнінде бұқаралық қозғалыстың болуы мүмкін емес; ал енді бұл байланыстың нақты формасы былай болады: бір жағынан, қозғалыстың алғашқы кезінде және қозғалысқа жаңа топтар тартылып жатқан кезде таза экономикалық стачка басым роль атқарады, ал екінші жағынан, саяси стачка артта қалғандарды оятады, қозғау салады, қозғалысты ширатады, кеңітеді, сөйтіп оны жоғары сатыға көтереді.

Бүкіл үш жылдық бойынша жаңа адамдардың қозғалысқа нақ қалай тартылып отырғанын егжей-тегжейлі зерттеу өте-мөте қызғылықты болар еді. Негізгі материалда бұл туралы мәліметтер бар, өйткені мәліметтер әрбір стачка туралы карточкаға жеке-жеке алынып отырған. Бірақ бұл мәліметтердің өңделуі ресми статистикада тіпті қанағаттанғысыз, сөйтіп карточкалардағы өте көп материал өңдеуге кірмей, босқа қалған. Көлемі әр түрлі кәсіпорындар санына шаққанда болған стачкалар проценті туралы мына төмендегі кестеептеген түсінік береді [436-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Осыған дейін түрліше аудандар мен түрліше өндіріс топтары туралы мәліметтерде өзіміз байқап келген алдыңғы қатарлы топ енді кәсіпорындардың түрліше

Кәсіпорындар топтары	Кәсіпорындар санына шаққанда болған стачкалар санының %%				
	10 жылғы (1895—1904) тұтас алғанда	1905 ж.	1906 ж.	1907 ж.	1908 ж.
20 жұмысшыға дейін	2,7	47,0	18,5	6,0	1,0
21-ден 50 жұмысшыға дейін	7,5	89,4	38,8	19,0	4,1
51 — 100 » »	9,4	108,9	56,1	37,7	8,0
101 — 500 » »	21,5	160,2	79,2	57,5	16,9
501—1000 » »	49,9	163,8	95,1	61,5	13,0
1000-нан аса жұмысшы барлар	89,7	231,9	108,8	83,7	23,0

топтары туралы мәліметтер бойынша көрініп отыр. Кәсіпорындардың көлемі ұлғайған сайын стачкалар болған кәсіпорындар процентінің жоғарылай беруі барлық жылдарға ортақ нәрсеге айналған жағдай болып табылады. Осының өзінде 1905 жылға тән нәрсе, 1-ден, кәсіпорын ірі болған сайын қайталама стачкалар да соғұрлым көп болады, ал 2-ден, 1895—1904 жылдар арасындағы он жылды 1905 жылмен салыстырғанда, кәсіпорын *ұсақ* болған сайын проценттің көбеюі соғұрлым үдей түседі. Мұның өзі стачкаларға жаңа адамдардың, әлі еш уақытта стачкаға қатыспаған топтардың ерекше тез жұмылдырылып, тартылғанын айқын көрсетеді. Барынша өрлеу кезеңінде қозғалысқа тез тартылған бұл жаңа адамдар бәрінен де гөрі тұрлаусыздау болып шығады: 1906 жылдан 1907 жылға дейін стачка болған кәсіпорындардың процентінің төмендеуі ұсақ кәсіпорындарда бәрінен тез, ал ірі кәсіпорындарда бәрінен де баяу болды. Авангард шегіністі кідірту үшін бәрінен де гөрі ұзақ уақыт кетіріп, бәрінен де гөрі табанды еңбек сіңірді.

Бірақ экономикалық стачка мен саяси стачканың арақатынасы туралы мәліметтерге оралайық. Бүкіл үш жылдық бойына жылдың әрбір тоқсаны бойынша жоғарыда келтірілген (19-бет)* мәліметтер ең алдымен ірі өрлеудің бәрі саяси стачкашылардың ғана емес, сонымен бірге экономикалық стачкашылардың да өсуі-

* Қараңыз: осы том, 429-бет. *Ред.*

не байланысты екендігін көрсетеді. Мұнан біраз ерекше тұрған тек 1907 жылғы көктемдегі өрлеу ғана, мұнда экономикалық стачкашылардың максимумы жылдың II тоқсанына емес, III тоқсанына дөп келеді.

Қозғалыстың бас кезінде (1905 ж. I тоқсаны) біз экономикалық стачкашылардың саны саяси стачкашылардың санынан орасан басым (604 мың және 206 мың) болғанын көреміз. Қозғалыс әбден өрлеген кезде (1905 ж. IV тоқсаны) январь айындағыдан біраз әлсіз болса да экономикалық стачкалардың жаңа толқыны туды, ал саяси стачка өте басым болып қала берді. 1906 жылдың көктеміндегі үшінші өрлеу экономикалық стачкашылардың да, саяси стачкашылардың да қайтадан мықтап көбейгендігін көрсетеді. Экономикалық және саяси стачкалардың бірігуі «қозғалыстың әлсіз жағы» болды деген пікірді бекерге шығару үшін осы мәліметтердің өзі-ақ жеткілікті. Мұндай пікірді либералдар талай рет айтқан болатын; мұны жойымпаз Череванин 1905 жылғы ноябрь жөнінде қайталап айтты: сол заманға қатысты мұны жуырда Мартов та қайталады. Осындай көзқарасты растамақ болғандар 8 сағаттық жұмыс күні үшін күрестің сәтсіз болғанын өте-мөте көбірек дәлел етеді[148].

Бұл сәтсіздік фактісінің болғаны даусыз, сәтсіздік атаулының өзі қозғалыстың әлсіздігін көрсететіні де даусыз нәрсе, бірақ либералдық көзқарас «қозғалыстың әлсіз жағы» нақ осы экономикалық күрес пен саяси күрестің бірігуінде деп мойындаудан көрініп тұр; ал маркстік көзқарас әлсіздік осы бірігудің жеткіліксіздігінде, экономикалық стачкашылар санының айтарлықтай көп болмағандығында болды деп біледі. Статистика үш жылдықтың «жалпы заңын»: экономикалық күрес күшейгенде қозғалыстың да күшейетіндігін ашып, маркстік көзқарастың дұрыс екендігін айқын дәлелдейді. Бұл «жалпы заң» капиталистік қоғам атаулының негізгі белгілерімен қисынын тауып байланысып жатады: бұл қоғамда тым артта қалған топтар әрқашанда болады, оларды қозғалыстың ең шұғыл түрде шиеленісуі

ғана оята алады және де бұл артта қалған топтар экономикалық талаптар арқылы ғана болмаса, басқаша жолмен күреске тартылмайды.

1905 жылдың соңғы тоқсанындағы өрлеуді мұның алдындағы және мұнан кейінгі өрлеулермен, яғни 1905 жылдың бірінші тоқсанымен және 1906 жылдың екінші тоқсанымен салыстыра келгенде, біз мынаны айқын көреміз: экономикалық негізінің ауқымы жөнінен, яғни стачкашылардың жалпы санында экономикалық стачкашылар санының проценті жағынан октябрь-декабрь өрлеуі оның алдындағы өрлеуден де, одан кейіндегі өрлеуден де *әлсіздеу* болған. 8 сағаттық жұмыс күнін талап ету буржуазияның көптеген элементтерін, жұмысшылардың басқа талаптарына тілектес бола алатын элементтерін, сыртқа тепкені күмәнсыз. Бірақ бұл талаптың қозғалысқа әлі тартылмаған элементтерді, 1905 жылдың соңғы тоқсанында 430 мың экономикалық стачкашылар шығарған, 1906 жылдың I тоқсанында оның санын 73 мыңға дейін төмендетіп, кейін 1906 жылдың II тоқсанында 222 мыңға дейін қайта көтерген, буржуазияға жатпайтын көптеген элементтерді өзіне тартқандығы да күмәнсыз нәрсе. Демек, әлсіздік буржуазияның тілектестік көрсетпегендігінде емес, буржуазияға жатпайтын элементтердің қозғалысты жеткілікті қолдамағандығында немесе дер кезінде жеткілікті қолдамағандығында болды.

Бұл қарастырылып отырған қозғалыс секілді қозғалыс қашанда болсын буржуазияның белгілі бір элементтерін сыртқа тебеді деп қорқу либералға тән нәрсе. Мұндай қозғалыс қашанда буржуазияға жатпайтын көптеген элементтерді өзіне тартатынын атап көрсету марксистерге тән нәрсе. Suum cuique — әркім өзіне лайықтысын істейді.

Жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасындағы күрестің шырғалаңдары туралы мәселе жөнінде стачкалардың нәтижелері туралы ресми статистиканың мәліметтері өте-мөте сабақ боларлықтай. Бұл статистиканың жалпы қорытындылары мынадай:

Стачкалардың нәтижелері	Төмендегідей нәтижелермен біткен стачкаларға қатысушылар санының проценті				
	10 жылда (1895—1904)	1905 ж.	1906 ж.	1907 ж.	1908 ж.
Жұмысшылардың пайдасына	27,1	23,7	35,4	16,2	14,1
Өзара ымыраға келу (компромисс)	19,5	46,9	31,1	26,1	17,0
Қожайындардың пайдасына (жұмысшыларға қарсы)	51,6	29,4	33,5	57,6	68,8

Ең алдымен мұнан шығатын жалпы қорытынды мынадай: қозғалыстың барынша күшті болуы жұмысшылардың да барынша мол табысқа жететіндігін білдіреді. Бұлар үшін стачкалық күрестің тегеуріні мейлінше күшті болған 1905 жыл бәрінен де тиімдірек. Бұл жыл ымыраға келудің тым жиі болғандығымен де ерекше: әдеттен тыс жаңа жағдайға екі жағы да әлі бейімделе алмады, стачкалардың жиілігінен кәсіпкерлер абыржып қалды, сөйтіп істің өзі қай кездегіден болса да жиірек ымыраға келумен аяқталып отырды. 1906 жылы күрес табандырақ бола түсті: ымыраға келушілік бұрынғыдан әлдеқайда сиреді; бірақ жұмысшылар жалпы алғанда әлі де жеңіп келді: жеңіп шыққан стачкашылар проценті жеңілгендердің процентінен көп. 1907 жылдан бастап ымыраға келушілік азайды да, жұмысшылардың жеңілуі үздіксіз көбейе берді.

Егер абсолют цифрларды алатын болсақ, бүкіл 10 жылдың ішінде, 1895—1904, тұтас алғанда стачкаларда 117 мың жұмысшы жеңіп шыққан, ал бір ғана 1905 жылдың өзінде мұнан үш еседен гөрі артық: 369 мың, 1906 жылы бір жарым еседей артық: 163 мың жұмысшы жеңіп шыққан.

Бірақ бір жыл — 1905—1907 жылдар арасындағы үш жылдықтағы стачкалық күрестің толқынды қозғалысын зерттеу үшін тым ұзақ мерзім. Тым көп орын алатын болғандықтан ай сайынғы мәліметтерді келтірмейақ 1905 және 1906 жылдардың әр жылының тоқсандары бойынша мәліметтерді келтірейік. 1907 жылды алмаса да жарайды, өйткені стачкалардың нәтижелері бойынша біз бұл жылы үзілістер, құлдыраулар, өрлеу-

лер болғанын көре алмаймыз, тек жұмысшылардың жаппай шегінісі мен капиталистердің шабуылын көреміз, мұның өзі бұрын әр жыл бойынша келтірілген мәліметтерден айқын көрінеді.

Жылдар	1905				1906			
Жыл тоқсандары	I	II	III	IV	I	II	III	IV
Стачкалардың нәтижелері								
Жұмысшылардың пайдасына	158	71	45	95	34	86	37	6
Өзара ымыраға келу	267	109	61	235	28	58	46	8
Қожайындардың пайдасына	179	59	59	100	11	78	42	23
*Барлығы**	604	239	165	430	73	222	125	37

Бұл мәліметтерден егжей-тегжейлі қарастыруды керек ететін өте қызғылықты қорытындылар шығады. Жалпы алғанда біз жұмысшылардың тегеуріні неғұрлым күшті болса, олар үшін күрес те соғұрлым табысты болатынын көрдік. Келтірілген мәліметтер осыны растай ма? 1905 жылдың I тоқсаны, бұл дәуірде қозғалыс әлсіреп қалған болса да, II тоқсанына қарағанда жұмысшылар үшін тиімсіздеу. Алайда бұл қорытынды қате болып шығады екен, өйткені үш айлық мәліметтер январьдағы өрлеуді (экономикалық стачкашылар 321 мың болған) және февральдағы (228 мың) мен марттағы (56 мың) төмендеуді қосып есептейді. Өрлеу айын, январьды, жеке алсақ, біз бұл айда жұмысшылардың жеңгенін көреміз: 87 мың ереуілші стачкаларда жеңіп шыққан, 81 мыңы жеңілген, 152 мыңы ымыраға келумен тынған. Бұл дәуірдегі екі бірдей төмендеу айлары (февраль және март) жұмысшыларды жеңіліске ұшыратқан.

Екінші дәуір (1905 жылдың II тоқсаны) өрлеу дәуірі, бұл өрлеу майда өзінің шырқау биігіне жетті. Күрестің өрлеуі жұмысшылардың жеңіске жеткенін көрсетеді: стачкаларда 71 мың стачкашы жеңіп шыққан, 59 мыңы жеңілген, 109 мыңы ымыраға келумен аяқтаған.

* Ресми статистикада бұл мәселе жөнінде ай сайынғы қорытынды жоқ; бұларды өндірістер бойынша мәліметтерден жинақтап алуға тура келді.

Үшінші дәуір (1905 жылдың III тоқсаны) төмендеу дәуірі: стачкашылар саны II тоқсанға қарағанда анағұрлым аз. Тегеуріннің бәсеңдегені қожайындардың жеңіске жеткенін көрсетеді: стачкаларда 59 мың жұмысшы жеңілген, тек 45 мыңы жеңіп шыққан. Стачкаларда жеңілген жұмысшылар проценті 35,6%-ке тең, *яғни 1906 жылғыдан жоғары.* Мұның мәнісі — либералдар жұмысшылардың жеңіп шығуының басты себебі деп соншалықты қақсап келген 1905 жылғы жұмысшыларға «жалпы тілектестік атмосферасы» — (жуырда Мартов та буржуазияның тілектестігін «басты себеп» деді) — *жұмысшылардың тегеуріні әлсіреген кезде* бұлардың жеңілуіне ешқандай кедергі жасамады деген мағына туады. Қоғам тарапынан өздеріңізге тілектестік болып тұрғанда, сіздер күштісіздер дейді либералдар жұмысшыларға. Қоғам сіздерге өздеріңіз күшті болып тұрғанда тілектес болады дейді марксистер жұмысшыларға.

1905 жылдың соңғы тоқсанындағы жағдай ерекше сияқты: өрлеудің ең күшті кезінде жұмысшылар жеңіліске ұшыраған. Бірақ тек сырттай ғана ерекше көрінеді, өйткені өрлеу айы — октябрь, жұмысшылар экономикалық салада да жеңген ай (стачкаларда 57 мың жұмысшы жеңіп, 22 мың жұмысшы жеңілген) және ноябрь (+25, —47) мен декабрь (+12, —31) айлары, экономикалық күрес төмендеп, жұмысшылардың жеңілген айлары бірге қосып есептелген. Осының өзінде ноябрь айы, өзгеріс айы, толқушылық мейлінше күшті болған, қарама-қарсы күштер барынша тепе-тең болған ай, жалпы қорытындыларға және жалпы алғанда Россия тарихының, жекелеп алғанда қожайындардың жұмысшыларға көзқарасы тарихының жалпы бет алысына келгенде мәлімсіздік мейлінше күшті болған ай, міне осы ай 1905 жылдың барлық айларының ішінен ымыраға келумен біткен жағдайлардың *ең көп* процентін береді: 179 мың экономикалық стачкашының 106 мыңы, яғни стачкашылардың 59,2%-і, осы айдың ішінде күресті ымыраға келумен аяқтады*.

* Экономикалық стачкашылардың жалпы саны октябрьде 190 мың, ноябрьде 179 мың, декабрьде 61 мың болды.

1906 жылдың бірінші тоқсанында тағы да тек сырттай ғана ерекше көрінушілік бар: экономикалық күрес мейлінше төмендеген, ал жұмысшылардың жеңуі бәрінен де көп (+34, —11). Мұнда да жұмысшылардың жеңілген айы, январь (+4, —6) және жұмысшылардың жеңген айлары, февраль (+14, —2) мен март (+16, —2,5) бірге қосып есептелген. Экономикалық стачкашылардың саны бүкіл осы дәуір бойы төмендей береді (январь — 26,6 мың, февраль—23,3 мың, март—23,2 мың), бірақ жалпы қозғалыстың өрлеу нышаны сол кездің өзінде-ақ айқындала бастайды (стачкашылардың барлық саны январьда — 190 мың, февральда—27 мың, мартта — 52 мың).

1906 жылдың II тоқсаны — қозғалыстың зор өрлеген дәуірі және жұмысшылардың жеңген кезі (+86, —78); бұл жеңіс әсіресе май мен июньде өте күшті болды — июньде экономикалық стачкашылардың саны 1906 жыл ішіндегі ең көп мөлшерге — 90 мыңға жетті,— ал апрельдегі жағдай ерекше: мартпен салыстырғанда қозғалыстың өскеніне қарамастан, жұмысшылар жеңіліске ұшырады.

1906 жылдың III тоқсанынан бастап біз жылдың аяғына дейін экономикалық күрестің, жалпы алғанда, үздіксіз төмендей бергенін және осыған орай жұмысшылардың жеңіліске ұшырағанын көреміз (1906 жылдың авгусы сәл ерекшелеу болды, бұл айда жұмысшылар экономикалық күресте соңғы рет жеңді: +11,3, —10,3).

1905 және 1906 жылдардағы экономикалық күрестің шырғаландарын қысқаша қорытындылау үшін мынадай тәсілді қолдануға болады. 1905 жылы жалпы алғанда стачкалық күрестің, әсіресе экономикалық күрестің басты-басты үш өрлеуі: январь, май және октябрь ерекше көзге түседі. Осы үш айдың ішінде қосып есептегенде жыл бойындағы 1439 мың стачкашының 667 мыңы экономикалық стачкашылар болды, яғни төрттен бірі емес, жартысына жуығы. Бұл үш айдың үшеуі де экономикалық салада жұмысшылардың жеңген айлары болды, яғни стачкаларда жеңілген жұмысшылардың санынан жеңіп шыққан жұмысшылардың саны басым айлар болды.

1906 жылы, жалпы және тұтас алғанда, жылдың бірінші және екінші жартысы айқын ажыратылады: бірінші жартысында — шегініс кідіреді де, үлкен өрлеу болады; екінші жартысында — зор төмендеу болады. Жылдың бірінші жартысына 295 мың, екіншісіне — 162 мың экономикалық стачкашыдан келеді. Бірінші жартысы экономикалық күресте жұмысшыларға жеңіс әперді, екіншісі — жеңіліске әкеп соқтырды.

Бұл жалпы қорытындылар экономикалық күресте де «тілектестік атмосфера», буржуазияның іш тартқаны шешуші роль атқармай, тегеурін күші шешуші роль атқарды деген тұжырымды әбден растайды.


1.

Объявление об издании
Рабочей Газеты.

Тяжелый кризис рабочего движения и
с.-д. партии в России все еще продолжается.
Распад партийных организаций, почти по-
вальное бегство из них интеллигенции, разброд
и шатания среди оставшихся верными с.-
д-тии, упадок и апатия среди довольно
широких слоев передового пролетариата,
неизвестность в том, где искать выхода
из этого положения, — таковы те черты,
которыми отличается современное поло-
жение. Не мало народилось малодушных и
маловеров среди с.-д., которые готовы отчаяться
в возможности разобраться в царящей
сумятице, отчаяться в деле возрожде-

В. И. Лениннің ««Рабочая Газетаны» шығару туралы хабарландыру» деген қолжазбасының бірінші беті. — Октябрь, 1910 ж.

Кішірейтілген

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТАНЫ»[149] ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Россиядағы жұмысшы қозғалысы мен социал-демократиялық партияның ауыр дағдарысы әлі күнге созылып келеді. Партия ұйымдарының ыдырауы, олардан интеллигенцияның жаппай дерлік қашуы, социал-демократияға шын берілгендердің арасындағы ауа жайылушылық пен ауытқушылық, алдыңғы қатарлы пролетариаттың әжептәуір қалың тобы арасындағы жабығу мен торығу, бұл жағдайдан құтылатын жолды табуға сенбеушілік,— қазіргі жағдайдың өзгешелігін сипаттайтын белгілер осындай. Социал-демократтардың арасында жасқаншақтар мен күдікшілдер аз емес, бұлар қазіргі орын алып отырған шатасушылықтан жөн тауып кету мүмкіндігінен күдер үзуге дайын, партияны, РСДРП-ны, өзінің революциялық міндеттерімен, дәстүрлерімен бірге қалпына келтіру және нығайту міндеттерінен күдер үзуге дайын, мұның бәріне қолды бірақ сілтеп, өзінің қара басымен болуға немесе бір ғана «мәдени» жұмыспен, т. с. шұғылданып отырған өрісі тар, ұсақ үйірмелермен тұйықталып қалуға дайын.

Дағдарыс әлі созылуда, бірақ оның немен тынары қазірдің өзінде-ақ айқын көрініп отыр, партия одан шығатын жолды толық белгіледі және сынап та көрді, ауа жайылушылық пен ауытқушылық әбден айқындалған және партия қазірдің өзінде-ақ мейлінше айқын бағалаған ағымдарға, бағыттарға, фракцияларға қалыптасып болды,— ал антипартиялық ағымдардың айқындалуы және олардың анық, айқын бағасын алғаны ауа

жайылушылық пен ауытқушылықтың жарым-жартысынан қазірдің өзінде-ақ құтылғандық деген сөз.

Күдер үзушілік пен түңілушілікке беріліп кетпеу үшін тек дағдарыстың туар көзінің бар мәнін түсіну ғана қажет. Бұл дағдарыстан аттап өтуге болмайды, оны орағытып өтуге де болмайды, оны тек табанды күреспен ғана жоюға болады, өйткені бұл кездейсоқ дағдарыс емес, Россияның *экономикалық* дамуының *да*, саяси дамуының да *ерекше* кезеңі тудырған дағдарыс. Самодержавие бұрынғысынша билеп-төстеп келеді. Зорлық-зомбылық бұрынғыдан да дөрекірек. Правосыздық бұрынғыдан да күштірек. Экономикалық езгі бұрынғыдан да арсызырақ болып отыр. Бірақ самодержавие енді *тек* ескі құралдарға *ғана* сүйеніп тұра алмайды. Ол жаңа әрекет жасауға, қаражүздік крепостник-помещиктермен, октябристік капиталистермен ашықтан-ашық одақтасуға, Думада және Дума арқылы одақтасуға *мәжбүр* болып отыр. Бұл әрекеттің үмітсіз әрекет екені, жаңа революциялық дағдарыстың өсіп келе жатқандығы ойлай білетін адамдардың бәріне де аян. Бірақ бұл революциялық дағдарыс жаңа жағдайда, таптар мен партиялардың саналылығы, топтасқандығы, ұйымшылдығы 1905 ж. революцияға дейін болмаған дәрежеде өлшеусіз өскен жағдайда даярланып отыр. Орыс либерализмі жақсы ниет көздеген ақ көңіл, қиялшыл, болжыр және дүмбілез оппозициядан интеллигенттік буржуаның мықты, парламенттік тағлым алған партиясына айналды, ал бұл буржуа болса социалистік пролетариатқа және шаруалар бұқарасының крепостниктік мырзаларды революциялық жолмен жазалауына көрінеу жау болып отыр. Монархиядан тілемсектеніп жеңілдіктер сұрау, оны (либералдың өзіне де жек көрінішті және қорқынышты) революциямен қорқыту, азаттық күресіне үнемі опасыздық жасап, жау жағына қашып шыға беру — міне либералдық, конституциялық-демократиялық, партияның болмай қоймайтын, өзінің таптық табиғатына байланысты болмай қоймайтын тағдыры осындай. Бұқаралық революциялық күресті пролетариат бастап берсе, орыс шаруалары мұндай күреске өздерінің қабілеті бар екенін және либерализм мен со-

циал-демократияның арасында үнемі ауытқи беретін өзінің қасиетін де дәлелдеп берді. Орыс жұмысшы табы өзінің бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап екенін, бостандық (тіпті буржуазиялық бостандық) үшін күресте бірден-бір басшы екенін дәлелдеп берді. Ендігі жерде бостандық жолындағы күресті одан әрі жалғастырудың ұлы міндеті еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасын соңынан ертетін пролетариаттың революциялық күресі арқылы ғана шешілуге тиіс және шешілетін болады. Жаңа жағдайда, неғұрлым саналырақ, неғұрлым топтаса түскен жаулардың ортасында қимыл жасай отырып, жұмысшы табы өз партиясын, РСДРП-ны, қайта құруға тиіс. Интеллигент басшының орнына ол жұмысшылардың ортасынан шыққан басшыларды жоғарылатады. Партияның *барлық* жұмысын өздігінен жүргізе алатын және, бұрынғымен салыстырғанда, он есе, жүз есе көп пролетарлар бұқарасын ұйымдастыру, топтастыру, біріктіру қолынан келетін социал-демократиялық жұмысшы партиясының жұмысшыдан шыққан мүшесінің жаңа типі өсіп келеді.

Сонымен, біз өзіміздің *«Рабочая Газетамыз»* арқылы ең алдымен сол жаңа жұмысшыға сөзімізді арнаймыз. Бұл жұмысшы өзімен мәймөңкелеп сөйлескенді, өзін сүтке пісірген ботқамен тамақтандырғанды ұнататын жастан өтті. Оған партияның саяси міндеттері туралы, оның құрылысы туралы, партия ішіндегі күрес туралы бәрін де білу керек. Партияны ныгайту, қалпына келтіру және қайта құру ісімен өзі шұғылданып жүргендіктен оған осы партия туралы боямасыз шындықты білу қорқыныш емес. «Вперед» жинақтарынан немесе Троцкийдің «Правда» газетінен партияның ұстаған жолы мен партияның жағдайын айқын, дәлме-дәл, тура баяндауды кездестіре алмаса да, бұлардан табылатын жалпы революциялық құрғақ сөздер, тым жағымпазданған ымырашыл үндер оған көмектеспейді, қайта зиянын тигізеді.

Партияның бұл жағдайы өте қиын, бірақ басты қиыншылық партияның қатты әлсірегендігінде және ұйымдардың екінің бірінде мүлде талқандалғандығында емес, фракциялардың партия ішіндегі күресінің шиеле-

ніскендігінде де емес, қайта басты қиыншылық мынада: социал-демократиялық жұмысшылардың алдыңғы қатардағы тобы бұл күрестің мәні мен маңызын әбден айқын түсінбеді, сол күресті ойдағыдай жүргізу үшін жете топтаспады, РСДРП-ны ауа жайылушылықтан, ыдыраудан, ауытқушылықтан даңғыл жолға шығаратын *партиялық ұйтқыны* құру, қолдау, нығайту үшін бұл күреске жеткілікті түрде дербес, жеткілікті түрде жігерлі кіріспеді.

Бұл жол 1908 жылғы Декабрь конференциясының шешімдерінде толық белгіленді, бұл конференцияның шешімдері Орталық Комитеттің 1910 жылғы пленумының шешімдерінде одан әрі дамытылды. Бұл ұйтқы ортодокс большевиктер (шақырымпаздық пен буржуазиялық философияға қарсылар) мен партиялық меньшевиктердің (жойымпаздыққа қарсылардың) одағынан құралып отыр, қазір РСДРП ішіндегі басты жұмысты тек формальдық қатынастар тұрғысынан емес, іс жүзінде осы одақ *жүргізіп келеді.*

Жұмысшыларға: бұл одақ, жойымпаздықпен және шақырымпаздықпен күресудің «орнына» фракциялық күресті, жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы күресті тек қана күшейтіп, шиеленістіріп жібереді деп жүр. Мұның өзі — құр бос сөз, мұның өзі жұмысшыны ересек адам деп есептемей, сәбиге санайтын мәймөңкелеу ғана. Партия әлсіз болып отырғанда, ұйымдар талқандалып отырғанда, шетелдік базаның қажеттігі сөзсіз болып отырғанда ағым атаулының қандайы болса да іс жүзінде партиядан мүлде тәуелсіз, өз алдына дербес шетелдік фракция болып табылады деген шындық жайсыз-ақ шындық, бірақ сол шындықты *өзінің* партиясын *белгілі,* дәл, айқын партиялық бағыт негізінде қайта құруға тиісті социал-демократ жұмысшыдан жасыру кісі күлерлік (немесе қылмыс) іс болған болар еді. Қазір бізде фракциялық күрестің ең ұнамсыз *формалары* үстем болып отыр, бұл күмәнсыз, бірақ күрестің осы *формаларын* нақ қайта құру үшін алдыңғы қатарлы жұмысшылар мұрын шүйірмеулері керек, қолайсыз күрестің қолайсыз формаларын қайта құру сияқты қолайсыз (дилетант үшін, партиядағы қонақ үшін қолайсыз)

міндеттен құрғақ сөзге салынып жалтармаулары керек, қайта бұл күрестің мәні мен маңызын *түсінулері керек,* сөйтіп жергілікті жерлердегі жұмысты *жолға қойғанда* социалистік насихаттың, саяси үгіттің, кәсіптік қозғалыстың, кооперативтік жұмыстың *әрбір* мәселесінде және т. б. және т. с. мына межені — социал-демократия*дан* либералдық жойымпаздыққа немесе жартылай анархистік шақырымпаздыққа, ультиматизмге және т. с. қарай ауытқу басталатын межені *анықтап* отыратындай етіп жолға қоюлары керек, *партиялық істі жүргізгенде* осы межелер арқылы анықталатын дұрыс бағытпен *жүргізулері керек.* Қазіргі орыс өмірі шындығының аса маңызды *нақты* мәселелерінің әрқайсысы жөнінде осы межелерді анықтауда жұмысшыларға көмектесіп отыруды біз *«Рабочая Газетаның»* басты міндеттерінің бірі етіп қоямыз.

Жұмысшыларға: 1910 ж. январьдағы Орталық Комитет пленумының (толық жиналысының) нақ осы біріктіру әрекеті партия ішіндегі фракциялық күрестің пайдасыз және нәтижесіз екенін дәлелдеді, бұл күрес бірігуді «болдырмай тастады»-мыс деп жүр. Бұлай деп не ештеңеден хабары жоқ, не мүлде ойлай алмайтын адамдар, немесе сылдыраған, құлаққа жағымды, бірақ ешбір мағынасы жоқ құрғақ сөздер арқылы өзінің шын мақсаттарын *жасыратын* адамдар ғана айтады. Кімде-кім шындыққа тура қараудан қорқып, өзін жалған үміттермен жұбатқан болса, пленум тек соларды ғана «түңілдірді». Пленумда кейде «ымырашылдық ботқа» қаншама көп болғанымен, сайып келгенде, тек қана мүмкін, тек қана керек болған бірігудің тура өзі келіп шықты. Егер жойымпаздар мен шақырымпаздар жойымпаздықпен, шақырымпаздықпен күресу туралы қарарға *қол қойып,* бірақ келесі күні бұрынғы істеріне онан бетер «зер сала» кіріссе, онда мұның өзі партиялық емес элементтерге партияның сенім артуының мүмкін еместігін ғана дәлелдеп берді, бұл элементтердің қандай екендігін тек қана анығырақ көрсетіп берді. Партия дегеніміз ерікті одақ, сондықтан *ортақ* партиялық бағытты азды-көпті болсын адал жүргізгілері келетін және жүргізе алатын адамдар, дұрысырақ айтқан-

да: *ортақ* партиялық бағытты жүргізуге *мүдделі* (өздерінің идеяларымен, өздерінің тенденцияларымен мүдделі) адамдар біріккен уақытта ғана бірігу мүмкін және пайдалы нәрсе. Егер бірігу партиялық бағытты түсіну ісін шатастырып, көмескілеуді көздесе, егер бірігу партияны антипартиялық бағытқа қарай үзілді-кесілді сүйрейтін адамдарды жалған байланыспен байланыстыруды көздесе, онда бірігу мүмкін емес және зиянды. Сөйтіп большевизм мен меньшевизмнің *негізгі* топтарының өзара бірігуіне пленум қол жеткізді, бұл бірігу, пленумның арқасында болмағанымен, пленум арқылы баянды етілді.

Өзімен мәймөңкелеп сөйлесуді тілемейтін жұмысшы — большевизм мен меньшевизм сияқты, жойымпаздық пен шақырымпаздықтың да кездейсоқ бағыттар емес екенін, ал өздерінің тамырын терең жайған бағыттар екенін түсінбей отыра алмайды. «Жұмысшылар үшін» ертегі ойлап шығарушылар ғана бұл фракциялардың айырмашылығын «интеллигенттік» таластар деп түсіндіреді. Іс жүзінде Россия революциясының бүкіл тарихына, Россиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысының барлық алғашқы жылдарына (және көп жағдайда ең маңызды жылдарына) өзінің ізін қалдырған бұл екі бағыт — Россияның крепостниктік елден буржуазиялық ел болып экономикалық және саяси жағынан қайта құрылу процесінің тура өзінен туды, әр түрлі буржуазиялық таптардың пролетариатқа тигізген ықпалдарынан туды, немесе дұрысырақ айтқанда: буржуазияның әр түрлі жіктерінің пролетариат қимыл жасаған кездегі жағдайынан туды. Бұдан шығатын қорытынды мынадай: Россияда социал-демократияның бірігуі жұмысшы табы революцияда неғұрлым ашық, неғұрлым кең, бұқаралық, еркін тарихи-маңызды қимылдар жасаған заманда қалыптасқан екі бағыттың бірін жою жолымен болуы мүмкін емес. Бірақ бұдан шығатын тағы да бір қорытынды мынадай: екі фракцияның шындап жақындасуының негізі бірлік туралы, фракцияларды жою туралы және т. т. туралы айтылып жүрген игі ниетті құрғақ сөздерде емес, қайта оның негізі тек осы екі фракцияның ішкі дамуында ғана. Дәл осы-

лайша жақындасуды жұмысшы партиясы біздер, большевиктер, 1909 ж. көктемінде «шақырымпаздықты» біржола жерлеген кезден бері, ал Плеханов бастаған партиялық меньшевиктер жойымпаздыққа қарсы бұдан кем соқпайтын батыл күрес бастаған кезден бері-ақ басынан кешіріп келеді. Екі фракцияның *екеуіндегі* саналы жұмысшылардың басым көпшілігі шақырымпаздық пен жойымпаздыққа қарсылар жағында, бұған күмән жоқ. Сондықтан, осы негізде болып отырған партияның ішкі күресі қаншалықты ауыр, кейде қиын және әрқашан сүйкімсіз болғанымен де, біз құбылыстың *формасына* бола оның *мәнін* ұмытуға тиіс емеспіз. Кімде-кім бұл күрестің (партияның қазіргі жағдайында фракциялардың күресі формасында болмай қоймайтын күрестің) негізінде саналы социал-демократиялық жұмысшылардың негізгі партиялық ұйтқысының *топтасу* процесі бар деп білмесе, ондай адамның ағаштың тасасынан орманды көрмегені.

Ал *«Рабочая Газета»* нағыз социал-демократиялық ұйтқыны осылайша топтастыру мақсатына қызмет ететін болады, ал оны (Плеханов бас болып) партиялық меньшевиктердің біздің басылымымызды қолдаймыз деген келісімін алып, біздер, большевиктер, шығарып отырмыз. Бұл басылым фракциялық басылым ретінде, большевиктердің фракциялық шарасы ретінде лажсыз жарыққа шығып отыр. Ағаштың тасасынан орманды көрмей, фракцияшылдыққа қарай *«кері»* қайтып оралды деп даурығатын адамдар, бәлкім, бұл арада да табылып қалар. Шын мәнінде болып жатқан, шын мәнінде, маңызды және қажетті партиялық бірігудің мәні мен маңызына өзіміздің көзқарасымызды толық баяндай отырып, біз осы арқылы ондай қарсы пікірлердің құны қаншалықты екенін көрсетіп те бердік, ал ондай қарсылықтар бірігу туралы мәселені *іс жүзінде* тек *шатастыру* және белгілі бір фракциялық мақсаттарды *бүркемелеу* болып шығар еді. Ал біздің көбіне-көп тілейтініміз —*«Рабочая Газета»* партияның барлық жағдайын, партияның барлық міндеттерін жұмысшылардың әбден айқын, жете түсінуіне көмектесетін болсын дейміз.

«Рабочая Газетаны» шығаруға кірісе отырып, біз партиямыздың Орталық Комитетінің де, жергілікті ұйымдардың да, қазіргі кезде партиядан қол үзіп қалған саналы жұмысшылардың жеке топтарының да көмегіне үміт артамыз. Біз Орталық Комитеттің көмегіне үміт артамыз, үміт артқанда, бірнеше ай бойына Россияда өз жұмысын *дұрыстап* жолға қоя алмағанын, қоя алмаған себебі, ол большевиктер мен партиялық меньшевиктерден басқа еш жерден жәрдем ала алмағанын, қайта басқа фракциялардың тікелей қарсы әрекетіне жиі ұшырап келгенін біле тұра артамыз. Орталық Комитеттің өміріндегі бұл ауыр кезең әлі-ақ өте шығады және оның тез өте шығуы үшін, Орталық Комитет қалпына келгенше, ол нығайып алғанша және т. т., біз құр әншейін «күте тұруға» тиіс емеспіз, қайта жекелеген топтар мен жекелеген жергілікті ұйымдардың инициативасына сүйеніп — бастапқыда көлемі тым жұпыны болса да — Орталық Комитет те бәрінен гөрі көбірек еңбек етіп жатқан сол партиялық бағытты нығайту ісі мен *шынайы* партиялық бірлікті жолға қоюға *дереу* кірісуге тиіспіз. Біз жергілікті ұйымдар мен жұмысшылардың жекелеген топтарының көмегіне үміт артамыз, өйткені газет жөніндегі тек солардың ғана белсенді жұмысы, тек солардың ғана қолдауы, солардың пікірлері, солардың мақалалары, материалдары, мәліметтері мен ескертпелері ғана *«Рабочая Газетаны»* қаз тұрғызып, оның шығарылып тұруын қамтамасыз ете алады.

1910 ж. октябрьде жазылған

Бірінші рет 1937 ж. 5 майда «Правда» газетінің 122-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ САБАҚТАРЫ

Россияның жұмысшы табы патша самодержавиесіне 1905 жылдың октябрінде тұңғыш рет күшті соққы бергенінен бері бес жыл өтті. Пролетариат сол бір ұлы дүрбелең күндерде миллиондаған еңбекшілерді өздерін езушілерге қарсы күреске көтерді. Жұмысшылар «бастықтардан» ондаған жыл бойына босқа күткен жеңілдіктерді пролетариат 1905 жылдың бірнеше айының ішінде жеңіп алды. Пролетариат бүкіл орыс халқына, аз уақытқа болса да, Русьте болып көрмеген баспасөз, жиналыс, одақтар бостандығын жеңіп әперді. Ол жасанды Булыгин Думасын өз жолынан аластап, патшадан конституция туралы манифесті жұлып алды да, Россияны өкілетті мекемелерсіз басқару мүмкіндігінің тамтығын қалдырмады.

Пролетариаттың ұлы жеңістері жартылай жеңіс болып шықты, себебі патша өкіметі құлатылмаған еді. Декабрь көтерілісі жеңіліспен тынды да, жұмысшы табының тегеуріні әлсірей түскен сайын, бұқараның күресі әлсірей түскен сайын патша самодержавиесі жұмысшы табының жеңістерін бірінен соң бірін қайтып ала берді. 1906 жылы жұмысшы стачкалары, шаруалар мен солдаттардың толқулары, 1905 жылға қарағанда, әлдеқайда әлсіздеу еді, бірақ сонда да болса әлі өте күшті болды. Патша бірінші Думаны таратып жіберді, халықтың күресі бұл Дума кезінде қайтадан өрістей бастаған еді, бірақ сайлау заңын бірден өзгертуге батылы бармады. 1907 жылы жұмысшылардың күресі бұ-

Россiйская Соцiальдемократическая Рабочая Партiя — Пролетарiи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

РАБОЧАЯ ГАЗЕТА

JOURNAL OUVRIER

№ 1 — 12 ноября (31 октября) 1910 г. — Цѣна 10 коп.

Уроки революцiи

Лѣтнiя стачки и задачи рабочихъ

«Рабочая Газетаның» 1910 ж. 30 октябрьдегі (12 ноябрьдегі) 1-номерінің бірінші беті; мұнда В. И. Лениннің «Революцияның сабақтары» деген бас мақаласы басылған.

Кішірейтілген

рынғыдан бетер әлсіреді, сөйтіп патша екінші Думаны қуып таратып, мемлекеттік төңкеріс (1907 жылы 3 июньде) жасады, патша Думаның келісімінсіз заң шығармаймын деген өзінің ең салтанатты уәделерінің бәрін бұзды да, сайлау заңын өзгертті, өзгерткенде, Думадағы көпшілік помещиктер мен капиталистерге, қаражүздіктер партиясы мен солардың малайларына шексіз тиетіндей етіп өзгертті.

Революцияның жеңістері де, жеңілістері де орыс халқына ұлы тарихи сабақ болды. 1905 жылдың бес жылдығын атап өте отырып, осы сабақтардың басты мазмұнын анықтап көрелік.

Бірінші және негізгі сабақ — жұмысшылардың тұрмысында және мемлекетті басқару ісінде аз-кем жақсартулар болуына *тек* бұқараның революциялық күресі ғана жеткізе алады. Білімді адамдардың жұмысшыларға ешқандай «тілектестігі» де, жеке-дара терроршылардың ешқандай ер жүрек күресі де патша самодержавиесін және капиталистердің құдіретті өктемдігін шайқалта алмады. Мұны істей алған тек жұмысшылардың өз күресі, миллиондардың біріккен күресі ғана болды, ал *мұндай* күрес әлсіреген кезде жұмысшылардың жеңіп алғандарын табанда қайтып алу басталды. Халықаралық жұмысшы өлеңіндегі жайтты орыс революциясы растап берді:

«Азаттық бізге ешкім бермес,
Құдай да, патша, батыр да.
Бостандық бізге өзі келмес —
Аламыз жеңіп ақыр да.»

Екінші сабақ — патша өкіметін шайқалту, тежеу әлі жеткіліксіз. Оны *жою* керек. Патша өкіметі жойылмай тұрғанда, патшаның берер жеңілдіктері әрқашан да баянды болмақ емес. Революция тегеуріні күшейген кезде патша жеңілдіктер берді де, ал бұл тегеурін әлсіреген кезде, әлгі жеңілдіктердің бәрін қайтып алды. Тек демократиялық республиканы жеңіп алу, патша өкіметін құлату, өкімет билігінің халық қолына көшуі ғана Россияны чиновниктердің зорлығы мен озбырлығынан, қаражүздік-октябристік Думадан және деревня-

дағы помещиктер мен помещик малайларының толық өктемдігінен құтқара алады. Егер қазір, революциядан кейін, шаруалар мен жұмысшылардың күйзеліске ұшырауы бұрынғыдан да ауыр болып отырса, онда мұның өзі революцияның әлсіз болғандығының, патша өкіметінің құлатылмай қалғандығының сазайын тартқандық. 1905 жыл, ал содан соң алғашқы екі Дума және олардың таратылғаны халыққа өте көп нәрсе үйретті, ең алдымен саяси талаптар жолындағы жалпы күреске үйретті. Саяси өмірге оянған халық бастапқыда самодержавиеден мынадай жеңілдіктерді: патшаның Дума шақыруын, патшаның бұрынғы министрлерді жаңа министрлермен ауыстыруын, патшаның жалпыға бірдей сайлау правосын «беруін» талап етті. Бірақ самодержавие мұндай жеңілдіктер жасауға бармады және бара да алмайтын еді. Жеңілдіктер беру жөніндегі тілектерге самодержавие найза кезенумен жауап берді. Самодержавиелік өкіметке қарсы *күрес* жүргізудің қажет екендігін халық міне сонда ұғына бастады. Қазір Столыпин және билеп-төстеушілердің қара ниетті Думасы осы ұғымды шаруалардың басына тоқпақтап сіңіріп жатыр деуге болады. Сіңіріп жатыр, сіңіреді де.

Революциядан патша самодержавиесі де сабақ алды. Ол шаруалардың патшаға деген сеніміне үміт артуға болмайтынын көрді. Ол енді қаражүздік помещиктермен және октябрист фабриканттармен одақтасу арқылы өз өкіметін нығайтуда. Патша самодержавиесін құлату үшін енді революциялық бұқаралық күрестің 1905 жылғыдан анағұрлым күшті тегеуріні керек.

Осындай анағұрлым күшті тегеуріннің болуы мүмкін бе? Бұл сұрақтың жауабы бізді революцияның *үшінші және ең басты* сабағына алып келеді. Бұл сабақтың мәні мынада: біз орыс халқының әр түрлі таптарының *қалай* қимыл жасайтынын көрдік. Жұрттың көбіне 1905 жылға дейін халықтың бәрі бірдей бостандыққа ұмтылып, бәрі бірдей бостандық тілейтін тәрізді болып көрінген еді; қалай дегенмен, орыс халқының әр түрлі таптары бостандық жолындағы күреске түрліше қарайтындығы және әрқилы бостандыққа жеткісі келетіні жайында жұрттың басым көпшілігінің ешқандай айқын

түсінігі болмаған еді. Революция тұманды сейілтті. 1905 жылдың аяғында, ал содан соң бірінші және екінші Дума кезінде де орыс қоғамының *барлық* таптары ашық бой көрсетті. Олар өздерін істе көрсетті, өздерінің шын талпыныстарының қандай екендігін, өздерінің не үшін күресе алатынын және өздерінің қаншалықты күшті, табанды, жігерлі түрде күресуге қабілетті екендігін көрсетті.

Фабрика-завод жұмысшылары, өнеркәсіп пролетариаты самодержавиеге қарсы ең батыл және ең табанды күрес жүргізді. Пролетариат революцияны тоғызыншы январьмен, бұқаралық стачкалармен бастады. Пролетариат 1905 жылдың декабрінде қарулы көтеріліске, атылып, соққыға жығылып, азап шегіп жатқан шаруаларды қорғауға аттанып, күресті аяғына дейін жеткізді. Ереуіл жасаған жұмысшылардың саны 1905 жылы *үш миллионға* жуық (ал темір жолшыларды, почта қызметшілерін және басқаларын қосқанда, мүмкін, төрт миллионға дейін), 1906 жылы — бір миллион, 1907— $^3/_4$ миллион болды. Стачкалық қозғалыстың мұндай күшін дүние жүзі әлі көрмеген еді. Орыс пролетариаты шын революциялық дағдарыстың толғағы жеткен кезде жұмысшылар бұқарасының бойында қандай сарқылмас мол күш барын көрсетті. 1905 жылғы дүние жүзіндегі ең ірі стачкалық толқын пролетариаттың барлық жауынгерлік күштерін толық сарқа пайдаланған жоқ. Мәселен, Москваның фабрикалық округінде 567 мың фабрика-завод жұмысшысы және 540 мың стачкашы болды, ал Петербургте — 300 мың фабрика-завод жұмысшысы және 1 миллион стачкашы болды. Демек, Москва ауданының жұмысшылары күресте Петербург жұмысшылары сияқты зор табандылық көрсете алған жоқ еді. Ал Лифляндия губерниясында (Рига қаласы) 50 мың жұмысшыға 250 мың стачкашы болды, яғни әр жұмысшы 1905 жылы орта есеппен бес реттен аса ереуілге шыққан. Қазір бүкіл Россияда фабрика, кен орны және темір жол жұмысшылары үш миллионнан кем емес және бұл сан жыл сайын өсіп отыр; қозғалыстың күші, 1905 жылы Ригадағыдай болған күнде, олар *15 миллион стачкашылар* армиясын шығара алар еді.

Мұндай тегеурінге ешқандай патша өкіметі шыдап тұра алмас еді. Бірақ мұндай тегеурінді социалистердің немесе алдыңғы қатарлы жұмысшылардың тілектері бойынша қолдан жасауға болмайтыны кімге болса да түсінікті. Мұндай тегеурін бүкіл елді дағдарыс, ашыну, революция қамтыған кезде ғана мүмкін болады. Мұндай тегеурінді даярлау үшін жұмысшылардың ең артта қалған топтарын күреске тарту керек, пролетариаттың неше алуан одақтары мен ұйымдарын құрып, нығайта отырып, талай жылдар бойы табанды, кең көлемді үздіксіз үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмысын жүргізу керек.

Күрестің күші жағынан Россияның жұмысшы табы орыс халқының қалған барлық таптарының алдында тұрды. Жұмысшылардың тіршілік жағдайының өзі оларды күреске қабілетті етеді және күреске ұмтылдырады. Капитал жұмысшыларды ірі қалаларға көптеп жинайды, оларды топтастырады, бірігіп қимыл жасауға үйретеді. Жұмысшылар қадам басқан сайын өзінің басты жауы — капиталистер табымен бетпе-бет соқтығысып қалып отырады. Сол жаумен күресе жүріп жұмысшы *социалист* болады, бүкіл қоғамды толық қайта құру қажет, қайыршылық атаулының бәрін, езгі атаулының бәрін толық жою қажет деген ұғымға келеді. Социалист бола отырып, жұмысшылар өздерінің жолында көлденең тұрғанның бәріне қарсы және ең алдымен патша өкіметі мен крепостник-помещиктерге қарсы асқан ерлікпен күреседі.

Революцияда шаруалар да помещиктерге қарсы және үкіметке қарсы күреске шықты, бірақ олардың күресі анағұрлым әлсіз болды. Революциялық күреске, стачкаларға фабрика жұмысшыларының көпшілігінің ($^3/_5$-іне дейіні) қатысқаны, ал шаруалардың, сөзсіз, азшылығы ғана қатысқаны, сірә, бестің бірінен немесе төрттің бірінен артпайтын бөлегінің қатысқаны есептеліп шығарылған. Шаруалар әлі де болса екінің бірінде патша-ағзамның қайырымдылығынан үміттеніп, табандылығы кем, бытыраңқылығы басым, саналылығы кем болып күресті. 1905—1906 жылдары шаруалар, бар болғаны, патша мен помещиктерді үрейлендіріп қана

қойды. Ал оларды үрейлендіріп қоймау керек, оларды *құрту* керек, *олардың* үкіметін — *патша* үкіметін — жермен жексен ету керек. Енді Столыпин мен помещиктік қара ниет Дума бай шаруалардан хуторлық жаңа помещиктерді, патша мен қаражүздіктің одақтастарын жасағылары келеді. Бірақ патша мен Дума шаруалар бұқарасын тонай беруге бай шаруаларға неғұрлым көп көмектескен сайын бұл бұқара соғұрлым саналырақ бола түседі, ол крепостной құлдардың патшаға деген сенімін, тепкі көрген әрі қараңғы адамдардың патшаға деген сенімін соғұрлым аз сақтайды. Деревняда село жұмысшылары жыл асқап сайын көбейе түсуде,— бірлесіп күресу үшін қала жұмысшыларымен одақтасқаннан басқа, олардың жан сақтарлық басқадай амалы жоқ. Деревняда күйзелген, тақыр-таза қайыршыланған, ашыққан шаруалар жыл асқан сайын көбейе түсуде,— қала пролетариаты аттанғанда, сол шаруалардың талай-талай миллионы патша мен помещиктерге қарсы неғұрлым батыл, неғұрлым ұйымдасқан күреске көтеріледі.

Революцияға сонымен қатар либерал буржуазия, яғни либерал помещиктер, фабриканттар, адвокаттар, профессорлар және т. б. қатысты. Бұлар «халық бостандығы» (к.-д., кадеттер) партиясын құрайды. Бұлар халыққа көп нәрсе жөнінде уәде берді, өз газеттерінде бостандық туралы көп шулады. Бірінші және екінші Думалардағы депутаттардың көпшілігі солардікі болды. Бұлар бостандыққа «бейбіт жолмен» жетеміз деп емексітті, бұлар жұмысшылар мен шаруалардың революциялық күресін жазғырды. Шаруалар және шаруа депутаттарының көпшілігі («трудовиктер») сол уәделерге сенді, пролетариаттың революциялық күресінен шеттеп, либералдардың соңынан еріп құрдай жорғалады. Революция кезінде шаруалардың (және көптеген қалалықтардың) аса зор қателіктері осы болды. Либералдар бір қолымен, оның өзінде де анда-санда, бостандық жолындағы күреске көмектесті, ал екінші қолын әрдайым патшаға созып отырды, оның өкіметін сақтап, нығайтуға, шаруаларды помещиктермен келістіруге,

«сотқар» жұмысшыларды «тыныштандыруға» оған уәде беріп отырды.

Революция патшаға қарсы үзілді-кесілді күреске дейін, 1905 жылдың декабрь көтерілісіне дейін жеткен кезде, либералдар түгелімен халық бостандығына оңбаған опасыздық жасап, күрестен жалтарып кетті. Патша самодержавиесі халық бостандығына либералдардың жасаған осындай сатқындығын пайдаланып, либералдарға көбірек сенген шаруалардың қараңғылығын пайдаланып, көтеріліс жасаушы жұмысшылардың талқанын шығарды. Ал пролетариат талқандалған соң, ешқандай Дума, кадеттердің ешқандай тәтті сөздері, олардың ешқандай уәделері патшаның бостандықтың барлық қалдықтарын жоюына, самодержавиені және крепостник-помещиктердің толық өктемдігін қалпына келтіруіне тоқтау бола алмады.

Либералдар алданған болып шықты. Шаруалар ауыр да болса пайдалы сабақ алды. Халықтың қалың бұқарасы либералдарға сеніп отырғанда, патша өкіметімен «бітісу» мүмкіндігіне сеніп отырғанда, жұмысшылардың революциялық күресінен шеттеп отырғанда, Русьте бостандық болмақшы емес. Қала пролетариатының қалың бұқарасы күреске көтерілген кезде, ауытқушы, сатқын либералдарды ысырып тастап, село жұмысшылары мен күйзелген шаруаларды өзінің соңынан ерткен кезде Россияда бостандықтың орнауын жер бетінде ешқандай күш тоқтата алмайды.

Ал Россия пролетариатының осындай күреске көтерілетініне, оның тағы да революцияның көш басында болатынына,— бұған Россияның бүкіл экономикалық жағдайы, революциялық жылдардың барлық тәжірибесі кепіл бола алады.

Бұдан бес жыл бұрын пролетариат патша самодержавиесіне алғашқы соққы берді. Орыс халқы үшін бостандықтың алғашқы шұғыласы жарқ етті. Қазір патша самодержавиесі тағы да қайта орнап отыр, крепостниктер тағы да дәуірлеп, билеп-төстеп отыр, барлық жерде жұмысшылар мен шаруаларға тағы да зорлық-зомбылық жасалып отыр, барлық жерде де өкіметтің азиаттық есерсоқтығы, халықты зұлымдықпен қорлау-

шылық етек алып отыр. Бірақ ауыр сабақтар зая кетпек емес. Орыс халқы енді 1905 жылға дейінгідей халық емес. Пролетариат оны күреске үйретті. Пролетариат оны жеңіске жеткізеді.

«Рабочая Газета» № 1,
30 октябрь (12 ноябрь), 1910 ж.

«Рабочая Газетаның»
тексті бойынша басылып
отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«КОНТРРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ

(«ВЕХИДІҢ» ТАБЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗЫ)

I. «Вехи» қандай философиямен жауығып отыр және кадет Карауловтың Думада сөйлеген сөздері.

II. «Вехи» құртып жіберген Белинский мен Чернышевский.

III. Либералдар «интеллигенттік» орыс революциясын және оның «әжептәуір ұзаққа созылған» француздық үлгісымағын не үшін жек көреді?

IV. «Вехи» және Россиядағы «солшылдар». Кадеттер мен октябристер. Орыс буржуазиясының «қасиетті ісі».

V. Россиядағы демократиялық революция өзінің либерал-буржуазиялық «одақтастарынан» айрылып не ұтты?

VI. «Вехи» және Милюковтың Петербургтегі сайлау алдындағы жиналыстарда сөйлеген сөздері. Милюков бұл жиналыстарда революциялық құпия газетті қалай сынады.

1909 ж. 13 (26) ноябрьден ертерек жазылған

1909 ж. ноябрьде реферат туралы хабарландыруда басылған

Хабарландырудың тексті бойынша басылып отыр

«КОПЕНГАГЕНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Халықаралық капитал, оның халықаралық ұйымы, жұмысшы қозғалысының халықаралық сипаты.

[*«Барлық* елдердің пролетарлары, бірігіңдер»]

2. Бірінші Интернационал
    1864—1872.

3. Екінші Интернационал
    1889 — Париждегі 1-конгресс
    1910 — Копенгагендегі 8-конгресс

[33 ұлт; 1000-ға таяу делегат].

4. Жұмысшы табын топтастырудағы және оның бағытын белгілеудегі халықаралық конгрестердің маңызы: Амстердам [150].

5. Копенгаген конгресі: чехтар мен австриялықтар [ұлтшылдық және интернационализм, буржуазиялық және пролетарлық саясат].

6. *Кооперативтер*

(Пролетарлық күрестегі құрал: көзқарас
(А) пролетарлық және буржуазиялық
(В) социализмді жүзеге асыру ісіндегі кооперативтердің маңызы: *экспроприация*

(С) социалистер кооперативтерде өздерін қалай ұстауы керек).

7. *Персиядағы революциялық* қозғалысты *қолдау — Финляндия* жорығына қарсы наразылық.

1910 ж. 13 (26) сентябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр.

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Июнь, 1909 — октябрь, 1910)

1909 ж.

О. А. ПЯТНИЦКИЙГЕ ХАТ

Хат 1909 жылы 20 июльден (2 августан) ертерек жазылған. 1909 жылы 20 июльде (2 августа) А. И. Любимовқа жазған хатында В. И. Ленин қоса жіберіліп отырған хатты О. А. Пятницкийге («Пятницаға») салып жіберуді сұраған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

«ШАҚЫРЫМПАЗ-УЛЬТИМАТИСТ ШТРЕЙКБРЕХЕРЛЕР»

Мақала 1909 жылы августың екінші жартысында, РСДРП Петербург комитетінің Атқару комиссиясы Мемлекеттік думаның қосымша сайлауына белсене қатысуға қарсы бағытталған ультиматистік қарар қабылдағаннан кейін жазылған.

«Петербург большевиктерімен әңгіме» деген мақаласында Ленин былай деп жазды: «Бұл қарарға С.-Петербургтегі большевиктердің не дегенін біз айтып өттік... Өзімізге келетін болсақ, біз дереу «Шақырымпаз-ультиматист штрейкбрехерлер» деген мақала жаздық,— штрейкбрехер болатын себебі, ультиматистер өздерінің позициясы арқылы социал-демократиялық сайлау науқанын көрінеу *кадеттерге сатып кетті,*— біз бұл мақалада мұндай қарардың социал-демократтар үшін бүкіл масқаралығын суреттедік және, егер сол қарарды қабылдаған Атқару комиссиясы Петербург социал-демократтарының козқарасын білдіруге үміттенетін болса, онда бұл Атқару комиссиясын «СПБ. комитетінің органы» деген атты «Пролетарийден» дереу *алып тастауға* шақырдық: біздің екіжүзділік жасағымыз келмейді,— делінген бұл мақалада,— біз *бұл сияқты...* большевиксымақтардың органы *болғанымыз жоқ және болмаймыз да.*

Атышулы қарардың *бұзылғандығы туралы* Петербургтен хат алған кезімізде бұл мақала теріліп, тіпті беттеліп те қойылған болатын (осы том, 124—125-беттер).

ПАРИЖДЕ, ЛЬЕЖДЕ, СТОКГОЛЬМДЕ ЖӘНЕ КОПЕНГАГЕНДЕ ОҚЫЛҒАН РЕФЕРАТТАР

В. И. Лениннің бірқатар рефераттары жөнінде деректер сақталған, оларға қатысты материалдар (жоспарлар, конспектілер, жарыс сөздердің жазбалары және т. т.) әзір табылған жоқ. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Лениннің Парижде 1909 жылы 19 сентябрьде (2 октябрьде) III Мемлекеттік думаның Петербургтегі қосымша (сентябрьдегі) сайлауы туралы реферат оқығанын дәлелдейтін документ бар. Лениннің Льежде 1909 жылы 15 және 16 (28 және 29) октябрьде оқыған «Партия ішіндегі істің жайы туралы» және «Контрреволюциялық буржуазияның идеологиясы» деген рефераттары туралы В. С. Довгалевскийдің 1909 жылғы 17 (30) октябрьдегі хатынан белгілі. Ленин 1909 жылы 13 (26) ноябрьде Парижде оқыған «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы («Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)» деген рефераттың жоспары сақталған (қараңыз: осы том, 469-бет). 1909 жылдың декабрінде охранка бөлімінің ерекше бөлімшесі 21 ноябрьде (4 декабрьде) Лениннің РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың кезекті жиналысында Халықаралық социалистік бюроның 11-сессиясы туралы баяндама жасағанын хабарлаған. Б. Мердің Г. В. Чичеринге (Орнатскийге) жазған хатында В. И. Ленин Стокгольмде болған кезінде (1910 жылы 12—25 сентябрьде (жаңаша)) РСДРП-ға жәрдемдесетін Стокгольмдегі топтың жиналысында Копенгаген конгресі туралы және партия ішіндегі жағдай туралы баяндамалар жасағандығы жөнінде айтылады; сондай-ақ Ленин көпшілік жиналысында да конгресс туралы баяндама жасаған (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). 13 (26) сентябрьде М. В. Кобецкийге жолдаған хатынан В. И. Лениннің Копенгагенде де конгресс туралы реферат оқығаны көрінеді. Осы рефераттың жоспары сақталған (қараңыз: осы том, 470—471-беттер).

«БІЗДІҢ ПАРТИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ»

Мақала 1909 жылы 21 октябрьден (3 ноябрьден) ертерек жазылған. Ол 1909 жылы 21—22 октябрьде (3—4 ноябрьде) «Социал-Демократ» редакциясының мәжілісінде талқыланды. А. Варский Поляк социал-демократиясы бас басқармасына жолдаған хатында осы туралы айтқан болатын. «Біз Орталық Органның редакциясында Лениннің партиялық істер туралы мақаласы жөнінде пікір таластырдық. Партия бірігіп нығаюға екі жолмен жақындап келеді деп сендіретін мақала тым жұмсақ сарында жазылған; ол жолдар: 1) Большевиктер жойымпаздарға қарсы күресе отырып, шақырымпаздарды кейін сер-

піп тастады және т. т., маркстік сипатын сақтап қалды; 2) Меньшевиктерде де тап осындай болып отыр. Плеханов партияға қарай бет бұрыс жасады, фракцияны сақтай отырып, оны марксизм, партиялылық негізінде жақындастырғысы келеді, сөйтіп осы мақсатпен жойымпаздыққа қарсы күрес жариялап отыр».

В. И. Ленин өзінің мақаласын редакциялық мақала ретінде жариялағысы келді. Редакция оған мақаладан фракцияны сақтау қажеттігі туралы айтылған жерін алып тастап, оны айтыс мақала ретінде басуды ұсынды. Талқылаудың барысында партияны нығайту жөніндегі мәселеде редакция мүшелерінің пікірі бір жерден шықпай отырғаны анықталғаннан кейін Ленин өзінің мақаласы ««ballon d'essai ретінде» (байқап көру шары ретінде.— *Ред.)* өз міндетін атқарып болды, осыдан кейін мақала енді керек болмай қалды, сондықтан оны қайтарып аламын» деп мәлімдеді («Вопросы истории КПСС», 1960, № 5, 174-бет; сондай-ақ мына журналды қараңыз: «Пролетарская Революция», 1935, № 5, 23-бет).

ТУҒАН-ТУЫСҚАНДАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

В. И. Лениннің апасы А. И. Ульянова-Елизарова мен қарындасы М. И. Ульяноваға, анасы М. А. Ульяноваға жазған, осы уақытқа дейін табылмаған хаттары туралы оның 1909 жылғы 22 октябрьде (4 ноябрьде) М. А. Ульяноваға, 1910 жылғы 5 (18) июньде және 15 (28) июльде М. И. Ульяноваға жазған хаттарынан белгілі (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 381, 403, 404-беттер).

БЕЛГІСІЗ БІРЕУГЕ ХАТ

1909 жылы ноябрьдің бас кезінде жазылуы ықтимал осы хат туралы В. И. Лениннің 1909 жылғы 24—25 ноябрьде (7—8 декабрьде) М. А. Ульяноваға жазған хатында айтылады: «Бүгін Маняшадан (М. И. Ульянова. — *Ред.)* тағы бір хат —таныс адамға менің екінші рет хат жазуымның керегі жоқ деген жақсылық хабар бар хат алдым» (Шығармалар, 37-том, 384-бет).

«ҚАЗІРГІ ИДЕЯЛЫҚ АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫ

Мақала 1909 жылы 28 ноябрьден (11 декабрьден) ертерек жазылған. Кіріспесіне қарағанда, В. И. Ленин мұнда Россияның буржуазиялық дамуының ықтимал жолдары жөнінде «қате көзқарастардың қайдан шығып отырғанын» анықтағысы келді, бұл мәселе жөніндегі меньшевиктердің позициясын,

сондай-ақ «Троцкийдің полякша мақаласын» талдамақ болды. «Пролетарийдің» 50-номерінде Ленин мақаласының бірінші бөлегі ғана жарияланды (қараңыз: осы том, 143—151-беттер).

«РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ МЕН АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫ

Мақала 1909 жылы ноябрьдің аяғында жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың қолжазбасы сақтаулы, оның соңғы беттері жоқ (қараңыз: осы том, 166—168-беттер).

ПАРИЖДЕ КАПРИ МЕКТЕБІНІҢ БҰРЫНҒЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ОҚЫЛҒАН ЛЕКЦИЯЛАР

Н. К. Крупскаяның Н. Е. Вилоновқа жазған хаттарында, Капридегі мектептің тыңдаушысы В. М. Косаревтің естеліктерінде және охранканың құпия агенттерінің полиция департаментіне жолдаған хабарламаларында В. И. Лениннің ноябрьдің аяғында Капри мектебінен шығарылған 5 тыңдаушыға «Қазіргі кезең және біздің міндеттеріміз», «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген тақырыптарда лекция оқығандығы туралы деректер бар. 1909 жылы декабрьдің екінші жартысында В. И. Ленин Парижге келген Капри мектебі тыңдаушыларының екінші тобына лекция оқыды («Қазіргі кезең туралы» және «Столыпиннің аграрлық саясаты»).

ФЕДОР ОДЕССКИЙГЕ ХАТ

Хат 1909 жылы 19 немесе 20 декабрьде (1910 жылы 1 немесе 2 январьда) жазылған. Ленин ол жайында 1909 жылы 20 декабрьде (1910 жылы 2 январьда) М. И. Ульяноваға жазған хатында былай деп хабарлайды: «Бірге жіберіп отырған хатымды оқып шықсаң екен, сөйт те Федор Одесскийге бер — ол басқа адресін берген жоқ, маған не керегін білу үшін хатты оқыған жөн» (Шығармалар, 37-том, 387-бет). Федор Одесскийдің бүркеншік аты анықталған жоқ.

1909 — 1910 жж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА ХАТТАР

В. И. Лениннің 1909—1910 жылдар ішінде Халықаралық социалистік бюроға жазған, әлі табылмаған хаттары туралы деректер Халықаралық социалистік бюроға келіп түскен және

оның жіберген хат-хабарлары тіркелетін кітаптарының жекелеген беттерінің КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксзим-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақталған фотокошірмелерінде бар; олардың түпнұсқалары Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстың архивінде сақтаулы. Осы кітаптардың жазбаларында Ленин хаттарының алынған уақыты мен олардың қысқаша мазмұны көрсетілген; жазбалар 1909—1910 жылдарда Лениннің Халықаралық социалистік бюромен жиі хат-хабар алысып тұрғанын көрсетеді. В. И. Ленин озінің хаттарында РСДРП программасы мен уставын аударуға әзірліктің, РСДРП-ның уставына тарихи шолудың және Копенгаген конгресіне есебінің барысы туралы хабарлады, сондай-ақ бірқатар басқа да мәселелерге тоқталды.

1910 ж.

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЯНВАРЬ (1910) ПЛЕНУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСТЕРІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

Ленин озінің пленумда сойлеген сөздері туралы «Публицистің заметкалары» деген мақаласында бірнеше рет айтады (қараңыз: осы том, 257—330-беттер).

«ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақалада РСДРП Орталық Комитетінің январь (1910) пленумында партия ішіндегі істің жайы туралы қарарды талқылаудың барысы жөнінде айта келіп, былай деп жазды: «Бұл қарардың жобасын Орталық Комитетке мен ұсынған болатынмын...» (осы том, 280-бет).

РСДРП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЯНВАРЬ (1910) ПЛЕНУМЫНДА ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ БІРІНШІ ПАРАГРАФЫН ТАЛҚЫЛАҒАНДА ҰСЫНЫЛҒАН ЖАЗБАША МӘЛІМДЕМЕЛЕР

Өзінің мәлімдемелері туралы Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақалада былай деп жазады: «Мейлінше күңгірт пунктке жойымпаздық мағынада түсінік берудің мұндай қауіптілігіне жұрттың назарын айрықша аудару үшін мен пленумның сол мәжілісінде шешендердің сойлеген сөздерінің бір-

сыпыра жерлерін баса көрсетіп, бірсыпыра жазбаша мәлімдемелер жасадым» (осы том, 295-бет). Бұл мақалада Ленин осындай екі мәлімдемені ғана келтіреді.

И. И. СКВОРЦОВ-СТЕПАНОВҚА («ТАРИХШЫҒА») ХАТ

Хат 1910 жылы 18 (31) январьдан кешірек — 28 марттан (10 апрельден) ертерек жазылған. Ленин бұл туралы 28 мартта (10 апрельде) М. А. Ульяноваға жазған хатында былай дейді: «Тарихшыға хат жазғаны үшін көп рахмет; оған жауап қайтарылды да» (Шығармалар, 37-том, 398-бет).

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ОРЫС КОЛЛЕГИЯСЫНА КІРУДЕН БАС ТАРТҚАН ҮШ ЖОЙЫМПАЗ-МЕНЬШЕВИКТІ ПАРТИЯДАН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ҚАРАР

РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың 1910 жылы 27 мартта (9 апрельде) өткен жабық мәжілісінде осы қарардың қабылданғаны туралы охранканың құпия агентінің полиция департаментіне жолдаған хабарламасында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ШЕТЕЛДІК БЮРОСЫНА ХАТ

1910 жылдың 19 июлінде (1 августа) жазылған бұл хат жайында В. И. Лениннің Д. М. Котляренкоға жазған хатынан белгілі: «Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына арналған хатты бірге жіберіп отырмын. *Тезірек* беруіңізді сұраймын» (Лениннің XIII жинағы, 179-бет). 20 июльде (2 августа) Ленин А. И. Любимовқа былай деп хабарлады: «Копенгаген конгресі жөнінде кеше Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына хат жібердім, Бундтың Орталық Комитеті мен латыштарға хабарлауды өтіндім» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

М. В. КОБЕЦКИЙГЕ ХАТ

Хат 1910 жылдың 13 (26) августынан ертерек жазылған. Бұл туралы В. И. Ленин М. В. Кобецкийге 13 (26) августан ертерек жазған басқа бір хатында айтады: «Сізге осында да және Kronborggasse-ге де жазып отырмын» (Лениннің XXV жинағы, 299-бет).

И. П. ГОЛЬДЕНБЕРГКЕ (ВИШНЕВСКИЙГЕ) ХАТ

Хат 1910 жылдың 27 августынан (8 сентябрінен) ертерек жазылған. Ол туралы Вишневскийге 27 августа (9 сентябрьде) А. И. Любимов жазған болуы ықтимал хатта былай делінген: «Кеше Ильич маған Сіздің хатты және Сізге жазған өзінің хатын жіберді, соны бірге жіберіп отырмын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

И. П. ПОКРОВСКИЙГЕ ХАТ

1910 жылы сентябрьдің басында жазылған осы хат туралы В. И. Ленин 22 сентябрьде (5 октябрьде) И. П. Покровскийге жолдаған хатында былай дейді: «Осыдан екі апта бұрын Сізге жазған болатынмын, бір ауыз да жауап жоқ» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Р. ЛЮКСЕМБУРГКЕ ХАТ

Хат 1910 жылғы сентябрьдің бірінші жартысында жазылған. Ол туралы В. И. Ленин 1910 жылғы 24 сентябрьде (7 октябрьде) Ю. Мархлевскийге жазған хатында былай дейді: «Мен Роза Люксембургке бұдан 2 аптадай бұрын Стокгольмнен хат жазып жібергенмін» (Шығармалар, 34-том, 434-бет).

«ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІКТІҢ КАПИТАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ БӨЛІМДЕРІ

Мақала 1910 жылғы 11 (24) сентябрьден кешірек жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың қолжазбасы сақтаулы, онда: «Капитализм тұсындағы шаруа шаруашылықтары» деген III тараудың соңы, «Егіншіліктегі әйелдер мен балалар еңбегі» деген IV тараудың басы мен соңы, «Ұсақ өндірісте еңбектің ысырап болуы», «Қазіргі егіншілікте машиналарды қолданудың капиталистік сипаты» деген V және VI тараулар жоқ. Тараулардың аттарын В. И. Ленин жеке параққа жазған, ол КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы (қараңыз: Лениннің XIX жинағы, 359-бет).

К. КАУТСКИЙГЕ ХАТ

1910 жылы 17 (30) сентябрьде К. Радекке жазған хатында Ленин былай деп хабарлайды: «Менің Мартов пен Троцкийге

«Neue Zeit»-те жауап бергім келеді. Каутскийге жаздым да және одан басатын-баспайтынын, қандай көлемде басатынын сұрадым (Шығармалар, 36-том, 151-бет).

Л. ТРОЦКИЙГЕ ҚАРСЫ МАҚАЛА

В. И. Ленин 1910 жылы 24 сентябрьде (7 октябрьде) Ю. Мархлевскийге жазған хатында тура былай деп көрсетеді: «Троцкийге қарсы мақаламен айналысамын. Сіз Каутскийді көріп тұрады екенсіз, оған былай дегейсіз: ол дегенмен Троцкийге жауап беру міндетін *менің мойнымда* деп есептесін (Шығармалар, 34-том, 433-бет). Біраз уақыт өткен соң В. И. Ленин Каутскийге неміс тілінде былай деп жазды: «Сіз сырқаттанып жатқан кезде маған хат жазғаны үшін Сіздің қадірменді зайыбыңызға өте ризамын. Мен оған хат жазбақ болып едім, бірақ Троцкийдің мақаласы жөніндегі пікірімді хат арқылы баяндағаннан гөрі өзімнің мақаламды жіберген дұрыс болар деп ойладым. Мен бұл мақаланы Сізге ғана емес, сонымен бірге жазған хатына жауап ретінде Сіздің зайыбыңызға да жіберіп отырмын» (бұл хаттың соңғы бетінің фотокөшірмесі мына газетте жарияланды: «Der Abend». Spätausgabe des «Vorwärts». Beilage. Berlin, 1928, 12. December, S. 1).

Н. Г. ПОЛЕТАЕВҚА ХАТ

Хат 1910 жылы 27 октябрьде (9 ноябрьде) жазылған. В. И. Ленин бұл хат туралы «Социал-Демократ» редакциясының атынан 28 октябрьде (10 ноябрьде) Н. Г. Полетаевқа жазған хатқа қосымшада былай дейді: «Кеше Сізге... жаздым» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Хатта Ленин, сірә, Думадағы социал-демократиялық фракцияның газетін шығаруға байланысты мәселелерді соз етсе керек.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

46-номерге қосымша — 3 (16) июль, 1909 ж.
№ 46 — 11 (24) июль, 1909 ж.
№ 47—48 — 5 (18) сентябрь, 1909 ж.
47—48-номерге қосымша — 11 (24) сентябрь, 1909 ж.
№ 49 — 3 (16) октябрь, 1909 ж.
50-номерден жеке оттиск — октябрьдің аяғы, 1909 ж.
50-номерден 2-оттиск — ноябрь, 1909 ж.
50-номерге қосымша — ноябрь, 1909 ж.
№ 50 — 28 ноябрь (11 декабрь), 1909 ж.

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 7—8 — 8 (21) август, 1909 ж.
№ 9 — 31 октябрь (13 ноябрь), 1909 ж.
№ 10 — 24 декабрь, 1909 ж. (6 январь, 1910 ж.)
№ 11 — 13 (26) февраль, 1910 ж.
№ 12 — 23 март (5 апрель), 1910 ж.
№ 13 — 26 апрель (9 май), 1910 ж.
№ 14—22 июнь (5 июль), 1910 ж.
№ 15—16 — 17 (30) сентябрь, 1910 ж.
№ 17—25 сентябрь (8 октябрь), 1910 ж.

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТА»

№ 1 — 30 октябрь (12 ноябрь), 1910 ж.

«ПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ БАСҚА САЛАЛАРЫМЕН ҚАТАР ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ БІРІНШІ БӨЛІМІНІҢ БАСТАПҚЫ ЖОБАСЫ

«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің 1909 жылы 13 (26) июньде өткен сегізінші (таңертеңгі) мәжілісінде В. И. Ленин осы қарарды әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қарардың осы бөлімі жобасының В. И. Ленин түзету енгізген қолжазбасы сақтаулы.

«ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН БОЛЬШЕВИКТІК ОРТАЛЫҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қарардың В. И. Ленин түзету енгізген қолжазбасы сақтаулы.

ИОНОВ. «ПАРТИЯЛЫҚ БІРЛІККЕ ЖЕТУ МҮМКІН БЕ?»

Ленин Ф. М. Койгеннің (Ионовтың) мақаласын 1909 жылы декабрьдің аяғында — 1910 жылдың 6 январынан ертерек редакциялаған. Лениннің XXV жинағында (52—53-беттер) Ионовтың мақаласына В. И. Лениннің ескертпелері жарияланған. 1910 жылы 6 (19) мартта «Дискуссионный Листоктың» 1-номерінде жарияланған мақаланың текстін Лениннің ескертпелерімен салыстырғанда автордың Лениннің барлық ұсыныстарын ескергендігі көрінеді.

Р. ЛЮКСЕМБУРГТІҢ «АВГУСТ БЕБЕЛЬ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫ

Аударманы Н. К. Крупская жасады; Ленин оны 1910 жылдың 13 (26) февралынан ертерек редакциялаған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аударманың В. И. Ленин түзету енгізген қолжазбасы сақтаулы.

ТРИАНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

В. И. Ленин В. Мгеладзенің (Трианың) баяндамасын 1910 жылдың 23 июлінен (5 августынан) ертерек редакциялады, ол баяндама Копенгаген конгресіне РСДРП-ның есебіне қоса жіберілуге тиіс болатын. Бұл туралы дерек Д. М. Котляренконың атына жолданған хатта бар; хат КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

I. KARSKI. «EIN MISSVERSTÄNDNIS»

1910 жылғы 24 сентябрьде (7 октябрьде) Ю. Мархлевскийге (Карскийге) жазған хатында В. И. Ленин оның мақаласына бірқатар толықтырулар енгізуді ұсынды (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 433—438-беттер). Лениннің ұсыныстарын Мархлевский мақаланы жариялаған кезде ескерді (мақала 1910 жылы 28 октябрьде «Die Neue Zeit» журналының 4-номерінде жарияланды).

Н. АЛЕКСАНДРОВ. «III МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ»

Н. А. Семашконың (Н. Александровтың) кітапшасын РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократ» басып шығарды. Орталық Органның редакторы ретінде В. И. Ленин оның барлық басылымдарын редакциялауға қатысып отырды.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі* В. И. Лениннің инициативасы бойынша шақырылды. Кеңес 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде өтті; оған РСДРП V (Лондон) съезінің большевик делегаттары сайлаған большевиктік фракцияның жоғары мекемесі — Большевиктік орталықтың 9 мүшесі, сондай-ақ Петербург, Москва облыстық және Урал ұйымдарының өкілдері қатысты. Кеңес В. И. Лениннің басшылығымен өтті; күн тәртібіндегі барлық негізгі мәселелер бойынша оның сөйлеген сөздері Кеңестің бүкіл жұмысының сипатын белгіледі. Кеңесте А. Богданов (Максимов) пен В. Л. Шанцер (Марат) шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың өкілі болды, оларды Москва облыстық ұйымының өкілі В. М. Шулятиков (Донат) қолдады. Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев, А. И. Рыков және М. П. Томский бірқатар мәселелер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады.

Кеңес мына мәселелерді талқылады: шақырымпаздық пен ультиматизм туралы; социал-демократиялық ортадағы құдай жасампаздық тенденциялар туралы; партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы; большевиктердің партия ішіндегі міндеттері; Капри аралында құрылып жатқан партия мектебі туралы; фракцияның бірлігі туралы; партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы; А. Богдановтың бөлініп шығуы туралы және басқа да мәселелер. Бұл мәселелердің бәрі Кеңестің қарсаңында шақырымпаз-ультиматистік оппозиция өкілдері қатыстырылмаған большевиктердің жеке жиналысында алдын ала қаралды, онда В. И. Ленин партиядағы және большевиктік фракциядағы істің жайы жөнінде жан-жақты хабарлама жасады. Ленин ұсынған қағидалар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі қабылдаған шешімдердің негізіне алынды.

Кеңес шақырымпаздықты-ультиматизмді жұмысшы қозғалысы ішіндегі зиянды және қауіпті ағым ретінде үзілді-кесілді айыптады. Кеңес осы мәселе жөніндегі қарарда: шақырымпаздық пен ультиматизм теориясы пролетарлық идеологияны ұсақ буржуазиялық анархистік-синдикалистік тенденциялармен ауыстыратынын атап көрсетіп, «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым ретінде большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ортақ ештеңесі жоқ» деп мәлімдеді және барлық большевіктерді «революциялық марксизмнің жолынан бұл сияқты ауытқушылықтарға қарсы нағыз батыл күрес жүргізуге» (осы том, 37-бет) шақырды.

Партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы және большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселелерді талқылағанда шақырымпаздар мен ультиматистердің «топастанған фракцияшылдығы», РСДРП-ны сақтауда және нығайтуда большевиктердің алдында тұрған міндеттерді олардың түсінбеуі қатты айыпталды. Кеңес большевиктердің міндеті «басқа фракциялардың маркстік және партиялық элементтерімен жақындаса түсу болып табылады, мұны РСДЖ Партиясын сақтау және оны нығайту үшін күрестегі мақсаттардың ортақтығы талап етіп отыр» (40-бет) деп атап көрсетті.

Кеңес Капридегі мектеп туралы мәселе қарап, былай деп тапты: шақырымпаздар мен ультиматистер осы мектепті бетке ұстап, Каприде өздерінің фракциялық орталығын ұйымдастырып жатыр, соның өзінде олар «партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше, топтық идеялық-саяси мақсаттарын» (42-бет) көздеп отыр. Кеңес бұл мектепті «большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы» (42-бет) ретінде айыптап, шақырымпаз-ультиматистердің жікшілдік саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

Сонымен қатар Кеңес шақырымпаз-ультиматистердің әсіресе құдай жасампаздықты уағыздауда айқын білінген философиялық көзқарастарын қатты айыптады. Құдай жасампаздық туралы мәселе бойынша қабылданған қарарда былай деп атап көрсетілді: большевизмнің құдай жасампаздықпен ортақ ештеңесі жоқ, большевиктер құдай жасампаздықты марксизм негіздерінен қол үзуші ағым деп қарайды.

Богданов Кеңестің шешімдеріне бағынбайтынын, оларды жүзеге асырмайтынын мәлімдегеннен кейін, ол шақырымпаздардың, ультиматистер мен құдай жасампаздардың лидері, дем берушісі ретінде, большевиктік фракцияның бірлігіне қол сұғып, марксизмді ревизиялау жолына, оны идеалистік, реакциялық философиямен ауыстыру жолына түскендігі үшін большевиктік фракциядан шығарылды. «Партиялық

жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы» Кеңес қабылдаған қарарда парламенттік трибунаны революциялық жолмен пайдаланудың оппортунистік жолмен пайдаланудан түбегейлі айырмашылығы жөніндегі қағида атап көрсетілді, Думадағы фракцияның жұмысы жөнінде нақты нұсқаулар берілді.

Кеңес шешімдерінің жалпы партиялық зор маңызы болды. Бұл шешімдер, деп атап көрсетті Ленин, реакция жылдарында партия талдап жасаған саяси бағытты мейлінше сындарлы және тыңғылықты жүйеге келтірді. Кеңесте нағыз көкейтесті мәселелер төңірегінде өріс алған идеялық күрес партия кадрларын саяси жағынан тәрбиелеуде үлкен роль атқарды, нағыз партиялық элементтерді большевиктердің маңына бұрынғыдан да мықтап топтастыруға көмектесті. Кеңес шешімдерін Россияның жергілікті партия ұйымдары мақұлдап, өздерінің қызметіне директива ретінде қабылдады.

В. И. Ленин Шығармаларында Кеңестің алғашқы рет жарияланып отырған 14 документі — В. И. Лениннің баяндамалары мен сөйлеген сөздері, сондай-ақ Кеңесте талқыланған мәселелер жөніндегі қарар жобаларына енгізген ұсыныстары мен толықтырулары осы томға кірді.

«Пролетарий»— большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциясымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский, И. Ф. Дубровинский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару жағдайының өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдің» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

«Пролетарийдің» 1—2-номерлері — РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің, 3—4-номерлері — РСДРП Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің, 5—11-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің, 12—20-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь, Курск және Қазан комитеттерінің, 21-номерінен бастап (редакция шетелге көшірілгеннен кейін) ақырына дейін қайтадан — РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шықты.

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» газетінің редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнешеден мақалалары басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпиндік реакция жылдарында «Пролетарий» газеті большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаз-ультиматистерге және құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды.

1910 жылы РСДРП Орталық Комитеті январь пленумының шешімдеріне сәйкес газетті шығару тоқтатылды.—*1.*

2 *«Шетелде NN-де құрылып жатқан партия мектебі»* — 1909 жылы Капри аралында (Италия) шақырымпаздар, ультиматистер мен құдай жасампаздар ұйымдастырған мектеп.

РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясынан кейін шақырымпаз-ультиматистер мен құдай жасампаздар «жұмысшыларға арналған партия мектебі» дегенді бетке ұстап, өздерінің фракциялық орталығын құруға кірісті. 1909 жылдың көктемінде шақырымпаз-ультиматистер мен құдай жасампаздардың лидерлері А. Богданов, Г. А. Алексинский және А. В. Луначарский «мектепті» құру жөнінде инициативтік топ ұйымдастырды; олар «жұмысшылардың өз ортасынан социал-демократиялық қозғалыстың практикалық және идеялық басшыларын» даярлау қажеттігі жөніндегі конференцияның нұсқауын бетке ұстап, өз тобына М. Горькийді және көрнекті жұмысшы-революционер—Н. Е. Вилоновты тартты. «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі шақырымпаздар ұйымдастырып жатқан мектептің фракциялық антибольшевиктік сипатын әшкереледі, оны ұйымдастырушылардың «партияның ішіндегі идеялық ағым ретіндегі большевиктік фракцияның мақсаттарын көздеп отырған жоқ, қайта өздерінің ерекше, топтық идеялық-саяси мақсаттарын» көздеп отырғанын ашып көрсетті. Капридегі мектеп «большевиктерден бөлініп жатқан фракцияның жаңа орталығы» (осы том, 42-бет) ретінде батыл айыпталды.

Бұған қарамай жұмысшылардың сол жылдарда партиялық білімге деген құштарлығын желеу еткен богдановшылдар партиялық орталықтарды аттап өтіп, Россиядағы кейбір

жергілікті социал-демократиялық ұйымдармен байланыс жасады, сөйтіп шақырымпаздардың, атап айтқанда олардың москвалық лидері А. В. Соколовтың (С. Вольскийдің) көмегімен сол ұйымдардан мектепке 13 тыңдаушы жіберткізді.

Мектеп 1909 жылғы августан жұмыс істей бастады; онда А. Богданов, Г. Алексинский, А. Луначарский, М. Горький, М. Н. Лядов, М. Н. Покровский және В. А. Десницкий лекция оқыды. В. И. Ленин мектепті ұйымдастырушылардың оны лектор ретінде Каприге шақырған формальды ұсынысын қабылдамады. Мектеп тыңдаушылары өздеріне бірқатар лекциялар оқып беру жөнінде Ленинге талап қойды, ол бұған жауап хатында онда лекция оқи алмайтынын, өйткені бұл «эмиграиттық түкпірге» *«партиядан әдейі жасырылған* мектептің» фракциялық сипаты бар екенін түсіндірді. Ленин мектеп оқушыларына шақырымпаздар мен құдай жасампаздардың *«ерекше* фракциялық *«ғылымын»»* емес, «шын социал-демократизмге үйрену» үшін Парижге келулеріне тілек білдірді (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 481—488-беттер).

1909 жылғы ноябрьде мектепте жік туды: мектеп Советінің мүшесі Н. Е. Вилонов бастаған бірнеше тыңдаушы богдановшылдардан үзілді-кесілді бөлініп, лекторлардың антипартиялық әрекеттеріне қарсы наразылықтарын «Пролетарий» газетінің редакциясына жолдады. Осы үшін мектептен шығарылған олар Лениннің шақыруымен ноябрьдің аяқ кезінде Парижге келіп, бірқатар лекциялар, оның ішінде Лениннің «Қазіргі кезең және біздің міндеттеріміз», «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген лекцияларын тыңдады.

1909 жылы декабрьде мектеп лекторлары Каприде қалған тыңдаушылармен қосылып, антибольшевиктік «Вперед» тобын құрды.

В. И. Ленин «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» және «Масқара сәтсіздік» деген мақалаларында (қараңыз: осы том, 77—115 және 140—142-беттер) мектептің толық тарихын айтып, оған сипаттама береді.—*9.*

3 *Құдай жасампаздық* — марксизмге жат діни-философиялық ағым, бұл —1905—1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін марксизмнен шеттеп кеткен бір топ партиялық интеллигенттердің арасында столыпиндік реакция кезеңінде туды. Құдай жасампаздар (А. В. Луначарский, В. Базаров және басқалар) жаңа, «социалистік» дін құруды уағыздады, марксизмді дінмен ымыраластыруға тырысты. Бұларға бір кезде М. Горький де қосылды.

«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі құдай жасампаздықты айыптады және ерекше қарарда большевиктік фракцияның «ғылыми социализмді бұл тәрізді бұр-

малаушылықпен» ортақ ештемесі жоқ деп мәлімдеді, Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 18-том) және 1908 жылғы февраль — апрельде және 1913 жылғы ноябрь— декабрьде Горькийге жазған хаттарында құдай жасампаздықтың реакциялық мәнін ашып көрсетті. — *9.*

4 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен біржола қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бет бұрыс байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.—*9.*

5 Әңгіме реакция жылдарында жойымпаздарға қарсы шыққан Г. В. Плеханов бастаған *партияшыл-меньшевиктер* жайында болып отыр. 1908 жылы декабрьде Плеханов жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газеті редакциясынан шығып, жойымпаздарға қарсы күресу үшін 1909 жылы «Дневник Социал-Демократаны» қайта шығара бастады. Плехановшылдар меньшевизм позициясында қала тұрып, сонымен бірге құпия партия ұйымын сақтауды, нығайтуды қолдады және осы мақсатты көздеп, большевиктермен блок жасасуға барды. 1909 жылы Парижде, Женевада, Сан-Ремода, Ниццада және басқа да қалаларда партияшыл-меньшевиктердің топтары құрылды. Петербургте, Москвада, Екатеринославта, Харьковте, Киевте, Бакуде көптеген жұмысшы-меньшевиктер жойымпаздарға қарсы шықты, құпия РСДРП-ны жаңғыртуды жақтады.

Ленин большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындасуға шақыра отырып, булармен келісімге келу партия үшін, жойымпаздарға қарсы күрес негізінде «ешқандай идеялық ымыраға бармай-ақ, партия бағыты *шеңберіндегі* тактикалық және басқа алауыздықтарды ешқандай көмескілеместен» (осы том, 159-бет) мүмкін болады деп көрсетті. Партияшыл-меньшевиктер большевиктермен бірге жергілікті партия комитеттеріне қатысты, большевиктік басылымдарға: «Рабочая Газетаға», «Звездаға», партияның Орталық Органы — «Социал-Демократқа» жазып тұрды. Плехановшылдармен жақындасудың лениндік тактикасы жария жұмысшы ұйымдарында большевиктердің ықпалын кеңейтуге және олардан жойымпаздарды ығыстырып шығаруға көмектесті, ал Россияда жұмысшы-меньшевиктердің көпшілігі плехановшылдардың соңынан еретін еді.

1911 жылдың аяғында Плеханов большевиктермен блокты бұзды. Ол РСДРП-дағы «фракцияшылдыққа» және жікке бөлінуге қарсы күресті желеу етіп, большевиктерді оппортунистермен ымыраластыруға тырысты. 1912 жылы плехановшылдар троцкистермен, бундшылдармен және жойымпаздармен бірге РСДРП Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты.—*10.*

6 *«Голос Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үні»)—газет, меньшевиктердің шетелдік органы; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін әуелі Женевада, кейіннен Парижде шығып тұрды. Оған редактор болғандар: П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және Г. В. Плеханов. «Голос Социал-Демократа» бірінші номерінен бастап-ақ жойымпаздардың антипартиялық әрекетін ақтап, оларды қорғауға кірісті. Плеханов газеттің жойымпаздық позицияда болуын кінәлап, редакциядан шығып кеткен соң, «Голос Социал-Демократа» біржолата жойымпаздардың идеялық орталығы болып алды.—*10.*

[7] Москва комитетіне енгізген Станиславтың («Ер», С. Вольский — А. В. Соколов) қарары «Пролетарий» редакциясына сенімсіздік білдірді және большевиктердің жаңа идеялық орталығын сайлау үшін большевиктердің конференциясын шақыруды талап етті. РСДРП Москва комитеті «оның өзінен басқалардың бәрі қарсы дауыс беріп» (осы том, 106-бет) Станиславтың қарарын қабылдамай тастады. Қарардың тексті табылмады.—*14*.

[8] *РСДРП үшінші* («Жалпы россиялық екінші») *конференциясы* 1907 жылы 21—23 июльде (3—5 августа) Котка қаласында (Финляндия) өтті. Конференцияға 26 делегат, оның ішінде 9 большевик, 5 меньшевик, 5 поляк социал-демократы, 5 бундшыл және 2 латыш социал-демократы қатысты. Делегаттардың ішінде В. И. Ленин, Ф. Э. Дзержинский, А. В. Луначарский, Роза Люксембург және басқалар болды. Делегаттардан басқа конференцияға V (Лондон) съезд сайлаған партияның Орталық Комитетінің мүшелері мен мүшелікке кандидаттары қатысты. Үшінші июньдегі контрреволюциялық төңкеріске және III Дума сайлауына байланысты саяси жағдайдың өзгеруі шұғыл конференция (партияның V съезінен кейін екі айдан соң) шақыруды қажет етті. Конференцияның күн тәртібіне: III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы, басқа партиялармен сайлау келісімін жасасу туралы, сайлау платформасы туралы және Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезі туралы мәселелер қойылды.

Бірінші мәселе жөнінен конференция үш баяндама: большевиктерден Лениннің (бойкотқа қарсы) және А. Богдановтың (бойкотты жақтаған) және меньшевиктер мен Бундтан — Ф. Данның баяндамаларын тыңдады. Конференция көпшілік дауыспен партияны сайлау науқанына қатысуға және оңшыл партияларға да, кадеттерге де қарсы күресуге шақырған қарардың лениндік жобасын негізге алды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 245—247-беттер). Бойкотшы-большевиктер өз қарарлары қабылданылмай тасталғаннан кейін лениндік қарарды жақтап дауыс берді.

Басқа партиялармен сайлау келісімін жасасу туралы мәселе жөнінен конференция социал-демократтар сайлаудың бірінші кезеңінде басқа партиялармен ешқандай да келісім жасаспауы керек деп шешті. Қайта дауыс беру кезінде кадеттерден солшылдау барлық партиялармен келісім жасасуға болады деп ұйғарылды. Сайлаудың екінші және одан арғы кезеңдерінде оңшылдармен күресу үшін барлық революциялық және оппозициялық партиялармен келісім жасасуға болады деп ұйғарылды. Бірақ жұмысшы куриясында социал-демократтар РСДРП-ға кірмейтін ұлттық социал-демократиялық партиялардан, сондай-ақ Поляк социалистік

партиясынан басқа партиялармен келісім жасасуға тиісті емес болды. Сайлау платформасы туралы мәселе жөнінде конференция III Мемлекеттік дума сайлауына қатысу туралы қабылданған қарардың негізінде сайлау платформасын дайындауды Орталық Комитетке тапсырды.

Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезі туралы мәселені талқылау іс жүзінде жұмысшы табының партиясы мен оның кәсіподақтары арасындағы қарым-қатынастарды талқылауға ұласты, өйткені меньшевиктер кәсіподақтардың партиялығы жөніндегі РСДРП V (Лондон) съезінің шешімін ревизиялауға әрекет жасады. Конференция екі баяндама тыңдады: бір баяндама кәсіподақтардың партиялығы принципін қорғады, екінші баяндама кәсіподақтардың бейтараптығын жақтады. Баяндамалар бойынша қарардың 4 жобасы (большевиктік, меньшевиктік және екі ымырашылдық жобалар) ұсынылды. Конференция осы мәселе бойынша ұсынылған қарар жобаларының бәрін материал ретінде РСДРП Орталық Комитетіне беруді ұйғарды. Большевиктік жобаның негізіне В. И. Ленин ұсынған жоба алынды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 252—253-беттер).

Конференцияның протоколдары және В. И. Лениннің баяндамасы табылмады. В. И. Лениннің сақталған документтері: бойкотқа қарсы сөйлеген сөздің конспектісі, III Мемлекеттік дума сайлауына бойкот жариялауға қарсы қарар жобасының бастапқы нобайы және т. т. В. И. Ленин Шығармалары толық жинағы 16-томының «Дайындық материалдар» бөлімінде беріліп отыр. РСДРП III конференциясының шешімдері «1907 жылғы 21, 22 және 23 июльдегі партия конференциясы туралы хабар» деген атпен РСДРП Орталық Комитетінің листовкасы түрінде жарияланды.

РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясының маңызы мынада: ол тарихи жаңа жағдайда — столыпиндік реакция жағдайында партия тактикасының негіздерін белгілеп берді.—*15*.

9 *РСДРП-ның Орталық Органы* — «Социал-Демократ» газеті 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін құпия шығарылып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншіктегі баспаханада ішінара басылып та қойылған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті екінші рет шығаруға әрекет жасалды. Бірақ газеттің басылып қойған тиражының көбісі тағы да жандармдардың қолына түсті. Одан әрі газетті шығару шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909— декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914— январь, 1917) Женевада шықты. Барлығы 58 номері шықты, оның ішінде бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрылды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин еді. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте В. И. Лениннің 80-нен аса мақалалары мен заметкалары жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясы ішінде В. И. Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлегі (Каменев пен Зиновьев) жойымпаздарға ымырашылдықпен қарап, лениндік бағыттың жүзеге асырылуына бөгет жасауға тырысты. Редакцияның меньшевик мүшелері — Мартов пен Дан Орталық Орган редакциясындағы жұмысқа саботаж жасап, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар партияшыл-меньшевиктердің Орталық Органға қатысып тұруына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы ымырасыз күресуі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның ауыр жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңа өрлеуі дәуірінде большевиктердің құпия маркстік партияны сақтап қалу, оның бірлігін нығайту, оның бұқарамен байланысын күшейту жолында жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы күресінде «Социал-Демократтың» аса зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды. Газет бетінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; социализмнің бастапқыда бірқатар елдерде немесе тіпті жеке алынған, капиталистік бір елде жеңуі мүмкін деген қорытындыны В. И. Ленин алғашқы рет осы мақаласында тұжырымдады. «Социал-Демократты» Россияда тарату, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартуға, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге жәрдемдесті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі «Социал-Демократтың» қызметін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды,— деп жазды.— *16*.

10 В. И. Ленин бұл арада Парижде 1908 жылы 21—27 декабрьде (1909 жылы 3—9 январьда) өткен *РСДРП-ның Жалпы россиялық V конференциясын* айтып отыр. Конференцияға шешуші дауыспен 16 делегат қатысты, олардың ішінде: 5 большевик (2— Орталық өнеркәсіпті ауданнан, 2— Петербург ұйымынан, 1— Урал ұйымынан), Кавказ облыстық комитетінің мандаттарымен келген 3 меньшевик, 5 поляк социал-демократы және 3 бундшыл болды. Россияда тікелей жұмыс істеген большевик-делегаттар РСДРП-ның ең ірі партия ұйымдарының өкілдері еді. Мандаттарды түрлі айла-шарғымен алған меньшевиктік делегация шетелде тұратын және Россиядағы партия жұмысымен байланысы жоқ адамдар болатын. Поляк социал-демократиясының делегациясы конференцияда большевиктерді қолдады. Бундшылдар көптеген мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктерге ерді.

Конференцияның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) РСДРП Орталық Комитетініц, Поляк социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Бунд Орталық Комитетінің, Петербург ұйымының, Москва және Орталық өнеркәсіпті облыстық, Урал, Кавказ ұйымдарының есептері; 2) Қазіргі саяси жағдай және партияның міндеттері; 3) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 4) Саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты ұйымдық мәселелер; 5) Жергілікті жерлерде ұлттық ұйымдармен бірігу; 6) Шетелдегі жұмыстар.

Большевиктер конференцияда барлық мәселелер бойынша жойымпаз-меньшевиктермен және оларды жақтаушылармен ымырасыз күрес жүргізді. Конференция «Есептер бойынша» қарарында жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде үзілді-кесілді айыптап, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы мейлінше батыл идеялық және ұйымдық күрес жүргізуге шақырды.

«Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» Лениннің баяндамасы конференцияның жұмысында шешуші орын алды. Большевиктер бұл мәселеге үлкен маңыз берді, өйткені конференция партияның реакция жылдарындағы жұмысының ауыр жағдайларына сәйкес келетін тактикалық бағытты белгілеуге тиісті еді. Меньшевиктердің бұл мәселені конференцияның күн тәртібінен алып тастамақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Конференция Ленин ұсынған қарарды аз ғана өзгерістермен қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер).

Большевиктер енгізген «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарда фракцияның қызметі сынға алынды және оның нақты міндеттері көрсетілді. Меньшевиктер Думадағы фракцияның қателерін конференцияның шешімдерінде көрсетуге наразы болды және фракция жөнінде партияның Орталық Комитетінің вето правосы болуына қарсы шықты. Мұның өзінде олар өздерінің парламенттік фракцияларының қателерін сынауды съездер мен конферен-

циялардың шешімдеріне енгізбеген батыс европалық социалистік партиялардың тәжірибесіне сүйенді. Социал-демократияның парламенттік қызметі туралы мәселеде меньшевиктердің тактикасы партияны парламенттік фракцияның шылауы деп қараған II Интернационалдың оппортунист лидерлерінің позициясымен толық сай келіп жатқан еді.

Думадағы фракцияға көзқарас жөніндегі лениндік бағытқа шақырымпаздар да қарсы шықты. С. Вольский (А. В. Соколов) Россияда Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмыс істеуі үшін жағдай жоқ деп мәлімдеді, фракцияның қателерін «объективті жағдайлардан» туған нәрсе деп есептеп, бұл қателерді қарарда көрсетуге қарсы шықты.

Ленин өзінің сөзінде шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкереледі және Думадағы фракция жөнінде жасаған қорытындыларының барлық айырмашылықтарына қарамастан жойымпаздардың да, шақырымпаздардың да ортақ, оппортунистік негізі бар екенін көрсетіп берді. Конференция большевиктік қарарды қабылдады. Бұл қарардың текстіне «Бюджетке дауыс беру туралы мәселе жөнінде Думадағы социал-демократиялық фракцияға практикалық нұсқаулардың» Ленин жазған екінші нұсқасы ішінара кірді және Ленин жазған ««Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарға қосымша» шешімге толық кірді (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 364—365, 366-беттер).

Ұйымдық мәселені талқылағанда большевиктер өз қарарының жобасында партия бұқара арасында жұмыс жүргізуге алуан түрлі жария қоғамдардың кең жүйесін пайдалана отырып, құпия партия ұйымдарын құруға және нығайтуға ерекше назар аударуға тиісті екенін көрсетті. Меньшевиктер іс жүзінде құпия партияның жойылуына және революциялық жұмыс атаулының тоқтатылуына жетуге тырысты.

Ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде Ленин жойымпаз-меньшевиктердің қарарын және реакция жылдарында партиядан қашқан адамдарды олардың қалайда ақтауға тырысушылығын қатты сынға алды.

Конференция Ленин ұсынған «Ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арналған директиваларды» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 361-бет) қабылдады және қарарды әзірлеу үшін комиссия құрды. Комиссия, ал одан соң конференция да қарардың большевиктік жобасын қабылдады.

Жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы РСДРП бесінші конференциясы қабылдаған қарарда федерализм принципі үзілді-кесілді қабылданбай тасталды, бұл принципті партияда жұмысшыларды ұлттық белгісі бойынша бөлуді талап еткен бундшылдар қорғаған еді. Орталық Комитеттің жұмысы туралы мәселені талқылағанда меньшевиктер Орталық Комитеттің тұрақты орнын Россияға көшіруді және Орталық Комитеттің Шетелдік бюро-

сын таратуды ұсынды. Қарардың жойымпаздық жобалары қабылданбады. Конференция Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарар қабылдап, онда «шетелде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы формасындағы жалпы партиялық өкілдік болуы пайдалы және қажет» деп танылды. Орталық Орган туралы мәселе жөнінде большевиктердің қарары қабылданды; Орталық Органды шығару ісін Россияға көшіру туралы меньшевиктердің ұсынысы қабылданбады.

Конференцияда большевиктер жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күресте зор жеңіске жетті. Сонымен бірге конференцияның шешімдері шақырымпаздарға да соққы берді. Партия конференцияда қабылданған шешімдерді реакция жылдарында басшылыққа алып отырды. РСДРП Жалпы россиялық V конференциясының маңызын бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: ол «партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 388-бет).—*16*.

11 В. И. Ленин бұл арада шақырымпаздық пен ультиматизм туралы баяндаманы талқылаған кездегі А. Богдановтың сөйлеген сөзін айтып отыр, ал баяндамада Роза Люксембургтің шақырымпаздық пен ультиматизмді қатты айыптағаны атап көрсетілген болатын. Богданов бұл сынды теріске шығаруға тырысып, Р. Люксембург 1904—1905 жылдары большевиктерге қарсы шықты дегенді тілге тиек етті.—*16*.

12 Бұл арада ескі, лениндік «Искрадан» өзгеше, *меньшевиктік «Искра»* туралы айтылып отыр.

РСДРП II съезінде «Искра» партияның Орталық Органы деп танылды; съезд редакцияны В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов қатысқан құрамда бекітті. Алайда, съездің шешіміне қарамастан, меньшевик Мартов II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылдың 19 октябрінде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптацияланып, Орталық Комитеттен оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13(26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына редакцияның бұрынғы меньшевик-редакторларын: Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер орга-

ны болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. Газетті шығару 1905 жылғы октябрьде тоқтатылды. —*19.*

[13] Әңгіме РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясына Думадағы социал-демократиялық фракция өкілінің келмеуі жайында болып отыр. Баяндамашы Вишневский (И. П. Гольденберг) бұл келмеуді жеке, кездейсоқ себептерге байланысты деп түсіндірді. —*22.*

[14] *«Білетін кісілер»*— III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жанында кеңесшілер ролін атқарған интеллигенттер тобы. Бұлардың көпшілігі жойымпаздар мен ревизионистер еді — А. Н. Потресов, С. Н. Прокопович және басқалары. Большевиктік партияның басшы қайраткерлері астыртын жағдайда болғандықтан Думадағы фракцияның жұмысына жария түрде қатыса алмағанын пайдаланып, «білетін кісілер» фракцияның жұмысын антипартиялық жолға түсіруге тырысты, осымен байланысты бұлардың жәрдемінен бас тарту туралы мәселе алға қойылды. — *22.*

[15] Әңгіме III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға жәрдемдесетін топтар құру жөнінде болып отыр. Кеңес Думадағы фракцияға жәрдемдесетін комиссия құру жөнінде қаулы қабылдады. Комиссия құрамына сайланған В. И. Ленин онда үлкен жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, Ленин фракция үшін «8 сағаттық жұмыс күні туралы заңның басты негіздерінің жобасына түсінік хатты» (қараңыз: осы том, 169—176-беттер) жазып берді.—*22.*

[16] В. И. Ленин бұл арада РСДРП-ның Думадағы фракциясы шығарғалы отырған газетті айтып отыр. Кейіннен, 1910 жылдан 1912 жылға дейін, Думадағы фракцияның қатысуымен большевиктік жария газет — «Звезда» шығарылып тұрды.—*23.*

[17] В. И. Лениннің жобасы Кеңестің «Партиялық жұмыстың басқа салаларымен қатар Дума қызметіне көзқарас туралы» қарарының негізіне алынды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 301—304-беттер).—*24.*

[18] Бұл толықтыру қарардың бірінші бөлімінің үшінші пунктіне енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 302-бет).—*28.*

[19] *«Даль»* («Қиян») — әдеби және қоғамдық-саяси журнал, оны Петербургте жойымпаздар шығарып тұрды. 3 номері:

біріншісі — 1908 жылы, екіншісі мен үшіншісі — 1909 жылы шықты.—*29.*

20 В. И. Лениннің ұсынысы «Жария баспа туралы» қарарға енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 312-бет).—*31.*

21 *Эсерлер — социалист-революционерлер* — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы», т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» (1900—1905) газеті мен «Вестник Русской Революции» (1901—1905) журналы оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелік әдісті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олар-

дың жеке террор жасау тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайларда уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясы» (энестер) құрылды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы қалыптасты. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетелдік жоғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардия генералдарын белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.—*37.*

22 *Халық университеттері қоғамдары қайраткерлерінің Бүкілроссиялық бірінші съезі* 1908 жылы 3—6 (16—19) январьда Петербургте өтті. Халық университеттерінің қызметі мен оларды ұйымдастыру туралы мәселені талқылағанда съездің большевиктер бастаған жұмысшы тобы халық университеттерінің басқармасына жұмысшы ұйымдарынан ерекше өкіл-

дік енгізуді, олардың сабақ программаларын белгілеп отыруға, қоғамдық ғылымдар бойынша ұнатқан лекторларын тағайындауға ерікті болуын тануды, сондай-ақ сабақты әрбір ұлттың ана тілінде өткізуге ерікті болуын тануды талап еткен қарар ұсынды. Съезд бұл талаптарды съезд шеңберіне сыймайтын талаптар деп танып, қабылдамады, бұдан соң жұмысшылардың өкілдері съезді тастап кетті.—*38.*

23 *Кооперативтік мекемелер өкілдерінің Бүкіл россиялық бірінші съезі* 1908 жылы 16—21 апрельде (29 апрель—4 майда) Москвада өтті. Съезде 824 делегат, оның ішінде 50-ге жуық социал-демократ (большевиктер мен меньшевиктер) болды. Съезд халықаралық кооперативтік қозғалыс туралы, кооперативтік қозғалыстың ролі мен міндеттері туралы, Россияда тұтынушылар қоғамдарының праволық жағдайы туралы және басқа да баяндамалар тыңдады.

Съезде большевиктер меньшевиктердің қарсылық білдіруіне қарамастан социал-демократиялық фракция құрды және кәсіптік ұйымдар мен жұмысшы кооперациясы өкілдерінің съезде көпшілік болып отырған буржуазиялық кооператорларға қарсы күресіне басшылық етті. Жұмысшы шешендердің бірсыпыра сөйлеген сөздерінен кейін полиция тап күресі туралы, кәсіподақтар туралы, стачкалар мен локауттар кезінде жұмысшыларға көмек көрсету туралы, кооперативтік баспасөз бен насихат туралы, тіпті съездердің бюросын сайлау және съездердің мерзімдері туралы мәселелерді ауызға алуға тыйым салды, съезге қатысып отырған приставқа «социалистік сөздер сөйлеп, ұсыныс жасағандардың» бәрін дереу тұтқынға алу жөнінде нұсқау берді. Осыған байланысты съезд наразылық білдіру ретінде жабылды.—*38.*

24 *Әйелдердің Бүкіл россиялық бірінші съезі* 1908 жылы 10—16 (23—29) декабрьде Петербургте өтті. Съезге жұмысшы әйел делегаттар мен еңбекші интеллигенция әйелдер өкілдерінің үлкен тобы қатысты.

Съезде көпшілік болған кадеттер партиясының делегат әйелдері съезді «Әйелдер қозғалысы буржуазиялық та, пролетарлық та болмауы керек — бұл қозғалыс барлық әйелдер үшін бір идеяда болуға тиіс» деген ұранмен өткізбекші болды. Жұмысшы тобына кіретін кейбір делегат әйелдер — жойымпаздар мен жарияшылдар қатарындағылар — бұл идеяны қолдады, бірақ большевик-делегат әйелдердің ықпалымен жұмысшы әйелдердің көпшілігі оған қарсы шықты. Жұмысшы әйелдер полицияның және съездің ұйымдастыру бюросының кедергі жасауларына қарамастан, пролетарлық және буржуазиялық әйелдер қозғалысы арасындағы таптық қарама-қарсылықты ашып көрсетті, еңбекші әйелдерді жұмысшы-еркектермен бір сапта күресуге шақырды, әйелдер-

ді қайыршылық пен правосыздықтан құтқару тек социализм тұсында ғана мүмкін болатыны жөнінде айтты.

Жұмысшы әйелдердің талап етуімен съезд әйелдер мен балалар еңбегін қорғау туралы, шаруа-әйелдердің жағдайы туралы, кәсіпшілік кооперациясы туралы, еврейлердің тең право алуы туралы, алкоголизммен күрес туралы қарарлар қабылдады. Негізгі мәселені — қазіргі қоғамдағы әйелдердің саяси және азаматтық жағдайы туралы мәселені талқылағанда жұмысшы әйелдер жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосын талап етеп қарар ұсынды. Съезд президиумы бұл қарарды жариялаудан бас тартып, оны басқа, либералдық-буржуазиялық рухта жазылған қарармен ауыстырды. Осыдан кейін жұмысшы әйелдер наразылық білдіріп, съезден кетіп қалды.—*38.*

25 *Фабрика-завод дәрігерлері мен фабрика-завод өнеркәсібі өкілдерінің Бүкіл россиялық бірінші съезі* Москва фабрика-завод дәрігерлері қоғамының инициативасы бойынша шақырылып, 1909 жылы 1—6 (14—19) апрельде Москвада өтті. Съезд делегаттарының ішінде негізінен ірі өнеркәсіп орталықтарының (Петербургтің, Москваның, Киевтің, Екатеринославтың, Бакудің, Иваново-Вознесенскінің және басқалардың) кәсіптік одақтарынан сайланған 52 жұмысшы болды.

Ұйымдастырушылардың ойы бойынша, съезд жұмысшылар мен капиталистерді «бітістіру мерекесі» болуға тиіс еді. Бірақ жұмысшы делегаттар ішінде көпшілік болып отырған большевиктердің, жойымпаздық элементтердің қарсылығына қарамастан, съезде жұмысшылардың таптық, пролетарлық бағытты жүргізуге қолы жетті. Жұмысшы-делегаттар фабрика-завод медицинасы мен санитариясының нақты мәселелері бойынша сөз сөйлеп, «таптық татулық» және әлеуметтік-реформаторлық идеяларды әшкереледі, маркстік партияның принципті программалық талаптарын ұсынды. Бұл сөздер үлкен саяси маңыз алды және бүкіл елден қолдау тапты. Әсіресе, санитарлық бақылау ұйымдастыру туралы (осы мәселе бойынша большевиктер ұсынған қарар қабылданды) және фабрика инспекциясын жұмысшылардың сайлауы туралы мәселелерді талқылауда қызу жарыс сөздер кең өріс алды.

Съезд жұмысын аяқтай алмады. Полиция жарыс сөздерде «тап күресін ушықтыратын» мәселелерді қозғамау жөнінде үзілді-кесілді талап қойғаннан кейін, тұрғын үй мәселесі туралы қарарға (өйткені «бұл қарарда социализм және жерді қоғамдастыру туралы айтылады») дауыс беруге тыйым салып, бірқатар жұмысшы делегаттардың, олардың ішінде Мемлекеттік думаның депутаты И. П. Покровскийдің сөз сөйлеуіне рұқсат бермегеннен кейін барлық жұмысшылар және дәрігерлердің бір бөлегі қыр көрсетіп, мәжіліс залынан кетіп қалды. Осыған байланысты президиум съезді жабу жөнінде қаулы алды. — *38.*

26 *1907 жылғы 3(16) июньдегі мемлекеттік төңкеріс* — патша үкіметі II Мемлекеттік думаны таратып, Дума сайлауы жөніндегі сайлау заңын өзгерткен контрреволюциялық төңкеріс. 1907 жылы 1 июньде Столыпин социал-демократиялық фракцияны әскери ұйыммен байланысты және қарулы көтеріліс әзірлеп жатыр деген охранканың қолдан жасалған айыптауын бетке ұстап, оны Дума жиналыстарына қатысудан аластауды талап етті; социал-демократиялық фракцияның 16 мүшесі тұтқынға алынуға тиісті болды. Дума тағылған айыптарды тексеру үшін комиссия құрды, бірақ патша үкіметі Дума комиссиясы жұмысының нәтижесін күтпей-ақ, 3(16) июньге қараған түнде социал-демократиялық фракцияны тұтқынға алды. 3 июньде II Думаны тарату жөнінде және сайлау заңына өзгерістер енгізу жөнінде патша манифесі жарияланды. Жаңа заң Думада помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдерін айтарлықтай көбейтіп, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе кемітті. Бұл 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесті және 1906 жылғы Негізгі заңды өрескел бұзғандық болды, бұл манифест пен заң бойынша Мемлекеттік дума мақұлдамайынша үкімет заң шығара алмайтын еді.

Жаңа Ереже бойынша егіншілік курияда—230 адамнан, бірінші разрядты қалалық курияда — 1 мың адамнан, екінші разрядты қалалық курияда — 15 мың адамнан, шаруалар куриясында —60 мың адамнан, жұмысшы куриясында — 125 мың адамнан бір сайлаушы сайланатын болды. Помещиктер мен буржуазия барлық сайлаушылардың 65 процентін, шаруалар —22 процентін (бұрын 42 процент), жұмысшылар — 2 процентін (бұрын 4 процент) сайлайтын болды. Заң Азиялық Россияның байырғы халқын, Астрахань және Ставрополь губернияларының түрік тектес халықтарын сайлау праволарынан айырды, Польша мен Кавказ халықтарының өкілдіктерін екі есе қысқартты. Россияның барлық жерінде орыс тілін білмейтін адамдар сайлау праволарынан айрылды. Осы заң негізінде сайланған және 1907 жылы 1(14) ноябрьде жиналған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік болды.

Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс столыпиндік реакция дәуіріне жол ашты.— *44.*

27 *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппор-

тунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», ал партия жікке бөлінгеннен кейін — меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *46.*

28 *«Отклики Бунда» («Бунд Үндері»)*—Бундтың Шетелдік комитетінің мерзімді емес органы; 1909 жылғы марттан 1911 жылғы февральға дейін Женевада шығып тұрды. Бес номері шықты.—*53.*

29 Патшаның сапары Россияда 1905—1907 жылдардағы революцияны бірлесіп күш салып басқан халықаралық реакцияның бірлігін көрсету үшін жасалған еді. Сондықтан ол Европаның бүкіл алдыңғы қатарлы жұртшылығының ашу-ызасын туғызды. II Николайдың келуіне Швеция социалистері бірінші болып қарсы шықты, олар риксдагтағы социал-демократиялық фракция атынан халықаралық пролетарлық ынтымақ рухында сұрау қойды.

Бұл әрекетті жоғары бағалай отырып, Ленин 1909 жылы 26 майда Халықаралық социалистік бюроның Атқару комитетінен (II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы) швед социалистерінің инициативасын қолдауды және жұмысшы табын патшаның сапарына қарсы бір ауыздан наразылық білдіруге шақыруды сұрады (қараңыз: «Вопросы истории КПСС», 1960, № 5, 23—24-беттер). Халықаралық социалистік бюро Европаның барлық жұмысшыларын патшаның алдағы сапарына наразылық білдіруге шақырып, үндеу хат шығарды. Үндеу хат жұмысшылар бұқарасынан кең қолдау тапты. Бірқатар елдерде митингілер мен демонстрациялар болып өтті, парламенттердің социалистік және жұмысшы фракциялары үкіметтерге сұраулар қойды. Пролетариаттың белсенді іс-әрекеті II Николайдың европалық мемлекеттердің астаналарына баруына кедергі жасады және іс жүзінде сапарын сәтсіздікке ұшыратты.— *54.*

30 Бұл арада қаражүздік «Орыс халқы одағының» полицияның көмегімен жауынгерлік жасақтар құрғаны және олардың бірқатар қылмыстар жасағаны жөнінде 73 депутаттың 1909 жылғы 12 майдағы сұрауы Мемлекеттік думада талқыланғанда социал-демократиялық депутат Е. П. Гегечкоридің сөйлеген сөзі айтылып отыр.—*56.*

31 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ)—II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партиялары өкілдерінен халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 ж. сентябрь) қабылданды. Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып сайланды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин халықаралық социалистік бюроға РСДРП окілі ретінде кірді. Бюроның ішінде Ленин II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүргізді. Халықаралық социалистік бюро 1914 жылы өз қызметін тоқтатты.—*56.*

32 *Кадеттер*— Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы, конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері жәпе буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер оздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына белсене қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін кадеттер эмиграцияда жүріп, өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.— *57.*

33 *«Голос Москвы»* («Москва Үні»)— күнделікті газет, октябристердің органы; 1906 жылдан 1915 жылға дейін Москвада шығып тұрды.

Октябристер — Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жарияланғаннан кейін құрылған *«17 октябрь одағы»* партиясының мүшелері. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін жәпе қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және

Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің саясатын толық қолдап отырды.—*57*.

[34] *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берілген құпия («сатқын») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық-сатқын газетсымақ» деп атады.—*58*.

[35] *«Вехи»*— кадеттердің көрнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяевтің, С. Н. Булгаковтың, М. О. Гершензонның, А. С. Изгоевтың, Б. А. Кистяковскийдің, П. Б. Струвенің және С. Л. Франктың мақалаларының жинағы; Москвада 1909 жылдың көктемінде шықты. «Вехишілдер» өздерінің орыс интеллигенциясына арналған мақалаларында Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Н. Г. Чернышевскийдің, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; олар 1905 жылғы революциялық қозғалысты масқаралады, патша үкіметіне «өзінің найзасымен және түрмесімен» буржуазияны «халық қаһарынан» құтқарғаны үшін алғыс айтты. Кадеттік қаражүздіктердің жинағына В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында сын тұрғыдан талдау жасап, саяси баға берді (қараңыз: осы том, 179—188-беттер). «Вехидің» философиядағы және публицистикадағы программасын қаражүздік газет «Московские Ведомостидің» программасымен салыстыра келіп, Ленин оны *«либерал ренегаттықтың энциклопедиясы»*, «демократияға реакциялық тұрғыдан бастан-аяқ күйе жағудың дәл өзі» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы.—*58*.

[36] Бұл арада III Мемлекеттік дума сайлауы аяқталғаннан кейін көп ұзамай 1907 жылғы 5—12 (18—25) ноябрьде Гельсингфорста (Хельсинки) өткен *РСДРП төртінші («Жалпы россиялық үшінші») конференциясы* туралы айтылып отыр. Конференцияға 27 делегат: 10 большевик, 4 меньшевик, 5 поляк социал-демократы, 5 бундшыл, 3 латыш социал-демократы қатысты. Конференцияның күн тәртібіне Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тактикасы туралы, фракциялық орталықтар және Орталық Комитеттің жергілікті ұйымдармен байланысын нығайту туралы, социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуы туралы мәселелер қойылды. Оның үстіне, конфе-

ренция Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық өкілдіктің қалай аталуы туралы мәселені талқылады.

Социал-демократиялық фракцияның III Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы Ленин баяндама жасады. Үшінші июньдік режимге берген Лениннің бағасына және партияның міндеттеріне меньшевиктер мен бундшылдар қарсы шықты, олар Думада кадеттер мен «солшыл» октябристерді қолдау қажеттігін қорғап бақты. Конференция көпшілік дауыспен РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясының атынан ұсынылған большевиктік қарарды қабылдады. Конференция сондай-ақ социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуына болмайтыны жөнінде большевиктік қарар қабылдады, ол қарар меньшевиктік публицистерге, әсіресе солшыл кадеттік «Товарищ» газетінде РСДРП III («Жалпы россиялық екінші») конференциясының шешімдерін сынаған Г. В. Плехановқа қарсы бағытталған еді. Конференция Думадағы социал-демократиялық өкілдікті «социал-демократиялық фракция» деп атады.

Меньшевиктік орталық РСДРП Орталық Комитетінен жасырын түрде жергілікті комитеттермен байланыс жасағаны себепті, конференция РСДРП Орталық Комитетінің жергілікті партия ұйымдарымен байланысын күшейтудің шараларын белгіледі.

РСДРП IV конференциясы негізгі мәселелер бойынша лениндік шешімдерді қабылдады, реакция дәуірінде партияны бұқара үшін күресте дұрыс, маркстік тактикамен қаруландырды.

Конференция протоколдары табылған жоқ. Конференцияның жұмысын және шешімдерін «Пролетарий» газеті 1907 жылғы 19 ноябрьдегі 20-номерінде кең түрде жазды.—*58.*

[37] Осы заметка М. Н. Лядовтың «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің шешімдеріне қарсы шыққан хаты жөнінде «Пролетарий» редакциясының ескертуі түрінде басылды.—*60.*

[38] *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі»)—мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ не бары бір-ақ номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағыздады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады.

1909—1912 жылдары Плеханов «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде партияның жасырын ұйымдарын

қорғап, жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шықты. Алайда ол стратегия мен тактиканың негізгі мәселелері бойынша меньшевиктік позицияда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді.—*61.*

39 *«Правда»* («Шындық») (веналық) — троцкистердің фракциялық газеті; 1908—1912 жылдары шығарылып тұрды. Алғашқы үш номері Львовта басылды, одан соң газетті шығару Венаға (Австрия) көшірілді; барлығы 25 номері шықты. Газеттің украин одағы «Спилканың» органы ретінде шыққан алғашқы екі номерінен басқасы Россияның ешқандай да партия ұйымын білдірмейтін және, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «жеке әрекет» еді. Газеттің редакторы Л. Д. Троцкий болды.

«Фракцияшыл емес» дегенді бетке ұстап, газет алғашқы номерлерінен бастап-ақ жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғап, большевизмге қарсы шықты; революционерлер мен оппортунистер бір партияда тұра алады деген центристік «теорияны» уағыздады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумынан кейін газет ашық жойымпаздық позиция ұстады; антипартиялық шақырымзпаз-ультиматистік «Вперед» тобын қолдады.

1912 жылы Троцкий және оның газеті антипартиялық Август блогының инициаторлары және басты ұйымдастырушылары болды.—*62.*

40 В. И. Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың меньшевиктік орган — «Голос Социал-Демократаның» редакциясынан шығуын айтып отыр. «Голостың» жойымпаздыққа қарай ойысуы Плеханов пен редакция арасында алауыздық туғызды. 1908 жылы декабрьде Плеханов газетке қатысуын іс жүзінде тоқтатты; Плеханов «Голос Социал-Демократа» редакциясынан формальды түрде 1909 жылы 13(26) майда шықты.—*64.*

41 В. И. Лениннің осы заметкасы «Пролетарийдің» 1909 жылғы 5(18) сентябрьдегі 47—48-номерінде жарияланған «Москва округтік комитеті Атқару комиссиясының ашық хаты» жөнінде «Редакциядан» берілген ескерту ретінде басылды.

РСДРП Москва округтік комитеті Атқару комиссиясының ашық хаты (1909 жылы 17(30) августа жазылған) Капридегі мектептің антипартиялық және фракциялық сипат алуына байланысты жазылды. Атқару комиссиясы «Хатта» партияның Москва округтік комитетімен және Орталық Комитетімен тығыз байланыс жасап тұру тыңдаушылардың міндеті екенін ескертті және мектептің қызметі жөнінде толық есеп беруді талап етті.—*70.*

[42] III Мемлекеттік думаға қосымша сайлау өткізу кадеттер партиясының Саратов губерниялық съезінде үкіметке қарсы сөз сөйледі-міс деп 1908 жылы алты айға түрмеге жабылуға кесілген Петербургтен депутат кадет А. М. Колюбакинді Думадан шығаруға байланысты тағайындалды.— *71.*

[43] *Неміс еркін ойлылар партиясы* (Deutsche Freisinnige Partei) 1884 жылы қалыптасты. 1893 жылы, партиядан мүшелерінің едәуір тобы бөлініп шығып, «Еркін ойлылар одағын» (Freisinnige Vereinigung) құрғаннан кейін, партия «Еркін ойлы халық партиясы» (Freisinnige Volkspartei) деп аталды. «Еркін ойлылар» кайзер үкіметіне деген жалған оппозициялықты бетке ұстап, іс жүзінде, әсіресе елді милитаризациялау мен отар басып алу жөніндегі мәселелерде оны қолдап отырды. 1907—1909 жылдары «еркін ойлылар» Германияның ең реакциялық партияларымен — консерваторлармен және национал-либералдармен («Бюлов блогы» делінетінмен) тығыз блокта болды. 1910 жылы «Еркін ойлы халық партиясы» «Еркін ойлылар одағымен» және «Неміс халық партиясымен» бірігіп, «Прогрессивтік халық партиясы» болды.

Франциядағы «радикалдар» туралы айта келіп, Ленин бұл арада буржуазиялық *Радикалдар мен радикал-социалистердің республикалық партиясын* айтып отыр. Партия іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап өмір сүреді, ұйымдық жағынан 1901 жылы қалыптасты. Бірінші дүние жүзілік соғысқа (1914—1918) дейін негізінен ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін білдіреді; бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар аралығындағы кезеңде партия ішінде ірі буржуазияның ықпалы күшейді. Партияның лидерлері әлденеше рет француз үкіметін басқарды.— *73.*

[44] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене ат салысуымен Петербургте шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *73.*

[45] «Патша ағзам оппозициясы» деген сөз — кадеттер партиясының лидері П. Н. Милюковтың сөзі. 1909 жылы 19 июньде (2 июльде) Лондонның лорд-мэрі берген сәскелік қонақасыда сөйлеген сөзінде Милюков былай деп мәлімдеді: «...Россияда бюджетті бақылайтын заң шығарушы палата тұрғанда, орыс оппозициясы патша ағзамға қарсы оппозиция емес, патша ағзамның оппозициясы болып қала береді» («Речь» № 167, 21 июнь (4 июль), 1909 жыл). — *74.*

46 *Трудовиктер (Еңбек тобы)* — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топта халықшылдық сарындағы шаруалар мен интеллигенттер болды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруа депутаттарынан құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеулерді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгерме» принциптеріне негізделді: қазыналық, удельдік, кабинеттік, монастырьлық жерлерден, сондайақ, егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айырған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдуілгі трудовик — шаруа,— деп көрсетті В. И. Ленин,— ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен революцияшыл социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың—шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтседе, трудовиктер шаруа бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы бірлесе күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын ұстады. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірігіп кетті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады.

Ленин бұл арада *солшыл блок* туралы әңгіме еткенде II Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде большевиктердің эсерлер партиясымен, халықтық социалистермен, трудовиктермен келісімі жөнінде айтып отыр. Солшыл блоктық тактиканың мәнін анықтай келіп, Ленин кейінде былай деп жазды: «Ел ішіндегі ең саны көп демократияшыл бұқараны (шаруаларды және егінші емес ұсақ буржуазияның жақын тұрған топтарын) «кадеттер мен марксистердің бірін таңдауға» «көндіру»; әрі ескі режимге қарсы, әрі қобалжушы контрреволюцияшыл либералдық буржуазияға қарсы жұмысшылардың және шаруа демократиясының «бірігіп қимыл жасау» бағытын ұстау,— мінеки, 1905 жылғы оқиғалардың барысымен де (жұмысшы және шаруа қозғалысы), бастапқы Думалардың екеуінде бірдей «еңбек» және жұмысшы топтарының дауыс

беруімен де... қасиетті болған «солшыл блоктық» тактиканың негізі мен мазмұны осы» (Шығармалар, 17-том, 409-бет).—*75.*

47 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қуғындалды, жер аударылды. Алайда қуғындаулар социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы—«Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларға астыртын жағдайдағы Орталық Комитет басшылық етті. Мұнымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды, оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті.

К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *79.*

48 *1907 жылғы июль конференциясы* — РСДРП үшінші («Жалпы россиялық екінші») конференциясы. Осы конференция жөнінде 8-ескертуді қараңыз.— *88.*

49 В. И. Ленин бұл арада 1908 жылы октябрьде большевиктік құпия газет — «Рабочее Знамяда» жарияланған «Жұмысшы хаты (Ағымдағы кезеңге баға беруге байланысты партия жұмысының жоспары туралы)» деген мақаланы айтып отыр; онда «фракцияның болуы революцияның сөз жүзінде жерленбесе де, ең болмағанда іс жүзінде жерленгенінің айғағы болды» делінген. Мақаланы Москва шақырымпаздарының лидері — А. В. Соколов (С. Вольский) «редакциялады».— *89.*

50 *Рабоче-делошылдар* — «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» журналының төңірегіне топтасқан «экономизмнің» жақтастары. Журнал Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, одан соң А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды. 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау бостандығының» бернштейншілдік ұранын қолдады және орыс сациал-демократия-

сының тактикасы мен ұйымдық міндеттері туралы мәселелерде оппортунистік позицияда болды. Рабоче-делошылдар пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын уағыздады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығына бас иді, партияның басшылық ролін бекерге шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі В. П. Иваншин ашық «экономистердің» органы «Рабочая Мысльді» — «Рабочее Дело» қолдау жасап отырған «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты.

Рабоче-мысльшілдер — «Рабочая Мысль» газетін (1897 жылдың октябрінен 1902 жылдың декабріне дейін шығып тұрды, К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады) шығарған «экономистер» тобы.

Рабоче-мысльшілдер оппортунистік көзқарастарды ашық уағыздады. Олар жұмысшы табының саяси күресіне қарсы шықты, оның міндеттерін «осы сәттің мүдделерімен», жекелеген ішінара реформалар, негізінен экономикалық сипаттағы реформалар талаптарымен шектеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығына ден қойған рабоче-мысльшілдер дербес пролетарлық партияны құруға қарсы болды, революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетіп, социалистік идеология стихиялық қозғалыстан тууы ықтимал деп пайымдады.

В. И. Ленин «Искраның» беттерінде рабоче-делошылдар мен рабоче-мысльшілдердің көзқарастарын халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі ретінде сынады. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы осы ағымдарды талқандауда аса маңызды роль атқарды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер).—*90.*

51 *«Рабочее Знамя»* («Жұмысшы Туы»)—большевиктік құпия газет; Москвада 1908 жылғы марттан декабрьге дейін шығып тұрды. Барлығы 7 номері жарық көрді. 1-номері РСДРП Орталық өнеркәсіпті аудан облыстық бюросының органы ретінде, 2—6-номерлері РСДРП Москва және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде, 7-номері РСДРП Орталық өнеркәсіпті аудан облыстық бюросының, Москва және Москва округтік комитеттерінің органы ретінде шықты. Редакцияның жұмысына әр кезде И. И. Скворцов-Степанов, Ц. С. Зеликсон-Бобровская, В. М. Шулятиков және басқалар қатысты.

5-номерден бастап газет беттерінде Думаға және Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде айтыс басталды. Осы номерде шақырымпаздың «Жұмысшы хаты (Ағымдағы кезеңге баға беруге байланысты партия жұмысының жоспары туралы)» деген мақаласы басылды, мақаланы Москва шақырымпаздарының лидері А. В. Соколов (С. Вольский) «редакциялады»; А. В. Соколов ол кезде Москва Орталық өнеркәсіпті аудан облыстық бюро-

сының мүшесі болатын. Мақала Орталық Россия партия ұйымдары тарапынан қатты наразылық туғызды және «Пролетарий» газетінің беттерінде оған тойтарыс берілді. В. И. Ленин «Екі хат жайында» деген еңбегінде осы мақаланы сынады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 318—337-беттер).— *92.*

52 *«Кредо»* («Credo»)—Е. Д. Кускова дайындаған «экономистердің» манифесі — 1899 жылы пайда болды. «Кредо» 1899 жылы декабрьде «Рабочее Дело» журналының 4—5-номерінен алынып жеке оттиск етіліп шетелде жарияланған, Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығында» сыналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер).— *93.*

53 В. И. Ленин бұл арада XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы француз дипломаты Талейранды айтып отыр.— *94.*

54 *Лондон съезі* — РСДРП бесінші съезі — 1907 жылы 30 апрельде — 19 майда (13 майда — 1 июньде) өтті. Бастапқыда съезді Копенгагенде, ал тыйым салынған жағдайда — Мальмёде (Швеция) немесе Брюссельде өткізу көзделді. Бірақ Данияның, Швецияның және Бельгияның үкіметтері патша үкіметінің тікелей қысымымен өз мемлекеттерінің территориясында РСДРП съезін өткізуге тыйым салды. Копенгагенге жиналған съезд делегаттары Мальмёге, ал одан Лондонға барды.

Съезді шақырудың өте-мөте қажеттігі РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған меньшевиктік Орталық Комитеттің (Орталық Комитетке 7 меньшевик және 3 большевик, Орталық Орган редакциясына 5 меньшевик енді) оппортунистік саясатына байланысты болды. Партия көпшілігінің еркіне қайшы келген бұл саясат толық сәтсіздікке ұшырады. Меньшевиктік Орталық Комитеттің қатты қарсыласуына қарамастан, 1906 жылы ноябрьде өткен РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы партия съезін 1907 жылы 15 (28) мартта шақыруға шешім қабылдады. Съезге әзірлік әрқайсысы өз платформасын ұсынған большевиктер мен меньшевиктер арасындағы қызу күрес үстінде өтті; большевиктік платформаны — «РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобаларын» В. И. Ленин жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 1—11-беттер). Съезге партияның 147 мыңнан астам мүшелерінің өкілдері болған 336 делегат қатысты. Съезде 105 большевик-делегат, 97 меньшевик, 57 бундшыл, 44 поляк социал-демократы, 29 Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілі, 4 «фракциядан тысқарылар» болды.

Ірі өнеркәсіп орталықтары съезге большевиктерді жіберді. Петербург партия ұйымы 17 делегаттан 12 большевик, Москва және Москва округтік партия ұйымдары 19 делегат-

тан 16 большевик, Урал партия ұйымы 19 большевик, Иваново-Вознесенск, Владимир, Кострома округтік, Брянск, Қазан, Красноярск партия ұйымдары тек қана большевик делегаттар жіберді. В. И. Ленин съезге Верхне-Камск ұйымынан сайланды. Съезде В. И. Ленин бастаған большевик-делегаттардың ұйымдасқан тобы болды: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, В. П. Ногин, М. Н. Покровский, К. Н. Самойлова, И. В. Сталин, А. М. Стопани, И. А. Теодорович, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалары. Съездің жұмысына кеңесші дауыспен А. М. Горький қатысты.

Съездің күн тәртібін талқылау 4 мәжіліске дерлік созылды және большевиктер мен меньшевиктердің арасында түбегейлі принциптік алауыздықтар бар екенін көрсетті. Большевиктер съездің күн тәртібіне негізгі принциптік теориялық және саяси мәселелердің: буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі социал-демократияның тактикасы туралы, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселелердің енгізілуін талап етті. Троцкий қолдаған меньшевиктер мен бундшылдар бұған қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революциядағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы мәселелерді күн тәртібінен алып тастауға күш салды.

Большевиктер табанды күрестен кейін, поляк және латыш социал-демократтарының қолдауымен, съездің күн тәртібіне аса маңызды жалпы принциптік мәселені: буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені кіргізе алды. «Бұл мәселе,— деп көрсетті Ленин,— съездің барлық принципті мәселелерінің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл жұмысының да ең басты мәселесі болды» (Шығармалар толық жинағы, 15-том, 405—406-беттер). Ұзаққа созылған, қызу жарыс сөзден соң, мынадай күн тәртібі қабылданды: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Думадағы фракцияның есебі және фракцияны ұйымдастыру. 3. Буржуазиялық партияларға көзқарас. 4. Мемлекеттік дума. 5. «Жұмысшы съезі» және бейпартиялық жұмысшы ұйымдары. 6. Кәсіптік одақтар және партия. 7. Партизандық қимылдар. 8. Жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс және локауттар. 9. Ұйымдық мәселелер. 10. Штутгарттағы халықаралық конгресс (1 май, милитаризм). 11. Армиядағы жұмыс. 12. Әр түрлі мәселелер. Съездің жұмысы созылып кетуі және қаржының сарқылуы салдарынан жұмыссыздық туралы, экономикалық дағдарыс және локауттар туралы, Штутгарттағы халықаралық конгресс туралы мәселелер талқылаудан алынып тасталды.

Ленин съездің президиумына сайланды және съездің 6, 7, 14, 15, 27, 34, 35-мәжілістерінде председательдік етті; ол съезде күн тәртібінің аса маңызды мәселесі — буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша баяндама жасады және қорытынды сөз сөйледі, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша, Думадағы фракцияның қыз-

меті туралы баяндама бойынша сөз сөйледі, буржуазиялық революциядағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы принциптік мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізуді жақтап сөз сөйледі; меньшевиктерге, бундшылдарға, Троцкийге қарсы сөз сөйледі.

Съезде большевиктерді Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаттары қолдады. Оларды революциялық платформаға топтастырып, большевиктер съезде көпшілік болды, сөйтіп революциялық, маркстік бағыттың жеңісін қамтамасыз етті. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд большевиктік қарарлар қабылдады.

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Ленин жазған қарар қабылданды. Бұл қарарда съезд пролетарлық емес партиялардың бәріне — қаражүздіктерге, октябристерге, кадеттерге және эсерлерге — большевиктік баға беріп, революциялық социал-демократияның бұл партиялар жөніндегі тактикасын тұжырымдады. Бұл большевиктердің үлкен жеңісі болды. Партия, деп жазды Ленин кейіннен, «пролетарлық емес партиялар туралы Лондон қарарында революция сабақтарының негізгі қорытындыларын шығарды. Социал-демократиялық пролетариат бұл қарарда таптардың революциядағы қарым-қатынастарын дәл және айқын бағалап, барлық басты партиялардың әлеуметтік негізі мен жұмысшы қозғалысының демократия үшін күрестегі жалпы міндеттерін белгіледі» (осы том, 189-бет).

Съезд Мемлекеттік дума туралы большевиктік қарар қабылдады; онда социал-демократияның Думадағы міндеттері тұжырымдалды; социал-демократияның Думадағы қызметі Думадан тысқары қызметіне бағындырылуға тиіс, Думаны ең алдымен трибуна ретінде самодержавиені және буржуазияның келісімпаздық саясатын әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін пайдалану керек деп көрсетілді. Фракцияның есебі жөніндегі қарарында съезд Думадағы социал-демократиялық фракция съезд директиваларына сәйкес және Орталық Комитеттің басшылығымен Россия пролетариатының ісіне қызмет ете беретініне сенім білдірді.

«Жұмысшы съезі» туралы мәселе бойынша «Пролетариат ішіндегі анархистік-синдикалистік ағымға байланысты бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы» қарардың съезге Ленин әзірлеген жобасы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 10—11-беттер) негізінде жазылған большевиктік қарар қабылданды. «Кәсіптік одақтар және партия» мәселесі жөніндегі қарарда съезд кәсіподақтардың «бейтараптығы» жөніндегі оппортунистік теорияны теріске шығарып, партияның кәсіподақтарға идеялық және саяси басшылық етуіне жету қажет деп тапты. Съезд екі орталық болуын (съезде Орталық Комитеттің және Орталық Органның сайлануын) жойып, партия уставына өзгеріс енгізді. Өзгертіл-

ген устав бойынша съезде тек Орталық Комитет қана сайланды, ал Орталық Орган редакциясын Орталық Комитет тағайындап, оның жұмысына бақылау жасап отыруға тиіс болды. Уставта партия өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін мезгіл-мезгіл партиялық кеңестер шақырып отыру көзделді.

Орталық Комитетке 5 большевик, 4 меньшевик, 2 поляк социал-демократы, 1 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттыққа 10 большевик, 7 меньшевик, 3 поляк социал-демократы және 2 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитетке мүшелер және мүшелікке кандидаттар болып В. И. Ленин, Ф. Э. Дзержинский, И. Ф. Дубровинский, В. П. Ногин, Л. Б. Красин, Я. Тышка, Ю. Мархлевский және басқалар сайланды. Кейіннен Орталық Комитет құрамына тағы да 3 адам: Бундтан 2 адам және Латыш өлкесі социал-демократиясынан 1 адам енгізілді.

Әр түрлі ағымдардың өкілдері кірген Орталық Комитет тарапынан жасалатын басшылықтың сенімсіздігі (ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері большевиктер мен меньшевиктердің арасында жиі ауытқып отырды) ескеріліп, съезд жұмысының соңында, большевиктік фракцияның мәжілісінде, Ленин бастаған Большевиктік орталық сайланды, оған «Пролетарий» газетінің редакциясы да кірді.

РСДРП бесінші съезі Россия жұмысшы қозғалысында большевизмнің жеңісі болды. Съезд шешімдерінде бірінші буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі партияның орыс оппортунистік, меньшевиктік қанатын большевизмнің жеңуінің қорытындылары шығарылды. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін бірыңғай тактика есебінде мақұлданды.— *96.*

55 *Ескі «Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық маркстік құпия газет.

Лениндік «Искраның» 1900 жылдың декабрі деп белгіленген 1-номері Лейпцигте шықты; одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қоюға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен бастап

Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Исқраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, әсіресе халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысы және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру мен тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП-ның II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд өзінің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай меньшевиктер Плехановтың қолдауымен газетті өз қолдарына қаратып алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.— *109.*

56 *«Вперед»* («Алға») — большевиктік бұқаралық жұмысшы газеті, газетті Ленин басқарды; газетті «Пролетарий» редакциясы 1906 жылғы 10 (23) сентябрьден 1908 жылғы 19 январьға (1 февральға) дейін Выборгта құпия шығарып тұрды. 20 номері шықты. «Вперед» газеті екінші номерінен бастап РСДРП жергілікті комитеттерінің: 2-номері — Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің органы болып; 3—7 номерлері — Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің органы болды; 8—19 номерлері— бұлармен қоса Қазан комитетінің органы болып шықты; «Вперед» газетінің соңғы, 20-номерінде Пермь және Қазан

комитеттерінің орнына Урал облыстық комитеті деп көрсетілді.

«Вперед» газеті қалың жұмысшы және шаруа бұқарасына белгілі, түсінікті тілмен РСДРП программасын насихаттады, сонымен бірге меньшевиктер мен эсерлердің оппортунистік тактикасының зиянын көрсете отырып, революцияшыл социал-демократтардың, большевиктердің тактикасын түсіндірді, кадеттердің және басқа да буржуазиялық партиялардың антидемократиялық сипатын әшкереледі, самодержавиенің халыққа қарсы таптық табиғатын ашып көрсетті. Газет жұмысшы мәселесін (стачкаларды, локауттарға қарсы күресті, кәсіподақтарды және т. т.) кеңінен жазды, россиялық және халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың аса маңызды оқиғаларына жедел үн қосып отырды. Аграрлық мәселе, шаруалардың жер үшін күресі, шаруалар мәселесіндегі большевиктік тактиканы түсіндіру газетте үлкен орын алды. Алғашқы екі Думаны қуып тарату, екінші, әсіресе үшінші Мемлекеттік думалар сайлауы жөнінде жазып тұруға үлкен көңіл бөлінді, Думалардың таптық құрамы, революцияның түбірлі мәселелерін шешудегі олардың дәрменсіздігі көрсетілді, Думаларға козқарас жөніндегі большевиктердің тактикасы түсіндірілді.

«Вперед» газетінде партия өмірі мәселелері маңызды орын алды: РСДРП V (Лондон) съезінің, РСДРП бүкіл россиялық, қалалық және аудандық конференцияларының шешімдері басылып тұрды. «Вперед» жұмысшы оқушылармен тығыз байланыста болды.

Газетте В. И. Лениннің бірқатар мақалалары басылды.—109.

57 В. И. Ленин жазған *«Шақырымпаз-ультиматист штрейкбрехерлер»* деген мақала табылған жоқ.— *124.*

58 В. И. Ленин Петербургтен «Пролетарий» редакциясына жіберген В. О. Волосевичтің хатынан цитат келтіріп отыр.— *125.*

59 *«Петербург сайлауы»* деген мақала 1909 жылғы сентябрьде өткізілген III Мемлекеттік думаға қосымша сайлаудың қорытындысына арналған; мақала қол қойылмай, «Пролетарий» газетінің 1909 жылғы 3 (16) октябрьдегі 49-номерінде басылды.

Ленин жазған ескерту «Новый Деньнің» 1909 жылғы 24 августағы (6 сентябрьдегі) 6-номерінде жарияланған Н. Иорданскийдің «Шығар жол жоқ» деген оппортунистік мақаласына қарсы бағытталды.

«Новый День» («Жаңа Күн») — апта сайын шыққан жария газет, 1909 жылғы 20 июльден (2 августан) 13 (26) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды; 15 номері шықты.

Іс жүзінде газет редакциясы большевик И. П. Гольденберг (Мешковский) пен плехановшыл Н. И. Иорданскийден құралды; кейіннен, Иорданский кеткен соң, редакцияға М. С. Ольминский мен Ю. М. Стеклов кірді. Большевиктер газетті Петербургте III Мемлекеттік думаға қосымша сайлау науқаны кезінде пайдаланды. В. И. Ленин «Новый День»-де» «Тағы да партиялық пен бейпартиялық туралы» және ««Вехи» туралы» (қараңыз: осы том, 116—118 және 179—188-беттер) деген мақалаларын бастырды. Газетте III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшелері И. П. Покровский мен Н. Г. Полетаевтың, сондай-ақ В. Д. Бонч-Бруевичтің, М. С. Ольминскийдің мақалалары жарияланды.

Газетті полиция жауып тастады.— *133.*

60 Әңгіме К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» деген еңбегіне жазған Ф. Энгельстің «Кіріспесі» жайында болып отыр. 1895 жылғы 30 мартта Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» («Алға») газетінде «Кіріспенің» мазмұнын және одан үзінділер бергенде пролетариаттың революциялық күресі жөніндегі аса маңызды қағидалар қалдырылып кеткен, бұған Энгельс қатты наразылық білдірді. Ол 1895 жылы 1 апрельде К. Каутскийге жолдаған хатында былай деп жазды: «Мені өте қатты таңдандырып отырған нәрсе, мен бүгін «Vorwärts»-тен менің «Кіріспемнен» алынып, *менің рұқсатымсыз* басылған үзіндіні көріп отырмын, ал «Кіріспені» сондай етіп шолтитқан, мен онда қалай болған күнде де заңдылықтың бейбіт табынушысы болып шыққанмын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қазақ мемл. баспасы, 1958, 516-бет; қараңыз: бұл да сонда, П. Лафаргке хат, 517-бет).

Энгельс «Кіріспенің» толық басылуын талап етті. «Кіріспе» 1895 жылы «Die Neue Zeit» журналында жарияланды, бірақ Герман социал-демократиялық партиясы басшылығының талап етуімен мықтап қысқартылды. Одан әрі герман социал-демократиясының оппортунист лидерлері өздерінің реформистік тактикасын ақтау мақсатын көздеп, өздері бұрмалаған документті Энгельстің революциядан, қарулы көтеріліс пен баррикадалық күрестен бас тартқаны деп түсіндіріп бақты. «Кіріспенің» нағыз текстісі бірінші рет СССР-де ғана жарияланды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1955, 91--110-беттер; Ленин цитатқа алған жерін 108-беттен қараңыз).

«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891

жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол бергені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, П. Лафарг, Г. В. Плеханов және басқалар жазып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басылатын болды, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *133.*

61 *«Партияны және оның бірлігін нығайту туралы қарардың жобасын»* Ленин Орталық Орган редакциясының 1909 жылы 21—22 октябрьде (3—4 ноябрьде) өткен мәжілісінде ұсынды. Жойымпаздарға қарсы күресу үшін большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің жақындасу мүмкіндігі тууына байланысты Ленин редакциялық мақала ретінде өзінің «Біздің партияны және оның бірлігін нығайту әдістері туралы» деген мақаласын жариялауды ұсынды (мақала табылған жоқ). 1909 жылы 20 ноябрьде Поляк социал-демократиясының бас басқармасына жолдаған хатында осы мәжіліс жайында жазған «Социал-Демократ» редакциясының мүшесі А. Варскийдің айтуынша, Ленин мақалада жойымпаздыққа қарсы үзілді-кесілді күресуді талап етеді және дербес большевиктік ұйымды сақтау және нығайту қажеттігін табандылықпен қорғайды. Редакцияның көпшілігі (Г. Зиновьев, Л. Каменев, Л. Мартов және А. Варский) В. И. Лениннің мақаласын редакциялық мақала ретінде емес, оны автордың қолын қойып, айтыс мақала түрінде басып шығаруды ұсынды. Содан соң Ленин партияны және оның бірлігін нығайту туралы жалпы мәселені талқылауға қойды және жариялапып отырған қарар жобасын ұсынды. Жоба да қабылданбады.— *134.*

62 РСДРП-ның ресми өкілі ретінде Халықаралық социалистік бюроның құрамына кірген В. И. Ленин 1909 жылғы 7 ноябрьдегі бюроның он бірінші сессиясында сөз сөйледі. Бұл мәжіліс жөнінде толық есепті Лениннің «Халықаралық социалистік бюроның он бірінші сессиясы» деген мақаласынан қараңыз (осы том, 198—203-беттер).

В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 және 4-басылуларында бұл сөз «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste Interna-

tional»-дың 2-номерінде («Халықаралық Социалистік Бюроның Мерзімді Бюллетені») жарияланған есеп бойынша басылып келді. Осы басылуда бұл сөз «Leipziger Volkszeitung»-тің 1909 жылғы 13 ноябрьдегі 264-номеріне берілген қосымшаның 4-номерінде жарияланған анағұрлым толық жазба бойынша басылып отыр.

«Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») — неміс социал-демократиясының күнделікті газеті. 1894 жылдан 1933 жылға дейін шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін герман социал-демократиясы сол қанатының органы болды, бірқатар жылдар бойына газетті Ф. Меринг редакциялады. Газетке Р. Люксембург, Ю. Мархлевский және басқалар жазып тұрды. Газет 1917 жылдан 1922 жылға дейін герман «тәуелсіздерінің» органы, ал 1922 жылдан кейін оңшыл социал-демократтардың органы болды.— *135.*

63 *Бобриковшылдар*—патшаның генерал-губернаторы Н. И. Бобриковтың 1898—1904 жылдары Финляндияда жүргізген полициялық-жандармдық режимін жақтаушылар.— *137.*

64 В. И. Ленин бұл арада 1906 жылғы июльде Кронштадттағы және Свеаборг қамалындағы (Гельсингфорс маңында) солдаттар мен матростардың көтерілісін айтып отыр; патша үкіметі көтерілісті қатыгездікпен басты.— *139.*

65 В. И. Ленин бұл мақалада меньшевиктер мен «Голос Социал-Демократаның» позициясына ғана талдау жасап, Троцкийдің аталған мақаласына тоқталмауына қарағанда, мақала Ленин жазбақшы болған еңбектің бірінші бөлегі болса керек. Мақаланың екінші бөлегі табылған жоқ.— *143.*

66 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 231-бет.— *144.*

67 *Брентанолық, зомбарттық, струвелік «марксизм»* деп Ленин марксизмді буржуазиялық бұрмалаушылықтың түрлерін атайды, бұлар тұтас алғанда ««капитализм мектебін» танитын, бірақ революциялық тап күресі мектебін теріске шығаратын» ілімге келіп саяды.

Немістің буржуазиялық экономисі Луйо Брентано (1844—1931) капиталистік қоғамда «әлеуметтік татулықты», капитализмнің әлеуметтік қайшылықтарын тап күресінсіз жою мүмкіндігін уағыздады, реформистік кәсіподақтарды ұйымдастыру және фабрикалық заң шығару арқылы жұмысшы мәселесін шешуге, жұмысшылар мен капиталистер мүдделерін ымыраға келтіруге болады-мыс деп пайымдады.

Немістің басқа бір тұрпайы экономисі Вернер Зомбарт (1863—1941) өз қызметінің бастапқы кезінде «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» типтік идеолога-

рының бірі болды, одан соң капитализмнің тікелей апологеті ретінде әрекет етті. Ол маркстік теорияны бұрмалап, оның революциялық мәнін жойды, капиталистік қанауды бүркемеледі, капитализм тұсында болмай қоймайтын экономикалық дағдарыстарды теріске шығарды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде, ал буржуазиялық қоғамды «таптардың үйлесімі» ретінде бейнеледі. Одан әрі Зомбарт фашизм позициясына көшті, гитлерлік режимді мадақтады. Ол фашистік геосаясаттың негізін салушылардың бірі, нәсілшілдік теориянық көрнекті уағыздаушысы болды. Ол ұсынған қағиданы — капиталистік қоғамның дамуы ірі капиталистік кәсіпорындар ұсақ шаруалардың және қолөнершілердің шаруашылығымен қатар бейбіт өмір сүретін, оларды күйзеліске ұшыратпайтын системаның құрылуына әкеледі деген қағиданы («әлеуметтік плюрализм» теориясын) қазіргі буржуазияшыл экономистер барынша насихаттап жүр.

Россияда брентанизм мен зомбартизмге ұқсас теорияны марксизмді буржуазияның мүдделері үшін пайдалануға тырысқан «жария марксизмнің» басты өкілі П. Б. Струве таратып бақты. Ленин былай деп көрсетті: «струвизм» «марксизмнен либерал буржуазияға жарамдының бәрін» алып, «марксизмнің жанды өзегін» — оның революцияшылдығын лақтырып тастайды. Струве шетелдік тұрпайы саяси экономия өкілдерімен барлық жағынан ынтымақтас болды, капитализмге оған тән емес мақсатты—адамның барлық қажетін мейлінше толық қанағаттандыру мақсатын таңды, «капитализмнен үйренуге» шақырды, мальтусшілдікті ашықтан-ашық уағыздады. Ленин атағандай, «ренегаттықтың ұлы шебері» Струве «оппортунизмнен, «Маркстi сынаудан» бастап бірнеше жыл ішінде контрреволюциялық буржуазиялық национал-либерализмге дейін құлдырады».— *146.*

68 В. И. Ленин жойымпаз-меньшевик Ф. И. Данның РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясында «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» деген мәселе бойынша сөйлеген сөзін келтіріп отыр.— *148.*

69 1874 жылы апрельде «Россиядағы революциялық насихаттың міндеттері» деген атпен жеке кітапша болып шыққан орыс халықшылы П. Н. Ткачевтің «Вперед» журналының редакторына жазған хатынан цитат алынып отыр. Кітапшада сөзбе-сөз айтқанда былай делінген: «... біз ешқандай кейінге қалдыруға, ешқандай кешеуілдетуге жол бермейміз. *Қазір* немесе аса ұзаққа кетеді, тіпті *еш уақытта болмауы* мүмкін!»— *149.*

70 Ленин бұл арада «Шаруалардың жер иелігі мен жерді пайдалануы жөніндегі қазір қолданылып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы» 1906 жылғы 9 (22) но-

ябрьдегі указды айтып отыр, ол — Мемлекеттік думадан және Мемлекеттік советтен өткізілгеннен кейін 1910 жылғы 14 (27) июньдегі заң деп аталды. Аталған указға қосымша патша үкіметі 1906 жылы 15 (28) ноябрьде «Шаруалардың жер банкінің үлесті жерлерді залогқа алып, қарыз беруі туралы» указ шығарды. Бұл указдар бойынша шаруаларға олардың үлесті жерлерін өздерінің жеке меншігінде қалдыруға право берілді және қауымнан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығуға да право берілді. Хуторлықтардың немесе отрубтықтардың өзіне жер алу үшін Шаруалар банкі арқылы ақшадай жәрдем алуына болады. Столыпиндік аграрлық заңдардың мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтай отырып және қауымды күшпен ыдырата отырып, деревняда кулактардан самодержавиеге жаңа әлеуметтік тірек жасау болды. Столыпиндік аграрлық саясат крепостник-помещиктердің өктемдігін, меншігін және пұрсаттылығын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясын аса азапты, «пруссиялық» жолмен тездетті, шаруалардың негізгі бұқарасын күшпен экспроприациялауды күшейтті, кедейлердің үлесті жерлерін өте арзанға сатып алуға мүмкіндік алған шаруа буржуазиясының дамуын тездетті.

Ленин 1906 жылғы столыпиндік аграрлық заңды (және 1910 жылы 14 (27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы, 1861 жылғы реформадан кейінгі, екінші қадам деп атады. «Столыпиннің ескі тәртіптің және ескі крепостниктік егіншіліктің «өмірін ұзартуы»,— деп жазды Ленин,— мынада болып отыр: тағы да бір және оның бер жағында *соңғы* тығын ашылып отыр, бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тығын ашылып отыр» (Шығармалар, 18-том, 249-бет). Шаруалардың қауымнан бөлініп шығуы жөнінде үкіметтің күшті насихат жүргізгеніне қарамастан, Европалық Россияда 9 жыл ішінде (1907—1915) тек $2^1/_2$ миллионға жуық шаруа үйі ғана қауымнан шықты. Қауымнан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, сөйтіп ол өзінің шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Кедейлердің де бір бөлегі өзінің үлесті жерін сатып, деревнядан біржолата қол үзу үшін қауымнан шықты. Мұқтаждық еңсесін басқан ұсақ шаруалар шаруашылығы бәз-баяғысынша қайыршылық пен қараңғылықта қала берді.

Столыпиндік аграрлық саясат барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы негізгі қайшылықты жоймай, шаруалар бұқарасын одан әрі күйзеліске ұшыратты, кулактар мен деревня кедейлері арасындағы таптық қайшылықты шиеленістіре түсті.— *149.*

71 *Шаруалар одағы* — Бүкіл россиялық шаруалар одағы — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясы-

ның шаруалары болды. 1905 жылы 31 июльде — 1 августа (13—14 августа) Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде шаруалар одағының екінші съезі болып өтті. Осы съездерде Одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, І Мемлекеттік думаға бойкот жариялау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлық, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, оның өзі, «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шарyaның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын... ұйымы» болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *150.*

72 Бұл арада 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрельде — 8 майда) Стокгольмде өткен РСДРП IV (Бірігу) съезі айтылып отыр, онда уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымы қабылданды және Мартовтың оппортунистік тұжырымы алынып тасталды.— *153.*

73 В. И. Ленин ««Голос Социал-Демократа» және Череванин» деген мақалаға Череваниннің «Қазіргі жағдай және ықтимал болашақ. Аграрлық проблема және оны күресіп жатқан партиялардың шешуі. 3-Дума, оның пайда болу себептері мен болашағы» (1908 жылы Москвада басылған) деген кітабына қойған белгілерін, әсіресе өзінің осы кітаптың соңғы мұқаба бетіне қойған «басты-басты белгілер жиынын» пайдаланды. Лениннің Череваниннің кітабына қойған белгілері Лениннің XXVI жинағында (366—411-беттер) жарияланды.— *161.*

74 В. И. Лениннің осы мақаласы М. Горький РСДРП-дан шығарылды деп буржуазиялық газеттер таратқан ойдан шығарған өтірікке жауап болып табылады. «М. Горькийдің социал-демократтар партиясынан шығарылуы» деген қол қойылмаған заметканы бірінші болып 1909 жылы 15 ноябрьде Москва өнеркәсіпшілерінің органы «Утро России» газеті

(1907, 1909—1918 жылдарда П. П. Рябушинский шығарған) жариялады. 20 ноябрьде газет В. И. Ленин атап отырған «интервьюді» «Горький жайында А. П. Чеховтың пікірі (Көркем театрдың режиссері Л. А. Сулержицкиймен интервью)» деген тақырыппен басты, онда А. П. Чехов М. Горькийдің партияға кіруі жөнінде өкініш білдірді деп пайымдалған болатын. Бұл өтірікті теріске шығара отырып, Горький Л. А. Сулержицкийге былай деп жазды: «Ан. Пав. менің партияға кіргенім жайында еш нәрсе білуі *мүмкін емес,* мен ол қайтыс болғаннан бір жылдан кейін партияға кірдім» (М. Горький. Шығармаларының отыз томдығы, 29-том, 1955, 100-бет).—*164.*

75 *«L'Eclair»* («Найзағай») — 1888 жылдан 1939 жылға дейін Парижде шығып тұрған газет.

«Le Radical» («Радикал») — газет; 1881 жылдан Парижде шығады.

«Berliner Tageblatt» — «Berliner Tageblatt und Handelszeitung» («Берлин Күнделікті Листогы және Сауда Газеті»); 1871—1939 жылдары шықты.—*164.*

76 Бұл документ В. И. Лениннің 1909 жылы ноябрьдің аяғында жазған мақаласының басы (мақаланың аяғы табылған жоқ). Мақала «Пролетарийдің» 50-номеріне арналып жазылған болатын, бірақ басылған жоқ. Мұның орнына Ленин «Қазіргі идеялық ауа жайылушылықтың кейбір негіздері туралы» деген мақала жаза бастады, бұл мақаланың бірінші бөлімі 1909 жылғы 28 ноябрьде (11 декабрьде) «Пролетарийдің» 50-номерінде басылды (қараңыз: осы том, 143—151-беттер).

«Пролетарийдің» осы номерінде «Жұмысшы қозғалысынан» деген бөлімде Петербургтен «Тр.» деп қол қойған «бұрынғы искрашыл және қарт большевиктің» хаты жарияланды, В. И. Ленин осы мақаласында сол хатқа талдау жасап, одан цитат келтіреді. — *166.*

77 Осы мақала жарыққа шығардан бұрын В. И. Ленин 1909 жылғы 29 октябрьде (жаңаша) Льежде көпшілікке арнап «Контрреволюциялық буржуазияның идеологиясы» деген реферат оқыды; 26 ноябрьде Ленин Парижде «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы («Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)» деген реферат оқыды; рефераттың жоспарын осы томның 469-бетінен қараңыз. — *179.*

78 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — газет, оны 1756 жылдан бастап Москва университеті бастапқы кезде шағын листок түрінде шығарған. 1863 жылдан газет М. Н. Катковтың қолына көшті де, помещиктер мен дін басыларының ең реакцияшыл топтарының көзқарастарын

жүргізген монархиялық-ұлтшылдық органға айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің ең басты органдарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды. — *181.*

79 *«Төрт талап»* — демократиялық сайлау жүйесінің қысқартылған аты, оған төрт талап: жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы жатады. — *185.*

80 Жоғары мүліктік сайлау цензін төмендету жөніндегі талапқа 1840—1848 жылдардағы француз үкіметінің іс жүзіндегі басшысы, 1847 жылы Министрлер советі председателі болып ресми тағайындалған Гизо «Мырзалар, байыңдар, сіздер де сайлаушы боласыздар» деген сөздермен жауап берді.
П. А. Столыпин өзінің 1908 жылы 5 (18) декабрьде III Мемлекеттік думаның мәжілісінде сөйлеген созінде үкімет «сорлылар мен маскүнемдерге емес, әлділер мен күштілерге үміт артады» деп 1906 жылғы 9 (22) ноябрьдегі указдың негізгі мазмұнын білдірді. — *186.*

81 Әңгіме РСДРП бесінші (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» қарары жөнінде болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229—231-беттер). — *189.*

82 «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» деген қарарды қараңыз («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269—272-беттер). — *189.*

83 *«Московский Еженедельник»* («Москва Апталығы») — журнал, ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы — «Бейбіт жаңарту партиясының» органы; князь Е. Н. Трубецкойдың редакциясымен 1906 жылдан 1910 жылға дейін Москвада шығып тұрды; Н. Н. Львов, В. А. Маклаков, Г. Н. Трубецкой және басқалар журналдың ең белсенді қызметкерлері болды; журналға «вехишілдер» Н. А. Бердяев, М. О. Гершензон, П. Б. Струве және басқалар қатысты. — *193.*

84 *«Трибуна»* («De Tribune») — 1907 жылы Голланд социал-демократиялық жұмысшы партиясының сол қанаты (Паннекук, Гортер, Вайнкоп, Генриетта Роланд-Гольст) негізін салған газет. 1909 жылдан, солшылдар партиядан шығарылып, олар Голландия социал-демократиялық партиясын құрғаннан кейін, осы партияның органы болды; 1918 жылдан — Голланд коммунистік партиясының органы; осы атпен 1937 жылғы апрельге дейін шығып тұрды. — *200.*

85 *Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VII конгресі) 1907 жылы 18—24 августа болып өтті. Конгресс туралы В. И. Лениннің «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс» деп аталған екі мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79, 82—94-беттер). — *200.*

86 *Америка социалистік жұмысшы партиясы* 1876 жылы Филадельфиядағы бірігу съезінде I Интернационалдың америкалық секциялары мен басқа социалистік ұйымдардың қосылуы нәтижесінде құрылды. Съезд Маркс пен Энгельстің серігі Ф. А. Зоргенің басшылық етуімен өтті. Партияның басым көпшілігі Американың байырғы жұмысшыларымен жөнді байланысы жоқ иммигранттар болды. Алғашқы жылдары партиядағы басшылық лассальшылдардың қолында болды, олар сектанттық-догматтық сипатта қателер жіберді. Партия басшыларының бір бөлегі партияның басты міндеті парламенттік қызмет деп біліп, бұқараның экономикалық күресіне басшылық етудің маңызын жете бағаламады, ал басқа бөлегі тред-юнионизмге және анархизмге бой ұрды. Басшылықтың идеялық және тактикалық тұрлаусыздығы партияны әлсіретуге және одан бірнеше топтардың бөлініп шығуына әкеліп соқтырды. Маркс пен Энгельс америкап социалистерінің сектанттық тактикасын қатты сынады.

90-жылдары Социалистік жұмысшы партиясының басшылығына партияның Д. де-Леон бастаған сол қанаты келді, бірақ олар анархистік-синдикалистік сипаттағы қателерге жол берді. Социалистік жұмысшы партиясы жұмысшы табының жекелеген талаптары үшін күрестен, реформистік кәсіподақтарда жұмыс істеуден бас тартып, бұқаралық жұмысшы қозғалысымен онсыз да нашар байланысын барған сайын әлсірете түсті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік жұмысшы партиясы интернационализмге қарай ойысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының ықпалымен партияның неғұрлым революцияшыл бөлегі Америка Коммунистік партиясын құруға белсене қатысты. Қазіргі кезде Социалистік жұмысшы партиясы Америка Құрама Штаттарындағы жұмысшы қозғалысына ықпалы жоқ саны аз ұйым болып қалды. — *202.*

87 *Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы* (Independent Labour Party)—стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партиялардан тәуелсіздік алу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны Кейр Гарди бас-

қарды. Өндірістің, бөлістің және айырбастың барлық құрал-жабдықтарын коллектив болып иелену, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, балалар еңбегіне тыйым салу, әлеуметтік қауіпсіздендіруді және жұмыссыздық жөнінен жәрдем берілуін енгізу жолында күресуді партия өзінің программасы етіп қойды.

Ф. Энгельс Тәуелсіз жұмысшы партиясы Социал-демократиялық федерацияның сектанттық қателеріне ұрынбайды және шын мәніндегі бұқаралық жұмысшы партиясы болады деп сеніп, оның құрылуын мақұлдап қарсы алды. Бірақ Тәуелсіз жұмысшы партиясы құрылғаннан бастап-ақ буржуазиялық реформистік позицияда болды, негізгі назарын күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік келісімдер жасасуға аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде мұның өзі әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия», бұл партия «тек социализмнен ғана «тәуелсіз», ал либерализмге өте тәуелді» (Шығармалар, 29-том, 494-бет; 18-том, 366-бет).— *202.*

88 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп оларды самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзі-

лік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты.

Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрыныракта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлігі Лондондағы реакциялық поляк эмигранттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлігі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлігі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды. — *202.*

89 *Америка социалистік партиясы* 1901 жылы июльде Индианополистегі съезде Америка Құрама Штаттарының Социалистік жұмысшы партиясы мен Социал-демократиялық партия-

сынан бөлініп шыққан топтардың бірігуі нәтижесінде қалыптасты, ал Социал-демократиялық партияны ұйымдастырушылардың бірі Америка Құрама Штаттарындағы жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Юджин Дебс болған еді. Ол жаңа партияның негізін салушылар қатарында да болды. Партияның әлеуметтік құрамы әр текті еді: оған американ жұмысшылардың бір бөлегі, иммигрант-жұмысшылар, сондай-ақ ұсақ фермерлер және ұсақ буржуазиядан шыққандар кірді. Партияның центристік және оңшыл оппортунистік басшылығы (Виктор Л. Бергер, Морис Хиллквит және басқалар) пролетариат диктатурасының қажеттігін теріске шығарды, партияның қызметін негізінен сайлау науқандарына қатысумен шектеп, күрестің революциялық әдістерінен бас тартты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Социалистік партияда үш ағым болды: социал-шовинистер — үкіметтің империалистік саясатын қолдады; центристер империалистік соғысқа тек сөз жүзінде ғана қарсы шықты; революциялық азшылық — интернационалистік позиция ұстады және соғысқа қарсы күресті.

Социалистік партияның Чарлз Рутенберг, Уильям Фостер, Уильям Хейвуд және басқалар бастаған сол қанаты пролетарлық элементтерге сүйене отырып, партияның оппортунистік басшылығына қарсы, пролетариаттың дербес саяси әрекет жасауы үшін, тап күресі принципі негізінде өндірістік кәсіподақтар құру үшін күрес жүргізді. 1919 жылы Социалистік партия жікке бөлінді. Социалистік партиядан шыққан сол қанат Америка Құрама Штаттарының Коммунистік партиясын құрудың инициаторы әрі негізгі ұйтқысы болды.

Қазіргі кезде Социалистік партия саны аз сектанттық ұйым болып қалды. — *202.*

90 *«Вперед» тобы* — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антибольшевиктік, антипартиялық тобы; ультиматистік-шақырымпаздық фракциялық орталық — Капридегі мектеп сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, 1909 жылы декабрьде А. Богданов пен Г. Алексинскийдің инициативасымен құрылды; «Вперед» деп аталатын баспа органы болды.

Впередшілдердің большевиктерге қарсы күресі барып тұрған принципсіздігімен және қандай айла-амалдан да жиренбейтіндігімен ерекшеленді. 1910 жылғы Январь пленумында впередшілдер голосшыл-жойымпаздармен және троцкистермен тізе қосты. Впередшілдер пленумге өз тобын «партиялық баспа тобы» ретінде мойындатып, оның басылымдары үшін Орталық Комитеттен ақшалай жәрдем алып, пленумнан кейін пленум шешімдерін ультиматистік-шақырымпаздық позициядан қатты сынға алды және оларға бағынудан бас тартты. Прага партия конференциясынан кейін впередшілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте

жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірігіп кетті.

«Вперед» тобының антипартиялық және антимарксттік принципсіздік іс-әрекеттері жұмысшыларды одан бездірді. «Бұл топтың ықпалы,— деп жазды Ленин,— әрқашан өте шамалы болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген әр түрлі және дәрменсіз шетелдік топтармен келісімге келудің арқасында ғана амалдап өмір сүрді» (Шығармалар, 17-том, 531-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы іс жүзінде 1913 жылы тарап кетті, ал формальды түрде 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *204.*

91 *РСДРП Орталық Комитетінің пленумы,* «бірігу» деген атпен мәлім болған пленум, 1910 жылы 2—23 январьда (15 январь — 5 февральда) Парижде өтті.

Партияны және оның бірлігін нығайтудың жолдары мен әдістері туралы мәселе 1909 жылдың күзінде ерекше қатты қойылды. 1909 жылы ноябрьде В. И. Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің шешіміне сәйкес жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы бірігіп күресу үшін большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасуының, блок жасасуының жоспарын ұсынды. Лениндік жоспарға қарама-қарсы ымырашылдар Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев және А. И. Рыков большевиктерді голосшыл-меньшевиктермен (жойымпаздармен) және троцкистермен біріктіруге тырысып бақты, ал мұның мәнісі — большевиктік партияны іс жүзінде жою болар еді. Орталық Комитеттің мүшелері И. Ф. Дубровинский мен В. П. Ногин де қобалжып ымырашылдық жасады. Партиядағы және Россиядағы жағдай партиялық күштерді біріктіруге байланысты мәселелерді қайткенде де шешуді талап еткендіктен, большевиктер 1909 жылы 1 (14) ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына таяу арада партияның Орталық Комитетінің пленумын шақыру қажеттігі туралы мәлімдеме жолдады.

Орталық Комитеттің Январь пленумы жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері қатысты. Пленумда ымырашылдар көпшілік болды.

Ленин пленумда оппортунистер мен ымырашылдарға қарсы табанды күрес жүргізіп, жойымпаздық пен шақырымпаздықты батыл айыптауды талап етті, большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындастыру бағытын ұстады. Ленин кейіннен пленумдағы жағдайды сипаттай келіп, М. Горькийге былай деп жазды: «үш апта әуре-сарсаң болдық, барлық нервілеріміз қажып бітті, жүз мың шайтан басқыр!» (Шығармалар, 34-том, 428-бет).

Пленумның күн тәртібінде мына мәселелер тұрды: 1) Орталық Комитеттің Орыс бюросының есебі; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының есебі; 3) Орталық Орган

редакциясының есебі; 4) Ұлттық социал-демократиялық партиялардың орталық комитеттерінің есептері; 5) Партия ішіндегі істің жайы; 6) Кезекті партия конференциясын шақыру туралы; 7) РСДРП Орталық Комитетінің Уставы және басқа мәселелер.

Негізгі мәселені — партия ішіндегі істің жайы туралы мәселені талқылағанда голосшыл-меньшевиктер впередшілдермен блок жасасып және троцкистердің қолдауымен пленумда жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғауға тырысты. Бірақ Лениннің талап етуімен пленум «Партия ішіндегі істің жайы туралы» қарар қабылдады, ол «жойымпаздықты кінәлайтын және социал-демократияның думалық жұмысын, сондай-ақ жария мүмкіндіктерді пайдалануын мойындауды сөзсіз талап ететін 1908 жылғы декабрь қарарларының турадан-тура, тікелей қорытындысы, табиғи жалғасы мен аяқталуы» болды (Шығармалар, 17-том, 210-бет). Голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдер мен троцкистердің қысымымен ымырашылдар және ұлттық ұйымдардың өкілдері қарарда жойымпаздар мен шақырымпаздарды өз аттарымен атамауға келісім жасасқанына қарамастан, пленум қарары жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады, бұл ағымдардың қауіпті екенін және олармен күресу қажеттігін мойындады.

Кейіннен Ленин Январь пленумының маңызына баға бере келіп, былай деп көрсетті: пленум РСДРП V (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының қарарын дамыта отырып, жойымпаздық пен шақырымпаздық — пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың көрінісі деп қаулы қабылдап, партияның контрреволюция дәуіріндегі тактикалық бағытын біржолата белгілеп берді. Пленум сондай-ақ партияның шын бірлігін осы тарихи кезеңдегі партияның идеялық-саяси міндеттеріне байланысты етіп құру қажеттігі жөнінде мәселе қойды.

Сонымен қатар Ленин пленумның ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады. Ымырашылдар Троцкиймен одақтасып, Лениннің наразылығына қарамастан, партияның орталық мекемелеріне партияшыл-меньшевиктерді емес, голосшыл-меньшевиктерді (жойымпаздарды) өткізді. Пленум Троцкийдің газеті — веналық «Правдаға» ақшалай жәрдем көрсету және оның редакциясына Орталық Комитеттің өкілін енгізу жөнінде қаулы алды. «Вперед» тобы партиялық баспа тобы деп танылды. Большевиктік орталық таратылып, «Пролетарий» газетінің шығарылуы тоқтатылды; большевиктер мүліктерінің бір бөлегін Орталық Комитетке берді, ал қалған бөлегі аралық адамдарға, сақтаушылар деп аталатындарға (К. Каутскийге, Ф. Мерингке, К. Цеткинге) тапсырылды, бұлар, голосшыл-меньшевиктер өздерінің фракциялық орталығын жойып, өздерінің фракциялық органын шығаруды тоқтатқан күнде, бұл мүліктерді екі жыл ішінде Орталық Комитетке өткізуі керек болды. Пленум

«Фракциялық орталықтар туралы» шешімде «партия мен партия бірлігінің мүдделері *«Голос Социал-Демократа»* газетінің ең таяу болашақта жабылуын талап етеді» деп атап көрсетті. Бірақ, Ленин жазғандай, пленум голосшылдар (жойымпаздар) мен впередшілдердің өздерінің фракциясын таратып, фракциялық басылымдарды тоқтатуға тек сөз жүзінде берген уәдесімен шектелді. Пленумның ымырашылдық шешімдері жойымпаздар мен шақырымпаздарға тиімді болды және партияға үлкен зиянын тигізді.

Голосшыл-меньшевиктер, впередшілдер және троцкистер пленум шешімдеріне бағынудан бас тартты. «Голос Социал-Демократа» жабылған жоқ. Жойымпаздар өздерінің органы —«Наша Заряны» Россияда жария шығарды, оған голосшылдар жазып тұрды. «Вперед» тобы да өзінің жікшілдік қызметін тоқтатқан жоқ. Троцкистік «Правда» редакциясы Орталық Комитеттің бақылауына бағынудан бас тартты. Партияның орталық мекемелеріне кіріп алған жойымпаз-меньшевиктер олардың қызметін жөнге салдырмай, жергілікті партия ұйымдарының жұмысын бүлдіріп отырды.

Осыған байланысты 1910 жылы күзде большевиктер Январь пленумында фракциялар қабылдаған келісімдерді өздеріне міндетті деп санамайтынын мәлімдеді. Большевиктер өз органы —«Рабочая Газетаны» шығара бастады. Олар жаңадан пленум шақыруды алға қойып, оздерінің Орталық Комитетке шартты түрде берген мүліктерін және ақша қаражаттарын қайтаруды талап етті.

Январь пленумының протоколдары табылған жоқ. Пленум жұмысы, онда жойымпаздармен, впередшілдермен, троцкистермен және ымырашылдармен болған күрес В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласында (осы том, 257—330-беттер) жан-жақты баяндалады.— *207.*

92 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 314—325-беттер). — *207.*

93 *«Жойымпаздар «Голосы» партияға қарсы»* деген мақаланы В. И. Ленин «Социал-Демократ» газетінің 12-номеріне арнап, редакциялық мақала ретінде жазды. 1910 жылы марттың екінші жартысында мақала жеке оттиск етіліп шығарылды, одан соң барып «Социал-Демократ» газетінде басылды. — *217.*

94 *«Дискуссионный Листок»* («Айтыс Листогы»)—РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократқа» қосымша; РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының қаулысы бойынша 1910 жылғы 6 (19) марттан 1911 жылғы 29 апрельге (12 майға) дейін Парижде шығып тұрды. Үш номері

шықты. Редакция құрамына большевиктерден, меньшевиктерден, ультиматистерден, бундшылдардан, плехановшылдардан, поляк социал-демократиясынан және Латыш өлкесі социал-демократиясынан өкілдер кірді. «Дискуссионный Листоктың» бірінші және екінші номерлерінде В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласы; үшінші номерінде — «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақаласы (қараңыз: осы том, 257—330, 389—409-беттер) жарияланды. — *217.*

95 Әңгіме РСДРП Орталық Комитеті Шетелдік бюросының «Шетелдегі барлық жолдастарға» хаты туралы болып отыр, ол хат 1910 жылы 3 (16) мартта жеке листок болып шықты.

Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын (ОКШБ) Орталық Комитеттің Орыс бюросына бағынатын шетелдегі жалпы партиялық өкілдік ретінде (құрамында үш адам) 1908 жылы августа РСДРП Орталық Комитетінің пленумы құрды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының міндеті Россияда жұмыс істейтін Орталық Комитетпен және шетелде жұмыс істейтін Орталық Комитет мүшелерімен ұдайы байланыс жасап отыру, РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың және олардың Орталық бюросының қызметін бақылау, шетелдегі ұйымдардың Орталық Комитет кассасына өткізуге тиісті ақшасын қабылдау және Орталық Комитеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыру болды. РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың бәрін біріктіру және оларды бірыңғай жалпы партиялық басшылыққа бағындыру мақсатымен Орталық Комитеттің август пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына бұл топтардың арнаулы съезін өткізуді тапсырды. Бірақ жойымпаз-меньшевиктер қолға түсіріп алған Шетелдік топтардың Орталық бюросының қасарыса қарсыласуы салдарынан Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы 1909 жыл бойына съезді шақыра алмады.

Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын қайта құрып, оның жалпы партиялық істерге басшылық етудегі ролін шектеді, бірақ тиісінше Орталық Комитеттің Орыс бюросының өкілдігін күшейтті. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы 5 адамнан белгіленді, олардың үшеуі ұлттық ұйымдардың орталық комитеттерінің өкілдері болды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мыналар кірді: большевиктерден — А. И. Любимов, меньшевиктерден — Б. И. Горев (Гольдман), поляк социал-демократтарынан — Я. Тышка, бундшылдардан — Ионов (Ф. М. Койген) және латыш социал-демократтарынан — Я. А. Берзин. Көп кешікпей Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы өзгерді; оған большевиктерден Н. А. Семашко (Александров), бундшылдардан М. И. Либер және латыш социал-демократтарынан Шварц (Ю. Элиас) кірді; соңғы екеуі — жойымпаздар.

Сонымен, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында тұрақты жойымпаздық көпшілік қалыптасты, ол партияның орталық мекемелерінің жұмысына қалайда іріткі салуға тырысып бақты. Орталық Комитеттің январь пленумының шешімдерін жойымпаздардың орындамауымен байланысты большевиктер Орталық Комитеттің пленумын өткізуге күш салды, бірақ Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы оны үнемі шақыртпай тастап отырды, бұл әрекетінен оның антипартиялық позициясы ерекше айқын көрінді. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жойымпаздық тактикасы большевиктердің өкілі Н. А. Семашконың 1911 жылы майда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы құрамынан шығу туралы өтініш беруге мәжбүр болуына әкеп соқтырды.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылы июньде Парижде өткізілген кеңесі Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының саяси бағытын айыптаған шешім қабылдады. Кеңестің қарарында Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бірқатар жағдайларда, мысалы, РСДРП-ның шетелдік топтарын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселеде, Россиядағы социал-демократиялық жария басылымдарды қолдап отыру туралы мәселеде және көптеген басқа мәселелерде 1910 жылғы пленумның қаулыларын бұзып, антипартиялық, фракциялық саясат жолына түскендігі айтылды. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық әрекеттерін айыптап, оның одан арғы болу-болмауы туралы мәселені РСДРП Орталық Комитетінің ең таяуда өтетін пленумының шешуіне тапсырды.

1911 жылы ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан поляк социал-демократиясының өкілі, одан соң латыш социал-демократиясының өкілі де кейін шақырып алынды. 1912 жылы январьда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы өзінен-өзі таратылды. — *222.*

96 *«Геростратша әйгілі документ»*— жойымпаздардың көзқарасын уағыздаған «Ашық хат»— оған меньшевиктер: С. О. Цедербаум (Августовский); М. С. Макадзюб (Антон); В. К. Иков (Вадим); Л. Н. Радченко (В. Петрова); Б. С. Цейтлин (Георгий); В. О. Цедербаум (Георг); В. А. Гутовский (Евг. Га — аз); Г. И. Пригорный (Крамольников); Б. А. Гинзбург (Д. Кольцов); Р. С. Гальберштадт (Нат. Михайлова); К. М. Ермолаев (Роман); М. Л. Хейсин (Ромул); С. И. Португейс (Соломонов); Ф. А. Липкин (Череванин); П. А. Бронштейн (Юрий); Я. А. Пилецкий (Я. П.— ий) қол қойды. — *223.*

97 *Орталық Комитеттің Орыс бюросы* Орталық Комитет мүшелерінің Россияда жұмыс істейтін коллегиясының жалпы жиналысында сайланды. Бюро Орталық Комитеттің жалпы жиналыстары аралығында Орталық Комитеттің орыс колле-

гиясының барлық істерін басқарды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 319—320-беттер). — *223.*

98 *«Орталық Комитеттің Россияда қызмет етуші мүшелерінің бірі»*— В. П. Ногин. — *224.*

99 *«Освобождениешілдер»*—«Освобождение» журналының төңірегіне топтасқан либерал буржуазияның өкілдері.

«Освобождение» («Азаттық»)—екі аптада бір рет шығып тұрған журнал; 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциясымен шетелде шығып тұрды. Оппозициялық земство қозғалысының негізінде туған «Освобождение» іс жүзінде орыс либерал буржуазиясының органы болып, баяу-монархистік либерализм идеяларын жүргізіп отырды. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құралып (1904 жылғы январьда қалыптасты да), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституционалистермен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған кадеттер партиясының— Россиядағы басты буржуазиялық партияның ұйтқысы болды. — *228.*

100 Ф. Энгельстің ағылшын тілінде шыққан «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген кітапшасына жазған өзінің кіріспесін қараңыз; онда ол 1892 жылы былай деп жазды: «Жеңістің, ең болмағанда, сол кездің өзінде-ақ жинап алуға боларлық пісіп жетілген жемістерін буржуазияның қамтып қалуы үшін революцияны бұл мақсаттан едәуір әрірек апару керек болды...» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 95-бет).—*229.*

101 В. И. Ленин Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» романының қаһарманы Волгиннің сөзін келтіріп отыр (қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағы, XIII том, 1949, 197-бет).—*231.*

102 Қараңыз: РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясы қабылдаған «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» қарар («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 269—272-беттер).— *238.*

103 *«31 март декларациясы»* — 1909 жылғы 24 августағы (6 сентябрьдегі) «Ережелерге» байланысты 32 депутат қол қойған Думадағы социал-демократиялық фракцияның сұрауын талқылағанда министрлер Советінің председателі П. А. Столы-

пиннің сөйлеген сөзі газеттерде осылай аталды. Бұл «Ережелер» бойынша әскери және әскери-теңіз ведомстволарына қатысты мәселелердің бәрі Мемлекеттік думаның қарауынан алынып тасталды.— *239.*

104 Бұл арада 1910 жылы 14—20 мартта (27 март — 2 апрельде) Петербургте өткен біріккен дворяндардың VI съезінде граф А. А. Бобринскийдің «Мемлекеттік думада қоғам құрылысы мен дворяндарға тіл тигізілгені» туралы баяндамасы айтылып отыр. Біріккен дворяндар советі — 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылған крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы; 1917 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктердің советі» деп атады.— *240.*

105 *«Жас түріктер»* — 1889 жылы Стамбулда негізі қаланған, «Бірлік және прогресс» деп аталған түрік буржуазиялық-помещиктік ұлтшыл партиясының мүшелерін Европада осылай атаған. Жас түріктер сұлтанның абсолютистік өкімет билігін шектеуге және феодалдық империяны буржуазиялық конституциялық-монархиялық мемлекетке айналдыруға, елдің экономикалық және саяси өмірінде түрік буржуазиясының ролін күшейтуге тырысты. Армияның қолдауымен жоғарыдан жасалған буржуазиялық революцияның нәтижесінде 1908 жылы июльде өкімет басына келген жас түріктер үкіметі монархияны сақтап қалды және реакциялық саясат жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыста Туркия жеңіліске ұшырағаннан кейін (1918 жылғы күзде) жас түрік партиясы өзін таратылды деп жариялады.— *243.*

106 РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі екінші топтың аталып отырған қарары 1910 жылғы 30 марттағы (12 апрельдегі) жиналыста қабылданып, жеке листовка етіліп басылды. Қарар Орталық Комитеттің январь (1910) пленумының шешімдерін жойымпаздардың жүзеге асырмауға тырысқан әрекеттерін айыптады және барлық партиялық социал-демократтарды, олардың ішінде партияшыл-меньшевиктерді де, пленум шешімдерін іс жүзінде жүзеге асыруға, жікшілдер мен жойымпаздарға қарсы күресте ынтымақты болуға шақырды. Қарар шақырымпаздық пен ультиматизмді жақтаушылардан пленум шешімдерін орындауды және антипартиялық «Вперед» тобын жоюды талап етті.

РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі екінші топ 1908 жылы 5 (18) ноябрьде құрылды. Ол Париждегі меньшевиктермен ортақ топтан бөлініп шықты; большевиктерді, олардың ішінде Большевиктік орталықтың мүшелерін біріктірді.— *251.*

107 *Махистер* — махизмді яки эмпириокритицизмді жақтаушылар. Бұл реакциялық субъективтік-идеалистік философия-

лық ағым XIX ғасырдың аяғында — XX ғасырдың басында Батыс Европада кең таралды. Мұның негізін австриялық физик әрі философ Э. Мах пен неміс философы Р. Авенариус салды. Махизм буржуазиялық идеалистік философияның жұмысшы табына мейлінше қауіпті бағыты болды, өйткені ол сөз жүзінде идеализмге қарсы шығып, қазіргі жаратылыс тану ғылымына сүйенген болды, сөйтіп оған сырттай қарағанда «ғылыми» түр берді. Реакция жылдарында Россияда социал-демократиялық интеллигенцияның бір бөлегі махизмнің ықпалына түсті. Махизм әсіресе интеллигент-меньшевиктердің арасында (Н. Валентинов, П. Юшкевич және басқалар) кең тарады. Большевиктерден де әдебиетшілердің бір бөлегі (В. Базаров, А. Богданов, А. Луначарский және басқалар) махизм позициясына түсті. Орыс махистері марксизмді дамыту туралы екіжүзді сөздерді бетке ұстап, іс жүзінде маркстік философияның негіздеріне ревизия жасады. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында махизмнің реакциялық мәнін ашып берді, маркстік философияны ревизионистердің қастандығынан сақтап қалды, диалектикалық және тарихи материализмді жаңа тарихи жағдайда жан-жақты дамытты. Махизмді талқандау меньшевизмнің, шақырымпаздық пен құдай жасампаздықтың идеялық позицияларына аса күшті соққы болып тиді.— *269.*

108 В. И. Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің лассальшылдар мен эйзенахшылдардың бірігуі жайында 1875 жылы А. Бебель мен В. Браккеге жазған хаттарындағы пікірі туралы айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 314—325-беттер).

Лассальшылдар мен эйзенахшылдар — XIX ғасырдың 60-жылдары мен 70-жылдарының бас кезінде герман жұмысшы қозғалысында болған екі партия; негізінен тактика мәселелері жөнінде, ең алдымен сол жылдардағы Германияның саяси өміріндегі ең көкейтесті мәселе: Германияны қайта біріктіру жолдары туралы бұл екі партияның арасында кескілескен күрес болды.

Лассальшылдар — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі Ф. Лассальдың жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері; бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигте болған съезінде — жұмысшы табын өз ықпалына бағындыруға тырысқан буржуазияшыл прогрессистерге қарсы құрылды. Одақтың бірінші президенті Лассаль болды, ол одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдады. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес — одақтың саяси программасы, мемлекеттің жәрдем ақшасымен жұмысшылардың өндіргіш ассоциацияларын құру — оның экономикалық программасы

деп жарияланды. Пруссияның гегемон болуына бейімделген Лассаль мен оның жақтастары өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державалық саясатын қолдады; «объективтік жағынан алғанда,— деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылы 27 январьда К. Маркске,— бұл бүкіл жұмысшы қозғалысында пруссактардың пайдасына жасалған арамдық пен опасыздық болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс лассальшылдықтың теориясын, тактикасын және ұйымдық принциптерін герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде талай рет қатты сынады.

Эйзенахшылдар — Эйзенахтағы құрылтай съезінде 1869 жылы құрылған Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшелері. Эйзенахшылдардың көсемі А. Бебель мен В. Либкнехт болды, оларға К. Маркс пен Ф. Энгельс идеялық ықпал жасап отырды. Эйзенах программасында Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзін «Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің секциясы деп санайды және оның талаптарын қостайды» деп көрсетілген. Маркс пен Энгельс ұдайы кеңес беріп, сын пікірлер айтып отыруы арқасында эйзенахшылдар лассальдық Жалпы герман жұмысшы одағына қарағанда неғұрлым дәйекті революциялық саясат жүргізді; атап айтқанда, Германияны қайта біріктіру мәселелерінде олар «пруссактікке, бисмаркшілдікке, ұлтшылдыққа аз да болса кеңшілік беруге қарсы күресіп, демократиялық және пролетарлық жолды дәйекті түрде жақтады» (В. И. Ленин. Шығармалар, 19-том, 292-бет).

Жұмысшы қозғалысының өрлеуі және үкімет тарапынан қуғын-сүргіннің күшеюі әсерімен екі партия 1875 жылы Готада болған съезде Германияның біртұтас социалистік жұмысшы партиясы (кейіннен — Германия социал-демократиялық партиясы) болып бірікті.— *271.*

109 *«Г. В. Плехановтың «Дневниктеріне» қажетті қосымша»* — Г. В. Плехановқа қарсы бағытталған жойымпаздық-меньшевиктік листок; 1910 жылы апрельде «Голос Социал-Демократа» редакциясы шығарған.— *272.*

110 *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шыққан жария журналы; 1910 жылғы январьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалар жазып тұрды. «Наша Заряның» төңірегінде Россиядағы жойымпаздардың орталығы құрылды. 1912 жылғы РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілген: ««Наша Заря», «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір топ социал-демократтар бүкіл пар-

тия пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың нәтижесі деп тапыған ағымды ашық қорғауға шықты» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 371-бет).

«Возрождение» («Жаңару») — жойымпаз-меньшевиктердің жария журналы; 1908 жылғы декабрьден 1910 жылғы июльге дейін айына бір рет, ал 1910 жылы айына екі рет Москвада шығып тұрды. Журналға Ф. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және басқалар жазып тұрды.— *282.*

111 *Екінші впередшіл* — В. Л. Шанцер (Марат).— *292.*

112 *Жоресшілдер* — француз социалисі Ж. Жорестің жақтастары. «Сын еркіндігі» талабын желеу етіп, жоресшілдер марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасады, пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымақ жасауын уағыздады. 1902 жылы олар реформистік позицияда тұрған Француз социалистік партиясын құрды.

Эрвешілдер — француз социалисі Г. Эрвенің жақтастары, ол әуелі анархистерге қосылды, содан соң социалистік партияға кіріп, сонда «әсіре солшыл» позиция ұстады. В. И. Ленин эрвеизмді «Штутгарттағы халықаралық социалистік конгресс», «Соғыс құмар милитаризм және социал-демократияның антимилитаристік тактикасы» деген мақалаларында жан-жақты сынға алды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 72—79, 82—94-беттер және 17-том, 201—213-беттер).

Гедшілдер — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы француз социалистік қозғалысындағы революциялық маркстік ағым, оны Ж. Гед пен П. Лафарг басқарды. 1882 жылы, Франция жұмысшы партиясы Сент-Этьенн конгресінде жікке бөлінгеннен кейін, гедшілдер дербес партия құрып, ескі атын сақтап қалды. Гедшілдер партияның 1880 жылы қабылданған, теориялық бөлегін К. Маркс жазып берген Гавр программасынан айныған жоқ, пролетариаттың дербес революциялық саясатын қорғады. Францияның өнеркәсіп орталықтарында олардың ықпалы зор болды, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін біріктірді.

Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция Социалистік партиясына бірікті (оның мүшелері де көсемінің есімімен — гедшілдер деп аталды). 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде Біріккен француз социалистік партиясының басшылары (Гед, Самба және басқалар) жұмыс-

шы табының ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына көшті.— *292.*

113 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позицияда болды.

Журнал Герман социал-демократиялық партиясының Дрездендегі съезінде қабылданған «Партияның тактикасы туралы» қарарын сынады; бұл қарар ревизионизмге қарсы бағытталған болатын.

Герман социал-демократиясының Дрезден съезі 1903 жылғы 13—20 сентябрьде болды. Съезде партия тактикасы туралы және ревизионизмге қарсы күрес туралы мәселеге баса назар аударылды. Съезде Э. Бернштейннің, П. Гёрэнің, Э. Давидтың, В. Гейненің және басқа кейбір неміс социал-демократтарының ревизионистік көзқарастары сыналды. Съездің басым көпшілік дауыспен (11 дауысқа қарсы 288 дауыспен) қабылданған қарарында былай делінген: «Партия съезі біздің сыннан өткен, жеңістерге жеткізген, тап күресіне негізделген байырғы тактикамызды өзгертуге, өзгерткенде жауымызды талқандау жолымен саяси билікті жеңіп алу орнына өмір сүріп отырған құрылысқа кеңшілік жасау саясатын қою мағынасында жасалған ревизионистік әрекетті барынша батыл айыптайды» («Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903». Berlin, 1903, S. 418). Мұндай қарар қабылдаудың белгілі бір дәрежеде жақсы маңызы болды. Алайда съезд ревизионизммен күресте жеткілікті дәйектілік көрсете алмады; ревизионистер партиядан шығарылмады, олар съезден кейін де өздерінің оппортунистік көзқарастарын насихаттай берді. Кейініректе Дрезден съезінің осы қарары Амстердамдағы халықаралық социалистік конгрестің (август, 1904) «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» туралы мәселе жөніндегі қарарында толық дерлік қайталанды.— *297.*

114 *««Кавказдан жазылған хаттың» авторы К. Ст. жолдас»* — И. В. Сталин. Оның тифлистік жойымпаздарға қарсы бағытталған «Кавказдан жазылған хаты» 1909 жылы декабрьде жазылған болатын (қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 2-том, 1946, 200—223-беттер). «Социал-Демократ» редакциясының меньшевиктік бөлегі хатты партияның Орталық Органында басудан бас тартты; хат 1910 жылы 25 майда (7 июньде) «Дискуссионный Листоктың» 2 номерінде Кавказ меньшевиктерінің лидері Н. Жорданияның (Анның) осы хатқа берген жауабымен қоса басылды.—*298.*

115 Бұл арада РСДРП V (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» деген қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 229—231-беттер.— *301.*

116 *«Басы жоқтар»* деп В. И. Ленин «беззаглавияшылдарды» атайды.

«Беззаглавияшылдар» — орыс буржуазиялық интеллигенциясының (С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Португалов, В. В. Хижняков және басқалар) 1905—1907 жылдардағы революция саябырси бастаған кезеңде қалыптасқан жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. Топ өзін Петербургте 1906 жылғы январь — майда Прокоповичтің редакциясымен шығып тұрған «Без Заглавия» саяси апталығының атымен атады; кейіннен «беззаглавияшылдар» солшыл кадеттік «Товарищ» газетінің төңірегіне топтасты. «Беззаглавияшылдар» өздерін ресми түрде партияда жоқпыз дегенді желеу етіп, буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады. Ленин «беззаглавияшылдарды» «меньшевиктенген кадеттер» немесе «кадеттенген меньшевиктер» деп сипаттады.— *302.*

117 *Энестер — «халықтық социалистер»* — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Олар кулактардың мүдделерін білдірді, жерді помещиктерден құнын төлеп алатын ішінара национализациялауды және оны еңбек нормасы деп аталатын норма бойынша шаруаларға бөліп беруді жақтады. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдап, оған өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *302.*

118 *«Наши Помои»* деп В. И. Ленин жойымпаздардың журналы — «Наша Заряны» атайды.

«Әдебиет жағымпаздарының съезі» — 1910 жылы 21—28 апрельде (4—11 майда) Петербургте болып өткен жазушылар мен журналистердің Бүкіл россиялық II съезі; оған «Наша Заря» мен «Современный Мирдегі» жойымпаз-меньшевиктердің өкілдері қатысты. Полиция талап етісімен-ақ съезд баспасөз бостандығы жолындағы күрес туралы қарарды ешбір қарсылықсыз талқылаудан алып тастады.

В. И. Ленин бұл арада *поссешілдер* жөнінде әңгіме қозғап, Россияда социал-демократиялық партиядан тәуелсіз жұмысшылардың кооперативтік ұйымдарын құруды көтерген журналист, қоғам қайраткері В. А. Поссенің жақтастарын айтып отыр.— *304.*

119 *Азефшылдық* — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, арандатушы Е. Ф. Азефтің есімімен аталған саяси сатқындық.— *315.*

120 В. И. Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «Лондондағы 4 май» деген мақаласын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 54—60-беттер), сондай-ақ Ф. Энгельстің 1886 жылы 29 ноябрьде және 1889 жылы 11 майда Ф. А. Зоргеге жазған хаттарын айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423—426-беттер; К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 110-бет).

S. D. F. (Social-Demokratic Federation — Англияның Социал-демократиялық федерациясы) 1884 жылы құрылды. Социал-демократиялық федерацияға реформистермен (Гайндман және басқалармен) қатар революцияшыл социал-демократтар тобы (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Э. Маркс-Эвелинг және басқалар) кірді, олар марксизм позициясын ұстап, Англиядағы социалистік қозғалыстың сол қанаты болды. Ф. Энгельс Социал-демократиялық федерацияны догматизмі мен сектанттығы үшін, Англиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі үшін және оның ерекшелігін жоққа шығарғандығы үшін сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия болып аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірге Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партия Коммунистік бірлік тобымен бірге Великобритания Коммунистік партиясын құруда басты роль атқарды.— *327.*

121 *«Zihņa» («Ciņa»* — («Күрес») — газет, латыш социал-демократиясының орталық органы; 1904 жылы мартта негізі қаланды. Ригада үлкен үзілістермен 1909 жылдың авгусына дейін

құпия түрде шығып тұрды, одан кейін шетелде шықты. Газетке белсене және ұдайы жазушылардың арасында Латвия Коммунистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі П. И. Стучка, халық ақыны Я. Райнис және басқалар болды.

1917 жылдың апрелінен бастап «Zihņa» Латвия большевиктерінің орталық органы ретінде Петроградта жария шығып тұрды, кейін Ригада және басқа қалаларда шығарылды. 1919 жылғы августан, Латвияда контрреволюция уақытша жеңгеннен кейін, Ригада қайтадан құпия түрде шыға бастады. 1940 жылы июньде Латвияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін газет Латвия Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Латыш ССР Жоғарғы Советінің органы болды.— *331.*

122 Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаты Мартин Озолин болды.— *331.*

123 Бұл арада фабрика ревизоры В. Е. Варзар құрастырған, 1908 жылы сауда және өнеркәсіп министрлігі басып шығарған «1905 жылғы фабрикалар мен заводтардағы жұмысшы стачкаларының статистикасы» деген кітап айтылып отыр.— *331.*

124 Копенгагендегі халықаралық социалистік конгрестің кооперативтік комиссиясына РСДРП делегациясы енгізген кооперативтер туралы қарардың жобасы негізіне осы документ алынды.

Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс (II Интернационалдың VIII конгресі) 1910 жылы 28 августан 3 сентябрьге дейін болды. Конгреске Европа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Оңтүстік Африка елдері мен Австралиядан 896 делегат қатысты. Россияның конгресте Австрия, Англия, Германия және Франциямен тепе-тең 20 дауысы болды: оның ішінде социал-демократтардың (литван және армян социал-демократиясын қоса есептегенде) 10 дауысы, эсерлердің —7, кәсіподақтардың — 3 дауысы болды. Конгреске РСДРП атынан В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский және басқалар қатысты.

Жеке мәселелерді алдын ала талқылап, қарарлар дайындау үшін бес комиссия құрылды: кооперативтік; кәсіподақтар, халықаралық ынтымақ және Австриядағы кәсіподақтар қозғалысының бірлігі жөнінде; соғысқа қарсы күрес жөнінде; жұмысшы заңдары және жұмыссыздық туралы мәселе; әр түрлі қарарлар дайындау, оның ішінде социалистік бірлік жөнінде, өлім жазасы жөнінде, Финляндия, Аргентина, Персия жөнінде және басқалар.

Ленин конгрестің негізгі комиссияларының бірі — кооперативтік комиссияға кірді. Комиссияның жұмысы жөнінде және пролетариаттың революциялық күресіндегі кооперативтердің ролі мен міндеттері туралы мәселе бойынша конгресте болған қызу күрес пен кооперативтер мен социалистік

партиялар арасындағы қарым-қатынас жөнінде Лениннің «Кооперативтер туралы мәселенің Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресте қаралуы» деген мақаласын қараңыз (осы том, 376—385-беттер).

Соғысқа қарсы күрес — «Аралық соттар және қарусыздандыру» туралы мәселе жөніндегі қарарда конгресс Штутгарт конгресінің (1907) — «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» жөніндегі қарарын қуаттады, оған В. И. Ленин мен Р. Люксембургтің барлық елдердің социалистерінен соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты буржуазияны құлату үшін пайдалануға шақырған түзетулері енді. Копенгаген конгресінің қарары сондай-ақ социалистік партиялар мен олардың парламенттегі өкілдерін өз үкіметтерінен қару-жарақты қысқартуды, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді талап етуді міндеттеді, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы наразылық ұйымдастыруға шақырды.

Ленин конгресс күндерінде революцияшыл марксистерді халықаралық майданда топтастыру мақсатын көздеп, конгреске қатысқан II Интернационалдағы солшыл социал-демократтармен кеңес өткізді. «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның жоспарында (кітапша жазылмай қалды) Ленин кеңеске қатысқандарды атап өтеді: Франциядан — Ж. Гед пен Ш. Раппопорт; Бельгиядан — де-Брукер; Германиядан — Р. Люксембург пен Э. Вурм; Польшадан — Ю. Мархлевский (Карский); Испаниядан — П. Иглесиас; Австриядан—А. Браун; Россиядан—В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және басқалар (Лениннің XIV жинағы, 22-бет).

Конгресс кезінде Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы — «Vorwärts» газетінде Троцкийдің РСДРП-ға қарсы жалақорлық мақаласы (аноним мақаласы) шығуына байланысты орыс делегациясының мүшелері В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және поляк социал-демократиясының өкілі А. Варский (А. С. Варшавский) герман партиясының Орталық Комитетіне наразылық жолдады.— *336.*

125 Әңгіме К. Каутский, Ф. Меринг және К. Цеткин жайында болып отыр.— *344.*

126 *«Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы»* деген мақала В. И. Лениннің Германиядағы капиталистік егіншілік жөніндегі үлкен еңбегінің бір бөлегі. Лениннің жеке параққа жазған мазмұнына қарағанда, «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген мақала жеті тараудан тұрған. Қолжазбаның табылған бөлегі бойынша мақала бірінші рет 1932 жылы Лениннің XIX жинағында және «Большевик» журналының 9-номерінде жарияланды. Алғашқы жарияланғанда жоқ болған: I тараудың соңы («Қазіргі егіншіліктің экономикалық құрылысының жалпы сипаты») және II тараудың

басы («Қазіргі егіншілік «шаруашылықтарының» көпшілігі (пролетарлық «шаруашылықтар») іс жүзінде қандай шаруашылықтар»), сондай-ақ мақаланың «В. Ильин» деп қол қойылған соңы кейініректе табылды. I, II және VII тараулар толық күйінде бірінші рет Шығармалардың 4-басылуының 16-томында жарияланды. Ленин жасаған мазмұн негізінде тараулардың аттары 4-басылуда текске енгізілді. Осы басылуда да сол күйінде жарияланып отыр.

«Капитализм тұсындағы шаруалар шаруашылықтары» деген III тараудың соңы, «Егіншіліктегі әйелдер мен балалар еңбегі» деген IV тараудың басы мен соңы, «Ұсақ өндірісте еңбектің ысырап болуы» және «Қазіргі егіншілікте машиналарды қолданудың капиталистік сипаты» деген V және VI тараулар осы кезге дейін табылған жоқ.— *347.*

127 В. И. Ленин бұл арада 1909 жылы 7 (20) сентябрьде «Киевская Мысль» газетінің 308-номерінде басылған жойымпаз Н. Валентиновтың «Соңғы герман санағы жөнінде» деген мақаласын айтып отыр.

«Киевская Мысль» («Киев Ойы») — буржуазиялық-демократиялық бағыттағы күнделікті газет, 1906 жылдан 1918 жылға дейін Киевте шығарылып тұрды. 1915 жылға дейін апта сайынғы суретті қосымшамен шықты; 1917 жылдан — таңертең және кешкісін шығып тұрды.— *352.*

128 *«Экономист России»* («Россия Экономисі») — экономикалық және финанс мәселелеріне арналған буржуазиялық апталық журнал; 1909—1912 жылдарда Петербургте шығып тұрды.— *352.*

129 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 655—662-беттер.— *360.*

130 Қараңыз: Franz Bensing. Der Einfluss der landwirtschaftlichen Maschinen auf Volks- und Privatwirtschaft. Breslau, 1897 (Франц Бензинг. Халық шаруашылығына және жеке меншік шаруашылыққа ауыл шаруашылық машиналарының ықпалы. Бреславль, 1897). Бензингтің бұл монографиясына Ленин өзінің «Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 134—137-беттер) толығырақ тоқталады.— *369.*

131 В. И. Ленин герман социал-демократиясының Ганновердегі (9—14 октябрь, 1899 жыл) съезіндегі А. Бебельдің «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына шабуыл» туралы баяндамасынан сөздер келтіреді.— *381.*

132 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге

(1908 ж. 12 январьға) дейін Петербургте шығып тұрды. Газет формальды түрде ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.— *387.*

133 *«Le Peuple»* («Халық») — күнделікті газет, Бельгия жұмысшы партиясының орталық органы; 1885 жылдан бері Брюссельде шығады; қазіргі уақытта — Бельгия социалистік партиясының органы.— *387.*

134 *«Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні»* деген мақала 1910 жылы сентябрьде герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» журналында шыққан Л. Мартов пен Л. Троцкийдің мақалаларына байланысты жазылды, ол мақалаларда партия ішіндегі күрестің шын мәні және Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революцияның тарихы бұрмаланған болатын.

Мартов пен Троцкийдің жазғандарына Лениннің мақаламен жауап бермекші болғаны бірнеше хаттардан белгілі. 1910 жылы 17 (30) сентябрьде В. И. Ленин К. Радекке былай деп жазды: «Мартов пен Троцкийге *«Neue Zeit»*-те жауап бергім келеді. Каутскийге жаздым да және одан басатынын, баспайтынын, қандай көлемде басатынын сұрадым» (Шығармалар, 36-том, 151-бет). Бірақ журналдың басшылары — Каутский мен Вурм — журналында Лениннің мақалаларын басуға пейілді емес еді. Олардың ұсынысы бойынша Мартовқа жауап жазуды Ю. Мархлевский (Карский) өз міндетіне алды. Мархлевский өзінің мақаласын алдын ала қарап шығуға Ленинге жіберіп, осы мақаламен шектелуге келісуді Лениннен Каутскийдің және өзінің атынан сұрады. В. И. Ленин 1910 жылғы 24 сентябрьде (7 октябрьде) Ю. Мархлевскийге жазған жауап хатында өзінің келісімін берді. «Мен,— делінген хатта,— Мартов пен Троцкий екеуіне қарсы үлкен мақаланың жартысына жуығын жазып қойдым. Қалдыруға тура келеді. Троцкийге қарсы мақаламен айналысамын. Сіз Каутскийді көріп тұрады екенсіз, оған былай дегейсіз: ол дегенмен Троцкийге жауап беру міндетін *менің мойнымда* деп есептесін». (Шығармалар, 34-том, 433-бет). Осы хатта Ленин Мархлевскийге оның мақаласына бірқатар қосымшалар ұсынды. «Мартовқа қарсы қажетті деп санаған қосымшалардың,— деп жазды Ленин,— қысқаша тізімін ұсынып отырмын. Егер Сіз өз мақалаңызға тым болмаса бір бөлегін қоссаңыз да, өте жақсы болар еді». Ленин жазған қосымшалардың жоспары жеті пункттен тұрады, ал қосымшалар үш бет болатын (бұл да сонда, 434—437-беттер). Лениннің Троцкийге қарсы мақала жазғаны, оның Карл және Луиза Каутскийлерге жолдаған хатынан белгілі, хаттың соңғы бетінің факсимилесі мына газетте жарияланған: «Der Abend». Spätausgabe des «Vorwärts», Beilage. Ber-

lin, 1928, 12. December («Кешкілік», «Алға» газетінің кешкі басылымы, қосымша. Берлин, 1928, 12· декабрь).

Ленин 26 сентябрьде (9 декабрьде) К. Радекке жазған хатында Мартовқа қарсы мақаланы Карский жазды деп хабарлайды. «Бірақ мен,—деп жазды Ленин,—дегенмен, Мартов пен Троцкийдің адам нанғысыз сорақылықтары мен бұрмалаушылықтарын жауапсыз қалдыра алмаймын. Мақаламның үштен біріндейі немесе жартысындайы менде қазірдің өзінде әзір тұр. Оның тақырыбы: *«Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні»»*. (Шығармалар, 36-том, 152-бет). Бұдан соң Ленин мақаланы «Leipziger Volkszeitung»-те жариялау мүмкіндігі жөнінде сұрайды.

«Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақала 1911 жылы 29 апрельде (12 майда) ғана «Дискуссионный Листоктың» 3-номерінде жарияланды.— *389.*

135 В. И. Ленин К. Маркстің «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» деген мақаласынан (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 229-бет) цитат келтіреді; мақала «Жаңа Рейн Газетінде» бірінші рет жарияланған болатын.

«Жаңа Рейн Газеті» («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакция құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан жала жабу, сондай-ақ үкімет тарапынан қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда, контрреволюция жаппай шабуылға шыққан жағдайда, Пруссияның үкіметі Маркстің Пруссия азаматтығын алмағанын пайдаланып, оны Пруссия же-

рінен кетіруге бұйрық берді. Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау әрекеттері газетті шығару ісінің тоқтатылуына себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арнаған қоштасу сөзінде «әрқашан да және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!» деп мәлімдеді.— *391.*

136 В. И. Ленин бұл арада Герман социал-демократиялық партиясының Магдебургтегі съезінде сөйлеген А. Бебельдің сөзін айтып отыр, съезд 1910 жылы 18—24 сентябрьде өтті. Бұл съезд жөнінде В. И. Лениннің «Екі дүние» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 16-том, 320—328-беттер).— *392.*

137 В. И. Ленин бұл арада РСДРП IV (Бірігу) съезінде қабылданған «Аграрлық мәселе жөніндегі тактикалық қарарды» айтып отыр («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 181-бет).— *392.*

138 Әңгіме К. Маркстің «Дағдарыс және контрреволюция» деген сериялы мақалаларындағы мақаласы жайында болып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 430—433-беттер). Бұл арада Ленин «Мерингтің мысқылы» туралы еске алғанда Ф. Мерингтің өзі шығарған К. Маркстің, Ф. Энгельстің және Ф. Лассальдың әдеби мұрасының үшінші томына жазған кіріспесін айтып отыр (қараңыз: «Aus dem literarischen Nachlass von Karl Marx, Friedrich Engels und Ferdinand Lassalle». Bd. 3. Stuttgart, 1902, S. 53—54).— *393.*

139 Бұл арада 1910 жылы сауда және өнеркәсіп министрлігі шығарған «Фабрикалар мен заводтардағы 1906—1908 жж. бойғы үш жыл ішіндегі жұмысшылар стачкаларының статистикасы» деген кітап айтылып отыр; кітап материалдарын фабрика ревизоры В. Е. Варзар дайындап, құрастырған.— *397.*

140 В. И. Ленин бұл арада Маркстің қатысуымен Энгельс жазған «Германиядағы революция және контрреволюция» деген сериялы мақалаларға кіретін «Пруссия Құрылтай жиналысы. Ұлттық жиналыс» деген мақаладағы қағиданы айтып отыр; мақала 1851—1852 жылдарда «New-York Daily Tribune» газетінде Маркстің қолы қойылып басылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 80—81-беттер). Авторы Энгельс екені кейініректе, 1913 жылы, Маркс пен Энгельстің жазысқан хаттары жарияланғаннан кейін барып анықталды. Маркс 1871 жылғы 17 апрельде Л. Кугельманға жазған хатында осыған ұқсас пі-

кір айтқан болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 283—284-беттер). — *400.*

141 *«Жизнь»* («Өмір») — қоғамдық-саяси жария журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы, 1910 жылы августа және сентябрьде Москвада шығарылды. Барлығы 2 номері шықты.— *406.*

142 *Поляк жолдас* — А. Варский (А. С. Варшавский).— *409.*

143 *«Россиядағы стачкалар статистикасы туралы»* деген мақаланы В. И. Ленин стачкалар статистикасының көптеген деректерін өзі дербес дайындау нәтижесінде жазды. «Көптеген мәліметтерді,—деп жазды ол,—қайтадан жасауға тура келеді» (осы том, 429-бет). Стачкалық қозғалыс жөніндегі статистикалық материалдарды дайындаумен Ленин 1910 жылы сентябрьдің аяқ кезінде шұғылданды (қараңыз: Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы» деген дәптері, Лениннің XXV жинағы, 130—154-беттер). Ленин жиналған материалдар негізінде орыс революциясының тарихы туралы 300 бет шамасында кітап немесе кітапша жазып, оны неміс тіліне аудармақшы болды. Ленин бұл ойын жүзеге асыра алмады.

Бұл еңбек «Мысль» журналының бірінші және екінші номерлерінде басылды.

«Мысль» («Ой») — ай сайын шыққан философиялық және қоғамдық-экономикалық большевиктік жария журнал; 1910 жылғы декабрьден 1911 жылғы апрельге дейін Москвада шығып тұрды; барлығы бес номері шықты. Журналдың бірінші номері 3000 дана тиражбен шықты. Журнал В. И. Лениннің инициативасы бойынша жойымпаздық жария органдармен күресті күшейту және алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен интеллигенттерді марксизм рухында тәрбиелеу үшін құрылды. Ленин журналға шетелден басшылық етті, редакциямен үзбестен хат-хабар алысып тұрды. «Мысльдің» бірінші номерін алып, Ленин 1910 жылы 21 декабрьде (1911 жылы 3 январьда) М. Горькийге былай деп жазды: «Құттықтаңыз — Москвадағы *біздің,* маркстік журнал. Бүгін біз сондай қуанышқа бөлендік» (Шығармалар, 34-том, 448-бет).

Журналдың алғашқы төрт номерінде де Лениннің ««Ескертімпаз» батырлар», «Біздің жоюшылар», «Мереке жайында», «Өкіметтің әлеуметтік құрылысы, перспективалар және жойымпаздық туралы» және «Айтыс мақалалар» деген мақалалары басылды (қараңыз: Шығармалар, 16-том, 389—394-беттер; 17-том, 44—65, 94—102, 128—149, 150—153-беттер). Журналға В. В. Воровский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов белсенді ат салысты; оған партияшыл-меньшевик-

тер — Г. В. Плеханов, Ш. Раппопорт және басқалар жазып тұрды. «Мысльдің» соңғы, бесінші номері конфискеленді, ал журнал жабылды. Көп кешікпей Петербургте «Просвещение» журналы шыға бастады, ол «Мысльдің» іс жүзінде жалғасы болды.— *411.*

144 А. В. Погожев. Россиядағы жұмысшылардың саны мен құрамының есебі. Еңбек статистикасы жөніндегі материалдар. С.-Петербург, императорлық Ғылым академиясының басылымы. 1906. — *421.*

145 В. И. Ленин фабрика-завод жұмысшыларының саны жөніндегі деректерді «Фабрикалар мен заводтардағы 1895—1904 жылдар бойғы он жыл ішіндегі жұмысшылар стачкалары туралы статистикалық мәліметтер» деген кітаптан алған; кітапты В. Е. Варзар құрастырған (Спб., 1905, 27-бет), бұлар 1901 жылға қатысты деректер. «Фабрикалар мен заводтардағы 1905 жылғы жұмысшылар стачкаларының статистикасы» (Спб., 1908) деген кітап бойынша фабрикалар мен заводтардағы барлық жұмысшылардың саны 1904 жылы 1 651 957 адам болды (17-бет). Цифрлардағы алшақтық негізгі қорытындыға елеулі өзгеріс енгізбейді.— *421.*

146 В. И. Ленин осы кестені «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақалада (қараңыз: осы том, 397-бет) келтіреді, бірақ үкіметтің статистика жинақтарында берілгендей, Ленин онда аралас стачкаларды саяси стачкаға жатқызады. Осы мақалада Ленин ресми статистикадағы қатені түзетіп, аралас стачкаларды экономикалық стачкаларға жатқызады. 1905 жылдың әрбір тоқсаны бойынша экономикалық және саяси стачкашылардың санын көрсететін цифрлардағы айырмашылық осымен дәлелденеді, ал екі кестедегі жалпы қорытынды бірдей.— *429.*

147 В. И. Ленин бұл арада 1905 жылы 18 февральда (3 мартта) шығарылған указдарды: II Николайдың «халықтан сайланған адамдарды заң жобаларын алдын ала дайындап, талқылауға» қатыстыру туралы ішкі істер министрі Булыгиннің атына жасаған «жоғары мәртебелі рескрипті» және Сенатқа арналған указды айтып отыр; бұл указдарда «мемлекеттік құрылысты жетілдіру және халықтың әл-ауқатын жақсарту» мәселелеріне қатысты жеке адамдар мен мекемелердің петицияларын қарау министрлер Советіне жүктеледі.— *431.*

148 Бұл арада В. И. Ленин «Орыс революциясындағы қоғамдық күштердің күресі» деген серияда (II кітап) шыққан Череваниннің «Революциядағы пролетариат» (М., 1907) деген кітабын айтып отыр. Онда Череванин «8 сағаттық жұмыс күнін күшпен енгізу» жолындағы күресті «революцияға зиян-

нан басқа түк бере алмайтын бақытсыз идея» деп атады. Мартов осындай пікірді 1910 жылғы июльде «Наша Заря» журналының 7-номерінде және 1910 жылғы 16 сентябрьде «Die Neue Zeit» журналының 51-номерінде жарияланған мақалаларында айтқан болатын.— *437*.

149 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — большевиктердің көпшілікке арналған құпия органы; 1910 жылғы 30 октябрьден (12 ноябрьден) 1912 жылғы 30 июльге (12 августқа) дейін Парижде мерзімсіз шығып тұрды; 9 номері шықты. В. И. Ленин «Рабочая Газетаны» құрудың инициаторы болды. Газетті шығару туралы мәселе ресми түрде Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс кезінде (август, 1910) РСДРП өкілдерінің — большевиктердің, партияшыл-меньшевиктердің, Думадағы социал-демократиялық фракция өкілдерінің және басқалардың — кеңесінде шешілді. Кеңеске В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский, Н. Г. Полетаев, И. П. Покровский және басқалар қатысты.

Ленин «Рабочая Газетаға» басшылық етті және оны редакциялады. Газетке большевиктер: С. И. Гопнер, П. А. Джапаридзе, Н. А. Семашко, С. Г. Шаумян және басқалар, сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер жазып тұрды. Н. К. Крупская редакцияның секретары болды. М. Горький газетке үлкен материалдық көмек беріп тұрды. Шетелдік большевиктік топтарда «Рабочая Газетаға» жәрдем беретін үйірмелер құрылды, олар газетке айтарлықтай материалдық көмек беріп отырды және оны Россияға жөнелтуге көмектесті. «Рабочая Газета» маркстік құпия партияны сақтап қалу және нығайту жолында жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздарға және троцкистерге қарсы күресті, революциялық тактиканы қорғады, Россия жұмысшы табын жаңа революцияға идеялық жағынан дайындады. Газет Россиядағы партия өмірі, халықаралық социалистік қозғалыс мәселелерін кең жазып тұрды. «Рабочая Газетада» Лениннің 14 мақаласы, оның ішінде «Революцияның сабақтары», «Демонстрациялардың басталуы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Иван Васильевич Бабушкин», «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «IV Дума сайлауы қарсаңында» деген мақалалары басылды. Газет Россияда жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды; оның тиражы 6000 данаға дейін жетті. Жұмысшылар ақша жинап, газетке материалдық көмек көрсетті, оған белсенді түрде қатысып тұрды. «Партия өмірі», «Жергілікті жерлерден хат» деген бөлімдерге газет жұмысшылардың, жергілікті партия ұйымдарының хаттары мен корреспонденцияларын үзбестен басып тұрды.

«Рабочая Газета» РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын (январь, 1912) әзірлеуде үлкен жұмыс атқарды. Конференция «Рабочая Газета» партия мен партиялықты батыл және дәйекті түрде қорғады деп атап көрсе-

тіп, оны РСДРП Орталық Комитетінің ресми органы деп жариялады.— *447.*

150 В. И. Ленин бұл арада 1904 жылы 14 августан 20 августқа дейін болып өткен *II Интернационалдық Амстердам халықаралық социалистік конгресін* айтып отыр. Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) отар саясаты; 3) жаппай стачка; 4) әлеуметтік саясат және жұмысшыларды қауіпсіздендіру; 5) трестер, жұмыссыздық және басқа мәселелер.

Буржуазиялық партияларға көзқарас «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» туралы қарарда баяндалды. Қарар социалистердің буржуазиялық үкіметтерге қатысуына тыйым салды және «буржуазиялық партиялармен жақындасуды жеңілдету мақсатында қазіргі таптық қайшылықтарды бүркемелеуге тырысудың қандайын болса да» айыптады. Конгрестің шешімдері, алға кейбір қадам жасағанына қарамастан, тұтас алғанда жартыкеш шешімдер еді және оппортунизмге одан әрі икемделе беру болды. Конгресс бұқаралық стачканы қарулы көтеріліске ұластыру туралы мәселе қойған жоқ, империалистік мемлекеттердің отаршылдық саясатын ақтаған оңшыл оппортунистерге тойтарыс бермеді. Ревизионизмді сөз жүзінде айыптай отырып, конгресс өзінің қарарында одан іргені аулақ салу туралы мәлімдеген жоқ, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселені ауызға да алмады. — *470.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аксельрод, П. Б. Вынужденное объяснение.— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 16—21. (РСДРП).—*272, 273, 290—291, 325, 329.*

Ан — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Антоний Волынский. Открытое письмо авторам сборника «Вехи». 1 мая 1909 г.— «Слово», Спб., 1909, № 791, 10 (23) мая, стр. 3.— *58, 186, 187—188.*

Белинский, В. Г. Письмо к Гоголю.— *181, 182.*

Бельтов — қараңыз: Плеханов, Г. В.

**Бердяев, Н. А. Философская истина и интеллигентская правда.*— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 1—22.— *179—181, 182, 184, 470.*

«Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1909, № 11292, 2 (15) сентября, стр. 3.— *117.*

[*Богданов, А.*] *Благочестивая редакция.*— В листовке: Ко всем товарищам! [Paris, кооп. тип. «Союз», 1909], стр. 8. (РСДРП). Подпись: Н. Максимов. — *94, 95, 96, 100, 101.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркснзм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— *Не надо затемнять.*— В листовке: Ко всем товарищам! [Paris, кооп. тип. «Союз», 1909], стр. 1—5. (РСДРП). Подпись: Н. Максимов.— *153, 154, 157, 158.*

— *Пролетариат в борьбе за социализм.*— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 2—8. (РСДРП). Подпись: Максимов.— *339, 344.*

**Булгаков, С. Н. Героизм и подвижничество.* (Из размышлений о религиозной природе русской интеллигенции).— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 23—69. —*72, 179—180, 181, 182, 183, 184, 185, 186—188, 469.*

— *Революция и реакция.* (Неполитические размышления о политике).— «Московский Еженедельник», 1910, № 8, 20 февраля, стлб. 23—36.— *227—228, 231, 232.*

В расш. ред. «Пролетария». Письмо 1-ое.— Отдельный оттиск из № 50 газеты «Пролетарий», [Париж, 28 ноября (11 декабря) 1909], стр. 1—2.— *141.*

В расш. ред. «Пролетария». Письмо 2-ое.— Отдельный оттиск из № 50 газеты «Пролетарий», [Париж, 28 ноября (11 декабря) 1909], стр. 2.— *141.*

Валентинов, Н. По поводу последней германской переписи.— «Киевская Мысль», 1909, № 308, 7 (20) сентября.— *351—352.*

**Варзар, В. Е. Статистика стачек рабочих на фабриках и заводах за трехлетие 1906—1908 гг.* Спб., тип. Киршбаума, 1910. 72, 220 стр. с табл. (М. Т. и П. Отдел пром-ти).— *397—398, 399—403, 413—414, 443.*

*— *Статистика стачек рабочих на фабриках и заводах за 1905 год.* Спб., тип. Киршбаума, 1908. 65, 111 стр. с табл. (М. Т. и П. Отдел пром-ти).— *331—332, 397—398, 399—403, 414—443.*

— *Статистические сведения о стачках рабочих на фабриках и заводах за десятилетие 1895—1904 года.* Спб., тип. Киршбаума, 1905. 79 стр. (М. Т. и П. Отдел пром-ти).— *414—440.*

**Вехи.* Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909. II, 209 стр.— *58, 71, 179—181, 182—188, 470.*

Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. 2-е изд. М., [типолит. Кушнерева], 1909. III, 210 стр.— *179.*

Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. 3-е изд. М., [типолит. Кушнерева], 1909. III, 210 стр.— *179.*

Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. 4-е изд. С прил. «Библиографии Вех». М., [типолит. Кушнерева], 1909. III, 211 стр.— *179.*

Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. 5-е изд. С прил. «Библиографии Вех». М., [типолит. Кушнерева], 1910. III, 219 стр.— *228.*

Воблый, К. Тенденции в аграрной эволюции Германии.— «Экономист России», Спб., 1910, № 36, 11 (24) сентября, стр. 1—3.— *352.*

Водовозов, В. В. [Письмо в редакцию газеты «Речь»].— «Речь», Спб., 1909, № 213 (1097), 6 (19) августа, стр. 4. Под общ. загл.: Письма в редакцию.— *75.*

«Возрождение», М.— 282, 286, 303, 311, 312, 314, 334, 406.

— 1910, № 5, 30 марта. 94 стлб.— *311—312, 314, 320, 324.*

Воинов — қараңыз: Луначарский, А. В.

[*Вольский, С.*] *«Ер». [Проект резолюции о недоверии «Пролетарию», внесенный в Московский комитет РСДРП]* [1].— *14, 106.*

«Вперед», [Выборг].— *109—110.*

Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910. 64 стлб. (РСДРП).— *338—339, 340—342, 343—345, 449.*

Всероссийская конференция Росс. соц.-дем. рабочей партии. (В декабре 1908 года). Изд. газ. «Пролетарий». [Paris, 1909]. 47 стр. (РСДРП).— *47, 147.*

Всероссийская конференция РСДРП.— «Пролетарий», Париж, 1909, № 42, 12 (25) февраля, стр. 2—6.— *47.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Geneve, тип. партии, [1904]. 397, II стр. (РСДРП).— *38, 108, 109, 170, 171.*

Г—г—қараңыз: Левицкий, В.

**Гершензон, М. О. Предисловие [к «Вехам»].*— В кн.: Вехи.

[1] Жоба сақталмаған.

Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. I—II.— *181.*

*— *Творческое самосознание.*— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 70—96.— *179—180, 181, 187, 188.*

Гоголь, Н. В. Ревизор.— 67—68, 69.

«Голос Москвы».— 57.

— 1909, № 141, 21 июня, стр. 2.— *57.*

«Голос Социал-Демократа», [Женева — Париж].— *9, 39, 46, 47, 48, 49, 62, 63, 64, 112, 143, 153, 154, 155—156, 157, 158, 161, 163, 208, 217, 218, 221—223, 224, 225, 226, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 272, 281, 284, 285, 288, 296—298, 301, 302, 305, 312—314, 318, 319, 321, 324, 327, 334, 406.*

— [Женева], 1908, № 10—11, ноябрь — декабрь, стр. 5—14.— *149—150.*

— [Париж], 1909, № 13, апрель, стр. 2—5. — *146—149.*

— 1909, № 14, май. 16 стр.— *62, 156.*

— 1909, № 15, июнь. 18 стр.— *52, 62—63, 110.*

— 1909, № 16—17, август — сентябрь. 16 стр.— *152—153, 154—156, 157, 158, 161, 162, 163.*

— 1909, № 16—17, август — сентябрь. Приложение к 16-му № «Голоса Соц.-Дем.». 8 стр.— *157, 158.*

— 1910, № 19—20, январь — февраль. 32 стр.— *217, 218, 219, 220, 221—226, 277, 284, 286, 296—298, 301—302, 303, 307, 310, 311, 314, 317, 324, 334, 406.*

— 1910, № 21, апрель, стр. 16.— *312.*

[*Горев, Б. И.*] *Недреманое око т. Плеханова.*— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 26—28. (РСДРП). Подпись: И.— *306—307.*

Горн, В., Меч, В. и Череванин, Н. Борьба общественных сил в русской революции. Вып. II. Череванин. Пролетариат в революции. М., типолит. Русского т-ва печ. и изд. дела, 1907. 120 стр.— *161, 437.*

Грибоедов, А. С. Горе от ума.— 130.

Давид, Э. Социализм и сельское хозяйство. Спб., типолит. «Энергия», 1906. 75 стр. (Задачи социалистической культуры. Изд. Б. Ревзина и И. Постмана в Берлине. V).— *356.*

«Даль», Спб.— *29.*

Дан, Ф. И. Борьба за легальность.— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь — февраль, стр. 1—3.— *221, 313, 317, 320, 334.*

— *К вопросу о популярном органе и партийной литературе.*— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 15, июнь, стр. 10—12.— *62.*

Дан, Ф. И. и Мартов, Л. Письмо в редакцию.— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 21, апрель, стр. 16.— *311.*

Дачная жизнь.— «Речь», Спб., 1909, № 213 (1097), 6 (19) августа, стр. 4. Подпись: М. Ф.— *75.*

96 статья основных государственных законов — қараңыз: Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 года.

[*Декларация большевиков, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.*].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 11, в резолюции: О фракционных центрах, в отд.: Из партии.— *288—289.*

Декларация 31 марта. [Передовая].— «Московские Ведомости», 1910, № 76, 3 (16) апреля, стр. 1. Под общ. загл.: Москва, 2 апреля.— *247.*

Декларация 31 марта 1910 г.— қараңыз: Столыпин, П. А. Речь председателя Совета министров П. А. Столыпина в Государственной думе 31 марта 1910 г.

Деятельность с[*оциал*]*-д*[*емократической*] *думской фракции.*— «Социал-Демократ», [Вильно—Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 36—37, в отд.: Из партии.— *39, 40.*

[*Джибладзе, С. С.*] *Как вести новую партийную работу?* (Письмо с Кавказа).— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 15, июнь, стр. 9—10. Подпись: С.— *52, 62—63, 112.*

«Дискуссионный Листок», [Париж].— *217, 251.*

— 1910, № 1, 6 (19) марта, стр. 3—6.— *284.*

— 1910, № 2, 25 мая (7 июня). 30 стр. На газ. дата: 24/7 июня.— *298.*

«Дневник Социал-Демократа», [Женева].— *250, 325.*

— 1905, № 3, ноябрь. 24 стр.— *325.*

— 1906, № 6, август, стр. 1—12.— *326.*

— 1909, № 9, август. 20 стр.— *61, 62—63, 64—65, 67, 68, 104, 111, 153, 155, 156, 158, 208.*

— 1910, № 11, март, стр. 1—20.— *218, 220—221, 222.*

[*Дневницкий, П. Н.*] *Кое-что о работе.*— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август — сентябрь. Приложение к 16-му № «Голоса Соц.-Дем.», стр. 4—5. Подпись: П.—*158.*

Домов — қараңыз: Покровский, М. Н.

Европа и обновленная Россия.— «Голос Москвы», 1909, № 141, 21 июня, стр. 2. Под общ. загл.: Москва, 21-го июня.— *57.*

Ежов, В.— қараңыз: Цедербаум, С. О.

«Ер» — қараңыз: Вольский, С.

Еще об исключении М. Горького из с.-д. партии.— «Речь», Спб., 1909, № 318 (1198), 19 ноября (2 декабря), стр. 3, в отд.: Вечерние известия.— *164—165.*

«Жизнь», М.— *406.*

[*Жордания, Н. Н.*] *По поводу «Письма с Кавказа».*— «Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 28—30. Подпись: Ан. На газ. дата: 24/7 июня.— *298.*

За что последовало исключение?— «Утро России», М., 1909, № 35—2, 17 ноября, стр. 1. Под общ. загл.: Отлучение Максима Горького. Подпись: Багира.— *164—165.*

Закон 9 ноября 1906 г.— қараңыз: Указ правительствующему Сенату о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.

Закон 3 июня 1907 г.— қараңыз: Положение о выборах в Государственную думу.

Законопроект о порядке издания касающихся Финляндии законов и постановлений общегосударственного значения.—

«Новое Время», Спб., 1910, № 12217, 17 (30) марта, стр. 3.— *234.*

[*Запрос 32-х членов Государственной думы председателю Совета министров по поводу издания правил 24 августа 1909 г. о порядке применения ст. 96 Основных законов*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1909 г. Сессия третья. Ч. I. Заседания 1—32 (с 10 октября по 18 декабря 1909 г.). Спб., гос. тип., 1910, стр. 162—166. (Государственная дума. Третий созыв). — *239, 240, 241, 247.*

Заседание 85-е [*III Государственной думы.* 31 марта (13 апреля) 1910 г.].— «Речь», Спб., 1910, № 89 (1327), 1 (14) апреля, стр. 3—5. Под общ. загл.: Государственная дума.—*241, 247.*

Заявление, внесенное представителем б[*ольшеви*]*ков из Петербурга* [*на Совещании расширенной редакции «Пролетария»*].— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7.— *8.*

И. — *қараңыз:* Горев, Б. И.

Из отчета о заседании Московского комитета РСДРП.— Отдельный оттиск из № 50 газеты «Пролетарий», [Париж, 28 ноября (11 декабря) 1909], стр. 2.— *141.*

Из письма члена Моск. комитета.— Отдельный оттиск из № 50 газеты «Пролетарий», [Париж, 28 ноября (11 декабря) 1909], стр. 2.— *141.*

Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909]. 8 стр. (РСДРП).— *34—35, 44, 45, 61, 148, 152, 153, 154, 170—189, 190, 204, 206, 207, 209, 237, 259—260, 262, 267, 268, 299—300, 301, 303, 304, 306, 330, 450.*

**Изгоев, А. С. Об интеллигентской молодежи.* (Заметки об ее быте и настроениях).— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 182—209.— *179—180, 183, 187.*

— *«Соль земли».*— «Московский Еженедельник», 1909, № 46, 21 ноября, стлб. 5—10.— *193.*

[*Иков, В. К.*] *Журнальное обозрение.* («Наша Заря» № 2; «Соврем. Мир» и «Русск. Богатство»—март).— «Возрождение», М., 1910, № 5, 30 марта, стлб. 47—52.— *311—312, 320, 324.*

Интернационал.— 459.

Ионов — қараңыз: Койген, Ф. М.

Иорданский, Н. И. Без выхода.—«Новый День», [Спб.], 1909, № 6, 24 августа (6 сентября), стр. 1. — *133.*

Исключение М. Горького из партии с.-д.—«Утро России», М., 1909, № 34—1, 15 ноября, стр. 6, в отд.: Москва. — *164—165.*

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева].— *108--109.*

«Искра» (новая, меньшевистская), [Женева]. — *108, 109.*

— 1903, № 52, 7 ноября, стр. 1—2. — *325.*

К. — қараңыз: Стеклов, Ю. М.

К. Ст.— қараңыз: Сталин, И. В.

К вопросу о партийной школе. (Четыре документа). [Листовка]. Изд. парт. школы. Б. м., 1909. 2 стр. (РСДРП).—*100—101, 128.*

К выборам в Гос. думу.— «Речь», Спб., 1909, № 208 (1092), 1 (14) августа, стр. 2, в отд.: Московская хроника. — *74—75.*

К выборам в Гос. думу.—«Речь», Спб., 1909, № 216 (1100), 9 (22) августа, стр. 3. — *75—76.*

К выборам в Гос. думу.— «Речь», Спб., 1909, № 220 (1104), 13 (26) августа, стр. 4. — *76.*

К товарищам большевикам. [Листовка. Paris, кооп. тип. «Союз», 1910]. 2 стр. (РСДРП). — *272—274, 275, 290, 323—324, 338.*

[*Калинин, Ф. И.*] *Из Москвы.*— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 48—53. (РСДРП). Подпись: Рабочий Ар. — *341—342, 343—344.*

[*Каутский, К.*] *Письмо Каутского* [*к организаторам Каприйской школы*]. 20 августа 1909 г.— В листовке: К вопросу о партийной школе. (Четыре документа). Изд. парт. школы. Б. м., 1909, стр. 1—2. (РСДРП). — *127.*

«Киевская Мысль», 1909, № 308, 7 (20) сентября. — *351—352.*

**Кистяковский, Б. А. В защиту права.* (Интеллигенция и правосознание).— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской ин-

теллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 97—126. — *179—180.*

Ко всем товарищам! [Листовка. Paris, кооп. тип. «Союз», 1909]. 8 стр. (РСДРП). — *94, 95, 96, 99, 152, 153, 154, 155, 156, 157.*

Ко всем товарищам за границей. 16 марта 1910 г. [Листовка]. Б. м., 1910. 1 стр. (РСДРП). — *360, 361—362.*

[*Койген, Ф. М.*] *Возможно ли партийное единство?*—«Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 1, 6 (19) марта, стр. 3—6. Подпись: Ионов. — *284.*

— *Как изжить партийный кризис.*—«Отклики Бунда», [Женева], 1909, № 2, июль, стр. 19—24. Подпись: И—ов. — *52.*

— *Фракции против партии.*—«Отклики Бунда», [Женева], 1910, № 4, апрель, стр. 19—23. Подпись: И—ов. — *277—278, 281, 282, 283—284, 286—287, 288—289, 290, 303—304, 306—308, 309, 310, 311, 319—322.*

Конференция Московской окружной организации.—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 47—48, 5 (18) сентября, стр. 6—8, в отд.: Из партии. — *130.*

Кооперативы и социалистические партии. [Резолюция VIII международного социалистического конгресса в Копенгагене].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 17, 25 сентября (8 октября), стр. 11. — *380, 381—382, 383, 385.*

Крылов, И. А. Лягушка и Вол. — *57.*

Кузьмин-Караваев, В. Партийная кандидатура или индивидуальная? (Письмо в редакцию). —«Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1909, № 11292, 2 (15) сентября, стр. 3. — *117.*

[*Credo*].— В кн.: [Ленин, В. И.]. Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»). — *93.*

Левицкий, В. Ликвидация или возрождение? —«Наша Заря», Спб., 1910, № 7, стр. 91—103, в отд.: На темы дня. — *395—396.*

— *Ответ товарищам выборжцам.* (Письмо в редакцию).— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17,

август—сентябрь. Приложение к 16-му № «Голоса Соц.-Дем.», стр. 7. Подпись: Г—г. — *157.*

[*Ленин, В. И.*] *Аграрный вопрос.* Ч. I. Спб., [«Зерно», январь] 1908. 263 стр. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. — *362.*

— *Аграрный вопрос и «критики Маркса».* — В кн.: [Ленин, В. И.] Аграрный вопрос. Ч. I. Спб., [«Зерно», январь] 1908, стр. 164—263. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. — *362.*

— *«Голос» ликвидаторов против партии.* (Ответ «Голосу Соц.-Демократа»).—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 12, 23 марта (5 апреля), стр. 5—6. — *365, 366, 367.*

— *Две тактики социал-демократии в демократической революции.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. VIII, 108 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *143.*

— *Директивы для ком*[*иссии*] *по организационному вопросу.*— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 6. (РСДРП). Под общ. загл.: Организационный вопрос. — *206—207, 208—209.*

*— *За 12 лет.* Собрание статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907]. XII, 471 стр. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. и обл. год изд.: 1908. — *326.*

— *Задачи большевиков в партии.* [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»]. —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 6—7. — *5, 8—9, 10, 44, 259, 318—319.*

— *Извещение о Совещании расширенной редакции «Пролетария».*—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 1—3. — *44, 50—51, 77, 120—121.*

— *Карикатура на большевизм.* —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 44. Приложение к № 44 газ. «Пролетарий», 4 (17) апреля, стр. 1—2. — *45, 60.*

— *Ликвидация ликвидаторства.* —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46, 11 (24) июля, стр. 1—2. — *77, 119, 161.*

— *На дорогу.* —«Социал-Демократ», Париж, 1909, № 2, 28 января (10 февраля), стр. 1—2. — *206—207.*

— *О бойкоте.*—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 1, 21 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *109, 396.*

— *О партийной школе, устраиваемой за границей в N. N.* [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»].— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7. — *8, 44, 140, 342—343.*

[*Ленин, В. И.*] *О статистике стачек в России.*—«Мысль», М., 1910, № 1, декабрь, стр. 12—23; 1911, № 2, январь, стр. 19—29. — *397.*

— *О фракции сторонников отзовизма и богостроительства.*— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 47—48. Приложение к № 47—48 газеты «Пролетарий», 11 (24) сентября, стр. 1—10. — *120.*

— *Об агитации за отдельный от партии большевистский съезд или б[ольшевистс]кую конференцию.* [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7. — *44.*

— *Об отзовизме и ультиматизме.* [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»]. —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 3—4. — *4, 5—6, 8, 44, 50—51, 77, 106, 119, 127, 260.*

— *Об отколе т. Максимова.* [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 7. — *8, 44, 77, 106, 119, 127.*

— *Одно из препятствий партийному единству.* —«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 13, 26 апреля (9 мая), стр. 9—10.—*320.*

— *От редакции «Пролетария».* [По поводу статьи «К очередным вопросам»]. —«Пролетарий», Париж, 1909, № 42, 12 (25) февраля, стр. 3—4. — *45.*

— *Отзовистски-ультиматистские штрейкбрехеры*[1].— *124.*

— *Партийное объединение за границей.*—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 13, 26 апреля (9 мая), стр. 9. — *321—322.*

[1] Мақала табылмаған.

— [*Письмо организаторам каприйской школы*]. 5 (18) августа 1909 г.—В листовке: К вопросу о партийной школе. (Четыре документа). Изд. парт. школы. Б. м., 1909, стр. 2. (РСДРП). Под загл.: Письмо Н. Ленина. — *128.*

— *По поводу двух писем.*—«Пролетарий», Женева, 1908, № 39, 26 (13) ноября, стр. 3—6. — *45, 48.*

— *По поводу статьи «К очередным вопросам»— қараңыз:* Ленин, В. И. От редакции «Пролетария».

— *Предисловие* [*к сборнику «За 12 лет»*].—В кн.: [Ленин, В. И.] За 12 лет. Сборник статей. Т. 1. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова, [1907], стр. III—XII. Перед загл. авт.: Вл. Ильин. На тит. л. и обл. год изд.: 1908. — *326.*

— [*Проект резолюции о положении дел в партии, внесенный на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.*][1].—*280, 281, 282, 293, 300.*

— *Резолюция о тактике с.-д. фракции в* [*III*] *Г*[*осударственной*] *думе.*—«Пролетарий». [Выборг], 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4, в отд.: Из партии. Под общ. загл.: Резолюции 3-й общероссийской конференции. На газ. место изд.: М. — *58.*

— *Резолюция* [*о III Государственной думе конференции с.-петербургской организации РСДРП.* 27 октября (9 ноября) 1907 г.].—«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 19, 5 ноября, стр. 7. На газ. место изд.: М. Загл.: Резолюция конференции Спб. организации РСДРП. — *58.*

— *Тактические колебания.*—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 2, 29 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М. — *326.*

*— *Эсеровские меньшевики.*—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *314.*

Ликвидация гегемонии пролетариата в меньшевистской истории русской революции. (Как Л. Потресов ликвидировал Г. Плеханова и «Искру»).—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 47—48, 5 (18) сентября, стр. 3—7. — *328.*

**Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.).* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909. 486 стр. (РСДРП). — *144, 169—170, 189, 303, 304, 409.*

---

[1] Жоба табылмаған.

[*Луначарский, А. В.*] *Измена пролетарскому делу.* (Энрико Ферри).— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 32—37. (РСДРП). Подпись: Воинов. — *342.*

— *Несколько слов о моем «богостроительстве».* — В листовке: Ко всем товарищам! [Paris, кооп. тип. «Союз», 1909], стр. 7—8. (РСДРП). — *156.*

Лядов, М. Н. Письмо в редакцию.—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46, 11 (24) июля, стр. 8. — *60.*

Максим Горький. (По телеграфу от нашего корреспондента). Париж, 16 (29), XI.—«Русское Слово», М., 1909, № 264, 17 (30) ноября, стр. 3. — *164—165.*

Максимов, Н. — *қараңыз:* Богданов, А.

Манифест. 17 (30) октября 1905 г.—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *399, 455.*

Манифест [*об учреждении Государственной думы.* 6 (19) августа 1905 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1. — *400, 431.*

Маркс, К. Законопроект об отмене феодальных повинностей— *қараңыз:* Marx, K. Köln, 29. Juli.

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г.— *360.*

— *Кризис и контрреволюция. II. 12 сентября 1848 г.*— *қараңыз:* Marx, K. Berliner Gegenrevolution.

— *Критика Готской программы.* Замечания к программе германской рабочей партии. 5 мая 1875 г. — *271.*

— *Письмо В. Бракке.* 5 мая 1875 г. — *271.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 17 апреля 1871 г.— *400.*

Мартов, Л. Г. В. Плеханов против «организационного оппортунизма».—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август — сентябрь, стр. 9—11.—*154.*

— *Дополнение к «поправке».* —«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь, стр. 15—16. — *154—156, 163.*

— *Итоги политического развития.* — В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова, Т. I. Предвестники и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909, стр. 663—676. Подпись: Л. М. — *148.*

— *Конфликты в германской рабочей партии.*—«Наша Заря», Спб., 1910, № 7, стр. 76—90, в отд.: Иностранное обозрение. — *399, 437, 440.*

— *Куда идти?*—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 13, апрель, стр. 2—5. — *146—149.*

— *Маленькие причины великой обиды.*— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа», [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 8—16. (РСДРП).— *276, 290, 292—293, 323—324, 325.*

— *На верном пути.*—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь—февраль, стр. 19—20.— *217, 218, 219, 277, 320.*

— *О «ликвидаторстве».*—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь, стр. 1—4. — *152, 153, 157, 158.*

Мартынов, А. Аграрный вопрос в контрреволюционной Думе.— «Голос Социал-Демократа», [Женева], 1908, № 10—11, ноябрь—декабрь, стр. 5—14. — *149—150.*

— *В поисках за принципиальностью. (Қараңыз:* Г. В. Плеханов. «Комедия ошибок». «Дневник Соц.-Дем.». Февраль, № 10).— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 1—8. (РСДРП). — *272.*

— *Положение дел в партии.* (Итоги пленума ЦК).— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь—февраль, стр. 17—19.— *284—286, 296—297, 298—301, 303, 314, 322, 323.*

Маслов, П. П. Аграрный вопрос в России. Т. II. Кризис крестьянского хозяйства и крестьянское движение. Спб., тип. «Общественная Польза», 1908. VIII, 457, 135 стр.; 4 л. карт. — *144—146, 147, 148.*

— *Крестьянское движение 1905—7 г.*— В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. II, ч. 2. а) Массовое

движение. b) Главнейшие моменты в истории русского марксизма. Спб., тип. «Общественная Польза», 1910, стр. 203—282. — *393.*

— *Предисловие [ко 2-му тому книги «Аграрный вопрос в России»].*— В кн.: Маслов, П. П. Аграрный вопрос в России. Т. II. Кризис крестьянского хозяйства и крестьянское движение. Спб., тип. «Общественная Польза», 1908, стр. VII—VIII. — *144.*

Маслов, П. П. Развитие народного хозяйства и влияние его на борьбу классов в XIX веке.— В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. I. Предвестники и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза» 1909, стр. 643—662, в отд.: Итоги. — *195—196, 334, 391, 393.*

[*Материалы, поступившие в Общее собрание Государственной думы 2-го созыва*]. Б. м., [1907]. 1040 л. — *149.*

Милюков, П. Н. Наши политические партии в стране и в Думе.— «Речь», Спб., 1909, № 324 (1204), 25 ноября (8 декабря), стр. 2; № 325 (1205), 26 ноября (9 декабря), стр. 2; № 330 (1210), 1 (14) декабря, стр. 2; № 351 (1231), 22 декабря 1909 (4 января 1910), стр. 2. — *189—195.*

Миров, В. — қараңыз: Иков, В. К.

«Московские Ведомости».—182, 185.

— 1910, № 76, 3 (16) апреля, стр. 1. — *247—248.*

«Московский Еженедельник», 1909, № 46, 21 ноября, стлб. 5—10. — *193.*

— 1910, № 8, 20 февраля, стлб. 23—36. — *227—228, 231.*

Московский окружной комитет о деятельности с.-д. думской фракции. [Открытое письмо Исполнительной комиссии Московского окружного комитета РСДРП]. —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 47—48, 5 (18) сентября, стр. 8. — *70.*

«Мысль», М., 1910, № 1, декабрь, стр. 12—23; 1911, № 2, январь, стр. 19—29. — *397.*

«Наша Заря», Спб. — *283, 286, 304, 311, 334, 406.*

— 1910, № 2, стр. 50—62. —*305—306, 311, 312, 320—321, 324, 327.*

— 1910, № 7, стр. 76—90, 91—103. — *395—396, 399, 437, 441.*

Не по дороге.—«Пролетарий», Париж, 1909, № 42, 12 (25) февраля, стр. 6—7. — *95, 96, 100.*

Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910]. 32 стлб. (РСДРП). — *273, 274, 290, 292—293, 307, 324—325, 326, 327, 328.*

«Новое Время», Спб. — *164—165, 186.*

— 1909, № 11893, 23 апреля (6 мая), стр. 4. — *186.*

— 1909, № 11897, 27 апреля (10 мая), стр. 3. — *186.*

— 1909, № 12011, 20 августа (2 сентября), стр. 3—4. — *186.*

— 1909, № 12107, 24 ноября (7 декабря), стр. 3—4. — *164—165.*

— 1910, № 12217, 17 (30) марта, стр. 3. — *234.*

«Новый День», [Спб.], 1909, № 6, 24 августа (6 сентября), стр. 1.— *133.*

О богостроительских тенденциях в соц.-дем. среде. [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 4—5. — *77, 94, 95, 106.*

О думской с.-д. фракции. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 5—6. (РСДРП).— *207, 208—209.*

[*О ликвидаторах.* Резолюция, принятая меньшевиками-партийцами на собрании в Сан-Ремо 13 апреля 1910 г.].— В листовке: Резолюции, принятые в Сан-Ремо 13 апр. 1910 г. Б. м., [1910], стр. 2. (РСДРП). — *251, 321.*

О порядке применения статьи 96 основных государственных законов. [Положение Совета министров, утвержденное Николаем II. 24 августа 1909 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1909, № 189, 3 (16) сентября, стр. 1.— *243.*

О современном моменте и задачах партии. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—5. (РСДРП).— *44, 148, 189, 190, 206, 208—209, 237, 259—260, 263, 267, 268.*

О созыве очередной общепарт[ийной] конференции. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии.— *208, 209, 214—215, 220—221, 290, 330.*

О том, как не надо составлять денежные отчеты. (По поводу отчета ЗБЦК).— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 59—64. (РСДРП). Подпись: Член партии. — *343—345.*

О фракционных центрах. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 11, в отд.: Из партии.— *208, 209, 222, 249, 287—289, 344, 407.*

О Центр[альном]Органе. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии. — *217.*

**О Центральном Органе партии.* [Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде РСДРП].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genеve, тип. партии, [1904], стр. 12, 146—147. — *108—109.*

Об исключении М. Горького из с.-д. партии.—«Речь», Спб., 1909, № 317 (1197), 18 ноября (1 декабря), стр. 2. — *164—165.*

Об отношении к думской деятельности в ряду других отраслей парт[ийной]работы. [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»]. —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 5—6. — *8—9, 11, 28, 78.*

Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова. Т. I—IV. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909—1914. 5 т. — *46, 66—67, 68, 146, 147, 148, 155, 157, 297, 326, 334, 391, 393.*

— Т. I. Предвестники и основные причины движения. 1909. 676 стр. — *46, 66—67, 146—147, 148, 155, 326, 334, 391, 393.*

— Т. II. Ч. 2. a) Массовое движение. b) Главнейшие моменты в истории русского марксизма. 1910. 339 стр.— *393.*

Организационный вопрос. [Резолюция, принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.:

Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 6. (РСДРП). — *206—207, 209—210.*

Организационный устав, [принятый на IV (Объединительном) съезде РСДРП].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 419—420. — *153.*

От редакции. —В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 1. (РСДРП). — *344—345.*

От редакции. [По поводу письма Череванина].—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь, стр. 16. — *161, 162, 163.*

От редакции. [Примечание к письму В. В. Водовозова в редакцию газеты «Речь»].— «Речь», Спб., 1909, № 213 (1097), 6 (19) августа, стр. 4. Под общ. загл.: Письма в редакцию.— *74—75.*

Отдельный оттиск из № 50 газеты «Пролетарий». [Париж, 28 ноября (11 декабря) 1909]. 2 стр. — *141.*

Отзыв А. П. Чехова о Горьком. (Интервью с режиссером Художественного театра Л. А. Сулержицким).—«Утро России», М., 1909, № 38—5, 20 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: К отлучению Максима Горького. Подпись: Old Boy. — *164—165.*

«Отклики Бунда», [Женева]. — *304.*

— 1909, № 2, июль, стр. 19—24. — *52.*

— 1909, № 3, ноябрь, стр. 11—16. — *153.*

— 1910, № 4, апрель, стр. 19—23. — *277—278, 280, 281, 283—284, 286—287, 288, 303—304, 307—308, 309, 310, 311, 319—321.*

Открытое письмо Исполнительной комиссии Московского окружного комитета РСДРП — қараңыз: Московский окружной комитет о деятельности с.-д. думской фракции.

Открытое письмо [16-ти русских меньшевиков-ликвидаторов].—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1910, № 19—20, январь—февраль, стр. 23—24.— *222—223, 225—226, 307, 311, 317, 318, 319, 406.*

Отчет о школе в NN.—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 50. Приложение к № 50 газеты «Пролетарий», ноябрь, стр. 1—7. — *140—141.*

Отчет тов. большевикам устраненных членов расширенной редакции «Пролетария». 3 (16) июля 1909. Б. м. [1909]. 4 стр. Подпись: Н. Максимов и Николаев. Гект. — 70.

Отчет тов. большевикам устраненных членов расширенной редакции «Пролетария». 3 (16) июля [1909 г.]. Б. м., [1909]. 16 стр.—*77—82, 83—91, 93, 94—95, 96—98, 99, 100, 101—109, 111, 112, 114, 119—120, 121—123, 124, 127—128, 131, 158.*

П. — қараңыз: Дневницкий, П. Н.

Перцов, П. Горький — буржуй.—«Новое Время», Спб., 1909, № 12107, 24 ноября (7 декабря), стр. 3—4. Под общ. загл.: Попутные заметки.— *164—165.*

Петербургские выборы. —«Пролетарий», [Париж], 1909, № 49, 3 (16) октября, стр. 1—2. — *133.*

Печальный рецидив.— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 28—32. (РСДРП).— *325, 327—328.*

Письмо «выборгских» меньшевиков — қараңыз: Похмелье легалистов.

Письмо Заграничного бюро ЦК по группам — қараңыз: Ко всем товарищам за границей.

[*Письмо из Петербурга*].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 50, 28 ноября (11 декабря), стр. 7, в отд.: Из рабочего движения. Под общ. загл.: Письма из Петербурга. Подпись: Тр.— *143, 166—168.*

Письмо к партийным организациям. (Об очередной партийной конференции).— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 11—12. Подпись: Центральный Комитет РСДРП. — *219, 220, 320.*

Письмо к партийным организациям. [Письмо 1-е. Листовка]. Б. м., [ноябрь 1904]. 4 стр. (Только для членов партии).— *325.*

Письмо к товарищам [Листовка. Paris, кооп. тип. «Союз», 1910]. 2 стр. (РСДРП). — *217, 220, 222—223, 225, 226, 249, 253—254.*

Письмо к товарищам социал-демократам, работающим в профессиональных союзах, обществах образования, школах,

кооперативах и других легальных рабочих организациях.— «Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 14, май, стр. 15—16, в отд.: Из партии. — *62, 157.*

Письмо рабочего. (О плане партийной работы в связи с оценкой текущего момента).—«Рабочее Знамя», [М.], 1908, № 5, октябрь, стр. 4—5. — *90, 92.*

Плеханов, Г. В. В защиту «подполья».—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 12, 23 марта (5 апреля), стр. 1—2.—*218.*

— *К вопросу о развитии монистического взгляда на историю.* Ответ гг. Михайловскому, Карееву и комп. Спб., 1895. 287 стр. Перед загл. авт.: Бельтов. — *339.*

— *Необходимая поправка.* —«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1909, № 9, август, стр. 19—20. — *64, 65—66, 112, 154, 155.*

— *Нечто о выгодах «генерального межевания».*—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1909, № 9, август, стр. 16—19. — *64—65, 66, 67, 68, 104, 158.*

— *О нашей тактике по отношению к борьбе либеральной буржуазии с царизмом.* (Письмо к Центр. Комитету). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 31 стр. (РСДРП. Только для членов партии). — *325.*

— *О пустяках, особенно о г. Потресове.*—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 13, 26 апреля (9 мая), стр. 3—6. — *323.*

— *«Общее горе».*—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1906, № 6, август, стр. 1—12. — *326.*

— *Оппортунизм, раскол или борьба за влияние в партии?*— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1909, № 9, август, стр. 2—16. — *61, 62—63, 64, 66, 112, 153, 208.*

— *Письмо в редакцию.*—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 14, май, стр. 14. — *9—10.*

— *Последнее пленарное собрание нашего Центрального Комитета.*—«Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1910, № 11, март, стр. 1—20. — *218, 219—220, 222.*

— *Фракция г. Троцкого и партийное положение.*—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 15—16, 12 сентября (30 августа), стр. 8—9. — *409.*

— *Чего не делать.*—«Искра», [Женева], 1903, № 52, 7 ноября, стр. 1—2. — *325.*

По поводу организационной «дискуссии».—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь. Приложение к 16-му № «Голоса Соц.-Дем.», стр. 1—2. — *157, 158.*

По поводу протеста т. Максимова в связи со статьей «Не по дороге». (№ 42 «Прол.»). [Резолюция Совещания расширенной редакции «Пролетария»].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 5. — *94.*

Погожев, А. В. Учет численности и состава рабочих в России. Материалы по статистике труда. Изд. Академии наук. С прилож. табл. и 18 карто-диагр. (Доложено в заседании историко-филологического отделения Академии наук 18 января 1906 г.). Спб., 1906. XXVI, 114, 224 стр. — *420.*

[*Покровский, М. Н.*] *Финляндский вопрос.*— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 9—15. (РСДРП). Подпись: Домов. — *344.*

Положение дел в партии. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии. — *208, 209—214, 253, 273—275, 280—281, 282, 284, 285, 286, 287, 289, 293—295, 297—298, 299—300, 301, 302, 303, 321, 406.*

Положение о выборах в Государственную думу.—«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 2—4.—*396, 431.*

Положение о выборах в Государственную думу. С разъяснениями правительствующего Сената и министерства внутренних дел. Спб., сенатская тип., 1907. 188 стр.; 2 схемы. (Изд. м-ва внутр. дел). — *73, 185—186, 455—459.*

Положение партийной работы в Латышском крае. (Из отчета представителя с.-д. Лат. края на пленуме ЦК РСДРП). — «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 12, 23 марта (5 апреля), стр. 11. Подпись: М. — *331, 332.*

Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка. Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906]. 4 стр. (РСДРП). —*393.*

Постановления съездов крестьянского союза (Учредительного 31 июля — 1 августа и 6—10 ноября 1905 г.). Изд. Северного обл. бюро содействия крестьянскому союзу (в С.-Пе-

тербурге). Спб., тип. Клобукова, 1905. 16 стр. (Всероссийский крестьянский союз). —*150.*

Потресов, А. Н. Критические наброски. О том, почему пустяки одолели.—«Наша Заря», Спб., 1910, № 2, стр. 50—62. —*305—306, 311, 312, 320, 324, 327.*

— *На суд тт. меньшевиков.*— В кн.: Необходимое дополнение к «Дневникам» Г. В. Плеханова. Изд. ред. «Голоса Социал-Демократа». [Paris, кооп. тип. «Союз», апрель 1910], стлб. 21—26. (РСДРП). Подпись: А. Потресов-Старовер. — *272, 307, 327.*

— [*Письмо Л. Мартову.* 18 августа 1909 г.].—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь, стр. 15—16, в ст.: Мартов, Л. Дополнение к «поправке». — *155, 163.*

— *Эволюция общественно-политической мысли в предреволюционную эпоху.*— В кн.: Общественное движение в России в начале XX-го века. Под ред. Л. Мартова, П. Маслова и А. Потресова, Т. I. Предвестники и основные причины движения. Спб., тип. «Общественная Польза», 1909, стр. 538—640. — *46, 65—66, 155, 326.*

Похмелье легалистов. [Письмо меньшевиков Выборгского района Спб.].—«Пролетарий», [Париж], 1909, № 45, 13 (26) мая, стр. 2. — *39—40, 62, 157.*

«Правда», [Вена].— *62, 253, 254, 281, 387, 401, 409, 449.*

— 1910, № 12, 3 (16) апреля, стр. 2—3. — *253, 257, 320, 321.*

«Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 39, 18 февраля (3 марта), стр. 1. — *431.*

— 1905, № 40, 19 февраля (4 марта), стр. 1. — *431.*

— 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—2. — *396, 431.*

— 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1. — *399, 455.*

— 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1. — *455.*

— 1906, № 57, 11 (24) марта, стр. 1. — *404.*

— 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1. — *149—150.*

— 1909, № 91, 28 апреля (11 мая), стр. 1. — *242—243.*

— 1909, № 189, 3 (16) сентября, стр. 1. — *243.*

Программа занятий школы [*на Капри*].— В листовке: К вопросу о партийной школе. (Четыре документа). Изд. парт. школы. Б. м., 1909, стр. 1. (РСДРП). — *100, 128.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *38, 170, 172, 173.*

Проект основных положений [*земельного закона, внесенный 104 членами I Государственной думы*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 560—562. (Государственная дума). — *150.*

Проект основных положений [*земельной реформы, внесенный во II Государственную думу от имени Трудовой группы и Крестьянского союза*].— В кн.: [Материалы, поступившие в Общее собрание Государственной думы 2-го созыва]. Б. м., [1907], л. 17—19, 37.—*150.*

«Пролетарий», [Выборг] — Женева — Париж.— *3, 4, 8, 13, 19, 22, 29, 32, 37, 39, 41, 42, 43, 52, 60, 62, 70, 75, 77, 81, 82, 90, 91, 92, 94, 95, 99—101, 102, 105, 106, 107, 108, 109—111, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 130, 131, 149, 150, 153, 158, 161, 162, 164, 167, 208, 259, 293, 318, 341, 396, 470.*

— [Выборг], 1906, № 1, 21 августа. 8 стр. На газ. место изд.: М. — *109, 396.*

— 1906, № 2, 29 августа, стр. 2—3. На газ. место изд.: М.—*326.*

*— 1906, № 4, 19 сентября, стр. 3—6. На газ. место изд.: М. — *314.*

— 1907, № 19, 5 ноября, стр. 7. На газ. место изд.: М. —*58.*

— 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4—5. На газ. место изд.: М. —*58.*

— Женева, 1908, № 31, 17 (4) июня, стр. 6. — *50, 92, 130.*

— 1908, № 39, 26 (13) ноября, стр. 3—6. — *45, 48.*

— Париж, 1909, № 42, 12 (25) февраля. 8 стр. — *45, 47, 95, 96, 100.*

— 1909, № 44. Приложение к № 44 газ. «Пролетарий», 4 (17) апреля, стр. 1—2. — *45, 60, 92.*

— 1909, № 45, 13 (26) мая, стр. 2.— *39, 62, 157.*

— 1909, № 46, 11 (24) июля. 8 стр.— *60, 77, 119, 161.*

— 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля. 7 стр.— *3—4, 5—6, 7, 8—9, 10, 11, 28, 43, 44, 50, 52, 60, 70, 77, 94, 95, 106, 119, 120—121, 126, 140, 259, 318—319, 346, 408.*

— 1909, № 47—48, 5 (18) сентября. 8 стр.— *70, 110, 121, 124, 130, 328.*

— 1909, № 47—48. Приложение к № 47—48 газеты «Пролетарий», 11 (24) сентября, стр. 1—10.— *121.*

— 1909, № 49, 3 (16) октября. 10 стр.— *120, 121, 125, 133, 157.*

— 1909, № 50, 28 ноября (11 декабря). 8 стр.— *143, 166—168.*

— 1909, № 50. Приложение к № 50 газеты «Пролетарий», ноябрь, стр. 1—7.— *140—141.*

Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907. VI, 420 стр.— *153.*

Протоколы Совещания расширенной редакции «Пролетария». Июнь 1909 г.[1]— *3—4, 5, 8, 13, 14, 15, 16, 17—18, 19, 21, 22, 24, 29, 30, 31, 32, 42, 43.*

«Рабочая Газета», [Париж].— *447, 449, 450, 451, 452—453.*

«Рабочая Мысль», [Петербург — Берлин — Варшава — Женева].— *90.*

«Рабочее Дело», Женева.— *90, 93, 105.*

«Рабочее Знамя», М.— *130.*

— 1908, № 5, октябрь, стр. 4—5.— *90, 92.*

Рабочий Ар.— қараңыз: Калинин, Ф. И.

[*Редакционная статья*].— «Речь», Спб., 1910, № 89 (1327), 1 (14) апреля, стр. 1.— *245.*

Резолюции, принятые в Сан-Ремо. 13 апр. 1910 г. Б. м., [1910]. 2 стр. (РСДРП).— *251, 322.*

[1] Бірінші рет 1934 жылы жарияланған.

[*Резолюции, принятые на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.*].— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10—11, в отд.: Из партии.— *207, 208, 217, 218, 219, 221, 222, 223, 251—252, 272, 274, 275, 286, 287, 288, 289, 290, 293, 308, 311, 319, 322, 330, 449, 451—452.*

[*Резолюции, принятые на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)*].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4—7. (РСДРП).— *34—35, 44, 45, 152, 169—170, 204, 206, 299, 300—301, 302, 304, 306, 330, 449, 450.*

[*Резолюции, принятые на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 420—442. (РСДРП).— *169, 170, 194.*

[*Резолюции, принятые на Четвертой конференции РСДРП («Третьей Общероссийской»)*].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 20, 19 ноября, стр. 4—5, в отд.: Из партии. Под загл.: Резолюции 3-й общероссийской конференции. На газ. место изд.: М.— *169—170.*

[*Резолюции Совещания расширенной редакции «Пролетария»*].— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 46. Приложение к № 46 газеты «Пролетарий», 16 (3) июля, стр. 3—7.— *3—4, 6, 7, 8, 11, 43, 44, 52, 60, 77, 122, 126, 408.*

Резолюция 2-й Парижской группы содействия РСДРП. 30 марта 1910 г. [Листовка]. Б. м., 1910. 1 стр. (РСДРП).— *251.*

[*Резолюция Исполнительной комиссии Петербургского комитета РСДРП по вопросу о выборах в Государственную думу*].— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 49, 3 (16) октября, стр. 5, в ст.: Беседа с петербургскими большевиками.— *157.*

Резолюция Московской общегородской конференции РСДРП об отношении к думской фракции.— «Пролетарий», Женева, 1908, № 31, 17 (4) июня, стр. 5—6.— *50, 92, 130.*

Резолюция об отношении к непролетарским партиям, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 454—455. (РСДРП).— *144, 189, 303, 304.*

Резолюция «отзовистов» [*Московской общегородской конференции РСДРП.* Май 1908 г.].— «Пролетарий», Женева, 1908, № 31, 17 (4) июня, стр. 6.— *92, 130.*

[*Резолюция — платформа, принятая Петербургским комитетом РСДРП в связи с избирательной кампанией*].— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 49, 3 (16) октября, стр. 8—9, в отд.: Хроника.— *120, 125—126.*

Резолюция по отчетам, [принятая на Пятой конференции РСДРП (Общероссийской 1908 г.)].— В кн.: Извещение Центрального Комитета Российской с.-д. рабочей партии о состоявшейся очередной общепартийной конференции. [Изд. ЦК РСДРП. Paris, 1909], стр. 4. (РСДРП).— *154.*

Резолюция, предложенная на собрании меньшевистской группы содействия в Париже (4 апреля 1910 г.) меньшевиками-партийцами. [Листовка]. Б. м., [1910]. 1 стр. (РСДРП).— *250, 321.*

Резолюция, предложенная на собрании 1-ой Женевской группы РСДРП 19 апреля 1910 г. меньшевиками-партийцами. [Листовка]. Б. м., [1910]. 1 стр. (РСДРП).— *250, 321.*

Резолюция, предложенная на собрании 1-ой Льежской группы содействия РСДРП меньшевиками-партийцами. [Листовка]. Б. м., [1910]. 1 стр. (РСДРП).— *251, 321.*

Резолюция, принятая Венским партийным социал-демократическим клубом 17 апреля 1910 г. [Листовка]. Б. м., 1910. 1 стр.— *272, 274, 275—279, 281, 286, 306—307, 309, 319—320, 321.*

Резолюция, принятая на общем собрании партийного социал-демократического клуба в Вене 26-го ноября 1910 года. [Листовка]. Б. м., [1910]. 2 стр.— *407.*

Резолюция СПБ «отзовистов», предложенная ими расширенному заседанию Пет. ком. перед общепартийной конференцией.— «Пролетарий», [Париж], 1909, № 44. Приложение к № 44 газ. «Пролетарий», 4 (17) апреля, стр. 1.— *92.*

Резолюция Совета парт. школы. 26 августа 1909 г.— В листовке: К вопросу о партийной школе. (Четыре документа). Изд. парт. школы. Б. м., 1909, стр. 2. (РСДРП).— *128.*

Резолюция ЦК [РСДРП] о кооперативах.— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 37—38, в отд.: Из партии.— *40.*

[*Резолюция ЦК РСДРП о работе в профессиональных союзах*].— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 38—39, в отд.: Из партии.— *40.*

[*Резолюция ЦК РСДРП по поводу выступления социал-демократической фракции в Думе по вопросу о закрытии дверей думской комиссии по государственной обороне...*].— «Социал-Демократ», [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 35. Под общ. загл.: Деятельность Центрального Комитета, в отд.: Из партии.— *40.*

[*Рескрипт, данный на имя министра внутренних дел А. Г. Булыгина.* 18 февраля 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 40, 19 февраля (4 марта), стр. 1.— *431.*

Рескрипт, данный на имя председателя Совета министров, статс-секретаря П. А. Столыпина. 27 апреля 1909 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1909, № 91, 28 апреля (11 мая), стр. 1.— *243.*

«Речь», Спб.— *164—165, 245.*

— 1909, № 167 (1045), 21 июня (4 июля), стр. 3.— *57, 58, 74, 197.*

— 1909, № 208 (1092), 1 (14) августа, 4 стр.— *74—75, 76.*

— 1909, № 213 (1097), 6 (19) августа, стр. 4.— *75.*

— 1909, № 216 (1100), 9 (22) августа, стр. 3.— *76.*

— 1909, № 220 (1104), 13 (26) августа, стр. 4.— *76.*

— 1909, № 317 (1197), 18 ноября (1 декабря), стр. 2.— *164—165.*

— 1909, № 318 (1198), 19 ноября (2 декабря), стр. 3.— *164—165.*

— 1909, № 324 (1204). 25 ноября (8 декабря), стр. 2; № 325 (1205), 26 ноября (3 декабря), стр. 2; № 330 (1210), 1 (14) декабря, стр. 2; № 351 (1231), 22 декабря 1909 (4 января 1910), стр. 2.— *189—196.*

— 1910, № 89 (1327), 1 (14) апреля. 8 стр.— *239, 241, 245—246, 247, 248.*

Розанов, В. Между Азефом и «Вехами».— «Новое Время», Спб., 1909, № 12011, 20 августа (2 сентября), стр. 3—4.— *186.*

— *Мережковский против «Вех».* (Последнее религиозно-философское собрание).— «Новое Время», Спб., 1909, № 11897, 27 апреля (10 мая), стр. 3.— *186.*

«Россия», Спб. — *58.*

— 1909, № 1099, 23 июня (6 июля), стр. 1. — *58.*

Русские депутаты в Англии. Речи на завтраке у лорд-мэра. Лондон, 19 июня (2 июля). —«Речь», Спб., 1909, № 167 (1045), 21 июня (4 июля), стр. 3.— *57, 58—59, 74, 195.*

«Русское Слово», М. — *164—165.*

— 1909, № 264, 17 (30) ноября, стр. 3.— *164—165.*

С. — қараңыз: Джибладзе, С.

Сажин, Л. К вопросу о возрождении партии. (Мысли практика). Париж, кооп. тип. «Союз», 1910. 32 стр. (РСДРП).— *338, 339, 340—341, 342.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Игрушечного дела людишки. — *64—65, 158.*

— *Признаки времени.* — *328.*

С.-Петербург. 22-го июня. [Передовая]. —«Россия», Спб., 1909, № 1099, 23 июня (6 июля), стр. 1. — *58.*

С.-Петербург, 1 августа. [Передовая]. —«Речь», Спб., 1909, № 208 (1092), 1 (14) августа, стр. 1. — *73—74, 75—76.*

С.-Петербург, 1 апреля. [Передовая].—«Речь», Спб., 1910, № 89 (1327), 1 (14) апреля, стр. 1. — *245.*

Свод законов Российской империи. Т. 1. Ч. I. Свод основных государственных законов. Изд. 1906 года. Спб., гос. тип., б. г. 78 стр. — *239, 241—243, 247.*

«Слово», Спб., 1909, № 791, 10 (23) мая, стр. 3.— *57, 186, 187—188.*

**Современное положение и задачи партии.* Платформа, выработанная группой большевиков. Изд. группы «Вперед». Paris, кооп. тип. «Союз», [1909]. 32 стр. (РСДРП). — *208, 259—266, 267, 268—271.*

«Социал-Демократ», [Вильно — Спб. — Париж — Женева]. —*30, 39, 134, 205, 217—218, 220, 249, 253, 254, 272, 273, 275, 277, 288, 320, 321, 331, 386, 387, 407, 409.*

— [Вильно — Спб.], 1908, № 1, февраль, стр. 35, 36—39. — *39—40.*

— Париж, 1909, № 2, 28 января (10 февраля), стр. 1—2. — *206—207.*

— 1910, № 11, 26 (13) февраля. 12 стр. — *207, 208, 209—216, 217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 249, 251—252, 253, 272, 273—275, 279—281, 282, 284—285, 286, 287—288, 289—290, 291, 293—295, 296—297, 299—300, 301, 302, 303, 307, 311, 319, 320, 321, 330, 344, 406, 407, 449, 450—452.*

— 1910, № 12, 23 марта (5 апреля). 12 стр. — *218, 253, 254, 331, 332.*

— 1910, № 13, 26 апреля (9 мая). 12 стр. — *318, 321, 322, 324.*

— 1910, № 15—16, 12 сентября (30 августа), стр. 8—9. — *409.*

«Социал-Демократ», 1910, № 17, 25 сентября (8 октября), стр. 11. — *380, 381, 393—395.*

[*Сталин, И. В.*] *Письмо с Кавказа.* — «Дискуссионный Листок», [Париж], 1910, № 2, 25 мая (7 июня), стр. 26—28. Подпись: К. Ст. На газ. дата: 24/7 июня. — *298.*

Станислав — қараңыз: Вольский, С.

Статистика землевладения 1905 г. Свод данных по 50-ти губерниям Европейской России. Спб., тип. Минкова, 1907. 199 стр.; L стр. табл. (Центр. стат. ком. м-ва внутр. дел). — *191.*

[*Стеклов, Ю. М.*] Что делать? (Письмо из России). — «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 13, 26 апреля (9 мая), стр. 7—8. Подпись: К. — *313.*

Стенографические отчеты [*Государственной думы*]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906. XXII, 866 стр. (Государственная дума). — *150.*

Стенографические отчеты [*Государственной думы*]. 1908 г. Сессия вторая. Ч. I. Заседания 1—35 (с 15 октября по 20 декабря). Спб., гос. тип., 1908. XIV стр.; 3152 стлб. (Государственная дума. Третий созыв). — *151, 187, 188.*

Стенографические отчеты [*Государственной думы*]. 1909 г. Сессия вторая. Ч. III—IV. Спб., гос. тип., 1909. 2 т. (Государственная дума. Третий созыв).

— Ч. III. Заседания 71—100 (с 6 марта по 24 апреля 1909 г.). XII стр., 2956 стлб. — *188.*

— Ч. IV. Заседания 101—126 (с 27 апреля по 2 июня 1909 г.). XXXVII стр., 3476 стлб. — *55—56.*

Стенографические отчеты [*Государственной думы*]. 1909—1910 гг. Сессия третья. Ч. I—III. Спб., гос. тип. 1910. 3 т. (Государственная дума. Третий созыв).

— Ч. I. Заседания 1—32 (с 10 октября по 18 декабря 1909 г.). XVI стр., 3796 стлб. — *239, 290, 291, 296.*

— Ч. II. Заседания 33—64 (с 20 января по 6 марта 1910 г.). 3164 стлб. — *227—228.*

— Ч. III Заседания 65—94 (с 8 марта по 9 апреля 1910 г.). 3244 стлб. — *234—235, 237, 239, 240—241, 245.*

Столыпин, А. Интеллигенты об интеллигентах.—«Новое Время», Спб., 1909, № 11893, 23 апреля (6 мая), стр. 4.— *186.*

[*Столыпин, П. А.*] *Речь председателя Совета министров П. А. Столыпина* [*на заседании Государственной думы 31 марта 1910 г.*].— «Речь», Спб., 1910, № 89 (1327), 1 (14) апреля, стр. 4—5, в отд.: Государственная дума. — *239, 244—246, 247, 248.*

**Струве, П. Б. Интеллигенция и революция.*— В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 127—145.— *179—180, 181, 183—184, 186, 187, 470.*

Суд над Горьким. (Социал-демократическое действо).—«Утро России», М., 1909, № 39—6, 21 ноября, стр. 3—4. Подпись: Стенографировал Оль д'Ор. — *164—165.*

[*Сысоев, И. В.*] *О настроениях и запросах современного рабочего.* (Из Петербурга).— В кн.: Вперед. Сборник статей по очередным вопросам. Изд. гр. «Вперед». [Paris, кооп. тип. «Союз»], июль 1910, стлб. 53—59. (РСДРП). Подпись: Ткач И — н. — *339.*

[*Тактическая резолюция по аграрному вопросу, принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП*]. — В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП). Под загл.: Аграрная программа. — *392—393.*

«Ткач И — н»— қараңыз: Сысоев, И. В.

Ткачев, П. Н. Задачи революционной пропаганды в России. Письмо к редактору журнала «Вперед». Б. м., апрель 1874. IX, 43 стр. — *149.*

«Товарищ», Спб. — *387.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *К единству—через все препятствия!*—«Правда», [Вена], 1910, № 12, 3 (16) апреля, стр. 2—3.— *253, 254, 320—321, 322.*

— *Наши политические задачи.* (Тактические и организационные вопросы). Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904. XI, 107 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троцкий. — *109.*

Труды VI съезда уполномоченных дворянских обществ 33 губерний. С 14 марта по 20 марта 1910 г. Спб., тип. Александрова, 1910. VIII, 511 стр. — *240.*

Указ правительствующему Сенату [*о временных правилах в связи с проведением выборов в Государственный совет и Государственную думу.* 8 (21) марта 1906 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 57, 11 (24) марта, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *403.*

Указ правительствующему Сенату [*о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков.* 9 (22) ноября 1906 г.].—«Правительственный Вестник», Спб., 1906, № 252, 12 (25) ноября, стр. 1.— *148—150.*

Указ правительствующему Сенату [*о предоставлении частным лицам и учреждениям права вырабатывать предложения по вопросам государственного благоустройства.* 18 февраля (3 марта) 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 39, 18 февраля (3 марта), стр. 1.— *431.*

Указ правительствующему Сенату [*об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу.* 11 (24) декабря 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 268, 13 (26) декабря, стр. 1, в отд.: Действия правительства. — *455.*

Устав Ц[*ентрального*] *К*[*омитета, принятый на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.*].—«Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10, в отд.: Из партии. — *252.*

«Утро России», М. — *164—165.*

— 1909, № 31—1, 15 ноября, стр. 6.— *164—165.*

— 1909, № 35—2, 17 ноября, стр. 1.— *164—165.*

— 1909, № 38—5, 20 ноября, стр. 3.— *164—165.*

— 1909, № 39—6, 21 ноября, стр. 3—4.— *164—165.*

Учреждение Государственной думы. [6 (19) августа 1905 г.].— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 169, 6 (19) августа, стр. 1—2. — *397, 430—431.*

**Франк, С. Л. Этика нигилизма.* (К характеристике нравственного мировоззрения русской интеллигенции). — В кн.: Вехи. Сборник статей о русской интеллигенции. М., [тип. Саблина, март] 1909, стр. 146—181.— *179—180, 182, 183, 184, 185.*

[*Цедербаум, С. О.*] *«Конституционный» режим и рабочее движение.*— «Возрождение», М., 1910, № 5, 30 марта, стлб. 1—8. Подпись: В. Ежов.— *314.*

Череванин, Н. Несколько слов о моем ликвидаторстве. (Письмо в редакцию).—«Голос Социал-Демократа», [Париж], 1909, № 16—17, август—сентябрь, стр. 16.— *155—156, 161.*

— *Пролетариат в революции.* — В кн.: Горн, В., Меч, В. и Череванин, Н. Борьба общественных сил в русской революции. Вып. II. М., типолит. Русского т-ва печ. и изд. дела, 1907, стр. 5—120. — *161, 437.*

*— *Современное положение и возможное будущее.* Аграрная проблема и ее решение борющимися партиями. 3-я Дума, причины ее появления и ее будущее. М., тип. «Русский Труд», 1908. VII, 248 стр.— *161—163.*

Чернышевский, Н. Г. Пролог.— 231.

[*Шанцер, В. Л.*] *Марат и* [*Богданов, А.*] *Максимов.* [*Письменное заявление, поданное при голосовании резолюции «Об отзовизме и ультиматизме» на Совещании расширенной редакции «Пролетария»*][1]. — *4.*

«Экономист России», Спб., 1910, № 36, 11 (24) сентября, стр. 1—3. — *352.*

Энгельс, Ф. Введение к английскому изданию [*брошюры: «Развитие социализма от утопии к науке»*]. 20 апреля 1892 г. — *229.*

— *Введение* [*к работе К. Маркса «Классовая борьба во Франции с 1848 по 1850 г.»*]. 6 марта 1895 г. — *133.*

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланған: ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің протоколдары». Июнь, 1909 ж. [М.], Партия баспасы, 1934, 77-бет.

— *Письмо А. Бебелю* [*по поводу Готской программы*]. 18—28 марта 1875 г. — *271.*

— *Письмо Ф. А. Зорге.* 29 ноября 1886 г. — *327.*

— *Письмо Ф. А. Зорге. 11 мая 1889 г.* — *327.*

Энгельс, Ф. Революция и контрреволюция в Германии. Август 1851 — сентябрь 1852 г. — *400.*

— *4 мая в Лондоне.* Между 5—21 мая 1890 г. — *327.*

[*Юдин*]. *К вопросу о нашей работе.* (Из № 2 «Stimme vun Bund»).—«Отклики Бунда», [Женева], 1909, № 3, ноябрь, стр. 11—16. Подпись: Ю. Дин. — *153.*

Adler, F. [*Die Resolution, vorgeschlagen auf der Sitzung des Internationalen sozialistischen Büros*].—«Leipziger Volkszeitung», 1909, Nr. 264, 13. November. 4. Beilage zu Nr. 264 der «Leipziger Volkszeitung», S. 2. — *201—202.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S.— *393—394.*

Bensing, F. Der Einfluß der landwirtschaftlichen Maschinen auf Volks- und Privatwirtschaft. Breslau, 1898. IX, 205 S. — *369.*

«Berliner Tageblatt und Handelszeitung». — *164.*

«Bremer Bürgerzeitung». — *202.*

— 1909, 11. November. — *202.*

«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 33—56.— *198—203.*

— 1910, N 5. 195 p. — *376, 377, 378.*

Bureau socialiste International. Dimanche 7 novembre 1909.—«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 33—56.— *198—203.*

Census reports. Vol. V. Twelfth Census of the United States, taken in the year 1900. Agriculture. P. I. Washington, 1902.—*353, 354, 362—363.*

Contre la peine de mort en toute matière et particulièrement en matière politique. [Résolution du Bureau socialiste International].—«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 38.— *199.*

Contre les persécutions en Roumanie. [Résolution du Bureau socialiste International]. —«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 38.— *199.*

[*Dahn, Th.*] *Erklärung.*—«Vorwärts», Berlin, 1908, Nr. 151, 1. Juli, S. 3. Unter der Rubrik: Aus der Partei. — *46, 161.*

«L'Eclair», [Paris].— *164.*

Engels, F. [*Brief an K. Kautsky.* 1. April 1895].—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1908, Jg. 27, Bd. 1, Nr. 1, S. 7.— *133.*

— *Briefe von F. Engels über die französische Arbeiterpartei.* Vorbemerkung.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1900—1901, Jg. XIX, Bd. I, Nr. 14, S. 420—427.— *133.*

L'Expédition du Maroc. [Résolution du Bureau socialiste International]. —«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 38. — *199.*

Gesetz gegen gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. October 1878.— «Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358.— *79.*

Guesde, J. Le Problème et la Solution. Les huit heures à la Chambre. Lille, Delory, s. d. 31 p. (Bibliothèque du Parti Ouvrier).— *171, 172, 173.*

Hommage aux socialistes suédois. [Résolution du Bureau socialiste International].—«Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 38.— *199.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1904, S. 31—32. — *297.*

Das Internationale sozialistische Bureau.—«Leipziger Volkszeitung», 1909, Nr. 264, 13. November. 4. Beilage zu Nr. 264 der «Leipziger Volkszeitung», S. 1—2. — *135, 201—202.*

Internationaler Sozialistenkongreß.—«Leipziger Volkszeitung», 1910, Nr. 201, 31. August. 3. Beilage zu Nr. 201 der «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *382.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1904. 78 S. — *297.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Stuttgart. 18. bis 24. August 1907. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1907. 132 S. — *201.*

Kautsky, K. Was nun?—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 28, S. 33—40; Nr. 29, S. 68—80.—*399.*

— *Zwischen Baden und Luxemburg.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 45, S. 652—667.—*399.*

«Landwirtschaftliche Statistik der Länder der ungarischen Krone». Bd. IV—V. Budapest, 1900. 2 Bd.— *353, 354, 370—371.*

«Leipziger Volkszeitung». — *202.*

— 1909, Nr. 259, 8. November. 4 S. — *202.*

— 1909, Nr. 264, 13. November. 4. Beilage zu Nr. 264 der «Leipziger Volkszeitung», S. 1—2. — *135, 201—202.*

— 1910, Nr. 201, 31. August. 3. Beilage zu Nr. 201 der «Leipziger Volkszeitung», S. 1. — *382.*

Liebknecht, W. [Brief an F. Engels]. 21. April 1875.— In: Mayer, G. Johann Baptist von Schweitzer und die Sozialdemokratie. Ein Beitrag zur Geschichte der deutschen Arbeiterbewegung. Jena, Fischer, 1909, S. 424.— *271.*

[Lunacharsky, A.] Les courants tactiques dans le parti social-démocrate Russe.—«Le Peuple», Bruxelles, 1910, le 23 août. Signature: Woinoff.— *386, 387—388.*

Luxemburg, R. Ermattung oder Kampf?—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 35, S. 257—266. — *399.*

— *Die Theorie und die Praxis.*—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 43, S. 564—578; Nr. 44, S. 626—642.— *399.*

Martoff, L. Die preußische Diskussion und die russische Erfahrung.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 51,

S. 907—919. — *389, 390—392, 394, 395, 396, 398—399, 401, 402, 403, 404, 437.*

[*Marx, K.*] *Berliner Gegenrevolution.*— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 192—196.— *393.*

— *Köln, 29. Juli.*—«Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848. Nr. 60, 30. Juli, S. 1—2.— *391.*

Mayer, G. Johann Baptist von Schweitzer und die Sozialdemokratie. Ein Beitrag zur Geschichte der deutschen Arbeiterbewegung. Jena, Fischer, 1909. VII, 448, VI S. — *272.*

[*Mehring, F.*] *Einleitung* [*des Herausgebers zum Buch: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle*].— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 3—86.— *393—394.*

Molkenbuhr, H. Rente oder Almosen?—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1909, Jg. 27, Bd. 2, Nr. 41, S. 500—505.— *203.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, Nr, 60, 30. Juli, S. 1—2.— *391.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart.— 382.

— 1900—1901, Jg. XIX, Bd. I, Nr. 14, S. 420—427. — *133.*

— 1908, Jg. 27, Bd. 1, Nr. 1, S. 7.— *133.*

— 1909, Jg. 27, Bd. 2, Nr. 41, S. 500—505.— *203.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 28, S. 33—40; Nr. 29, S. 68—80. — *399.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 35, S. 257—266.— *399.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 43, S. 564—578; Nr. 44, S. 626—642. — *399.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 45, S. 652—667. — *399.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 50, S. 860—871.— *389, 390, 394—395, 396, 403, 404, 406, 407, 408—409.*

— 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 51, S. 907—919.— *389, 390—391, 392, 395, 396, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 437.*

«Nieuwe Tijd», Amsterdam.— *200.*

Parvus. Die Handelskrisis und die Gewerkschaften. Nebst Anhang: Gesetzentwurf über den achtstündigen Normalarbeitstag. München, 1901. 64 S.— *174.*

«Le Peuple», Bruxelles, 1910, le 23 août.— *386, 387—388.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, die Exped. des «Vorwärts»..., 1891, S. 3—6. — *381.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1903. 448 S.—*297.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, die Exped. des «Vorwärts»..., 1891. 368 S.— *381.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1899. 304 S. — *381.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Magdeburg vom 18. bis 24. September 1910. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1910. 504 S. — *387, 392.*

«Przegląd Sozjaldemokratyczny», [Kraków], 1909, Nr. 14—15, sierpien-wrzesień, s. 338—350. — *143.*

«Le Radical», [Paris].— *164.*

«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358.—*79.*

Relations entre les coopératives et les partis politiques. [Projet d'une résolution proposé par le Parti Ouvrier de Belgique au Congrès International de Copenhague].— «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, 1910, N 5, p. 137.— *376, 378.*

Relations entre les coopératives et les partis politiques. Résolution du P. S. (France) [proposée sur le Congrès International de

Copenhague].— «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, 1910, N 5, p. 139.— *376—377, 378.*

[*Roland-Holst, H. Brief an die Mitglieder des Internationalen sozialistischen Büros*].— «Leipziger Volkszeitung», 1909, Nr. 264, 13. November. 4. Beilage zu Nr. 264 der «Leipziger Volkszeitung», S. 1.— *135.*

— *Vorrede* [*von A. Tscherewanin «Das Proletariat und die russische Revolution»*].— In: Tscherewanin, A. Das Proletariat und die russische Revolution. Mit einer Vorrede von H. Roland-Holst und einem Anhang vom Übersetzer S. Lewitin. Stuttgart, Dietz, 1908, S. IX—XVI.— *156, 161.*

Schippel, M. Sozialdemokratisches Reichstags-Handbuch. Ein Führer durch die Zeit-und Streitfragen der Reichsgesetzgebung. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», [1902]. X, 1174 S.— *171—172, 173—174.*

Eine Sensationsnachricht.—«Vorwärts», Berlin, 1909, Nr. 281, 2. Dezember. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2. Unter der Rubrik: Aus der Partei.— *164.*

Singer, P. [*Die Resolution, vorgeschlagen auf der Sitzung des Internationalen sozialistischen Büros*].— «Leipziger Volkszeitung», 1909, Nr. 264, 13. November. 4. Beilage zu Nr. 264 der «Leipziger Volkszeitung», S. 2.— *201—202.*

La Situation au Mexique. [Résolution du Bureau Socialiste International].— «Bulletin Périodique du Bureau Socialiste International», Bruxelles, [1910], N 2, p. 44.— *199.*

«Sozialistische Monatshefte», [Berlin].— *297, 387.*

— 1910, 16. bis 18. Hft., 11. August, S. 1061—1064.— *386, 387, 388.*

Sprawozdanie z VI Zjazdu Sozialdemokracji Królestwa Polskiego i Litwy. Kraków, 1910. 2, XXII, 180 s.— *91, 111—112.*

**Statistik des Deutschen Reichs.* Bd. 212. T. *1a*, *1b* u. *2a*. Berufs- und Betriebszählung vom 12. Juni 1907. Landwirtschaftliche Betriebsstatistik. Berlin, 1909—1910.—*351, 352, 353—355, 356—361, 362, 363—367, 370, 373—374.*

Statistik des Deutschen Reichs. Hrsg. vom Kaiserlichen Statistischen Amt. Neue Folge. Bd. 112. Die Landwirtschaft im Deutschen Reich. Nach der landwirtschaftlichen Betriebszählung vom 14. Juni 1895. Berlin, 1895. VIII, 70, 500 S.— *351, 353, 370, 373—374.*

«Statistique Agricole de la France». (Résultats généraux de l'enquête Décennale de [1909]).— *370.*

Streltzow, R. Die gegenwärtige Politik der sozialistischen Gruppen in Rußland.— «Sozialistische Monatshefte», [Berlin], 1910, 16. bis 18. Hft., 11. August, S. 1061—1064.— *386, 387, 388.*

Die Taktik der Partei. [Die Resolution des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, abgehalten zu Dresden].— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchh. «Vorwärts», 1903, S. 418—419.— *297.*

«De Tribune», Amsterdam.— *200.*

Trotzky, L. Die Entwicklungstendenzen der russischen Sozialdemokratie.—«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1910, Jg. 28, Bd. 2, Nr. 50, S. 860—871.—*389, 390, 394—395, 403, 404, 406, 407, 408—409.*

— *Kłopoty zewnętrzne i wewnętrzne.*— «Przegląd Sozjaldemokratyszny», [Kraków], 1909, Nr. 14—15, sierpień-wrzesień, s. 338—350.— *143.*

— *Die russische Sozialdemokratie.* (Von unserem russischen Korrespondenten).—«Vorwärts», Berlin, 1910, Nr. 201, 28. August, S. 4.— *386, 387, 388, 409.*

[*Tscherewanin, A.*] *Das Proletariat und die russische Revolution.* Mit einer Vorrede von H. Roland-Holst und einem Anhang vom Übersetzer S. Lewitin. Stuttgart, Dietz, 1908. XVI, 170 S.—*46, 154—155, 161.*

«Weekblad», Amsterdam.— *200.*

«Vorwärts», Berlin.— *386, 387.*

— 1908, Nr. 151, 1. Juli, S. 3.— *46, 161.*

— 1909, Jg. 26, Nr. 281, 2. Dezember. 1. Beilage des «Vorwärts», S. 2.— *164.*

— 1910, Nr. 201, 28. August, S. 4.— *386—387, 388, 409.*

«Zihņa», [Bruxelles], 1910, N 100, Julija. 24 S.— *331.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Августовский — қараңыз: Цедербаум, С. О.

Адлер (Adler), *Виктор* (1852—1918)—Австрия социал-демократиясын ұйымдастырушылардың және лидерлерінің бірі; саяси қызметін буржуазиялық радикал ретінде бастады, 80-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына қатысты. 1886 жылы Адлер «Gleichheit» («Теңдік») газетін ұйымдастырды, 1889 жылдан бастап Австрия социал-демократиясының орталық органы «Arbeiter-Zeitung» («Жұмысшы Газеті») газетінің редакторы болды. 80—90-жылдарда Ф. Энгельспен қарым-қатынас жасап тұрды, бірақ Энгельс қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай реформизмге қарай құлдырап кетті және оппортунизм көсемдерінің бірі ретінде әрекет етті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Адлер центристік позиция ұстап, «таптық бітімді» уағыздады және жұмысшы табының революциялық бой көрсетулеріне қарсы күресті. 1918 жылы, Австрияда буржуазиялық республика орнағаннан кейін, аз уақыт сыртқы істер министрі болды.— *135, 201—202.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдарда — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып,

оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады. — *15—16, 46, 105, 217, 224—225, 272, 273, 275, 290, 291, 324, 325, 326, 329.*

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде большевиктерге қосылды. Петербург жұмысшыларынан II Мемлекеттік думаға депутат болды, Думаның жұмыссыздарға көмек көрсету жөніндегі комиссиясына, азықтүлік және аграрлық комиссияларына енді. Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде кеңесші дауыспен партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында — шақырымпаз, Капридегі (Италия) фракциялық мектептің лекторы, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — нағыз социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Россияға қайтып оралғаннан кейін Плехановтың «Бірлік» тобына қосылып, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде, әскери контрразведкамен бірігіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы апрельде шетелге қашып кетті. 1920 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы революциялық трибуналы контрреволюциялық «Тактикалық орталық» ұйымының ісі бойынша сырттай соттап, Советтік Россияға келу правосынан айырды. Эмиграцияда барып тұрған реакция лагеріне қосылды.— *70, 91, 99, 100, 111, 128, 140—141, 273—275, 290—291.*

Ан — қараңыз: Жордания, Н. Н.

Ансель (Anseele), *Эдуар* (1856—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының негізін салушылардың және лидерлерінің бірі, оппортунист, Бельгия кооперативтік қозғалысының ірі қайраткері. Оппортунистік позицияда болды. 1910 жылы Копенгагендегі халықаралық социалистік конгреске қатысты; конгрестің кооперативтік комиссиясының председателі болды. II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросы Атқару комитетіне кірді. 1918—1921 жылдары Бельгияның қоғамдық жұмыстар министрі болды, 1925—1927 жылдары—қатынас жолдар министрі. — *378, 380.*

Антон — қараңыз: Макадзюб, М. С.

Антоний Волынский (Храповицкий, А. П.)* (1863—1936) — нағыз қаражүздік, орыс православие шіркеуінің барып тұрған

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

оншыл бағытының басшысы, патша өкіметінің реакциялық саясатын жүргізушілер ішіндегі аса көрнектілерінің бірі. 1902 жылдан бастап Волынь епископы болды, кейіннен — Харьковтың архиепископы. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Деникинмен істес болды. Контрреволюция талқандалғаннан кейін шетелге қашып кетті, онда монархиялық эмиграция лидерлерінің бірі болды.— *58, 186, 187*.

Б

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Саяси қызметті Бебель 60-жылдардың алғашқы жартысынан бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік позицияда болып, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдарда және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына едәуір ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді.— *381, 384, 387, 392*.

Белинский, В. Г. (1811—1848) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, әдебиет сыншысы әрі публицист, философ-материалист. 1833—1836 жылдары «Телескоп» журналына қатысып жүрді; 1838—1839 жылдары «Московский Наблюдатель» журналын редакциялады, 1839—1846 жылдары «Отечественные Записки» журналының әдеби-сын бөлімін басқарды, 1847 жылдан «Современник» журналының қызметкері әрі идеялық басшысы болды. 1847 жылғы 3 июльде шетелде жүріп атақты «Гогольге хатын» жазды, оны Ленин «цензурасыз демократиялық баспасөздің... ең таңдаулы шығармаларының бірі болды» деп атады (Шығармалар, 20-том, 247-бет). Белинский крепостниктікке қарсы күреске көтерілген шаруалар бұқарасының идеологы болды. Белинский революциялық-демократиялық эстетика мен әдеби сынның негіздерін қалады. Пушкин, Лермонтов, Гоголь туралы мақалаларында, 1840 жылдан 1847 жылға дейінгі орыс әдебиетіне жасаған шолуларында Белинский орыс әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мен ұлылығын көрсетіп, оның реализмі мен халықтығын ашып берді. Белинскийдің қызметі Россияда қоғам-

дық ой-пікірдің одан әрі дамуына және азаттық қозғалысының өсуіне орасан зор әсер етті.— *181—182, 469.*

Бензинг (Bensing), *Август Франц* (1870 ж. туған)—немістің буржуазияшыл экономисі, Гейдельберг университетінің профессоры.— *369.*

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл идеалист-философ және мистик. Алғашқы әдеби еңбектерінде «жария марксизм» позициясында болды. Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейін марксизмнің ашықтан-ашық жауы болды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында марксизмге дұшпан діни-философиялық құдай іздемпаздық ағым өкілдерінің бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті ретінде әрекет жасады, бұларды дамып келе жатқан коммунизмнен құтылудың бірден-бір жолы деп білді. Контрреволюциялық қызметі үшін 1922 жылы шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді уағыздай берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды.— *179.*

Березовский, А. Е. (Березовский 1-ші) (1868 ж. туған) — помещик, кадет, земство қайраткері, кәсібі жөнінен агроном. Симбирск губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада азық-түлік, жер жөніндегі және басқа комиссиялардың құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін мамандығы бойынша жұмыс істеді. — *188.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы — «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған рефор-

малар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеліп соқты, ал мұның өзі бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты. — *7, 200, 381.*

Блох (Bloch), *Иосиф* (1871—1936) — неміс социал-демократы, ревизионист, әдебиетші. 1897—1933 жылдарда неміс оппортунистерінің басты органы — «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының редакторы және бастырып шығарушысы болды. 1933 жылы, фашистер өкіметті басып алғаннан кейін, Чехословакияға эмиграцияға кетті.— *387.*

Бобриков, Н. И. (1839—1904) — патша армиясының генералы, 1898 жылдан Финляндияның генерал-губернаторы, Финляндияда патша өкіметінің орыстандыру саясатын жүргізді: Финляндияның іс жүргізу жұмысында орыс тілін міндетті тіл етіп енгізді, іс жүзінде конституцияны жойды, ұлт-азаттық қозғалысының қандай болсын көріністерін қатал жаныштап отырды. 1904 жылғы 3 (16) июньде финн террорисі өлтірді. — *137.*

Бобринский, Ал. А. (1852 ж. туған) — граф, реакцияшыл мемлекет қайраткері, ірі помещик және қант заводының иесі. 1884 жылдан бастап көп жылдар бойы Петербург губерниясында дворяндар жетекшісі болды. 1906 жылы біріккен дворяндар Советінің — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымының председателі болып сайланды. Киев губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. 1912 жылдан Мемлекеттік советтің мүшесі. 1916 жылы — егіншілік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық «Россияны мемлекеттік біріктіру советінің» мүшесі, кейіннен ақ эмигрант. — *240.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Партияның III съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Большевиктік органдар— «Вперед» және «Пролетарий» редакцияларына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі болды. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды.

Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (жалған маркстік терминологияны бүркемеленген субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрі) деп аталған өз жүйесін жасауға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл жүйені қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *4, 8, 10, 13, 14, 15, 17, 19—20, 21, 41, 43, 70, 77—113, 119—120, 121—124, 127—129, 131, 140—142, 152—154, 155—158, 159, 292—293, 324, 339—340, 344.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының лидері, II Интернационал басшыларының бірі. Оппортунистік позицияда болды. 1884 жылдан либералдық «Tiden» («Уақыт») газетінің қызметкері, кейіннен редакторы болды; 1887—1917 жылдары (үзілістермен) —партияның орталық органы «Sozialdemokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; 1897—1925 жылдары риксдаг депутаты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында—социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық либерал-социалистік үкіметіне енді. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды. — *56.*

Бриан (Briand), *Аристид* (1862—1932) — француздың мемлекет қайраткері және дипломат; кәсібі жөнінен адвокат. Біраз уақыт социалистердің сол қанатына қосылды. 1902 жылы парламентке өтіп алып, жұмысшы табына ашық дұшпан реакцияшыл буржуазияшыл саясатшы болды. 1906 жылы Бриан ағарту министрі ретінде буржуазиялық үкіметке кірді. Социалистік партиядан шығарылған соң, ол «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды; бұл топ 1911 жылы «республикалық социалистік партия» деп аталды. 1909 жылы Бриан «үш ренегат кабинетінің» (Бриан—Мильеран —Вивиани) премьері болды. 1910 жылы Бриан темір жолдарды соғыс жағдайында деп жариялап, темір жолшылардың ереуіліп қаталдықпен басып-жаныштады. 1913, 1915—1917, 1921—1922 жылдарда — премьер-министр; 1924 жылы Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды. 1925 жылы СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерінің жасалуына қатысты. 1926—1931 жылдарда француз сыртқы саясатын басқарды. — *161, 313.*

Бронштейн, П. А. (Юрий) (1881 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 900-жылдардың басында келді, Одессада істеді. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз; жойымпаздық «Дело Жизни» журна-

лының редакторы болды, «Невский Голос», «Луч» газеттеріне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. В. И. Ленин Бронштейнді «ашық ренегат» деп атады. 1917 жылы — Петроградта меньшевиктер басшыларының бірі, меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газетаның» редакциясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін елдің оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті, меньшевиктік «Социалистический Вестникке» жазып тұрды. — *223—225, 253, 286, 311, 343, 406.*

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, идеалист-философ. 90-жылдарда «жария марксист» болды. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады; халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатын заңның әсерінен болады деп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан бастап — священник. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді. — *179, 184, 227—228, 231, 392.*

В

Вадим — қараңыз: Иков, В. К.

Вадим — қараңыз: Постоловский, Д. С.

Валентинов, Н. (Вольский, Н. В.) (1879—1964) — меньшевик, журналист. II съезден кейін большевиктерге қосылды, 1904 жылдың аяғында меньшевиктер жағына шықты, меньшевиктік жария газет — «Московская Газетаны» редакциялады, бірқатар меньшевиктік журналдарға: «Правдаға», «Наше Делоға», «Дело Жизниге» және басқаларына қатысты, буржуазиялық «Русское Слово» газетіне жазып тұрды; реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Аграрлық мәселе жөнінде жерді муниципализациялауды қорғады. Философия мәселелерінде марксизмді ревизиялады, Мах пен Авенариустың субъективтік-идеалистік көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин Валентиновтың философиялық көзқарастарын өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде сынады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін «Торгово-Промышленная Газета» редакторының орынбасары болып, одан кейін — СССР-дің Париждегі сауда өкілдігінде істеді. 1930 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *340, 351—352.*

Вальян (Вайян), (Vaillant), *Эдуар Мари* (1840—1915)—француз социалисі, Бланкидің ізбасары, II Интернационал басшыла-

рының бірі. I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі болды. Париж Коммунасы Атқару комиссиясына енді. Франция Социалистік партиясын құруға инициатор болғандардың бірі (1901). 1905 жылы Социалистік партия реформистік Француз социалистік партиясымен біріккеннен кейін Вальян аса маңызды мәселелер жөнінде оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. — *199.*

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; буржуазиялық үкіметке кірді, әр түрлі министрлік қызметтерде болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты одан әрі жүргізуге үгіттеу үшін Россияға келді. Вандервельде Октябрь социалистік революциясына өте-мөте дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті; II Интернационалды қалпына келтіру үшін аз күш жұмсаған жоқ. 1925—1927 жылдарда — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті. Вандервельде бірқатар кітаптар мен кітапшалардың авторы. В. И. Ленин атап көрсеткендей, Вандервельденің еңбектерінде «мещандық эклектицизм» «марксизмге қарсы, софистика диалектикаға қарсы, филистерлік реформизм пролетарлық революцияға қарсы шығады» (Шығармалар, 28-том, 327-бет). — *380.*

Ван Коль (Van Kol), *Генрих* (1851—1925) — голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Партия құрылғаннан кейін бірнеше жылдан соң-ақ реформизмге және оппортунизмге дейін құлдырады. II Интернационалдың Амстердам (1904) және Штутгарт (1907) конгрестерінде отар мәселесі жөнінде империализмнің «цивилизаторлық миссиясы» дегенді жүзеге асыруды желеу етіп, отар халықтарын езіп-қанаушылықты ақтаған оппортунистік қарарды жақтады. Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне дұшпандықпен қарады. В. И. Ленин өз шығармаларында Ван Коль позициясының империалистік мәнін қатты сынады.— *200, 202.*

Варский (Warski), *Адольф (Варшавский, А. С.)* (1868—1937) — поляк революциялық қозғалысының ең байырғы және көрнекті қайраткерлерінің бірі. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын (1900 жылдан — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын) құруға белсене қатысты. 1893 жылы шетелге эмиграцияға кетті,

онда Р. Люксембургпен және басқалармен бірге поляк социал-демократтарының тұңғыш органы — «Sprawa Robotnicza» («Жұмысшы Ісі») газетін, одан соң *«Przegląd* Socjaldemokratyczny» («Социал-Демократиялық Шолу») журналын шығара бастады. Польша және Литва социал-демократиясынан партияның IV (Бірігу) съезіне кеңесші дауыс правосымен делегат болды. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына енді. Партияның V (Лондон) съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1909—1910 жылдарда — РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті редакторларының бірі. В. И. Ленин осы кезеңде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1916 жылы Польшаға қайтып келді, бірақ соғысқа қарсы үгіт жүргізгені үшін немістер тұтқынға алды; 1917 жылы тұтқыннан босағаннан кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына енді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі болды, оның съездері мен конференцияларына қатысты. Поляк сейміне депутат болып сайланды, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға кетті; Маркс—Энгельс—Ленин институтында поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды. — *387, 409.*

Варшавский, А. С. — қараңыз: Варский, Адольф.

Вибо (Wibaut), *Флоренциус Мариус* (1859—1936) — голланд социал-демократы, журналист. «De Economist» («Экономист») журналына жазып тұрды. 1910 жылы мартта оппортунистік Социал-демократиялық жұмысшы партиясынан шығып, маркстік Социал-демократиялық партияға қосылды. Копенгагендегі халықаралық социалистік конгрестің (1910) делегаты болды, конгрестің кооперативтік комиссиясына, сондай-ақ оның кіші комиссиясына да кірді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. Кейінірек ашық реформизмге құлдырап кетті. Ірі коммерсант, Амстердам қалалық дербес басқармасының финанс топтарының өкілі болды. — *380, 384.*

Вивиани (Viviani), *Рене* (1863—1925) — француздың саяси және мемлекет қайраткері; кәсібі жөнінен адвокат. 1893 жылдан бастап бірнеше рет парламент мүшесі болып сайланды, парламентте буржуазиялық партиялармен ашықтан-ашық ынтымақтасқан «тәуелсіз социалистер» деп аталатындарға қосылды; 1906—1910 жылдары Вивиани — әуелі Клемансоның кабинетінде, содан кейін Брианның кабинетінде еңбек министрі. 1906 жылы социалистік партиядан қол үзіп, Мильеранмен және басқа ренегаттармен бірге 1911 жылы буржуазиялық «республикалық социалистік партия» деп аталатынды құрды. 1914

жылы — премьер-министр және сыртқы істер министрі, кейіннен— юстиция министрі. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасында Францияның өкілі болды, 1921—1922 жылдары Вашингтон конференциясында Францияның өкілі болды. — *313.*

Вилонов, Н. Е. (Михаил) (1883—1910) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1901 жылы Калуга темір жол шеберханаларында жұмысшы болып жүргенінде бастады. 1902 жылы Киев социал-демократиялық ұйымына кірді, «Искраны» жақтаушы болды. 1903 жылы тұтқынға алынып, полицияның ерекше бақылауымен Екатеринославқа жер аударылды, онда жергілікті искралық комитеттің құрамына енді; 1903 жылғы августағы жаппай стачканы ұйымдастырушылардың бірі болды. Енисей губерниясына жер аударылды, одан 1904 жылдың июлінде қашып кетті; Орталық Комитеттің Шығыс бюросының тапсырмасы бойынша Қазанда РСДРП жергілікті комитетін ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді. Уралда астыртын баспаханалар құрды. Поволжье мен Уралда 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, жұмысшы депутаттарының Самара Советі Атқару комитетінің председателі болып сайланды, Уфада партиялық жұмыс жүргізді, Екатеринбургте РСДРП IV съезіне делегаттар сайлауды ұйымдастырды. 1906 жылғы мартта тұтқынға алынды, июльде түрмеден қашып шығып, Москвада Лефортово ауданының партиялық ұйымдастырушысы болып істеді, РСДРП Москва комитетінің құрамына енді. Қайтадан тұтқынға алынғаннан кейін 3 жылға Астрахань губерниясына жер аударылды, ол жерден 1908 жылдың аяғында шетелге кетті. Капридегі партия мектебін ұйымдастырушылардың бірі болды. Вилоновқа мектептің антипартиялық сипаты айқын болған кезде ол фракцияшылдардан қол үзіп, В. И. Лениннің шақыруы бойынша бір топ тыңдаушыларды бастап Парижге кетті. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы пленумында большевиктер оны Орталық Комитет құрамына кооптациялау үшін кандидат етіп белгіледі. 1910 жылы 1 майда, Давоста (Швейцария) емделіп жүргенінде, туберкулезден қайтыс болды. — *128.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *55.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — мемлекет қайраткері, патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасау және халықты қаталдықпен қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль— август, 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905—апрель, 1906) бола отырып, Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол құ-

рылысы, фабрикалық заң шығару саласындағы шаралары, шетел капиталын пайдалануды барынша көтермелеуі арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті» — оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді.—*230*.

Вишневский — қараңыз: Гольденберг, И. П.

Власов — қараңыз: Рыков, А. И.

Воблый, К. Г. (1876—1947) — экономист және статистик. 1906 жылдан — Киев университеті мен Коммерциялық институттың приват-доценті, кейіннен профессоры. Экономика мен статистика мәселелері жөніндегі бірқатар зерттеулердің авторы. Воблыйдың революцияға дейінгі еңбектеріне буржуазиялық саяси экономияның ықпалы күшті болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украин ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, вице-президенті.— *352*.

Водовозов, В. В. (1864—1933) — либералдық-халықшылдық бағыттағы экономист және публицист. 1904 жылдан — «Наша Жизнь» газеті редакциясының мүшесі; 1906 жылы солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды, II Мемлекеттік дума сайлауы науқаны кезінде трудовиктерге қосылды. Кадеттер, «халықтық социалистер» және жойымпаз-меньшевиктер жазып тұрған «Запросы Жизни» журналында 1912 жылы еңбектері басылды. 1917 жылы Водовозов «Былое» журналының редакциясына енді, либерал-буржуазиялық «День» газетіне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1926 жылдан эмиграцияға кетіп, ақ гвардиялық баспасөзге қатысты.— *75*.

Воинов — қараңыз: Луначарский, А. В.

Волосевич, В. О. (1882—1953) — социал-демократ, большевик. Харьковте, Воронежде, Тулада және Херсонда партия жұмысын жүргізді. 1909 жылы Петербургтегі Василеостровск ауданында жауапты ұйымдастырушы болды, Петербург комитетінің құрамына кірді. 1910 жылдың жазында тұтқынға алынды, содан соң Енисей губерниясына жер аударылды. 1912 жылы айдаудан қашып шығып, шетелге эмиграцияға кетті. 1913 жылдан Лилльде (Франция) тұрды. 1919 жылы Лилльде ұйымдасқан III Интернационал комитетіне кірді, кейіннен Француз коммунистік партиясының мүшесі, «L'Humanité» («Адамзат») газетінің тілшісі болды. 1922 жылы күзде Советтік Россияға қайтып келді, Ленинградтың жоғары оқу орындарында партия тарихынан және басқа да қоғамдық пәндерден сабақ берді. 30-жылдардың басында Волосевичтің партия тарихы жөніндегі еңбектері троцкистік сипаттағы қателері үшін қатты сыналды. 1932 жылдан

бастап Ленинградтың жоғары оқу орындарында математика пәнінің оқытушысы болып істеді.— *125—126.*

Вольский, Н. В.— қараңыз: Валентинов, Н.

Вольский, С. (Соколов, А. В., «Ер», Ст., Стан., Станислав) (1880 ж. туған) — социал-демократ. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. 1904—1905 жылдарда Москвада партия жұмысын жүргізді, декабрь қарулы көтерілісіне қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінде Москва ұйымынан делегат болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — шақырымпаздар лидерлерінің бірі, Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектепті ұйымдастыруға және оның жұмысына қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің әскери секциясында істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Совет өкіметіне қарсы күресті. Біраз уақыт эмиграцияда болды, бірақ көп кешікпей Советтік Россияға қайтып келді. Ағаш кооперациясында, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, Сауда халық комиссариатында істеді. 1927 жылдан әдеби жұмыспен шұғылданды. — *4, 14, 89, 91, 92—93, 99, 100, 105—106, 110.*

Всев., Всеволод — қараңыз: Денисов, В. П.

Вурм (Wurm), *Эммануил* (1857—1920) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен химик. 1890 жылдан — рейхстаг депутаты. 1902—1917 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды. Копенгагендегі халықаралық социалистік конгрестің (1910) делегаты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін азық-түлік министрі болды.— *382, 383, 384.*

Г

Г — г — қараңыз: Левицкий, В. О.

Га — аз, Евг.— қараңыз: Маевский, Е.

Габрилович, Л. Е. (Галич, Л.) (1878 ж. туған) — кадет, публицист. Петербург университетінің приват-доценті болды, либералдық «Русское Слово» газетіне, кадеттік органдар — «Русская Мысль» журналына, «Речь» газетіне және басқа да буржуазиялық басылымдарға жазып тұрды.— *74.*

Галич, Л.— қараңыз: Габрилович, Л. Е.

Гальберштадт, Р. С. (Михайлова, Нат.) (1877—1940) — 1896 жылы Женевадағы Плеханов басқарған социал-демократиялық

үйірмеге кірді. Россияға қайтып оралғаннан кейін Одессаның, Кишиневтің, Харьковтың, Екатеринославтың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді; «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезіне Ұйымдастыру комитетінен кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик әйел, 1905 жылғы декабрьде біріккен Орталық Комитетке меньшевиктерден енді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздық позицияда болды, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғампаздық позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін көп ұзамай саяси қызметтен шеттеп кетті.— *223, 225.*

Гегечкори, Е. П. (1879 ж. туған) — грузин меньшевигі. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Уақытша үкіметтің ерекше Закавказье Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, одан соң Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін — ақ эмигрант.— *56, 240—241.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж Коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралып, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті; 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды, бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазды, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Францияға марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін Гед көп жұмыс істеді; ол бірнеше рет парламент депутаты болып сайланды. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілдерінің бірі деген сипаттама берді.

Бірақ, оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді: ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде, Гед социал-шовинизм позициясына көшіп, буржуазиялық үкіметке кірді.

Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа,* бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар, дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады. — *171, 173, 383, 386.*

Гельфанд, А. Л.— қараңыз: Парвус.

Георг — қараңыз: Левицкий, В. О.

Георгий — қараңыз: Цейтлин, Б. С.

Гершензон, М. О. (1869—1925) — публицист, әдебиет тарихшысы. «Русская Мысльге», «Русские Ведомостиге», «Вестник Европыға» және басқа да бірқатар буржуазиялық журналдар мен газеттерге жазып тұрды. 1909 жылы контрреволюциялық «Вехи» жинағында жарияланған «Творчестволық сана-сезім» деген мақаласында алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының демократиялық дәстүрлеріне қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін халық ағарту органдарында және Бүкіл россиялық жазушылар одағында істеді.— *179.*

Гинзбург, Б. А.— қараңыз: Кольцов, Д.

Гоголь, Н. В. (1809—1852) — орыстың ұлы жазушысы, орыс әдебиетіндегі сыншыл реализмнің негізін салушылардың бірі. Өзінің шығармаларында («Ревизор», «Өлі жандар» және басқалар) крепостниктік Россиядағы помещиктер мен чиновниктердің өмірі мен тұрмысының сұмдық көрінісін суреттеді, В. И. Ленин өзінің еңбектерінде Гоголь жасаған көркем образдарды талай рет пайдаланды. Самодержавиелік-крепостниктік құрылыстың іріп-шірігенін көрсете отырып, халық мүдделерін қорғай отырып, пасықтық, озбырлық және алдау-арбау дүниесін өткір сатира тілімен суреттеген Гоголь, алайда, өзінің демократизмінде дәйекті бола алмады. Гоголь өмірінің соңғы жылдарында оның дүниеге көзқарасында реакциялық сарындар белең алды. Бұл сарындар 1847 жылы шыққан «Достармен жазысқан хаттардан таңдамалы үзінділер» деген кітапта мейлінше айқын бейнеленді, бұл кітап В. Г. Белинскийдің Гогольге жазған атақты хатында қатты сынға алынды.— *181—182.*

Гольденберг, И. П. (Вишневский, Мешковский) (1873—1922) — социал-демократ, искрашыл, РСДРП II съезінен кейін большевик. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде барлық большевиктік басылымдардың редакциясы құрамына енді. 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1910 жылдың ян-

варында Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енді, жойымпаздар жөнінде ымырашылдық ауытқушылық көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғампаздарға, Плехановтың жақтастарына қосылды. 1917—1919 жылдарда «Новая жизнь» тобына қосылды. 1920 жылы большевиктер партиясына қайтадан кірді.— *22, 31, 32.*

Гольдман, Б. И.— қараңыз: Горев, Б. И.

Горев, (Гольдман), Б. И. (И.) (1874 ж. туған) — социал-демократ. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың орта кезінен қатыса бастады. 1905 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі, большевик. 1907 жылы меньшевиктерге қосылды. Партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланды. Жойымпаз-меньшевиктердің органдары «Голос Социал-Демократа» газеті мен «Наша Заря» журналына жазып тұрды. 1912 жылы Венада антипартиялық август конференциясына қатысты, онда Ұйымдастыру комитетіне сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — меньшевиктік «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің және бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1920 жылы августа меньшевиктік ұйымнан өзінің шығатыны туралы мәлімдеді. Кейіннен жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыста болды. — *307.*

Горемыкин, И. А. (1839—1917) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, реакциялық бюрократияның типтік өкілдерінің бірі, барып тұрған монархист. 1895—1899 жылдары — ішкі істер министрі, 60-жылдардағы реформаларды әлсіретуге және жоюға бағытталған реакциялық саясат (реформаға қарсы саясат деп аталатынды) жүргізді; жұмысшы қозғалысын аяусыз тұншықтырып отырды. 1906 жылғы апрельден августқа дейін және 1914 жылғы январьдан 1916 жылғы январьға дейін министрлер Советінің председателі болды.— *194.*

Гортер (Gorter), *Герман* (1864—1927) — голланд солшыл социал-демократы, ақын және публицист. 1897 жылы социал-демократтарға қосылды. 1907 жылы голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы—«De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарын жақтады. 1918—1921 жылдарда Голландия Коммунистік партиясына кірді және Коминтерннің жұмысына қатысты; әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1921 жылы компартиядан шықты, содан соң белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *200.*

Горький, Максим (Пешков, А. М.) (1868—1936)—пролетариаттың ұлы жазушысы, социалистік реализмнің негізін қалаушы,

совет әдебиетінің атасы. Горькийге қаршадайынан жоқшылық пен мұқтаждықтың ауыр азабын басынан кешіруге тура келді, ол Россияны көп аралап көрді, революциялық жұмысшы қозғалысына қатысты, талай рет патша үкіметінің қудалауына да ұшырады. Горький өзінің шығармаларында Россия жұмысшы табының өмірін, оның патша өкіметі мен капитализмге қарсы, еңбекшілерді азат ету жолындағы қаһармандық күресін суреттеді. Ол патша әкімшілігінің озбырлығы мен деспотизмін ерекше күшпен әшкереледі, мещандық пен пасықтықты аяусыз соққылады, буржуазиялық интеллигенцияның ішкі жан-дүниесінің қаусағандығын және икемсіздігін айқара ашты, еңбекші бұқараның ұлы жасампаздық күшін, революциялық күрес процесінде жаңа адамның қалыптасып келе жатқанын көрсетіп берді. Горький шығармаларының бәрі революциялық гуманизм идеяларына толы. М. Горький революцияшыл пролетариаттың күресінде оған тілектес болды, социал-демократиялық партияға көмек көрсетті. В. И. Ленин Горькиймен жақын таныс болды, оның талантын жоғары бағалады, оған қателіктерін көрсетіп отырды және ол жөнінде ұдайы қамқорлық жасады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Горький интеллигенцияны Совет өкіметінің төңірегіне топтастыру жөнінде зор көлемді және алуан түрлі жұмыс жүргізді. Ол совет жазушылары одағын құрудың инициаторы және өмірінің ақырына дейін осы одақтың председателі болды. Горькийдің советтік құрылыс мәселелері, бейбітшілікті қорғау жөніндегі сөздерінің орасан зор маңызы болды. Горький фашизмге қарсы күреске қажымай-талмай шақырды, империалистердің екінші дүние жүзілік соғысқа дайындығын әшкереледі, соғысқа қарсы халықаралық конгрестерді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Ол бірқатар очерктері мен памфлеттерінде қазіргі заманғы империализмді, әсіресе американ империализмін өлтіре сынады. Суреткер ретінде Горький орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің дамуын тәмәмдап, пролетарлық социалистік әдебиеттің негізін салушы болды. Горький — аса көрнекті сыншы және публицист; ол совет әдебиетінің дамуына және бүкіл дүние жүзінде демократиялық әдебиеттің өркендеуіне орасан зор ықпалын тигізді. — *128, 164—165, 270—271.*

Григорий — қараңыз: Зиновьев, Г. Е.

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гутовский, В. А.— қараңыз: Маевский, Е.

Гучков, А. И. (1862—1936)—ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және лидері. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде жұмысшы табы мен шаруалар жөніндегі үкіметтің аяусыз жазалау саясатын жүргізуін жақтап, революциялық қозғалысқа барынша қарсы шықты. 1910—1911 жылдары — III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жү-

зілік соғыс кезінде Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жүргізе беруді жақтады. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты, майданда тұтқынға алынды, бірақ Уақытша үкімет босатып жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күресті, ақ эмигрант.— *137, 227, 228.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930) — герман социал-демократиясының оң қанаты лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімге ревизия жасау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруа шаруашылығының тұрақтылығын дәлелдемек болды. Неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналының негізін салушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді, 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге қас болды. В. И. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер) оппортунист деп сипаттады.— *356.*

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен дәрігер. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. 1903 жылы сентябрьде шетелге эмиграцияға кетіп, меньшевик болды. Дан РСДРП IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет

мемлекетінің бітіспес жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді. — *13, 15, 16, 22, 46, 62, 63, 66, 100, 147, 217, 221, 224—225, 320, 327.*

Денисов, В. П. (Всеволод, Всев.) (1876 ж. туған) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, бірнеше рет тұтқынға алынды. РСДРП жікке бөлінгеннен кейін большевиктерге қосылды. Партияның V (Лондон) съезіне Петербург ұйымынан делегат. 1908 жылғы декабрьде РСДРП V конференциясына Петербург ұйымынан делегат болды. Шақырымпаздар тобына кірді. 1909 жылы тұтқынға алынып, Иркутск губерниясына қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Сибирьде педагогтық жұмыс атқарды. — *14, 90.*

Джибладзе, С. В. (С.) (1859—1922) — социал-демократ, меньшевик. 90-жылдарда Грузиядағы бірінші маркстік «Месаме даси» тобының құрамына кірді. 90-жылдардың аяғы—900-жылдардың басында РСДРП Тифлис комитетінің мүшесі болды, 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысты. Реакция дәуірінде жойымпаздарға қосылды, меньшевиктік Закавказье облыстық комитетіне кірді. Грузияда өкімет басында меньшевиктер болған жылдарда Джибладзе меньшевиктік партияның Орталық Комитетінің мүшесі болды.— *63, 64.*

Дневницкий, П. Н. (Цедербаум, Ф. О., П.) (1883 ж. туған)— социал-демократ, меньшевик, публицист. 1909 жылдан бастап шетелде тұрды, партияшыл-меньшевиктерге қосылды, Плехановтың «Дневник Социал-Демократасына» жазып тұрды, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне қатысты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты.— *158.*

Добролюбов, Н. А. (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және серігі. 1857 жылдың күзінен бастап Добролюбов «Современник» журналының сын-библиография бөлімін басқарды, кейіннен журналдың «Свисток» атты сатиралық бөліміне де басшылық етті. Добролюбов өзінің әдеби қызметінің төрт жылы ішінде айбынды әдеби сынның үлгісі болып саналатын бірқатар тамаша мақалалар жазды («Қараңғы патшалық», «Қараңғы патшалықтағы жарық сәуле», «Обломовшылдық» дегеніміз не?», «Жарық таң қашан атар екен?» және т. б.). Добролюбов самодержавие мен крепостниктік тәртіптің ымырасыз жауы болды, самодержавиелік үкіметке қарсы халықтық көтерілісті жақтады.

А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен бірге, Добролюбов Россиядағы революциялық социал-демократияның ізашарларының бірі болды.—*181.*

Домов — қараңыз: Покровский, М. Н.

Достоевский, Ф. М. (1821—1881) — орыстың аса көрнекті жазушысы. Әдеби қызметті XIX ғасырдың 40-жылдарында бастады. Оның «Бейшаралар» деген алғашқы повесіне В. Г. Белинский арқылы озық сын жоғары баға берді. 1847 жылы М. В. Петрашевскийдің революциялық үйірмесіне кірді. 1849 жылы петрашевскийшілдердің ісі бойынша өлім жазасына кесіліп, кейін каторгаға айдалумен ауыстырылды. Омскінің каторгалық түрмесінде тұтқында болу мерзімін өтегеннен кейін, Семейде қатардағы солдат қызметін атқарды. 1859 жылы Петербургке оралып, әдеби қызметін қайта бастады. Достоевскийдің шығармалары («Өлі үйден хаттар», «Қылмыс және жазалау», «Нақұрыс» және басқалар) шындықты, адамның ішкі сезімін, адамның ар-ожданын қорлауға қарсы жеке бастың наразылығын реалистік түрде суреттеуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар Достоевскийдің бірқатар шығармаларында әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылық тәңірінің пендесі болуды уағыздаумен, жабырқану-табынумен ұштасып жатады. Жазушы «Албастылар» деген романында материализм мен атеизмге, революциялық қозғалысқа ашықтан-ашық қарсы шығады. Достоевский шығармаларында белең алған реакциялық көзқарастар революцияшыл демократтар мен бүкіл прогресшіл жұртшылық тарапынан тойтарыс алды.— *181.*

Дубровинский, И. Ф. (И., Иннокентий) (1877—1913) — большевиктер партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, профессионал революционер. 1893 жылдан бастап революциялық қозғалысқа қатысты. Әуелі халықшылдық үйірмелерге қатысты, содан соң халықшылдықтан қол үзіп, марксист болды. «Москва жұмысшы одағы» басшыларының бірі. 1902 жылдан —«Искраның» агенті. РСДРП II съезінен кейін— большевик; Орталық Комитетке кооптацияланды. 1905 жылы — Москвада қарулы көтерілісті ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі. РСДРП V (Лондон) съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Шетелде болғанда «Пролетарий» редакциясында істеді. Реакция жылдарында жойымпаздар жөнінде ымырашылдық солқылдақтық жасады. Талай рет қудаланды; 1913 жылы Туруханскіде айдауда жүріп қаза тапты. В. И. Ленин Дубровинскийдің ымырашылдық қателерін атап көрсете отырып, оны жұмысшы табының ісіне қалтқысыз берілген партияның аса ірі ұйымдастырушыларының бірі ретінде жоғары бағалады. — *219, 295.*

Е

«Ер» — қараңыз: Вольский, С.

Ермолаев, К. М. (Роман) (1884—1919) — социал-демократ, меньшевик. 1904—1905 жылдары Петербургте және Донец бас-

сейнінде істеді. РСДРП V (Лондон) съезінің делегаты; Орталық Комитет құрамына меньшевиктерден сайланды. Реакция жылдарында жойымпаз болды; 1910 жылы 16 меньшевиктің бірі болып партияны жою жөнінде «Ашық хатқа» қол қойды. 1917 жылы меньшевиктер партиясының Орталық Комитетіне мүше болып сайланды, бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына кірді.— *223—225, 253, 280, 311, 343, 406.*

Ерогин, М. М. (1856 ж. туған) — помещик; Гродно губерниясында земство бастығы болып қызмет істеді, кейіннен — Белосток уездік дворяндар жетекшісі; патша өкіметінің реакциялық саясатын жанын сала жүргізушілердің бірі. Гродно губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат.— *97—98.*

Ж

Жордания, Н. Н. (Ан) (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады; Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты; партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Жордания формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан-ақ эмигрант.— *298.*

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы. 80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деп аталды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттегі социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өмірінің ақырына де-

йін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Жорес орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді. Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы таптық күресі арқылы емес, «демократиялық идеяның гүлденуі» нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасының идеясы оған жат болды, ол езуші мен езілушінің арасында таптық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм жағдайында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудоншылдық жалған үмітті жақтады. В. И. Ленин Жорестің реформистік көзқарастарын, оны оппортунизм жолына итермелеген көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

«Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы.— *56, 376, 378, 379, 380, 381, 382, 383—384.*

З

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. Ол «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарына кірді. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда көп ұзамай халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдары К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркі» деген және басқа еңбектер жазды; 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искра» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды; Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды. — *105.*

Зингер (Singer), *Пауль* (1844—1911) — герман социал-демократиясы көсемдерінің бірі, А. Бебельдің, В. Либкнехттің серігі, II Интернационалдың маркстік қанатының көрнекті қайраткері. 1887 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының мүшесі, ал 1890 жылдан (Галле съезінен кейін) — партия Басқармасының председателі. 1884 жылдан 1911 жылға дейін — рейхстагқа мүше және социал-демократиялық фракцияның председателі. 1900 жылдан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Зингер неміс жұмысшы партиясының қатарындағы оппортунизмнің қас жауы болды, өмірінің ақырына дейін революциялық социал-демократиялық саясатты дәйекті жүргізуші болып қала білді. В. И. Ленин Зингерді пролетариат ісі жолындағы қайтпас күрескер ретінде аса жоғары бағалады.— *135, 201—202.*

Зиновьев, Г. Е. (Радомысльский, Г. Е., Григорий) (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, партияның Орталық Органы «Социал-Демократ» пен большевиктік «Пролетарий» газетінің редакцияларына кірді. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті, 1917 жылдың октябрінде Каменевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп, партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды; 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы қайта алынып, 1932 жылы партиядан қайтадан шығарылды, 1933 жылы қайта алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *219.*

И

И.— қараңыз: Горев, Б. И.

И.— қараңыз: Дубровинский, И. Ф.

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды. 1905 жылы кадеттер партиясына ауып кетті. Кадеттер-

дің органдары: «Речь» газетінде, «Южные Записки» және «Русская Мысль» журналдарында большевиктерге өршелене шабуыл жасады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Изгоев декаденттенуші интеллигенттер тобының журналы—«Вестник Литературыға» жазып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды. — *74, 179, 184, 187, 193, 392.*

Иков, В. К. (Вадим) (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Сморгонь ұйымынан делегат болып РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение» журналына, «Голос Социал-Демократа» газетіне және басқа органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперация системасында жұмыс істеді. 1931 жылы контрреволюциялық меньшевиктік «РСДРП Одақтық бюросы» ұйымының ісі бойынша сотталды.— *223—225.*

Иннокентий — қараңыз: Дубровинский, И. Ф.

Иогихес, Лео — қараңыз: Тышка, Ян.

Ионов (Койген, Ф. М.) (1870—1923)— социал-демократ, Бунд лидерлерінің бірі, кейіннен — Коммунистік партияның мүшесі. 1893 жылдан бастап Одессада социал-демократиялық үйірмелерде істеді. 1903 жылы Бунд Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Бундтың өкілі болды. Партияның V (Лондон) съезінің делегаты. 1908 жылы декабрьде РСДРП V конференциясына қатысты, негізгі мәселелер жөнінде партияшыл-меньшевиктер платформасында болды; кейіннен жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Бундтың интернационалистік қанатында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін РКП(б)-ға кірді, партияның Вотск облыстық комитетінде істеді.— *277—278, 280, 281, 282, 284, 286, 290, 304—305, 306—307, 308, 309—310, 319—321.*

Иорданский, Н. И. (1876—1928) — социал-демократ; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. 1904 жылы — меньшевиктік «Искра» газетінің қызметкері; 1905 жылы Петербург Советінің Атқару комитетіне енді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің кеңесші даусы бар делегаты, РСДРП біріккен Орталық Комитетінің (меньшевиктерден) өкілі. Реакция жылдарында партияшыл меньшевиктерге жақын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы армиялары жанындағы комиссары. 1921 жылы РКП(б) қатарына кірді; 1922 жылы Сыртқы істер халық комиссариатында және Мемлекеттік баспада істеді, одан кейін Италияда уәкілетті өкіл болды. 1924 жылдан бастап әдеби қызметпен шұғылданды.— *133.*

Исув, И. А. (Михаил) (1878—1920) — социал-демократ, меньшевик. 1903 жылы РСДРП Екатеринослав комитетінің мүшесі болды, партияның II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, Москвада және Петербургте істеді. 1907 жылы меньшевиктерден Орталық Комитеттің құрамына кірді. Реакция жылдарында жойымпаз болды, «Наша Заря» журналына және басқа да жойымпаздық басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — қорғампаз. 1917 жылы меньшевиктердің Москва комитетінің мүшесі болды; Москва Советінің Атқару комитетіне және бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Еңбек музейінде істеді.— *223—225, 253, 283, 286, 308, 310, 311, 312, 316, 319, 321, 327, 343, 406.*

К

К.— қараңыз: Стеклов, Ю. М.

К. Ст.— қараңыз: Сталин, И. В.

Калинин, Ф. И. (Рабочий Ар.) (1882—1920) — тоқымашы-жұмысшы. Революциялық қозғалысқа 900-жылдардың бас кезінен қатысты, 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1905 жылы Владимир губерниясындағы Александровск қаласында қарулы көтерілісті басқарды, кейіннен РСДРП Москва комитетінде істеді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында Капри мен Болоньядағы (Италия) фракциялық мектептерге қатысты, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1912 жылдан Парижде тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келіп, Петроградтың металлистер кәсіптік одағында істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық ағарту комиссариатында коллегия мүшесі және «Пролеткульт» басшыларының бірі. —*341, 343.*

Каменев, Л. Б. (Розенфельд, Л. Б.) (1883—1936) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. РСДРП II съезінен кейін — большевиктерге қосылды. РСДРП Кавказ одағынан партияның III съезіне делегат. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позицияда болды. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, патша сотының алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңіліске ұшырауын жақтаған большевиктік ұраннан бас тартты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылдың октябрінде Зиновьевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің шешімімен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады, сөйтіп,

партияның жоспарын буржуазиялық Уақытша үкіметке білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі, Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылдың ноябрінде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блоктың лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды. — *23.*

Караулов, В. А. (1854—1910) — кадет, дворян, кәсібі жөнінен юрист. 1884 жылы Киевте 12 халық еріктілерінің ісі жөнінен тұтқынға алынып, 4 жылға каторгаға кесілді, содан кейін Сибирьге жер аударылды. 1905 жылы Караулов кадеттерге қосылды; 1905—1907 жылдардағы революцияға ашық қарсы шықты. Енисей губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат. Думада «аузында үнемі екіжүзділік құрғақ сөзі болатын, нағыз опасыз контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан... алдыңғы орындардың бірін...» алды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 31-бет). — *188, 469.*

Карпелес (Karpeles), *Бенно* — Австрия социал-демократы, Австрия кооперативтік қозғалысының көрнекті қайраткері. 1900 жылы Париждегі халықаралық социалистік конгресте кәсіптік одақтардан делегат болды. 1910 жылы — Копенгагендегі халықаралық социалистік конгрестің делегаты, конгрестің кооперативтік комиссиясына, сондай-ақ оның кіші комиссиясына кірді. Кейіннен саяси қызметтен қол үзіп кетті.— *378, 380.*

Катков, М. Н. (1818—1887) — реакцияшыл публицист. Саяси қызметін баяу дворяндық либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады, 1851—1855 жылдары «Московские Ведомости» газетін редакциялады, сонан соң «Русский Вестник» журналын шығарушылардың бірі болды. «Россиядағы тұңғыш демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 60-жылдарының бас кезі) ұлтшылдыққа, шовинизмге және жанталасқан қаражүздікке қарай бұрылған еді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 276-бет). 1863—1887 жылдары монархиялық реакцияның жаршысына айналған «Московские Ведомостидің» шығарушы-редакторы болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін»

деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген реакцияның бейнесіне айналды.— *187.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқалар; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *6, 112, 127, 344, 352, 399.*

Кистяковский, Б. А. (1868—1920) — кадет, публицист, кәсібі жөнінен юрист. 1906 жылдан бастап Москва коммерциялық институтында сабақ берді, кейіннен—Москва университетінің приват-доценті. 1908—1909 жылдарда Москвадағы «Критическое Обозрение» журналының редакторы болды, 1913—1917 жылдары

Москва заң қоғамының «Юридический Вестник» журналын редакциялады. 1917 жылы — Киев университетінің мемлекеттік право кафедрасының профессоры.— *179.*

Кнудсен (Knudsen), *Петер Кристиан* (1848—1910) — дат социал-демократиясы көсемдерінің бірі, дат кәсіптік қозғалысының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен қолғап өндірісінің жұмысшысы. 1875 жылдан 1903 жылға дейін қолғапшылар кәсіптік одағының председателі, 1898—1908 жылдарда—жалпы даниялық кәсіподақтар бірлестігінің вице-председателі. II Интернационалдың бірнеше конгрестеріне қатысты. Парламентке депутат болып бірнеше рет сайланды.— *198.*

Койген, Ф. М.— қараңыз: Ионов.

Кольцов, Д. (Гинзбург, Б. А.) (1863—1920) — социал-демократ, меньшевик. 80-жылдардың бірінші жартысында халық ерікшілері қозғалысына қосылды, 1893 жылдың басында Швейцарияға эмиграцияға кетті, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты; 1895—1898 жылдары «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» секретары болды, оның басылымдарына белсене ат салысты. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл, съезден кейін — белсенді меньшевик, бірқатар меньшевиктік басылымдардың қызметкері. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде Петербургте кәсіптік қозғалысқа қатысты; 1908 жылдан бастап Бакуде жұмыс істеді; жойымпаз-меньшевиктердің жария «Луч» газетіне жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдарда кооператив ұйымдарында жұмыс істеді.— *223—225, 311.*

Крамольников (Пригорный), Г. И. (1880—1962) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі. Революциялық қызметін РСДРП Сибирь одағының ұйымдарында бастады, Омскіде, Томскіде, одан кейін Самарада, Москвада, Петербургте, Қазанда және басқа қалаларда жұмыс істеді. Бірнеше рет патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. Самара ұйымынан РСДРП III съезіне делегат. 1905—1906 жылдары партияның Орталық Комитетінің арнайы агенті болды. 1907 жылы меньшевиктер жағына шықты, РСДРП V (Лондон) съезінде Иркутск меньшевиктік ұйымының өкілі болды. Реакция жылдарында жойымпаздарға қосылды. 1910 жылдан партиялық жұмысқа белсене қатысқан жоқ. 1919 жылы РКП(б)-ға кірді. Москваның жоғары оқу орындарында партия тарихы жөнінде ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмыспен шұғылданды, 1924 жылдан 1941 жылға дейін Маркс — Энгельс— Ленин институтында жұмыс істеді.— *223—225.*

Красин, Л. Б. (Николаев) (1870—1926) — профессионал революционер, кейіннен советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1890 жылы—Петербургте М. И. Брусневтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі. 1895 жылы тұтқынға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер аударылды. Жер аударылу мерзімі аяқталғаннан кейін Харьков технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» құпия баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда біраз уақыт меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, РСДРП III съезінің жұмысына қатысты, Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы Красин — большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі; Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшылар депутаттарының Петроград Советіне енді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Орталық Комитеттің мүшесі, партияның V (Лондон) съезінде— РСДРП Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Красин — Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары әрі 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, ал 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі. Партияның XIII және XIV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды.— *77—81, 104—106, 108, 119—120.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатынасты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде біраз уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» басшыларының бірі болды, 1899 жылы «Одақтың» органы «Рабочее Дело» журналының редакторы, оның беттерінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті.— *17, 93.*

Крупенский, П. Н. (1863 ж. туған) — Бессарабия губерниясынан II, III, және IV Мемлекеттік думаларға депутат, ірі помещик, Хотин дворяндары жетекшісі. Думада аграрлық, бюджет және басқа да комиссияларға кірді; солшыл партияларға қарсы оларды ойрандауға шақырған сөздер сөйледі. 1910 жылдан 1917

жылға дейін — патша сарайының камергері. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде шетел соғыс интервенциясына жәрдемдесті.— *137.*

Кузьмин-Караваев, В. Д. (1859—1927) — әскери юрист, генерал, кадет партиясының оң қанаты басшыларының бірі. I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаныштауда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — земство қайраткерлерінің бірі және соғыс-өнеркәсіп комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты; шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде — ақ гвардияшы, Юденичтің жанындағы саяси кеңестің мүшесі. 1920 жылдан — ақ эмигрант.— *117.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық-монархиялық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің газеті — «Товарищтің» белсенді қызметкері болды. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *155.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды. Петербург қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттердің аграрлық программасының жобасы авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 15-том, 153—164-беттер және 16-том, 205—444-беттер) жан-жақты сынға алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкінің басқарма мүшесі болды. — *73, 117.*

Л

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, РСДРП IV (Бірігу) съезіне Феодосия ұйымынан делегат. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Полтава ұйымынан партияның V (Лондон) съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — белсенді жойымпаздардың бірі. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» журналын шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарда қызмет істеді.— *158.*

Левицкий, (Цедербаум), В. О. (Г—г, Георг) (1883 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында араласты, Бундтың Двинск ұйымында жұмыс істеді. 1906 жылдың басында РСДРП Петербург біріккен комитетінің мүшесі болды; IV (Бірігу) съезіне Петербург ұйымынан делегат. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою туралы «Ашық хатқа» қол қоюшылардың ішінде болды; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа жойымпаз-меньшевиктік мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист, қорғампаздардың барып тұрған оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі бойынша жауапқа тартылды. Кейіннен әдеби жұмыспен шұғылданды.— *157, 223—225, 395.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *13, 15, 16, 17—18, 24—25, 105, 124, 128, 140, 280, 293, 294—295, 310, 311, 314, 322, 324, 326, 328, 362, 380, 382, 383, 387, 388, 397, 409.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Герман социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, бұл революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, кейін Англияға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақын танысты; солардың ықпалымен социалист болды. 1862

жылы Германияға қайтып оралды. I Интернационал құрылғаннан кейін — оның революциялық идеяларын неғұрлым белсене насихаттаушылардың бірі және Германияда Интернационал секцияларын ұйымдастырушы. 1875 жылдан өмірінің ақырына дейін Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының мүшесі және оның орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік-герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакциялық сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады. Сонымен бірге олар оның ымырашылдық сипаттағы жекелеген қателерін сынап, дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *271.*

Липкин, Ф. А.— қараңыз: Череванин, Н.

Луначарский, А. В. (Воинов) (1875—1933) — профессионал революционер, кейіннен советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Партияның III съезінің делегаты болды. Партияның IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды, ал 1910 ж.—II Интернационалдың Копенгагендегі VIII конгресінің делегаты. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде Луначарскийдің көзқарастарындағы қателікті көрсетіп, оны қатты сынға алды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясын ұстады. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП VI съезінде партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі болды. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірқатар еңбектердің авторы. — *16, 70, 99, 100, 128, 140, 152, 156, 340, 342, 380, 387—388.*

Лурье, М. А. — қараңыз: Ларин, Ю.

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызме-

тін 80-жылдардың екінші жартысында бастады, Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның басшыларының қатарында болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы күресті. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты, 1907 жылы РСДРП-ның V (Лондон) съезіне қатысып, онда большевиктерді қолдады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталды. Юниус деген бүркеншік атпен «Социал-демократияның дағдарысы» (В. И. Лениннің «Юниустың кітапшасы туралы» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар, 22-том, 321—337-беттер) деген кітапша жазды (түрмеде отырған кезінде). Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етуге қатысты. 1919 жылдың январында тұтқынға алынып, шейдемандық үкіметтің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның бірқатар мәселелер жөніндегі (партияның ролі туралы, империализм туралы, ұлт-отар, шаруалар мәселелері жөніндегі, перманенттік революция туралы және т. б.) қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позицияға көшуіне көмектесті. — *16, 112, 399, 401, 409.*

Лядов (Мандельштам), М. Н. (1872—1947) — профессионал революционер. Революциялық қызметін 1891 жылы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвада болған маевкаға басшылық етті, тұтқынға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралған соң Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктермен белсене күрес жүргізді. 1904 жылы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды. Капридегі (Италия) фракциялық мектептің лекторларының бірі болды, антипартиялық «Вперед» тобына енді (1911 жылы топтан шығып кетті).

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары, меньшевиктік позицияда

болды. 1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, одан соң Халық ағарту комиссариатында қызмет етті; 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды. — *14, 17, 60, 70, 93, 99, 128, 140—141.*

М

М. Т. — *қараңыз:* Томский, М. П.

Маевский, Е. (Гутовский, В. А., Га—аз, Евг.) (1875—1918) — социал-демократ, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында қосылды, РСДРП Сибирь одағын ұйымдастырушылардың бірі. 1905 жылы меньшевиктердің Женевадағы конференциясына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Наша Заря» журналына, «Луч» газетіне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті.— *223—225.*

Майер (Mayer), *Густав* (1871—1948)—немістің буржуазиялық прогресшіл тарихшысы, антифашист. Брюссель, Бреславль және Берлин университеттерінің профессоры, Лассальдің әдеби мұрасын бастырып шығарушы, Ф. Энгельстің өмірбаянының, социализм және жұмысшы қозғалысы тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *272.*

Макадзюб, М. С. (Антон) (1876 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. 1901—1903 жылдары Россияның оңтүстігіндегі социал-демократиялық ұйымдарда жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Қырым одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл. 1905 жылы майда Женевада болған меньшевиктік конференцияға қатысты, меньшевиктік басшылық орталығы — Ұйымдастыру комиссиясына сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» газетіне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. 1921 жылдан бастап СССР-дің шетелдегі ағаш экспорты мекемелерінде жұмыс істеді; 1931 жылдан — эмигрант. — *223—225.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, кәсібі жөнінен адвокат. 1895 жылдан — адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Париждегі елшісі, одан соң — ақ эмигрант. — *59.*

Максимов, Н. — *қараңыз:* Богданов, А.

Малиновский, А. А.— *қараңыз:* Богданов, А.

Мандельштам, М. Н. — *қараңыз:* Лядов, М. Н.

Марат — *қараңыз:* Шанцер, В. Л.

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз — Шығармалар, 21-том, 31—81-беттер). — *82, 271, 360, 391, 393, 400.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардың бірінші жартысында араласты. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастыруға қатысты, осы одақтың ісі бойынша 1896 жылы тұтқынға алынып, 3 жылға Туруханскіге жер аударылды. Айдаудан кейін 1900 жылы «Искраны» шығаруды әзірлеуге қатысты, оның редакциясының құрамына кірді. РСДРП II съезінде — «Искра» ұйымынан делегат, съездің оппортунистік азшылығын басқарды, содан бастап —меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаздық газет «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары жағына шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *13, 15, 16, 17, 46, 66, 146, 147—149, 155—156, 157, 163, 217—220, 224—225, 249, 272, 277, 285, 290, 291—293, 295, 311, 312, 315, 320, 324—326, 334, 389—392, 394, 396, 398—399, 401, 404, 408, 424, 432, 437, 441.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономистер» лидерлерінің бірі, көрнекті меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. 80-жылдардың басынан халық еріктілерінің үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүргенде социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетті, «экономистердің» органы «Рабочее Дело» журналының редакциясына кірді, лениндік

«Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде—«Шетелдегі орыс социал-демократтары одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Екатеринослав ұйымынан делегат ретінде партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін— интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, 1918—1920 жылдары Украинада мұғалім болды. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан —«Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі. — *46, 93, 110, 149—150, 217, 224—225, 272, 292, 311, 315.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, Орталық Орган редакциясына сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. — *66, 144, 145—147, 148, 149, 155, 163, 311, 334, 391.*

Меньшиков, М. О. (1859—1919) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Новое Время» газетінің қызметкері, әдеби қызметін 1879 жылы бастады. В. И. Ленин Меньшиковты «патшалық қаражүздіктің қарғылы төбеті» деп атаған (Шығармалар, 17-том, 74-бет). Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, контрреволюциялық әрекеті үшін 1919 жылы атылды. — *186.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919)—Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі; 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, соңынан біртіндеп солға қарай ойысты, демократиялық «Volkszeitung»-тің («Халық Газеті») редакторы болды, социал-демократияны қорғап, Бисмаркқа қарсы шықты; 1891 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді. Партияның теориялық органы—«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және оның редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг

Халық Газеті») редакциялады. 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы — төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» басылып шықты. Меринг Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын бастырып шығаруға көп еңбек жұмсады; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы жарық көрді. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды. — *344, 393.*

Мешковский — қараңыз: Гольденберг, И. П.

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943)—француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал; 90-жылдарда социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түптамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдарда — Француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін орнынан түсуге мәжбүр болды. 1925—1927 жылдары сенатор болып сайланды.—*313, 314.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. 1886 жылдан —Москва университетінің приват-доценті. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жыл-

ғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жалғастыру жөніндегі империалистік саясатты жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюциялық Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды. —*58, 59, 74, 189—194, 245, 299, 303, 469.*

Миха — қараңыз: Цхакая, М. Г.

Михаил — қараңыз:— Вилонов, Н. Е.

Михаил — қараңыз: Исув, И. А.

Михайлова, Нат. — қараңыз: Гальберштадт, Р. С.

Молькенбур (Molkenbuhr), *Герман* (1851—1927)—герман социал-демократы, кәсібі жөнінен темекі өңдеуші жұмысшы. XIX ғасырдың 60-жылдарында Лассаль негізін салған Жалпы германиялық жұмысшы одағына кірді. Социалистерге қарсы ерекше заңға байланысты 1881 жылы елден қуылып, 1884 жылға дейін Америка Құрама Штаттарында тұрды. 1890 жылдан — социал-демократиялық газет —«Hamburger Echo»-ның («Гамбург Жаңғырығы») редакторы; 1904 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясының бас секретары; Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. 1890—1906, 1907—1918 және 1920—1924 жылдары рейхстаг депутаты; 1911 жылдан 1924 жылға дейін — рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін жұмысшы және солдат депутаттарының Берлин атқару комитетіне сайланады, онда контрреволюциялық буржуазиялық үкіметпен блок жасасу саясатын жүргізді.— *199, 203.*

Моргари (Morgari), *Одино* (1865—1929)—италиян социалисі, журналист. Италиян социалистік партиясын құруға және оның қызметіне қатысты, интегралистер деп аталатын топқа кіріп, центристік позиция ұстады. 1897 жылдан парламент депутаты болды. 1906—1908 жылдарда Италиян социалистік партиясының орталық органы — «Avanti!» («Алға!») газетін басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде халықаралық социалистік байланыстарды қайтадан бастауды жақтады. Циммервальд конференциясына қатысты, онда центристік позиция ұстады. 1919—1921 жылдары — парламенттік социалистік фракцияның секретары. — *56.*

Н

Николаев — қараңыз: Красин, Л. Б.

I Николай (Романов) (1796—1855)—орыс императоры (1825—1855). — *54.*

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылғы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *55—56, 59, 73, 74, 191, 234, 236, 242, 243, 244, 245, 246, 267.*

Ногин, В. П. (1878—1924) — профессионал революционер, кейіннен советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. РСДРП-ға 1898 жылы кірді, Россияда және шетелде партия жұмысын жүргізді, «Искраның» агенті болды. 1903 жылы — РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің агенті, съезден кейін — большевик. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Петербург, одан соң Баку комитеттерінің құрамына кірді. РСДРП V (Лондон) съезіне Москва ұйымынан делегат; Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет патша үкіметінің қудалауына ұшырады. Реакция жылдарында жойымпаздар жөнінде ымырашылдықпен солқылдақтық жасады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы депутаттарының Москва Советі председателінің орынбасары, одан соң председателі. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары болып сайланды. 1917 жылғы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, Каменевтің, Рыковтың және басқа да оппортунистердің Орталық Комитеттен және Халық Комиссарлары Советінен шығу жөніндегі мәлімдемелеріне қосылды. Кейіннен өзінің қатесін мойындады. 1918 жылдан жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды. — *224.*

О

Озолин, Мартин (1870 ж. туған) — социал-демократ, жұмысшы. Латыш өлкесі социал-демократиясының III съезіне делегат болды (1908), Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаты ретінде РСДРП Орталық Комитетінің январь (1910) пленумының жұмысына қатысты. 1911 жылы Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитетіне қайтадан сайланды. Партияшыл-меньшевиктерге қосылды. Америка Құрама Штаттарында эмиграцияда болды. Эмиграциядан

буржуазиялық Латвияға қайтып келіп, меньшевиктер партиясына кірді.

1941 жылы Латвия ССР-ін немістер оккупациялаған кезде тұтқынға алынып, концлагерьге қамалды, сонда жүріп қаза тапса керек. — *331.*

П

П. — *қараңыз:* Дневницкий, П. Н.

П—ий, Я.— *қараңыз:* Пилецкий, Я. А.

Паннекук (Pannеckoek), *Антони* (1873—1960) — голланд социал-демократы, Амстердам университетінің астрономия профессоры. 1907 жылы — голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының органы — «De Tribune» («Трибуна») газетінің негізін салушылардың бірі. 1910 жылдан бастап герман солшыл социал-демократтарымен тығыз байланысты болды, олардың органдары — «Bremer Bürger-Zeitung» («Бремен Азаматтық Газеті») газетіне және «Lichtstrahlen» («Жарық Сәулесі») журналына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Циммервальд солшылдарының теориялық органы — «Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1921 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды, Коминтерннің жұмысына қатысты. Әсіре солшыл, сектанттық позиция ұстады. 1920 жылы герман «солшыл» оппортунистерінің платформасын дәлелдемек болды. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Паннекуктің және басқа да «әсіре солшылдардың» көзқарастарын қатты сынға алды. 1921 жылы Паннекук компартиядан шықты, көп ұзамай белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *200.*

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик. 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың басында Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды: «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы дәуірінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин Думасына қатысуға шақырды, кадеттермен кіші-гірім келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимарксттік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Кейіннен социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алыпсатарлықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып, байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңы-

рау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) деп сипаттады. — *174.*

Петрова, В. — қараңыз: Радченко, Л. Н.

Пешехонов, А. В. (1867—1933)—буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап—ақ эмигрант. — *315.*

Пешков, А. М. — қараңыз: Горький, Максим.

Пикер, А. С. — қараңыз: Мартынов, А.

Пилецкий, Я. А.— (П—ий, Я.) (1876 ж. туған) — социал-демократ. 1898 жылы Москваның «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» қызметіне қатысты. 1905—1907 жылдардағы революцияға қатысушы. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение» және «Наша Заря» журналдарына жазып тұрды. 1917 жылы Құрылтай жиналысы сайлауына байланысты үгіт жұмысына араласты, меньшевиктерді жақтады. Кейіннен большевиктерге қосылды. — *223—225.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақ жасасуды талап етті; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы жақтады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Плеханов Россияға қайтып келіп, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, социализмге көшу үшін Россия пісіп жетілген жоқ деп санап, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады; сонымен бірге ол Плехановты марксизмнен ауытқығаны үшін және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *9, 15, 16, 17, 22, 46, 48, 49, 61—69, 104, 105, 110—112, 153—160, 163, 208, 217—218, 219—220, 222—223, 224, 250, 254, 273, 285, 293, 307, 311, 321—322, 323—324, 325—327, 328, 334, 387, 409, 453.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907)—патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрған кезде іс жүзінде үкімет басшысы және крепостниктік реакцияның басты дем берушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылы октябрьде революцияның өрлеуі кезінде отставкаға шығуға мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді.— *184, 187.*

Погожев, А. В. (1853—1913)— санитарлық дәрігер, жұмысшы тұрмысы және жұмысшы заңдары мәселелері жөніндегі публицист. Фабрика-завод гигиенасы жөніндегі және өнеркәсіп орындарының санитарлық жағдайы жөніндегі толып жатқан бағалы еңбектерімен танымал болды. 1902 жылдан—Петербургте шығып тұрған «Промышленность и Здоровье» журналының редакторы. — *420.*

Покровский, И. П. (1872—1963) — социал-демократ, кәсібі жөнінен дәрігер. Кубань және Терек облыстарынан және Қара теңіз губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, социал-демократиялық фракцияның большевиктік тобына қосылды. 1910 жылы III Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде большевиктік жария газет —«Звезданың» редакциясына кірді.—*241, 247.*

Покровский, М. Н.— (Домов) (1868—1932)— 1905 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, көрнекті тарихшы.

1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V (Лондон) съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, одан 1911 жылы қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім шартына қол қойылуына қарсы шықты. 1918 жылдан — РСФСР Халық ағарту комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсене катысты. Әр жылдарда Коммунистік Академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын және т. б. басқарды. 1929 жылдан— академик. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.

Покровский СССР тарихы жөнінде көптеген ғылыми еңбектер жазды, бұл еңбектерінде ол буржуазиялық тарихнаманы сынады. Оның «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» деген еңбегіне В. И. Ленин жақсы баға берді. Алайда оның еңбектері қаншама мәнді бола тұрса да, Покровский ақырына дейін дәйекті марксист болмады, тарихи процесті көрсетуде елеулі қателер жіберді.

«Ежелгі заманнан бергі орыс тарихы», «Орыс мәдениеті тарихының очеркі», «Орыс тарихының барынша қысқа очеркі» деген және басқа еңбектердің авторы.— *119, 344.*

Полетаев, Н. Г. (1872—1930)— социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. 90-жылдары жұмысшы үйір-

мелеріне қатысты. Бірнеше рет түрмеге жабылды. 1905 жылы — жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі. Петербург губерниясынан III Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы социал-демократиялық фракцияның большевиктік тобында болды. Большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттерін шығаруға белсенді ат салысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін шаруашылық жұмыста болды.— *22.*

Португейс, С. И. (Соломонов) — меньшевик, публицист. РСДРП V (Лондон) съезіне Одесса ұйымынан делегат болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында—жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетіне, «Наша Заря» журналына және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, елдің оңтүстігінде ақ гвардиялық баспасөзге жазып тұрды, кейіннен шетелге эмиграцияға кетті; өзінің мақалаларында және кітаптарында Совет Одағына, Коммунистік партияға жала жапты.— *223—225.*

Поссе, В. А. (1864—1940) — журналист және қоғам қайраткері. «Жария марксистердің» «Новое Слово» (1897) және «Жизнь» (1898—1901) журналдарының редакторы. Патша үкіметі «Жизнь» журналын жауып тастаған соң, оны 1902 жылы шетелде шығарды. 1906—1907 жылдары Россияда жұмысшылардың социал-демократиялық партияға тәуелсіз кооперативтік ұйымдарын құруды ұсынды. 1909—1917 жылдары «Жизнь для всех» журналын шығарды және оны редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін әдеби қызметпен шұғылданды. 1922 жылдан —«Известия ВЦИК-тің» қызметкері. Тарих, әдебиет және басқа мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *304.*

Постоловский, Д. С. (Вадим) (1876—1948) — социал-демократ. Социал-демократиялық қозғалысқа 1895 жылдан бастап қатысты. Петербургте, Вильнода және Тифлисте партиялық жұмыс жүргізді. 1904 жылдың көктемінен — РСДРП Орталық Комитетінің агенті, ымырашыл. 1905 жылдың мартында РСДРП Орталық Комитетінің партия Советіндегі өкілі болып тағайындалды. Партияның III съезінде РСДРП-ның Солтүстік-Батыс комитетінен делегат болды, Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Жұмысшы депутаттары Петербург Советінің атқару комитетінде РСДРП Орталық Комитетінің ресми өкілі болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроград Советінің Заң комиссиясында жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы заң жобаларын әзірлеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияда қызмет атқарды.— *23.*

Потресов, А. Н. (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды; Петербургтің «Жұмысшы

табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және басқаларда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына жазып тұрды, Советтік Россияға жала жапты. — *16, 46, 48, 49, 64—67, 105, 109, 110, 112, 113, 146, 148, 155—156, 158, 163, 164, 302, 305—308, 310—312, 315, 316, 319, 320, 323, 326, 327, 328, 334, 391, 406—407.*

Пригорный Г. И. — қараңыз: Крамольников, Г. И.

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — буржуазияшыл экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі, Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, солшыл-кадеттік «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды.— *93, 110, 387.*

Р

Рабочий, Ар.— қараңыз: Калинин, Ф. И.

Радченко, Л. Н. (Петрова, В.) (1871 ж. туған) — 80-жылдардың аяғында Томскінің халықшылдық үйірмелеріне, 90-жылдардың басында Петербургтің социал-демократиялық үйірмелеріне қатысты. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» кірді. 1896 жылы тұтқынға алынып, 1898 жылы полицияның жария бақылауымен 2 жылға Псковқа жер аударылды. «Искраның» агенті болды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, Москвада, Дондағы Ростовта және Одессада жұмыс істеді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктерден Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. II Мемлекеттік думаның секретариатында жұмыс істеді, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның секретары болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында —жойымпаз, 1913—1914 жылдары жойымпаз-мень-

шевиктердің «Луч» газеті конторының меңгерушісі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін меньшевиктердің Москва комитетіне кірді. 1918 жылдан бастап саяси қызметтен шеттеп әр түрлі мекемелерде статистик болып істеді. — *223—225.*

Розанов, В. В. (1856—1919)—реакцияшыл философ, публицист және сыншы; идеализм мен мистиканы уағыздаған; 90-жылдарда «Московские Ведомости», «Новое Время» газеттері мен «Русский Вестник» журналында қызмет етіп, олардың беттерінде самодержавиені қорғады.— *186.*

Роланд-Гольст (Roland Holst), *Генриэтта* (1869—1952)—голланд солшыл социалисі, жазушы. Әйелдер одақтарын құру жолында жұмыс істеді, 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан голланд социал-демократтарының сол қанатына қосылды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде центристік позиция ұстады, одан соң интернационалистерге қосылды, Циммервальд солшылдарының теориялық органы —«Vorbote» («Жаршы») журналын шығаруға қатысты. 1918—1927 жылдары Голландия Коммунистік партиясында болды және Коминтерннің жұмысына қатысты. 1927 жылы компартиядан шықты; одан әрі христиан социализмі позициясына құлдырап кетті.— *135, 155, 161, 200.*

Роман — қараңыз: Ермолаев, К. М.

Романовтар — 1613 жылдан 1917 жылға дейін патшалық еткен орыс патшалары мен императорларының әулеті. — *55, 246.*

Ромул — қараңыз: Хейсин, М. Л.

Рыков, А. И. (Власов) (1881—1938)— 1899 жылдан РСДРП-да болды. РСДРП III және IV (Бірігу) съездерінің делегаты. Реакция кезінде жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға бағыт алуына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советтерінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты; 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, басқа да оппортунистермен бірге Орталық Комитеттен және Халық Комиссарлары Советінен шығатындығы жөніндегі мәлімдемеге қол қойды; 1928 жылы — партиядағы оңшыл оппортунистік уклон

лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *24, 29.*

С

С. — *қараңыз:* Джибладзе, С. В.

Ст., Стан. — *қараңыз:* Вольский, С.

Сажин, Л. (Санжур, И. А.) (1878—1910) — социал-демократ. Екатеринославта, Нижний Новгородта, Солтүстік Кавказда жұмыс жүргізді. Бірнеше рет полицияның қуғындауына ұшырады. 1909 жылы шетелге кетті, онда антипартиялық «Вперед» тобына қосылды. — *338, 340—341, 342.*

Санжур, И. А. — *қараңыз:* Сажин, Л.

Соколов, А. В. — *қараңыз:* Вольский, С.

Соколов, Н. Д. (1870—1928) — социал-демократ, қорғаушы адвокат, саяси процестер жөніндегі белгілі адвокат. «Жизнь», «Образование» және басқа да журналдарға жазып тұрды. 1909 жылы Петербургте III Мемлекеттік думаға қосымша сайлау өткізілгенде РСДРП-дан кандидат болып ұсынылды; большевиктерге тілектес болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиямен коалиция жасауды жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі совет мекемелерінде юрисконсульт болып істеді. — *75, 117, 118.*

Соловьев, В. С. (1853—1900) — орыстың идеалист-философы. Марксизмге дұшпандықпен қарады, марксизмді экономикалық материализммен ұқсас деп есептеп, оны бұрмалады және теріске шығарды; адамзатты мистикалық-діни «жаңарту», оны таза моральдық жағынан жетілдіру идеясын ғылыми социализмге қарсы қойды.

Негізгі еңбектері: «Батыс философиясының дағдарысы», «Тұтас білімнің философиялық негіздері», «Дерексіз негіздерге сын» және басқалар. — *181.*

Соломонов — *қараңыз:* Португейс, С. И.

Сталин (Джугашвили), И. В. (К. Ст.) (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакция-

лауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Республиканың Революциялық-әскери Советінің мүшесі ретінде бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, Қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалану шараларына ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын, марксизм-ленинизмге жат осы жайды батыл айыптап, оған біржола тыйым салды, партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі Орталық Комитеттің жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *298.*

Станислав — қараңыз: Вольский, С.

Стеклов, Ю. М. (К.) (1873—1941) — профессионал революционер, социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан қатысты, Одессадағы алғашқы социал-демократиялық үйірмелерді ұйымдастырушылардың бірі. 1894 жылы тұтқынға алынып, Якутск облысына 10 жылға жер аударылды. 1899 жылы шетелге қашты. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды ымыраға келтіруге тырысқан «Күрес»

әдеби тобын ұйымдастырушылардың бірі болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетіне, большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттеріне жазып тұрды. III және IV Мемлекеттік думалардағы социал-демократиялық фракцияның жұмысына қатысты. Лонжюмодағы (Франция) партия мектебінің лекторы болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «революциялық қорғампаздық» позиция ұстады, Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және «Известия Петроградского Советаның» редакторы болды. Кейіннен большевиктер жағына шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, «Известия ВЦИК» газетінің, «Советское Строительство» журналының редакторы, 1929 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы ғылыми комитет председателінің орынбасары. Революциялық қозғалыс тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *318.*

Столыпин, А. А.— (1863 ж. туған) — қаражүздік публицист, реакциялық «Новое Время» газетінің қызметкері, октябристер партиясының мүшесі, патшалық Россияның белгілі мемлекет қайраткері П. А. Столыпиннің інісі. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *186.*

Столыпин, П. А. (1862—1911)—патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдарда — Россияның министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы «столыпиндік реакция») оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүддесін көздеп жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен самодержавиені нығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1911 жылы Столыпинді Киевте эсер Богров өлтірді.— *59, 73—75, 117, 148, 151, 161, 191, 194, 230, 234, 242, 243, 244—247, 312, 316, 317, 327, 460, 462—463.*

Стрельцов, Р. Е. (1875 ж. туған) — әдебиетші, публицист, 1900 жылдан 1914 жылға дейін эмиграцияда, негізінен Германияда болды, шетелдегі социал-демократиялық басылымдарға, сондай-ақ Россияда шыққан солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне жазып тұрды. Россияға қайтып келгеннен кейін Петроград қалалық өзіндік басқарма жанындағы әр түрлі комиссияларда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Москвада және Ярославльде шаруашылық органдарда істеді.— *387, 388.*

Струве, П. Б. (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда—

«жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово», «Начало» және «Жизнь» журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады; марксизм мен жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысты. Струве либералдық-монархиялық «Азаттық одағының» (1903—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылған кезден бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *58, 74, 179, 184, 193—194, 392.*

Сысоев, И. В. («Ткач И — н») (1888—1912) — социал-демократ, жұмысшы. РСДРП-ға 1906 жылы кірді, большевиктерге қосылды, партияның Василеостровск аудандық, одан соң Петербург комитеттерінің мүшесі болды. Реакция дәуірінде — Петербургтегі ультиматист-шақырымпаздар басшыларының бірі. 1909 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда антипартиялық «Вперед» тобына қосылды. 1911 жылы орыс шекарасынан өтер кезде тұтқынға алынды; түрмеде қайтыс болды.— *340.*

Т

Т. — қараңыз: Тышка, Ян.

Талейран-Перигор (Talleyrand-Périgord), *Шарль Морис* (1754—1838) — француздың белгілі дипломаты. 1788—1791 жылдары — епископ. 1797—1799 жылдары директорияда, 1799—1807 жылдары — Наполеонның консулдық және империясы дәуірінде және 1814—1815 жылдары сыртқы істер министрі болды. 1830—1834 жылдары — Лондонда елші. Принципсіз саясатшы, ар-ұяттан аттайтын мансапқор, Талейран сонымен бірге оңтайлы және көреген дипломат, буржуазиялық дипломатияның ең ірі өкілдерінің бірі болды.— *94.*

«Ткач И — н» — қараңыз: Сысоев, И. В.

Ткачев, П. Н. (1844—1885) — революцияшыл халықшылдық идеологтарының бірі, публицист және әдебиет сыншысы. 1861 жылдан бастап студенттер қозғалысына белсене қатысты, бірқатар прогресшіл журналдарға жазып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1873 жылдан бастап эмиграцияда болды; біраз уақыт П. Л. Лавровтың «Вперед!» журналына жа-

зып тұрды, 1875—1881 жылдары поляк эмигранттарының бір тобымен бірлесіп, «Набат» журналын шығарды, 1880 жылы О. Бланкидің «Ni Dieu, ni Maître» («Құдай да, мырза да керек емес») газетіне қатысып тұрды.

Ткачев бланкизмге жақын революцияшыл халықшылдық бағытты бастаушы болды; ол саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп есептеді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революцияшыл азшылық саяси өкіметті басып алып, жаңа мемлекет құруға және халық мүдделеріне сай революциялық өзгерістер жасауға тиіс, сонда халыққа осы дайын нәтижелерді пайдалану ғана қалады. Ол Россияда самодержавиелік мемлекеттің әлеуметтік негізі жоқ және ол қандай да бір таптың мүдделерін білдірмейді деп қателесті. Ткачевтің ұсақ буржуазиялық көзқарастарын Ф. Энгельс «Эмигранттық әдебиет» деген сериялы мақалаларында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 527—548-беттер) сынады.— *149.*

Томский, М. П. (М. Т.) (1880—1936) — 1904 жылдан партияда болды. 1905—1906 жылдары РСДРП Ревель ұйымында істеді; 1907 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі, РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға және троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ВЦСПС президиумының председателі, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің президиум мүшесі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Біріккен мемлекеттік кітап баспасының меңгерушісі. Партияның лениндік саясатына әлденеше рет қарсы шықты. 1928 жылы Бухаринмен және Рыковпен бірге ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклонды басқарды.— *8.*

Торн (Thorne), *Вилль* (1857—1946) — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері. 1884 жылдан бастап Англия социал-демократиялық федерациясының жұмысына қатысты, 1889 жылдан — газ жұмысшылары мен қара жұмыстағы жұмысшылардың ұлттық одағының бас секретары. 1906 жылы парламентке сайланды, оған 1945 жылға дейін депутат болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде қорғампаз болды, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға келді, империалистік соғысты соза беру жөнінде үгіт жүргізді. Кейіннен ағылшын жұмысшы қозғалысының оң қанатында болды.— *56.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша, ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен,

жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 256-бет). 1905 жылғы 11 январьдан — Петербург генерал-губернаторы, кейін — ішкі істер министрінің орынбасары; 1905 жылғы октябрьдегі: «Мылтық босқа атылмасын, патронды аямаңдар» деген атышулы бұйрықтың авторы. Қаражүздік ойрандардың дем берушісі.— *228, 230.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — Сибирь одағынан делегат, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері жөнінде большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды, 1912 жылы — антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «аудан аралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық әскери советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағызда́ды. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *109, 142, 143, 273—275, 277—278, 280—283, 285, 286, 292—294, 306, 309—310, 311, 319, 321, 325, 387, 388, 389, 390, 394, 396, 402, 403, 406, 410, 449.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері, оппортунист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. XX ғасырдың басында интернационалистік позициядан шеттеп, барып тұрған оппортунизм позициясына құлдырап кетті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтас-

қан сол қанатына қарсы күресті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — германофильшілдік бағыттағы социал-шовинист. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын талай рет қатты сынады, оны «буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатылғыш, оппортунистік көсемнің» үлгісі деп атады (Шығармалар, 30-том, 20-бет).—*135, 199—200, 202.*

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео,* Т.*)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясының негізін салушылардың (1893) бірі және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды. 1900 жылдан — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Халықаралық жұмысшы қозғалысында ревизионизммен күрес жүргізді, поляк және орыс пролетариатының бірлескен күресінің қажет екенін табандылықпен қорғай отырып, ұлтшылдыққа қарсы шықты. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсенді қатысты, 1906 жылы көктемде Варшавада тұтқынға алынды, одан соң 8 жылға каторгаға кесілді. Каторгадан қашып шыққаннан кейін шетелде революциялық жұмыс жүргізе берді. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты, онда Орталық Комитет құрамына сайланды. Реакция жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, алайда, кейбір реттерде олар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1912 жылы Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты. В. И. Ленин Тышканың осы кезеңдегі қызметін қатты сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Тышка Германияда болып, герман социал-демократиясының жұмысына қатысты, интернационалистік позиция ұстады; «Спартак одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. 1916—1918 жылдары тұтқында болды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы босатқаннан кейін Германия Коммунистік партиясын құруға қатысты және оның Орталық Комитетінің секретары болып сайланды. 1919 жылы мартта тұтқынға алынып, Берлин түрмесінде өлтірілді.— *295, 312.*

Ф

Фальер (Fallières), *Клеман Арман* (1841—1931) — француздың буржуазиялық саяси қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1876—1890 жылдары Францияның депутаттар палатасының құрамына кірді, онда баяу буржуазиялық республикашылдарға қосылды. Бірқатар кабинеттерде министрлік қызметте болды. 1890 жылдан — сенатор, 1899—1906 жылдары — сенат председателі. 1906 жылдан 1913 жылға дейін республика президенті болды.— *55.*

Франк, С. Л. (1877—1950) — идеалист-философ және буржуазияшыл экономист. К. Маркстің құн теориясын сынады. 1906 жылы кадеттер партиясы оң қанатының «Свобода и Культура» журналын редакциялады. 1909 жылы контрреволюциялық «Ве-

хи» жинағына қатысты. Петербург университетінің приват-доценті болды, басқа да жоғары оқу орындарында сабақ берді. 1922 жылы шетелге қуылып жіберілді.— *179, 184, 392.*

Х

Хейсин, М. Л. (Ромул) (1871—1924) — социал-демократ, меньшевик, кәсібі жөнінен дәрігер. 1900 жылы Петербургте социал-демократиялық жұмыс жүргізді, 1903 жылы шетелге кетті, онда меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Красноярск комитетінде, одан соң Петербургтің Выборг ауданында істеді. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Возрождение», «Наша Заря» журналдарына, «Луч» газетіне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперативтік ұйымдарда істеді.— *223—225.*

Хомяков, Н. А. (1850—1925) — ірі помещик, октябрист. 1886—1896 жылдары — Смоленск губерниясының дворяндар жетекшісі. 1896 жылдан 1902 жылға дейін — Егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде егіншілік департаментінің директоры. II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты; 1910 жылғы мартқа дейін III Мемлекеттік думаның председателі болды.— *17.*

Храповицкий, А. П. — *қараңыз:* Антоний Волынский.

Ц

Цедербаум, В. О.— *қараңыз:* Левицкий, В. О.

Цедербаум, С. О. (Августовский) (1879—1939) — социал-демократ, меньшевик. 1898 жылы Петербургтің «Жұмысшы туы» тобына қатысты. Кейініректе «Искраны» Россияға тасымалдау жұмысымен айналысты. 1904 жылдың күзінде шетелге эмиграцияға кетіп, сонда меньшевиктерге қосылды. 1905 жылдың апрелінде меньшевиктердің Женевадағы конференциясына қатысты. Кешікпей Россияға оралып, меньшевиктердің Петербург ұйымында істеді, 1906 жылы меньшевиктік жария газет «Курьерді» редакциялады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің газеттері мен журналдарына қатысып тұрды, жойымпаздардың Петербургтегі «инициативтік тобы» лидерлерінің бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылы меньшевиктік «Вперед» газетіне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *223—225, 311.*

Цедербаум, Ф. О.— қараңыз: Дневницкий, П. Н.

Цейтлин, Б. С. (Георгий) (1879—1920) — социал-демократ, меньшевик. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың аяғында келді, Витебскіде, Кременчугте істеді. 1903 жылы Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдаудан оралған соң меньшевиктерге қосылды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаздар шығарған «Возрождение», «Жизнь», «Дело Жизни» журналдарының редакциясына кірді; «Невский Голос», «Луч» газеттеріне және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына қатысып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін меньшевиктердің орталық органы — «Рабочая Газета» редакциясына кірді.—*223—225.*

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен әрі трибун. Революциялық қозғалысқа 70-жылдардың аяқ кезінде қосылды, 1881 жылы Герман социал-демократиялық партиясына кірді, партия ол кезде астыртын жағдайда еді. 1882 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, Цюрихте орналасты, онда Герман социал-демократиялық партиясының құпия органы «Der Sozialdemokrat»-қа («Социал-Демократ») белсене жазып тұрды және оны Германияда таратуға көмектесті. Герман социал-демократиясының сол қанатында болған Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. 1907 жылы VII (Штутгарт) конгрестің жұмысына қатысты, оның конгресте сөйлеген сөздерін В. И. Ленин жоғары бағалады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — революциялық интернационализм позициясында болды, социал-шовинизмге қарсы күресті. 1915 жылғы мартта Бернде болған халықаралық социалистік әйелдер конференциясын әзірлеуге белсене қатысты. 1916 жылы «Интернационал» тобына, кейін «Спартак одағына» кірді. 1919 жылдан— Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетіне сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерн Атқару комитетіне сайланды. Коминтерннің халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару комитетінің үзбестен председателі болды.— *343—344.*

Цхакая, М. Г. (Миха) (1865—1950) — профессионал революционер, большевиктік партияның және халықаралық жұмысшы қозғалысының байырғы және көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1880 жылы араласты. 1898 жылдан — РСДРП мүшесі. Кавказда, Харьковта және Екатеринославта партиялық

жұмыс жүргізді. РСДРП Кавказ одағы комитеті басшыларының бірі болды. РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. РСДРП Кавказ одағынан партияның III съезіне делегат. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. Партияның V (Лондон) съезінің делегаты болды. Бірнеше рет патша үкіметінің қудалауына ұшырады. 1907 жылдан 1917 жылдың мартына дейін эмиграцияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін В. И. Лениимен бірге Россияға оралды. 1917—1920 жылдары — партияның Тифлис комитетінің мүшесі. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін — басшы совет және партия жұмыстарында болды: ЗСФСР Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, Грузия Орталық Атқару Комитетінің председателі, Грузия КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі.— *15.*

Ч

Чаадаев, П. Я. (1794—1856) — орыстың идеалист-философы. Сегіз «Философиялық хаттың» авторы, бұл хаттарда ол крепостниктік-самодержавиелік құрылысты қатты сынға алды. 1836 жылы хаттардың біріншісі «Телескоп» журналында жарияланды, сол үшін журнал жабылып, Чаадаев жынданды деп жарияланды. 1837 жылы Чаадаев «Жынданған адамның апологиясын» жазды, онда өзінің көзқарасын дамыта түсті. Чаадаевтың патша өкіметіне және крепостниктік тәртіпке қарсы шығуы XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы озық қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуында революцияландырушы роль атқарды. Бірақ Чаадаевтың дүниеге көзқарасы қайшылыққа толы. Чаадаевтың озық идеялары мистицизммен және католицизмді мадақтаумен араласып жатты. А. И. Герцен, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский Чаадаевтың мистикалық-идеалистік жүйесін айыптай отырып, сонымен қатар оның самодержавие мен крепостниктік тәртіпке қарсы күресін жоғары бағалады.— *181.*

Череванин, Н. (Липкин. Ф. А.) (1868—1938) — меньшевиктер лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. Жойымпаздық басылымдардың қызметкері; партияны жою жөніндегі «Ашық хатқа» (1910) 16 меньшевиктің бірі болып қол қойды; 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы «Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.— *46, 48, 145, 148, 155, 158, 161—163, 223—225, 311, 326, 387, 431, 437.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889)—орыстың ұлы революцияшыл демократы және социалист-утопист, ғалым, жазушы, әде-

биет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыстың идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский тек қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қала берді.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатал сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта өңдеуге ұмтылды. К. Маркс Чернышевскийдің шығармаларын өте жоғары бағалады және оны орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский — 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін сындарлы философиялық материализм дәрежесінде бола білген... бірден-бір шын ұлы орыс жазушысы. Бірақ орыс тұрмысының артта қалуы себепті Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмі дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар толық жинағы, 18-том, 412—413-беттер).

Чернышевский қаламынан саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында бірқатар тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» деген романынан тәлім алды.—*181, 231, 469.*

Ш

Шанцер, В. Л. (Марат) (1867—1911) — социал-демократ, большевик, кәсібі жөнінен адвокат. 1900 жылдан Москвада партия жұмысын жүргізді. 1902 жылы Сибирьге жер аударылды, 1904 жылы Москваға қайтып келді; Орталық Комитеттің агенті болып істеді, көпшілікке арналған социал-демократиялық құпия «Рабочий» газетін (РСДРП Орталық Комитетінің басылымы) редакциялады. Москвадағы қарулы көтерілісті әзірлеуге белсене қатысқандардың бірі. 1905 жылы 7 декабрьде тұтқынға алынып, 1906 жылы Енисей губерниясына 5 жылға жер аударылды.

Айдаудан қашып кетіп, Омскіде және Петербургте астыртын жұмыс істеді. РСДРП V (Лондон) съезіне жүрер алдында қайтадан тұтқынға алынып, Туруханскіге жер аударылды, айдауға бара жатып, жолда шетелге қашты. Партияның V съезінде Орталық Комитетке сайланды. РСДРП V конференциясының (декабрь, 1908 жыл) жұмысына қатысты, большевиктік «Пролетарий» газетінің редакциясына кірді. Шетелде ультиматистерге қосылды, антипартиялық «Вперед» тобына кірді. 1910 жылы ауруына байланысты Москваға алып келінді, сонда қайтыс болды.— *5, 8, 16, 17, 21, 30, 96, 119, 120, 292.*

Шиппель (Schippel), *Макс* (1859—1928) — неміс социал-демократы, ревизионист. 1887—1890 жылдары «Berliner Volkstribüne» («Берлин Халық Трибунасы») газетін редакциялады, 1897 жылдан бастап неміс оппортунистерінің «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналын басқаруға қатысты. Рейхстаг депутаты (1890—1905) бола отырып, герман империализмінің экспансиясын қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинистердің бірі. Өмірінің соңғы жылдарында — Дрезден политехникалық институтының профессоры (1923—1928). Совет Одағына дұшпандық көзқараста болды.—*172.*

Шубинской, Н. П. (1853 ж. туған) — помещик, октябрист. Москва сот палатасында қорғаушы адвокат болып істеді, Калязин уездік және Тверь губерниялық земстволарының мүшесі, 1900 жылдан — Москва қалалық думасының мүшесі. Калязин уездік дворяндар жетекшісі болды. Тверь губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. Думада қаражүздік сөздер сөйледі.—*244.*

Э

VII Эдуард (1841—1910) — Англия королі (1901—1910).—*55.*

Эльм (Elm), *Адольф* (1857—1916) — неміс социал-демократы, кооперация және кәсіподақ қайраткері, реформист, кәсібі жөнінен — темекі өңдеуші жұмысшы. Герман кәсіподақтары жалпы бірлестігі лидерлерінің бірі, 1894—1906 жылдарда рейхстаг депутаты болды. Неміс оппортунистерінің журналы «Sozialistische Monatshefte»-ге («Социалистік Әрайлық») жазып тұрды, онда социал-демократияның революциялық программасы мен тактикасына қарсы күрес жүргізді. Копенгагендегі халықаралық социалистік конгрестің (1910) делегаты болды, конгрестің кооперация комиссиясына, сондай-ақ оның кіші комиссиясына енді.— *378, 379, 380, 381—383, 384.*

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Ленин-

нің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *82, 133, 229, 271, 327.*

Ю

Юрий — қараңыз: Бронштейн, П. А.

Юшкевич, П. С. (1873—1945) — социал-демократ, меньшевик; білімі жөнінен математик; философияда махизмге жақын ағымдар — позитивизм мен прагматизмге қосылды; «Марксизм философиясы жөніндегі очерктер» деген жинаққа кірген «Эмпириосимволизм тұрғысынан алынған қазіргі энергетика» атты мақаланың авторы; В. И. Ленин ол жинақты «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында сынға алды. Юшкевич әдеби қызметпен және аударма жасаумен шұғылданды.

1917—1919 жылдары Совет өкіметіне дұшпандық көзқараста болып, Украинада меньшевиктік «Объединение» журналына және басқа антибольшевиктік басылымдарға жазып тұрды; кейініректе саяси қызметтен шеттеп кетті.— *340.*

Schippel, M.— қараңыз: Шиппель, Макс.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Июнь, 1909 — октябрь, 1910)

1909

Июнь, 1909 — октябрь, 1910 жыл	Ленин Парижде тұрады.
Кеш дегенде 7 (20) июнь.	Ленин «Пролетарий» газеті редакциясы мүшелері мен жергілікті социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің жеке кеңесін өткізеді, онда партия ішіндегі істің жайы және большевиктік фракция туралы хабарлама жасайды. Ленин ұсынған қағидалар «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің шешімдері негізіне алынды.
8 — 17 (21—30) июнь.	Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесіне басшылық етеді, жарыс сөзге шығып сөз сөйлейді, қарарларға түзетулер енгізеді, ал бірқатар мәселелер бойынша қарар жобаларын ұсынады.
8 (21) июнь.	Ленин «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясы кеңесінің бірінші мәжілісінде (Вишневскиймен — И. И. Гольденбергпен бірге) Кеңестің председателі болып сайланады, партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы мәселе талқыланғанда бірнеше рет сөз сөйлейді.
9 (22) июнь.	Ленин Кеңестің екінші мәжілісінде председательдік етеді, шақырымпаздық пен ультиматизм туралы мәселе талқыланғанда сөз сөйлейді; В. Л. Шанцер (Марат) сөйлеген кезде Шанцердің шақырымпаздықтың анархизммен

байланысы туралы айтқан сөздерін протоколға жазып қоюды талап етеді.

10 (23) июнь. Ленин Кеңестің үшінші (таңертеңгі) мәжілісінде құдай жасампаздық туралы мәселе талқыланғанда сөз сөйлейді.

Кеңестің төртінші (кешкі) мәжілісінде Ленин Капридегі мектеп туралы қарар талқыланғанда соз сөйлейді.

11 (24) июнь. Ленин Кеңестің бесінші (күндізгі) мәжілісінде большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселе талқыланғанда сөз сөйлейді.

12 (25) июнь. Ленин Кеңестің алтыншы мәжілісінде большевиктік фракцияның бірлігі туралы мәселе талқыланғанда сөз сөйлейді, фракцияның жікке бөлінгендігін емес, фракциядан болмашы азшылықтың бөлініп шыққанын мойындау қажеттігін дәлелдейді.

Ленин Кеңестің жетінші (кешкі) мәжілісінде большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы баяндама талқыланғанда соз сөйлейді.

13 (26) июнь. Ленин Кеңестің сегізінші (таңертеңгі) мәжілісінде большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы мәселе талқыланғанда екінші рет сөз сөйлейді; осы мәселе бойынша қарардың жобасын ұсынады; большевиктердің Дума қызметіне көзқарас жөніндегі міндеттері туралы қарарды жариялауға ұсыныс енгізеді; осы қарарды әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланады.

Ленин Кеңестің тоғызыншы (кешкі) мәжілісінде Думадағы фракцияға жәрдемдесу комиссиясы туралы мәселені шешуді ұсынады; Дума қызметіне көзқарас туралы мәселе жөніндегі қарарға түзетулер енгізеді; Орталық Орган жанынан көпшілікке арналған орган шығару туралы қарардың жобасын ұсынады.

15 (28) июнь. Ленин Кеңестің оныншы мәжілісінде партиялық баспасөз туралы мәселе талқыланғанда, Орталық Органды жүргізу туралы және онда философиялық мақалаларды басу мүмкіндігі туралы жарыс созде сөйлейді; Думадағы со-

циал-демократиялық фракцияға жәрдемдесу комиссиясына сайланады; даулы мәселелерді шешетін комиссияның баяндамасы жөнінде ескертпелер жасайды.

16 (29) июнь. Ленин Кеңестің он бірінші мәжілісінде даулы мәселелерді шешетін комиссияның уәкілдігін ұзарту, Большевиктік орталықтың бюджетін қысқарту жөнінде ұсыныс жасайды; Думадағы социал-демократиялық фракцияның газетін шығаруға қаржы бөлуді талап етеді; Большевиктік орталықты қайта құру туралы қарар талқыланғанда сөз сөйлейді; осы мәселе жөніндегі қарардың жобасына түзетулер енгізеді.

17 (30) июнь. Ленин Кеңестің он екінші мәжілісінде Большевиктік орталықты қайта құру туралы қарардың жобаларын талқылағанда сөз сөйлейді; Орталық Орган «Социал-Демократ» пен большевиктік жария басылымдардың редакторларын сайлау туралы қарарға толықтыру және түзету енгізеді; Большевиктік орталықтың Шетелдік секретариатының адам құрамы жөнінде ұсыныс жасайды; «Пролетарийдің» редакциясына қайтадан сайланады.

3 (16) июль. Ленин жазған ««Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі туралы хабар» «Пролетарий» газетінің 46-номеріне Қосымшада Кеңестің қарарларымен бірге жарияланды.

7 (20) июль. Ленин Халықаралық социалистік бюроның (ХСБ) секретары К. Гюисмансқа жазған хатында РСДРП программасы мен уставының аудармасын сынайды; аударманы өңдеп шығуға бергенін хабарлайды.

11 (24) июль. Лениннің «Патшаның Европаға және қаражүздік Думаның кейбір депутаттарының Англияға сапары» (бас мақала), «Жойымпаздықты жою» деген мақалалары және «М. Лядовтың «Пролетарий» редакциясына жазған хаты жөнінде» деген мақалаға «Пролетарий» редакциясының соңғы сөзі «Пролетарий» газетінің 46-номерінде жарияланды.

16 (29) июль. Ленин Халықаралық социалистік бюроға III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің тізімін жібереді.

Июль.	Ленин Орталық Комитеттің орыс бөлегінің секретары А. П. Голубковпен әңгімелескенде партия ұйымдарына еніп кетіп жүрген арандатушыларға қарсы күресу жөнінде нұсқау береді.
Июльдің аяғы — август.	Ленин семьясымен — Н. К. Крупскаямен, оның анасы Елизавета Васильевнамен және М. И. Ульяновамен бірге Париж іргесіндегі Бомбон деревнясында (Сена және Марна департаменті) демалады.
5 (18) август.	Ленин Капри мектебін ұйымдастырушыларға жазған хатында бұл мектепте лекция оқудан бас тартатындығын білдіреді, сөйтіп осы мектепте оқушыларды большевик-лекторлардың лекцияларын тыңдау үшін Парижге келуге шақырады.
	Ленин А. И. Любимовқа хат жазып, онда Троцкийге оның Венададағы «Правдасын» шығаруға көмектесуге, сонымен қатар газетті «Пролетарийдің» баспаханасында бастыруға үзілді-кесілді қарсылық білдіреді.
11 (24) август.	Ленин «Социал-Демократ» газеті редакциясының секретарына жазған хатында осы газеттің 7—8-номерін алғандығын хабарлайды; «Пролетарийдің» кезекті номерінің (№ 47—48) жоспарын белгілейді, осы номерге қандай мақалалар жазбақшы екенін айтады, Троцкийдің мансапқорлық, фракцияшылдық қылығына наразылық білдіреді.
12 және 17 (25 және 30) август аралығында.	Ленин Большевиктік орталықтың Капридегі мектеп Советіне жолдаған хатының жобасында Большевиктік орталық тарапынан мектепке «идеялық бақылау» жасау туралы мәселенің мектеп Советі мектептің ұйымдастырылуы туралы, тыңдаушылардың құрамы, сабақтың программасы туралы толық және дәлме-дәл мәліметтерді жіберген жағдайда ғана шешілуге тиіс екенін айтады.
14 және 20 август (27 август пен 2 сентябрь) аралығында.	Ленин Орталық Орган редакциясы секретарына жазған хатында «Пролетарийге» уәде еткен мақалаларды тікелей теруге жіберетінін, Бомбоннан Парижге ерте дегенде 15 сентябрьде оралатынын хабарлайды; «Пролетарийдің» алдағы номерлерінің бірін Бундтың

	оппортунистік саясатын сынауға арнауды ұсынады.
Августың ортасы.	Испан үкіметінің Мароккодағы империалистік, басқыншылық саясатына қарсы наразылық митингілері мен жиналыстар ұйымдастыру туралы Халықаралық социалистік бюроның келіп түскен нұсқау хатын Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына жібереді.
17 (30) август.	Ленин Капри мектебі тыңдаушыларына жазған жауап хатында бұл мектептің антипартиялық, фракцияшылдық сипатын түсіндіреді, оның лекторларын шақырымпаз-құдай жасампаздар ретінде сипаттайды, өзінің мектепте лекция оқудан бас тартатынын тағы да айтып, тыңдаушыларды Парижге келуге шақырады.
20—25 август (2—7 сентябрь)	Ленин «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген мақаласын жазады.
Ерте дегенде 20 август — кеш дегенде 25 август (2—7 сентябрь).	Ленин А. И. Любимовқа жазған хатында өзінің Капри мектебі тыңдаушыларына жіберген жауабын жариялауға, оны Любимовтың баяндамасында пайдалануға келісім береді; А. Богдановқа (Максимовқа) қарсы шақырымпаздарды қатты сынаған мақала жазып жатқанын хабарлайды.
Ерте дегенде 21 август — кеш дегенде 26 август (3—8 сентябрь).	Ленин А. И. Любимовқа жазған хатында «Әшкереленген жойымпаздар» деген мақаланы жазу үшін қажет болып отырған «Дневник Социал-Демократаны» жіберуді ескертеді.
25 август (7 сентябрь).	Ленин Орталық Орган редакциясы секретарына жазған хатында «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» мақаласының соңын «Пролетарийдің» редакциясына жібергендігін хабарлайды.
29 август (11 сентябрь).	Ленин К. Гюисмансқа жазған хатында РСДРП программасы мен уставының аудармасын жіберуді тездетуге уәде береді.

Августың екінші жартысы.	Ленин «Шақырымпаздық-ультиматистік штрейкбрехерлер» деген мақаласын жазады.
Жаз.	Ленин Дравейльдегі (Париж іргесінде) Поль Лафаргке барады, онымен өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабы жайында әңгімелеседі.
Кеш дегенде 1 (14) сентябрь.	Ленин Бомбоннан Парижге қайтып келеді.
4 (17) сентябрь.	Ленин К. Гюисмансқа РСДРП уставының аудармасына толықтыру ретінде уставтың тарихи шолуы жазылатынын хабарлайды.
5 (18) сентябрь.	Лениннің «Петербургте өтетін сайлау жөнінде», «Әшкереленген жойымпаздар» деген мақалалары және «Москва округтік комитеті Атқару комиссиясының ашық хаты жөнінде» деген редакция атынан жазылған ескерту «Пролетарий» газетінің 47—48-номерінде жарияланады.
7 (20) сентябрьден ертерек.	Ленин М. П. Томскийге жазған хатында Капридегі шақырымпаздық мектепті қатты сынайды, Троцкийдің фракцияшылдығын әшкерелейді, Столыпиннің аграрлық саясатын талдайды.
11 (24) сентябрь.	Лениннің «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 47—48-номеріне Қосымшада басылады.
14 (27) сентябрь.	Лениннің «Тағы да партиялық пен бейпартиялық туралы» деген мақаласы «Новый День» газетінің 9-номерінде жарияланады.
17 (30) сентябрь.	Ленин Халықаралық социалистік бюроға РСДРП уставының аудармасын жібереді де, К. Гюисманстан уставтың корректурасын жіберуді өтінеді.
19 сентябрь (2 октябрь).	Ленин Парижде III Мемлекеттік думаның Петербургтегі қосымша (сентябрьдегі) сайлауы туралы реферат оқиды.
Ерте дегенде 19 сентябрь (2 октябрь).	Ленин Большевиктік орталықтың Капри мектебі Советіне жауабының жобасы жөнінде А. И. Любимовқа хат жазады.

3 (16) октябрь. Лениннің «Петербург большевиктерімен әңгіме» деген мақаласы және «Петербург сайлауы» деген мақалаға ескертуі «Пролетарий» газетінің 49-номерінде жарияланады.

5 (18) октябрьден ертерек. Ленин В. А. Карпинскийге жазған хатында партиялық кітапхананы Женевадан Парижге көшіруге байланысты мәселе жайында білгісі келетінін айтады.

12 (25) октябрь. Ленин анасы М. А. Ульяноваға жазған хатында одан, апасы мен қарындасынан хат және бастырып шығарушы оған аударған ақшаны алғанын хабарлайды; Д. И. Ульяновтан Мария Ильиничнаның денсаулық жағдайын жазып жіберуді өтінеді.

15 (28) октябрь. Ленин Льежде социал-демократиялық топтардың мүшелеріне «Партия ішіндегі істің жайы туралы» деген реферат оқиды.

16 (29) октябрь. Ленин Льежде «Контрреволюциялық буржуазияның идеологиясы» деген көпшілікке арналған реферат оқиды.

21 октябрьден (3 ноябрьден) ертерек. Ленин «Біздің партияны және оның бірлігін нығайту әдістері туралы» деген мақаласын жазады.

21—22 октябрь (3—4 ноябрь). Ленин Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясының мәжілісіне қатысады.

Лениннің «Біздің партияны және оның бірлігін нығайту әдістері туралы» деген мақаласын редакциялық мақала ретінде басудан Орталық Орган редакциясының бас тартуына байланысты В. И. Ленин партияны және оның бірлігін нығайту туралы қарардың жобасын ұсынады.

22 октябрь (4 ноябрь). Ленин Орталық Орган редакциясынан шығатыны жөнінде (Орталық Орган редакциясының оның «Партияны және оның бірлігін нығайту әдістері туралы» деген мақаласын басудан бас тартуына және осы мәселе жөніндегі оның қарарын қабылдамауына байланысты) мәлімдеме тапсырып, осы мәлімдемені партияны және оның бірлігін нығайту туралы қарардың жобасымен бірге «Социал-Демократ» газетінде жариялауды талап етеді.

23 октябрь (5 ноябрь).	Ленин Халықаралық социалистік бюроның он бірінші сессиясына қатысу үшін Париж-ден Брюссельге жүріп кетеді.
24 октябрь (6 ноябрь).	Ленин өзінің редакциядан шығатыны жөніндегі мәлімдемесін қайтып алатынын «Социал-Демократ» газеті редакциясына хабарлайды.
	Ленин Брюссельде өткен социалистік журналистердің интернационалдық конференциясына қатысады; Россияда социалистік журналистер ұйымын құру туралы хабарлама жасайды.
25 октябрь (7 ноябрь).	Ленин Брюссельде Халықаралық социалистік бюроның он бірінші мәжілісінде Голландия социал-демократиялық жұмысшы партиясының жікке бөлінгендігі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
26 октябрь (8 ноябрь).	Ленин Халықаралық социалистік бюро жанындағы парламент аралық комиссияның мәжілісіне қатысады.
26 октябрьден (8 ноябрьден) кешірек.	Ленин Брюссельден Парижге қайтып оралады.
31 октябрь (13 ноябрь).	Лениннің «Патша фини халқына қарсы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 9-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.
Октябрь.	Ленин Капри мектебі тыңдаушыларының бір тобына жазған хатында олардан ««мектепте» жікке бөліну басталғаны туралы» екі хат алғанын хабарлайды, тыңдаушылардың бір бөлегі мен богдановшылдардың арасында «айқын ірге ашылғанына» ризалық білдіреді; шақырымпаздардан бөлініп шыққан тыңдаушыларға бірқатар нақты кеңестер мен нұсқаулар береді.
Ерте дегенде октябрь.	Ленин Большевиктік орталықтың Шаруашылық комиссиясына 1909 жылғы июнь — сентябрь айларының есебін дайындауға жазбаша нұсқау береді.
Ерте дегенде 1909 жылғы октябрь — кеш	Ленин Г. В. Плехановтың «Н. Г. Чернышевский» деген кітабын оқиды және оған белгілер соғады.

дегенде 1911 жылғы апрель. — Ленин Ю. М. Стекловтың «Н. Г. Чернышевский, оның өмірі мен қызметі (1828—1889)» деген кітабын оқиды және оған белгілер соғады.

1 (14) ноябрь. — Ленин И. Ф. Дубровинскиймен және Орталық Комитеттің басқа да мүшелерімен бірлесіп РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына Орталық Комитет пленумын таяу арада шақыру қажеттігі туралы мәлімдеме жолдайды.

3 (16) ноябрь. — Ленин Капри мектебіндегілер жікке бөлінгеннен кейін Парижге келген Н. Е. Вилоновпен әңгімелеседі.

Ленин М. Горькийге жазған хатында өзінің Н. Е. Вилоновқа жолығып, әңгімелескенін хабарлайды; Горькийге өзінің суреткерлік талантымен жұмысшы қозғалысына орасан зор пайда келтіргені үшін шексіз алғысын білдіреді.

3 (16) ноябрьден кешірек. — Ленин М. Горькийге жазған хатында большевиктер мен шақырымпаз-құдай жасампаздар арасындағы жікке бөлінушіліктің себептері мен сипаты жөніндегі оның көзқарастарының қателігін түсіндіреді; жікке бөлінудің түпкі негізі «бүкіл қазіргі кезеңге (әрине, марксизмге де)» көзқарастардың түрліше болуында жатқанын көрсетеді.

13 (26) ноябрьден ертерек. — Ленин «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы («Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)» деген рефераттың жоспарын жазады.

13 (26) ноябрь. — Ленин Парижде «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы («Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)» деген көпшілікке арналған реферат оқиды.

19 ноябрь (2 декабрь). — Ленин И. И. Скворцов-Степановқа жазған хатында партия ішіндегі жағдайға қысқаша сипаттама береді; патша өкіметіне жаңадан жалпы демократиялық қысымның сөзсіз жасалатынын айтады; осыған байланысты орыс революциясының жолдары мен онда шаруалардың атқаратын ролі туралы мәселені талдайды.

20 немесе 21 ноябрь (3 немесе 4 декабрь).	Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында шетел және орыс буржуазиялық баспасөзінің М. Горькийдің социал-демократиялық партиядан шығарылғаны жөніндегі қисынсыз өтірігі туралы жазады; семьядағы жағдайды білгісі келеді; өзінің кітапханадағы жұмысы туралы хабарлайды; Россияда қалған өзінің кітаптарын, «бәрін жіберуге болмаса, тым болмағанда, Маркс пен Энгельстің кітаптарынан қолда барын, таңдаулы классиктердің кітаптарын» жіберуді өтінеді.
21 ноябрь (4 декабрь).	Ленин РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың кезекті жиналысында Халықаралық социалистік бюроның он бірінші сессиясы туралы баяндама жасайды.
24—25 ноябрь (7—8 декабрь).	Ленин М. А. Ульяноваға жазған хатында М. И. Ульянова екеуінен хат алғанын хабарлайды; М. И. Ульяновадан Москваның 1907 және 1909 жылдардағы жаңа ауыл шаруашылық статистикасын тауып беруді өтінеді.
26 ноябрь (9 декабрь).	Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында Москвада өтетін статистиктердің съезін таныстар арқылы оған қажет болып отырған статистикалық басылымдарды тауып алу үшін пайдаланып қалуды өтінеді.
	Ленин «аграрлық мәселе жөніндегі және атап айтқанда Россиядағы ауыл шаруашылық капитализмі жөніндегі» еңбегін жазуды одан әрі жалғастыруға қажет болып отырған статистикалық мәліметтерді өзіне жіберуді өтініп, Россияның земстволық, қалалық және үкіметтік мекемелерінің барлық статистиктеріне хат жазады.
28 ноябрьден (11 декабрьден) ертерек.	Ленин Череваниннің «Қазіргі жағдай және ықтимал болашақ» деген кітабын оқиды және оған белгілер соғады.
28 ноябрь (11 декабрь).	Лениннің «Қазіргі идеялық ауа жайылушылықтың кейбір негіздері туралы», «Жойымпаздардың амал-айласы және большевиктердің партиялық міндеттері», ««Голос Социал-Демократа» және Череванин», «Горькийдің партиядан шығарылуы туралы буржуазиялық баспасөздің ертегісі» деген мақалалары «Про-

летарий» газетінің 50-номерінде жарияланады.

Лениннің «Масқара сәтсіздік» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 50-номерінен жеке оттиск болып жарияланды.

Ноябрьдің аяғы. Ленин Парижде, Капри мектебінен шығарылған тыңдаушыларға «Қазіргі кезең және біздің міндеттеріміз», «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген тақырыптарда лекция оқиды.

Ленин «Россия социал-демократиясы арасындағы идеялық құлдырау мен ауа жайылушылық туралы» деген мақаласын жазады.

Күз. Ленин III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияға арнап «8 сағаттық жұмыс күні туралы заңның басты негіздерінің жобасына түсінік хатты» жазады.

3 (16) декабрь. Ленин И. И. Скворцов-Степановқа жазған хатында қазіргі кезеңде Россияның капиталистік аграрлық дамуының екі жолының күресі туралы мәселені теориялық тұрғыдан талдайды.

13 (26) декабрь. Лениннің ««Вехи» туралы» деген мақаласы «Новый День» газетінің 15-номерінде жарияланады.

20 декабрь (2 январь, 1910 ж.). Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында I, II және III Думалар сайлауы жөнінде Москвада шыққан материалдарды жіберуді өтінеді.

24 декабрь (6 январь, 1910 ж.). Лениннің «Орыс либерализмінің соңғы сөзі» және «Халықаралық социалистік бюроның он бірінші сессиясы» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 10-номерінде жарияланады.

Декабрьдің екінші жартысы. Ленин Парижге келген Капри мектебі тыңдаушыларының екінші тобына «Қазіргі кезең туралы» және «Столыпиннің аграрлық саясаты» деген тақырыптарда лекция оқиды.

Декабрьдің аяғы. Ленин ««Вперед» тобы туралы» деген заметка жазады.

Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында Жювизиден (Парижге таяу қалашық, Ленин

	оған аэроұшуларды көру үшін барған болатын) қайтып келе жатқанда оның велосипедін автомобиль басып қиратып кеткенін («қарғып түсіп үлгердім») хабарлайды.
Декабрьдің аяғы —1910 жылдың 6 январынан ертерек.	Ленин Ф. М. Койгеннің (Ионовтың) «Партиялық бірлікке жету мүмкін бе?» деген мақаласын редакциялайды.
1909 жылдың екінші жартысы.	Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияға жәрдемдесу комиссиясының жұмысына қатысады.

1910

2—23 январь (15 январь — 5 февраль).	Ленин Парижде РСДРП Орталық Комитеті пленумының жұмысына қатысады; жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптаған «Партия ішіндегі істің жайы туралы» қарардың жобасын ұсынады; пленум Ленинді Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясына және Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның өкілі етіп сайлайды.
9 (22) январь.	Ленин белгісіз біреуге неміс тілінде жауап хат жазады, онда жұмыс бастылығы себепті Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың тарихына қысқаша шолуды жазуға қолы босамайтынын айтып, осы мәселеге қатысты қандай әдебиеттің барын көрсетеді, РСДРП ішінде екі бағыттың — большевиктер мен меньшевиктердің бар екенін, ал Троцкийдің центристік позицияда екенін айтады.
17—18 (30—31) январь.	Ленин М. И. Ульяноваға жазған хатында соңғы уақытта өзінің жұмыс басты болып жүргенін хабарлайды, Москва қалалық статистикасының материалдарын жібергені үшін алғыс айтады.
Январьдың аяғы.	Ленин Орталық Орган редакциясының мәжілісінде «Социал-Демократ» газетінде Л. Мартовтың «Дұрыс жолда» деген жойымпаздық мақаласын жариялауға қарсы сөз сөйлейді.
4 (17). февраль.	Ленин Д. И. Ульяновқа хат жазады; ол жіберген шахмат есебін оп-оңай шешкенін хабарлайды; оған қызықты этюдті шешуді

ұсынады; оның денсаулығы қалай екенін сұрайды.

9 (22) февраль. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің және Орталық Орган редакциясының басқа да мүшелерімен бірге Август Бебельдің туғанына 70 жыл толуына байланысты оған жолданған құттықтау хатқа қол қояды.

13 (26) февральдан ертерек. Ленин Р. Люксембургтің «Август Бебель» деген мақаласының Н. К. Крупская жасаған аудармасына түзетулер енгізеді.

Ленин Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясының мәжілісінде қаралған мезгіл-мезгіл айтыс жинағын шығару туралы мәселе жөніндегі қарардың текстін түзетеді.

13 (26) февраль. Лениннің РСДРП Орталық Комитеті январь пленумының шешімдеріне баға берген «Бірлікке» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 11-номерінде жарияланды.

Февраль — марттың басы. Ленин ««Сақтаушыларға» хаттың нұсқасында» (Каутскийге, Мерингке, Цеткинге) 1906—1909 жылдардағы партия ішіндегі күрестің неғұрлым маңызды кезеңдері мен оқиғаларын көрсетеді, партияны біріктіру жөнінде большевиктер мен меньшевиктердің ұстаған позициясын сипаттайды, меньшевиктермен ынтымақтасу мүмкін болатындай шарттарды белгілейді.

4 немесе 5 (17 немесе 18) март. Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына хат жазады; патша үкіметі Россияда экспроприациялаумен айналысты деп айыпталған белгісіз бір Гаивас дегенді ұстап беруді Бельгиядан талап еткенін хабарлайды, сөйтіп Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі барлық топтардың басқармасынан Гаивас ісінің саяси сипатын дәлелдейтін мәліметтерді дереу жинауды өтінеді. Лениннің хаты 5 (18) мартта Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының листовкасында басылды.

5 (18) март. Ленин большевиктік орган «Пролетарийдің» «Звезда» газетін шығаруға қатысуы туралы келісімнің жобасына қол қояды.

6 (19) март. «Дискуссионный Листоктың» 1-номерінде Лениннің «Публицистің заметкалары» деген еңбегінің «Шақырымпаздықты жақтаушылар мен қорғаушылардың «платформасы» туралы» деген бірінші бөлімі басылды.

7 (20) март. Ленин РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың жиналысында Орталық Комитеттің пленумы туралы баяндама талқыланғанда партияшыл-меньшевиктермен (плехановшылдармен) бірігуді жақтап сөз сөйлейді.

8 (21) март. Ленин Халықаралық социалистік бюроға К. Гюисмансқа француз тілінде хат жазады; Гаивас туралы мәліметтің жоқ болып отырғанын хабарлайды; ол туралы анықтама жүргізуге, алынған мәліметтерді оның адвокатына беруге уәде етеді.

11 (24) март. Ленин «Жойымпаздар «Голосының» партияға қарсы шығуы» деген мақаласын жазады.

14 (27) март. Ленин Н. Е. Вилоновқа жазған хатында большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің (плехановшылдардың) жойымпаздарға қарсы бірлесіп күресетінін хабарлайды, плехановшылдарды жойымпаздық (голостық) топтардан шығарып алу, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы голосшылды плехановшылмен ауыстыру жолындағы үгітті күшейту қажеттігі туралы жазады.

15 (28) март. Ленин Я. Тышкаға хат жазады; ол жіберген Р. Люксембургтің мақалаларын алғанын хабарлайды; Орталық Орган редакциясында А. Варскийді поляк социал-демократиясының басқа өкілімен ауыстыруға қарсы үзілді-кесілді наразылық білдіреді.

16 (29) март. Ленин Г. В. Плехановқа жазған хатында жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресу үшін барлық шын социал-демократиялық элементтердің жақындасуы қажет екені туралы оның айтқан пікірімен өзінің келісетіндігін айтады; Плехановқа партия ішіндегі істің жайы туралы келіс сөздер жүргізу үшін өзара кездесуді ұсынады.

23 март (5 апрель). Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына Орталық Орган редакциясындағы жанжал жайында мәлімдеме жібереді.

Лениннің «Жойымпаздар «Голосының» партияға қарсы шығуы («Голос Социал-Демократаға» жауап)» және «Не үшін күресу керек?» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 12-номерінде басылады.

25 март (7 апрель). Ленин Н. Е. Вилоновқа хат жазады; оған Давосқа (Швейцария) партияшыл-меньшевиктердің Париж тобының қарарын жібергенін хабарлайды және жергілікті партияшыл-меньшевиктердің «қалай болса да топтасып, ашық бой көрсетуінің» маңызды болатынын атап көрсетеді.

27 марттан (9 апрельден) ертерек. Ленин РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың жабық мәжілісінде Орталық Комитеттің орыс коллегиясына кіруден бас тартқан үш жойымпаз-меньшевикті партиядан шығару туралы қарар ұсынады. Лениннің қарары қабылданады.

28 март (10 апрель). Ленин поляк социал-демократиясының Бас басқармасына жолданған хатқа қол қояды; хатта оның өкілдерінің Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы жойымпаздарға қарсы күресте байқатқан солқылдақтығы айыпталады.

29 март (11 апрель). Ленин М. Горькийдің партиялық бірігу жайындағы хатына жауап қайтарады; РСДРП Орталық Комитетінің январь пленумына баға береді.

9 (22) апрель. Ленин А. И. Любимовтан «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының 1909 жылдың 1 (14) июнінен 1910 жылдың 27 январына (9 февралына) дейінгі уақыт ішіндегі ақша есебінің әбден дұрыс деп қабылдап алынғаны туралы куәлікке қол қояды.

17 (30) апрель. Ленин М. М. Золинаға жазған хатында Н. Е. Вилоновтың емделуіне партия ақшасынан бөлінген жәрдемді алу үшін белгіленген шараларды хабарлайды; Вилоновқа әбден сауығып кеткенше Давоста (Швейцария) қала тұруға кеңес береді.

19 апрель (2 май). Ленин А. И. Ульянова-Елизароваға хат жазады; өзінің не істеп жатқанын, орыс

	эмигранттарының ауыр жағдайын хабарлайды.
26 апрельден (9 майдан) ертерек.	Ленин Орталық Орган редакциясының жойымпаздық бөлегінің антипартиялық қылықтары салдарынан редакция ішінде туған жағдай туралы РСДРП Орталық Комитетіне мәлімдеме жазады, сөйтіп жойымпаздарды партияшыл-меньшевиктермен ауыстыру қажеттігін талап етеді.
26 апрель (9 май).	Лениннің «Финляндияға жорық», «Армия үшін қорқады», «Шетелдегі партиялық бірігу», «Партиялық бірлік жолындағы кедергілердің бірі» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 13-номерінде жарияланады.
25 май (7 июнь).	«Дискуссионный Листоктың» 2-номерінде Лениннің «Публицистің заметкалары» деген еңбегінің «Біздің партиядағы «бірігу дағдарысы»» деген екінші бөлімі басылады.
15 (28) июнь.	Ленин Париждеп Каприге М. Горькийге баруға жүріп кетеді.
18 июнь (1 июль).	Ленин Каприге бара жатқан жолда Неапольдан М. А. Ульяноваға хат жазады.
18—30 июнь (1—13 июль).	Ленин Каприде М. Горькийдің үйінде тұрады.
1 (14) июль.	Ленин Каприден жүріп кетеді.
7 (20) июль.	Ленин Я. Тышкаға хат жазады; РСДРП Орталық Комитетінің большевик үш мүшесінің тұтқынға алынуына байланысты Орталық Комитеттің орыс бөлегінің жағдайы қиындап кеткенін хабарлайды; осы қиыншылықты жоюға қажетті шаралар белгілеу үшін Орталық Комитеттің орыс коллегиясын шақыру мақсатымен цекист-поляк пен Я. С. Ганецкийді Россияға жіберуді сұрайды.
9 немесе 10 июль — 10 август (22 немесе 23 июль — 23 август).	Ленин өзінің семьясымен — Н. К. Крупскаямен және оның анасымен — Бискай шығанағының жағасындағы Порник (Франция) деген қалашықта тұрады.

19 июль (1 август). Ленин Парижге Д. М. Котляренкоға хат жазады; «Пролетарий» редакциясына арнап «Халық бостандығы фракциясының Мемлекеттік думаның 3-сессиясы жөніндегі есебін» және «Н. Г. Чернышевскийді еске түсіру» деген кітапты жаздырып алдыруды сұрайды; II Интернационалдың Копенгагендегі VIII халықаралық социалистік конгресіне РСДРП-ның есебін жай хатпен жіберіп қателік істегенін ескертеді және осы есепке қосымшаны бастырып шығару ісінің қалай жүріп жатқанын сұрайды.

20 июль (2 август). Ленин А. И. Любимовқа хат жазады; конгреске әзірлік жайында К. Гюисманспен жүргізілген келіс сөздер туралы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы секретарынан хат алғанын хабарлайды; Копенгагенге баруға жұмсалатын жол шығыны туралы жазады.

23 июльден (5 августан) ертерек. Ленин В. Мгеладзенің (Трианың) баяндамасын редакциялайды; ол баяндама РСДРП-ның Копенгаген конгресіне есебіне қосымша ретінде жіберілуге тиісті еді.

26 июльден (8 августан) ертерек. Ленин Д. М. Котляренкоға жазған хатында РСДРП-ның Копенгаген конгресіне есебін француз тілінде 23 авгусқа (жаңаша) дейін басып шығарудың өте-мөте қажет екенін көрсетеді.

26 июль (8 август). Ленин Д. М. Котляренкоға хат жазады; одан РСДРП-ның Копенгаген конгресіне есебінің корректурасын жіберуді өтінеді.

Ленин М. В. Кобецкийге жазған хатында конгреске барған кезінде Копенгаген кітапханасында Даниядағы ауыл шаруашылығы жөніндегі материалдармен танысқысы келетінін айтады.

26 июль мен 13 август (8 және 26 август) аралығында. Ленин М. В. Кобецкийге хат жазады; Копенгаген кітапханасы жөніндегі мәліметтері және көмектеспек болғаны үшін алғыс айтады.

Ленин М. В. Кобецкийге жазған екінші хатында Копенгагенге Н. К. Крупскаямен және оның анасымен бірге баратынын хабарлайды; арзан бағаға бір немесе екі шағын бөлме жалдауды өтінеді.

28 июль (10 август).	Ленин К. Гюисмансқа хат жазады; РСДРП-ның VIII халықаралық социалистік конгреске есебін дер кезінде бастыру және оны конгресс ашылғанға дейін жөнелту үшін қажетті шаралардың қолданылып жатқанын хабарлайды.
Ерте дегенде 28 июль (10 август).	Ленин Д. М. Котляренкоға хат жазады; РСДРП-ның Копенгаген конгресіне есебінің гранкаларын алмағанын хабарлап, есептің корректурасын жіберуді өтінеді.
Июль.	Лениннің ««Zihņa»-ның («Күрес») мерекелік номеріне» деген мақаласы латыш социал-демократиясының органы — «Zihņa»-ның 100-номерінде жарияланады.
13 (26) августан ертерек.	Ленин Парижде Г. В. Плехановпен кездесіп, онымен әңгімелеседі.
13 (26) август.	Ленин Копенгагенге II Интернационалдың VIII конгресіне келеді; Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысады; мәжіліс үстінде бюро мен конгрестің жұмысы туралы ойын қағазға жазып қояды.
Ерте дегенде 13 (26) август	Ленин кооперативтер туралы бельгиялық қарарға белгілер соғады.
Ерте дегенде 13 (26) август — кеш дегенде 21 август (3 сентябрь).	Ленин М. В. Кобецкийге записка жазады; Копенгаген конгресінің мәжілістеріне қатысуға 2 пропускіні қоса жібереді; олардың біреуіне Инесса Армандтың есімін жазып қоюды өтінеді.
Кеш дегенде 15 (28) август.	Ленин II Интернационалдың Копенгаген конгресіндегі РСДРП-ның өкілі ретінде Плехановқа берілген уақытша куәлікке Г. В. Плехановтың есімін жазып қояды.
15—21 август (28 август — 3 сентябрь).	Ленин II Интернационалдың Копенгаген конгресінің жұмысына қатысады.
15 және 21 август (28 август пен 3 сентябрь) аралығында.	Ленин халықаралық жұмысшы қозғалысындағы революцияшыл элементтерді ұйымдастырып, топтастыру үшін II Интернационалдағы солшыл социал-демократтардың кеңесін өткізеді.

Ленин «Рабочая Газета» мен «Звезда» газетін ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде Г. В. Плехановпен, Н. Г. Полетаевпен және И. П. Покровскиймен кеңеседі.

16 (29) август. Ленин Копенгаген конгресінің ұлттық секциялары өкілдерінің кеңесіне қатысады, оның күн тәртібінде мына мәселелер болды: 1) мандаттарды тексеру, 2) комиссияларды тағайындау.

16—19 август (29 август — 1 сентябрь). Ленин конгрестің кооперативтік комиссиясының, сондай-ақ оның кіші комиссиясының жұмысына қатысады; кооперативтер туралы қарардың жобасын жазады, конгрестің кооперативтік комиссиясының қарарына түзету ұсынып, сөз сөйлейді.

20 август (2 сентябрь). Ленин, РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының қаулысы бойынша, Халықаралық социалистік бюродағы РСДРП-ның В. И. Лениннен басқа екінші өкілі Г. В. Плеханов екендігін Халықаралық социалистік бюроға хабарлайды.

20 август (2 сентябрь). Ленин Г. В. Плехановпен және А. Варскиймен бірге Л. Троцкийдің 1910 жылы 28 августа «Vorwärts» газетінде жарияланған РСДРП ішіндегі жағдай туралы жалақорлық мақаласы жайында Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасына наразылық жолдайды.

21 август (3 сентябрь). Ленин Болгария жұмысшы қозғалысының қайраткері Тина Кирковаға жолданған құттықтауға Копенгаген конгресіне делегат бір топ марксистермен бірге қол қояды.

21 августан (3 сентябрьден) кешірек. Ленин Копенгаген халықаралық социалистік конгресі туралы «Leipziger Volkszeitung»-тың 1910 жылғы 3 сентябрьдегі 204-номерінде басылған мақаланы оқиды, оған белгілер соғады.

22 август (4 сентябрь). Ленин М. А. Ульяноваға хат жазады; Копенгаген конгресі жұмысының аяқталғанын хабарлайды және Стокгольмде кездесуге уәделеседі.

30 август (12 сентябрь). Лениннің ««Впередшілдердің» фракциясы туралы» деген мақаласы «Социал-Демократ» газетінің 15—16-номерінде жарияланады.

30 август — 12 сентябрь (12—25 сентябрь).	Ленин Стокгольмде тұрады, мұнда ол анасы М. А. Ульяновамен және қарындасы М. И. Ульяновамен жолығуға келген еді; социал-демократиялық топтардың жиналыстарында «Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс туралы» және «Партия ішіндегі істің жайы туралы» баяндама жасайды; Стокгольм кітапханасында ауыл шаруашылығындағы кооперация мәселелері жөніндегі әдебиетпен тапысады.
2 (15) сентябрь.	Ленин Копенгаген кітапханасынан Даниядағы ауыл шаруашылық өндірісі жөніндегі кітаптар алуға қағаз толтырады.
3 (16) сентябрь.	Ленин М. В. Кобецкийге Стокгольмнен жазған хатында Копенгагенге 26 сентябрьде келетінін хабарлайды, өзінің Копенгаген конгресі туралы көпшілікке арналған немесе партиялық рефератын тап сол күні кешке оқуына қам жасауды өтінеді.
11 (24) сентябрьден ертерек.	Ленин Германия ауыл шаруашылық статистикасы жөніндегі еңбектерден үзінділер көшіріп алады және «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген мақалаға керекті деректерді есептеп шығарады.
11 (24) сентябрьден кешірек.	Ленин «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген мақаласын жазады.
13 (26) сентябрь.	Ленин Копенгагенде II Интернационалдың VIII халықаралық социалистік конгресі туралы реферат оқиды.
15 (28) сентябрь.	Ленин Парижге қайтып оралады.
17 (30) сентябрь.	Ленин К. Радекке жазған хатында Мартов пен Троцкийдің орыс революциялық қозғалысы туралы соңғы мақалаларында орын алған жалақорлық өтіріктеріне жауап ретінде оларға қарсы мақала жазбақ ойы бар екенін хабарлайды (осы мәселе жөнінде Ленин «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақала жазды).
20 сентябрь (3 октябрь).	Ленин РСДРП-ға жәрдемдесетін Париждегі 2-топтың мәжілісіне қатысады, онда «Рабочая Газетаны» шығару туралы мәселе талқыланады; жарыс сөз кезінде сөздердің мазмұнын жазып алады.

21 сентябрь (4 октябрь).

Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы большевиктердің өкілі Н. А. Семашкоға хат жазады; оған «Рабочая Газетаны» шығару туралы мәселені шешіп алу үшін большевиктердің жиналысын тезірек шақыру жөнінде кеңесу үшін кездесуді ұсынады.

22 сентябрь (5 октябрь).

Ленин И. П. Покровскийге хат жазады; Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманстың Халықаралық социалистік бюро жанындағы Парламент аралық комиссияға қосылған III Мемлекеттік думаның социал-демократ депутаттарының тізімін жіберуді сұрағанын хабарлайды; И. П. Покровскийге Думадағы социал-демократиялық фракция секретарының адресін Гюисманска хабарлауды ұсынады.

23 немесе 24 сентябрь (6 немесе 7 октябрь).

Ленин Ю. Мархлевскийге жазған хатында оның Мартовқа қарсы жазған мақаласына қосылатын толықтырулар жоспарының нобайын жасайды.

24 сентябрь (7 октябрь).

Ленин Ю. Мархлевскийге жазған хатында «Мартов пен Троцкий екеуіне қарсы үлкен мақаланың жартысына жуығын жазып қойғанын» хабарлайды («Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақала); 1905—1908 жылдардағы стачкалар статистикасын зерттеуге байланысты революциядағы орыс пролетариаты туралы кітап немесе кітапша жазбақ ниеті бар екенін айтады; Мархлевскийдің мақаласына енгізілетін толықтыруларды ұсынады, бұл толықтыруларда пролетариаттың 1905 жылғы революциядағы тарихи ролін Мартовтың бұрмалағанын қатты сынайды.

24 сентябрьден (7 октябрьден) кешірек.

Ленин орыс революциясы туралы Троцкийдің ойдан шығарған жалақорлығына қарсы мақала жазады.

Ленин К. Каутскийге хат жазып, онда Троцкийге қарсы мақаланы оған жібергенін хабарлайды.

25 сентябрь (8 октябрь).

Лениннің «Кооперативтер туралы мәселенің Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресте қаралуы», «Кейбір социал-демократтардың Интернационалды РСДРП-дағы

	істің жайымен қалай таныстыратыны туралы» деген мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 17-номерінде жарияланады.
26 сентябрь (9 октябрь).	Ленин К. Радекке хат жазады; «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» деген мақаланың жартысына жуығын жазып қойғанын хабарлайды; осы мақаланы немесе тап осы тақырыпқа бірнеше фельетонды «Leipziger Volkszeitung»-те жариялауға болатын-болмайтынын сұрайды.
Сентябрь — ноябрь.	Ленин Москвада большевиктік жария журналды—«Мысльді» шығару ісін ұйымдастыру туралы И. И. Скворцов-Степановпен және В. В. Воровскиймен келіс сөз жүргізеді; журнал 1910 жылы декабрьде шыға бастады.
Сентябрьдің аяғы — ноябрь.	Ленин Россиядағы 1905—1908 жылдардағы стачкалар статистикасын зерттеумен айналысады. «Фабрикалар мен заводтардағы 1905 жылғы жұмысшылар стачкаларының статистикасы» және «1906—1908 жж. үш жылда фабрикалар мен заводтардағы жұмысшылар стачкаларының статистикасы» деген Д. Е. Варзар құрастырған кітаптарды оқып зерттеп, оған белгілер соғады, есептер жасайды.
	Ленин «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні» («Дискуссионный Листоктың» 1911 жылғы 3-номерінде жарияланды) және «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы» деген (1910 жылғы декабрьде — 1911 жылғы январьда «Мысль» журналының бірінші және екінші номерлерінде жарияланды) мақалаларын жазумен шұғылданады.
Сентябрь, 1910 — 1913 жыл.	Ленин орыс, неміс және венгер аграрлық статистикасы және Россиядағы стачкалар статистикасы жөніндегі кітаптардан көшірме жасайды.
1 (14) октябрь.	Ленин Г. Л. Шкловскийге хат жазады; плехановшыл-меньшевиктер жөніндегі большевиктердің позициясын белгілейді; көпшілікке арналған газет шығару туралы Г. В. Плехановпен жүргізілген келіс сөз туралы, Швейцарияның қалаларын аралап реферат оқымақ ниеті бар екенін хабарлайды.

13 (26) октябрь. Ленин Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына жазылған хатқа қол қойып, оны жөнелтеді; ол хатта Думадағы социал-демократиялық фракцияның газетін шығаруға ақша жіберу жөніндегі Н. Г. Полетаевтың өтінішін қолдайтыны, осы мақсат үшін 1000 сом бөлуге большевиктердің келіскені айтылған болатын.

15 (28) октябрьден ертерек. Ленин Парижде большевиктердің жиналысында плехановшылдармен бірлесіп «Рабочая Газетаны» шығару туралы мәселе жайында сөз сөйлейді.

24 октябрь (6 ноябрь). Ленин К. Гюисмансқа француз тілінде хат жазады; Россияда тарату үшін түрлі партиялардың Копенгаген конгресінде жасаған баяндамаларының бір-бір данасын жіберуді өтінеді.

25 октябрь (7 ноябрь). Орталық Орган редакциясының мәжілісінде Ленин Д. Благоевтің Троцкийге қарсы бағытталған мақаласының «Социал-Демократ» газетінде басылуын талап етеді. Мартов пен Данның антипартиялық қылығына байланысты Ленин мәжілістен кетіп қалады. Орталық Орган редакциясы жиналысының председателіне жолдаған мәлімдемесінде Ленин өзінің мәжілісті тастап кетуіне Л. Мартовтың шақырымпаздарды қолдап сөйлеген жалақорлық сөзі себеп болғанын түсіндіреді.

26 октябрь (8 ноябрь). Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке хат жазады; Петербургте жаңа жария орган—«Звезда» газетін шығаруға әзірлік жайындағы хабарды алғанын айтады; газетте шетелден жіберілген материалдардың бәрінің басылуын талап етеді; газет шығаруға әзірліктің барысы туралы жиі және толығырақ хабарлап отыруды өтінеді.

28 октябрь (10 ноябрь). Ленин В. Д. Бонч-Бруевичке жазған хатында «Звезда» газетін шығарудың кешеуілдеп жатқанына алаң болып отырғанын айтады; редакцияның құрамы туралы мәселе жөнінде нұсқау береді; «Мысль» журналын шығаруды ұйымдастыруға көмектесуді өтінеді.

30 октябрьден (12 ноябрьден) ертерек.	Ленин ««Рабочая Газетаның» шығарылатыны туралы хабарландыру» деген мақаласын жазады.
30 октябрь (12 ноябрь).	Лениннің «Революцияның сабақтары» деген мақаласы «Рабочая Газетаның» 1-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз IX

1909 ж.

*«ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ *8—17 (21—30) июнь, 1909 ж.* .... 1—43

*1. «ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ХАБАР 3

*2. ПАРТИЯДАН БӨЛЕК БОЛЬШЕВИКТІК СЪЕЗД НЕМЕСЕ БОЛЬШЕВИКТІК КОНФЕРЕНЦИЯ ШАҚЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҮГІТ ТУРАЛЫ ҚАРАР ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР 8 (21) ИЮНЬ 13

1 13

2 14

*3. ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚ ПЕН УЛЬТИМАТИЗМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 9 (22) ИЮНЬ 15

*4. КАПРИДЕГІ ПАРТИЯ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 10 (23) ИЮНЬ 17

*5. БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 11 (24) ИЮНЬ 19

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

* 6. ФРАКЦИЯНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 12 (25) ИЮНЬ 21

* 7. БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН БІРІНШІ СӨЗ 12 (25) ИЮНЬ 22

* 8. БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН ЕКІНШІ СӨЗ ЖӘНЕ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ 13 (26) ИЮНЬ 24

* 9. «ПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ БАСҚА САЛАЛАРЫМЕН ҚАТАР ДУМА ҚЫЗМЕТІНЕ КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ» ҚАРАРҒА ТОЛЫҚТЫРУ 28

* 10. ПАРТИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 15 (28) ИЮНЬ 29

* 11. ОРТАЛЫҚ ОРГАНДА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАРДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 15 (28) ИЮНЬ 30

* 12. ДУМАДАҒЫ ФРАКЦИЯНЫҢ ГАЗЕТІН ШЫҒАРУҒА ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС 16 (29) ИЮНЬ 31

* 13. БОЛЬШЕВИКТІК ОРТАЛЫҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР 17 (30) ИЮНЬ 32

1 32
2 32
3 32
4 32

* 14. «ПРОЛЕТАРИЙДІҢ» КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕДАКЦИЯСЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ 33

1. Шақырымпаздық пен ультиматизм туралы 33
2. Большевиктердің партия ішіндегі міндеттері 37

3. Партиядан бөлек большевиктік съезд немесе большевиктік конференция шақыру жолындағы үгіт туралы ... 40
4. Шетелде NN-де құрылып жатқан партия мектебі туралы ... 41
5. Максимов жолдастың бөлініп шығуы туралы ... 43

ЖОЙЫМПАЗДЫҚТЫ ЖОЮ ... 44—53

ПАТШАНЫҢ ЕВРОПАҒА ЖӘНЕ ҚАРАЖҮЗДІК ДУМАНЫҢ КЕЙБІР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АНГЛИЯҒА САПАРЫ ... 54—59

*М. ЛЯДОВТЫҢ «ПРОЛЕТАРИЙ» РЕДАКЦИЯСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ ЖӨНІНДЕ ... 60

ӘШКЕРЕЛЕНГЕН ЖОЙЫМПАЗДАР ... 61—69

*МОСКВА ОКРУГТІК КОМИТЕТІ АТҚАРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АШЫҚ ХАТЫ ЖӨНІНДЕ ... 70

ПЕТЕРБУРГТЕ ӨТЕТІН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ *(Заметка)* ... 71—76

ШАҚЫРЫМПАЗДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰДАЙ ЖАСАМПАЗДЫҚТЫ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ ФРАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ... 77—115

I ... 78
II ... 82
III ... 87
IV ... 94
V ... 101
VI ... 108
VII ... 113

ТАҒЫ ДА ПАРТИЯЛЫҚ ПЕН БЕЙПАРТИЯЛЫҚ ТУРАЛЫ 116—118

ПЕТЕРБУРГ БОЛЬШЕВИКТЕРІМЕН ӘҢГІМЕ ... 119—132

*«ПЕТЕРБУРГ САЙЛАУЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕСКЕРТУ ... 133

*ПАРТИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ ... 134

*ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ ГОЛЛАНД СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ

ПАРТИЯСЫНДАҒЫ ЖІККЕ БӨЛІНУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ 25 ОКТЯБРЬ (7 НОЯБРЬ) 135

ПАТША ФИНН ХАЛҚЫНА ҚАРСЫ .... 136—139

МАСҚАРА СӘТСІЗДІК .... 140—142

ҚАЗІРГІ ИДЕЯЛЫҚ АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚТЫҢ КЕЙБІР НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ .... 143—151

ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ АМАЛ-АЙЛАСЫ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ПАРТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ .... 152—160

«ГОЛОС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТА» ЖӘНЕ ЧЕРЕВАНИН .... 161—163

ГОРЬКИЙДІҢ ПАРТИЯДАН ШЫҒАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ЕРТЕГІСІ .... 164—165

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ҚҰЛДЫРАУ МЕН АУА ЖАЙЫЛУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ 166—168

8 САҒАТТЫҚ ЖҰМЫС КҮНІ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗДЕРІНІҢ ЖОБАСЫНА ТҮСІНІК ХАТ .... 169—176

«ВЕХИ» ТУРАЛЫ .... 179—188

I 180

II 182

ОРЫС ЛИБЕРАЛИЗМІНІҢ СОҢҒЫ СӨЗІ .... 189—197

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ ОН БІРІНШІ СЕССИЯСЫ .... 198—203

*«ВПЕРЕД» ТОБЫ ТУРАЛЫ. *Конспект* .... 204—205

1910 ж.

БІРЛІККЕ .... 206—216

ЖОЙЫМПАЗДАР «ГОЛОСЫНЫҢ» ПАРТИЯҒА ҚАРСЫ ШЫҒУЫ *(«Голос социал-демократаға» жауап)* .... 217—226

НЕ ҮШІН КҮРЕСУ КЕРЕК? .... 227—233

ФИНЛЯНДИЯҒА ЖОРЫҚ .... 234—238

АРМИЯ ҮШІН ҚОРҚАДЫ .... 239—248

ШЕТЕЛДЕГІ ПАРТИЯЛЫҚ БІРІГУ .... 249—252

ПАРТИЯЛЫҚ БІРЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕРДІҢ БІРІ .... 253—255

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ .... 257—330

I. Шақырымпаздықты жақтаушылар мен қорғаушылардың «платформасы» туралы 259

II. Біздің партиядағы «бірігу дағдарысы» 271

1. Бірігу жөніндегі екі көзқарас 273
2. «Екі майданда да күресу» және ауытқушылықтарды жою 280
3. Бірігу шарттары және үйірмелік дипломатия 284
4. Партия ішіндегі істің жайы туралы қарардың 1-параграфы туралы 293
5. Декабрьдегі (1908 ж.) қарарлардың маңызы және бұл қарарларға жойымпаздардың көзқарасы 299
6. Тәуелсіз-жарияшылдар тобы туралы 306
7. Партиялық меньшевизм туралы және оған баға беру туралы 321
8. Қорытынды. Большевиктердің платформасы туралы 329

«ZIHŊA»-ның МЕРЕКЕЛІК НОМЕРІНЕ .... 331—335

*КОПЕНГАГЕН КОНГРЕСІНДЕГІ РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ КООПЕРАТИВТЕР ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ .... 336—337

«ВПЕРЕДШІЛДЕРДІҢ» ФРАКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ .... 338—345

ҚАЗІРГІ ЕГІНШІЛІКТІҢ КАПИТАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫСЫ .... 347—375

Бірінші мақала 351

I. Қазіргі егіншіліктің экономикалық құрылысының жалпы сипаты 353

II. Қазіргі егіншілік «шаруашылықтарының» көпшілігі (пролетарлық «шаруашылықтар») іс жүзінде қандай шаруашылықтар 359

III. Капитализм тұсындағы шаруа шаруашылықтары ... 363
IV. Егіншіліктегі әйелдер мен балалар еңбегі ... 368
V. Ұсақ өндірісте еңбектің ысырап болуы ... 368
VI. Қазіргі егіншілікте машиналарды қолданудың капиталистік сипаты ... 368
VII. Ұсақ өндірістегі еңбек өнімділігінің төмендігі және шамадан тыс жұмыс ... 369

КООПЕРАТИВТЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ КОПЕНГАГЕНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСТЕ ҚАРАЛУЫ ... 376—385

КЕЙБІР СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ РСДРП-дағы ІСТІҢ ЖАЙЫМЕН ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫРАТЫНЫ ТУРАЛЫ ... 386—388

РОССИЯДАҒЫ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ КҮРЕСТІҢ ТАРИХИ МӘНІ ... 389—409
I ... 389
II ... 396
III ... 401
IV ... 405

РОССИЯДАҒЫ СТАЧКАЛАР СТАТИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ ... 411—443
I ... 413
II ... 428

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТАНЫ» ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ ... 447—454

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ САБАҚТАРЫ ... 455—465

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«КОНТРРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМНІҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ *(«Вехидің» табысы және оның қоғамдық маңызы)* ... 469

«КОПЕНГАГЕНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК КОНГРЕСС ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ ... 470—471

В. И. Лениннің осы уақытқа дейін табылмаған еңбектерінің тізімі (Июнь, 1909 — октябрь, 1910) .... 475—482

В. И. Ленин редакциялауға қатысқан басылымдар мен еңбектердің тізімі .... 483—485

Ескертулер .... 486—554

В. И. Ленин цитат келтірген және ауызға алған әдеби еңбектер мен деректемелер көрсеткіші .... 555—593

Есімдер көрсеткіші .... 594—651

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдері .... 652—675

СУРЕТТЕР

В. И. Лениннің портреті.— 1910 ж. .... XXVII—1

В. И. Лениннің 11 (24) июньде «Большевиктердің партия ішіндегі міндеттері туралы мәселе талқыланғанда сөйленген сөз» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1909 ж. .... 18—19

В. И. Лениннің «Контрреволюциялық либерализмнің идеологиясы» деген рефераты туралы хабарландыру.— 13 (26) ноябрь, 1909 ж. 177

В. И. Лениннің «Қазіргі егіншіліктің капиталистік құрылысы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1910 ж. 349

В. И. Лениннің ««Рабочая Газетаны» шығару туралы хабарландыру» деген қолжазбасының бірінші беті.— Октябрь, 1910 ж. 445

«Рабочая Газетаның» 1910 ж. 30 октябрьдегі (12 ноябрьдегі) 1-номерінің бірінші беті; мұнда В. И. Лениннің «Революцияның сабақтары» деген бас мақаласы басылған 457

Ереуіл жасаған жұмысшылар санының жыл тоқсандары бойынша диаграммасы.— 1910 ж. .... 430—431

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 19. Июнь, 1909 — октябрь, 1910
684 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Д. Л. Кудрячина

сонымен бірге *И. А. Амплеев* те қатысты

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
А. В. Морозова

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Б. М. Яковлев

Редактор ***И. А. Гладков***

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

☆

ИБ № 296

**Сдано в набор 4/VI-76 г. Подписано к печати 14/III-77 г. Формат $84 \times 108^{1}/_{32}$—22,25+3 вклейки $^{1}/_{4}$ печ. л.=37,91 усл. печ. л. (34,88 уч.-изд. л.)
Тираж 15000 экз. Цена 65 коп. Бум. № 1.**

**Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»,
г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.**

Заказ № 950. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.